

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

ӘОЖ 94 (574): 001.8 «1887/1918» (043)

Қолжазба құқығында

АХМЕТОВА ҰЛЖАН ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ

**Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясының құрылуы және қызметі
(1887-1918 жж.)**

07.00.02 – Отан тарихы (Қазақстан Республикасының тарихы)

Тарих ғылымдарының докторы
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
тарих ғылымдарының докторы,
профессор К.Л. Есмағамбетов

Қазақстан Республикасы
Атырау, 2010

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	3
КІРІСПЕ.....	4
1 ОРЫНБОР ҒЫЛЫМИ МҰРАҒАТТЫҚ КОМИССИЯСЫ ТАРИХЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ – МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕСІ, ТАРИХНАМАСЫ ЖӘНЕ ДЕРЕК КӨЗДЕРІ	
1.1 Мәселенің теориялық –методологиялық негіздемесі.....	13
1.2 Зерттеу жұмысының тарихнамасы.....	25
1.3 Орынбор Ғылыми Мұрағаттық Комиссиясын зерттеудің дерек көздері.....	37
2 ГУБЕРНИЯЛЫҚ МҰРАҒАТТЫҚ КОМИССИЯЛАРДЫҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ	
2.1 Мұрағаттық комиссиялардың құрылуының алғышарттары.....	52
2.2 Орынбор Ғылыми Мұрағаттық Комиссиясы, оның мақсат, міндеттері.....	68
3 ОРЫНБОР ҒЫЛЫМИ МҰРАҒАТТЫҚ КОМИССИЯСЫНЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРІ	
3.1 Мұрағат ісін ұйымдастыру және құжаттарды реттеу.....	84
3.2 Комиссия жанындағы кітапхананың ұйымдастырылуы.....	113
3.3 Мұражайдың қалыптастырылуы.....	132
4 МҰРАҒАТТЫҚ КОМИССИЯНЫҢ ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІСТЕРІ МЕН НӘТИЖЕЛЕРІ	
4.1 Қазақстандағы археологиялық және этнографиялық зерттеулердің жүргізілуі.....	152
4.2 Ғылыми Комиссияның тарихи зерттеулерді ұйымдастыруы.....	178
5 ОРЫНБОР ҒЫЛЫМИ МҰРАҒАТТЫҚ КОМИССИЯСЫ ЖҰМЫСЫНА ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҚАТЫСУЫ	
5.1 Ғ.Б. Балғымбаевтың Мұрағаттық Комиссиядағы қызметі	204
5.2 А.Б. Байтұрсынов және Орынбор Ғылыми Мұрағаттық Комиссиясы..	214
ҚОРЫТЫНДЫ.....	228
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	238
ҚОСЫМШАЛАР.....	255

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚРПМ – Қазақстан Республикасының Президенттік мұрағаты
ҚРОММ – Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты
РМТМ – Ресей Федерациясы мемлекеттік мұрағаты
РФ ОрОММ – Ресей Федерациясы Орынбор облысының мемлекеттік мұрағаты
РФ АОММ – Ресей Федерациясы Астрахан облысының мемлекеттік мұрағаты
ҚР БҚОММ – Қазақстан Республикасының Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік мұрағаты
ГҒМК - Губерниялық Ғылыми Мұрағаттық Комиссиясы
Губстатбюро - Губерниялық статистикалық бюро
УГСК - Уфа губерниялық статистикалық комитеті
ОГСК - Орынбор губерниялық статистикалық комитеті
ОАҚ - Орыс Археологиялық қоғамы
ОТҚ - Орыс тарихи қоғамы
ОҒМК - Орынбор Ғылыми Мұрағаттық Комиссиясы
ИОГҚ - Императорлық Орыс географиялық қоғамы
АТЭҚ - Археология, тарих және этнография қоғамы
ИОГҚ - Императорлық Орыс Географиялық қоғамы
ИОГҚ ОБ - Императорлық Орыс Географиялық қоғамының Орынбор бөлімшесі
ИМАҚ - Императорлық Москва Археологиялық қоғамы

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Қазақ халқының жүріп өткен жолын тануда және оны қайта зерделеуде 1887 жылы Орынборда ашылған Ғылыми мұрағаттық комиссияның атқарған қызметі, ғылымға сіңірген еңбегі бүгінгі күн үшін ерекше маңызды. Тарихымыздың мыңдаған қатпар - қатпар беттері ХХІ ғасырға жетіп, тәуелсіз ұрпақ игілігіне айналуы, сол арқылы ерлік пен елдікке толы халқымыздың өткенін меңгеру – бүгінгі күн талабы. Мұрағаттық комиссия қалдырған ғылыми мұра қазақ тарихының да деректер мен құжаттардың бай қоры болып есептеледі. Оның бастауымен қазіргі таңдағы мұрағаттар, мұражайлар, кітапханалар және іргелі ғылыми зерттеулер дүниеге келді. Соның негізінде төл тарихымыздың ХVІІІ-ХХ ғасырлардағы деректік негіздері қаланды.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Ұлан-ғайыр аумақты иемденген, халқымыз үшін өзінің жүріп өткен жолында талай күрделі кезеңдерді бастан өткерді. Қай кезеңде де халықты, оның мемлекеттік негізін елдің бірлігі мен ертеңгі күнге деген сенімі, сол жолға ұрпағын бағыттауы оларды жаңа белеске ұмтылдырды. Көне заманнан бастап қазіргі таңдағы қазақ тәуелсіздігі аралығында өмір желісі үзілмеген, ұрпақтар сабақтастығын жоғалтпаған тарихымыз бар. Міне, сондықтан да тарихтан сабақ алу, оның жетістіктері мен кемшіліктерін сезіну - әрбір қазақстандық үшін басты міндеттерінің бірі. Онсыз қоғам дамуы ілгерілемейді.

1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздікке қол жеткізуі тарихымызды жаңаша пайымдауға мүмкіндік әперді. 1998 жылы Президент Жарлығымен «Халық бірлігі және ұлттық тарих жылы» жарияланып, көп ұзамай жаңа тарихи сананы қалыптастырудың тұжырымдамасы дүниеге келді. Тұжырымдамада Қазақстан тарихының дерек көздеріне жаңа көзқарас қалыптастыру, ол арқылы әлемнің түкпір - түкпірінде жатқан құжаттарды жинақтау, қайта пайымдау, жаңа ұстанымдарды ғылыми айналымға қосу, оны ғылыми түрде негіздеу жүктелді. Сол кезеңнің өзінде Ресей мұрағаттарында сақталған құжаттарды тағы бір зерделеу қажеттігі анықталды. Өйткені, олардың Қазақстан Ресейдің отары болған кезеңде арнайы тапсырмамен жасақталғаны, отарлық мүдде тұрғысынан топтастырылғаны және құжаттардың бірыңғай «орыстың қазаққа қамқорлығын» дәлелдеуге бағытталғаны жасырын емес еді. Мұны сезінген Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Тарихи тек - тамырыңның тереңнен бастау алғанын танып-түсіну, ата-бабаның шапағаты мол шабытты істерін заңды мақтаныш ету, тоталитарлы кезеңнің зардаптарынан арылу, сөйтіп, тарихи сананы уақыт талабына сай қалыпқа келтіру ұлттық тұтастануға тегеурінді серпін беруге тиіс» - дей отырып, қажырлы ізденіс пен терең ғылыми сараптама арқылы жасалатын халқымыздың шынайы тарихының қаншалықты маңызды екендігін көпшілікке дәлелдей білді [1, 56 б.].

Халқымыздың әлеуметтік-экономикалық, саяси тарихы, тұлғаларымыздың өмірі мен қызметі, өзге халықтармен қарым-қатынасы, тарихнама, деректану,

фольклорлық материалдарымыз ұлттық мүдде тұрғысынан сараланып, әлемдік деңгейдегі ақыл-ой қазынасымен тарихи-салыстырмалы түрде, ішкі байланыста зерттеліп, еліміздің дамуына жаңа серпін берді. Осыған орай, қазақ тарихына, оның белестеріне тікелей қатысы бар 1887-1918 жылдар аралығында патшалық Ресейдің жүктеген тапсырмасы негізінде қызмет жасап, ғылымда өзіндік ізін қалдырған Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы мұрасы да заңды қызығушылық туғызады. Оны «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында қолға алынған шаралар да дәлелдейді.

Мұрағаттық комиссиясы 30 жылдан аса ғұмырында XVIII-XX ғасырлар аралығын қамтитын тікелей қазақ тарихына қатысты археология, этнография, фольклор, әдебиет, өнер саласын қоса алғанда көптеген жинақ, монография, мақалалар қалдырды. Сонымен бірге Комиссия мүшелері жинаған Ресейдің түкпір-түкпіріндегі, Қазақстандағы мұрағат құжаттары әлемдік тарихқа қосылған сүбелі үлес екендігі даусыз. Бүгінгі көнеден бастауын алатын тарихымыздың беттерін аршып, жүріп өткен жолымыздың белгісіз тұстарын анықтап, жоғымызды түгендеп жатырғанымыз да сол кезеңдегі қажырлы еңбектің арқасы.

Мұрағаттық комиссияда өзі өмір сүрген уақыт ішінде екі жүздің үстінде түрлі мемлекеттік деңгейдегі шенеуніктер, саяхатшылар, айтулы ғалымдар, әскерилер еңбек етті. Атап өтер болсақ, әлемдік шығыстану ғылымында өзіндік сүбелі зерттеулерімен аты шыққан академик В.В. Радлов, В.В. Бартольд, Н.В. Покровский, В.О. Ключевский, А.Е. Алекторов, И.А. Кастанье, И.И. Крафт т.б. еңбек етті. Олармен қатар қазақтардан да мүше болғандар А.Б. Байтұрсынов, Ғ.Б. Балғымбаевтар елінің мұрасын жинауға ат салысты. 1912 жылдан Мұрағаттық комиссияға мүше болған А.Б. Байтұрсынов кейін «Қазақ» газетіне жариялаған «Губернатордың өзгеруі» атты мақаласында Семей губернаторы Н.А. Тройницкийдің оның соңына түсіп, айдаудағы кезеңін: «Жасырын шағым болмаса мен Қарқаралыда тұрып, осы істеп отырған ісімді істей алмас едім. Елу-алпыс балаға ғана арнап берген сабақтан алты миллион қазақты алаламай істеп отырған ісімді артығырақ көремін» – деп, Орынборға келіп, тұтас Алаш үшін қызметке кіріскенін айрықша атап өтеді [2, 275 б]. Ұлт ұстазы А.Б. Байтұрсынов пікірін тарқатар болсақ, нақ осы Орынбор қаласы бір жағынан Ресейдің отарлық саясатын Азияға таратушы көпір болса, екінші жағынан Еуропадан келетін білім мен ғылымның, ғалымдардың, олар жинақтаған сан алуан ілімінің, қазақ тарихының көмбелерде сақталған орталығы болды. Осында Қазақстанның түкпір-түкпірінен әкелінген жәдігерлер мұражайға тапсырылып, кейін Ресейдің белгілі мұражайларына жол тартты.

Мұрағаттық комиссия өз қорында сол заман үшін бірегей кітапхана ісін ұйымдастырды. Онда XVIII ғасырдың өзінде жарық көрген П.И. Рычков, академиялық экспедициялар еңбектері, кейін жарияланған ғылыми зерттеулер, Ресейде шығатын журналдар, газеттер, өзге де ғылыми қоғамдар «Еңбектері» алдырылды. Кейін олардың барлығымен Орынборда болған қазақ зиялылары, студент жастар танысты. Осылайша елінің қоғамдық-саяси өмірінде ертеңі үшін қызмет еткен қазақтың қоғам қайраткерлері сан қырлы ғылыми материалдармен қамтамасыз етілді. Қорытындысында ұлттық тарихымызды өз

санамызбен зерделейтін сан алуан, еңбектер Х. Досмұхамедов, С. Асфендиаров, М. Тынышпаев, Т. Шонанов, Қ. Кемеңгерұлы қаламынан туындап, бізге жетті.

Дегенмен Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының артында қалдырған қазақтар туралы осыншама мұрасы қазіргі таңға дейін Қазақстан, тіпті, Ресейдің өзінде де кешенді түрде зерттелген емес. Жарық көрген бірлі-жарым мақалалар хронологиялық тақырыптық тұрғыдан шектеулі зерттеулер комиссияның Қазақстан тарихына қатысты атқарған қызметтерін жан-жақты аша алмады. Біздің ғылыми ізденісіміз Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының бұрынғы Орынбор генерал-губернаторлығы басқармасы кеңесінің мұрағатының жинастырған қазақ мемлекетінің саяси тарихы, әлеуметтік-экономикалық тарихы, тарихи этнографиялық, этнологиялық және өзге де мағлұматтарға бай құжаттармен және солардың негізінде жариялаған еңбектерді кешенді түрде бұл іске қатысқан тұлғалардың қосқан үлестерін саралауға арналған. Диссертациялық жұмыстың отандық тарихнамада тұңғыш қолға алынуы оның қоғамдық сұранысқа ие екендігін, ғылыми-танымдық және ғылыми теориялық өзектілігімен анықталады.

Зерттеу жұмысының тарихнамасы. Патшалық Ресейдің Азияны бағындыруға ұмтылып, соның жолында барлық мүмкіндігін жүзеге асырғандығы белгілі. Оның барлығы отарлау саясатын жүзеге асырған кеңселердегі құжаттарда қатталып жатты. Оны аршып ретке келтіріп, бір жүйеге түсірген Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы болатын. Мұрағаттық комиссия 1887-1918 жылдар аралығында жұмыс жасап, қазақ тарихының ғылыми жүйеленуіне негіз қалады. Бүгінге дейін Комиссия тарихының зерттелуі өзі бірнеше сатылардан өтті:

1. 1917 жылдың Қазан төңкерісіне дейінгі кезең. Бұл аралықта Комиссия қалыптасып, мұрағат құжаттарын мүмкіндігінше жүйелеп, оны пайдаланып ғылыми зерттеулерін жүргізді. Соның нәтижесінде тікелей қазақ тарихына қатысты П.И. Рычковтың, А.И. Добросмысловтың, В.Н. Витевскийдің, И.И. Крафтың, А.Е. Алекторовтың тағы басқаларының еңбектері жарық көрді. Комиссия «Еңбектерінде» XVIII-XX ғасырлар аралығындағы Қазақстанды зерттеген ғалымдар еңбектеріне баға берілді және көптеген мақалаларда Мұрағаттық комиссияның қызметі сараланды.

2. 1917-1991 жылдар аралығы. Аталған кезеңде Кеңестік өкімет Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының қызметін мойындағанымен, оны сыни тұрғыдан бағалай келе, патша үкіметінің саясатын жүзеге асырды деген қорытындыға келді. Комиссия мұрасы ғылыми айналымға енген жоқ.

3. Еліміздің егемендікке қол жеткізуімен Комиссия материалдары толықтай болмағанымен, қазақ тарихына қатысты тұстары пайдаланыла бастады, бұл мекеменің құрылу тарихы мен қызметі толыққанды кешенді түрде зерттеуге ұласқан жоқ.

Зерттеу жұмысының методологиялық негіздері. Бүгінгі тарих ғылымындағы жаңашылдық, ізденушілерге берілген еркін ой мен сыни көзқарас жұмыстың толыққанды сипат алуына мүмкіндік жасады. Сөз жоқ, маркстік- лениндік методология, оның таптық негізге арқа сүйеуі тарихымызға, оның жазылуына ықпал етіп, өткен өмірімізді біржақты түсіндіруге әкелді.

Міне, сондықтан диссертацияның теориялық-методологиялық негіздерін соңғы жылдардағы қоғамдық ғылымдардың қалыптастырған жаңа бағыттағы ғылыми тұжырымдары құрады. Оларды пайдаланған зерттеуші шетелдік және отандық жетекші ғалымдардың ой-пікірлерін саралап, тақырыпқа тікелей қатысы бар көзқарастар мен тұжырымдарды тікелей басшылыққа алды. Зерттеудің жалпы ғылымилық әдіснамасы тарихилықты, логикалық пен жүйелілікті біріктіреді. Сол сияқты тарихи талдау, хронологиялық, салыстырмалық, анализ, синтез, сипаттап баяндау әдістері қолданылды. Мұның барлығы сайып келгенде жұмыстың жүйелі, жинақы, бірізділік бағытында жазылуына ықпал жасады.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері. 1887 жылы құрылып, 1918 жылы жұмысы тоқтатылған, артында қазақ тарихына тікелей қатысы бар мыңдаған құжаттарды қалдырған Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының қызметіне жан-жақты тоқталып, кешенді түрде зерттеу жүргізу, сол арқылы Комиссия мүшелерінің ғылыми мұраларын саралау, ұлтымыздың жүріп өткен жолы туралы жинақталған бай құжаттарға деректемелік талдаулар жүргізу, өткен тарихымызға сыни көзқарас қалыптастыру ізденістің басты мақсаты болып табылады. Аталған мақсатты шешу үшін төмендегідей міндеттер алға қойылды:

- ОҒМК тарихи мұрағатқа жинақтаған қазақ халқын, елін жан-жақты тану мақсатындағы Ресей империясы тарапынан құрылған ғылыми экспедициялар, топтар, ғалымдар, әскери, ғылыми мекемелердің жұмыстарын жинақтау және оларды жаңаша саралау;

- ОҒМК реттеген патшалық Ресей империясы мекемелерінің тарихи мұрағатқа түскен деректер негізінде XVIII-XX ғасырдың басында Ресей үкіметі тапсырмасымен жарық көрген еңбектерді, түрлі зерттеу, ақпараттық мақалалардың түпкі мақсат-міндеттері Қазақстанды отарлау болғандығы, сол үшін олардың империялық мүддеде жүзеге асқандығын дәлелдеу;

- 1887-1918 жылдар аралығында қызмет жасаған Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының Орынборда ұйымдастырылған мұрағат ісінің дамуындағы бағыт-бағдарын анықтау, қажырлы еңбектеріне талдау жасау;

- Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясына мүше болған ғалымдар, шенеуніктер, әскерилер тізімін қайта саралап, мүмкіндігінше олардың қосқан үлестерін, зерттеу бағыттарын салыстыру және сыни көзқараспен талқыға салу;

- Мұрағаттық істерді жинақтау барысындағы түрлі қиындықтарды, орыс үкіметінің заманында отарлау кеңселерінде топталған материалдарды өз саясатына қарай ретке келтіруін және көптеген құнды деректердің жойылу себептерін заман талабына сай зерделеу;

- Ғылыми мекемелерге тартылған ұлттық интеллигенция өкілдері еңбектерін ғылыми айналымға қоса отырып, олардың қоғамдық-саяси көзқарастарын сезіну, сонымен бірге елінің ертеңі үшін қалдырған мұраларын ұрпаққа насихаттау;

- Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының 30 жылдан астам уақыт ішіндегі өзге ғылыми мекемелермен байланысына жете мән беру арқылы Қазақстан, Орта Азия халықтары тарихы, этнографиясы, археологиясы т.б.

ғылыми салаларында жасалған зерттеулердің ұқсастығы мен ерекшеліктерін анықтау;

- Ғылыми мұрағаттық комиссиясы жариялаған «Еңбектерін» ғылыми бағыттарға сәйкес топтастыру, әр жылдардағы зерттеулерді салыстыру, олардың түпкі нәтижесін, жариялануын, көпшілікке насихатталу деңгейін зерделеу;

- Мұрағатта еңбек еткен жекелеген ғалымдар (И.А. Кастанье және т.б.) алыс шет елдерде Қазақстан туралы жарияланған ғылыми ізденістер нәтижесінде қазақ халқының әлемдік тарихқа қосқан үлестерін зерттеуімізде баса көрсету;

- Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы тарихы туралы жазылған зерттеулерге тарихнамалық талдау жасау арқылы патшалы Ресей, кеңестік жүйе кезеңіндегі мұрағаттық материалдарды пайдалану, оларға сыни көзқарас қалыптастыру кезеңдеріне объективті баға беру, сонымен бірге еліміздің тәуелсіздік жылдарындағы ізденістердің жаңа мүмкіндіктерін баса көрсету.

Зерттеу жұмысының нысаны. 1887-1918 жылдар аралығында мұрағаттық істерді жүйелеумен айналысқан және ғылыми зерттеу жұмыстарын қатар жүргізген Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының тарихын, алдына алған мақсат-міндеттерін, оның орындалу деңгейін, мекемеге мүше болған тұлғалар қызметтерін саралау.

Зерттеу жұмысының пәні. Қазақ тарихының XVIII-XX ғасырдың I ширегіне дейінгі даму жағдайын анықтауға септігін тигізетін Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясының қызметіне толық тарихи талдау жасау.

Зерттеу жұмысының хронологиялық шегі. Қазақ тарихында XVIII-XX ғасырлар аралығы күрделі кезең ретінде анықталғаны белгілі. Себебі нақ осы кезеңде Қазақстан Ресейдің отарына айналды. Империялық саясат біртіндеп өз дегеніне жетті. Орыс үкіметі осы аралықта қазақ даласына империялық басқару жүйелерін енгізіп, онда еңбек ететін шенеуніктерге, әскерилерге нақты тапсырмалар беріп, қазақ халқы туралы, оларды басқарған хан, би, сұлтандар туралы мыңдаған құжаттарды Орынбор генерал-губернаторы кеңсесіне жинақтады. Кейін оларды реттеп, жүйелеп, өз ыңғайына пайдалану мақсатында Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясын құрды. Жұмыстың хронологиялық шегі Ғылыми мұрағаттық комиссиясының құрылған 1887 жылы мен 1918 жылы орыс үкіметі тапсырмасын орындап, жаңа Кеңестік жүйенің орнығуымен таратылған кезеңімен сәйкес келеді. 30 жылдан аса уақыт ішінде Комиссия ғылыми Мұрағаттық жүйенің іргесін қалап, кітапхана, мұражай ұйымдастырып, сүбелі ғылыми ізденістер жүргізіп үлгерді.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. Сан мыңдаған тарихи құжаттардан жинақталған Орынбор мұрағатын қалыптастырып, ондағы материалдарды сұрыптап, негізгілерін Мәскеу, Санкт-Петербург қалаларына жібергенімен, мүмкіндігінше оларға ғылыми негіз беріп, талдап, көпшілікке ұсынған Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы қызметін жаңаша саралап, ұлттық мүдде тұрғысынан зерделеу жұмыстың негізгі жаңалығы болып табылады. Осыны алға тарта отыра, зерттеу барысында төмендегідей жаңалықтарға қол жеткізілді:

- Қазақ-орыс ресми қарым-қатынасының басы сонау XV-XVI ғасырлардағы құжаттармен дәлелденгенімен, олардың қарым-қатынасындағы жаңа кезең XVIII ғасыр басында, Ресейді І Петр билеген тұсында басталып, кейін жалғасын тапты. Нақ осы жылдары қазақ даласын Ресейге қосу мақсатында, алдымен ол жерді, халқын анықтау үшін түрлі әскери экспедициялар, саяхатшылар, көпестер жіберілді. Солардың ішінде Санкт-Петербург Академиясының ғалымдары (І-Академиялық экспедиция 1733-1743 жж.), Орынбор экспедициясы шенеуніктері жоспарлы еңбек етті. Олар 1722 жылы жоңғар қоңтайшысы Цеван-Рабтанға барған И.В. Унковский, Кіші жүзді 1740 жылдары аралап Хиуада болған Гок, осы кезеңде Кіші жүз арқылы Хиуаға келген Гладышев пен Муравьев болып жалғасып кете береді. Орынбор экспедициясын басқарған И.И. Кирилов, В.Н. Татишев, В.А. Урусов, И.И. Неплюевтер тұсында Ресейдің отарлау тұрғысынан Қазақстанды ғылыми тұрғыдан тану негізделді. Сонымен патшалық Ресей ғылымының қазақ елін отарлауға қызмет жасағанын ОҒМК реттеген құжаттары дәлелдейді.

- Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы құрылғанша патша үкіметі мұндай бағыттардағы ғылыми ізденістерге әбден машықтанып, мол тәжірибе жинақтады. 1845 жылы құрылған императорлық Орыс Географиялық қоғамы, оның Орынбордағы (1867 ж.), Батыс Сібір (1877 ж.), Түркістан (1895 ж.) бөлімшелері, Орынбор губерниялық статистикалық комитеті (1866 ж.), Ресейдің империялық саясатын Орта Азияға таратумен бірге географиялық, статистикалық, әлеуметтік - экономикалық зерттеулер жүргізді. Жинақталған материалдарың барлығы кезінде Ресей үкіметі өз саясатын жүргізу үшін жасақтаған болса, бүгінде тарихымыздың шынтуайттылығын салыстыра зерттейтін мол дерек көзінің бірі болып отыр.

- Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы 1887 жылдан өз жұмысын бастап, оған Орынбор генерал-губернаторы мұрағатындағы іс-қағаздарды реттеу жұмысы жүктелді. Жұмыс барысында кездескен қиындықтарға қарамастан, Комиссия мүшелері ішкі істермен шектелмей, құжаттарды пайдалана отырып, ғылыми зерттеулер жүргізді. Оның арты ғылыми құндылығы бар еңбектерге ұласты.

- Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы 1887 жылға дейінгі қазақ елінің аумағындағы бұрынғы патшалы Ресей мемлекетінің әкімшілік мекемелерінің жанынан құрылған мұрағаттарды реттеп, қазақтар туралы мол тарихи құжаттарды жинақтаған және патшалы Ресейдің өзге мұрағаттарына жіберіп отырған алғашқы ғылыми мұрағаттық мекеме болды.

- Мұрағаттық комиссияда қызмет жасаған қазақтар А.Б. Байтұрсынов, Ғ.Б. Балғымбаев, татар, башқұрттар М.Ф. Каримов, М.З. Рамеев, М.Ф. Сүлейменов т.б. түбі бір түркі халықтарының болашағына алаңдаушылық білдірді. Олардың даму тарихының тереңде жатқандығын сезініп, Комиссия жұмыстарына өз үлестерін қосты.

- Комиссия құрамында Қазақстанды тануда өзіндік үлестерін қосқан И.А. Кастанье, А.Б. Байтұрсынов, Ғ.Б. Балғымбаевтар қоғамдық-саяси қызметтеріне, ғылыми еңбектеріне жеке-жеке талдаулар жасалынды, өзге мүшелері еңбектерімен салыстырылды.

- 1889 - 1918 жылдар аралығында Комиссия «Еңбектерінің» 35 басылымы жарық көрді. «Еңбектерде» жарияланған ақпараттық материалдар, тізімдер, хаттамалар, өзге ғылыми мекемелермен байланыстары назарға алынды.

- Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының мұражай, кітапхана ұйымдастырудағы ерен жұмыстары, оларға тапсырылған материалдар, соның ішінде қазақтарға қатысы бар жәдігерлер, этнографиялық мұралар, археологиялық ескерткіштер жарияланған еңбектер негізінде қайта сараланды.

- Патшалық Ресейдің Комиссия алдына жүктеген мақсат–міндеттерінің орындалуы, олардың империялық саясатпен үндесуі, сол бағытта Мұрағаттық мекеменің жұмысының нәтижелі жүруіне үкіметтің қаржыларымен қатар ірі алпауыттардың, жеке тұлғалардың көмегі болғандығы нақтыланды.

- Ғылыми мекемеде еңбек еткен комиссия мүшелерінің ізденістерінің нәтижелері Ресей журналдары мен баспасөз беттерінде, мәселен, сол кезеңде шығып тұрған «Торғай» газетінде, кейбіреулері «Қазақ» газеті беттерінде, тіпті, шетелдік басылымдарда жарияланды.

Диссертациялық жұмыстың деректік базасын мұрағат құжаттары, түрлі материалдар жинақтары, мерзімді басылымдар, мұражай, кітапхана қорында сақталған материалдар құрайды. Дегенмен, тақырыпты жазуда басты дерек мұрағат қорларында сақталған құнды құжаттар болғандығын ерекше атап өтеміз. Зерттеу барысында Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатының (ҚРОММ), Қазақстан Республикасы Президенті мұрағатының (ҚРПМ), Ресей Федерациясы мемлекеттік мұрағатының (РФММ), Ресей Федерациясы Орынбор облысы мемлекеттік мұрағатының (РФ ОрОММ), Ресей Федерациясы Астрахан облысы мемлекеттік мұрағатының (РФ АОММ), Батыс Қазақстан облысы мемлекеттік мұрағатының (БҚОММ) құнды деректері пайдаланылды.

Сонымен бірге қазақ-орыс қатынастарына байланысты 1940, 1961, 1964 жылдардағы және 2002 жылы жарияланған материалдар мен құжаттар жинақтары толық сараланды. Ал «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында көпшілік қолына тиген 10 томдық еңбекте мыңдаған құжаттар алғаш рет ғылыми айналымға енді. Оларда жарияланған құжаттардың дені Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы мүшелерінің қажырлы еңбегінің нәтижесі екендігі белгілі.

Зерттеу барысында Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының басылымы болып табылатын «Еңбектер» жинағы және осы Комиссия мүшелерінің мақалаларын жарияланған түрлі басылымдар да сыни тұрғыдан зерделенді.

Комиссия жинақтаған жәдігерлерді анықтау барысында Мәскеу, Орынбор, Астрахан, Алматы, Орал әмбебап кітапханаларында, сирек қорларында, мұражайларында ізденістер жасалынды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар. Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы тарихы мен ғылыми мұраларын, оған қатысқан тұлғалардың ізденістерін, нақты сіңірген еңбектерін саралай келе, төмендегідей тұжырымдар қорғауға ұсынылады:

- ОҒМК қызметі нәтижесінде XVIII ғасырдан бастап 1918 жылға дейінгі қазақ халқының тарихы мұрағатқа жиналды. Бұл кезең Қазақстанның Ресей отарлау аумағына енуімен ерекшеленеді. Ресей Орта Азияны бағындыру мақсатында, алдымен, Қазақстанды тану үшін арнайы тапсырмамен адамдарын жіберіп, ғылыми экспедициялар ғылыми зерттеулер жүргізді. Олар Ресейдің отарлау мүддесі үшін қызмет жасағанымен, отарланушы қазақ елі туралы мол мәлімет жинап, ғылымның дамуына үлес қосты.

- ОҒМК реттеген құжат деректері XVIII ғасырдың екінші жартысында Ресей Қазақстанды тануға батыл бағыт алғандығын, ол арқылы қазақ істеріне араласуға қол жеткізді. Қазақтар шекаралық мәселелерді Орынбор арқылы Ресей патшасына жеткізді. Бұл арада П.И. Рычков, А.И. Тевкелев, II Академия экспедиция мүшелері, әскерилер шешуші рөл атқарып, нақтырасақ, орыс зерттеулерінің нәтижелері қазақ қоғамын түбірімен өзгертуге ықпал еткендігін дәлелдейді.

- Императорлық Ресей Географиялық қоғамы, статистикалық комитеттер Қазақстан туралы ғылыми-зерттеу бағыттарын ОҒМК-ге дейін-ақ бір жүйеге келтіргендей болды. Оған саяхатшылар да, көпестер де, әскерилер де, жергілікті қазақтың зиялылары да тартылды. Қоғамға М.С. Бабажанов, М.Г. Тяукин, Ы. Алтынсарин, Д.Б. Беркінбаев, Б.Д. Дауылбаев, Б.Қ. Қарпықов, Т. Сейдалин, С.Т. Тілемісов, И.А. Асатов, У.К. Күнтеков т.б. мүше болды.

- Орынбор генерал-губернаторлығы кеңсесі мұрағатындағы XVIII-XIX ғасырлардан жинақталған мол құжаттарды реттеу мақсатында Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы дүниеге келді. Нәтижесінде Қазақстанға қатысты көптеген құжаттардың түп нұсқалары Мәскеу, Санкт-Петербург қалаларына әкетілді.

- Мұрағаттық комиссия жұмыстарына Орынбор өлкесіндегі мұсылман жұртшылығы да қатыстырылды. Әрине, олардың негізгі жұмыстарға жіберілмегені анық. Соған қарамастан А.Б. Байтұрсынов, Ғ.Б. Балғымбаевтар, Комиссияға мүше болып, зерттеулер жүргізді.

- И.А. Кастанье Қазақстанның бай археологиялық мұраларын іздестіріп, қазба жұмыстарын жүргізіп, нәтижелерін түрлі баспаларда жарияласа, А.Б. Байтұрсынов, Ғ.Б. Балғымбаев Комиссия жұмыстарын қазақ халқына жеткізді.

- Ғылыми комиссия «Еңбектері» Ресей империясындағы барлық ғылыми мекемелерге, үкіметтік органдарға, статистикалық комитеттерге империя астанасындағы жоғарғы оқу орындарына таратылды. Ол арқылы қазақ даласындағы жүргізілген ғылыми зерттеу қорытындылары әлемге белгілі болды. Комиссия басылымы «Еңбектер» «Қазақ» газетімен де алмасып отырды.

- Комиссия өлкеде мұрағат, кітапхана, мұражайлар ұйымдастыруға ат салысты. Бүгінге дейін бұл мекемелерде қазақ мұралары сақтаулы.

- Комиссияның басты мақсаты мұрағаттық құжаттарды ретке келтіру дегенімен оның отарлау саясатымен үндескені анық. Жұмыстар барысында көптеген құнды құжаттар түрлі себептермен жойылып кетті.

- Қазақ тарихының мол құжаттық деректері сол заманда-ақ баспасөз беттерінде жарияланды, арнайы ғылыми еңбек ретінде көпшілікке ұсынылды.

Бүгінгі кезең тұрғысынан да бұл еңбектер өз ғылыми құндылығын, маңызын жоймаған.

Зерттеудің қолданыстық маңызы. Диссертация барысында алынған қорытындылар мен нәтижелерді, жаңалықтарды жоғарғы оқу орындарындағы Қазақстан тарихы пәнін оқыту барысында, сонымен бірге мол мұрағаттық құжаттарды жинақтаған Комиссия тарихы, қызметі, нәтижесі XVIII-XX ғасырлардағы қазақ тарихын зерттейтін түрлі еңбектерге, монографияларға, оқулықтар мен оқу құралдарында пайдалануға болады. Зерттеудің қорытындылары тұтастай Орта Азия халықтарының тарихы, этнографиясы, археологиясы т.б. салаларындағы ерекшеліктері мен ұқсастықтарын саралауда маңызы бар деп есептейміз.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі. Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері мен қорытындылары Қазақстан Республикасының Алматы, Қостанай, Атырау, Орал және Ресейдің Элиста, Саратов, Орынбор қалаларында ұйымдастырылған халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда жарық көрді. Зерттеу жұмысының мазмұнына сәйкес 1 монография, 36 мақала Қазақстан Республикасы және онымен көршілес Ресей ғылыми басылымдарында жарияланды. Соның ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Бақылау комитеті ұсынған тізімге сәйкес 21 мақала арнайы басылымдарда, 6 мақала Ресей журналдары мен конференция материалдарында көпшілік назарына ұсынылды.

Диссертацияның құрылымы. Зерттеу жұмысы алдына алған мақсат-міндеттеріне сәйкес кіріспеден, бес тараудан және қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

1 ОРЫНБОР ҒЫЛЫМИ МҰРАҒАТТЫҚ КОМИССИЯСЫ ТАРИХЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ - МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕСІ, ТАРИХНАМАСЫ ЖӘНЕ ДЕРЕК КӨЗДЕРІ

1.1 Мәселенің теориялық-методологиялық негіздемесі

Еліміздің тәуелсіздігі өміріміздің барлық саласына әлеуметтік-экономикалық, саяси, рухани дамуына оң әсерін тигізді. Ұзақ жылдар бойғы Ресейлік отарлау, одан кейінгі кеңестік дәуір, өткен белестерімізде өздерінің терең ізін қалдырды. Соған қарамастан тәуелсіздік жалпы адамзат құндылықтарын қайтарып қана қоймай, оның орнығуына, өткен өмірімізге сыни тұрғыдан қарап, сабақтарын алуға, дамыған елдер қатарына ұмтылуға жағдай жасады. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Қазақтың ұзына бойғы тарихында дәл бүгінгідей бүкіл дүние таныған, өз шекарасы, өз экономикасы, дербес саясаты бар мемлекеті болған емес. Соңғы бірнеше ғасырдың ішінде бодандық жағдайда болған елдің дербес мәселе шеше алатын кадрлары жоқ еді. Бұл сол кезде алдымызда тұрған ең қиын міндет - мемлекет құрудың оңайға түспейтінін көрсетіп еді. Біз ол міндетті де шештік. Біз мемлекет құра алдық» деп еліміздің тәуелсіздігі күнінде сөйлеген сөзі кешегі күн мен бүгінгі дамуымыздың басты ерекшелігін анық дәлелдеп берді [3].

Сонымен тарих елімізге, халқымызға тәуелсіздік таңын сыйлады. Оның жолында мың бұралған, тағдыр тәлкегіне түскен, тар жол тайғақ кешкен қазақ тағдыры тұрды. Осынша ұзақ жолда ешқашан ата-бабамыз ұрпақ алдындағы жауапкершілігін ұмытқан емес. Оны өткен тарихымыздағы Орхон-Енисей жазбалары, Күлтегін бабадан сақталған мұралар анық дәлелдейді. Қазақта жазба деректер болған емес деп насихатталған заман келмеске кетті. Оның негізсіз айтылғандығы сонау ХІХ ғасырдың аяғында белгілі болғанымен оны әлемге мойындатудың реті тәуелсіздікпен ғана келді. Жоғарыда аталған Күлтегін ескерткішінің Қазақстанға әкелініп, Астана төріндегі Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне орналастырудағы мақсаттың өзі жастарымызға даңқты ата бабаларымыздың рухын сезіндіру болатын. Ойып жазған жазбадағы Тоныкөк абыздың ұрпағына өсиеті елдің бірлігін сақтауға арналған және үнемі тарихтың басынан кешкен сабақтарын алуға, сезінуге бағыттағандығын байқаймыз.

Халқымыздың өткеніне үніле қарасақ, оның қай кезеңі де ерлік пен қайсарлыққа, елдік пен бірлікке толы. Өйткені, кешегі Ресейдің отарлау дәуірінде, Кеңестік биліктің «кеңес халқына» біріктіру заманында да қазақтың азаттық аңсаған рухы ғана бостандыққа жетеледі.

Тәуелсіздіктің бізге берген мүмкіндіктерінің бірі тарихымызды қайта зерделеу, оның сабақтарын алу болып отыр. Оған ден қойып, жүрген өмір жолына, іс-тәжірибесіне, хал - ахуалымызға тоқталсақ, алдымызға сан алуан сұрақ шыға қалады. Біз тарихымыздан қандай деңгейде хабардармыз, оны қалай зерттеп, түсіндіріп жүрміз. Мұның барлығы қазіргі таңда осы мәселелердің шешімін табу үшін жан-жақты жұмыстар жүргізілуде. Дегенмен, тарихымыздың беттеріндегі ақтаңдақтарды жоймайынша, оның арнайы бұрмаланған кезеңдерін қалыпқа келтірмейінше, өскелең ұрпақты шынайы

отансүйгіштікке тәрбиелеу де мүмкін емес. Осы тұрғыдан келер болсақ, тарихшы, тарих ғылымы алдында аса зор міндеттер тұр. Оны тағы да халқымыздың біртуар ұлдары келешек жастарға аманаттап, тәуелсіздіктің жауапкершілігін ұлтымыздың қанына сіңіре білді. Бірғана қоғам қайраткері Жұбан Молдағалиевтің 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы кезеңінде қасқая тұрып, ұрпағына қамқор бола білуі аға ұрпақтың ертеңгі тәуелсіздікке үлкен үмітпен қарағандығын дәлелдейді. Мұндай сенімді ХХ ғасырдың алғашқы жартысындағы Алаш зиялылары нешебір қысымға қарамастан жұртының болашағы үшін жан қиды. Тарих ата-баба мен бүгінгі ұрпақтың арасындағы өзара жалғасқан тұтастықты дәлелдейді. Осы тұтастықты қалыптастырған ұрпақтар сабақтастығы тарихымызда қанмен хатталды.

Сонымен тарихымыз бүгінге дейін қалай жазылды, қандай теориялық - методологиялық негізге арқа сүйеді? Біз зерттеп отырған Ғылыми мұрағаттық комиссиясы тарихы өз бастауын 1887 жылдан алғанымен, оның бастамасы Ресей империясының қазақ даласына аяқ басуымен қаланғаны белгілі. І Петр Азияға көз тігіп, империяның күш жігерін, саясатын Азияға бағыттап, алдымен елші, тыңшылары, көпестері, шенеунік- әскерилері арқылы мол мәліметтер жинай бастады. Оның барлығы Орынборда құрылған Орынбор экспедициясында (1734-1737), Орынбор комиссиясында (1737-1742), Орынбор губерниясы кеңсесінде, Орынбор шекаралық істері экспедициясында, Орынбор генерал-губернаторы кеңсесінде т.б. мекемелерде сақталды. Ғылыми мұрағаттық комиссия құрылғанша жоғарыдағы кеңселер құжаттары аталған мекемелерде жинақталды. Мұрағаттық комиссия жұмыс жасағанға дейін аталған мекемелерде жинақталған құжаттар қазақтарды ғана емес, Орта Азияны мекендеген өзге де халықтарды тануда басты көмек болды. Бірақ құжаттардың сақталуы ешқандай сын көтермеді. Ол турасында А.И. Левшин: «1735 жылы құрылған Орынбор шебіндегі Ресей мемлекетінің көршілес халықтармен қарым – қатынасын анықтайтын құнды құжаттар Орынбор Шекаралық комиссиясында сақталған. Оны талдап, қараған кезімде көптеген құжаттардың уақыт өте жарамсыз болғанына, кейде олардың екінші қайтара пайдалануға жарамай жойылып жатқанына куә болдым», - деп ашық жазған болатын [4, с.13]. Оларды алғаш пайдаланған П.И. Рычков, Н.П. Рычков еңбектері, сөз жоқ, мол деректерді тұңғыш рет пайдалануымен маңызды. Осыларды мойындай отыра, қазақ тарихына назар аударып, патша үкіметі тапсырмасына сәйкес жазылған зерттеулерге сыни тұрғыдан қарауымыз заңды. Тарих ғылымының алдында қазақтың жүріп өткен жолы сонау Ресей империясы заманында объективті көзқарас болды ма? деген заңды сұрақтардың тұруы орынды мәселе деп есептейміз. XVIII ғасырдан бастап 1917 жылдардың аяғын қамтитын аралықта жарық көрген зерттеулердің дені Батыстың Азияға жылжуын (отарлауын–Ұ.А.) ақтайтын, реті келсе оны асыра бағалап, прогресс ретінде насихаттайтын саясат ұстанғаны бүгінде ашық жазылып жүр. Орыс тарихшысы С.М. Соловьев: «Орыс тарихынан біз мемлекеттің өз иелігін бос жатқан кеңістікті қосып алып, оған халықты орналастыруын және мемлекеттің отарлау арқылы кеңеюін байқаймыз. Билеуші славян тайпалары шығысқа қарай ішкелеп ене түсіп, орнығуда. Европаның барлық халықтарына тарих жер шарының өзге

бөліктеріне қоныстануды, онда христиандық пен азаматтықты таратуды өсиет етті. Батыс Европалық тайпалар бұл істі теңізбен, шығыс славяндар құрылықпен жүргізді», - деп жазып, патшалы Ресейдің отарлау саясатына май құя түсті [5, с.186]. Мұның өзі бір кезеңде кеңестік тарихшылардың қолдауына ие болған Ф.Энгельстің 1851 жылдың 23 мамырындағы: «Ресей Шығыс мәселесіне қатысты шындығында да прогрестік ролін атап өтеміз. Славяндық ластығы мен барлық айуандығына карамастан Ресейдің билігі Қара және Каспий теңіздері және сонымен бірге Орталық Азияға, башқұрт, татарларға өркениеттілік ролі болды...», - деген сөзімен астасып жатыр [6, с.241]. Мұның барлығы алдымен бәрі тарих ғылымына әсерін тигізді. Империялық саясатқа арқа сүйеген, оның сұранысына сай еңбек жазған зерттеушілер 1917 жылға дейін-ақ қазақтарды отарлау нысаны ретінде танып, тұтастай халықтың тарихын бұрмалады. Ресми тарихнамада халқымыз «жабайылар», «бұратаналар» атанды. Ағылшын тарихшысы Дж. Хоскинг «Ресей: халық және империя (1552-1917)» атты еңбегінде Ресей империясын өзге империялармен салыстыра отырып, «Түркістан және Орта Азия аймағы Ресей империясына ХІХ ғасырдың екінші жартысында ғана қосылды. Оның негізгі себептерінің бірі өз елінің оңтүстік шекарасын қорғау деген желеу болатын. Ресей империясы Сыртқы істер министрі Горчаков «Ресейдің Орта Азиядағы жағдайы барлық жабайы халықтармен байланыс ұстап отырған дамыған елдердің жағдайымен өте ұқсас. Мұндай жағдайда жабайы және басқаруға көнбейтін көршілерді, олардан шекараны сақтау үшін, бұл халықтарды көндіру үшін мықты билік керек. Барлығы мал барымталау, тонаудан басталады. Ал оны тыю үшін көрші тайпаларды бағындыру қажет»», - деп отарлаудың күшке сүйенетіндігін және оның отарлаушы жағынан әр уақытта заңды болып есептелетіндігін дәлелдеді [7, с.53].

Дж. Хоскингтің бұл пікірі Ресейдің Орта Азиядағы ХVІІІ-ХІХ ғасырлардағы негізгі саяси ұстанымына айналды. Ол Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының жұмысынан да көрініс тапты. Өйткені, ХХ ғасырдың басында-ақ Комиссияда жинақталған құжаттардың барлығы дерлік империяның Орта Азияға жылжуын ақтайтын. Түрлі басылымдар, соның ішінде Комиссияның «Еңбектері» оған айқын дәлел бола алады. Қазақ халқын отарлау объектісі етіп алған, үкімет көзқарасын дамытқан зерттеушілер әрбір мақаласында, еңбегінде сол ойды қалың көпшілікке насихаттады. Мәселен, 1889 жылы І басылымдағы II Екатерина мен I Павелдің Жарлықтары, 1897 жылы III басылымдағы С.Н. Севастьяновтың князь В.С. Волконскийге, 1900 жылғы VIII басылымдағы А.И. Добросмысловтың 1735, 1736, 1737 жылдардағы башқұрттардың көтерілісіне, осы автордың 1900 жылғы IX басылымдағы II Екатеринаның қазақтарға қамқорлығы т.б. мақалалары көп нәсені аңғартқандай. Бір сөзбен айтатын болсақ, 1918 жылы өз жұмысын тоқтатқанға дейін комиссия өз ізденістерінің методологиялық арқа сүйер тірегі Ресейдің отарлау саясатын бұркемелеу, оны ашық қолдауға бағытталды.

Ал қазақ зиялыларының отарлауға деген көзқарасына тоқталсақ, М. Тынышпаев 1905 жылы: «Орыс бодандығын қабылдағаннан бері қазақтардың бірде-бір жарқын қуанышты күні, бірде-бір бақытты минуты

болған емес», - деп қорытса [8, с.24], Х. Досмұхамедов «Исатай-Махамбет» еңбегінде: «Осы екі ғасырдағы (XVIII, XIX ғасырлар туралы айтылып отыр - Ұ.Т) патша үкіметінің жұмысы қазақты әбден бағындырып алып, қазақты көпір қылып, Азияға аттау болды. Қазақтың амалы таптайын деп тұрған патша үкіметінен құтылу болды, дәуірмен келе жатқан орыс байларының сауда капиталымен жауласам деп, Кіші жүздің жүз жарым жылдай тарихы қанмен жазылғандай болды. Бір жағынан, басын қорғап патша өкіметімен арпалысу, патшалардың саясатын жүргізген хандармен алысу, екінші жағынан, қонысқа таласып өтсек, қалмақ, түрікпен секілді көршілермен жауласу, үшінші жағынан, өзара ру таластары Кіші жүздің өткен тарихында кезектесіп келеді де тұрады. Орыстан құтылу үшін жасалған Кіші жүздің қимылдары әлі толық жазылған жоқ. Патша заманында бұл мүмкін емес еді. Енді тарихшы шықса керек», - деген пікірімен [9, 6-7 б.] отарлау тарихын жазу қажеттігін ерекше атап өтті. Әйтсе де, Х. Досмұхамедовтың «енді қазақ тарихы жазылар» деген үміті ақтала қоймады. Жаңа кеңестік билік, большевиктік басшылық тарихқа бірден таптық методологияны қалыптастыра бастады. Ол бойынша елдің дамуы 2 таптың бітіспес, қарама-қайшы күресінен тұрады деп шегеленді. Міне, осы таптық методологияның негіздемесі К. Маркс, Ф. Энгельс, В.И. Ленин еңбектерінде қаланды. Оны әрі қарай Г.В. Плеханов тарқата түсті. Оның «Тарих ғылымындағы монистік көзқарастың дамуы мәселелері» (1895), «Экономикалық материализмді қолдаған бірнеше сөз» (1896), «Тарихты материалистік тұрғыдан түсіну» (1897), «Тарихтың даралық ролі туралы мәселелері» (1898), «Тарихтың таңғажайыптары» (1899), «Марксизмнің негізгі мәселелері» еңбектерінде тарих туралы пікірлері анық жазыла бастады. Ал В.И. Ленин Г.В. Плехановтың тарих туралы ойларын әрі жалғастырды. Қазан төңкерісі жеңісінен кейін тарих ғылымында жаңа большевиктік методология үстемдік алды. Алғашқы Маркстік бағыттағы тарихшы М.Н. Покровский (1868-1932) болатын. М.Н. Покровскийдің көзқарасы Мәскеу университетінде қалыптасты. Оның «Экономикалық материализм» еңбегінде таптық күрес «тарихтың қозғаушы күші» ретінде нақтыланды. М.Н. Покровский 1909 жылғы «Көне дәуірден бергі орыс тарихы», 1907-1911 жылғы «XIX ғасырдағы Ресей тарихы» еңбектерінде Ресейдің даму кезеңдеріне шолу жасады [10, с. 305-317].

Таптық методологиямен қаруланып, осы өлшеммен барлық тарихи дамуды қарауға міндеттелді. Оның аясынан шығып, өзіндік ізденіс жасаған тарихшылар қудалауға ұшырады, түрмеге қамалды. Сөйтіп, бір жақты таптық методология санаға сіңірілді. Ол турасында тарихшы Ә.С. Тәкенов: «мұның басты себебі сталиндік әпербақан саясатқа сай қазақ ұлттық интеллигенциясының «ұлтшылдық» желеуімен қудалануы, іс жүзінде орыстың шовинизмінің үстемдік етуі. Ол заманда «ұлы орыс халқына» бой ұсынған «кіші халықтар» өз тарихын тек жалған интернационалистік, орыс халқының оларды біріктіріп басын қосып, компартияның басшылығы арқасында, социалистік прогреске жеткізгені тұрғысынан ғана пайымдауға міндетті болды», - пікірін білдірген болатын. Осылайша тарих ғылымы «халықтар достығын» көлгірси дәріптеуші идеологиялық құралға айналып өзінің ғылыми объективтік мәнінен айырылды, арнайы бұрмаланды. Ал осы идеологиялық шеңберден шыққандар өз ішімізде

ешбір ғылыми дәлелдеусіз-ақ партия, кеңес алпауыттарының қаулысымен немесе демократиялық заңды жолмен, кеңес сотының бір жақты шешімі арқылы буржуазияшыл ұлтшыл ретінде қудаланып, жазаланып отырды. Қатаң партия бақылауы кеңес халқының әділ де, шын ғылыми тарихын жасауға жол бермей келді», - деп кеңестік идеологияның түпкі мәнін ашты [11, 371 б.].

Таптық методология тарихи қағидатты коммунистік партиялық қағидатпен байланыстырды, соған бағынышты етті. Осындай бұрмалаушылықтың нәтижесінде тарихилық қағидат өзінің объективтік шындыққа жетудегі функциясынан айрылып, коммунистік партиялық қағидаттың жетегіндегі қосалқы қағидатқа айналды. Мұның өзі сайып келгенде тарихтың негізгі қағидаты тарихилығын назардан тыс қалуға әкелді. Бұл арада шешуші қағидат ретінде тарих ғылымының партиялығы шыққандығын баса айтуымыз қажет. В.И. Ленин тарих ғылымының партиялығы тұрғысында бұл мәселені өзара байланысты үш бағытта ұғынуға шақырды: біріншіден, тарихта жұмысшы табы, оның авангарды – коммунистік партия ұстанымынан түсіну, екіншіден, тарих ғылымы үшін, әсіресе, оның методологиялық мәселелері бойынша буржуазиялық идеологиямен табанды түрде күрес жүргізу, үшіншіден, тарих ғылымының пәнін таптық күрес тарихы деп мойындау [12, 274 б.]. Айналып келгенде, В.И. Ленин тарихтың өзін таптық мүддеге бағындырды, яғни, өткен өміріміз жұмысшы табы көзқарасымен өлшеніп, коммунистік партияның талабына сай жазылуы тиіс делінді. Тұтас қоғам қақ жарылды. Жаппай дүниенің бәрі екіге бөлінді. Орынбор Ғылыми Мұрағаттық Комиссиясы жинақтаған құжаттардың сұрыпталып, тарихи терең талдануына мүмкіндік берілмеді. Ресейдің Азия халықтарына қамқорлығы, дүниежүзілік ғылымға қосқан үлесі кең көлемде насихатқа ие болып, өзге халықтар «ұлы орыс халқының» пролетарлық интернационализмі арқасында жаңа әлеуметтік, экономикалық, саяси даму сатысына көтерілді делінді. Белгілі ғалым З. Алдамжардың пікірінше, «пролетарлық интернационализм қағидаты таптық методология жүйесінің іргетасы, белдік құрсауы болса, оның жетекші бағыты, ақиқатты анықтаушы құралы коммунистік партиялық қағидат болып табылады. Осы орайда тағы да бір келеңсіз көрініске көңіл аударған жөн. Ол партиялық қағидаттың өз тағдыры... Лениннің анықтауы бойынша, партиялық дегеніміз – жоғары дамыған таптық қайшылық нәтижесі және оның саяси көрінісі. Ал кейінгі идеологиялық нұсқауларда, көпшілікке арналған партиялық-саяси әдебиеттерде бұл ұғым таптық сипаттың жоғары көрінісі» деп бұрмаланды [13, 118-119 б.]. Осы пікірді әрі дамытсақ кеңестік кезеңдегі тарихты жазудағы басты ұстаным таптық көзқарас – коммунистік партиялық қағидат екендігі дәлелденеді. Ал тарихтың өзге қағидаттары, жазу талаптары бәрі жоғарыдағы ұстанымдарға сай болуы тиіс делінді. Қоғамдағы барлық шиеленіс таптық күреспен өлшенді. Мұның арты бір ұлттың жік-жікке бөлініп, бай мен кедейлер деп жіктеліп, бір-біріне қарама-қарсы қойылды.

Алайда, автор таптық қайшылыққа негізделген методологияны қоғамдық дамудың басты факторы ретінде есептемейді. Себебі, қоғамның дамуында бірнеше фактор әрекет жасайды. Атасақ әлеуметтік фактор, саяси фактор және

т.б., тарих дамуында кездесетін осындай көп факторлардың бірі ретінде қарастырамыз.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдары-ақ ұлттық даму, қозғалыстар орыс пролетариатының тарихи міндетіне жақындастырылды. Сондықтан да орыс патшасына қарсы көтерілістердің барлығы большевиктер мен пролетариат басшылығына сидырылды. Мұны бір кезеңде М. Шоқай да дәл танып, орынды сынға алған-ды. Ол 1931 жылы Ташкентте жарық көрген «Қоқан автономиясы» атты еңбектің авторы П. Алексеенконың тарихты бұрмалағандығын, ұлттық қозғалысты большевиктер аяусыз басқандығын алғаш дәлелдеді. Еңбекпен танысқан тарихшы К. Есмағамбетов «Әлем таныған тұлға» еңбегінде М. Шоқай орыс тарихшысының алдына мақсат етіп қойған осы тұжырымды дәлелдеу үшін ғылымға жат зерттеу әдістеріне жүгініп, тарихи фактілерді үзіп-жұлып пайдаланғандығын жазады. Оның бір ғылыми өтірікке қарсы деген мақаласында өткір памфлет ретінде де, зерттеу әдістері мен принциптерін толық меңгерген ғалымның салиқалы ізденісі ретінде де қабылдауға болады. Онда таптық қағидатқа негізделген тарихнаманың осал тұстары дөп басып атап көрсетіледі. Ол жөнінде М. Шоқай былай деп жазады: «Тарих жазудың екі жолы бар. Бірінші жолы: зерттеуші өмірде болып өткен оқиғаларды көңіл қойып жинастырады. Оларды хронологиялық реті бойынша заманның жағдайына, ахуалына қарай зерттейді. Мәліметтер мен ақпараттар бұлақтарын іздейді. Жинақталған мәліметтерді өзінің ғылыми зердесінен өткізеді, орнына салады және ол мәліметтерден өзін бейтарап ұстай отырып, талдау жүргізеді. Шын мәніндегі ғылыми тарих, міне, осындай тәсілмен жазылады. Екінші жол: зерттеуші көздеген мақсаттарын күні бұрын белгілеп алады да, соған жету үшін оқиғалар құрастырады», - деп тұлғаның өмірлік ұстанымын аша түсті [14, 398-399 б.].

М. Шоқай XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр бас кезеңінде орыс шенеуніктерінің де қазақ тарихындағы ұстанымдарын қатаң сынға алып, оны ғылымға жасалған қиянат деп есептеді. М. Шоқай тарихта тек қана ақиқат жазылуы тиіс деген тоқтамға келген.

М. Шоқай Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының XIX ғасырдың 90-шы жылдарындағы мүшесі И.И. Крафттың, 1907 жылдан құрметті мүшесі В.В. Радловтың т.б. жазғандарын саралап «Радлов, Крафт, Аристов және басқалары да қазақтардың рулық құрылымына келгенде ағаттық жіберген. Ғылымға жат қателіктер өткізген. Орыс этнографтары қазақтардың рулық бөлінулерін зерттегенде рулық құрылымның ғылыми классификациясымен шұғылданудың орнына, ұлыс, арыс буындарының аттарын ретсіз түзумен әуреге түскен. Қазақ рулары хақында біршама толық мағлұмат беретін кітаптар жазған Аристов, Гродеков және Крафттар патшалық Ресейде көрнекті әкімшілік орынды иеленген адамдар болатын (Аристов Жетісу әскер уәлаятының орынбасары, Городеков – Сырдария облысының уәлиі, Крафт – Торғай уәлаятының әкімі - М.Ш.). Олар өздерінің «ғылыми тұжырымдарын» жергілікті шенеуніктердің жолдаған материалдары негізінде жасайтын. Ал ауыл, болыс бастықтарының анкеталары қалай толтырылатынын біз жақсы білеміз... Мұндай тәсілмен жасалған материалдар қайшылықтарға толы

болатын. Қазақ руларының үлкен-кіші тәртібі бұзылатын. Кейбір кіші рулар арыстармен, тіпті ұлыстармен қатар қойылатын. Қысқасы жүйесіздік пайда болатын. Жүйесіздік болған жерде ғылыми түсінік те болуы мүмкін емес», -деп бағалап, болашақ зерттеушілерге бағыт-бағдар көрсетті [15, 302-303 б.].

Таптық методология қоғамды дәуірлеу (периодизация) мәселелерінде де анық көрініс тапты. Марксизм-ленинизм іліміне сай, дәуірлеу мәселесін әрбір тарихшы өндірістік қатынас арасындағы қайшылықтан туатын таптық қарама-қайшылықты және одан өріс алатын таптық күресті негізге алу арқылы шешуге тиіс болды. Демек, әрбір дәуірдің басты анықтаушы күші болып табылды. Оны басшылыққа алған тарих ғылымы қоғамдық-экономикалық формацияны беске бөлді. Олар: 1) алғашқы қауымдық құрылыс; 2) құлдық қоғам; 3) феодализм; 4) капитализм; 5) социализм-коммунизм. Міне, осы бес формация да К. Маркстың «тарихтың қозғаушы күші- таптық күрес, ал революция-тарихтың локомотиві» тұжырымы бойынша зерделенді. З. Алдамжар оны саралай келе, «маркстік-лениндік формациялық методология нұсқасы өзінің бірыңғай реттілігімен, бір дәуір мен екінші дәуірдің ара айырмашылықтарының шектік шарттармен басқа методологиялық көзқарастардан ерекшеленіп, қатаң жүйелік қағидаттық байқатты. Осы негізде маркстік-лениндік методологиялық жүйе кеңестік тарихтың бірден-бір ғылыми негізі болып мойындалды. Бірақ бұл маркстік-лениндік нұсқаның да қате-кемшіліктерін өмір көрсетті. Атап айтсақ, онда олар төмендегідей:

Біріншіден, маркстік-лениндік ілім, оның тарихи методологиялық жүйесі бірден-бір нағыз ғылыми көзқарас деп жеке-дара ұлыланды, кеудемсоқтыққа бой ұрды. Өркениетті әлемде жинақталған өзге ғылыми нұсқалар, қағидалар таптық методология таразысында тартылып шеттетілді. Таптық формациялық методологияның үстемдігі нығая түсті.

Екіншіден, формациялық көзқарас тарихи дамуды бір тараулы, бір тінді (однолинейность) үрдіс деп тағдырлық болмыстың сан алуан бейнесін бірыңғай реттеп, көп тармақты (многовариантность) даму арнасын бір жүйемен шектеді, тарихи оқиғалар бірізді көріністе қалды, яғни, тағы да таптық методологияның үстемдігі нығая түсті.

Үшіншіден, формациялық нұсқа әлеуметтік шиеленіс факторына ерекше мән берді, оның қоғамдық өмірге ықпалын асыра бағалады. Сол себепті тағдырлық ауқымдағы мәселелер тек қана таптық күрес жолында, төңкеріс барысында шешілмек делінді.

Төртіншіден, формациялық ұғым бойынша тарихи даму үрдісі әрқашан өрлеу бағытында қоғамдық экономикалық заңдылықтармен алдын – ала болжалған болды, ол анықталған және заңды түрде болмай қоймайтын ақиқат деп мойындалды. Бұл көзқарас, тұжырым формациялық нұсқаның материалистік табиғатына қарамастан, идеалистік көріпкелдік пен әлеуметтік утопияға да ауытқып кететіндігін байқатады», - деген тоқтамға келді [13, 122-123 б.].

Бүгінгі таңда жоғарыдағы көрсетілген маркстік-лениндік методология өркениеттілік методологиясымен алмастырылды деуімізге әбден болады.

Сонымен таптық методология мен маркстік - лениндік формациялық методология ұстанымын кеңестік заманға қалдыра, біртұтас елміз, біз қазақ еліміз деген заңды тұжырымды әлемге таныта бастадық. Сайып келгенде, қазақтың азаттығы өткен тарихымызда кең ауқымды ойлауға, өзге жұрттармен салыстыруға, бүгінге дейінгі ғылымда орныққан тұжырымдарды қайта зерделеуге, жаһандану дәуіріндегі ғылыми жетістіктер мен оның түрлі әдістерін пайдаланып мың толғануға толық жағдай жасады. Оған белгілі тарихшы Х. Әбжановтың «Тарихты дәуірлеуге өркениеттік, циклдік, этногенездік, тіпті гендерлік ұстанымдардан келуді жақтаған ғылыми мектептер бар (Яковец Ю.В. История цивилизации. М., 1997). Қағаз бетіне түскен осынау тұжырымдарды ой елегінен өткізе отырып, мынадай жағдайды аңғардық: бұл тұжырымдар негізінен басқаларға өктемдігін жүргізіп, әдеттенген мемлекет пен этнос өкілдерінің: ағылшынның, орыстың, немістің, американның қаламынан туған екен. Әрине, үстем де жуан атаның сөзінің өтімді болатыны ежелден мәлім дүние. Кемеліне келіп тұрған шағында біліммен, ғылыммен, өнермен айналысқанның қарымы да мол болмақ. Сондықтан шыққан төбесі биік ауылдың пайымдаулары мен тұжырымдарына құлақ қойғанның еш сөкеттігі жоқ. Дегенмен, сүрінсе де жығылмаған соңғы 5-6 ғасыр бойына табиғи тарихи ырғақты дамудан ажырамаған олармен енді ғана «бейшара, байғұс деген мүсіркеуден құтылған, біздің жарық дүниені түсінуіміз, тәжірибеміз өткенді бағалай алуымыз, тарихи зердеміз бірдей бола қоюы неғайбыл» деген пікірлерін [16, 7-8 б.] басшылыққа ала отырып, тарихымызды әбден сараптауға болады. Оған толық дайындық тірегіміз де бар. Қазақ зиялыларының кеңестік заманның өзінде ол мәселелерді толғағандығын дәлелдейтін еңбектері баршылық.

Заманында Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының 1912 жылдан бастап мүшесі болған Ахмет Байтұрсынұлы Байтұрсынов та қазақ тарихының өткен-кеткен кезеңдеріне баға бере жіктеген-ді. А.Б. Байтұрсынов тарихи прогрессті анықтау шаруашылық қызмет формаларының өзгерісіне байланысты жүзеге асады деп есептеді. Ғалымның пікірінше, қоғамдық дамудың 6 сатысы бар. Олар – теру, жинау, аңшылық, жануарды қолға үйрету, мал бағу, жерді игеруді үйрену, жер шаруашылығы – манфактуралық, жер шаруашылығы – тауарлы манфактура, машина жасау және оның таралу кезеңдері. Міне, оларды атай отыра А.Б. Байтұрсынов Батыс елдердің осындай өсу жолдарынан өткендігін ескертіп, бізде, қазақтарда да аталған заңдылықтарды сақтау қажеттігін дәлелдеді. Мұның өзі А.Б. Байтұрсыновтың маркстік таптық күреске негізделген қоғамдық – экономикалық формациядан бас тартқанын көрсетеді. Ғалымның экономикалық ойларын зерттеген академик К. Сағадиев жоғарыдағы кезеңдер бүгінгі батыстық дамумен үндесіп жатырғандығын атап өтеді. А.Б. Байтұрсынов «Шаруашылықтың өзгеруі» еңбегінде қоғамның эволюциялық дамуындағы қозғаушы күштеріне – қоршаған табиғат, халықтың тығыздығы, техникалық прогресс, өзге елдерді басып алу, саясат және құқық, дін және адамгершілік, білім және оның дамуы, сыртқы әсер, мемлекеттің мақсатын жатқызды. Бұдан шығатын қорытынды ғалымның шаруашылық – қоғамдық

формациялардың бірден, тез өзгермей, біртіндеп, заңдылықтарды сақтай отыра жүзеге асатындығын терең сезінуі [17, с. 29-33].

А.Б. Байтұрсыновтың ұстанымдары әлемдік деңгейдегі ағартушылардың пікірлерімен үндесіп жатыр деп толық айта аламыз. Мәселен, XVIII ғасырдың II жартысында өмір сүрген С.Е. Десницкий бүкіл адамзат тарихын жабайылық, бақташылық, диқаншылық, сауда-саттық деп жіктеп, 4 кезеңге бөлді. Ал американдық ғалым Л.Г. Морган «Ежелгі қоғам» еңбегінде адамзат дамуының жабайылық кезеңі, варварлық кезең, сондай-ақ өркениет кезеңі деп үшке бөлді. С.Е. Десницкий мен Л.Г. Морганның тұжырымдарын талдаған тарихшы Т. Омарбеков екі ғалымда қоғамды жау таптарға бөлген жоқ деген қорытындыға келді [18]. Сонымен Алаш зиялылары да, ағартушы, ғалымдар да ел ішіндегі күресті, тартысты білгенімен, оны қоғам дамуының негізгі күші деп есептемеді. Оған қарама-қарсы таптық күресті негізге алған марксизм-ленинизм қоғамды 5 формацияға – алғашқы қауымдық, құл иеленушілік, феодалдық, капиталистік, социалистік (коммунистік) кезеңдерге бөліп, кеңінен насихаттады.

Бүгінде ұзақ жылдар үстемдік жасаған маркстік – лениндік формациядан бас тартып, қазақстандық ғалымдар қазақ тарихының даму кезеңдерін әлемдік деңгейде, өзге халықтар дамуын салыстыра отыра зерттеуде. Мәселен антикалық тарихтың белді тұлғалары Геродот, Диодор, Сицилийский, Плутарх, Корнелли, Тацит т.б. грек-рим дүниесінің күрделі проблемаларын тереңдете тану барысында олармен көршілес Египет, Иран, Жерорта теңізі өңіріндегі мемлекеттердің саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуын қатар есепке алып, сабақтастыра зерттеді. Мұндай заңды байланыстар тарихымыздың қыр-сырын ашпай ма? Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы жинақтаған мұралардан, оны пайдалана дүниеге келген зерттеулерден мол материалдар алуға болады. Оған Мұрағаттық комиссияның «Еңбектеріндегі» жарияланған мақалалар анық дәлел болады. Мысалы, 1903 жылғы Комиссия есебіндегі Орта Азияны жаулап алудағы іс-әрекеттер, әскери жорықтар, 1912 жылғы Есептегі Комиссия мүшелерінің қазақтың дәстүрлі құқық мәселелерін зерттеуі Ресейдің Орта Азияны танудағы, отарлаудағы қадамдары екендігін сезіндіреді.

Сонымен бүгінгі тарих ғылымындағы негізгі тіректеріміздің бірі өркениеттіліктің дамуы, оны барлық халықтардың дамуындағы басты бағдаршам болатындығы анықталды. Белгілі ғалым М.Қ. Қозыбаев өзінің «Өркениет және ұлт» атты еңбегінде өркениет туралы толғанып, оны саралаған Н. Данилевский, П. Сорокин, К. Ясперс, Френсис, Фукуяма, Сэмюэль Хангинтон, XIII ғ. өмір сүрген араб ғалымы Ибн Халдун, А. Байтұрсынов, А. Тойнби т.б. еңбектерін сүзіп, төмендегіше қорытты. Ғалым «Сонымен қорытып айтсақ:

1) Өркениет тірнек (материальная), көрнек (духовная) мәдениеттернің ұзақ мерзімді тарихи дамуының нәтижесі.

2) Бір немесе бірнеше ірі этностардың (халықтардың) этнодемократиялық, мәдени-әлеуметтік бірлігіне негізделген өркениет ауқымы бірде есіліп-көсіліп, бірде тарылып-қысылып дамығанымен, оның өзегі бір заманда түркі тайпалары, оның ішінде қыпшақтар болса, кейін қазақтар екендігі дау тудырмаса керек.

Ұлы Мағжанның түркі жұртына ұлы шаңырақ иесі болып қазақ қалған жоқ па? – деуі де осыдан болса керек.

3) Өркениет – мәдени тип, ол ұзақ эволюциялық дамудың нәтижесі, тұйық, ағысы жоқ жерде эволюциялық даму емес, борсу бар, іру бар, бір орыннан қозғалмай, тыпырлау бар. Қалай болғанда да, өркениет дегеніміз – эволюциялық, белгілі бір дәрежеде этностармен мемлекеттердің аралас-құралас қана емес тарихи және мәдени біртектілік болмысының автономды дамуы болса керек. Сонда ғана ол әлем дамуына өзіндік тарихи ағысымен, ұлысымен, тынысымен мен мұндалап ене алады, әлем дамуына өзіндік үлесін қоса алады.

Өркениет дара келеді, сонымен бірге әлемдік даму мұхит болса, ол оған дария болып қосылады, адамзат тарихының бір саласы болып содан таралады да. Біртұтастық пен жекешелік, даралық осылай өзіндік болмыстарын бейнелей алады. Өмір диалектикасы осы» деп нақтылайды [19, 16-17- бб.].

Осы арқылы ғалым ағылшын тарихшысы және әлеуметтанушысы Арнольд Тойнби (1889-1975 жж.) тізбектеген 21 өркениет – эллиндік, батыс, египеттік, шумерлік, минойлық, үнділік, хеттік, қиыр шығыстық (корей мен жапондық) православиялық (альпілік, ортатеңіздік), православиялық (ресейлік), ирандық, вавилондық, сириялық, арабтық, индустық, қытайлық, қиыршығыстық, андлылық, майялық, юкатандық, мексикандық, өркениеттер қатарында түркі халықтарының аталмауын сынға алды. М. Қозыбаев А. Тойнби, көрсеткен өркениет жиынтығы – өзендік, таулық, архипелагтық, континентальдік, ормандық өркениеттерге Дала өркениетін қосты. Сонымен түркі халықтарын өркениетсіз халық санаған А. Тойнби, О. Шпенглер тұжырымдарына қазақтың бірнеше мыңдаған жылдарға жететін тарихы бар екендігін жария етті. Түркі халықтары тарихының тамыры тереңде жатқандығы зерттеулермен дәлелдене бастады. Белгілі тарихшы Х. Әбжанов «қазақ тарихы – әлемдік, оның ішінде, әсіресе, шығыстық өркениеттің құрамды бөлігі. Әрісі отарлаудың, берісі кешегі кеңестік тоталитарлық жүйенің құрығына ілінгенге дейін біз алыс-жақын мемлекеттермен, мәдениеттермен өзара ықпалдастықта күн кештік. Алғанымыз да бар, бергеніміз де аз емес, ұқсастығымыз да жетерлік. Тұтастай қарасақ, қазақ тарихының ешкімді қайталамайтын, өзіне ғана тән сүрлеуін көруге болады. Бұл табиғи-тарихи үрдіс XVIII ғасырдың 30 жылдарына дейін созылды. Кейін де 130 жылға созылған арпалысқа қарамастан бодандықтың қамытын кию, XIX-XX ғасырлар межесінде орыс және шетел капиталына кіріптарлықты мойындау қазақ қоғамындағы менді әлсіретіп, менікі ұғымын күшейте түсті. Ал кеңестік жылдарда Қазақстан тарихының, ұлттық сананың бағыты мен мазмұны объективті заңдылықтардан гөрі утопиясы басым идеологияға бағыныштылығын көбірек айқындады. Басқа өркениеттің өктемдігі астында қалса да отандық тарихтың жылнамасында бүгінгі ұрпақ ұялатын, намыстанатын, жүзі қызаратын бірде-бір парак, тіпті бірде-бір жол жоқ» деп қазақ елі тәуелсіздігінің жарқын болашаққа жаңа үміт жаққанын дәл көрсете білді [18, 10-11-бб.]. Сонымен өткенді қайта бажайлап, сараптап, ұтылған тұсымызды анықтап, тарихты жаңаша зерделеуге кірістік. Сананы улаған, ағайынды қан төгіске бастаған таптық қағидатты ығыстырдық. Бір ұлт, бір ел, бір мүдде,

тәуелсіз қазақ ұғымдары қалыптаса бастады. Зерттеу тақырыбымызға сай Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы жинақтаған, Ресейдің «қазаққа қамқорлығын» таратқан мұраларды сұрыптай, сын көзбен зерделей бастадық. Осы жолда өркениеттік қағидатты да басшылыққа алдық.

Егемен ел болу – қай халық тағдырына да, қай уақытта да үлкен мүмкіндік, тарихтың сыйлаған, үлкен қанды күреспен келетін жетістігі. Бұрынғы қазақтың «барар жері, басар тауы болмады», «үлкен аға Ресей», ұстанымдарын артқа қалдырып, өзге елдер, халықтармен терезесі тең, тарихы, тілі, жері, ділі, мәдениеті бар ел екендігімізді анық дәлелдеп жатырмыз. Осы жолда әлемдік тарихи ойдың дамуына үлес қосқан жоғарыда аталған ғалымдармен бірге Д. Тош, Э. Трельч, Л. Февр, З. Фрейд, К. Ясперс, К. Поппер еңбектері қазақ тарих ғылымының методологиясының айқындалуына сүбелі үлестерін қосты.

Тарих ғылымында тарихилық қағидаттың өзіндік ерекшелігі бар. Ол тарихи дамуда болған оқиғалармен ішкі байланыста қараумен қатар, оның себептерін, уақытын, даму ерекшеліктерін саралайды. Жалпы тарихилық қағидат жоғарыда жазылған өркениеттік қағидатпен өзара ұштасады, бірін-бірі толықтырады. Мұрағаттық комиссияның тарихы да осы қағидатпен өлшеніп жазылады. Қай заманда Комиссия құрылды, мақсаты неде еді, кімдер еңбек қылды, уақыт оларға қалай әсер етті т.б. тарихилық қағидаттың аумағына енді. Тарихилық принципіне К. Маркста, В.И. Ленинде ерекше назар аударды. Сондықтан олар әрбір жағдайға тарихилық негізде қарауға шақырды. В.И. Лениннің «Марксизмнің бүкіл рухы, оның бүкіл жүйесі әрбір қағиданы тек қана (α) тарихи тұрғыдан; (β) тек қана басқалармен байланысы жағынан; (γ) тек қана тарихтың нақты тәжірибесімен байланысы жағынан алып қарауды талап етеді» дегені сөзімізге дәлел болады [20, 373-б.].

Тарихилық қағидаттың қалыптасуына тарихшы-позитивистер – Л. Ранке, Б.Г. Нибура, Й.Г. Дройзен, Т. Момзен, Ш. Сеньобос, Ш. Ланглуа, Ф. Де Коланжа, т.б. еңбек сіңірді. Олар тарихи деректің мәнін көтеріп, деректі қатаң сыни тұрғыдан талдау қажеттігін ұсынып, зерттеудің нақты статистикалық, салыстырмалы - тарихи әдістерін енгізді. Олардың ішінде Берлин университетінің профессоры Леопольд фон Ранке (1795-1886 жж.) дараланып тұрады. Ол мұрағат деректерін тарих ғылымның биігіне шығарды. Дегенмен Л. Ранке заманында Пруссия монархиясы тарихнамашысы ретінде тарихты сол замандағы қалпында қабылдады. Ағылшын тарихшысы Э. Карр «XIX ғ. Деректердің ұлы дәуірі болды. Өткен ғасырдың 30 жылдарында Ранкенің тарихшы міндеті «шынында қалай болды, соны көрсету» деген аса сәтті емес афоризмі «кең қолдауға ие болды» деп сипаттады. Л. Ранкенің «Барлық тарихта құдай болады, насихатталады және мойындалады» дегенін К. Маркс кейін сынға алды [21, с.24-25]. Л. Ранкенің дерекке сыни көзқарасы орынды болғанымен, оны сол қалпында қабылдау тарихта шындықты қалыптастырмайтындығы белгілі. Комиссия «Еңбектерін» сол қалпында тарихи шындық ретінде пайдалану ұлттық мүддемізді аяққа басумен тең. Тарихшы В.А. Дьяков (1919-1995) Л. Ранкені «Деректерге табынуды дәріптеді. Оның ойынша, деректер өздері туралы өздері дәл әрі толық баяндап береді, әлдебір қосымша түсіндірулер беріп жатуды және жинақтап қорытындылар жасауды

мүлде қажет етпейді. Оның айтқан нақыл сөздері көптеген тарихшылар үшін берік сенімнің нышанындай көрінді» деп анықтады [22, 239-б]. Л. Ранкенің тарихи дерек ретінде тек қана елшілердің хабарламаларын, мемлекеттік қайраткерлердің хаттарын және соларға ұқсас материалдарын ұсынуын қолдау біржақты болмақ. Мұндай жағдайда өзіміздің фольклорлық мұраларымыз қайда қалады? Ал өзге деректер ше? Мәселен археологиялық, этнографиялық т.т. Барлық деректі пайдаланбайынша бір тұтас тарих жасау мүмкін емес. Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы мұрасында жазбаша да, заттай да, фольклорлық, археологиялық деректер де жеткілікті.

Тарихи деректерге объективті пікір қалыптастыру жолында олардың барлығы мұқият зерттеудің әдістері арқылы сұрыпталып, ой елегінен өткізілу тиіс. Методологияның әдістер арқылы жүзеге асатынын ескерсек, тарихшының қолданатын әдістері де әр алуан болуы тиіс. Бүгінгі тарих ғылымында анализ, синтез, герменетикалық, ретроспективалық, салыстырмалы-тарихи, сипаттап баяндау әдістері кеңінен қолданылады. Сонымен бірге өзге ғылымдарды зерттеудің де озық әдістері бар. Олар – математикалық пән арқылы сандық әдістер, оның ішінде статистикалық әдіспен құрамдық модельдеу.

Аталған әдістер ішінде, алдымен, кең тараған тарихи-салыстырмалы әдіс болып табылады. Ол әдіс арқылы XIX ғасырда Ресейде құрылған Мұрағаттық комиссиялардың өзіндік ұқсастықтары, ерекшеліктерін, алдына алған мақсат-міндеттерінің орындалу деңгейін анықтаймыз. Онымен отарлау саясатының жүрісін, әр кезеңдегі ұстанымдарын, жазылған еңбектердің өзара байланысын көреміз. Қорыта айтқанда, тарихшы тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы өткен мен бүгінгі күннің даму деңгейін саралап, нақты қорытындыға келді.

Зерттеу барысында анализ, синтез әдістері де тақырыптың ашылуына қызмет етеді. Тарихи деректер анализ арқылы белгілі бір оқиғаның жылын, уақытын, мерзімін анықтаса, синтез арқылы алынған мәліметтер өзара салыстырылып, талданады. Мәселен, Комиссия еңбектерінде болған оқиғалар тізбектемесі, сипаттамасы, жер-су аттары, адам есімдері, қала-мекендер т.б. ізденуші үшін маңызды. Ал тарихи тұлғаларды зерттеу барысында талдау әдісіне сүйенсек, тұлғаның аты-жөні, немесе бүркеншілік есімі дәлелденеді. Оның шыққан тегін, тұрғылықты мекенін, айналысын қоршаған тұлғалармен қарым-қатынасын анықтау ізденіске жаңа бағыт береді. Мұндай жағдайда зерттеудің құндылығы артып, жан-жақты толығады.

Тарихи-салыстырмалы әдіспен, деректерді жаңаша саралау тәсіліне француз тарихшысы Люсьен Февр (1878-1956 жж.) айрықша назар аударды. Кейін оның Марк Блокпен бірге негізін қалаған «Анналдар мектебі» тарих ғылымында ойып тұрып өз орнын алды. Л. Феврдің гуманитарлық білімді жетілдіру бағытындағы жұмыстарына орай оларды гуманизм идеяларын таратушылар ретінде де мойындады. Л. Февр «Тарих үшін тайталас» атты еңбегінде «Тарих – антропологиямен, психологиямен, лингвистикамен және басқалармен қатар барлық жүйедегі және барлық дәрежедегі гуманитарлық пәндер тобымен үйлесе кететін ғылым» деп негіздеді [23, 185 б.]. Міне, осы пікірдің өзінен тарих ғылымы үшін ауадай қажет пәндер байланысы келіп шығады. Ол арада тек гуманитарлық пәндер ғана емес, біз жаратылыстану

пәндерінің маңыздылығын алға тартып отырмыз. Жаратылыстану пәндерінің әдістері ішінде математикалық модельдеу, оның ішінде сандық әдістер тарихи зерттеулерде нәтижелі болмақ. Ол турасында Карл Поппер (1902-1994 жж.) «Тарихшылдық жұтаңдығы» еңбегінде талдайды [24]. Математикалық модельдеу, сандық талдау әдістері тарихи жағдайлар мен құбылыстарды жіктеуге көмектеседі. Қорыта келгенде, методология мен оның әдістері, зерттеу тақырыбымыздың кешенді түрде зерттелуіне ықпал етті. Мұрағат деректеріндегі жазба мәтіндер мәні герменевтикалық әдіспен жекеден жалпыға қарай талданса, ретроспективалық әдіс зерттеулердегі оқиғалардың себептерін анықтауға әкелді. Айналып келгенде әдістердің өзара байланысы Комиссия тарихы мен қызметін жан-жақты сипаттап, нақтылауға септігін тигізді.

1.2 Зерттеу жұмысының тарихнамасы

Халқымыздың жүріп өткен жолын танып, оны терең сезінуде Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы тарихымызда айтарлықтай істер тындырды. Оның сіңірген еңбегінің өзі тек қана мұрағат ісін ұйымдастырып, жинақтап, қалыптастыруда ғана емес, сонымен бірге тікелей Қазақстанға, қазақ халқына қатысты мыңдаған құжаттарды реттеп, бізге жеткізуімен айқын көрінеді. Сондықтан да, Комиссия мұрасы өзі құрылған күннен бастап зерттеліп, ғылыми айналысқа енді. Осы кезеңде оның тарихының тарихнамасы қалыптаса бастады деуімізге әбден болады. Алдымен, Комиссияда еңбек етіп, қолда бар құжаттарды пайдаланып, тікелей қазақ тарихына қатысты мекеме атынан сүбелі еңбектер шығарған А.Е. Алекторов, И.И. Крафт, В.Н. Витевский, А.И. Добросмыслов, П.С. Словохотов, П.И. Столпянскийлерді атап өтуіміз қажет. Олар комиссия мүшелері бола жүріп, XVIII–XX ғасырлар арасындағы қазақ–орыс қатынасына назар аударды. Зерттеушілер еңбектерінде орыс үкіметінің әлеуметтік-экономикалық, саяси, рухани бағыттарындағы жетістіктері баса көрсетіліп, алдағы мақсаттары т.б. қамтылды.

Александр Ефремович Алекторов (1861-1919) - Орынбор өлкесі мен Қазақстан тарихы мен этнографиясына қатысты бірнеше еңбектер авторы. 1880 жылдардың соңында Бөкей ордасында училище инспекторы бола жүріп, метариалдар жинақтай бастады. Орынбор және Астрахан Ғылыми мұрағаттық комиссиясының мүшесі болып, «Оренбургский листок», «Оренбургский край», «Тургайская газета» т.б. басылымдармен байланыс жасады. 1882 жылы «Орынбор губерниясының тарихы» еңбегін жариялады. Бұл еңбек өлке тарихына П.И. Рычковтың атақты еңбегінен кейінгі екінші зерттеу болатын. Тарихшы Ю.С. Зобов 108 беттік А.Е. Алекторов зерттеуіне оң баға бере отырып, еңбектің асығыс жазылғанын, хронологиялық шеңберінің Геродоттан басталып, XIX ғасырдың 70 жылдарына дейінгі аралықты қамтып, шашыраңқы дайындалғанын орынды сынға алды [25, с.97]. А.Е. Алекторов Орынбор тарихын И.К. Кириловтан бастап, барлық басшыларының қоғамдық-саяси қызметіне өзіндік бағаларын берді. Кейін оның қаламынан 1885 жылы «Орынбор губерниясының очеркі», 1886 жылы тарихи «Қазақтар» очеркі, 1900 жылы «Торғай облысының халық оқу ағарту саласының очеркі» т.б. еңбектері жарияланды. Ғалым XIX ғасырдың 80 жылдар аяғында қазақтар тарихына

шындап ден қойып, оны зерттеушілер мақалаларын назардан тыс қалдырмады. Кезінде ол В.Н. Витевский мен А. Харузиннің де еңбектерін сынға алды [25, с.99]. Міне, осы еңбектерін ескере отырып, мұрағаттық комиссия ашылғаннан кейін көп ұзамай оны 1889 жылы 5 қазанда мүше ретінде қабылдады. А.Е. Алекторовтың қазақ этнографиясына, фольклорына арнаған мақалалары жетерлік. Мәселен, 1893 жылы «Астраханский вестникте» жарық көрген «Қазақтардың халық ауыз әдебиеті» мақаласында халқымыздың мекендеп жатқан аумағына сипаттама беріп, қазақтар 2,5 миллиондай деген тоқтамға келеді [26, с.421-426]. А.Е. Алекторовтың қаламынан туындаған еңбектер тұтастай Ресей империясына тарады [27]. Мұның өзі қазақ туралы әлемдік ойдың қалыптасуына ықпал еткені сөзсіз.

Комиссияда 1895 жылдан қызмет жасап, еңбектерін қалдырған Иван Иванович Крафт (1859-1914) болды. Ол Орынборға 1889 жылы Торғай облысына губернатор ретінде Я.Ф. Барабаш тағайындалғанда, онымен бірге келген. И.И. Крафт Торғай облысындағы өзге халықтар мәселесімен шұғылдана бастады. Осында жүріп Археология институтын сырттай бітіріп, қазақтар тарихына ден қойды. Қазақтар тілін меңгерген ол «Тургайская газетаны» да басқарды. Содан 1898 жылы Санкт-Петербургке қызметке ауысқанға дейін Мұрағаттық комиссия материалдарын пайдалана отырып, Ресейдің Азияға жылжу бағыттарын саралады. Соның ішінде II Екатеринаның, I Павел патшалардың Жарлықтарын жинақтады [28]. Еңбекте қазақ-орыс қатынастарындағы күрделі мәселелер, қазақ хандары, сұлтандары, би-батырлары туралы материалдар көптеп кездеседі.

Владимир Николаевич Витевскийдің (1845-1906) Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиядағы қызметі ерекше. Оның Орынбор өлкесі тарихын жазып, өлкетану ғылымын қалыптастырудағы рөлін сол заманда-ақ Мұрағаттық комиссия жоғары бағалады. В.Н. Витевский 1870 жылы Қазан университетінің тарих-филология факультетін бітіріп, «Ғылым кандидаты» атағымен Орал қаласындағы әскери гимназияға келді. Міне, осында жүріп, жергілікті мұрағатта жұмыс жасап, И.И. Неплюевтің өмірі мен қызметін зерттеуге бағыт алды. 1874 жылы Қазанға жұмысқа ауысқанымен Орынбор өлкесі тарихына қызығушылығын тоқтатпады. Соның түпкі нәтижесі ретінде 1889 жылы И.И. Неплюевке арнаған еңбегі басыла бастады. Бірінші басылымы 1889 жылы, екіншісі 1890 жылы, үшіншісі 1891 жылы, төртіншісі 1895 жылы, бесіншісі 1897 жылы оқырманға жетті [29]. Ал 1898 жылы Орынбор мұрағаттық комиссиясының құрметті мүшелігіне қабылданды. Ғалым И.И. Неплюевтің Орынбор өлкесіндегі қызметін асыра бағалап, I Петрдің Азияға жол ашу саясатын толық жүзеге асырды деген қорытындыға келді. Монографияны жазу барысында ол Орынбор мұрағатынан көптеген материалдар алдырды және оларды алғашқы пайдаланғандар қатарында да болды. Дегенмен зерттеушінің қазақтар ханы Әбілқайыр мен И.И. Неплюевтің арақатынасының шиеленісуі себебін түсіндіре алмағандығын баса көрсетеміз. Жұмыста XVIII ғасырдың I жартысындағы саяси мәселелер біржақты Ресей мүддесі тұрғысынан зерттелгені бүгінде белгілі.

Орынбор Мұрағаттық комиссиясының белсенді мүшелерінің бірі Александр Иванович Добросмыслов (1854-1915) болатын. Ол Комиссияға мүше болып 1895 жылы сайланды. Алдымен Торғай облысында мал дәрігері болған А.И. Добросмыслов, кейін шаруалар басшысы лауазымына дейін көтерілді. Қызметте жүріп-ақ зерттеуші қолда бар материалдарын «Оренбургские губернские ведомости», «Оренбургский листок», «Оренбургский край», «Тургайские областные ведомости», «Тургайская газетаға», Комиссия басылымы «Еңбектерде» жариялады. Оның басты еңбегі 1902 жылы Твер қаласында жарық көрген «Торғай облысы. Тарихи очерк» атты зерттеуі болатын. Еңбегінде ол Торғай облысындағы қазақтардың әлеуметтік-экономикалық, саяси дамуы мәселелерін, Ресеймен қарым - қатынастарын, салт-дәстүрін саралады [30]. Оның зерттеулерінде мұрағат деректері еш сыни талдаусыз көшірілді деуімізге болады. Оны қазақ-орыс байланысындағы патшалы Ресей дайындаған құжаттар мен орыс шенеуніктері әзірлеген хаттар, хабарламалардың дәлме-дәл көшіріліп жариялануы дәлелдейді.

Қазақтардың қоғамдық-құқықтық қатынастарын зерттеуде Комиссия мүшесі Л.А. Словохотов айтарлықтай істер тындырды. Ол Орынборда 1905 жылы адвокат көмекшісі, сот хатшысы қызметін атқара жүріп, Комиссия «Еңбектерінің» 15-ші басылымына монографиясын жариялады [31]. Автор қазақтың дәстүрлі заңдарын олардың өмірінен толық өшіріп, оны толықтай Ресей үкіметінің билігіне көшіруді ұсынды. Мұның өзі орыс зерттеушісінің Орта Азия бағытындағы Ресей билігін таратуға ашық қызмет жасағанын айғақтайды.

Олармен қатарлас Мұрағаттық комиссияда Петр Николаевич Столпянский (1872-1938) белсенді еңбек етті. Ол 1901 жылы Самараға, содан 1902 жылы Орынборға келді. Міне, осыдан бастап өлке тарихына ден қойды. Ол қалалық басқармада еңбек ете жүріп, 1902 жылы «Орынбор көне тарихы очерктері» мақаласын жариялады. 1903 жылы «Оренбургская газетада» хатшы, 1905 жылы «Оренбургский листок» газеті редакторы қызметін атқарып, орыс басылымының 200 жылдығын атап өту ұсынысын жасады. 1903 жылы 3 қаңтарда Орынбор Комиссиясы оны атап өтті. Онымен сабақтастыра П.Н. Столпянский ОҒМК «Еңбектерінің» арнайы 12-ші басылымын дайындап, өлке басылымдары тарихын талдады. 1907 жылы Санкт-Петербургке біржолата кетсе де, Мұрағаттық комиссиямен байланысын үзбей хабарласып тұрды. Зерттеушінің «Орынбор қаласы» атты монографиясы 1908 жылы жарық көрді [32]. Өлкетанушы ретінде П.Н. Столпянский алғашқылардың бірі ретінде Орынбор қаласының тарихына қатысты мұрағаттық құжаттарды жинақтады. Аталған Ғылыми мекеме мүшелері еңбектерін жазу барысында мұрағат құжаттарымен қатар Орынбор кеңсесінде сақталған И.П. Рычков, А.И. Левшин, Л. Мейер т.б. ғылыми ізденістерін пайдаланды.

1734 жылы Орынборға келіп, өмірінің аяғына дейін 43 жыл бойы Орынбор кеңсесінде еңбек еткен П.И. Рычков Кіші жүзді отарлау саясатының басты куәгері болатын. Оның қазақ билеушілерімен байланысы, елші-тыңшыларды дайындауы, Орта Азия хандықтары туралы жинақтаған мәліметтері, А.И. Левшиннің халқымыздың тарихын өзінше талдап, ұлтымыздың тұлғалары

қызметіне баға беруге талпынысы, Л.Л. Мейердің орыс әскери жорықтарын қолдап, отарлауға белсене қызмет етуі жоғарыдағы Комиссия мүшелері еңбегінде анық көрініс тапты.

П.И. Рычков (1712-1777) қаламынан тақырыбымызға қатысты «Орынбор тарихы», «Орынбор топографиясы» еңбектері жарияланды. Санкт-Петербург академиясының корреспондент-мүшелігіне сайланып, мойындалған оның аталған еңбектері [33] өз заманында-ақ тиісті бағасын алды. Жұмысты жазуда ғалым Орынбор өлкесін аралау кезінде көзімен көрген оқиғаларды, түрлі кездесулерді, жоғары деңгейдегі қазақ-орыс байланыстарын қалыптастырудағы келісімдерді, түрлі елшіліктер есептерін, Орта Азияға жіберілген, олардан келген көпестер хабарларын, Орынбор губерниясы кеңсесінде жинақталған құжаттарды мұқият пайдаланды. «Орынбор Топографиясында-ақ» зерттеудің негізгі мақсаты Азияны тану, оның халықтарын сезіну, салт-дәстүрін меңгеру, сол арқылы Ресейдің отарлау саясатының нәтижелі жүрістеріне жағдай жасау екендігі анықталды.

П.И. Рычков еңбектері Мұрағаттық комиссияның заманында жоғарыда аталған В.Н. Витевский, А.И. Добросмыслов, т.б. ізденістерінің негізгі тірегі болды. Орынборлық тарихшысы Д.А. Сафонов ол турасында «В. Витевский (1889-1897) Рычков еңбектерінің беттеріне сілтеме жасаса...», «А. Добросмыслов (1900) Рычковты пайдаланса», Н. Чернавский (1901-1902) Рычковты және Витевскийді», Н. Модестов (1917) «Кириловқа Рычковқа және Добросмысловты қарап баға береді» деп бағалады [34, с.40].

П.И. Рычковтың өмірі мен қызметін Комиссия мүшесі Р.Г. Игнатъев зерттеді. Ол ғалымның мұрасын жоғары бағалап, еңбектерін жүйелеп, оның өмірбаянын жазды. 1871 жылы П.И. Рычков еңбектерін қайта басу мәселесін көтеріп, кейін «Ол (П.И. Рычков-Ұ.А.) заманындағы оқиғалардың куәгері ретінде жазды. Ол өлке басшылары Кирилов, Татищев, Урусов, Соймонов, Неплюев, Давыдов және Волковтармен бірге оларға қатысты» деген қорытындыға келді [34, с. 39-40].

А.И. Левшиннің (1797-1879) Орынбор кеңсесін пайдалана отырып жазған еңбегі де бүгінге дейін Қазақстанды тануға қосылған үлес ретінде насихатталып жүр. Зерттеуші I томда Ресеймен көршілес қазақ елінің географиялық орналасуы, Сырдариямен шектес жерлер туралы айтса, II томда қырғыз-қайсақ халқының тарихына қатысты, III томда этнографиялық, статистикалық мәліметтерді қамтыды [4, 14-15-б]. Бұл материалдар кейін Орынбор өлкесі тарихын, этнографиясын, географиясын зерттеген Мұрағаттық комиссия мүшелері қарап, кейін В.Н. Витевскийдің, А.И. Добросмысловтың, А.Е. Алекторовтардың еңбектерінде ғылыми айналымға енді.

Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссия мүшелерінің қызығушылығын туғызған зерттеулер қатарында әскери тарихшы, статист Л.Л. Мейердің де еңбегі болды [35]. XVIII-XIX ғасырдағы қазақ-орыс қатынасындағы күрделі мәселелерді зерттеушілер Л.Л. Мейер еңбегіне соқпай кетпеді. Орыс ғалымы өз жұмысында Орынбор кеңсесіндегі генерал-майор Генс жазбаларына, ресми ақпараттарға, этнографиялық мұраларға талдау жасады. Ол тіпті қазақтардың өздерін Ресейліктер жазып жүргендей «қырғыз» атамайтындығын қызыға

әңгімелей келе, «мұның барлығы, олардың негізгі атауы қазақ екендігін білдіреді, бізде ол өзгеше мағынада анықталғанын ескеріп, оларды орыстардың атағанындай қырғыздар дейміз» деп ой қорытады [36, с. 5-6]. Л.Л. Мейер зерттеуі А.И. Добросмыслов еңбегіндегі Ресейге қарсы қазақтар күресін «қаракшылар», «бүлікшілер» көтерілістері деген қорытындыға негізгі дәлел болғандығы бүгінде белгілі.

Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы жинақтаған материалдары комиссияның құрметті мүшелері В.В. Бартольд, В.В. Радловтың ерекше қызығушылығын туғызды. Әсіресе, В.В. Бартольд Орынбор өлкесінде жүргізілген археологиялық зерттеулерге, оның қорытындыларына назар аударды. Ғалым (1869-1930) Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясына 1904 жылдан құрметті мүше бола жүріп, Орынбор өлкесіне байланысты зерттеулер бағытын айқындауда сүбелі еңбектерімен көпшіліктің алдында болды [37]. 42 жылдық ғылыми қызметі кезеңінде В.В. Бартольд Қазақстан тарихына қатысты 600-ден астам монография, сын пікірлер және мақала, шолулар жазып қалдырды [38, с.10]. Тарихта В.В. Бартольдтің Комиссия мүшесі И.А. Кастаньемен ғылыми айтысы белгілі. Кейін ғалым Ташкентке жұмысқа ауысқан тұста В.В. Бартольдқа ғылымда бірнеше пікір болатындығын, оның ақиқаты айтыста дәлелденетінін жеткізді [39].

И.А. Кастанье (1875-1958) тегі француз болса да Мұрағаттық комиссия тарихында қажырлы еңбегімен есте қалды. 1901 жылы Кавказдан Орынборға келіп, алдымен, Орынбор реальдық училищесіне орналасса, кейін Орынбор ерлер гимназиясы мен Неплюев кадет корпусына қызметке ауысты. 1902 жылы комиссия мүшелігіне қабылданып, Қазақстанда археологиялық ізденістерге рұқсат алды. Оның қорытындысы ретінде 1910 жылы атақты монографиясы жарияланды [40]. Еңбекте қазақ даласы мен Орынбор өлкесінің тарихы, археологиясы, этнографиясы, фольклоры, сәулет ескерткіштері жөнінде мол мағлұматтар жетерлік. Бұларға қоса обаларға, қорғандарға, қамалдарға, басқа да ескерткіштерге сипаттама берген. Автор аңыз - әңгімелерге де назар аударған. Ғалым өз зерттеулері қорытындыларын Мұрағаттық комиссия «Еңбектерінде» жариялап, онымен көпшілікті таныстырған. Ол еңбегінде «Қазақ даласының көне ескерткіштерін сипаттауда барынша боямай мен бірнеше зерттеушілер еңбектерін келтіре, оларға пікір білдіре, барынша әсірелемей нақты сол күйінде беруге тырыстым. Көне ескерткіштер туралы анық түсінік болу үшін фотоға түсіріп, суретке салып және басқадай жолдармен ескерткіштер дерегін жинақтадым. Мен еңбегімді 1911 жылға дейін жаздым», - деп түйіндеді [40, с. 8-9]. Кейін француз ғалымы Мұрағаттық комиссия тарихымен Европаны таныстырды. Соңғы жылдары оның қазақтың біртуар ұлы Мұстафа Шоқаймен де достығы туралы жазыла бастады. Белгілі тарихшы К.Л. Есмағамбетов «Әлем таныған тұлға» атты монографиясында М. Шоқайдың француз ғалымымен жазысқан бірнеше табылған хаттарын жария етті [41]. М. Шоқай ғалымның атақты еңбегі туралы «осы уақытқа дейін біздің елімізді зерттеу мен танып-білуде пайдалы оқу құралы болып келе жатқан еңбегіңіз үшін Сізге ізгі алғысымды білдіремін» десе, И.А. Кастанье: «8 желтоқсанда менің атыма айтылған ізгі сөздеріңіз мені аса толқытты және Орынбор мен Ташкентте 20

жылдай болған кезімдегі көптеген еңбегімнің ізсіз кетпегеніне де өте қуаныштымын», «Сіз айтып отырған кітабымды, басқа да еңбектерімді тарихта алатын орны ерекше батыр түрік-монғол тайпаларына арнадым», - деп ағынан жарылған [42].

XX ғасыр басында, 1907 жылы Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясына құрметті мүше болып сайланған В.В. Радлов (1837-1918) қазақтардың фольклорлық мұраларын елден жинап, Ресейдің көптеген басылымдарына жариялады. Ол Азиялық мұражайдың (1885-1890), антропологиялық және этнографиялық мұражайдың (1894-1918) директоры бола жүріп, Қазақстандағы, Орта Азиядағы этнография ғылымын назарда ұстады [43].

Міне, осындай Ғылыми мұрағаттық комиссиясының қызметі мен сүбелі зерттеулері Қазан төңкерісіне дейін-ақ жан-жақты талқыға түсіп, тарихи зерттеулерге ұласты. Мәселен, Н.Г. Ивановтың, А.П. Граның, И.С. Шукшинцевтің [44] есептері Орынбор Комиссиясындағы жұмыстардың барысын сараласа, А.С. Лаппо-Данилевский, Д.Я. Самоквасовтар [45] Ресейдегі Мұрағаттық комиссияға өзіндік пікірлерін білдірді.

1897 жылы комиссияның 10 жылдық тарихына талдау жасаған И.С. Шукшинцев жүз мыңдаған құжатты саралап, оны сақтау үшін істелген қадамдарды атап өтіп, бәрінен маңыздысы ендігі жағдайда тарихи мұрағатты қалыптастыру екендігін баса айтады. Ғалым оның басты мақсаты «Комиссия өлкеге байланысты барлық деректер мен ғылыми әдебиеттер орталығы ретінде тарих ғылымымен патриоттық сезімді оятады» деп анықтады [46]. И.С. Шукшинцев Комиссия басылымы «Еңбектері» арқылы Орынбор өлкесіндегі жұмысшы, шаруа қозғалыстарына, археологиялық ізденістерге көңіл бөлді. Мәселен, 1899 жылы 8 ақпанда Комиссия отырысында өлкенің археологиялық картасын жасау қажеттігін алғаш рет арнайы көтерді. Д.Я. Самоквасов Мұрағаттық комиссия қызметіне көңілі толмай, керісінше, олардың жұмыстарын қатаң сынға алып, Ресейдегі барлық мұрағат істерін қайта реформалауды ұсынды. Мұрағат ісіне жетік мамандардың жоқтығын алға тартқан ол істі үкіметке тапсырып, арнайы Орталық мұрағаттық басқарма және 90 Орталық губерниялық үкіметтік мұрағаттар құру қажеттігін баса назарға ұсынды [47]. Д.Я. Самоквасовтың «Ресейдің мұрағат ісі» еңбегі 1902 жылы 18 тамызда Харьков қаласында Археология институты директоры мен 22 губерниялық Ғылыми комиссия өкілдерінің қатысуымен талқыға түсті. Д.Я. Самоквасов пікірлері қатаң сынға алынып, авторға байланысты «еш негізсіз айтылған пікір», «Комиссиялар мұрағатты сақтап қалды», «ол Санкт-Петербургтегі Археологиялық институт жұмысымен және мұрағаттың комиссиялар қызметімен, оның «Еңбектерімен» мүлдем таныс емес» деген қорытынды пікірлер білдірді. Орынбор Мұрағаттық комиссиясы да 1902 жылы 21 қыркүйекте өз отырысында Д.Я. Самоквасов еңбегіне сын-пікірін білдіріп, зерттеушінің Комиссия туралы айтқан әрбір пікірлерін жоққа шығарды. Дегенмен, пікір жазушылар «Оның еңбегінде мұрағат ісі туралы қазіргі мұрағаттарда болып жатқан сұмдық шынайы деректерді келтірген. Бұл деректерді ешкім жоққа шығармайды. Самоквасов хабарлауындағы мәселелер

Орынбор губерниясының мұрағат ісі тарихындағы жақын арада болған деректерді алға тартады. Мұрағаттық комиссия бұрынғы Орынбор қаласындағы түрлі мекемелер мұрағатын іздегенде бұрынғы тұз, кеден, башқұрт, коменданттар тағы өзге де мекемелердің XVIII ғасырдан мұрағат құжаттарын жинақтаған мұрағатынан ешқандай із қалмағандығы белгілі болды. Орынбор қаласындағы XIX ғасырдың 70-80 жылдары мұрағат құжаттарын айуандықпен құрту ісі гүлдеп тұрды. Орынбор қаласында бұл уақытта жарты миллиондай мұрағат ісі құртылды», - деп мойындап, кемшіліктің барлығын Комиссия құрылғанға дейін болған деген қорытындыға келді [48, с. 4, 6, 22-23]. Д. Я. Самоквасовтың батыл пікірлері кеңестік кезеңде де зерттеулерге ұласты. Мәселен, В.Н. Самощенко «Д.Я. Самоквасов еңбегінің арты айтысқа ұласты. Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы «Еңбек дәлелсіз ойлар, негізсіз кінәлауларға толық жол берді. Еш ғылыми дәйегі жоқ», Тамбов губерниялық Комиссиясы «Еш негізсіз еңбек» деген түйін шығарды» деп анықтаса [49, с. 53-54], К.А. Мазин Д.Я. Самоквасовтың сынында байқамаған тұстарын атап көрсетті. Мәселен, Комиссиялар патша үкіметі шенеуніктерінің жоюға деп анықтаған «үшінші санаттағы» құжаттарды реттелгендігін алға тартып, губерниялық комиссиялар істеріндегі оң нәтижелерді санамалады [50, с. 60-61].

Осындай сынға қарамастан Комиссиялар өз қызметтерін жалғастыра берді. Соның ішінде Орынбор өлкесіндегі тарих, археология, этнография мәселелері өлкетанушылардың қызығушылығын туғызды. 1887 - 1918 жылдар аралығында жарияланған Комиссия «Еңбектерінде» мұрағаттық құжаттарды пайдалана жазылған әртүрлі деңгейдегі мақалалар жетерлік. Олардың барлығы Қазан төңкерісінен кейін белгілі дәрежеде ғылыми айналысқа еніп, нәтижесінде Орынбор Ғылыми комиссиясына түрліше бағалар берілді.

XX ғасыр басындағы Д.Я. Самоквасовтың сыни көзқарасы 1917 жылғы төңкерістерден соң өз жалғасын тапты. Оны большевиктік билік те қолдады, өйткені, ескі қоғамды сынау, оны санамыздан ысырып тастау пролетарлық диктатураға тән болатын. Мұндай тартыстар, И.Л. Маяковский пікірінше, 1920-шы жылдары [51] тоқтағандай көрінгенімен, 1930-шы жылдары Комиссия қызметін сынау қайта басталды. Осы тұста С. Назин өлкетану жұмыстарын жоққа шығарып, Мұрағаттық комиссиялар құнды құжаттарды сақтай алмады, олардың жойылуына мүмкіндік жасады деген қорытындыға келді.

С. Назин өз пікіріне дәлелдемелерді 1914 жылы мамыр айында Санкт-Петербургте өткен бүкілресейлік Губерниялық Ғылыми мұрағаттық комиссиялардың бірінші съезінен алды. Съезде сөз алған Орынбордан келген делегат, Комиссия мүшесі А.В. Попов «Мен Орынбор Комиссиясы өкілі ретінде айтарым... әскери мекемеге бағынатын мұрағаттан 12 жыл ішінде жүз мыңдаған жойылған құжаттар ішінде Орта Азияны басып алу және бағындыру, Хиуа мен Бұхараға жорықтар туралы материалдар айтарлықтай болатын» дей келе, сол кезеңде башқұрт әскерлері мен қазақ даласын сұлтандық басқару мұрағаттары да жойылғандығын ашық айтқан. Тіпті, біздің көзімізше Орск қорғанындағы коменданты мұрағатынан 200 пұт істер сатылып кете барды, әскери басшылықтың жүгенсіздігіне ештеңе жасай алмадық», - деп толықтыра түсті [52, с. 27].

Қоғамдағы мұндай кереғар пікірлерге қарамастан мүмкіндігінше сақталған Орынбор мұрағаты Кеңестік кезеңде ғылыми қоғамдар зерттеулерінің арқа сүйеген негізгі дерегі болды. Мәселен А.Б. Байтұрсынов, А.А. Диваев, Г.А. Сербаринов, А. Чулошников, Т.Ш. Шонановтар 1920-1923 жылдары осындай мүмкіндікке ие болды [53, 4-п.]. А.А. Диваев халқымыздың этнографиясына ден қойса [54], Г.А. Сербаринов Исатай-Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтеріліске [55], А.Чулошников қазақ хандығы тарихына [56] назар аударды. Ал А.Б. Байтұрсынов, Т.Ш. Шонановтар [57] қолда бар деректер негізінде тарихымызды жаңаша көпшілікке жеткізе бастады. Олармен қатар А.Ф. Рязанов, Х.Д. Досмұхамедов, С.А. Асфендияров [58] тарихқа мықтап ден қойды. Мұрағат деректерін сыни тұрғыдан сараламаса да, А.Ф. Рязанов XVIII-XIX ғасырлардағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихына батыл қалам алып, олардың патша саясатына қарсы бағытталғанын жеткізді. Ал, Х.Д. Досмұхамедов Орынбор комиссиясы кітапханасын пайдаланып, А.Ф. Рязанов еңбектерін толықтыра түсті. С.А. Асфендияров алғаш рет мұрағат деректерін жинаққа біріктірді. Тарихшы Д.И. Дулатова атап өткендей, «С. Асфендияров қазақ тарихына қатысты құнды деректерді аударып, ғылыми айналымға қосты» [59, с.48].

1920-1930 жылдары аталған зерттеушілердің барлығы Қазақстанды зерттеу қоғамы мүшелері болатын. Олар өлкетану ғылымына қызығушылық танытты.

1930-1950 жылдары Е.Б. Бекмаханов, М.П. Вяткин, Н.Г. Аполлова, С.З. Зиманов [60] Орынбор мұрағатының деректерін пайдалана отырып, сүбелі еңбектерін жариялады. Мәселен, Е.Б. Бекмаханов қазақтар тарихын, этнографиясын зерттеген В.В. Григорьев пен А.А. Диваевтарға зор құрметпен қараған. Ғалым өзінің атақты монографиясында Орынбор Ғылыми Мұрағаттық Комиссиясы мүшелері - А.Е. Алекторов, И.И. Крафт, А.И. Добросмыслов, С.Н. Севастьянов, Н. Середа, Л.А. Словохотов, М. Юдин т.б. еңбектеріне салиқалы пікірлерін білдірді. Дегенмен, орынды жерінде, Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалыс тарихын жазу барысында «Тек Мейер мен Добросмыслов қана Кенесары көтерілісінің жүрісі туралы көбірек тоқталған, бірақ Добросмыслов Н. Середа жұмысын пайдаланып, айтып шыққан. Оны өзі де мойындайды» деп сынға алған [61, с. 22].

1950 жылдары Мұрағаттық комиссиясы тарихына арнайы ғылыми диссертациялар жазыла бастады. Н.В. Бржостовскаяның кандидаттық жұмысында Комиссия қызметі мұрағаттық реформалар аясында қаралып, тарихи құжаттарды сақтап, оны жинақтап, реттеудегі ролі бағаланғанымен, істі ұйымдастыру барысындағы кемшіліктер баса көрсетілді. Соның ішінде мұрағат құжаттарын патша үкіметінің ыңғайына қарай реттеп, елдегі шиеленістерді жай тартыс ретінде түсіндіруге талпынуын автор дұрыс атап өтті [62]. Мұндай кемшіліктер сөз жоқ, қазақтар тарихында да орын алды. Қазақстандық ғалым Э.А. Масанов 1965 жылдың өзінде-ақ монографиясында жоғарыда айтылған кемшіліктерге жергілікті жердегі ғалымдардың аздығын, мұрағатта тиісті арнайы қойманың болмауын қосып, кезінде 100 000 құнды құжаттардың қараусыз қалғандығына назар аударды [63, с. 397-398]. Кейін жарық көрген Б.С. Сүлейменов, В.Я. Басин, А. Сабырханов, У.Х. Шалекенов, П.Г. Галузо,

Г.А. Михаилева, Н.А. Халфин еңбектері [64] тарихымызға байланысты жаңа деректердің табылуымен ерекшеленеді. Оларда Комиссия «Еңбектері» материалдары ғылыми айналысқа енді. Бұл кезеңде XIX ғасырда Ресей империясында құрылған ғылыми Мұрағаттық комиссиялардың барлығы бірдей арнайы зерттеле қойған жоқ. Соның ішінде Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы тарихы да өз кезегін күтуде еді. 1988 жылы ғана ол жөніндегі алғашқы мақалалар жариялана бастады. Е.П. Пирогова, Ю.С. Зобовтар Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы тарихына, оның мүшелерінің қызметіне, зерттеу бағыттарына назар аударды [65].

Осы тұста жарияланған В.П. Макарихиннің бірнеше еңбектері де бұл бағыттағы зерттеулерге жаңа серпін берді. Оның докторлық диссертациясы мен ондаған мақаласында Мұрағаттық комиссиялардың Ресейдегі тарихи ойдың қалыптасуына ықпалы, олардың өзара айырмашылығы мен ерекшеліктері сараланды [66]. Тарихшы «XIX ғасырдың 80-ші жылдары демократиялық өрлеу кезеңінде өлке тарихын құрылып жатқан губерниялық тарихи мұрағаттар негізінде зерттеу басталды. Мұндай жоғарғы мақсатты Ресей империясының 39 қаласында құрылған губерниялық Ғылыми мұрағаттық комиссиялар атқарды. Олар қазіргі заманғы ғылыми өлкетанудың мықты іргетасын қалады», - деп түйіндеді. Зерттеуші Мұрағаттық комиссиялардың тарих ғылымын дамытудағы рөлін көрсете келе, олардың тұтастай Ресей империясына қатысты еңбектер жазбағандығын атап өтіп, керісінше мұрағатшылар қызмет жасаған губерниясы, өлкесін тануда айтарлықтай іс тындырғанын мойындады. Ғалым: «әрбір Мұрағаттық комиссия жалпы орыс тарихындағы өз өлкесін жазды, екіншіден, олар барлық уақытын мұрағат құжаттарын реттеуге арнады. Мұның өзі мұрағатшылардың ғылыми зерттеулеріне ықпал етті. Үшіншіден, мұрағаттық комиссия ғылымдағы позитивистік методологияның ықпалымен тарихи деректермен үнемі жұмыс жасап, жаңа материалдар іздеумен шұғылданды», - деген қорытындыға келді [67, с.4,25]. Дегенмен, В.П. Макарихиннің еңбегі негізінен Поволжьедегі Мұрағаттық комиссиялар қызметіне арналғандығын көрсетуге тиіспіз. Зерттеушінің тұжырымдары Ю.С. Зобовтың Орынбор тарихшыларына арнаған оқу құралымен нақтылана түсті. Ю.С. Зобов өлке тарихына ондаған еңбектерін арнаған - В.В. Григорьев, В.В. Вельяминов-Зернов, Л.Л. Бобровников, Л.И. Макшеев, Р.Г. Игнатьев, В.Н. Витевский, Ф.М. Стариков, И.С. Шукшинцев, И.И. Евфимовский-Мировицкий, С.П. Севастьянов, А.Е. Алекторов, т.б. өмірі мен қызметін, ғылымға қосқан үлестерін зерделеді. Ғалым: «Комиссия мұрағаттануға, деректануға, археологиялық зерттеулерге, мұражай істерінің қалыптасуына негіз болды», «Орынбор өлкетанушылары ұлы державалық шовинизмнен, ұлтшылдықтан қашық болды, өлкедегі халықтар тарихын объективті, шынайы жазуға талпынып, патша үкіметінің ұлт саясатын сынға алып, халықтардың тарихи кезеңдегі мәдени ортақтығын, жақындығын көрсетті», - деп, тарихшы өлкетанушылар еңбегін тиісінше жоғары бағалауға шақырды [25, с. 85-87, 118-119]. Ю.С. Зобов Орынбор өлкесі тарихына Мұрағаттық комиссия мүшелерінің аса қызығушылық танытқанын, табылған материалдардың Ресейдің баспасөз беттерінде еркін жарияланғандығына назар аударды [68].

Бұл кезеңде Қазақстандық ғалымдар да XIX-XX ғасыр басында Қазақстанның тарихи өлкетану мәселелерін зерттеген ғылыми мекемелер тарихына қалам тартты. С.Ш. Ахметова өлкетану, оның ғылым ретінде қалыптасуы, дамуы, мақсаты мен міндеттеріне [69], Э. Валиханов Қазақстанды зерттеудегі Императорлық Орыс Географиялық қоғамы роліне [70] ізденістер жүргізді. Кейін Э.Ж. Валиханов, Г.Б. Хабижанова, А.Л. Кривковтар бірлесе жазған еңбегінде арнайы ғылыми қоғамдар тарихына тоқталып, Қазақстанда ашылған Орыс Географиялық қоғамдарына, оның бөлімдеріне, Мұрағаттық комиссияға, Орта Азия ғылыми қоғамына, Түркістандағы қоғамдарға жалпы сипаттама берді. Зерттеушілер «Комиссия жұмысына қазақ, татар, башқұрт зиялылары қатысты. Ғ.Б. Балғымбаев, А.Б. Байтұрсынов, М.Ф. Каримов, М.З. Рамеев, М.Ф. Сүлейменов т.б. Орынбор өлкесін зерттеуге мол үлесін қосты. Бірақ кейбір жағдайларға байланысты олардың қызметі материалдық көмек берумен және отырыстарға қатысумен шектелді» деген қорытындыға келді [71, с.92-93]. А.К. Абилев, Ж.А. Аханов XIX ғасырдағы ғылыми мекемелер, алдымен, Ресей мүддесі үшін құрылғанын айта келе, Түркістан шығыстану қоғамының бөлімшесіне генерал-лейтенант Мацеевский көмекшісінің жолдаған хатында: «шығысты зерттеу шығыс және ғылым үшін емес, халықтардың Ресейге қосылып, орыстануы үшін қажет деген ұсынысы патша үкіметінің басты мақсаты еді», - деп түйіндейді [72, с.4]. Авторлардың анықтауынша, Орынбор өлкесін зерттеуде XIX ғасырдың II жартысында екі ғылыми мекеме – Орыс Географиялық қоғамының Орынбор бөлімі мен Орынбор Мұрағаттық комиссиясы басты рөл атқарған. Орынбор бөлімінде болашақ Комиссия зерттейтін тарихи және этнографиялық бағыттар айқындалған. Осыдан кейін мекемеде тер төгіп еңбек еткен тұлғалар – А.И. Добросмыслов, А.Е. Алекторов, Р.Н. Игнатъев, Н.М. Бекчурин, т.б. ғалымдар легі қалыптасқан. Кейін олардың ойларын толықтыра келе, зерттеуші Е.Ж. Есенгараев Мәскеу, Петербург университеттеріндегі ғылыми қоғамдардың тарих ғылымындағы орнын, өзара байланысын ашуға жұмыстанды [73].

90 жылдар аяғында еліміздің тәуелсіздігі арқасында Мұрағаттық комиссия, жалпы Қазақстан бағытында еңбек еткен ғылыми мекемелер, ғалымдар, баспасөз мәселелері арнайы тарих объектісі ретінде сұранысқа ие болды. Д.И. Дулатова, К.Л. Есмағамбетов, В.З. Галиев, И.М. Қозыбаев, Қ. Атабаев, Л.Р. Нұрғалиева [74] еңбектерінде Қазақстанды тану мәселелері жаңа қырынан қаралды. Д.И. Дулатова тарихи ойдың дамуындағы орыс зерттеушілері ролін сараласа, К.Л. Есмағамбетов алыс шетелдік ғалымдардың Қазақстанды тануға қосқан үлестеріне баға берді. В.З. Галиев Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссия мүшелерінің XIX-XX ғасырларда мерзімді басылымдарда жарияланған мақалалары мен Комиссия тығыз байланысқан «Тургайская газета», «Сибирская газета», т.б. тарихтарына арнайы зерттеу жүргізді. Қ. Атабаев «Мерзімді басылым – XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихының дерегі ретінде» атты монографиясында «Басқа деректер сияқты мерзімді басылым да тарихи «сынды», басқаша айтсақ, деректанулық талдауды қажет етеді. Сол арқылы ғана баспасөзден объективті мағлұмат алуға болады» деп анықтай келе, Орынбор Комиссиясы мүшелері еңбектерін жариялаған

«Дала уалаяты» газеті мен «Түркістан уалаяты» газеті басылымдарына да, алдымен, сыни көзқарас қажеттігін атап көрсетті [75, 36 б.].

Соңғы «Атамұра» баспасынан Алматыдан 2000 жылы жарық көрген авторлық бірліктегі көне заманнан бүгінге дейін жазылған бес томдық Қазақстан тарихының 3 томының екінші тарауының алтыншы бөлімінде қазақ тарихын жинастырып зерттеген ғылыми мекемелер мен қоғамдардың қызметіне тоқталған. Соның ішінде Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының қызметіне оның мүшелерінің еңбектеріне қысқаша тоқталып атап өткен.

Жаңа ғасыр басында ХІХ ғасырдағы орыс зерттеушілерінің қалдырған мұраларына, олардың Қазақстан мен Орта Азияны зерттеудегі үлестерін саралаған жаңа ізденістер жарық көрді. Олар А.И. Исмаиловтың, Е.С. Сыздықовалардың еңбектерінде көрініс тапты. А.И. Исмаилов орыс зерттеушілерінің сан қырлы зерттеу бағыттарына назар аударса [76], Е.С. Сыздыкова Ресейдің Бас әскери штабы тапсырмасы бойынша жазылған әскери - ғалымдар еңбегіне жан-жақты талдау жасады [77].

Соңғы жылдары зерттеу тақырыбына қатысы бар бірнеше диссертациялар қорғалды. С.Қ. Тулбасиева, Б.А. Байтанаев, Г.Ж. Сұлтанғазы, С.А. Ахметов, Ү. Идресовалар қазақ тарихына қалам алған М. Тынышпаев, А.А. Диваев, А. Беремжанов, Х. Досмұхамедов, Б. Қаратаев еңбектеріне тыңғылықты талдау жасады [78]. Кейін кандидаттық диссертациясын қорғаған Ж.Е. Есеналина [79] Батыс Қазақстан және Еділ-Орал өңірі ғылыми қоғамдарының ғылыми қызметтерінің дамуына, А.С. Ильясова Императорлық Орыс Географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөлімшесінің Қазақстанның Солтүстік-Шығыс бөлігіне [80], Ғ. Шотанова [81] Астрахандағы Петровский қоғамының Қазақстанды зерттеу бағыттарына тиянақты зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Дегенмен, жоғарыда аталған еңбектердің барлығы біз зерттеп отырған Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы тарихы мен олардың Қазақстанды тануға қосқан үлесін анықтауда толыққанды ақпарат бермейтіндігін атап өтуге болады. Әр зерттеуші өзінің тақырыбына сай ғана қажетті деректерді алып, мұрағаттық комиссия тарихын, атқарған қызметін, ғылымға сіңірген еңбегін толыққанды жазуды мақсат етпеді. Мәселен, Батыс Қазақстан және Еділ-Орал өңіріндегі ХІХ-ХХ ғасырдың 30-жылдарындағы ғылыми қоғамдардың өзара байланысын арнайы зерттеген Ж.С. Есеналина Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы тарихына бірде бір тарау, параграф арнамаса да, қосымшалар бөлімінде оның 1895-1896 жылдардағы мүшелерін тізбектеп берген. Ал жұмыс барысындағы аталған ондаған ғалымдар Орынбор мұрағатында жұмыс жасады емес пе? Сондықтан зерттеуші міндеті оларды байланыстыра отырып, толықтыру, тиісті жерінде көрсету, баға беру болмақ.

Ресейдегі Ғылыми мұрағаттық комиссиялар тарихы жаңа ХХІ ғасырда кең ауқымда зерттеле бастады. 39 губерниялық Комиссияның ішінде Саратов, Рязан Комиссиялары жеке-жеке зерделеніп, диссертациялар қорғалды. Мәселен, В.А. Толстов [82], Т.А. Захарова [83] жұмыстарын атап өтсек болады. Аталған зерттеулер тек қана нысанға алған тақырыпты мүмкіндігінше саралап, олардың өлке тарихына қосқан үлесін атап көрсеткен. Ал, Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының тарихы мен қызметі тарихи, өлкетану, археология

бағыттарында жеке-жеке ізденістерге ұласты. Э.Б. Хасанов, Д.А. Сафонов, А.А. Евгеньев, И.М. Минеева зерттеулері оған куә болады. Мәселен, Э.Р. Хасанов XIX-XX ғасыр басындағы Оңтүстік Оралдағы тарихи өлкетанудың қалыптасуына, Уфа, Орынбор губерниялық статистикалық комитеттердің, Орыс Географиялық қоғамының Орынбор бөлімінің, Уфа губерниялық мұрағат комитетінің қызметтеріне тоқтала келе, 2-ші тарауында арнайы Мұрағаттық комиссияның қосқан үлесіне назар аударса [84], Д.А. Сафоновтың Орынбор өлкесіндегі баспасөз тарихымен байланыста ізденістер жүргізгендігін атап өтеміз. Д.А. Сафонов еңбегінде Мұрағаттық комиссияның бүкіл «Еңбектері», онда жарық көрген материалдары мен мақалалары тізімі жарияланды. Автор «Мойындауымыз керек, төңкеріске (1917 жылғы – Ұ.А.) дейін кеңестік заманда жасалмаған шаралар жасалды. 1903 жылы өлкетанушы Мұрағаттық комиссиясы Орынбор баспасөзіне арналған мақалалар мен материалдарды жинақтаған арнайы жинақ шығарды», - деген қорытындыға келді [85, с.10]. Д.А. Сафонов еңбегінен қазақ тарихына тікелей қатысы бар «Тургайская газета», «Қазақ», «Тургайские областные ведомости», т.б. басылымдар туралы материалдар табуға болады. А.А. Евгеньев XVIII ғасыр - XX ғасырдың 70 жылдары аралығындағы Орынбор археологиясын зерттеуге ұмтылды. Ол Орынбор археологиясы тарихын 4 кезеңге: – бірінші кезеңі XVIII ғасырдан – XX ғасыр басы, екінші кезеңі XX ғасырдың басы мен XX ғасырдың екінші ширегін қоса, үшінші кезеңі XX ғасырдың үшінші ширегі - 1950 жылдың басы – 1970 жылдың орта кезеңіне дейін, төртінші кезеңі 1977 жылдан бүгінге дейін деп бөледі. Соның ішінде Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы бірінші кезеңнің 4 этапына жатқызылды. Автор Орынбор Комиссиясы «Еңбектерінде» археологиядан 30 мақала, И.А. Кастаньенің «Орынбор өлкесі және қазақ даласының көне ескерткіштері», «Қазақ даласының құлпытас ескерткіштері» атты екі монографиясы жарияланғандығын үлкен жетістік ретінде атап өтеді [86, с. 5,6,9]. Дегенмен ғалым қазақ даласында жүргізілген археологиялық зерттеулерге, олардың тарихы мен түпкі нәтижесіне, оның барысындағы кемшіліктерге айтарлықтай назар аудармағандығын байқау қиын емес. Археологиялық жұмыстардың нәтижесінде жинақталған жәдігерлердің Оңтүстік Орал өңіріндегі мұражайларда көрініс табуы мәселелеріне татар ғалымы И.М. Минеева өз зерттеуін арнады. Оның 2001 жылы қорғаған диссертациясы да ұзақ аралықты, шамамен 150 жылдай кезеңді қамтиды. Жұмыстың бізге қажет бөлігі 1 тарауда «Орынбор, Челябин облыстарының мұражайлары» деген атаумен 2 параграфта берілген. Бірақ зерттеу жалпылама жазылғандықтан, нақты Қазақстанға, қазақтар тарихына, XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр басына дейінгі аралықтағы мұражай құрылысы туралы маңызды дерек табу қиын [87].

2010 жылы біздің зерттеу тақырыбымызға қатысты С. Удербаяеваның кандидаттық диссертациясы қорғалды [88]. Екі тараудан тұратын зерттеу тек қана Комиссия басылымы «Еңбектерті» талқылауға бағытталған. Осы жөнінде ізденуші жұмыстың мақсатында анық атап өтеді. Дегенмен автордың ОҒМК тарихын 1917 жылмен шектегендігі түсініксіз. Зерттеудің хронологиялық шеңберінде ізденуші «Орынбор Мұрағаттық комиссиясы 1887 жылдан 1917

жылы аралығында қызмет жасады» деп анықтайды [88, с.16]. Ал мұрағат деректері ОҒМК-ң 1918 жылы маусым айында өз жұмысын түпкілікті тоқтатқандығын дәлелдейді [89, 53-54 пп.]. Сонымен бірге мұрағат қорындағы Комиссияға арналған 96 қордың 205 ісінің небары 11 ісінің пайдалануы да зерттеушінің маңызды құжаттарға назар аудармағандығын дәлелдейді.

Қорыта келгенде, қазақстандық және ресейлік зерттеушілердің еңбектерін тарихнамалық талдау Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының тарихы және қызметінің, оның қазақ тарихына, этнографиясына, археологиясына қатысты мәселелерінің кешенді түрде арнайы зерделенбегендігін толық дәлелдейді. Бүгінге дейін жоғарыда аталған бағыттарға қоса, Комиссияның болашақ зерттеушілер үшін ұйымдастырған мұрағат, мұражай, кітапхана, олардың қазақ зиялыларына ықпалы да жаңаша саралануы тиіс. Мұның барлығы тақырыптың маңыздылығын айғақтайды.

1.3 Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясын зерттеудің дерек көздері

Тарих ғылымының негізгі дерегі мен тірегі – мұрағат құжаттары екендігі даусыз. Онсыз тұтас тарихты жазу да мүмкін емес. Дегенмен әр халықтың өзінің даму кезеңдерінде қолтаңбасын қалдырған мұралары болатындығы көпшілікке белгілі. Мәселен, қазақ халқының ауызша тарихнамасы деп бағаланып үлгерген – фольклорымызсыз өткен өмірімізді тани аламыз ба? Бірақ, тасқа түскен жазба мен фольклорлық мұра ғылыми ізденісте бірдей қолданылып, бағаланып жүр ме? Фольклорлық мұра ғасырдан-ғасырға ауыздан-ауызға тарап, өзгеріске ұшырайтындығы тағы белгілі. Көптеген пайдаланушылар өз үлесін қосып та, бұрынғыларын өзгертіп те жатады. Ал мұрағатқа түскен құжаттар ше? Ол турасында толғанған тарих ғылымдарының докторы Н.И. Ходаковский Ресейдің өзінде XVII, XVIII ғасырларда-ақ мұрағат құжаттарының өзгертілгендігін дәлелдеді. Оның анықтауынша орыс тарихын құжаттарды өзгерту арқылы бұрмалай бастаған алғашқы тарихшылар қатарында неміс ғалымы Г.Ф. Миллер болды. Ол турасында Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының құрметті мүшесі В.О. Ключевский Г.Ф. Миллер Мәскеудегі сыртқы істер мұрағатына басшы болып тағайындалғаннан кейін «Орыс тарихы үшін маңызды мұрағат осы уақыттан бас тап жанданып сала берді. Мұнда Мәскеу үкіметінің XV ғасырдың аяғынан бастап жүргізген дипломатиялық іс-қағаздары, жазбалары сақталған. Миллер мұндай жағдайда өзін еркін сезінді. Ол мұрағатты өзіне дейінгілердей жүйелі түрде жаза бастады. Сонымен бірге ол мұрағаттағы материалдарды қайта талдап, орыс тарихын жаңаша жазуға кірісті» деп жазған-ды [90, с.5]. Осындай анықтамадан соң Г.Ф. Миллердің еңбектері қатаң сыни талқыға ұшырады. Кеңестік кезеңде де ол тарих ғылымында қолдау тапты. Бұл арадағы басты мәселе орыс мемлекетінің құрылуы және оның негізін қалаған кімдер деген тақырыптарда жатты. Өзге елдің Ресей тарихына қатысын, «норман» теориясы арқылы дәлелдеуге тырысқан Г.Ф. Миллер теориясы бүгінде талас-тартысы азаймаған зерттеу мәселесі болып отыр. Бұл арада біз мұрағатта сақталған жазбаның қаншалықты маңыздылығын сезіндіруді мақсат еттік. Яғни, мұрағат дерегі сыни талданбаса,

өзара салыстырылмаса қазақ тарихына да кері әсерін тигізеді. Оның үстіне біздің негізгі мыңдаған құжаттарымыз осы Ресей мемлекетінде, олардың мүддесін көздей отыра жазылғандар. Сондықтанда мұны еш назардан шығармай зерттеуімізде әр дерекке объективті баға беруге талпындық.

Қай тарихи зерттеудің де негізгі дінгегі – мұрағат құжаттары. Зерттеу барысында Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты, Қазақстан Республикасы Президенті мұрағаты, Ресей Федерациясының Орынбордағы облыстық мемлекеттік мұрағаты, Астрахандағы облыстық мемлекеттік мұрағаты, Москвадағы Ресей Федерациясының мемлекеттік мұрағаты, Қазақстан Республикасы Батыс Қазақстан облысы мемлекеттік мұрағаты материалдары пайдаланылды. Оларға тоқталар болсақ:

1. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатынан – тақырыпқа тікелей қатысы бар №25 «Торғай облыстық басқармасы» қорында 1868-1918 жылдарды қамтитын 6945 іс сақталған. Оның барлығы мұрағаттық комиссия мүшелерінің күшімен топтастырылған, жүйеленген. Облыстық басқарманың қазақ жерін бақылауға алуы, оның түпкі мақсаты, міндеті осы қорда көрініс табады. Мәселен, 1391-істе 1909-1910 жылдардағы Ақтөбе, Ырғыз, Торғай, Қостанай уездеріндегі оқуға тиым салынған еңбектерді құртуға берілген нұсқаулар сақталған. Ал, 203-істе кітап қорларын жүйелеу, оларды сақтау мәселелері көтеріледі. 521-істе Мұрағаттық комиссия мүшесі А.И. Добросмысловтың 1893 жылы толтырған қызметтік өмірбаяны тіркелген. Мәселен, оның 1854 жылы 25 қарашада дүниеге келгендігі, 1879 жылы 19 тамызда Қазан ветеринар университетін бітіріп, 1888 жылы 15 маусымда Қазақстанға келгендігі жазылған [91, 1-3 пп.].

№27 «Торғай облысы халық училищелерінің директоры» қорында 1903-1919 жылдардың аралығын ашатын 249 іс бар. Құжаттардың дені оқу-ағарту саласына байланысты болғанымен Орынбор Мұрағаттық комиссиясымен тығыз араласқан, оның белсенді мүшесі болған Ғ.Б. Балғымбаев туралы деректер жетерлік. Мәселен, 205-істе Ырғыз уезінің халық училищесінің инспекторы Ғ.Б. Балғымбаевтың есебі [92, 4 п.], 214-істе Т. Шонанов туралы қызықты материалдар кездеседі [93, 24 п.].

№ 44 «Соғыс министрлігінің Жетісу облыстық басқармасы» қорында 1868-1918 жылдарды қамтитын 50026 іс сақталған. Оның көпшілігі оңтүстік өңірді жаулап алуына, бағындыру жолдарына, орыс саясатына арналғанымен, оның ішінде, мәселен 3а істе прапорщик Верещагиннің этнографиялық зерттеулері кездеседі [94, 22 п.].

№ 430 «Орыс географиялық қоғамының Жетісу бөлімі» қорында 1894-1919 жылдар аралығындағы кейбір мәселелерді ашатын 2 іс қана жинақталған. 2-істе қазақ жеріндегі этнографиялық мәліметтерді жинақтаудың бағдарламасы тігілген [95, 7-19 пп.].

№ 822 «Н.Н. Пантусов – профессор, ориенталист» қорында ғалымның 1881-1909 жылдардағы қызметін айғақтайтын деректер жеткілікті. Мәселен, 1 істе «Қарабай туралы» 92 беттік повесть, 12- істе мақал-мәтелдер тізімі, 27- істе ғалымның 1909 жылы Қазаннан шыққан «Образцы киргизской народной литературы» атты еңбегі бүгінге дейін сақтаулы [96, 1- 9 пп.].

№ 458 «Ақтөбе ерлер мұғалімдер семинариясы» қорында 1912-1918 жылдар аралығындағы мұрағаттық комиссия мүшелері А.Е. Алекторов пен Ғ.Б. Балғымбаевтар туралы материалдар баршылық. 82-істен А.Е. Алекторовтың мектеп инспекторы, ал Ғ.Б. Балғымбаевтың мектептің меңгерушісі екендігін байқаймыз [97, 47 п.].

2. Қазақстан Республикасы Президенті мұрағатынан №708 «Қазақстан коммунистік (большевиктік) партиясының Орталық комитеті» қорындағы 1-тізімдегі 124-істе Алашорда мүшелерінің еңбектерін жою, соның ішінде Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының мүшесі А.Б. Байтұрсыновтың еңбектерін (9 оқулығын) 1 айдың ішінде сауда орындарынан және жеке тұлғалардан тартып алу туралы құжаттар тігілген [98, 18 п.]. Ал, 604-істе А.Б. Байтұрсыновтың қызметі туралы мәліметтер бар [99, 233 п.].

А.Б. Байтұрсынов туралы құнды деректер № 719 «Қырғыз облыстық бақылау комиссиясы» қорындағы 1-тізімдегі 67-істен де кездесті. Істегі тізімде А.Б. Байтұрсыновпен қатар А. Бірімжанов, Ә. Бөкейханов, Е. Омаров, М. Дулатов т.б. аталады [100, 16 п.].

№ 813 «Жеке құрамды қайта қарап, тазалау жөніндегі Қырғыз облыстық комиссиясы» қорындағы 27-істе А.Б. Байтұрсыновтың жеке іс-парағы сақталған. Іс парақта оны партиядан шығару үшін жасалған әрекеттер және оның өтініштері толық тігілген. А.Б. Байтұрсынов коммунистік партия қатарынан шығу себептерін де түсіндіріп өтеді [101, 1-10 пп.].

3. Ресей Федерациясының Орынбор облыстық мемлекеттік мұрағаты зерттеу тақырыбымызға сай маңызды құжаттарды топтастырған. Мұрағаттық комиссия мүшелері, олардың қызметі, жинақтаған материалдары осында көрініс табады. Алдымен № 96 «Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы» қорында 2 тізімде 1887-1918 жылдар аралығын қамтитын 205 іс сақталғандығын атап өтеміз. Қорда Комиссияның құрылу тарихы, атқарған есептері, жылда жинақталатын «Еңбектері», Орталықпен, өзге ғылыми орталықтармен жазысқан хаттары, Комиссия мүшелерінің жеке құжаттары сақталған. Қордың 1- ісінде-ақ Орынбор губерниясының (1865-1888 жж.) 25 жылдық тарихы туралы қысқаша очерк [102, 1-5 пп.] берілген. Мұрағат істерін қалыптастырудағы кейбір қызықты құжаттар 3-істе көрініс табады [103, 12-36 пп.]. Істегі құжаттарды Комиссия мүшесі Р.Г. Игнатъев реттеген. Сонымен бірге қорға Қазақстанды зерттеген П.И. Рычков, Э.А. Эверсман т.б. ғалымдар еңбектері, өзге де ізденушілер мақалалары талдауға түседі. Қорда археологиялық, этнографиялық зерттеулердің материалдары да кездеседі. Әсіресе, сол кезеңде Қазақстан бойынша басталған археологиялық ізденістердің қауіпті жақтары да анықтала түседі. Мәселен, 1902-1904 жылдар арасында И.А. Кастенье археологиялық ізденіске 7 ашық қағаз алған [104, 60п.]. Комиссия өз қызметі барысында Орынбор өлкесінде мұражай, кітапхана ұйымдастыру ісіне айрықша назар аударған [99]. Аталмыш қордан Комиссияда белсенді жұмыс жасаған А.В. Попов, С.Н. Севастьянов, И.В. Чернов, И.А. Кастанье, А.И. Добросмыслов, В.Н. Витевский, П.А. Столпянский, А.И. Мякутин, А.А. Словохотов, И.С. Шукшинцев, т.б. қалдырған мұралары туралы мол дерек табуымыз заңды. Ал қазақ зиялыларынан Ғ.Б. Балғымбаев,

А.Б. Байтұрсыновтардың Мұрағаттық комиссиядағы қызметін де осыдан саралауымызға болады. Қордағы қызықты құжаттар қатарына Ресей тарихындағы белгілі тұлға И.И. Неплюев, комиссия мүшелері түскен фотолардың бізге жетуін қоса аламыз [106, 15 п.].

№ 10 «Орынбор губернаторы кеңсесі» қоры Орынбор мұрағатындағы мол құжаттар жинақтаған қор екендігі белгілі. Қорда 1857-1917 жылдар аралығындағы, соның ішінде бізге қатысты Мұрағаттық комиссия тарихына қатысты материалдар молынан кездеседі. Мәселен, 2-тізімдегі 242-істе «Қазақ» газеті, А.Б. Байтұрсыновты бақылауға алу туралы [107, 1-2 пп.], 3 тізімдегі 409-істе 1913-1914 жылдардағы Орынбордағы А.Б. Байтұрсыновты қадағалау шаралары [108, 5 п.], 1-тізімдегі 59 істе Орынбордағы Мұрағаттық комиссияның 1887-1913 жылдардағы қызметі толық сипатталады [109].

Орынбордағы Комиссия мүшелерінің жеке қорлары да біз үшін ерекше маңызды. Өйткені, олардан жоғарыда аталған қорларда кездеспеген мәліметтерді, тұлғаның өмірі мен қызметі туралы кейбір тұстарын анықтауымызға болады.

№ 167 қор Комиссияның 1899 жылдан мүшесі, генерал-майор Иван Васильевич Черновтың (1825-1902) өмірі мен қызметіне, қалдырған мұраларына арналған. Аталған қорда Орынбор өлкесінің алғашқы губернаторлары туралы 200 беттік естелігі [110], Орынбор өлкесі туралы Жазбасы [111] сақталған. И.В. Чернов жазбаларында патша үкіметінің Қазақстандағы саясаты өлкедегі губернатордың іс әрекетімен үндесіп жатады.

№ 168 қор Орынбор Мұрағаттық комиссиясының 1903 жылдан 1917 жылға дейінгі төрағасы Александр Владимирович Поповтың (1867-1918) қызметіне арналған. Мамандығы дәрігер болғанына қарамастан, ол Орынбор өлкесінің археологиясы мен тарихының зерттелуіне мол үлесін қосты. Қорда 67 іс сақталған. Мәселен, 31 істе комиссия мүшесі Р.Г. Игнатьевтің өмірі мен қызметі [112], 44-істе қазақ даласындағы археологиялық, этнографиялық зерттеулер барысы талданған [113].

№ 169 қорда Комиссия мүшесі Сергей Никанорович Севастьянов (1863-1907) құжаттары сақталған. Қор 1890-1907 жылдар аралығын қамтитын 52 істі жинақтаған. С.Н. Севастьянов әскери маман ретінде Орынбор казактарының Азияны отарлаудағы рөлін насихаттады. Оның Хиуа, Бұхара бағытындағы әскери жорықтар туралы жинаған мәліметтері бізге құнды. 1820 жылы кеңесші М.М. Бекчуринді Хиуа ханына жіберуін айғақтайтын деректер 35-істе жазылған [114].

Комиссия төрағасы А.В. Попов туралы құнды мәліметтер № 11 қорында кездесті. 7 - тізімнің 646 - ісінде оның 1894-1904 жылдар аралығындағы қызметі толтырылған [115, 33 п.].

№ 214 қор Комиссияның 1914 жылдан мүшесі Иосиф Павлович Кречетович (1873 -ө.ж.б.) туралы құжаттар № 214 қорда жинақталған. Москва діни академиясының тарих бөлімін бітірген ол Орынбор өлкесінің тарихы туралы жазбаларын, халық ағарту саласының міндеттерін, «Орынбор өлкесіндегі шаруалар реформасы» монографиясын қалдырды [116, 116-117 пп.].

А.Б. Байтұрсыновтың Орынбордағы 1913-1914 жылдардағы өмірі мен қызметін, «Қазақ» газетіндегі еңбегін, М. Дулатовпен байланысын дәлелдейтін құжаттар № 21 қордан табылып отыр. Қордың 9-тізімінің 4-ісінде «А. Байтұрсынов 37 жаста, үйленген, 1913 жылдың 5 ақпанынан бері №2 Дмитриева үйінде, Гришковская көшесінде, М. Дулатов 28 жаста, бойдақ, 1913 жылдың 12 қарашасынан бері №10 Абрамова үйінде тұрады деп анықталған» [117, 17 п.]. Қорда Ә. Бөкейханов, Р. Марсеков, М. Тынышбаев, Тұнғаншин т.б. туралы деректер кездеседі.

Мұрағаттық комиссияның қызметі мен тарихына тікелей қатысы бар құжаттар № 94 «Орыс Географиялық қоғамының Орынбор бөлімшесі», № 95 «Таратылған Орынбор генерал-губернаторлығы кеңсесі мұрағатын қайта құру және оның іс-құжаттарын реттеу комиссиясы», №73 «Орынбор губерниясындағы халық училищелері дирекциясы», №164 «Орынбор губерниялық статистикалық комитеті» қорларынан табылып отыр.

№ 94 қорда Комиссияның географиялық қоғаммен байланысы, олардың бірлесе атқарған қызметтері түрлі нұсқаулар, хаттар, жазбалармен дәлелденеді. Мәселен Орынбор өлкесіндегі мұражай құрылысы, В.Н. Витевский атындағы премия [118, 15 п.]. Арал және Каспий теңіздері туралы белгісіз автордың жазбасы [119, 1- 6 пп.] осында тіркелген.

№ 95 қор 1881- 1887 жылдар аралығындағы мұрағатты қалпына келтіру мақсатында құрылған Комиссиялардың қажырлы еңбектері туралы 16 істі біріктірген. Қорда 1884–1886 жылдардағы комиссия мүшелері, олардың атқарған қызметтері туралы тізімдер сақталған [120].

№ 73 қорда Орынбор Мұрағаттық комиссиясының белсенді мүшесі А.И. Добросмысловтың Верхнеуральск уезіндегі училищесіндегі жеке іс парағы сақталған [121, 20-46 пп.]. Сонымен бірге комиссияға мүше болған училищелердегі мұғалімдердің де тізімдері осында [122].

№ 164 қорда өз бастауын 1866 жылдан алатын Орынбор губерниялық статистикалық комитетінің 1861-1918 жылдар аралығын қамтитын 255 іс жинақталған. Қорда өлкедегі статистика бөлімінің Комиссияға дейін және 1887 жылдардан кейінгі зерттеу жұмыстары топтастырылған. Статистикалық Комитет комиссия мүшелері дайындаған еңбектерді жариялауға белсене қатысқан. Мәселен 139 істе 1890 – 1891 жылдардағы «Орынбор казак әскерілерінің тарихи очеркін» баспаға ұсынуда ыждаһаттық танытады [123 1-10 - пп.].

Сонымен бірге Орынбор облысының Мемлекеттік мұрағатында Комиссия мүшелерінің қажырлы еңбектерімен жинақталған, олардың қолтаңбасы сақталған қорлар жеткілікті. Мәселен, №1 «Орынбор экспедициясы», №2 «Орынбор комиссиясы», №3 «Орынбор губерниясы кеңсесі», №4 «Симбирск және Уфа генерал-губернаторы кеңсесі», №5 «Орынбор шекаралық істері», № 6 «Орынбор генерал-губернаторы кеңсесі», №222 «Орынбор шекаралық комиссиясы», №54 «Орынбор шекаралық соты» т.б. Комиссия мүшелерінің зерттеу аумағына еніп, кейін монография, мақала, есеп ретінде жарық көрді. Комиссия мүшесі С.Н. Севастьянов Қайыпқали сұлтан туралы жазған жазбасында [124, 1- 43- пп.] Г.Ф. Генстің № 166 қорына арқа сүйеді. Г.Ф. Генс

(1787-1845жж.) Орынборға 1807 жылы инженерлік офицер ретінде келіп, әскери шені генерал-майорға дейін көтерілді. 1825-1841 жылдары Орынбор Шекаралық комиссияны басқарған. Оның қорында небәрі 8 іс сақталған. Г.Ф. Генс құжаттары Мұрағаттық комиссияның XIX жарияланымында А.В. Попов арқылы жарық көрді. Г.Ф. Генс қорындағы Ресейдің Орта Азия бағытындағы саясаты, Орынбор өлкесіндегі сауда-саттық, Қаратай сұлтан, Бұхара хандықтары туралы материалдары маңызды [125, 15-п.].

4. Ресей Федерациясы Астрахан облысының мемлекеттік мұрағаты қорларынан Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы тарихына байланысы бар №857 «Астрахан өлкесін зерттеушілер – Петровский қоғамы» қорын атап өтуімізге болады. Қорда 1875-1917 жылдар аралығындағы 171 құжат сақталған. Қоғамның негізгі мақсаттарының бірі археологиялық, этнографиялық зерттеулер жүргізу болды. Соның жолында қоғам Орынбор, Саратов, Тамбов, Нижнегород тағы да өзге Ғылыми мұрағаттық комиссияларымен байланыс жасаған. Петровский қоғамы Орынбор Ғылыми комиссиясымен өзара есептерін алмасқан, жинақтарын жолдап отырған [126, 12 п.].

ОҒМК 1889 жылы 1 қаңтарда Астрахан кітапханасына «1735 жылғы Орынбор губерниясының топографиясының» 1 данасын, П.И. Рычковтың 1762 жылғы «Топография Оренбургской губернии» еңбегінің 1 данасын, А. Харузиннің «Киргизы Букеевской Орды (Антропологические и этнографические очерки)» еңбегінің 1 данасын, Мұрағаттық комиссияның мәжілістері мен отырыстарының хаттамаларының 4 данасын жіберген [127, 3-5 пп.]. Мұндай байланыстар 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін жалғасты.

Астрахан өлкесіне әкелінген кітаптар, олардың кітапханаға тапсырылуы жайында № 627 «Астрахан қоғамдық кітапханалар комитеті» қоры сыр шертеді. Онда 26 іс жинақталған. 13, 19, 20-істерде Орынбордан әкелінген кітаптар тізімі баршылық. Олар 1863-1916 жылдар аралығын қамтыды [128]. Мәселен, осы тізімнен Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы басшылығымен шыққан А.В. Васильевтің 1898 жылғы «Қазақ ертегілері», 1897 жылғы «Үш жігіт туралы қазақ әні», 1896 жылғы «Қазақ тілі және оның транскрипциясы » т.б. байқаймыз.

Аталған қорларға қоса зерттеу тақырыбына қатысты мол құжаттар №1 «Астрахан азаматтық губернаторы кеңсесі» (1786-1918 жж.), №13 «Астрахан губерниялық басқармасы» (1796-1918 жж.) т.б. қорларында жинақталғандығын атап өтеміз.

5. Ресей Федерациясының мемлекеттік мұрағатында да тақырыбымыздың жан-жақты ашылуына себебін тигізген төмендегідей қорлар қаралды.

1. № 99 «Мұрағатты қалыптастыру туралы Уақытша комиссия».

2. № 102 «Полиция министрлігінің департаменті».

3. № 581 «Ресей Ғылым Академиясының хатшысы, академик, шығыстанушы Сергей Федорович Ольденбург (1863-1934)».

4. № 730 «Сыртқы істер министрлігі Азия департаментінің директоры Николай Павлович Игнатъев (1832-1908)».

№ 99 қор 1873-1880 жылдардағы Ресей империясындағы мұрағатты қалыптастыруды бақылауға алып, Орынбор губерниясындағы мәліметті

жинақтады. 1874 жылғы 31 желтоқсандағы Орынбор өлкесі басшысы хабарламасында губерниядағы мұрағат әлі күнге дейін реттелмегендігі жазылды. Мұрағаттың орналасқан мекені, оның сол кездегі жағдайы анықталды. Оның құрамында архивариус, көмекшісі және қойманы күзететін қарауыл болғандығы белгілі болады [129, 3-5-пп.]. Ал 73-істе Торғай облыстық басқармасы мұрағатының жағдайы туралы ақпарат тігілген. Ақпараттан мұрағаттың ішкі істер министрлігіне бағынатындығын, мұрағат орталығы Орынборда екендігін, оның Торғай облыстық басқармасы мұрағаты аталатындығын сезінеміз. Мұрағаттағы істер өз бастауын 1734 жылдан алған [130, 4-5 пп.]. № 48 істе Семей облысындағы мұрағатта 1733-1872 жылдар аралығын сипаттайтын 38.163 іс сақталғандығы жазылған [131, 15- п.].

№ 581 қорда 1853-1918 жылдар аралығын айғақтайтын 101 іс сақталса, оның ішіндегі біразы мұрағат істерін қайта құру, Мұрағаттық комиссиялар арасында материалдар алмасу жайларына арналған. № 51 - істе Орынбор Мұрағаттық комиссияның 1916 жылы 23 қарашадағы С.Ф. Ольденбургке жолдаған хаты, ол арқылы Комиссия басылымы «Еңбектерінің», Ресей Ғылым Академиясына жіберілгендігі дәлелденеді [132, 1 п.]. №2-істен Ресейдегі ғылыми мекемелердің одағын құру мәселелерін байқауымызға болады. Ұсынылған жобаның басты мақсаты орыс ғылымының дамуы және нәтижелі еңбегі үшін қажет делінді. Болашақ құрылар комитет барлық ғылымды бір мақсатқа жұмылдыруы қажет еді. Сөйтіп, ғылым ішкі бірлікте мұрағаттар қызметкерлері, археологиялық бірлестіктер, тарихи қоғамдар, кітапханалар т.б. өзара бірлесе отыра жұмыстануы қажет еді [133, 1-2- пп.].

№ 730 қор 1623-1918 жылдар аралығын қамтып, 5266 істі біріктірген. Азия департаментінің Орта Азияға саясаты негізгі жүргізуші, ұйымдастырушы екендігін ескерсек, оның жолында Ресей ғылымының да бағытталғандығы дәлелдене түседі. Көп жағдайда қазақ даласына жіберілген түрлі экспедициялар Азия департаментімен келісілді [134, 18- п.].

№ 1318 қордан А.Б. Байтұрсынов, Ж. Досмұхамедов туралы [135, 135-п.], № 1701 қордан Алаш партиясы, Алашорда үкіметі жөніндегі жазбаларды [136, 1-4-пп.] кездестірдік. Мұның барлығы Алаш зиялыларының Орынбордағы қызметін анықтауымыз үшін ауадай қажет-ақ. Жалпы Орынбор ХХ ғасыр басында қазақ зиялыларының саяси ғана емес, ғылыми да орталығы бола білді. Ондағы барлық кітапханалар, баспасөз, Мұрағаттық комиссиялар еңбектері, мақалалары, сақталған қорлар мүмкіндігі келгенше болашақ қазақ тарихына қызмет жасады.

6. Орынбор Ғылыми комиссияның құнды беттері Батыс Қазақстан облысы мемлекеттік мұрағатында да сақталған. Мәселен, № 564 «Батыс Қазақстан облысының мұрағаттары және құжаттары Басқармасы» қорында азамат соғысы кезіндегі жойылған қорлар тізімі берілген [137], ал № 1588 «Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік мұрағаты» қорында кезіндегі ҚазССР Орталық мұрағатына сақтауға жіберілген төңкерістерге дейінгі қорлар сақталынған [138]. Сонымен бірге мұрағатта зерттеу тақырыбымызға қатысы бар құжаттар мен материалдар № 432 «Қазақстанды зерттеу қоғамының Орал бөлімі 1924-

1927 жж.» қорынан және мұрағат жанындағы кітапханасындағы кітап тізімдерінен 80-ші бума пайдаланылды.

Сонымен мұрағаттық құжаттарға талдау аталған 6 мұрағаттың өзінен мол тарихи мұралар табылғандығын толық дәлелдейді. Олардың барлығы Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының тарихын жазуда үлкен мәнге ие болды. Құжаттар бір-бірімен ішкі бірлікте, өзара байланыста өрбіді. Мәселен, А.Б. Байтұрсыновтың Орынборға келуі, Мұрағаттық комиссияға мүше болуы, «Қазақ» газетінің жарық көруі, оның аталған ғылыми мекеменің «Қазақ» газетімен алмасуы біз үшін ерекше маңызды.

Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының мол мұралары өз заманында жарық көрген газет, журналдар бетінде сайрап жатыр. Алдымен Мұрағаттық комиссияның 35 рет басылыммен шыққан «Еңбектерін» атауымыз қажет. Мұрағаттан табылған, маңызды саналған құжаттар осы басылым «Еңбектер» арқылы елге, өзге ғылыми комиссияларға тарады. Орынбор өлкесі басылымдары тарихын зерттеген Д.А. Сафонов ол турасында «Мұрағат материалдары жарияланғаны тек қана I басылым ғана болды. Оған II Екатерина мен I Павел жарлықтары енді. Осыдан кейін, ереже бойынша материалдар жинақтың аз бөлігін ғана құрады. Алғашқы басылымдарда реферат түрінде қызықты істер туралы мақалалар басым болса, кейін мұрағаттың бірнеше істерінен алынған көлемі үлкен емес жұмыстар басылды» деп сипаттады [85, с.155].

35 рет жарық көрген Комиссия басылымы «Еңбекте» 208 мақала, хаттама, есептер, түрлі жинақтар басылды. Соның ішінде 40-қа жуығы тікелей қазақ тарихына қатысты. Әсіресе, Н.Г. Ивановтың 3, С.Н. Севастьяновтың 9, А.П. Граның 9, П.Н. Столпянскийдің 3, А.Л. Аниховскийдің 3, М.Л. Юдиннің 7, Д.Н. Соколовтың 12, Ф.М. Стариковтың 1, А.В. Поповтың 13, И.С. Шукшинцевтің 19, С.Н. Севастьяновтың 9, А.И. Добросмысловтың 2, И.А. Кастаньенің 16, т.б. мақалалары біз үшін маңызды.

Жұмыстың құнды бөліктерін Комиссия басылымы «Еңбектер» ішіне енген хаттамалар құрайды. Хаттамалар Комиссия құрамындағы құрметті мүшелерін және шынайы мүшелерін толық атап, мұрағатты талдап, мұражай, басқа да мекемелермен байланысты, кітапхананы саралайды және оған қоса мекеменің қаржылық есеп-қисабын беріп отырған. Әдетте хаттамалар араға уақыт салып жарияланған. Мәселен, 1902 жылғы есеп 1905 жылғы «Еңбектерде», 1904 жылғы Комиссия мәжілісі 1906 жылғы «Еңбектерде», 1911 жылғы есеп 1913 жарияланған. Мәселен, 1902 жылғы есепті талдасақ: Комиссияда 13 құрметті мүше және 107 мүше болған. Осы кезеңде Комиссияның 2 құрметті мүшесі Ф.Д. Нефедов, П.А. Голицын және 1 мүше И.В. Чернов қайтыс болған. Есепті жылда 567 адамның Комиссия мұражайын аралауы оның болашақ мүмкіндігін анықтай түседі. Мұражай басшысы А.В. Попов болған. Комиссияға осы жылы 506 кітап түсіп, 1902 жылы 9 мәжіліс өтіп, қазақ тарихына қатысты Д.Н. Соколов, И.С. Шукшинцев, А.В. Попов, А.В. Васильевтің мақалалары жарық көрген [139, с. 3-9].

1908 жылғы есепте Комиссияның 21 жылдық қызметіне назар аударылды. Осы жылы тізімдегі 12 құрметті мүшенің ішінде белгілі ғалымдар Мәскеу

университетінің профессоры В.О. Ключевский, Императорлық Археологиялық институтының директоры Н.В. Покровский, академик В.В. Радловтар болса, 140-тан астам мүшелері ішінде Ғабдуғали Балғымбайұлы Балғымбаев аталады. Ғ.Б. Балғымбаев комиссияға 1903 жылдан бері мүше еді [140, с.13-14].

Ал 1914 жылғы есеп іс жүргізуші А.П. Граның басқаруымен жасақталған. Осы жылы Комиссияның құрметті мүшелігіне болашақта орыс тарихында ізі қалатын А.И. Дутов мүше болып сайланды. Тізімде 15 құрметті мүше, 205 мүше тіркелген. Біз үшін ерекше қызықтысы ұлтымыздың ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы Байтұрсыновтың атының аталуы еді. Ол 1912 жылдан Комиссияға мүше еді. Ғ.Б. Балғымбаев Ырғыздан тіркелсе, А.Б. Байтұрсынов Орынбордан есепке алынды. Сонымен бірге Комиссия осы жылы «Қазақ» газетімен өзара басылым алмасуға қол жеткізген [141, с. 23].

Біздің байқағанымыздай, тіпті Комиссияның есептері мен хаттамалары зерттеу аумағымызға айналып отырған 30 жылдан аса қызмет жасаған ғылыми мекеме қызметі туралы нақты дерек берер түпқұжат болып есептелетіні хақ.

Соңғы «Еңбектердің» 35 -ші басылымы 1917 жылы Орынборда жарық көріп, 1916 жылғы істелген жұмыстарды қамтыды. Есепті А.П. Гра дайындады. Есепті жылы мұражайға 53 жаңа құнды заттар түскен. 1916 жылдың 6 қарашасынан 31 желтоқсанға дейін мұражайға 825 адам келіп кеткен. 1916 жылы Комиссияның 8 отырысы өтіп, қазақ тарихына қатысты И.А. Кастаньенің «Древности Зерафшанской долины», «Ногай Курган», «Древности Ферганы: старые культурные центры – Касань и Маргелан», Н.Н. Модестовтың «В плену у азиатов», «Как он стал эмигрантом», П.П. Ходыревтің «Из киргизских повери», Л.А. Словохотовтың «Историческая права Оренбурга, как центра целого края, на высшее учебное заведение» т.б. еңбектері талқыға түскен [142, с. 223-226].

Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссия мүшелері Орынборда жарық көрген Императорлық Орыс Географиялық қоғамының Орынбор бөлімшесінің «Известия» басылымын да пайдаланды. Басылым 1893-1916 жылдар аралығында жарық көріп, барлығы 25 жинақ жариялаған. Жинақта Комиссия мүшелері – А.Е. Алекторовтың, А.И. Добросмысловтың, Д.Н. Соколовтың, Р.Г. Игнатьевтың мақалалары баршылық [85, с.160-161].

Тарихымызға қатысты мол материалдар «Тургайские областные ведомости» газетінде басылып, көпшілікке жетті. Газет 1891 жылы ашылды. Газетке Комиссия мүшелері И.И. Крафт, А.В. Васильев, А.И. Добросмыслов, Ғ.Б. Балғымбаев, В. Иванов, т.б. араласты. Тарихшы В.З. Галиев пікірінше, «Тургайские областные ведомости» газетінде ресми материалдар, ал «Тургайская газетада» бейресми материалдар жарияланған. 1895-1909 жылдары «Тургайская газетада» В. Оссовский, А. Васильев, П. Евланов, Н. Иванов, Ғ.Б. Балғымбаев, Н.В. Буторов, В. Ивановтар редакторлық қызмет атқарған. В.З. Галиев аталған газеттің толыққа жақын жинағы тек қана Санкт-Петербургтегі Ресей Ұлттық кітапханасында деп атап көрсетеді. Газет бетінде қазақ қоғамының түрлі мәселелері көтеріліп, оған А.Б. Байтұрсынов, Б. Қаратаев, Х. Қарджасов, Р. Тлеулин, Ғ.Б. Балғымбаев, Сүйінішалиев, Б. Даулбаев, Б. Наурызбаев, Д. Беркинбаев, А. Бірімжанов, Т. Жүнісов, А.

Сейдалин, т.б. тартылды [143,с. 19,20,34-36]. Мәселен, Комиссия мүшелері А.Б. Байтұрсыновтың «Тургайская иллюстрированная газетаның» 1895 жылы 24 қыркүйектегі санында «Казахские приметы и пословицы», 1896 жылғы 21 ақпанындағы санында «Бистамакская волость Актюбинского уезда», «Тургайская иллюстрированная газетаның» 1896 жылғы 29 мамырдағы санында «Карабутак» атты мақалалары, ал Ғ.Б. Балғымбаевтың «Тургайская газетаның» 1895 жылы 29 қазандағы «Открытие женского русско-казахского училище в Карабутаке» мақалалары зерттеуші үшін қай кезеңде де қызықты. Ғ.Б. Балғымбаев туралы деректер «Тургайская газетаның» 1907 жылғы 4 ақпандағы санында баршылық. Онда облыстық басқарманың газет бөлімінің басшысы облыстағы қазақ мектептерінің инспекторы болып тағайындалғаны жазылған.

Комиссия мүшесі А.В. Васильев 1903 жылы-ақ «Тургайские областные ведомости» және «Тургайская газета» басылымдарының қилы тағдырына арнайы мақала жазды. 12-ші «Еңбекте» жарық көрген мақалада «Орынбор өлкесінде, соның ішінде Торғай облысындағы қазақтарға арнайы баспа органын ашу алғаш рет 1872 жылы қолға алынды. 1872 жылы 28 наурызда генерал-губернатор Крыжановский ішкі істер министріне хат жолдап, Орал және Торғай облыстары қазақтарына ақпараттар тарату үшін қажет делінген...» деп жазылған. Дегенмен басылымдардың ашылуына Орал, Торғай да типографияның жоқтығы кедергі жасағандығы баса көрсетілген [144, с. 107-109]. Аталған газет беттерінен Мұрағаттық комиссияның мұрағатты, кітапхананы, мұражайды қалыптастырудағы жұмыстары, өлкедегі тарихи, археологиялық, этнографиялық зерттеулер қорытындылары көрініс табады. Мәселен, «Тургайская газетаның» 1903 жылғы сандарында Н.К. Ивановтың Торғай облысындағы археологиялық ізденістер, керей тайпасы туралы тарихи жазбалары, И.И. Крафтың қазақтың өткен тарихы, А.И. Добросмысловтың қазақтардағы сот жайы туралы мақалалары баршылық. Сонымен бірге бұл газеттерден түрлі очерктер, шолулар, әр түрлі әдеби шығармалар, некрологтар, хабарландырулар, жарнамалар оқуға болады.

Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы жинақтаған қазақ тарихы 1888-1902 жылдар аралығында шыққан «Дала уалаяты» газетінде де маңызды құжаттар ретінде басылды. «Дала уалаяты» газеті 1888-1893 жылдары Омбыда шығатын «Акмолинские областные ведомости» газетіне қосымша ретінде орыс және қазақ тілдерінде шыққан. Комиссия мүшесі А.В. Васильев «...Газеттің басты бөлімінің мәтіні орыс тілінде емес, қазақша шықты. Басылым мақсатының өзі газет қазақша шығарылып, мәтіні орысшаға аударылып отырды. Осынша маңыздылығына қарамастан, біздің бұны байқамауымызға да болады. Себебі, мәтін аударымдары айтқысы келген ойын айна қатесіз дұрыс және тіл тазалығына күмән келтіре алмайсыз», - деп бағалаған [75, с. 83].

«Дала уалаяты» газеті жинақтары 1989, 1992 жылдары «Ғылым» баспасынан басылып көпшілікке жетті. 1989 жылғы басылым газеттің 1888-1894 жылдарын қамтыса, 1992 жылғы басылым 1899-1902 жылдар аралығын жинақтады. У. Суханбердинаның құрастыруымен жарияланған жинақтарға 400-ге жуық түрлі мақалалар, ертегілер, әңгімелер енген. Орынбор ғылыми

мұрағаттық комиссиясы мүшелерінен А.В. Васильев «Бозжігіт» жырының бір нұсқасын «Дала уалаяты» газетіне 1900 жылғы 26-30, 37 сандарында, 1901 жылғы 2,18,20,24-26 сандарында қазақ, орыс тілдерінде қатар жарияланған. Осы нұсқасы 1901 жылы «Тургайская газетада» бастырылған. Бұл нұсқа сол жылы Орынборда жеке кітап болып та баспадан шыққан. Ал А.Е. Алекторов батырлар жырынан «Нәрік батыр» жырының ертегіге айналдырылған нұсқасын жазып алып жариялаған. Мақал-мәтелдерді жинақтауда В.В. Радлов, А.В. Васильев, Ә. Диваевтер белсенділік танытса, И.И. Крафт, А.И. Добросмысловтар қазақ тарихына қалам тартқан [145, 5-16 б.].

«Дала уалаяты» газетін талдаған тарихшы Қ. Атабаев «Сондықтан, «Дала уалаяты» газетін тарихи дерек ретінде пайдаланушылар нақты мақаланың түпнұсқасын аудармамен немесе аударманы түпнұсқамен салыстырып қарағаны дұрыс болады. Материалдың екі тілде бірдей қатар берілуі ол тілдерді жақсы білетін қазіргі зерттеушілерге ондай жұмысты еш қиындықсыз іске асыруға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл бір тілде оқығанда бұлыңғыр көрінген ақпаратты екінші тілде оқу арқылы айқындай түсуге көмектеседі» деп орынды ескертеді [75, 84 б.].

Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы мүшелері «Русский вестник», «Русская старина» басылымдарымен де тығыз байланыста болды. Мәселен, А. Иванов «Русский вестниктің» 1890 жылғы 1 нөмірінде «Түркістан өлкесін орыстардың отарлауы» атты мақаласында бұрынғы Түркістан генерал-губернаторы К. Кауфманның есебін талдап, өзіндік көзқарасын білдірсе, Л. Юдин «Русская старинаның» 1894 жылғы 7 санында «1870 жылғы Маңғыстау түбегіндегі адайлар көтерілісі» атты мақаласын жариялады. «Менің қолыма кездейсоқ «Әскери жинақ» кітапшасының 1872 жылғы наурыздағы саны түсіп, одан «1870 жылғы Маңғыстаудағы тәртіпсіздікті басу» атты мақаламен танысып, мұрағат деректерімен және оқиғаны көзімен көрген топограф Зеленин жазбаларымен толықтыруды жөн көрдім» деп жазған П. Юдин негізгі деректерді комиссия мүшесі Н.Г. Ивановтан алғанын алға тартады [146, с. 7,79].

Зерттеу тақырыбына сай маңызды деректер Астрахан облысы басылымдарынан да табылып отыр. Мәселен, «Астраханской листок» газетімен комиссия мүшесі А.Е. Алекторов тығыз араласқан. Оның 1892 жылы «Астраханский листок», «Астраханские губернские ведомости», 1893 жылы «Астраханский вестник» басылымдарында бірнеше мақалалары жарияланды. Соның ішінде «Орыс-қазақ мектебі», «Қазақтарға арналған Әліппе», «Ішкі Бөкей Ордасы», «Қазақтардың ауыз әдебиеті» еңбектері көпшілікке тарады [147].

Аталған басылымдардан басқа Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссияның «Еңбектері», жинақтары, тапқан материалдары сол заманда-ақ өзге губерниялық комиссияларға жолданды. 1905 жылы Орынбор Комиссиясы 63 адрес бойынша басылымдарын жіберді. Мәселен, Ресейдегі барлық Мұрағаттық комиссияларға, Императорлық Орыс Географиялық қоғамының Түркістан бөлімшесіне, Торғай облыстық статистикалық комитетіне, Шығыс және Орта Азияны зерттеу орыс комитетіне, Императорлық Москва Археологиялық қоғамына, т.б. тараса, 1914 жылы осы тізімге «Қазақ» газеті қосылды. 1911

жылы жоғарыдағы тізім 102-ге жетті. Сонымен бұл басылымдарда Орынбордан шыққан талай құжаттар оқырманға жетті.

Ғылыми комиссиясы жинақтаған мұрағаттық құжаттар XIX-XXI ғасырларда жарық көрген барлық материалдар жинақтарына енді. Бір ерекшелігі жиналып, реттелген құжаттардың негізгі түп деректері Мәскеуге, Санкт-Петербургке әкетілгенімен, Орынборда көшірмелері, кейде негізгілері қалып қойып жатты. Жалпы қай кезеңде де жинақтар ізденушілерге зерттеу жүргізуде таптырмас құрал болды. Мұрағаттық комиссиясы құжаттарынан алып материалдар жинағын алғаш шығарған комиссия мүшелері И.И. Крафт пен А.И. Добросмысловтар [30] болатын. И.И. Крафт XVIII ғасырдың II жартысында Қытай қаупінің күшеюі кезіндегі қазақ хандықтары туралы деректерді қамтитын патша жарлықтарын жинады. Жинақта Абылай сұлтан, Ерәлі сұлтан, Жаналы сұлтан, Нұралы хан туралы материалдар жетерлік. Мәселен, 1764 жылғы тамыздағы жарлықта Құлсары, Құлеке старшиндардың іс-әрекетіне баға берілген. Жинақта Әбілқайыр хан немерелері Есім, Пірәлі сұлтандардың Жайық бойында көшіп-қону саясатына да назар аударады. І Павел жарлықтары, Орынбор өлкесіндегі 1797-1800 жылғы өзгерістер де осы жинақтан табылады [28].

Қазақ даласында орыс мемлекетінің ұйымдастырып 1825-1826 жылдардағы жүргізілген геологиялық және географиялық зерттеулері бағытындағы ғылыми экспедициялардың кезінде хатқа түсірген ғылыми қорытындылары мен тарихын кеңестік дәуірдің тарихшылары А.Л. Яншин мен Л.А. Гольденберг құжаттар жинағын 1963 жылы жариялады [148].

Қазақтар тарихына байланысты құнды құжаттар жинағы профессор М.П. Вяткиннің басшылығымен 1940 жылы жарияланды. «Материалы по истории Казахской ССР (1785-1828 гг.) Т. IV» деп аталатын жинақ толықтай Кіші жүз тарихына, Орынбор комиссиясы мүшелері реттеген құжаттарға арналады деуімізге болады. Біздіңше, М.П. Вяткин мұндай құнды материалдарды қазақ тарихына дендеп еніп, Сырым батыр монографиясын жазу кезінде жинақтап, назар аударған. Жинақта материалдар 8 топқа бөлінген. Олар төмендегідей:

1. Ресми тұлғалардан хабарламалары (губернаторлар, әскери басшылар, қорған командирлері және т.б.);
2. Сенат және коллегия жарлықтары;
3. Ресми тұлғалар хаттары;
4. Жобалар;
5. Бұрын Ордада болған адамдардың жазбалары және хабарламалары;
6. Істердегі экстраттар;
7. Қазақ билеушілерінен келген хабарламалар;
8. Жеке хаттар;

М.П. Вяткин құжаттардың көпшілігі патша үкіметінің Қазақстанды отарлау саясатын дәлелдейді деп орынды түйіндейді. Сонымен бірге XVIII ғасырдың 90-шы жылдары туралы, әсіресе 2-ші жарты жылдығына қатысты құжаттар көп еместігін алға тартады. Ғалым «1876-1906 жылдар аралығында мұрағатты жүйелеуді жүргізген сенатор Г.К. Репинский 1782-1797 жылдар аралығындағы «Қырғыз-қайсақ істері» қорын генерал-прокурор кеңсесіне беріп, көптеген

істерді жойғызды. Содан генерал-прокурор кеңсесіндегі тізімдегі 1797 жылғы 6321 істің 5436-сы жойылды. Ал 1798 жылғы 5779 істің 5121-і, 1799 жылғы 4496 істің 4816-сы жойылды» деген қорытындыға келді [149, с. 40-41]. Алайда, Орынборда жиналған талай құжат шенеуніктердің жауапсыздығынан бүгінге жетпей қалды. Жинақта жарияланған 151 құжатта Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы мүшелерінің өзіндік ролі болғандығын ешкім жоққа шығара алмайды.

1948 жылы «Материалы по истории Казахской ССР» жинағының II томы жарияланып, қазақ тарихының 1741-1751 жылдар аралығындағы кезеңін қамтитын құжаттар зерттеушілерге жетті. Онда да Орынбор экспедициясы, комиссиясы, т.б. жинақтаған мұралар тұңғыш рет оқырманға жол тартты [150].

XX ғасырдың 50 - жылдарынан кейін Қазақстанның «өз еркімен» Ресейге қосылуы туралы насихат кең түрде қолға алынды. Оны айқын дәлелдеу мақсатында КСРО Орталығындағы ірі-ірі мұрағат қорлары қайта ақтарылды. Көп ұзамай XVI-XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қарым-қатынастары жаңадан жарияланды. 1961 жылғы материалдар жинағында [151] 276 мұрағат құжаты көрініс тапты. Жинаққа бүгінгі Мәскеудегі Ресей империясының Сыртқы саясат мұрағатындағы (АВПРИ-Ұ.А.) № 122 «Қырғыз-қайсақ істері» қоры, Ресей мемлекетінің көне актілер мұрағатындағы (РМКАМ-Ұ.А.) № 411 «Орынбор губерниясы кеңсесі» қоры, № 1100 «Орынбор губернаторы И.А. Рейнсдроп кеңсесі» қоры, т.б. құжаттары енді. Жинақтың алғы сөзінде-ақ «Кеңестік тарих ғылымы Қазақстанның Ресейге қосылуының маңызы мәселесін ұзақ жылдар бойы зерттеді. Коммунистік партия Орталық Комитетінің нұсқауымен соңғы 10-15 жылда терең ғылыми зерттеулер негізінде біздің тарихшылар бұл мәселелердің дұрыс шешімін табуға ұмтылды. Қазақстанның және өзге де шеткері жатқан ұлт өкілдерінің Ресейге қосылуын тарихи прогресстік акт ретінде, бұл халықтардың дамуында оң әсерлерін дәлелдеуге тырысты» [151, III т], - деп біржақты орыс халқының қамқорлығы аясын дәлелдеу болғанымен, жинақта қазақ тарихынан құнды құжаттар ғылыми айналымға енгендігін атап өтеміз.

«Қазақ-орыс қатынасы» жинағы 1964 жылы жалғасын тауып, II томы жарық көрді. Жинаққа 1771-1867 жылдарға қатысты материалдар енді. Құжаттардың дені негізінен Астрахан, Орынбор, Омбы кеңселерінен дайындалған болатын. Жинақ алғашқы томындағы қалыптасқан негізгі ұстанымды жалғастырды [152].

2002 жылы 668 құжатты ғылыми айналымға қосқан Бөкей Ордасы тарихының 200 жылдығына арналған құжаттар жинағы жарияланды. Құрастырушылардың пікірінше, осынша құжаттың не бәрі 25-і ғана жоғарыда аталған материалдар жинағында болған екен. Мұның өзі Қазақстан тарихының беймәлім беттерін ашуға септігін тигізгені сөзсіз. Жинақта Орынбор облыстық мемлекеттік мұрағатынан № 6 «Орынбор генерал-губернаторы кеңсесі», № 166 «Г.Ф. Генс», № 222 «Орынбор шекаралық комиссиясы» қорлары мүмкіндігінше мұқият сараланды. Сонымен бірге жинаққа Мұрағаттық комиссия мүшесі А.Е. Алекторовтың 1887 жылы «Оренбургский листок» газетінің 7 санына жарияланған «Ішкі Бөкей Ордасы: («Тарихи қысқаша очерк») еңбегі енгізілді.

Құрастырушылар жинақты «Жинақ 3 бөлімнен, қосымшадан тұрады, бұнда төңкеріске дейінгі 14 еңбек енген. Осы еңбектердің тарихи деректік маңыздылығы қазірде сирек кездесетін библиографиялық құндылықтарға жатқызуға болады. Құжаттар Бөкей хандығының негізгі даму кезеңдеріне бөлініп берілген. Бірінші бөлімде Ішкі Орданың алғашқы ерте даму кезеңін сипаттайды. Екінші бөлім құжаттары Жәңгір хан билеген тұстағы құжаттар дерегін береді. Осы бөлім құрылымы 4 тараудан тұрады, яғни, аталған кезеңнің түрлі аспектілерін нақты көрсетеді. Бұл кезеңге И. Тайманов бастаған қазақтар көтерілісі құжаттары еңбеген, 1992 жылы осы оқиғаға арнап материалдар мен құжаттар жинағы жарық көрді. Жәңгір хан дүниеден өткеннен кейінгі Ішкі Ордадағы хандық биліктің таратылуы мен басқару ісіндегі қайта құрулар жинақтың үшінші бөлімінде берілген. Бөлімдер мен бөлімшелер ішінде құжаттар хронологиялық даму деңгейін сақтаған», - деп сипаттады [153, с. 24].

Зерттеу тақырыбына қатысты құнды құжаттар Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ұсынысы бойынша елімізде жүзеге асырылып отырған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жарияланған 10 томдық басылымның алар орны ерекше. Оларды бұрынғы жинақтар мен материалдардың жалғасы деуімізге болады. Тарихи ақпараттар Ресей Федерациясының Мәскеу және Санкт-Петербургтегі негізгі мұрағаттары – Ресей империясының Сыртқы саясат, Ресей мемлекетінің көне актілер, Ресей мемлекетінің әскери-тарихи, Ресей Ғылым Академиясы, Ресей мемлекеттік тарихи мұрағаттарынан алынды делінген. Ол құжаттардың дені XVII-XX ғасырлар аралығында Қазақстанмен шектес, көршілес қалаларда дайындалды. Ондағы кеңселерде тексеріліп, Орталыққа жіберді. Яғни көршілес қалалар деп отырғанымыз Орынбор (XVIII ғ. 40 жылдары), Астрахан (XIII ғ. басы) және Омбы (XVIII ғ. 50 жылдары) қалалары. Олар қазақ-орыс қарым-қатынасында маңызды рөл атқарды. Мәдени мұра бағдарламасының «XVI-XX ғасырлардағы орыс деректемелеріндегі Қазақстан тарихы» секциясының жетекшісі, тарихшы И.В. Ерофеева « XIX ғасыр екінші жартысы мен XX ғасыр басында Орынбор, Астрахан, Омбы мұрағат қоймаларын заманында Орталық Азияның тарихы мен этнографиясын алғаш зерттеген көрнекті мамандар Я.В. Ханыков, В.В. Вельяминов-Зернов, В.В. Григорьев, Л.Л. Мейер, И.И. Крафт, В.Н. Витевский, А.И. Добросмыслов, А.Е. Алекторов, Г.Н. Потанин, Г.Е. Катанаев, Н.Я. Коншин, А.Н. Бөкейханов. Олар мұрағаттардан табылған материалдарды Қазақстан тарихына байланысты өздерінің даярлаған еңбектеріне пайдаланды. Қазақтар туралы кейбір тарихи құжаттарды астаналық және шеткері аймақтардағы басылымдарға жариялады » деп бағалады [154, с.7-8]. Аталған ғалымдар ішінен И.И. Крафт, В.Н. Витевский, А.И. Добросмыслов, А.Е. Алекторовтар Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссия мүшелері. Міне олар тағы басқа Комиссия мүшелері атсалысқан мұрағат деректері бүгінде халық игілігіне айналды. «История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков» жинағының 9 томы ерекше маңызды. Жинақта тарихи ақпараттың ерекше бір түрі дала тарихнамасына арналған. Бірақ бір кезеңде кеңестік идеология оны пайдалануға тыйым салып, аңыз ретінде ғана қарады. Осы 9 томда Орынбор Комиссиясы мүшелері халық аузынан жинап, кезінде түрлі басылымдарға

шығарған еңбектері жарық көрді. Мәселен, А.А. Диваевтың «Көк-кесене күмбезі», «Алаша хан», «Бекет батыр туралы қазақтың аңыз әңгімелері», А.Е. Алекторовтың «Таз-Таг туралы қазақтардың аңызы», «Қазақтардың шығу тегі туралы аңыз», «Жәңгір хан өліміне алаша Байтоқының жоқтауы», И.И. Крафт жинаған аңыз-әңгімелері оқырман үшін қызықты [155].

И.И. Крафт жазып алған материалдар 1900 жылы «Қазақтардың көне тарихынан» еңбегінде, одан сәл бұрын 1898 жылы «Тургайская газетада» жарияланды. Әсіресе, И.И. Крафтың «Тургайская газетаның» 1897 жылғы № 120 санындағы «Сұлтандар, тархандар, билер» деген тарихи анықтамасы мұрағат деректерімен үндесіп жатыр. Зерттеуші сұлтан дегеніміз кім, олар кімнен тарайды, Ресейге «қосылғаннан» кейінгі өзгерістерге назар аударса, тархандық лауазым XVIII ғасырда қай қазаққа бірінші берілді, қашан жойылды деген сұрақтарға толық жауап беруге тырысты [155, с. 307-309].

2008 жылы Мәскеулік тарихшы Н.Е. Бекмаханованың құрастыруымен «Қазақстан мен Орта Азияның Ресейге қосылуы (XVIII-XIX ғғ.)» құжаттар жинағы жарияланды. Жинаққа Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты мен Орынбор мұрағатынан біршама құжаттар енгізілді. Олардан өзге бізге қатысы бар Ресейдің бірнеше мұрағатынан, Өзбекстан, Грузия Республикаларының мұрағаттарынан құнды материалдар алынған. Автордың анықтауынша жинаққа 156 құжат, оның шамамен 90% жаңа материалдар айналымға қосылған » [156, с.4].

Жоғарыда аталған құжаттар жинағынан басқа да әртүрлі кезеңде жарияланған «1836-1838 жылдардағы қазақтардың ұлт-азаттық қозғалысы», Махамбет ақынның туғанына 200 жылдығына орай «Исатай-Махамбет. 1801-1818. Документы», «Казачьи войска Азиатской России в XVIII-начале XX века (Астраханское, Оренбургское, Сибирское, Семиреченское, Уральское)» жинақтарының [157] да Орынбор мұрағатында сақталған деректер негізінде құрастырылғаны анық.

Қорыта келгенде, зерттеу тақырыбына сай деректер базасы жеткілікті. Оны жаңаша зерделеу, тарихи-салыстырмалы әдіспен саралау, оған фольклорлық мұраларымызды қосу арқылы қайта тексеру, тарихымыздың қиын-қыстау кезеңіндегі шынайы тарихын өз боданына айналдырған алпауыт мемлекеттің жиған-терген ғылымының нәтижелерін сараптап, жарқын болашағымызды ойлағанда, келер ұрпаққа тарихымыз адал да айқын жету үшін ұлттық мүдде тұрғысынан ой қорыту басты парызымыз.

2 ГУБЕРНИЯЛЫҚ МҰРАҒАТТЫҚ КОМИССИЯЛАРДЫҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ

2.1 Мұрағаттық комиссиялардың құрылуының алғышарттары

Ресейдің Орта Азияға назар аударып, оны отарлау объектісі ретінде анықтап, алдымен ғылыми тұрғыдан тану жоспарын жасағаны бүгінде белгілі. Оның бастамасын сонау XVI ғасырлардан бастасақ та жүйелі түрде қолға алынғаны XVIII ғасырдың алғашқы ширегі, дәлірек айтсақ I Петрдің билікке келуімен заңды байланыстырылады. Қазанды, Астраханды, башқұрттарды бағындырған Ресейге Азияның бай өлкесіне шығудағы қақпа – Қазақ елі саналды. Оның жолында жасалған қыруар шаралар, жоспарлар, жүзеге асыру тәсілдері, оған қызмет қылған шенеуніктер мен әскери мамандар, ғалымдар еңбектері алғашқы күннен бастап-ақ Орынборда жинақталды. Ал оның барлығы кейін Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясында есепке алынып, толықтырылып, реттеліп, бүгінге жетіп отыр. Жүз мыңдаған материалдар, құжаттар, есептер, хабарламалар, т.б. жүйелеу Мұрағаттық комиссияның басты шаруасына айналды. 1887 жылы осы мақсатта Губерниялық мұрағаттық комиссияның толық жұмыс жасауына алғышарттар толық жеткілікті еді. Оған саяси да, экономикалық та, ғылыми да дайындық басы сол бір XVIII ғасырдан бастап қалана бастаған-ды. Бізге жеткен Комиссияның басылымы «Еңбектері» мекеме мүшелерінің қаламынан туған ғылыми мақалары оны толық дәлелдейді.

Сонымен оның ең басты негізі ресейлік саясаткерлердің Азия бағытындағы саяси жоспарынан бастау алды. Кельн университетінің профессоры Андреас Каппелер «Ресейдің қазақ даласына ұстанған саясатын «Алтын Орда жерін қайта жинау» деп аталған XVIII ғасырда оңтүстіктегі көшпенділер башқұрт, қалмақ және ноғай татарларын өзіне қаратты. Қазақтардың дәстүрлі мал жайылымына шабуыл оңтүстік Сібірден, оңтүстік Оралдан, осының нәтижесінде Омск (1716) бекінісінің құрылысы қаланса және Ертісте Семипалатинск (1718), содан кейін бекініс шептері түзіле бастады, соның ішінде Орынбор бекінісі де бар. Осымен бір мезетте орыстардың жаулаушылық бағыттағы басты маңызды жоспарында белгіленгендей қазақтармен сауда қарым-қатынасын бастап та кетті», - деп орынды анықтаған-ды [158, с.138].

Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссия мүшелері Орынбор өлкесі мен Қазақстанды ғылыми тұрғыдан танудың бастамасы Ресей мемлекетінің XVIII-XIX ғасырлардағы отарлау саясатымен жаңа қарқында дамығандығын сезіне білді. Өйткені, Ресейлік Орталықтан келген Орта Азияны зерттеу нысаны ретінде таңдаған ғалымдар, саяхатшылар Орынборға келіп, кейін жазбаларын Орынбор кеңсесі арқылы өткізді. Сондықтан да XVIII ғасырдағы екі Академиялық экспедиция, өлкеге келген ғалымдар мен шенеуніктер еңбектері Мұрағаттық комиссия мүшелеріне жақсы таныс болатын.

Қазақ-орыс қарым-қатынасының жаңа кезеңі XVIII ғасырдың 30-шы жылдарында басталды. Оған соңғы жылдардағы қазақ-жоңғар, қазақ-қалмақ, қазақ-башқұрт, қазақ-Жайық казактары, қазақ-Хиуа, т.б. қарым-қатынасының шиеленісуі бірден бір ықпал жасады дей аламыз.

XVIII ғасырда Қазақстанды танудың алдында А.И. Тевкелевтің тұрғандығы алдыңғы тарауда аталған В.Н. Витевский, А.И. Добросмыслов т.б. еңбектерінде айқын көрініс тапты.

А.И. Тевкелев (1674/75-1766) шығыс халықтары тілдерінің маманы ретінде Сыртқы істер коллегиясында аудармашы бола жүріп, 1711 жылғы Прут жорығына қатысып, І Петр назарына ілікті. 1716 жылы ол патша жарлығымен А. Бекович-Черкасскийдің Хиуа экспедициясына енгізілгенімен, жолда Иран мен Индияға бару туралы жаңа бұйрық алып бағытын өзгертті. Бірақ Индияға барар жолда Астрабадта қолға түсіп, Ирандағы елші А.П. Волынский көмегімен босатылды. 1719 жылы Астраханға келіп, Аюке хан жанында қызмет жасады. Ол 1730 жылы 30 сәуірде Санкт-Петербургтан жаңа тапсырма алып, қазақ даласына аттанды. Содан 1731 жылы 5 қазанда Әбілқайыр ханның Ырғыз бойындағы хан Ордасына келген. 1732 жылы 24 қарашада А.И. Тевкелев елшілігін аяқтап, Найзакескен мекені арқылы Ресейге аттанды. Орыс елшілері жинақтаған мәліметтерді саралаған тарихшы И.В. Ерофеева А.И. Тевкелевтің орыс үкіметі басшыларына жолдаған 5 хабарламасына, оның «Күнделігіне», геодезисттер А. Писарев пен М. Зиновьев құрастырған орыс әскерінің жол маршруттары мен географиялық картасына жоғары баға берді. Әсіресе, 1731-1733 жылдарды қамтитын 140 беттік «Аудармашы Мамет Тевкелевтің қырғыз-қайсақ ордасында болған кезіндегі күнделігі» Қазақстанның XVIII ғасырдың І жартысын ғылыми тануда маңызды дерек екендігін атап өтеміз [159, с. 6-20].

А.И. Тевкелев «Күнделігі» 1961 жылы шыққан «Казахско-русские отношения в XVI- XVIII вв.» атты жинақта да жарық көрді. Күнделіктен тарихи тұлғаларымыз – Әбілқайыр хан, Семеке хан, Нұралы, Батыр, Нияз сұлтандар, Бөкенбай Қараұлы, Есет Көкіұлы, т.б. батырлар туралы деректер табамыз. Сонымен бізге қазақ халқының XVIII ғасырдың басындағы әлеуметтік-экономикалық саяси жағдайын айғақтайтын мұрағат құжаттары жеткілікті. А.И. Тевкелев еңбектеріне қазақ этнографиясын зерттеуші Е.А. Масанов «Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР» атты 1965 жылғы монографиясында «Тевкелев өзінің қызметінде Сыртқы істер Коллегиясының нұсқауымен жұмыс жасады. Бұл нұсқаудың кейбір бөлімдері этнографиялық зерттеулер мәселесіне арналған, сол секілді орыс бағдарламасының бас кезеңінен қазақ халқының этнографиясын зерттеу басты мәселелердің бірі болды. Тевкелев қазақ ауылдарының этнографиялық материалдарын күнделікті қазақтар өмірін бақылау арқылы, жергілікті халыққа сұраулар беріп, әнгімелесу негізінде жиналды», - деп жоғары баға берді [63, с.71]

А.И. Тевкелевпен қатарлас Ресейдің Азия бағытындағы саясатын жүзеге асыруда Сенаттың обер-секретары И.К. Кирилов та (1689-1737) ат салысты. Ол экономикалық географияға назар аударып, Азиямен шектес шекараны күшейту мақсатында картография ғылымына назар аударды. Алғашқылардың бірі болып, И.К. Кирилов Ресеймен көршілес оңтүстік-шығыс елдерінің картасын жариялап, шекараны күшейту үшін «қала-қорған» салу, сол арқылы Жайық, Самар, Сақмар өзендеріне қорған, редут, форпостар толтыруды ұсынды. Олар қазақтардан т.б. қорғанып, Азияны жаулауда тірек болады деп сендірді.

И.К. Кириловтың жоспарын қабылдаған патшайым Анна Иоанновна 1734 жылы 18 мамырда оны Орынбор өлкесін басқаратын Орынбор экспедициясының алғашқы басшысы ретінде бекітті. И.К. Кирилов 1734 жылы 10 қарашада Уфаға келіп, жыл аяғында Жайық өзенінің жоғарғы ағысындағы Верхнеяицкий қорғаны негізін қалады. Ал 1735 жылы 15 тамызда Жайық өзенінің Ор тармағында Орынбор қаласының негізін қалап, кейін Орск қорғаны атады. Орынбор Мұрағаттық комиссиясының мүшесі П.Н. Стоплянский И.К. Кирилов жоспарын сынай отыра, «Орынбордан шыққан сауда керуенін жасақтап, қазақ даласы арқылы мол алтындар, тәтті-дәмділер, қымбат тастар және Үндістанның нәзік маталарын армандамай Арал теңізіне шығатын флот құрылымын құруды ойлау керек еді, жоқ керісінше, әрбір қадам шағын жерді алу үшін қантөгіспен екі майданда ұрыс жүргізді. Екі халықпен, біздің отарымыз болып есептелетін бүйірімізде башқұрттар өздерінің жерге бас иелігінің жоқ екенін түсініп отырған халық және алдымызда жаугер номадтар қазақтар тұрды ...», - деп қорытты [160, с. 22-24]. П.Н. Стоплянский 1908 жылғы «Орынбор қаласы. Қала топографиясы мен тарихы туралы материалдар» еңбегін дайындау барысында Комиссияда жинақталған зерттеулермен бірге, өздері реттеген мұрағаттағы № 1 қордағы құжаттарға арқа сүйеді. Қорда И.К. Кириловтың жоспары, патшайымның Орта Азия хандықтарымен сауда, дипломатиялық қатынастарды ұйымдастыру туралы нұсқаулары сақталған [161].

И.К. Кирилов 1737 жылы қайтыс болғаннан кейін, Орынбор Комиссиясына басшы болып, орыс тарихында көптомдық «Ресей тарихы» еңбегінің авторы В.Н.Татищев (1686-1750) тағайындалды. В.Н. Татищев Орынбор қаласын Ор өзенінен көшіру туралы шешім қабылдап, оны үкіметпен келісіп, Жайық бойындағы Қызыл тауға қайта салуды шешті. Э.А. Масанов пікірінше, В.Н. Татищев 1736 жылы-ақ «Барлық Сібірдің жалпы географиялық сипаттамасы» атты еңбегіне қазақтар туралы бір тарауды қосуды көздеген. Бірақ жоспары іске аспай қалған. Дегенмен, ол «Ресей тарихы» (1739-1750) еңбегінде қазақтардың этногенезі туралы, соның ішінде атауы, олардың этникалық аумағы, көші-қоны, рулық-тайпалық құрылымы туралы пікірлерін жариялайды [63,с.83]. В.Н. Татищевтің Орынбор өлкесіндегі өмірі мен қызметі Орынбор мұрағаттарындағы № 2 қорда жинақталған. Ол кейін жоғарыда аталған А.И. Добросмыслов, П.Н. Стоплянский еңбектеріне енгізілді. Мұрағаттан оның Сенатпен, Әскери коллегия және Сыртқы істер коллегиясымен қарым-қатынасына қатысты құжаттар баршылық [162].

Ресейдің Орынбор арқылы Қазақстанға бастапқы қадамдары тұсында алғашқы Академиялық экспедициясы да ұйымдастырылды. Ол патшалы Ресейдің отарлау барысындағы экономикалық, саяси және мәдени сұраныстарын қамтамасыз ету үшін 1733-1743 жылдары ұйымдастырылды. Экспедицияға орыс тарихшысы, академик Г.Ф. Миллер (1705-1783), этнограф С.П. Крашенинников (1711-1755) т.б. қатысты. Кейін Г.Ф. Миллер «Сібір тарихы» еңбегін де жариялады. Кейбір ғалымдардың пікірінше, Г.Ф. Миллерге Орынбор кеңсесіне 1734 жылы келген П.И. Рычков (1712-1777) қазақтар туралы материалдар жинап көмектескен [163, 7 б].

Сөйтіп, болашақ Орынбор өлкесі тарихының алғашқы тарихшысы П.И. Рычков Орынбор генерал-губернаторлығы кеңсесіндегі бай мұрағатқа ие болды. Оның осы өлкедегі үздіксіз 40 жылдық еңбегі жоғары бағаланды. 1759 жылы 16 тамызда ол Ресейдегі алғашқы корреспондент мүшесі атағына ие болды. Осы тұста оны Академия ғылымдарының бас ғалым хатшысы Г.Ф. Миллер де қолдады. Кеңсе бухгалтері бола жүріп, бай мұраны игеріп, Орынбордың негізінің қалануынан бастап, көршілес қазақ, Хиуа, түркімен, т.б. тарихымен байланыстыра, Орынбордың ішкі Ресей бетіндегі халықтар – татар, башқұрт, қалмақ, т.б. қосып, географиялық мәліметтерді жинақтап, 1744 жылы сүбелі еңбегін аяқтады. Зерттеуші қазақтардың тарихын өзінше таратып, олардың көші-қон мекендерін анықтап, руларының атауларын қағазға түсірген. Дегенмен, П.И. Рычков сол кезеңде-ақ Кіші, Орта Ордаларды Орынбор губерниясының ішіне қосып жіберген. Мұның өзі Орынбор әкімшілігіндегі отарлау саясатының 1730-1740 жылдары-ақ түпкілікті қалыптасқандығын дәлелдейді. Ал Үлкен Орда қазақтарын Орынбор губерниясынан тыс жерде деп анық жазған [33, с.22]. П.И. Рычковтың кеңседегі қызметін «Орынбор губерниялық кеңсесі» қорындағы құжаттар толық дәлелдейді. Ол Орынбор губернаторы И.И. Неплюев (1693-1773) жанында барлық маңызды мәселелерді шешуге, жоғары деңгейдегі қазақ-орыс келіссөздеріне, қазақ даласына түрлі экспедицияларды жіберуге белсене қатысты. Іс-қағаздары П.И. Рычков арқылы дайындалды [164]. П.И. Рычковтың ғылыми мұралары В.Н. Витевскийдің алдыңғы тарауда аталған монографиясында толық пайдаланылды. П.И. Рычков тұсында қазақтар арасында түрлі тапсырмалармен – К. Миллер, Д.В. Гладышев, И. Муравин, И. Ураков, Р. Уразин, М. Арапов, Я. Гуляев, А. Яковлев, т.б. Орынбор кеңсесі дайындауымен болып, бай мәліметтерді Орынборға әкелді.

Ғылыми құндылығы жоғары ақпараттарды 1736 жылы Кіші жүзге Әбілқайыр ханға барып қайтқан ағылшын суретшісі, Орынбор экспедициясына қатысушы Джон Кэстльдің әкелгендігі де соңғы жылдары белгілі болды. Еңбектің бүгінге дейін белгісіз болуын тарихшы К.Л. Есмағамбетов оның жазылу және жариялану ерекшеліктеріне байланысты деп есептейді. Автордың өзі жазғандай, күнделіктің бірінші нұсқасы Орынборда қалған да, ал түзетілген және 1737-1738 жылдары басынан өткерген оқиғалар жөніндегі баяндауларымен толықтырылған нұсқасы 1741 жылы Санкт-Петербургте орыс императорына жіберілген. Күнделіктің патшаға жеткен-жетпегені белгісіз, бірақ ол неміс тілінде готика қарпімен 1784 жылы Ригадағы И.В. Гарткпохтың баспасынан «Орыс тарихының материалдарына» қосымша ретінде жарық көрді.

Күнделікті құрылымдық жағынан және хронологиялық тұрғыдан үш бөлімге бөлуге болады:

1) Кэстльдің 1736 жылдың 14 маусымынан - 5 шілдеге дейінгі, яғни Орынбор бекінісінен шығып хан ордасында болған және Уфаға қарай жолға шығу кезеңі;

2) Кіші жүзге сапарының қысқаша сипаттамасы;

3) 1736 жылдың 12 тамызынан- 13 наурызына дейінгі мерзімде Жайық қалашығы, Самара, Симбирск арқылы Орынборға жетуі [165, 5-6- б.].

Жалпы күнделікпен танысқан К.Л. Есмағамбетов «Кэстль күнделігін А.И. Тевкелев күнделігімен салыстыруға болмайды, дегенмен ол А.И. Тевкелев еңбегінің жалғасы іспеттес, орыс бодандығын қабылдағаннан кейінгі 3-4 жылдан соң, Кіші жүзде қалыптасқан саяси, әлеуметтік-экономикалық ахуал жөнінде сан алуан мәліметтер беруімен құнды», - деп орынды бағалайды. Күнделікте башқұрт-қазақ, қазақ-жоңғар қатынастары; Әбілқайыр хан және оның төңірегі; Әбілқайырдың орыс әкімшілігі жөніндегі ой-пікірі; Әбілқайырдың алдына қойған саяси мақсат-мүддесі және әлеуметтік-саяси тірегінің әлсіздігі; Жәнібек, Бөкенбай сияқты батырлар мен руластарының қазақ қоғамындағы ролі; қазақ халқының түрлі әлеуметтік топтарының күнделікті өміріне, тұрмыс-салтына байланысты бай этнографиялық материалдары; Кіші жүздің хайуанаттар мен өсімдіктер дүниесі, табиғаты, пайдалы кен қазбалары, т.б. материалдар жеткілікті [165, 7- б.]. Кэстль күнделігіндегі қазақтардың Ресейге қарсы іс-әрекеттері мұрағат қорындағы құжаттармен үндеседі. Мәселен, қазақтардың Жайық казактарымен, Еділ қалмақтарымен қатынасы, оларға қарсы Әбілқайыр хан саясаты толықтырыла түседі [166, 22-23 pp.].

XVIII ғасырдың екінші жартысындағы орыс саясаткерлерінің ғалымдарға жүктеген ғылыми бағыттары екінші Академиялық экспедициядан айқын көрінді. Бұл экспедиция 1768 жылы ұйымдастырылып, құрамына академиктер И.И. Лепехин (1740-1802), П.С. Паллас (1741-1811), И.Г. Георги (1729-1802), И.П. Фальк (1727-1774), Н.П. Рычков (1746-1784) т.б. енді. Олардың барлығы қазақ даласында болып, жергілікті тұрғындармен кездесті. Осының нәтижесінде ғалымдар Қазақстанның территориясы, оның халқының кәсібі мен шаруашылығы, қазақ халқының тарихы мен мәдениеті туралы құнды және алуан түрлі мәліметтері бар көп томдық академиялық еңбектер жазды. Академиялық экспедиция басшысы неміс ғалымы П.С. Паллас еді. Академиялық экспедиция туралы алғаш рет қазақтардан қалам алған Санжар Жағыпарұлы Асфендияров болатын. Ол басқарған ғалымдар 1935 жылы «Прошлое Казахстана в источниках и материалах» атты жинақты шығарып, оған экспедиция мүшелері П.С. Паллас, И.Г. Георги, И.П. Фальк еңбектерінен қазақ тарихына, этнографиясына қатысы бар тұстарынан үзінділер келтірді [167].

Экспедиция қорытындысында П.С. Паллас «Путешествие по разным провинциям Российской империи» атты еңбегін жариялады. Еңбекте оның қазақтармен кездесуі арқылы анықтаған, көзімен көрген шаруашылық жайы, мал-жандықтары, олардың өсіп-өнуі, өзге халықтармен байланысы, ішкі қарым-қатынасына ерекше мән бергендігін байқаймыз. Мәселен, «1769 жылы 17 тамызда Орал өзені бойындағы Калмыково қорғанына жақын көшіп-қонған қазақтарға кешқұрым келдік. Далалықтар қай уақытта да өздеріне лайықты, қолайлы жерді таңдай біледі және бір жерден екінші жерге көшіп жүреді... Олар бізді жылы қарсы алды, бірақ біздер тәуекел етпей, қорғанға оралдық», - деп жазған болатын. Сонымен бірге зерттеуші қазақтар еркіндікте өмір сүреді. Сондықтан да олар өзге халықтардай қауіпті емес деген қорытындыға келеді [167, с.223, 229].

П.С. Паллас Қазақстанның батысы, солтүстігін аралап, Гурьев, Орал, Троицк, Семей қалаларынан өтті. Оның жанында П.И. Рычковтың баласы, капитан Н.П. Рычков жүрген-ді. Н.П. Рычков П.С. Палласпен 1767 жылы Мәскеуде танысты. Содан кейін П.С. Паллас болашақ Академиялық экспедицияның жоспарын нақтылау үшін Н.П. Рычковтың әкесі П.И. Рычковқа келеді. Экспедиция аттанып кеткеннен кейін Н.П. Рычков Орынборға, Жайық қалашығына келіп, 1771 жылы 15 мамырда Еділден қашқан қалмақтар соңына түсетін орыс әскері полковник Н.П. Траубенберг отрядына қосылды. Оның қорытындысында «Дневные записки путешествия капитана Николая Рычкова в киргиз-кайсацкой степи 1771 г.» атты еңбегі жазылды. «Капитан жазбалары» атауына ие болған еңбек 1772 жылы Санкт-Петербургтегі Ғылым Академиясында жарыққа шықса, 1995 жылы оны «Ана тілі» баспасы қазақ тіліне аударды. Н.П. Рычков: «Еділ қалмақтары көбіне өз басшыларының наразылығынан Ресей бодандығынан көшіп қашуы себепті, Орынбор губерниясында тұрған әскер жиналып, қазақ даласына аттандырылатын болды. Өйткені өздерінің ежелгі отандарына қашқан бүлікшілердің жолын кесетіндей оңтайлы жер осы қазақ даласы еді. Бұл хабар біздің экспедицияға жеткен бойда, онша таныс емес осы елді сипаттап жазып келу үшін қолайлы деп, мені сол корпуспен бірге аттандыру ұйғарылды. Сапарымның басты міндеті – қазақ халқының иелігіндегі жақсы жерлерді зерттеу, осы елден табылатын өнімдерінің үлгілерін жинап әкелу болды. Әскер жолға шыққанша жетпек ниетпен, хабар алынған күні-ақ Челябин қаласынан жүріп кеттім де, көкектің 11-і күні аталмыш жорыққа аттанатын әскер жиналып жатқан Ор қамалына келдім», - деп өзіне жүктелген тапсырманы анықтайды [168, 51 б.] Капитан жазбалары Орынбор мұрағатындағы №3 қордағы құжаттармен толығырақ түседі [169, 2, 4, 118-120 pp.].

Н.П. Рычков қазақтар географиясымен қатар, этнографиясына, шаруашылық салаларына, рухани дамуына, ішкі-сыртқы саяси жағдайына назар аударды. Ол зерттеуінің соңында «Троицк қамалынан асқаннан кейін менің зерттеу жұмысым тәмәмдалды. Өйткені, Орынбор шебінің бойындағы ұланғайыр губернияның ең бас қаласына дейінгі аралықта жатқан елді мекендердің барлығы академиктер Паллас пен Лепехин мырзалар зерттеп жазған жәйттер еді. Олар өткен жазда осы жерлердің бәрін зерттей жүріп аралап өткен-ді. Енді менің тіке Орынбор қаласына жетуім ғана қалған. Мен башқұрт жұрты арқылы жүргеннен гөрі, осы шекаралық шептің бойымен барғанды дұрыс деп білдім», - деген тоқтамға келеді [168, 102-б.]. Н.П. Рычковтың өмірі мен қызметі кейін Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясының мүшесі А.Е. Алекторовтың 1900 жылы Қазанда шыққан «Указатель книг, журнальных и газетных статьи о киргизах» еңбегінде жоғары бағаланды.

Экспедицияның мүшесі, белгілі неміс ғалымы И.Г. Георгидің де есімі XVIII ғасырда Қазақстанды зерттеушілер арасында ерекше құрметпен аталады. 1770 жылы Ресейге шақырылған И.Г. Георги И.П. Фальк экспедициясының құрамына енгізіледі. Оның жасаған саяхаты 1770 жылдан 1774 жылға дейін созылып, Оралға, Поволжьеге, Сібірге барып қайтты. 1773 жылы Орал

қаласына келіп, өзен арқылы қазақ даласын Ырғызға дейін кесіп өтіп, содан кейін Волга арқылы Саратовқа оралды. Оның артына қалдырған сүбелі «Описание всех обитающих в Российском государстве народов, также их житейских обрядов, вер, обыкновений, жилищ, одежд и прочих достопамятностей» атты 4 бөлімнен (біреуі неміс, үшеуі орыс тілінде) тұратын еңбегі 1776-1777 жылдары басылды. Кейін бұл еңбек жоғарыда аталған А.Е. Алекторов, С.Ж. Асфендияров зерттеулерінде пайдаланылды. Соның ішінде С.Ж. Асфендияров қазақ тарихына, этнографиясына қатысты бөлімдерін жариялап көпшілікке ұсынды. И.Г. Георгидің «Описаниесінің» 2 бөлімі «Татар тайпаларына» арналып, қазақтарға, башқұрттарға, ноғайларға жеке-жеке тоқталып өтеді. Ғалым «Ноғайлар XVIII ғасыр басында қырғыздар (қазақтар – Ұ.Т.) даласындағы Ембі өзені маңында көшіп қонды. Бірақ атақты қалмақ ханы Аюке олардың барлығын Орал және Волга өзендерінің батысына қуды», «Қазақтар башқұрттарды естек немесе отяктар деп атайды» деген пікірін білдіреді. Тіпті кейде «башқұрттар аз қолмен де қазақтарды жеңе береді. Олар соғысу өнерін жақсы меңгерген» деп қорытынды жасайды. Ал башқұрттарды қару-жарақпен қамтамасыз еткен орыс үкіметі екендігін ашық жазбайды. Мұның өзі автордың біржақты Ресей империясы саясаты тұрғысынан еңбегін түйіндегенін дәлелдейді. Бұған қазақтар туралы бөлімінде келтірілген «жоңғардың шабуылы», «Ресейдің қамқорлығы», «Әбілқайырдың өлімі», т.б. туралы мәселелерді қоссақ, еңбектің «тапсырма» арқылы дүниеге келгендігін толық айғақтайды [170, с. 36, 88, 117-118]. Э.А. Масанов: «Георгиге дейін бірде-бір автор қазақтар туралы толық және жан-жақты этнографиялық сипаттама бере алған жоқ және солай бола тұра, оның этнографиялық материалдарының жоспарының мазмұны ешқандай да алдыңғылардан дараланатын өзгешелігі болған жоқ. Георги өзінің ойлары мен тұжырымдарында жиі қателесті, дұрыс ой қорыта алмады. Мысалы ол қазақ фольклоры деректерін дәйексіз, әсіресе, шежірені этногенетикалық сипаттағы аңыз әңгімелерді қазақ халқы тарихыныңерте дәуірін зерттеуге ешқандай бұл материалдардың қатысы жоқ деп есептеді. Ол орыс мұрағат деректерін білмей, тіпті, қазақтардың XVII ғасырдан әрі тарихы болғандығына күмәнмен қарайды», - деп орынды сынға алды [63, с.118].

II Академиялық экспедиция мүшесі И.П. Фальк зерттеу жұмыстарына бірден 1768 жылы қосылды. Алдымен Астраханға, содан қалмақ даласы арқылы Орал қаласына, кейін Орынборға сапар шекті. Оның барлығы 1770 жылы жүзеге асты. Экспедицияға қатысудың қорытындысы ретінде дүниеге келген И.П. Фальктің «Описание всех национальностей России» қолжазбасын кейін И.Г. Георги өңдеп, 1785-1786 жылдары неміс тілінде шығарды. И.П. Фальк жазбаларын С.Ж. Асфендияров, Э.А. Масановтар пайдаланды. 1999 жылы «Ғылым» баспасынан неміс тілінен аударылған оның еңбегі Қазақстанда алғаш рет жарық көрді.

И.П. Фальк Ресей империясындағы орыстардан кейінгі көбі татар халықтары дей отыра оларды, бұхарлықтар, хиуалықтар, түркімендер, қазақтар деп жіктеп, жеке-жеке тарихына, салт-дәстүріне, шаруашылығына, саяси құрылысына, басқару жүйесіне шолу жасады. Автор татарлардың көпшілігі,

соның ішінде қазақтар Ордасында көшпелілер, ал отырықшылары империяның әр жерінде тұрады деп есептеді. Зерттеуші татарлардың түбі бір, түркі тілдес екендігіне, мұсылман дінін ұстанатындығына назар аударады. И.П. Фальк, бір қызығы, барлық аталған халықтар тарихына қазақтардың қатысқандығын атап өтеді. Мәселен, «Хиуалықтар» тарауында оларды XVIII ғасырда Әбілқайыр ханның, Нұралы ханның, Батыр сұлтан ұлы Қайып ханның басқарғандығын алға тартады. Дегенмен, кейде тарихи шындыққа жанаспайтын деректер де келтіреді. Соның ішінде Әбілқайыр ханның үлкен алым-салық беру арқылы Кіші жүз ханы болды дегені тарихи сынды қажет етеді.

«Түркімендер» тарауындағы да әңгімелер бүгінгі зерттеушілер үшін ерекше маңызды. Автор түркімендерді үшке бөліп, оның бірі қалмақтардан ығысып, орыс бодандығын қабылдап, Терек өзені бойында, Куман және Кубан далаларында тұрса, екінші, үшіншілері – Айрақты және Текейомуттар деп аталады. Айрақты түрікмендерді 1772 жылы Нұралы хан ұлы Пірәлі сұлтан басқарды дейді [171, с. 87,112,118]. И.П. Фальктің Пірәлі сұлтан туралы деректері мұрағат қорындағы материалдармен дәлелденеді. Пірәлі Нұралыұлы 1745-1815 жылдар аралығында өмір сүріп, 1770 жылы Маңғыстаудағы түрікмендер ханы, шөмекей руының биі саналғаны белгілі. Пірәлі қайтыс болғаннан кейін, 1815 жылы оның орнына балалары Әбілғазы мен Дәулетқали ұсынылды [172, 1-2 pp.].

И.П. Фальк «Қазақтар» тарауында олар үш жүзге – Үлкен, Орта, Кіші болып бөлінеді дей келе, «менің хабарламам Орынбор шебінде болып, ұзақ бақылағаннан соң қалыптасты. Олар қазақ даласын аралаған Барданестен (Фальк экспедициясының мүшесі Христофор Барданес) және Орта жүз шекарасын шарлаған Георгиден, біразын кеңседен, хабары бар орыс, татарлардан, әсіресе, қазақтардың өздерінен алынды», - деп өзіндік пікірлерінің тірегін атап өтеді [171, с.121]. Ғалым өзіне дейінгі зерттеушілер еңбектеріне де сыни тұрғыдан қарайды. Мәселен, П.И. Рычков еңбектерін саралап, оның да, менің де жинаған мәліметтерім толық болмауы мүмкін деген қорытындыға келеді. И.П. Фальк еңбегіндегі Барданес Христофор да онымен бірге ел аралаған дәрігер. Ол И.П. Фальк тапсырмасымен 1771 жылы әскери отрядпен Семейден Шарқұрған өзенімен өрлей отыра оның жоғары жағына дейін Зайсан ойпатын аралады. Х. Барданестің 1771 жылғы «Қырғыз даласына» барғандағы сапарының суреттемесі «*Полное собрание ученых путешествии по России*» (изд. Акад.наук, 1 VII, СПб, 1825), «*Дополнения к запискам путешествия акад. Фалька*» деген еңбекте жарияланған [163, 14 б].

Осы кезеңде қазақ даласында Ресей Ғылым Академиясының мүшесі, дәрігер И. Сиверс те болды. Ол да артына бай мұра қалдырып, Шығыс Қазақстанды тануға үлесін қосты. И. Сиверс Қазақстан табиғатына, жер қыртысына, өсімдік-жануарына, байлығына, әдет-ғұрпына назар аударды. Тарихи тұлғалардан Жәнібек, Тоқтамыс хандар, Едіге билер туралы естігенін жазып алған. Сапары соңында И. Сиверс «*Мен Азиядағы көшпенділердің барлығын білемін, Руссоның қазақтар туралы айтқан пікірінің шындығына көз жеткіздім. Егер ешкімді танымайтын мен қазақтың киіз үйіне бас сұқсам, онда мен өзімді солардың бірі ретінде еркін сезінетінімді байқадым. Мен өзіме*

ұнайтын жерге отыруға көзбен көп таңдамай-ақ отыра алам. Одан соң темекі салған шақшамды алып, оны осы үйдің қожайынына ұсына алам. Тіпті менің тартайын деп отырған темекім ең арзаны болса да, бірге тартқан соң, мен өзімді бәрінен де жақсы сезінемін. Үйдің қожайыны барынша маған қолайлы жағдай туғызуға мүмкіндік жасайды. Оның қымызы - менің қымызым. Оның әйеліне бір-екі ине мен арзан оймақ сыйласаң, бұл әйелдің көзқарасынан туған анаңнан да артық жылы ықыласты аңғарасыз. Қой сойғанын қаласам, 40 тиынның айнасы мендарасы 15 тиын тұратын қос сақал қырғыш сыйлаймын. Ал сол қойдың терісін орыс көпесіне тапсырсам, 20 тиынын қайырып алам. Ет пісіп алдымызға келгенде өз дәстүрлерімен қожайынмен қатарласып отыра қасық, шанышқысыз ет жеуге кірісеміз. Осылайша менің атағым жүз шақырымға дейін жетеді, оның үстіне олар мені жылқыға отырғызып, оған тырмысып әрең деп мінген кезде, мені төре не болмаса, бастық деп атайды. Бұның барлығын қазақтың әлемдегі жүгенсіз кеткен көптеген тонаушылар алдында мойындату үшін айтудамын. Тіпті Евангелие ілімі насихатталатын елдерде бұндай адамгершілікті білмейді де таба да алмайсыз. Кім көптеген тұрғындары бар үлкен қалаларда тұрған болса, бұл сөзімді растай түседі. Бұндай жоғары адамгершілікті мен тек қысқа уақытта қазақтар ортасында болған кезеңде сезіне білдім. Менің байқағаным, далада молалар қасынан өтіп бара жатып, досының не танымайтын адамның моласына тізе бүгіп, сыйынады.

Саяхатқа шығар алдында: «Ей адам, қазақтан сақтан!», - деп маған ескерткен болатын. Бұл ескертудің мәнін мен енді түсіндім. Далалық адамдар қиын жағдайға жиі ұшырайтынын байқадым. Бұның себебін мен жолай зорлыққа зорлық, достыққа достық ниетпен қарайтынын аңғардым. Сондықтан менде қорқыныш өзінен-өзі тарқап кетті», - деген қорытындыға келді [171, с.84-85].

XVIII ғасырдың соңында Орта жүз қазақтары туралы құнды зерттеуді инженер, Сібір шекаралық шебінің командирі генерал-поручик Шпрингердің адъютанты И.Г. Андреев (1743-1801) қалдырды. Оның «Описание Средней Орды киргиз-кайсаков, с касающимися до сего народа также и прилежащих к российской границе по части Колыванской и Тобольской губерний, крепостей» деген еңбегі Сібір мұрағаттары – Түмен, Тобольск, Семей, Петропавл, Омск қалаларындағы қорлардан жиналып, қосымша этнографиялық материалдарды қосқанда ғана жазылды. И.Г. Андреев Қазақстанды аралап, жазба күнделік жүргізіп, көптеген қазақ сұлтандарымен таныс болды. Мәселен, Орта жүздегі Әбілфейс, Сұлтанмамет, Қанқожа, тағы басқалармен араласты. Қазақ тілін еркін білгендіктен, оған елмен араласу қиынға соқпады. И.Г. Андреевтің тарихи-этнографиялық танымы XVIII ғасырдың екінші жартысында Орта жүз қазақтарының этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық мәселелерін, соның ішінде салт-дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін, діни сенімдерін, тарихи географиясын қамтыды. 1785-1790 жылдар аралығында аяқталған бұл ғылыми еңбек тұтастай 1998 жылы «Ғылым» баспасынан жарыққа шықты. Еңбек 6 тараудан, 5-ші «Әдет-ғұрып» тарауы 16 бөлімнен тұрады. Қазақ халқының тарихын жазарда автор Әбілғазыға, Г.Ф. Миллерге, П.И. Рычковқа арқа сүйеп, оларды өзі жинаған материалдармен толықтырады. Тәуке, Әбілқайыр, Семей, Семей,

Әбілмәмбет, Абылай хан, т.б. туралы, олардың Ресеймен қарым-қатынасына ерекше мән берді. И.Г. Андреев салт-дәстүрге айрықша тоқталып, қазақтардағы ислам дініне, қолөнерге, кәсіпшілікке, тұрмыс-тіршілік жайына, ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөлді. Ғалым: ««Қырғыз-қайсақ» атауы жалпы бұрынғы қырғыздар атауын білдіреді. Бұны Ресейге тәуелді татарлар деп атаса да, ұқсатықтары аз, Тобыл татарлары қырғыздармен ауызба-ауыз бір-бірін түсіне бермейді, олар қырғыздардан гөрі Қазан татарларына ұқсаңқырайды. Атауын талдасақ, «қыр» - дала, «ғыс» - жалпы адам атауын береді. «қай» - кім, «сақ» - сақ бол (дала адамы, сақ адам). Дегенмен, қырғыз-қайсақ болып жазылғанымен, кез-келген қырғыз өзін өздерін «қазақтармыз» деп атайды. Әйтсе де, бұл атау туралы ру ақсақалдарының айтуынша бұл сөз даланың сақ адамдары мағынасын береді, қалай болғанда да «қырғыз» атауы келіңкірейді », - деп анықтайды [173, с. 31]. Яғни, И.Г. Андреев те халқымыздың негізгі атауы қазақ екендігін, оны ресейліктер ғана қырғыз-қайсақ деп жазғанын XVIII ғасырда-ақ дәлелдеді. И.Г. Андреевтің этнографиялық жазбаларымен танысқан Г.Н. Потанин 1875 жылы зерттеудің маңызын атап өтіп, Орыс Географиялық қоғамы кеңесінен оны баспадан шығаруын өтінді. Ол «Андреев қолжазбасы қазақтар жөнінде алғашқы этнографиялық еңбек ретінде қоғам «Запискасына» этнография бөлімінде жариялауға тұрарлық» деген қорытындыға келген [174, с. 110; 63, с. 130].

Сонымен бірге XVIII ғасырда – 1768 жылы Волга мен Орал аралығында далалық аймақты, 1770, 1772 жылдары Маңғыстауды зерттеген С.Г. Гмелин, қолға түсіп, Азияны аралап, Ресейге аман оралған Ф.С. Ефремов, Бұхараға 1781 жылы сауда керуенін бастап барған М. Бекчурин, 1793 жылы Нарын құмын зерттеген П.С. Паллас, 1793-1794 жылы Орынбордан Хиуаға барған дәрігер майор Бланкеннагель, Жайық бойына келіп, Сырым батырмен кездескен мүфти М. Хұсайынов журналы, полковник Бентам жазбалары, Қазақстанды тануда жасалған шешуші қадамдар қатарында болды. Мәселен, Ф. Ефремов тұтқын ретінде Жайық бойынан Сырдарияға, одан Ресейге жету кезеңіндегі – 1774-1782 жылдардағы көрген-білгенін жинап түйген пікірлері XVIII ғасырдағы күрделі тарихи оқиғаларды тануға көмектеседі [175]. Ассесор Мендияр Бекчурин сол жылғы елшілікте жинаған тәжірибені талай рет қазақ-орыс келіссөздеріне пайдаланды [176, 4 п.]. М. Хұсайынов журналы «Сырым батыр» монографиясының авторы М.П. Вяткиннің ғылыми түсіндірмелерімен «Исторический архив» журналының 8 томына 1939 жылы жарияланды. М. Хұсайынов журналынан Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс кезеңіндегі күрделі оқиғаларды саралауымызға болады [177, 251-252 пп.].

Қазақстанды танудағы жана кезең XIX ғасырда басталды. Бұл кезеңде Ресей Азия бағытын отарлауға батыл кірісіп, Кіші, Орта жүздегі саяси, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуді өз қолына алды. Әсіресе, ол әскери жорықтардан, сауда-саттық керуендерінен, дипломатиялық елшіліктер жіберуден айқын көрінді. Оған дәлел ретінде 1803 жылғы Я. Гавердовскийдің Бұхараға сапары, 1806, 1809 жылдардағы Бөкей ордасын зерттеуші Таушердің аралауы, 1820-1821 жылғы А.Ф. Негридің, Э.Н. Эверсманнның, Е.К. Мейендорфтың, Х. Пандердің, П. Яковлевтің Бұхараға елшілігі, осы

жылғы А.И. Левшиннің Кіші жүздегі ізденістері, кейінгі Г.С. Карелин, т.б. зерттеулері қорытындыларын келтіруімізге болады. Олардың еңбектері ғасыр соңында Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссия мүшелерінің ғылыми зерделеу аумағына енді.

Я.П. Гавердовский 1803 жылғы Бұхараға елшілігі нәтижесінде қазақ тарихынан, географиясынан, мәдениетінен сүбелі қолжазба қалдырды. Ол кешегі кеңестік кезеңде де арнайы монография ретінде басылмады. Оны ғылыми айналымға шығару тек қана «Мәдени мұра» мелекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асты.

Я.П. Гавердовский 1789-1800 жылдары Орынборда, Орынбор әскери шебінде еңбек етті. Бұхараға елшілік қарсаңында Санкт-Петербургтегі Бас штабта поручик атағымен қызмет жасайтын. Елшіліктің негізгі мақсаты - «Бұхараға барар жолда толық бақылау, мәлімет алу» бұйрығы жалған ақша жасаушыны табу және ұстау деген тапсырмамен бүркемеленді. Ол Орынборға 1803 жылы 23 ақпанда келіп, 5 айға кідіріп, орыс көпестерінен тұратын керуенге ілесті. 23 шілдеде жолға шыққан елшілік 6 қыркүйекте Қожаберген мекенінде Әбілғазы Қайыпұлы, Жанназар, Жанұзақ бастаған қазақтар шабуылына ұшырады. Содан Я.П. Гавердовский 30 қыркүйекте елшілікті кейін қайтаруға мәжбүр болды. Оның еңбегінің «Обозрение киргиз-кайсацкской степи или Дневные записки в степи Киргиз-кайсацкской 1803 и 1804 годов» атты 1 бөлімі, «Обозрение киргиз-кайсацкской степи или Описание страны и народа киргиз-кайсацкского» атты екінші бөлімі зерттеушілер үшін таптырмас маңызды дерек ретінде бүгінге жетті.

Я.П. Гавердовский елшілігін қазақ даласына өткізу атақты сұлтан Шерғазы Қайыпұлына жүктелді. Шерғазы Әбілқайыр хан замандасы, Батыр сұлтаның немересі, Хиуа ханы Қайыптың ұлы еді. Шерғазы сұлтан Сырым бастаған ұлт-азаттық қозғалыс кезеңінде 40 адамды ертіп Орынборға келіп, 1789 жылдың 19 қаңтарында Санкт-Петербургке аттанды [178, 1-11 пп.].

Алайда, қазақтардың басты талабы Қайыпты хан ретінде мойындау туралы ұсынысы өтпейтіндігі анықталды. Яғни, негізгі мәселе күн тәртібінен түсіп, Ресей пайдасына шешілген болатын. Мұндай жағдайда беделді Шерғазыны елге жібере салмай, Ресей саясатын тарту, оны болашақ Азияны бағындыру жоспарларына пайдалану жүзеге аса бастады. Бұл кезеңде О.А. Игельстром Санкт-Петербургке алынып, 1790 жылы орыс-швед соғысында Финляндия армиясына жіберілді. Содан ол 1790 жылғы Верельск шартына қатысты. Соғыс барысында О.А. Игельстром оны Швед короліне жіберген. Швед королі Шерғазыға поляк червонецтерін тарту еткен. Шерғазының ерлігіне куә болған патша үкіметі оған 1790 жылы 31 тамызда секунд-майор шенін беріп, қазақтан шыққан алғашқы орыс офицері деңгейіне көтерді. Секунд-майор шені орыс армиясында XVIII ғасырда енгізіліп, подполковник шені пайда болғанға дейін пайдаланылды. Кейін Шерғазыға II Екатерина гауһар жүзік сыйлаған [179, 3-4 пп.]. Мұндай шендер көп ұзамай жаппай таратыла бастады. Мәселен, 1793 жылы 28 ақпанда патша жарлығымен сұлтандар Абылай Нұралыұлы, Ағым Әділұлы премьер-майор, старшындар Иманбай Құдайқұлов, Сегізбек Есетов, Қаражан Сарытаев, Уақбай Қосқалпақов, Байсақал Тілешовтер поручик,

Шаншақ сұлтан штабс офицер, Есім Нұралыұлы коллежск офицер атанды. Сөйтіп, орыс шенеуніктері өзге қазақтардан бұрын Шерғазының елшілік қабілетіне, батылдығына, саясаткерлігіне тәнті болып, айрықша назар аударды. Оның айқын дәлелі 1790 жылы Бұхараға жіберілген елшілік құрамына қосылуы бола алады. Шерғазы сұлтан Бұхар билеушісі Шахмұратпен кездесіп, 1791 жылы 15 шілдеден кейін Ресей астанасына оралып, 1793 жылға дейін қазақ-орыс қарым-қатынастарына байланысты әр түрлі жұмыстар атқарды. 1793 жылы ол граф П.А. Зубовтың адъютанты болып бекітілді. Бұл кезеңде П.А. Зубов II Екатеринаға ең жақын тұлға болатын. Шерғазы сұлтан елден Санкт-Петербургке келген кезден бері Кіші жүзде біраз өзгерістер болды. 1791 жылдан хандық билік Ералы Әбілқайырұлына көшті. Ресейдің отарлау саясатына қарсы Сырым бастаған қазақтардың күресі жалғаса берді. Жаңа генерал-губернатор А.А. Пеутлинг қазақтарға қарсы әскери күштерді төкті. Кейін А.А. Пеутлингке жолданған жарлықтан сұлтандарды керуендер қазақ даласына өткен кезде ғана пайдалануға болатындығы анықталды. Осындай кезеңде шиеленіскен қазақ-орыс қатынасын реттеуге Шерғазы сұлтанды жіберу туралы түпкілікті шешім қабылданды. Оған, сөз жоқ, алдымен 1793 жылғы 3 шілдедегі Сырым батыр, Қаракөбек би, Боранбай мырзаның П.А. Зубовқа жазған хаты оң әсер етті. П.А. Зубовтың өзі Шерғазы сұлтанды «менің жанымда жүріп, сеніміне ие болды» деп бағалаған [180, 2, 31 pp.]. Кейін де Шерғазы сұлтан талай рет қазақ-орыс, қазақ-Хиуа қарым-қатынастарын реттеуге қатысты.

Сонымен, еңбек «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы арқылы 2007 жылы баспадан шығып, тарихшы ғалымдардың қолына тиді. Ғалым журналында XIX ғасыр бойындағы Кіші жүздің қоғамдық-саяси өмірі мен патша үкіметінің сол кезеңдегі жоспарларын айғақтайтын материалдар жеткілікті. Поручик Я.П. Гавердовский жүрген әрбір жолын журналға мұқият түсіріп, оны үнемі жаңартып, толықтырып отырған. Мәселен, 30 шілдеде Орскі қорғанынан 8,5 шақырым жердегі Қарауылтөбе тауына қарай жүрдік дей келе, тауға, оның айналасындағы өзіндік ерекшеліктерге сипаттама береді. Ол жолдағы өзен-көлдерге, кездескен керуендерге, керуен басыларына, қазақтардан естіген этнографиялық әңгімелеріне көңіл бөліп, дәптерге түсірген. Керуен сәтсіздікке ұшырағаннан кейін «жолдағы сәтсіздігіміз Даланы толық тануға мүмкіндік бермеді. Осындай саяхаттан құр қайтпас үшін мен өзімде қалған, қолды болмаған түрлі үзінділерді жинақтап, тәртіпке келтірдім», - дей келе елшілік құрамында болған дәрігер Большойдың көмегі тигендігін алға тартады [181, с.160].

Бұл арадағы Большой Савва Я.П. Гавердовский елшілігі құрамында болған кезеңде қолға түсіп, қазақтарда бір жылдай ұсталды. Осында қазақшаны меңгерді. Ол да кейін Ресейге оралған соң «Дневные записки» еңбегін жазды. Большой еңбегінде пайдаланған Я.П. Гавердовский араға уақыт сала Орынбор генерал-губернаторы кеңсесіндегі мұрағат деректерін пайдаланып, Кіші және Орта, Ұлы жүздер тарихын жазуға талпынды. Біраз материалдарды Орынбор кедені директоры Величкодан алғанымен, негізінен П.С. Палласқа, И.П. Фалькке, Н.П. Рычковқа арқа сүйеді. Біз үшін ерекше қызықтысы оның алғаш

рет мұрағаттағы XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасыр басындағы Кіші жүздегі саяси жағдай туралы құжаттарды пайдалануы дей аламыз. Өйткені Я.П. Гавердовский алғаш рет осы құжаттарды зерттеу аумағына енгізді. Мәселен, Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс, Нұралы, Ералы, Есім, Әбілғазы, Айшуақ, Жантөре хандар туралы мәліметтердің тек қана мұрағатта сақталғаны белгілі. Мұндай құжаттар қатарына қазақ руларының атауы, олардың шамамен саны, көші-қоны мекендері, басшылары туралы келтірілген материалдарды да жатқызамыз [181, с. 405-420].

Я.П. Гавердовский елшілігі тарихын 1897 жылы Комиссия мүшесі В. Водопьянов та мұрағат құжаттары арқылы ғылыми айналысқа қосқан-ды. Автор елшіліктің сәтсіз аяқталуына кінәлі Хиуа хандығы мен қазақтар деген қорытындыға келді [182, с.22-23].

Міне, осыдан кейінгі үлкен экспедиция 1820-1821 жылдары А.Ф. Негридің басшылығымен Бұхарада ұйымдастырылды. Елшіліктің басты мақсаты Ресей-Бұхара сауда-саттық байланыстарын дамыту делінгенімен, қосымша екі аралықтағы табиғат байлығы, Орта Азиядағы саяси жағдай, оларды билеушілер, Бұхарамен, Ауғанстанмен, Иранмен, Осман империясымен қарым-қатынасын анықтау туралы тапсырмалар берді. А.Ф. Негри елшілігі құрамына жаратылыстану ғылымының маманы Э.А. Эверсман, Бас штабтың капитаны Е.К. Мейендорф, поручик В.Д. Вольховский, т.б. енгізілді. Осы құрамдағы Е.К. Мейендорф пен Э.А. Эверсман Қзақстанды тануға өзіндік үлестерін қосты.

1823 жылы-ақ Э.А. Эверсман (1794-1860) Берлинде неміс тілінде «Путешествие из Оренбурга в Бухару» атты еңбегін көпшілікке ұсынды. Оның Азиятану туралы арманын Орынбор губернаторы П.К. Эссен жүзеге асырған. Негри жанында 2 ай, 8 күн жүрген Э.А. Эверсман мол материал жинап, Орынборға оралды. Э.А. Эверсман еңбегіне Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының мүшесі А. Васильев 1905 жылы назар аударып, «Еңбектің» 14 басылымында «Путешествие доктора Эверсмана в Бухару» атты мақаласын жариялады. Ғалым пікірінше, Э.А. Эверсман Қзақстанның табиғи байлығына, географиясына, өсімдік әлеміне назар аудара жүріп, өзі жолда кездескен Арынғазы, Мәнненбай сұлтандар туралы жазып алған. Орыс зерттеушісі өз еңбегінде Арынғазы ханды, оның іс-әрекетін Ресейге қарсы қоюмен шектелді. Оның Кіші жүздің оңтүстігіндегі Хиуаға қарсы қимылдарының барлығы «орыс саясатына қарсылық» ретінде түсіндірілді [183].

Елшіліктің екінші мүшесі Е.К. Мейендорфтың да «Путешествие из Оренбурга в Бухару» еңбегі 1826 жылы Парижде жарық көрді. Географиялық және статистикалық мәліметтер жинау жүктелген Е.К. Мейендорфтың бірінші кітабы 6 тараудан, екінші кітабы 5 тараудан, үшінші кітабы 8 тараудан тұрады. Е.К. Мейендорф: «Бұл көшпелі халық еркіндікке үйренген, ал өзінің бостандығына қол сұққандарды кешірмейді», «Қырғыздар ақсақалдармен, би, батырлармен, сұлтан, хандармен басқарылады», «Батырлар деп батыл, әділ және жол тапқыш адамдарды атайды», «Сұлтандар ханның туысқандары, олар әрқашан да қырғыздарды басқарады. Оларды төре деп атайды», «Олар өздерін қырғыздармыз демейді, қазақтармыз дейді. Ол «салт атты» немесе «жауынгер» дегенді білдіреді екен. Олардың айтуынша, қырғыздар деп жүргендер

башқұрттар. Бірақ бұл сөздің қайдан шыққанын білмейді» деген қорытынды шығарады [184, с. 40-43]. Еңбекте қазақтар, Хиуалықтар, бұхаралықтар, олардың шаруашылығы, қоғамдық құрылысы, Сырдария–Әмудария туралы мәліметтер, жер атаулары, кездесулер, т.б. барлығы қамтылды деуімізге болады.

Міне, осындай ұқыптылық қана жер-су атауларының реттілікпен күнделікке түсуіне әкелді. Еңбекте қазақтардың Хиуа, Бұхара хандықтарымен қарым-қатынасына назар аударылған. Соның ішінде Э.А. Эверсманда тоқталған Арынғазы хан туралы да атап өтуімізге болады. Арынғазының замандастары – 1820 жылғы Бұхараға барған, А.Ф. Негри басқарған орыс елшілігі құрамында болған, капитан Е.К. Мейендорф «Сұлтанның бет-әлпеті әдемі, үлкен, сұлу, қара көзді, сырт-пішіні келбетті және салиқалы көрінеді. Бізге ол кең түрде пайымдай білетін адам ретінде әсер қалдырды» деп келтірсе, 1820 жылы 21 қарашада Орынбор шекара комиссиясының төрағасы В.Ф. Тимковскийге жазған тағы бір хатында: «Ол байқауымша, мінезі мазаң сияқты, себебі, біздің әкімшілікті өзінің сан қырлы қиялымен жалықтырған. Мен оның қаталдығы мен әділдігі жөнінде айтқанмын. Ал оның адалдығына келсек, мен оған сенбес едім. Себебі, менің ойымша, ол әрқашан да тек өз пайдасы үшін қимылдайды» немесе Сыртқы Істер министрлігінің аудармашысы Я.О. Ярцев 1821 жылы 24 қарашада Азия департаменті директоры К.К. Родофиникинге «Арынғазы 35 жас шамасында. Оның сыртқы пішіні: ұзын бойлы, сымбатты. Кең жауырынды, жүрісі пан, сұлу жүзді, қалың қара, шағын сақалды, ойнақшыған қара көзді, іс-әрекеті жинақы. Ол – қызуқанды. Ашуланған кезде жүзі күреңітіп, көзі қанға толып, қолы дірілдейді. Ал қуанышын жасыра алмайды. Оның рухының ұлылығы мен ширақтығы қазіргі жағдайда өнегелі. Ол еш уақытта өзгенің көзінше өзінің жабыққанын, мұнайғанын сездірмейді. Сонымен қатар, іс-әрекеттерінде және барлық жағдайда да қауіптенгенін, қорыққанын сездіртпей, айналасындағыларға жау-жүректілігімен, қаталдығымен үлгі көрсете алады. Ол шығыс үлгісінде білім алған. Оның білімі арабша оқудан әрі аспайды. Дегенмен, оның ақылы кең, ойлау қабілеті жоғары. Оның сөзі жағымды, сенімді және әрқашан да пандана сөйлейді. Ол қашан да қайырымды, қолы кең және әрдайым кім-кімге де қол үшін беруге даяр тұрады» деген пікірлері сол заманда-ақ патша саясаткерлеріне белгілі болғандығын атап өтеміз [185, 18 п.].

Қазақстанның батыс өлкесін 1820-1830 жылдары Сыртқы істер министрлігінің қызметкері Г.С. Карелин де (1801-1872) аралады. Ол 1826-1827 жылдары Э.А. Эверсманмен бірге Бөкей Ордасында болып, Жәңгір ханмен танысып, кейін 1828-1830 жылдары Жәңгір ордасында тұрды. 1883 жылы жарық көрген «Путешествие по Каспийскому морю» («Записки РГО по общей географии») еңбегінде ол Каспий, Жем бойларын зерттеп, оның ертенгі маңызына назар аударды.

Г.С. Карелиннің ғылыми қызығушылықтарын Жәңгір ханмен жазысқан хаттарынан да байқауымызға болады. Г.С. Карелин 1831-1838 жылдар аралығында Жәңгір хан жанында болатын. 1832 жылы ол төмендегідей материалдарды жинауды аяқтап, үкіметке ұсынды. Олар:

1) Күнделік немесе жол дәптері;

- 2) Теңіз журналы;
- 3) Астрономиялық және магниттік бақылаулар;
- 4) Орал өзені сағасының және Каспий теңізінің таяздануы жөніндегі зерттеу мәліметтері;
- 5) Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі теңіз шапқыншылығы туралы;
- 6) Каспийде итбалық аулау жөнінде;
- 7) Оралда балық аулау туралы т.т.

Бұл материалдарда мынадай карталар бірге тіркелді: Каспий теңізінің, солтүстік-шығыс жақтары, Қайдақ шығанағы, Орал өзені сағасы, Индер көлі, бірқатар аралдар, таулар және Г.С. Карелин өзінің экспедициясы жолға шыққаннан кейін 80 күн өткен соң Санкт-Петербургке шақыртып алынады. 1852 жылы 20 жылдай Гурьевте тұрып, осында қайтыс болған [163, 45-46-бб.].

Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы мүшелеріне мол мұраны А.И. Левшин де (1797-1879) қалдырды. Қазақ тарихының Геродоты аталған ғалым қазақтар тарихымен 1819-1820 жылдары Ресей Сыртқы істер министрлігінің Азия департаментінің мұрағатынан табылған материалдармен таныса бастаған. 1820 жылы Орынборға қызметке ауысқан А.И. Левшин Орынбор Шекаралық комиссиясындағы құнды құжаттарға ие болды. Мұның өзі бұрынғы жинаған материалдарын толықтыруға мүмкіндік берді. Оның қорытындысы 1832 жылы-ақ тарихта аты қалған монографиясының аяқталуымен көзге түсті. Монографияның алғашқы томы Қазақстанның географиялық жазбаларын, бұрыннан жинақталған, жазып қалдырылған жаңалық, ақпараттардан құралса, екінші томы қазақ халқының тарихына арналды. Үшінші томы этнографиялық ізденістерге бағытталды [4]. А.И. Левшин өзіне дейінгі жазылып, Орынбор генерал-губернаторы кеңсесінде сақталған поручик Д. Гладышевтың, А.И. Тевкелевтің жазбаларына, 1813-1814 жылдары Қоқан хандығында болған Ф. Назаров күнделігіне, П.И. Рычковтың, т.б. еңбектеріне назар аударды.

Орынбор өлкесін зерттеп, өзіндік қолтаңбасын қалдырған тұлғалар қатарында В.И. Даль ерекшеленіп тұрады. 1838 жылы Санкт-Петербург Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі сайланған ол тіл, этнография, тарих, ботаника, зоология, медицина, картография ғылымдарына ден қойып, аса қызығушылық танытты. 1833 жылы әскери губернатор В.А. Перовский қарамағына келгеннен кейін, Орынбор әкімшілігіндегі әскери топограф полковник Г.Ф. Генс, кеңсе басшысы А.И. Середалармен жұмыстас болды. 1833 жылы Бұхараға сапар шеккен П.И. Демезон керуеніне қосылып, алғаш рет «Шығыс істерімен» танысты. Ол 1839-1840 жылдардағы В.А. Перовскийдің Хиуа жорығына қатысты. Ресей зерттеушілері «Көптеген мұрағат құжаттары дәлелдегендей, бұл жорыққа басшылық құрамына кіріп В.И. Дальде қатынасқан. Жорықтың сәтсіз аяқталуына қыстың суығы және қардың мол түсуі себеп болды дейді. Соған байланысты даладағы негізгі басты көлік түелер жаппай қырылған. Әскер Хиуаға жетпей жарты жолдан соғыспай қытымыр суық пен аурудан қырылыпкері қайтты. Бұл жорық туралы көркемдеп жазған В.И. Дальдің өмірінің соңында жариялаған еңбегі болды. Бұл жазылу мәнері мен әсірелеп суреттеуі әдеби шығармаға келеді. Ал

Хиуа жорығы оның жеңілу себептері мен қорытындылары туралы «Хиуаға қарсы әскери жорық» атты ресми есебі 1860 жылы бастырып жарық көрген. В.И. Даль есебі бойынша жорық негізгі мақсатына жетті, себебі, Хиуа ханы барлық орыс тұтқындарын кері қайтарып, қарауындағы қазақтарды Ресейге қарай жібермеуге уәде берді. Қарамағындағы қазақтарға арнайы шығарған жарлығы бойынша орыстарға қарс шабуылдауға және тонаған жағдайда өлім жазасы кесілетіндігін жариялады. Сондықтан да жаңадан Хиуаға жоспарланған жорықты кері шегеруге тура келді » , - деп біржақты бағалап жүр [186, с.38]. Ал шынында мұрағат деректеріне назар аударсақ, жорықтың толық сәтсіздікке ұшырағандығына куә боламыз. Орыс әскерлері 1840 жылы 14 сәуірде Орынборға оралды. Ол турасында Орынбор мұрағатының 6-шы қорында мол құжат сақталған [187].

В.А. Перовский басшылығымен Орынбор Шекаралық комиссия төрағасы Г.Ф. Генс те (1786-1845) қазақ даласында жиі болып, өзінен өткен барлық құжаттарды қадағалап, тарих, этнография және сауда мәселесіне қызығушылық танытты. Әсіресе, оған 1825-1844 жылдары аралығында комиссия төрағасы ретінде жасаған қызметі толық мүмкіндік жасады. Ол артына өзінің қолжазбасын қалдырды. Г.Ф. Генс қорында Барақ хан, Қаратай сұлтан, Қайып хандар туралы деректер баршылық [188, 3 іс, 15 п.; 4 іс, 2 п.; 8 іс, 86 п.]. Әскери шенеуніктің кейбір қолжазбалары мен қолтаңбалары Қазақстанда да сақталған. Соның ішінде 1836 жылы Азия департаментіне жазған қазақтардың жер мәселесі жөніндегі пікірлері де қызықты [189, 28 п.]. Г.Ф. Генстен қалған құжаттар Комиссия мүшелері П. Юдин, С.Н. Севастьянов зерттеулерінде пайдаланылды [190].

XIX ғасырдың 30-40 жылдары қазақ тарихына, этнографиясына, географиясына маңызы бар еңбектер прапорщик И. Виткевич, Демезон, Е.П. Ковалевский, әскери топограф, картограф И.Ф. Бларамберг т.б. экспедициялары нәтижесінде жазылды. Жалпы бұл кезеңдегі зерттеулердің қорытындылары белгілі дәрежеде М. Асаинов пен Г.И. Семенюк [163], Э.А. Масанов [63] еңбектерінде талданып баға берілді.

Дегенмен, В.А. Перовскийдің 1839-1840 жылдардағы атақты Хиуаға жорығынан кейін Азияны танудың барлық бағыттарын бір орталыққа тоғыстыруға қадам жасалды. Ол 1845 жылы Орыс Географиялық қоғамының құрылуымен көзге түсті. Қоғамның басты мақсаты – Ресей және онымен көршілес елдер туралы толық ақпарат жинау болатын. Қоғам 1846 жылдан бастап Санкт-Петербург, Орынбор қалаларындағы мұрағаттардағы Орта Азия географиясына қатысты материалдарды сүзіп, зерделеуге кірісті. Қоғамның қазақтарға қатысты алғашқы мақалаларын Я.В. Ханыков пен М.И. Иваниндер жазды. Я.В. Ханыков (1818-1862) 1839 жылы «Орынбор өлкесіне географиялық шолу» еңбегін, Бөкей және Кіші Орда, Арал теңізі мен Хиуа хандығы айналасы, т.т. карталарын бітіріп, Қоғамға тапсырды. Оның еңбектерін шығыстанушы В.В. Григорьев жоғары бағалады [63, с. 214]. Міне, олардан кейін қоғам 1848-49 жылдарда Қазақстанға А.И. Бутаковты, А.И. Макшеевті, Т.Г. Шевченконы Арал теңізіне, 1851 жылы П.И. Небольсинді Орынбор өлкесіне, 1857-1858 жылдары Н.Л. Северцовты, И.Г. Борцовты Орал-Ембі ауданына, 1858-59

жылдары Н.П. Игнатьевті, О.В. Струвені, А.Ф. Можайскийді, И.А. Бутаковты Қоңырат, Хиуа, Бұхараға, 1860-1862 жылдары Н.А. Северцовты Орал өзені бойына, осы жылдары Әскери Бас штабпен келісіп, Л.Л. Мейерді Орынбор өлкесіне жіберді. Экспедицияға қатысқан ғалымдардың барлығы ғылымның әр саласынан түрлі материалдар жинап, кейін елге жариялады. Оның барлығы бүгінде ғылыми айналымға енді. Олармен қатар осы кезеңде Әскери Бас штабтан К. Герн мен В. Васильевтің [191], генерал-лейтенант, Орыс географиялық қоғамы мүшесі И.Ф. Бларамбергтің [192] зерттеулері жарық көрді.

Сонымен, XVIII-XIX ғасырдың 60-шы жылдары Қазақстанды, Азияны танудың негізі қаланды. Оның жолында талмай еңбек еткен ғалымдар, шенеуніктер, саясаткерлер, көпестер Ресейдің отарлау саясаты үшін қызмет жасағаны анық. Академиялық экспедициялар, 1835 жылы құрылған губерниялық статистикалық комитеттер, 1845 жылдан бастау алатын Орыс Географиялық қоғамы, Әскери Бас штаб, т.б. орыс әскерінің Азияны жаулап алуына жол ашты. Соның түпкі нәтижесі 1867 жылы Қазақстанның тұтастай Ресей империясы құрамына енуімен аяқталды. Енді Қазақстанды ғылыми тұрғыдан танудың жаңа кезеңі басталды.

2.2 Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы, оның мақсат, міндеттері

Қазақстан Республикасының 300 жылдан аса өткен тарихы патшалы Ресей елінің отарлау тарихымен тығыз байланысты. Сол себепті қазақ елінің тарихын Қазақстандық ғалымдар қайта қарап, қазіргі мемлекетіміздің даму деңгейіне сай саралауды мақсат тұтып отыр. Еліміздің дамушы елден тәуелсіз дамыған іргелі ел деңгейіне дейін көтерілу үшін, мемлекетіміздің өткен тарихы мен бүгінгісінен сабақ алу мақсатында жүйелей, салыстыра, қорытынды шығара пайымдауымыз қажет-ақ. Қазірде елімізде осы бағытта бірнеше ғылыми мекемелер қызмет қылуда. Ғылымның дамуы белгілі бір деңгейде мемлекетіміздің дамуына ықпал етуі тиіс. Отарлық дәуір кезеңінде қазақ елі туралы толық зерттеулер жүргізген патшалы Ресей бірнеше ғылыми мекемелері атсалысты. Соның ішінде XIX ғасырдың екінші жартысында құрылған Губерниялық ғылыми мұрағаттық мекемелердің өз орны бар.

Патшалы Ресейдегі 1868 жылғы реформа Орынбор өлкесіне үлкен өзгерістер әкелді. Қазақстан отар ел ретінде орыс мемлекетінің әскери-әкімшілік басқармасына енгізілді. Нәтижесінде 1868 жылы 21 қазанда «Орынбор және Батыс-Сібір губернаторлығының Дала облыстарын басқарудың уақытша ережесі» қабылданды. Ереже бойынша Орынбор генерал-губернаторлығы қазақтары Торғай және Орал облысына бөлініп, одан әрі Шығыс, Орта, Батыс бөлікке бөлінсе, ал Ақмола мен Семей облыстары Батыс-Сібір генерал-губернаторлығына қарады. Орал облысының жеріне Орынбор облысы қазақтарының Орта бөлігінің жартысы және Батыс бөлігі, Орал казак әскерилері кірді. Орал облысының өзі 4 уезге бөлінді: Орал, Гурьев, Калмыков, Ембі. Орал облысының әкімшілік орталығы Орал қаласы болды. Торғай облысына Орынбор қазақтарының Шығыс және Орта бөлігінің жарты бөлігі

кірді. Торғай облысы 4 уезд: Торғай, Елек, Николаевск, Ырғыз уезіне бөлініп, әкімшілік орталығы Орынбор қаласы болды. Ал Бөкей Ордасының жері Орынбор генерал-губернаторлығының Торғай облыстық басқармасына, ал кейіннен 1876 жылдың 16 шілдесінен Астрахан губерниясының құрамына енді. Ал Батыс-Сібір генерал-губернаторлығына қараған Ақмола облысы 4 уезге: Ақмола, Көкшетау, Омбы, Петропавл қараса, Семей облысына: Семей, Көкпекті, Зайсан, Баянауыл, Қарқаралы уездері кірді, кейін Өскемен уезі қосылды. Әкімшілік орталығы Омбы қаласы болды.

1867 жылы 2 шілдеде Түркістан генерал-губернаторлығына қарасты «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару жөніндегі Уақытша Ережені» жариялады. Әкімшілік орталығы Ташкент қаласы болды. Жетісу облысы 6 уезге бөлінді: Сергиопол, Қапал, Верный, Ыстықкөл, Токмақ, Жаркент уездері, ал Сырдария облысы 8 уезге бөлінді: Қазалы, Перовск, Түркістан, Шымкент, Әулиеата, Ташкент, Ходжент, Жизак.

1870 жылы Маңғышлақ приставтығы Кавказ әскери округінің қарауына берілді, ал кейіннен Закаспий облысына енді [193, с.34]. Ал уездер болыстық басқармаларға және ауыл старшындарына, облыс әкімшілігі губернаторға, әкімшілік билік және орыс-казак атаманы да сол Орынбордың генерал-губернаторы болды. Уезд басшыларына дейін патша үкіметі әскерилері басшылыққа тағайындалды. Реформалар нәтижесінде қазақ елі толық отар елге айналып, үш генерал-губернаторлыққа бөлінген саяси жүйе Қазан төңкерісіне дейін сақталып, орыс елін шикізатпен қамтамасыз ететін аймақ болып есептелінді. Сонымен Ресейдің оңтүстік өңірінде ғылымның дамуы Ресей мемлекетінің ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы шығысты отарлау саясатымен тікелей байланысты жүргізілді. Капиталистік дамуға қадам алған Ресей елі үшін отар елдің жерасты және жерүсті байлығын шикізат көзі ретінде толық игеру мақсатында ғылыми зерттеу жұмысы мемлекеттік бірінші кезекте тұрды.

ХІХ ғасыр ІІ жартысы Ресей мемлекетінде ғылымның сан-саласы дамыған реформалар кезеңі болды. Тарих ғылымы саласындағы реформалар бастауында Ресейдің ғылыми қоғамдары тұрды. Олар Императорлық Мәскеу Археологиялық қоғамы (ИМАҚ-Ұ.А.), Орыс Археологиялық және Орыстың тарихи қоғамдары болатын. Осы қоғамдардың ұйымдастыруымен Ресейде алғаш мемлекет тарихын реттеу үшін әрбір мемлекеттік мекемелерде орналасқан мұрағаттарды орталықтандырып, бір жүйеге келтіру мәселесін күн тәртібіне көтерді.

Патшалы Ресейде мемлекеттік құрылым мен ғылыми тарихи қоғамдар бірлесе, жұптаса аймақтардағы тарихи зерттеу ісін губерниялық ғылыми мұрағаттық комиссиялар арқылы жүргізді.

Ресейде Губерниялық ғылыми мұрағаттық комиссиялар құруға себепші болған Мәскеудегі Әділет министрлігінің мұрағатының директоры Н.В. Калачев болды.

Н.В. Калачев 1869 жылы алғашқы Археологиялық съезде Ресейдегі мұрағат ісіне реформа қажеттігін түсіндірсе, 1871 жылы Екінші археологиялық съезде тағы да баяндама жасап, орталықта ғана емес, өзге қалалардан да құру қажеттігі айтылды. Осыған байланысты Ресейдің Министрлер Комитеті 1873

жылы 27 ақпанда арнайы мұрағат құрылымымен айналысатын Уақытша комиссия құрып, оның басында төрағалыққа Н.В. Калачевты және оның құрамына министрліктер мен мекемелердің 28 өкілдерін сайлады. Комиссияның басты қарастырған мәселесі мұрағат құжаттарын жоюды тоқтату және дара мұрағаттық мекемелерді орталықтандыру; Губерниялық ғылыми Мұрағаттық комиссияны құру; Ресейдің мемлекеттік, қоғамдық мекемелеріндегі түрлі мұрағат қорларындағы құжаттарды жинау және белгілі бір жүйеге келтіруді көздеді. ГФМК құрылғанға дейін Орынбордағы ғылыми зерттеу ісін Орынбор генерал-губернаторлығы жанындағы статистикалық комитеті айналысқан.

Ресейдің статистика ғылымының негізін қалаушы К.Ф. Герман 1810 жылы Ресей Ішкі Істер Министрлігі жанындағы статистикалық бөлімнің жетекшісі болып тағайындалады. Оның басшылығымен «Статистикалық журнал» шығып тұрған. Ал XIX ғасырдың II ширегінде Ресейде статистика ғылымының дамыған кезеңі болды. Ресей жоғарғы оқу орындарында статистика теориясы оқылып, статистикалық журналдар, еңбектер, бюллетендер шыға бастады. Ресей басқару жүйесіндегі статистикалық комитеттердің қызметі сан-салалы болды. Орынбор генерал-губернаторлығындағы статистикалық комитеті статистикалық зерттеулермен қатар өлке тарихына да ден қойды. 1860 жылы статистикалық комитет жанынан құрылған қоғам Орынбор генерал-губернаторлығы мұрағатын реттеумен айналысқан. Қоғам Уфа статистикалық жанынан бөлініп, Орынбор статистикалық комитеті 1866 жылы құрылған соң жұмысын одан әрі жалғастырды. Орынбор статистикалық комитеті жанынан құрылған ғылыми қоғам жұмысы 1868 жылдан «Орынбор губерниясының анықтамалық кітапшасы» деген атпен зерттеулерін жыл сайын шығып тұрған. Құрамында бірнеше мүшесі болса да қаржы тапшылығына байланысты барлығына бірдей есеп жасай алмаған. Жылдық жиналысқа кемі он пайыз ғылыми қоғам мүшелері қатыса алған. Дейтұрғанмен, бұл ғылыми қоғам Орынбор аймағындағы барлық зерттеу жұмыстарын толыққанды алып жүруге мүмкіншілігі болмады.

Ішкі Істер Министрлігінің 1873 жылы 25 тамыздағы Жалпы Істер департаментінің жолдауымен Ресейдің Орынбор губерниясының мекемелік мұрағаттарының құрылымы жөнінде мәлімет жинастырған [129, 2-3 пп.].

Орынбор генерал-губернаторлығындағы мекемелік мұрағаттар туралы мәліметтерді толық білу мақсатында сауалнамалар ұйымдастырған. Біз осы мәліметтен байқағанымыздай, Орынбор губернаторының Ішкі Істер бөлімінің аға кеңесшісі Андреев 1874 жылы 31 қаңтарда Орынбор губерниясы басқармасының мұрағаттары жайында мәлімет береді. Басты мәлімет 19 сауалға негізделген. Сауалнаманың алдыңғы сұрағында мекемелік мұрағаттардың барлығы, алдымен Ішкі Істер Министрлігіне бағынған [129, 4 п.].

Орынбор губерниясы басқармасының мұрағаты 1865 жылы ашылған. Онда 1795 жылдан башқұрт кантонының құжаттары, 1799 жылдан 1800 жылға дейінгі бірнеше кантондардың шығыс-кіріс журналдары, 1870 жылдан басталатын жоғарғы шенділердің хаттары, грамоталары 48000 дейін іс

қағаздары мен кітаптары жинақталған. Бұдан өзге бұл мұрағатта таратылған бірнеше мекемелердің іс-құжаттары сақталған. Атасақ, башқұрттардың олардың жанындағы әскери және Аудиторлық бөлімше басқармасының, 28 башқұрт кантондық басқармасы, башқұрт кантонының Қамқоршысы, Башқұрт жасақтары, Орынбор басқармасы кеден округі, Орынбор кедені, Калмыково кеден бекеті, Мемлекеттік дүние мүлік Орынбор палатасы, Башқұрт жерлерін бақылау палатасы, Орынбор казак әскерилерінің полк басқармасы, Әскери дәрігерлер басқармасы құжаттары сақталынған [129, 6 п.].

Бұрынғы Орынбор губерниясындағы мекемелік мұрағаттардың бірі 1874 жылы құрылған Омск қаласындағы Омск қалалық Думаға орналасқан мұрағат. Бұнда 1740-1744, 1745 жылдардан 1800 жылға дейін 288 істер, кітаптар, актілер тағы да өзге, ал 1800 жылдан 1873 жылға дейін 39489 іс құжат тізбектелген. Ал 1872 жылдан бері жалпы саны 39944 іс-құжат сақталынған. Мұрағатта Сібір линиясының құпия шекаралық бөлімдерінің құжаты 1740-1824 жылдары, бұрынғы Омск облысының 1823-1839 жылдардағы таратылған Омск кеден бекетінің 1785-1865 жылдарға дейінгі мұрағаттары сақтаулы екен [194, 28 артқы п.]. Бұл мұрағаттағы қажет емес іс құжаттарды тазарту және тәртіпке келтіру мақсатында 1856 жылы 30 мамырдағы облыстық басқарманың жалпы Кеңесі журналының келісімі бойынша Сібір қырғыздарының облыстық басқармасының шенеуніктерінің келісімімен осы Сібір қырғыздары облыстық басқармасының 1856-1869 жылдар аралығындағы құжаттарын жоюға жіберген. Ақмола облысындағы қайта құруларға байланысты комиссия мұрағат құжаттарын реттеуді тоқтатқан. Құжаттар 1868 жылғы 3 шілдедегі Сенат үкіметінің № 71018 Жарлығымен және облыстың басшылығымен 4.363 іс-құжат жойылған. Ал кейбір іс-құжаттар аукциондық саудаға шығарылып сатылған [194, 29 п.].

Қазақ тарихынан мол хабар берер келесі патшалық әкімшілік мекеме Орынбор қаласындағы Торғай облыстық басқармасының мұрағаты. Сақталған құжаттардың көнесі 1734 жылдан 1800 жылға дейінгі 371 іс және 1873 жылға дейінгі құжаттардың жалпы саны 48.363 іс орналасқан. Бұл мұрағатқа жылына 1000 іс-құжат келіп түскен [130, 5 п.]. Анықтамалық толтырушы кеңесші Давыдовтың баяндауынша бұрынғы Орынбор және Самара генерал-губернаторлығының 1861 жылғы 16 желтоқсандағы ұсынысымен Орынбор қырғыздарының облыстық басқармасы мекемесінің құжаттары №1372 жарлығымен ұсынған циркулярлық және тізбеленген жазбалары арқылы және орындаушы Полиция Департаментінің 1852 жылғы 9 желтоқсандағы №183 шешіміне сәйкес бақылау комиссиясы жұмыс жасаған. Бұрынғы облыстық басқармасының шенеуніктері Плотников, арнайы тапсырма алған Лобысевич, кеңсе шенеуніктері Актеев пен Субханкулов қажет емес құжаттарды тұтастай жоқ қылған, ал қалған мұрағат құжаттарын «икемдеп» мұрағаттық құжат түріне келтірген. Енді бірі облыстық басқарманың журналға тіркелген шешімімен 11.588 құжаттар саны аукционда саудаға шығарылып сатылып кеткен [130, 6 п.].

Елек уездік басқармасының мұрағаты уақытша Орынбор қаласында орналасты. Бұл мұрағатта облыстық сұлтан билеушілердің Орта бөлігінің және

Орынбор дистанциясы қырғыздарының құжаттары сақталынған. Мұрағат арнайы жоюға жіберілмеген. 1870-1871 жылдардағы өртте көне құжаттар жанып кеткен [130, 8-15- пп.].

Келесі әкімшілік мұрағат Торғай облысының Ырғыз уездік басқармасының мұрағаты Ырғыз қаласында орналасқан. Бұл мұрағатта бұрынғы Орынбор қырғыздарының сұлтан билеушілерінің Шығыс бөлімінің құжаттары сақталынған [130, 18-20- пп.].

Қазақ өлкесіндегі патша үкіметінің мекемелік мұрағатының бірі - Нарын құмы Хан ставкісіндегі орналасқан қырғыздардың Ішкі Ордасын басқаратын Уақытша Кеңес мұрағаты. Мұрағат үкіметтің ағаш үйінде құрғақ жерде, бірақ өрт шаралары сақталмаған ағаш еденде және ішінде пеші орналасқан. Уақытша Кеңестің тіркеушісі штат бойынша мұрағатшы болып қызмет жасайды, әйтсе де сауалнама толтырып отырған Давыдов оның мұрағатқа көмегі шамалы деп көрсеткен. Ал мұрағатты Кеңестің приставы күзетеді екен. Ең көне іс пен жазбалар 1794 жылдан бастау алады. Осы жылдан сақталынған істер 1871 жылдан 15.370 іс-құжаттар жеткен. Давыдов баяндауынша құжаттар реттеліп, сөрелерде байламмен тұр екен, істер жылдарға бөлінген. 1794-1871 жылға дейінгі құжаттар алфавитпен тізбелеп орналастырған. Жылына мұрағатқа 1000-ға жуық іс түсіп отырған. Таратылған немесе басқа мекемелер құжаттары жоқ. 1863 жылы 26 қыркүйекте Ішкі Істер Министрлігінің Жарлығына сәйкес 1864 жылы мұрағаттағы керек емес және тәртіпке келтіру мақсатында құжаттарды жойған. Қажет емес құжаттарды Ішкі Істер Министрлігінің рұқсатымен бұрынғы Орынбор қырғыздарының облыстық басқармасының ұсынысымен 1866 жылғы 12 мамырдағы № 4203 және 1867 жылғы 10, 29 мамырдағы № 4775 және № 5301 Жарлықтарына сәйкес, аукционға шығарып, 7060 іс-құжаттарды жойған. Жойылуға жіберілген құжаттардың тізбелері сақталынған [130, 24-26 - пп.].

Мекемелік мұрағаттың бірі 1868 жылы 21 қазанда Орал қаласында құрылған Орал облыстық басқармасының мұрағатының қоры 1841 жылдан жиналса, ал жаңа құжаттары 1872 жылдан басталады [130, 52-п.].

Ал Тобыл губерниялық мұрағатында іс-құжаттар 1763 жылдан бастау алады. Тізім бойынша 255.470 іс-құжаттар тізбеленіп сақталынған [195, 8- п.].

Семей қаласында орналасқан Семей облыстық басқармасының мұрағатындағы көне құжаттар 1733 жылдан жасақталған. Барлығы 38.163 іс-құжат сақталынған. 1733-1800 жылдар аралығын қамтитын 110 іс-құжат және 1649 жылдың толық заңдар жинағы кітабы, оған қоса 1800 жылдан 52 кітап қорда сақталынған [131, 15- п.].

Міне, бұл шолуымыз Н.В. Калачевтің Ресейдегі барлық әкімшілік мекемелердегі мұрағаттардың жыл сайынғы ағымдағы қажет емес іс-құжаттарды тарихи мұрағатқа түсірудің болашақ ел тарихы үшін қаншалықты маңызы бар екендігін түсінген талантты мұрағатшы екендігін дәлелдейді.

XIX ғасырдың II ширегінде Ресей оңтүстігіндегі алғашқы ғылыми мекемелер Уфа және Орынбор губерниялық статистикалық комитеттер (УГСК, ОГСК), Императорлық Орыс Географиялық қоғамының Орынбор бөлімі (ИОГК) Орынбор өлкесінде ғылыми-танымдық білімнің дәстүрін қалады.

Орынбор патшалы Ресейдің қазақ еліне, өзге де Орта Азия елдеріне ұйымдастырылған отарлық саясатын жүргізген басты орталық қаласы болды. Орынбор өлкесін зерттеуге үлес қосқан қоғам - Императорлық Орыс Географиялық қоғамының Орынбор бөлімі. Бұл қоғам 1867 жылы 17 шілдеде құрылып 1868 жылы 14 қаңтарда Орынборда ашылып, жұмыс жасай бастады [71, с. 81]. 1868-1917 жылдар аралығында қоғам мүшелері Орынбор өлкесіне ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізіп, қорытындысында 141 еңбек жариялады. Алғашқы онжылдығында Орынбор Географиялық қоғамы 4 бағытта өз жұмысын бастады: математикалық-географиялық, этнографиялық, тарих және статистика бөлімдері болды. Орынбор бөлімі қазақ халқының ауызша тарих айту дәстүрін, салт-дәстүрін, ауыз әдебиетін, географиялық орналасуын, табиғаты, қазба байлығы, мал жайылымы, көш-қоны, климаты, медициналық әл-ауқаты, яғни, отар елдің саяси-экономикалық, әлеуметтік мүмкіндіктерінің барлығын есепке алды. Патшалы Ресей мемлекеті Орынбор Географиялық қоғамы бөлімінің еңбегін жоғары бағалады.

Орынбор Географиялық бөлімінің қызметінің нәтижелі болуына үлес қосқан геодезист-картограф А.А. Тилло, метеоролог А.И. Ободов, геолог Д.Н. Соколов, тарихшы А.Е. Алекторов, этнограф Ы. Алтынсарин, Н.М. Бекчурин, Р.Н. Игнатъев, Б. Даулбаев, С.А. Джантюрин т.б. атауымызға болады. Соның ішінде қазақтан шыққан ағартушы Ыбырай Алтынсарин Географиялық қоғамның толық мүшесі бола жүріп, бірнеше еңбектерін жазды. Орынбор Географиялық қоғамының алғашқы «Жазбаларына» шыққан: «Орынбор мекемесіндегі қырғыздардың тойы мен құда түсу салт- дәстүрлерінің очеркі» және «Орынбор мекемесіндегі қырғыздардың ас беру және жерлеу салт-дәстүрлері туралы очерк» атты екі мақаласы да қазақтың салт-дәстүрлері туралы құнды заманының этнографиялық шығармасы болып есептелінеді. Торғай облыстық басқармасының №25 қорындағы Ы. Алтынсариннің 1873-1877 жылдар аралығындағы қызмет бабындағы қызметке тіркеу тізіміне үңілсек, Орыстың Географиялық қоғамының қалай өз мүшелігіне таңдағандығына көз жеткізуге болады. 33 жастағы хорунжий Ибрагим Алтынсарин Торғай уездік басқармасының 800 руб жалақымен қызмет жасаған іс жүргізушісі. 1858 жылы қазанда Орынбордағы қазақ мұғалімдер училищесін бітіріп, Орынбор-Самара генерал-губернаторлығына қызметке кірген. 1859 жылдың тамызынан Торғай облыстық басқармасының кіші тілмәші. 1860 жылдан Орынбор-Самара генерал-губернаторлығы жанынан қазақ мектептерін бақылаушы және қазақ мектептерінің мұғалімі болып бекітіледі.

1869 жылы 2 қаңтарда Торғай уездік басқармасының іс жүргізушісі, 1870 жылдың 15 қазанынан 1871 жылдың 20 тамызынан 20 қыркүйегіне дейін Орынбор генерал-губернаторының ұсынысымен Торғай уезінің судьясы қызметін атқарады. 1871 жылдың 14 қарашасынан Торғай уезі бастығының бас көмекшісі, 1872 жылдың 1 қарашасынан уақытша Торғай уезінің бастығы қызметін атқарған. Сонымен қоса 1872 жылдың 1 қарашасынан 1873 жылдың 1 ақпанына дейін Торғай уезінің судьясы қызметін атқарған [196, 2-5 пп.].

Келесі құжаттан байқағанымыздай, Торғай облыстық вице-губернаторы 1875 жылдың 9 наурызында 1860 жылдан уезде мектеп мұғалімі, кейіннен уезд

басқармасының іс жүргізушісі поручик Ы. Алтынсаринді қайтқан судья Плотниковтың орнына Торғай уезінің судьялық қызметіне бекітуді сұрайды [197, 2-3 пп.]. Әйтсе де, Торғай облысының әскери губернаторы Л.Ф. Баллюзекке 1876 жылдың 29 наурызында Орынбор генерал-губернаторы Н.А. Крыжановский Санкт-Петербургтегі Әділет Министрлігінен келген телеграммада Ы. Алтынсаринді Торғай уезінің судьялығына бекітпегендігін хабарлайды [197, 12 п.]. Міне, Ы. Алтынсаринді патшалы мекеменің қызметкері ретінде Географиялық қоғам қызметіне тартылғандығын білдік.

Н.В. Калачев Ресейдегі мұрағат ісін жүйелеу мақсатында өз қаржысымен 1873 жылы батыс елдеріне барып, мұрағат ісі тәжірибелерін жинақтап қайтып, Білім министрлігіне арнайы Санкт-Петербургтен мұрағатшылар мектебін ашу туралы ұсынысын түсірді. Ресей мұрағат ісі жолында Н.В. Калачев тіпті өзінің пәтеріне мектепті ашуға рұқсат сұрайды. Бұл сұрауына Ресей Білім министрлігі екі жағдайда ғана ашуға рұқсат етеді: біріншіден, мектеп тәжірибе ретінде ғана ашылатындығы, ол кез-келген уақытта жабылып қалуы мүмкін, екіншіден, бұл мектеп қандай жағдайда да мемлекет қаражатына есеп жасамауы тиіс. Н.В. Калачев осы шартты қабылдай отырып, 1877 жылы өзінің үйінде, жеке қаржысына сүйене, мұрағат қызметкерлерін даярлайтын мекеме ашқан, кейіннен ол Санкт-Петербург Археологиялық институты деген атауға ие болды. Осы Санкт-Петербургтегі Археологиялық институтына 1883 жылы мемлекет бюджетінен қаржы бөлініп, арнайы мұрағат ісінің мамандары даярлады.

Ресейдегі құрылған Уақытша комиссия орталықтандырылған тарихи мұрағат құру мақсатында өз жұмысын бастап-ақ кетті. Уақытша комиссия губерниялардағы мұрағат ісімен айналысатын түрлі қоғамдардың басшы органдарына арнап 1875 жылы 17 желтоқсанда «Бас мұрағат комиссиясының Ережесін» және 1875 жылы 4 наурызда бекітілген «Істі сақтаудың және жоюдың тәртібінің Ережесін» дайындап шығарды. XIX ғасырдың екінші жартысында жүргізілген мұрағаттық реформаны аяқтау осы институттың үлесіне тиді. Н.В. Калачевтің мұрағаттық реформа жобасын даярлауының басты мәні: Ресейде орталықтандырылған мұрағат ашу, яғни, мұрағат басқармасының жоғарғы органы Бас мұрағат комиссиясы деп аталып, оның басты мекемесі Санкт-Петербургтегі Бас мұрағатқа бағынуы тиіс болды [51, с.164-166].

1884 жылы 13 сәуірде Н.В. Калачевтің Губерниялық Ғылыми мұрағаттық комиссияны құру тәртібі туралы жобасын Ғылым Академиясы Ішкі Істер Министрлігіндегі Д.А. Толстойға жібереді. Ол Министрлер кабинетінің қарауына беріп, нәтижесінде 1884 жылы 13 сәуірде тәжірибе ретінде Тамбов Рязан, Твер, Орлов губернияларынан Ғылыми мұрағаттық комиссияларын және тарихи мұрағат ашу жөнінде, қажет болған жағдайда өзге губерниялардан да ұйымдастыру туралы нұсқау берген болатын [198, 1 п.].

Ресей губернияларында болып жатқан жаңарулардан Орынборда тыс қалмады. Себебі, мұрағат саласындағы реформалар бұл аймақ үшін маңызды еді. Таратылған бұрынғы Орынбор генерал-губернаторлығының басқармасының мұрағат құжаттарын шашпай, жоғалтпай Орынбор тарихи

мұрағатына түсіру болашақ тарих ғылымының дамуына жағдай жасаған өлке тарихына қызығушылардың ғана емес, орталықтың өзі де мүдделі болды.

1884 жылы 13 сәуірде император Жарлығымен және Министрлер Комитеті бекітуімен Губерниялық ғылыми мұрағаттық комиссияларына арналған «Негіздеме» жарияланып, онда бұл құрылғалы отырған қоғамдық мекемелердің төмендегідей басты мақсаты анықталды:

1. Тарихи маңызы бар құжаттар мен ағымдағы қажет емес іс-қағаздары мен мұрағат істерін топтастырып, мәңгіге сақтау;

2. Құрылғалы отырған Губерниялық ғылыми мұрағаттық комиссияларына мұрағат істерін тәртіпке келтіру және жинауды жүктеу;

3. ГФМК жергілікті губернаторлар арқылы Санкт-Петербургтегі Археология институтының директорымен қызметкер ретінде, сонымен бірге губерния қызметінде тұрмайтын комиссия ретінде келісім жүргізуі тиіс. Губернатор Комиссия ісіне өзінің білімімен қызмет көрсетуі тиіс және осы қоғамдық мекеменің бірден-бір қамқоршысы болуы тиіс;

4. Төрағаны, мекеме ісін жүргізуші төраға көмекшісін Комиссия алғашқы мәжілісінде өздері тағайындайды;

5. Ғылыми Комиссия міндетіне губерниядағы және уездердегі түрлі мекемелердегі сақтаулы мұрағат құжаттарын реттеу;

6. Мұрағаттық комиссиялар өздерінің жұмыс жасаған тізбелері мен мұрағат істерінің көрсеткіштерін және бір жылдық есебін жылдың аяғында (қараша айынан қалдырмай) Археология институтының директорына жолдауы тиіс;

7. Ғылыми комиссиялар негізгі өзінің міндетіне қоса жергілікті жағдайға байланысты көне ескерткіштерді сипаттау, түсіндіру, іздестіру жұмыстарымен шұғылдануы қажет;

8. Губерниялық ғылыми мұрағаттық комиссиясын қаржыландыру және оның жұмыстарымен шұғылдануға қажетті қаражат, жұмсалатын шығыны Археология институты директорының бөлуімен және жергілікті ғылым пайдасына жиналған жылу ақшамен атқарылатындығы көрсетілген [199, 11 п.].

1881 жылы 11 шілдеде таратылған Орынбор генерал-губернаторлығының кеңсесіндегі іс-қағаз құжаттарын реттеп аяқтау және Орынбор Орталық тарихи мұрағатын жасақтау Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясының үлесіне тиді. Таратылған Орынбор генерал-губернаторлығының бай мұрағаты өзіне назар аудармай қойғызбады, себебі, бұл мұрағатта өлкенің орталықтандырылған әкімшілік мекемесінің бар құжаттары сақталынған болатын. Орынбор генерал-губернаторлығының кеңсесінің іс-қағаздарын реттеу, тәртіпке келтіру үшін 1860, 1874, 1875, 1880 жылдары бірнеше комиссиялар құрылып, ұмтылыс жасалынғанымен қаражаттың, адам күшінің жетіспеуіне байланысты шегеріле берді. Мысалы, 1880 жылы 19 желтоқсанда Орынбор қаласына атақты жиһангез Н.М. Пржевальскийдің келуіне байланысты қалалық Думаның залындағы мәжілісте губернатор Н.А. Крыжановский Орынбор өлкесін зерттеуге жергілікті өлкетанушыларды шақырған болатын. Соған байланысты үш ірі комиссия: біріншісі – география саласы бойынша генерал-майор Ф.М. Самоцветтің басшылығымен, екіншісі –

статистика мәліметтері бойынша генерал Л.Л. Мейер төрағалығымен және үшінші комиссия дәрігерлік бөлім мен табиғи байлықтар тарихымен медицина докторы, жасырын кеңесші Лотиннің басқаруымен құрылды. Ал тарих, археология және этнография саласы бойынша генерал-губернатор шақыруымен келген бірнеше ғылыми қоғамдардың мүшесі, Орынбор өлкесінің көрнекті өлкетанушысы Р.Г. Игнатьев басшылық етті. Әйтсе де, бұл құрылған комиссиялар да қаржы тапшылығынан жұмысы ілгерілемеді. Оның үстіне 1881 жылы 11 шілдеде Санкт-Петербургтен Орынбор генерал-губернаторлығына мынадай мазмұндағы жеделхат келіп жетті: «Басқарушы Сенатының жариялаған жарлығы бойынша Орынбор генерал-губернаторлығының қызметі жойылсын. Генерал-губернатор Крыжановский қызметінен босатылып, Әскери Кеңес мүшесі ретінде қалдырылсын». Генерал-губернаторлығының таратылуына сәйкес осы аймақтағы барлық әскери басқармалары таратылып, көптеген құрылған комиссияның төрағалары Орынбор қаласынан кері орталыққа шақыртылып алынды.

Орынбор генерал-губернаторлығының басқармасы мұрағатын реттеу үшін Ресей Ішкі Істер Министрлігі Археологиялық институтқа 1000 рубл қаржы бөліп, 1881 жылдың қыркүйегінде институттың шынайы мүшесі А.И. Гаврилов пен А.Н. Львовты Орынборға арнайы іс-сапарға жіберген. Археологиялық институттың директоры И. Андреевскийдің 1887 жылғы 23 қаңтардағы Орынбор губернаторына жазған хатында Орынборда Ғылыми Мұрағаттық комиссияны құруға мүмкіндіктің бар екендігі Археологиялық институттың шынайы мүшесі А.Н. Львовты іс-сапарға барып келген соң-ақ белгілі болды дейді. Жіберген қызметкерінің келу мақсатын былайша баяндайды: біріншіден, Орынбор генерал-губернаторы басқармасын кеңесінің мұрағаты құжаттарымен Комиссия жұмысының қай деңгейде жүргізілетіндігін алдын-ала анықтау, екіншіден, құрылғалы отырған Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының алдында тұрған міндеттері мен одан әрі қызметінің сәтті жүргізілуі үшін Сізді хабардар ету еді дей келе, жұмысын бастағалы отырған мұрағаттық мекемені қолдауын және құжаттарды сақтау үшін В.А. Перовский салғызған мұрағат үйін беруді сұраған [109, 1 п.].

Іле-шала Орынборға тағы да арнайы архивариусшы, сотник Пустохановты жіберген. Пустохановтың 1882 жылы 10 тамыздағы рапорты бойынша мұрағаттағы 100 мыңнан асатын құжаттардың о бастан ешқандай реттелмегені, үйме-жүйме күйінде жатқанындығы белгілі болды [200, 9а п.]. Одан әрі Пустоханов мұрағатта мағынасыз, тарихи құндылығы аз жазысқан хаттардың өте көптігі, оның үстіне артық істерді жоюға жіберілмегеннен кейін, қағаздарды реттеу мүмкін еместігін хабарлайды. Сонымен бірге мұрағат қағаздары бөлек-бөлек, 4 үйге қолайсыз жағдайда орналасқандығын, оның үстіне 1879 жылы мұрағат құжаттары өртке ұшырағанын баса айтады.

Орынборға келген Археологиялық институт қызметкерлері екі аптадай уақыт ішінде тек қана мұрағаттағы құжаттар санының молдығына бұрынғы Орынбор генерал-губернаторы мұрағатының мазмұны жағынан да, саны жағынан да бай іс-құжаттар бар екендігіне көзі түсті. Сол кезеңде осы мұрағат қорындағы бар іс-құжаттарды ірі 3 бөлімшеге бөлуге тура келген:

1. Азаматтық бөлім істері (1789-1836) тізбелерімен қоса берілген - 18.267 құжат.
2. 1803 жылдан 1835 жылдар аралығын қамтитын Шекаралық Істер -5.966 құжат.
3. 1832-1862 жылдар аралығындағы шарушылық және есеп құжаттары - 283 байламды құраған. Осы істердің 4501 тізбеленген, ал қалғаны үштен төрт тізбесі жасалынбаған құжаттар қатарына кірген.
4. Кешірім берілген істер (с 1833-1839 жж.) - 16 буманы оның ішінде 12-сі тізбеленген.
5. Жер және орман шаруашылығы Орынбор училищесінің құжаты (1835-1861жж.) - 27 бума, оның 597 тізбеленген.
6. Жіберілмеген Самара құжаттары 34 бума, тізбеленбеген.
7. 1831жылғы холера туралы - 30 том. Ешқандай тізбеленбеген.
8. Сенат Жарлықтары 66 том (1798-1873 жж.).
9. Түрлі кітаптар, журналдар, тіркеу кітаптары (1803-1871 жж.) 554 кітаптар мен дәптерлер.
10. Министрліктің баспа циркулярлары мен қатынас қағаздары (1793-1873 жж.).
11. Император мен түрлі мекемелер Жарлықтары 66 том кітап.
12. Қазыналық есеп-қисап істері 60 бума.
13. Карталар мен жоспарлар 89 бума.

Сонымен бірінші бөлімшеде шамамен 70000-ға жуық іс-құжаттар сақталынған деген қорытындыға келді [200, 9а. сыртқы п.]. Одан әрі екінші бөлімшеде 1817 жылдан 1892 жылдар аралығын қамтитын ешқандай іс-құжаттар тізбеленбеген, көрсеткішсіз 50 мыңға жуық құжат, үшінші бөлімшеде 1819 жылдан 1881 жылға дейінгі іс-құжаттар ешбір тізбеленбеген күйі шамамен 20 мың іс-құжат 377 пар бумаланған күйі жатқанын анықтаған. Сонымен бұрынғы Орынбор генерал-губернаторлығының мұрағатындағы материалдар жалпы саны шамамен 150 мыңнан аса іс-қағаз құжаттарын құраған [200, 9 б. п.].

Археологиялық институттың директоры Н.В. Калачев арнайы Орынбор мұрағатына арнап тізбелер мен көрсеткіштерді құрауға «Бұрынғы Орынбор генерал-губернаторлығы кеңсесі мұрағатын реттеу туралы» нұсқау жазған. Әйтсе де, Ресей тарихшысы Е.П. Пирогова бұл нұсқаудың Орынборға жетпегендігін алға тартады [201, с.71].

Бұрынғы Орынбор генерал-губернаторы басқармасы мұрағаты іс-қағаздарын реттеуге орталықтан Орынборға арнайы тапсырмасымен Ішкі Істер Министрлігі Кеңесі бөлімінен келген жасырын кеңесші Ф.К. Гирс 1881 жылы тамызда дереу арнайы комиссия жасақтады. Құрылған уақытша комиссия құжаттары бүгінде Орынбор қаласындағы облыстық мемлекеттік мұрағатының № 95 қорында жинақталған. Қорда комиссияның барлық қызметі баяндалады. Комиссия төрағалығына Торғай облысының Вице-губернаторы В.Ф. Ильинді сайлады, ал құрамына жергілікті әкімшілік мекемелерінің қызметкерлері және мұрағат қызметкерлері енгізілді. Уақытша комиссияның алғашқы отырысы 1882 жылы 14 қаңтарда өткен. Оған В.Ф. Ильин төрағалық етті. Жиналыста Н.С. Середа, Кожевников, Алпухов және тағы басқалары қатысқан. Отырыста

комиссияның мақсат-міндеттері, бағдарламасы талқыға салынды. Бағдарламаны Г.С. Калачев таныстырған. Сонымен төраға, оның 7 мүшесі – М.С. Кожевников, Н.С. Ободовский, П.Н. Распопов, А.В. Соколов, А.О. Ярчулов, Р.Г. Игнатъев, А.Н. Соколовтар жұмысына кірісіп, бір жыл ішінде 110000 астам тізбесі бар қорларды реттеп бітіруі тиісті болды. Оларға қолдау ретінде 3000 руб. ақша бөлінді [202, 1п.].

1882 жылы Орынборға Ресей Императорының Археологиялық институтының директоры Н.В. Калачевтің өзі келіп, екі мәжіліс өткізіп, ғылыми-мұрағаттық комиссия құру туралы Ф.К. Гирс ұсынысын мақұлдаған болатын. Бұл мәжіліске сенатор Н.В. Калачев, жасырын кеңесші Ф.К. Гирс, Ішкі Істер Министрлігінің аса жауапты тапсырмасымен келген шенеунік Д.С. Галдинский, Орынбор Вице-губернаторы Лукошков, Торғай Вице-губернаторы Ильин, Орынбор қаласының басшысы Середя, «Оренбургский листок» газетінің редакторы И.И. Евфимовский-Мировицкий, «Губернский ведомостей» редакторы Р.Г. Игнатъев, Орынбор ерлер гимназиясының мұғалімі Северный мен археологтар Гаврилов пен Львов қатынасты. Мәжілісте Н.В. Калачев талқылауымен болашақ құрылар Комиссияның негізгі тәртібі былайша белгіленді:

1. Мұрағатты реттеу барысында құжаттарды тізбелеу және көрсеткіштерді жасау үшін барынша тиімді және арзанға түсетін бағдарламаны таңдау;

2. Мұрағат тізбесін құрастыруда мұрағат бөлмесіне лайықты іс-құжаттарды тәртіппен орналастыру әр уақытта бұзылмауы шарт;

3. Барлық іс-құжаттар мен қағаздар мазмұнына қарай үш топқа бөлінуі тиіс:

1) анықтамалық

2) ғылыми маңызы бар

3) мазмұны маңызды емес жоюға жататын құжаттар

4. Қараған кезеңде екі топқа да жататын құжаттар кездескен жағдайда саралап жатқан адамнан белгілі бір дәрежеде даярлықты және белгілі сауаттылықты, тиянақтылықпен қарауды талап етеді.

5. Тізбелерді құраған кезеңде мынадай түрлерін басшылыққа алуды ұсынады:

1) іс-қағаздар тәртібімен құрастырылған тізбелер нөмірлері жалпы немесе валовой әдіспен;

2) мұрағаттық нөмірлер мен тапсырылған тізбелер.

3) іс қашан басталып, қашан аяқталды;

4) істің қысқаша маңызды мазмұны бір бетке берілуі тиіс;

5) іс парақтарының беті;

6) қағаз саны;

7) ескерту: іс сақталуға жата ма, анықтамалық па немесе ғылыми маңызы бар ма, әлде жоюға ма;

Тізбелерді даярлаудың соңы анықтамалық немесе ғылыми бөлім бойынша көрсеткіштер құрастырылуы шарт [200, 9б п.].

Бұрынғы Орынбор генерал-губернаторлығы басқармасының мұрағатын реттеуге Ішкі Істер Министрлігі ұсынысымен Комиссия құрамына Орынбор

губерниясы басқармасынан, Орынбор казак әскерілерінен, прокурорлық бақылаудан тағы өзге мекемелерден мұрағат жиыстыруға арнайы қызметкерлер шақырылды.

1883 жылдың 30 мамырында уақытша комиссия өз отырысында төмендегідей шешімдерді қабылдады. Біріншіден, шаруаларды көшіруге байланысты қорланған құжаттарды сақтап қалу. Екіншіден, әскерге алу туралы құжаттардың маңызды емес деген бөліктерін жою. Үшіншіден, жеке адамдарға қатысты арыздарды жоймай, сақтау.

Ал 1883 жылғы 2 маусымдағы отырысында жылқы ұрлау ісіне байланысты құжаттарды, жандармерия корпусының өлкедегі басшылығының шенеуніктерінің есептерін, Орынборда тұруға рұқсат алған шетелдіктер туралы материалдарды сақтап қалу маңызды деген тоқтамға келген [202, 8 п.].

Уақытша комиссияның 1885 жылы 28 қаңтардағы мәжілісінде мұрағатты реттеу одан әрі жалғастыру қажеттігі баса көрсетілді. Комиссияның жұмысын одан әрі жандандыруға осы жылы мемлекет 2473 руб. 20 тиын бөлген. Жоғарыдағы мәжілістің хаттамасынан белгілі болғандай, Археологиялық институтқа тізімдеуге жіберілген 50 түк мұрағат істері Ішкі Істер Министрлігінің жалпы істер департаменті арқылы Орынборға қайтарылған. Сонымен бірге Археологиялық институттан қайтарылған мұрағат істерімен бірге сақтауға белгіленген 3 дәптер құжаттар тізбелері қоса қайтарылған. Осы Археологиялық институттан келген істердің тізбесі карточкалық жүйемен жасалмағандықтан, тез арада әрбір істің атауын бөлек жазып алу қажет делініп, оны жүзеге асыру мүше есаул М.С. Кожевниковқа жүктелді. Комиссия мүшелері осы отырыста әрбір істің көрсеткіштері хронологиялық және пәндік атау, географиялық жүйемен көрсетілуі қажет, карточкада, ия жазылған беттерде бір негізде болуы тиіс деген шешімге келді [202, 16-16 сыртқы п.].

Сонымен, бұл жолы да құрылған комиссия мүшелері жұмысқа жұмыла кіріскен болатын. Мысалы, бұрынғы Орынбор генерал-губернаторлығының кеңсесінің 1812 жылдан басталатын 130 іс-құжаттарын Р.Г. Игнатьев реттеген.

Ал, 1882 жылы ақпанында екі бөлімнің іс-құжаттарын есаул М.С. Кожевников 1817, 1818, 1819, 1831, 1832, 1833, 1834, 1835, 1843, 1844, 1845, 1850, 1851, 1852, 1853, 1859 - жылдардың барлығы 15925 іс-құжаттарын реттеген. Ол оның ішінде 1890 істі сақтауға, 14035 құжатты жоюға жіберген. Одан әрі бұрынғы басқарма мұрағатын 1882 жылдың сәуірінің аяғында стат кеңесші Николай Александрович Соколов қараған. 1840, 1841, 1842, 1846, 1847, 1848, 1849, 1854, 1857 және 1858 жылдар іс-құжаттарынан барлығы 13305 іс-құжатты қарап, оның 120-ын сақтауға, 12098 іс-құжаттар жоюға жіберген.

Ал, стат кеңесшісі Александр Васильевич Соколов болса 1820, 1821, 1822, 1823, 1824, 1825, 1826, 1827, 1828, 1829, 1830, 1836, 1837, 1838, 1839, 1855, 1856, 1861 жылдардағы 10195 іс-құжатты тексеріп, оның 1249-ын сақтауға, ал 8946 жоюға жіберген. Осы берілген мұрағат дерегіне сүйенсек екі-ақ бөлім бойынша 39425, оның 4346 сақтауға жіберілсе, 35049 іс-құжат жоюға жіберілген [103, 12-16 пп.]. Негізінен мұрағатты реттеуде соңында қалып, жалғыз өзі жұмыс жасаған комиссия төрағасы стат кеңесші П.Н. Распопов та түгесе алмаған, әйтсе де төмендегі кестеге үңілсек біраз мәлімет берері анық.

Кесте 1, - П.Н. Распоповтың қараған мұрағат істері санының мәліметтік жиынтығының тізімі [103, 36 п.].

Рет саны	жылы	Істің жалпы саны	Белгіленген істің саны		Сақтауға жіберілген істің жалпы санының пайыздық (%) қатынасы
			1.сақтауға	2.жоюға	
1			1.сақтауға	2.жоюға	
2	1804	121	35	86	28,8
3	1805	155	27	128	14,4
4	1806	139	34	105	23,0
5	1807	165	24	141	14,5
6	1808	143	14	126	11,8
7	1809	112	21	91	18,4
8	1810	81	15	66	19,4
9	1811	50	5	45	10,0
10	1812	439	111	323	25,2
11	1813	422	69	360	14,6
12	1814	189	25	164	13,2
13	1815	51	38	13	72,6
14	1816	53	4	49	7,3
15	1817	775	127	142	46,1
16	1818	125	46	132	24,8
17	1819	183	28	155	15,3
18	1820	243	65	178	26,7
19	1821	234	48	186	20,7
20	1822	241	14	224	4,0
21	1823	210	55	155	26,1
22	1824	158	41	114	25,9
23	1825	106	25	81	23,5
24	1826	95	25	70	26,3
25	1827	86	22	64	25,5
26	1828	125	46	179	34,6
27	1829	116	35	81	30,1
28	1830	128	51	77	39,9
29	1831	132	38	94	28,4
30	1832	219	35	184	14,9
31	1833	131	38	93	29,0
32	1834	103	5	98	4,6
	Барлығы	5125	1187	3938	23,1%

Кестеге назар аударар болсақ, бір ғана уақытша комиссияның төрағасының 5125 істі саралап, оның 1187-ін сақтауға қалдырғанын байқаймыз. Соның ішінде Н.П. Распопов 1815 жылғы қараған құжатының 72,6 пайызын қалдырса, ал, 1822, 1824 жылдардағы құжаттардың 96 пайызын жойған.

Уақытша комиссияға бұрынғы Орынбор генерал-губернаторлығы басқармасының кеңсесінің мұрағатын реттеуге бір жылдай уақыт берілген. Әйтсе де, 1882 жылдың қаңтарынан жұмыс жасап жатқан комиссия губернатор басқармасындағы іс-құжаттардың жартысына жетіп жиыстыра алмады. Сонымен Уақытша комиссияның 1882 жылдан 1886 жылға дейінгі 4 жылдық

жұмысында 45.773 іс-құжаттарды тізбелеп, сақтауға 5203 (11,3%) іс-құжаттарды жіберсе, жоюға- 40.570 (88,7%) бағыттады. Ал қалған құжаттар ішінен Археологиялық институтқа 138 түк іс-құжаттар, яғни, 8732 іс-құжат кеткен. Жіберілген іс-құжаттарды ірі бес бөлімге бөлген:

1. Басқарманың жалпы іс-құжаттары;
2. Орынбор казак әскерилерінің әкімшілік іс-құжаттары;
3. Башқұрттар іс-құжаттары;
4. Шекаралық;

5. Құпия іс-құжаттар. Бұл іс-құжаттардың өзін үш бөліммен жинақтаған: заттай, атаулар, географиялық [200, 9 в п.].

Комиссия өз жұмысын қорытындылаған кезде қараған іс-құжаттардың жалпы саны 93.854, оның сақтауға жіберілгені - 12.265, ал Археологиялық институтқа жіберілгені - 8.928, ал барлық сақтауға жіберілген құжат саны - 21.194 құраған [200, 9 в п.].

Осылайша Орынбор Мұрағаттық комиссиясының нақты қызметінің бағдарламасы нақтыланып қалыптасып жатты. Кейін де Уақытша комиссияның бірнеше отырыстары өтті. Атасақ, 1886 жылы 27 наурызда [203, 4-5п.], 1886 жылғы 28 сәуірде [203, 6, 9 пп.], 1886 жылғы 25 мамырда арнайы отырыстары ұйымдастырылып, күрделі мәселелер талқыланды. Отырыстарға П.Н. Распопов төрағалық еткен. Сол жылы Комиссияға Н.М. Бекчурин, М.Е. Давыдов, М.С. Кожевников, Н.С. Ободовский, К.С. Соболев, А.В. Соколовтар мүше болатын.

Ал, келесі үлкен мәселе Орынбор генерал-губернаторлығы басқармасының іс-құжаттарын ретке келтіре отыра, осы қалада орталық мұрағат құру еді.

Н.В. Калачев ұсынысымен Орынбор губернаторы Н.А. Маслаковецтің басқаруымен пәтерінде жергілікті өкілдерден шақырылған 27 адам мен П.Н. Распоповтың бұрынғы генерал-губернаторы мұрағатындағы іс-қағаздарды реттеу барысы жөніндегі есебі тыңдалды. П.Н. Распопов есебінен белгілі болғандай, құжаттардың хронологиялық тізбелері жасалынбағандығы, Археологиялық институтқа жіберілген құжаттардың көпшілік басымы жойылуға жіберілгендігі, оның өзін қайта қарау керектігі, сондықтан қайтадан іс-құжаттарды қайта қарауға рұқсат керектігі сөз болды.

1887 жылы 9 желтоқсанда Орынбор губернаторы Н.А. Маслаковец үйінде өткен Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының бірінші жиналысында арнайы ашылғанын хабарлады [46, с.2]. Алғашқы ОҒМК мүшелері 25 адамнан тұрды. ОҒМК төрағалығына П.Н. Распоповті, орынбасарлығына Г.И. Андреевті, хатшысы етіп И.И. Евфимовский-Мировицкийді сайлады. Құрылған Мұрағаттық комиссиясының төрағасы Павел Николаевич Распопов (1834-1893) Орынбор губерниялық статистикалық комитетінің қызметкері. 1862 жылы Петербург университетін бітірген. Мамандығы – мұғалім. Ол бір мезгіл Орынбор губерниясы халық училищесінің директоры қызметін атқарған. «Орынбор губерниялық мекемесі» газетінің бейресми бөлімінің редакторы. Орынбор өлкесінің тарихын зерттеуде, мұрағат ісін қалыптастыруда үлкен қызмет еткен. Ал, Мұрағаттық комиссия хатшысы Иван Иванович Евфимовский-Мировицкий «Оренбургский листок» Орынбор өлкесіндегі жеке

меншік газетінің редакторы, Комиссия басылымы «Еңбектердің» жарық көруіне ең белсенді үлес қосқан мүшелерінің бірі болған.

Орынбор губернаторы Н.А. Маслаковец қаладағы түрлі оқу орындарының басшыларына хабар салып, ОҒМК мүшелерін құрады. Сонымен алғашқы ОҒМК мүшелері төмендегідей:

1. Орынбор діни семинариясынан келісім берген оқытушылар:

1) Александр Васильевич Васильев; 2) Николай Иванович Чижов; 3) Илья Фомичь Горский; 4) Харлампий Давыдович Дребетов.

2. Татар мұғалімдер мектебінен:

5) Шагей Шагиевич Шагиахметов; 6) Михайл Михайлович Данилов; 7) Гайса Хамидуллин Еникеев.

3. Орынбор Ерлер гимназиясынан:

8) Василий Яковлевич Смирнов; 9) Константин Александрович Булавин.

4. Орынбор гимназиясынан:

10) Михайл Васильевич Голубков; 11) Григорий Семенович Хрусталеv.

5. Діни училищесінен:

12) Иван Дмитриевич Снегиров; 13) Иван Алексеевич Соловьев.

6. Гимназияға дейінгі әйелдер мектебі:

14) Алексей Каллистратович Шильнов;

7. Азаматтық гимназиядан:

15) М.Я. Божуков,

8. Юнкерлік училищесінен:

16) П.С. Словохотов;

9. Қазыналық палата басқармасынан:

17) Г.И. Андреев, 18) Заңды стат кеңесшісі Николай Михайлович Бекчурин, 19) стат кеңесшісі П.Ф. Успеев және бұрынғы Орынбор мұрағатын ретке келтіруге құрылған комиссия мүшелерінен, 20) Н.И. Елиспеев, 21) А.Е. Бусыгин, 22) П.Н. Распопов, 23) А.В. Орлов, 24) В.Т. Романов, 25) А.В. Соколов, 26) И.С. Шукшинцев.

Комиссияның басты мақсаты – бұрынғы Орынбор генерал-губернаторы басқармасының ауқымды мұрағатын ретке келтіруді одан әрі жалғастырып, барлық мұрағат құжаттарына ғылыми сипатама беруі қажет болды. Сонымен бірге губерниялық мекемелердегі жоюға бағытталған іс-қағаздарды қарап, реттеу және өздері қараған, жинақтаған іс-қағаздарды мұрағатқа орналастырылуы тиіс болды. Ал, осы ХІХ ғасырдың аяғында құрылған Комиссия кімнің құзырында болды десек, біріншіден, жыл сайынғы жылдық есепті Археологиялық институтқа жіберіп, ғылыми мекеменің бақылауында болған, ал, Археологиялық институт Ғылым Академиясына есеп беріп тұрған. Олай болар болса, ГҒМК Халық Ағарту Министрлігіне қараған, ал екіншіден, Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясы тікелей Орынбор губернаторына бағынды. Комиссияның қызметі туралы губернаторлар Ресей Ішкі Істер Министрлігіне де есеп беріп отырды, яғни, Ресейдегі Ғылыми комиссиялар екі жақты мекемеге бағынышты болды.

1887 жылы құрылған Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы Орынбор қаласының тұрғындарына арнап жазған үндеуінде: «Біз өткен тарихымызды

көп білген сайын, келер болашағымыз айқындала түседі және алдағы қиыншылығымызды нәтижелі жеңеміз», - деп бастағалы тұрған қоғамдық ісінің келер ұрпақтың пайдасына шешілетініне қалың жұртшылықты сендірген болатын [199, 11 п.].

Міне, осындай алдына қойылған мақсатына сәйкес Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы бірнеше міндеттерді шешуі тиіс болды. Олар төмендегідей:

1. Орынбор қаласында орналасқан бұрын Орынбор генерал-губернаторлығы басқармасының кеңсесінің жүз мыңдаған құжатын мұрағатқа жинақтау, сұрыптау және ғылыми жүйеге келтіру. Осының аясында патша үкіметі жоспарына сәйкес қажет емес деген құжаттарды түпкілікті жою;

2. Жинақталған мұрағат құжаттарын пайдалана отырып, империя мүддесіне сай ғылыми ізденістер жүргізу. Осы мақсатта мұрағат құжаттары отарлау саясатымен үндесіп жатуы тиіс;

3. Орынбор Мұрағаттық комиссиясы құратын тарихи мұрағат патша үкіметінің жергілікті мекемесі саналды. Сондықтан, өлкеге келген ғалымдар, саясаткерлер, шенеуніктер олар жинақтаған материалдарды игеріп, Ресей империясының Азиядағы жоспарларын жалғастыруға көпір ретінде пайдаланды;

4. Мұрағаттық комиссия мүшелері өз ізденістерін сол кезеңдегі барлық баспасөз беттерінде жариялануы маңызды міндет саналды. Осы арқылы, бір жағынан олар отарланушы ел Қазақстанды таныса, екінші жағынан, әлемге өзінің мәдениетті саясатын дәлелдеуді мақсат етті;

5. Ғылыми комиссия жанынан жергілікті басшылыққа қажетті кітапхана және мұражай құру тапсырылды. Онымен орыс үкіметі Азияның рухани байлықтарын Орынборға жинақтап, маңыздыларын орталыққа әкетуді жоспарлады;

6. Комиссия арқылы тұтастай Қазақстанның, Орта Азия елдерінің тарихы, этнографиясы, археологиясы, географиясы, қазба байлықтары және т.б. Ресей мүддесі тұрғысынан зерттеулерді кешенді түрде жалғастыру;

7. Жаңа мекемеге түркі тілдес халықтардың өкілдерін тарту арқылы оларды үкімет саясатына пайдалану, жергілікті шенеуніктер қатарына қосу;

Қорыта келгенде, мақсат-міндетін мүмкіндігіне қарай анықтап, Мұрағаттық комиссия мұрағат ісін жүйелеу ұранымен Орынборда жұмысқа белсене кірісті.

3 ОРЫНБОР ҒЫЛЫМИ МҰРАҒАТТЫҚ КОМИССИЯСЫНЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРІ

3.1 Мұрағат ісін ұйымдастыру және құжаттарды реттеу

Қазақстан Республикасының тарихы деген төте ұғымда біз қазақ мемлекетінің, нақтырасақ, ұлт тарихы деп түсінуіміз шарт. Мемлекетіміздің діні, тілі, экономикасы, мәдениеті, яғни діңгегі берік болуы үшін орналасқан аумағымыздағы тарихи дамуымыз туралы жүйені анық тарихи ғылыми іліміміз, біліміміз болуы қажет. Бірнеше жыл отарлық езгі көрген, рухани жағынан жараланған еліміздің болашақ жарқын тағдырын елестету үшін өткен тарихымыздан сабақ алуымыз, келер ұрпаққа халықтың басынан өткергенін шынайы жеткізе білуіміз қажет. Ал өткен тарихымызды шынайы баяндау үшін біз дерекке сүйенеміз. Тарихи деректің анықталар тұсының бірі мұрағаттық жүйе. Қазірде мұрағаттық мекемелер тарихы тарих ғылымы үшін маңызды тақырып екені даусыз. Бұл жөнінде тарихшы З. Алдамжар былайша өз пікірін білдірген екен: «Архивтік жүйеде жинақталған мұрағатпен тарих ғылымының ара байланыстылығына келсек, онда бұл байланыстылық болмыстық ауқымы да ғылыми заңдылық негізде дер едім. Осы ғылыми заңдылықта, болмыстық сәйкестік те ұлттық төл тарихымызды зерттеудің де, ұлттық тарихи санамыздың қалыптасып бой түзеуінің де негізінде жатыр дер едім » [204, 6 б.].

Қазірде мемлекетіміздің нық қалыптасуы үшін ғылымны, оның ішінде тарих ғылымының дамуы өзекті мәселелердің санатынан табылып отыр. Сондықтан да, Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы жинақтаған қазақ тарихына қатысты құнды жәдігерлері қазірде Қазақстандық тарихшы ғалымдар еңбектерінде толықтай ғылыми айналымға қосылуда. Міне, алдымен Мұрағаттық комиссия қызметі ішінен ең бастысы мұрағат ісі – Орынборда орталықтан тарихи мұрағатын қалыптастыруы деп айтар едік. Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы Ресейдің өзге губерниялық ғылыми мұрағаттық комиссиялары қызметіне қарағанда сәл өзгешелігі болды. Орынбор комиссиясы патшалы Ресей мемлекетінің кең отарланған аумағының бірнеше тарихи құжаттарын қамтыған Орынбор генерал-губернаторлығы басқармасының мұрағатын реттеп, жергілікті орталықтанған тарихи мұрағатқа жинақтап орналастырды. Ал, Комиссия жинақтаған мұрағат қазір де Ресей Федерациясы Орынбор облыстық мемлекеттік мұрағаты деп аталады.

1734-1881 жылдар аралығындағы қазақтар тарихы туралы тарихи деректерді алдымен, бұрынғы Орынбор генерал-губернаторы басқармасының, одан кейінгі Орынбор губерниясының құрамында болған 1917 жылға дейінгі кезеңді осы мұрағат парақтарынан таба аламыз. Сол үшін де Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының практикалық қызметінің тарихы біз үшін маңызды. Бұл мұрағаттан бұрынғы Орынбор өлкесінің жалпы мәліметі, географиялық орналасуы, қазба байлықтары: темір, мыс, тас тұз, кара, тас көмірі, алтын өндірісі, климаты, гидрографиялық шолу, Орынбор өлкесіндегі халықтардың орналасуы, тарихы, т.б. ақпараттардың барлығын жергілікті тарихи мұрағатқа жинақтады [102, 1 п.].

Комиссия қызметінің алғашқы жылдары жұмысы баяу жүргізілген. 1888 жылдың қаңтарында Н.А. Маслаковец Ішкі Істер Министрлігіне хат жолдап, Орынбордан орталық тарихи мұрағат ашуға мүмкіндік сұрайды. Бұл сауалына Ішкі Істер Министрлігі, алдымен, мұрағат ашу үшін төмендегідей мәселені анықтап алу қажеттігін хабарлайды.

1. Орынбор мұрағатына басқа қалалардан, қандай мекемелердің іс-қағаздары келуі керек және жергілікті үкімет пен мекемелерден қарсылық жоқ па?

2. Орынбор мұрағатына басқа қалалардан келетін істердің саны қанша? Орынборға қандай шығынмен жеткізіледі, өзге қалалардан келетін мұрағат құжаттарын жинау қанша шығын әкелмек, тиімді жолдары бар ма?

3. Орынбор мұрағатына әр қаладан келетін құжаттардың жылдары белгілі бір дәрежеде шектелген бе?

4. Орынбор мұрағатына қандай, қанша, қаншалықты маңызы бар құжаттарды жиыстыру керек, көшірме мен хаттамалары қажет пе?

5. Соңғы 5 жылда Орынбор генерал-губернаторлығының басқармасы жыл сайын жергілікті үкіметтің, қоғамдық, жеке мекемелердің, жеке тұлғалардың өз істері үшін және ғылыми мақсатта сұрағандарға қанша анықтама берілді.

6. Қандай негізге сүйеніп, қандай жағдайда әскери мекеменің ғимараты жеке мұрағатқа қалай беріледі.

7. Бұл ғимарат өрттен тағы басқа қауіпті жағдайлардан қандай дәрежеде қорғалған ба және қанша қаражат шығынын қажет етеді?

8. Орынбор тарихи мұрағатына Орынбор Ғылыми Мұрағаттық Комиссиясының қаншалықты қатысы бар?

Орынбор губернаторы Н.А. Маслаковец болашақ құрғалы отырған Орынбор тарихи мұрағаты жұмысының жобасын былайша көрсеткен: «Орынбор тарихи мұрағатын құрудың мәні өлкенің көне тарихи ескерткіштерінің бары дерлік бұрынғы Орынбор әскери генерал-губернаторының кеңсесінің мұрағатында жатыр деп есептейміз. Сондықтан бұл мұрағатты шашпай, тарихи дерек ретінде сақтап, пайдалану үшін, алдымен, мұрағатқа лайықты ғимарат керек. 1856 жылы Перовский арнайы мұрағат істерін жинау үшін салдыртқан ғимаратта қазірде жергілікті гаупвахта орналасқан. Бұл ғимаратта арнайы мұрағат істері тұруға лайықтап 6 бөлме салдыртқан» [199, 12-12 сыртқы п.]. Одан әрі біріншіден, егерде Орынборда тарихи мұрағат құрылса, ол өлкенің орталық мұрағаты болады, өйткені, оған бүкіл бұрынғы губерния аумағындағы мекемелердің және көрші губерниялар мен облыстардың жинақталған барлық мұрағат құжаттарына есеп жасауымыз қажет. Ал, қандай құжаттар жіберілуі мүмкін деген сұраққа жергілікті үкіметпен мекемелерден қажетсіз деп табылған және жоюға шығарылған іс-қағаздарды жинақтайтындығын хабарлайды. Екіншіден, егер де осы жолмен Орынбор мұрағатына жиналар істердің шамамен саны қаншалықты болатындығы, Орынборға тасу ісі қалай жүзеге асатындығы, жолдың шығыны, егерде осы мақсатта Комиссия мүшелерін жан-жаққа жіберген жағдайда жолсапар шығыны қайдан алынатыны әлі белгісіз. Үшіншіден, әрбір қалалардан Орынбор мұрағатына келетін істердің жинаудың жылын шектеу,

жергілікті мұрағаттардың өзі орталық мұрағатқа 10 жыл сайын жиылған істерді қарап, өлке үшін тарихи құндылығы бар құжаттарды жіберіп отыруы тиіс деп түсіндіреді. Төртіншіден, егер де жіберілген көшірмесі немесе анықтамасы болса, мұрағаттық таңбасы бар мөрі басылуы тиіс, ал егер жеке адам жіберсе немесе ғылыми-тарихи зерттеумен айналысатын жеке тұлғадан мөр талап етілмейді. Бесіншіден, бұрынғы генерал-губернаторлық кеңсесінің мұрағатшысының пікірі бойынша берілген анықтамалық істері, шығыс журналына тізбеленіп, ешқайда тіркелмеген, сондықтан да берілген істермен анықтамалар санын анықтау мүмкін болмай отыр деп хабарлайды. Сонымен бірге, бұл жобада болашақ құрылғалы отырған мұрағатқа аса маңызды тарихи құндылығы бар бұрынғы Орынбор генерал-губернаторлығының мемлекеттік мекемелерінде сақталған іс-құжаттар кіретіндігін атасақ, бұрынғы Орынбор генерал-губернаторлығы басқармасы кеңсесінің бұрынғы шекаралық комиссиялар мұрағаты өлкенің өзге ұлттардың тарихы, тұрмыс-тіршілігі туралы түрлі адамдардың губернаторға тапсырған жеке жазбалары, зерттеулері азаматтық және қылмыстық сот істерінің 10 жылдан асқан өлке үшін тарихи құндылығы бар іс-құжаттары т.б. кіреді. Әзірге бұрынғы Орынбор генерал-губернаторлығына қараған мекемелерден 21194 жуық іс-құжаттар жиналып тұр. Осы тарихи мұрағаттың негізін құрайды», - деп көрсетеді [205, 6 п.].

Құрылған жылдан бастап Мұрағаттық комиссияға орталық мұрағатты жасақтауға іс-құжаттарды қоятын меншікті ғимараты болмады. Комиссия бірден кезінде В.А. Перовский мұрағатқа арнап салдырған қазіргі бас гаупвахта орналасқан ғимаратты сұрап, орталыққа сұрау салған. Комиссия ғимаратсыз 1887-1896 жылға дейін көшпелі күй кешкен. Алдымен, бұрынғы генерал-губернаторлығының кеңсесінде, одан соң бақылау палатасында, сәл кейін қазыналық палатаның дымқыл тартқан антресолында, ал бұл жерде жөндеу жұмысын жүргізген кезеңде сырттағы қалалық қонақүй ауласындағы 4 қараңғы дүңгіршектерге бөлініп орналастырылды.

Комиссия алғашқы жылдарындағы басты қызметі бұрынғы генерал-губернаторлық басқармасының мұрағатын реттеп, аяқтау ісімен айналысқан. Алғашқы онжылдықта қанша талпынғанымен бұл істі аяқтап бітіре алмағандығын байқаймыз, яғни, Комиссия өз қызметін жүргізе алмауына бірнеше фактор себеп болған.

1906 жылғы Комиссия төрағасы А.В. Попов қоғамдық мекеменің өткен мәжілістерін түгендеп, іздестіру мәселесін алға қойды. Алғашқы онжылдық мәжілістерінің хаттамаларының өзі бізге жетпеген тек жергілікті газет беттеріндегі хабарлама, баяндама түрінде жарияланған материалдар арқылы қайта жазылған.

Сонымен, 1887 жылдың 1, 1888 жылдың 2, 1889 жылдың 9, 1890 жылдың 1, 1895 жылдың 1, 1896 жылдың 2 мәжіліс хаттамаларының саны белгілі болса, 1891 жылдан 1894 жылға дейінгі аралықтағы ешбір хаттамалар, мәжіліс қағаздары жетпеген.

1888 жылғы 8 маусымдағы Мұрағаттық комиссия отырысына Орынбор губернаторы міндетін атқарушы, ғылыми мекеме қамқоршысы, гвардия полковнигі А.А. Ломачевский және Комиссия мүшелері П.Н. Распопов, Г.И.

Андреев, Н.М. Бекчурин, А.В. Васильев, А.В. Игнатъев, пірәдәр Л.А. Словохотов, А.В. Смирнов, Ш. Шагиахметовтер қатынасқан [203, 1-20 пп.]. Осы 1888 жылдың 8 маусым және 8 желтоқсандағы хаттамалары мен журнал жазбаларында Орынбор қаласында Орталық тарихи және анықтамалық мұрағат ашу ісі, сонымен қоса, мұрағатқа басты ғимарат гаупвахтаны беру туралы мәселелер арнайы тыңдалды [203, 27-28 сыртқы п., 32-33 пп.].

Комиссия төрағасы П.Н. Распоповқа 1888 жылдың 26 қазанында жазған хатында Г.Е. Королев-Антошечкин комиссияға мүшелікке келісім берген [206, 9 п.]. Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы бұрынғы Орынбор генерал-губернаторлығы басқармасының мұрағатындағы құжаттарды алты бөлімге бөлді: жалпы азаматтық, құпия бөлімге, шекаралық істер бөлімі, казактар, башқұрттар, қазыналық істер бөлімі. Осы 6 бөлімді тізімдеп, істерді карточкалық жүйе бойынша арнайы беттерде хронологиялық тәртібін сақтай отыра құрастырылды [206, 14 п.].

Жалпы азаматтық, құпия бөлімге мынадай құжаттар енді:

1. Хронологиялық ретімен өлкені басқарушылардың тізімі және берілген мінездемелері, олардың қызметтері;

2. Отарлау қозғалысы, қоныстандырудың топографиялық бөлінісі, әкімшіліктің қоныстанушыларға деген қарым-қатынасы, жүргізген шаралары;

3. Жергілікті әкімшіліктің қоныстанушыларға деген қарым-қатынасы, жіктеу және түрлі қарым-қатынастары;

4. Халық ағарту саласының оқу ісін таратуы және алған шаралары. Жер және орман шаруашылығы училищелерінің тағдыры;

5. Өлкеде жол байланысының дамуы. Жаңа жолдардың ашылуы. Қоныстанушылар қозғалысын реттеу (губернатор есептерінен);

6. Крепостнойлық құқық және оның шаруалар қоныстанған аймақтарда олардың тұрмыс-тіршілігіне әсері. Жеке жағдайлар. Помещиктік билікті асыра пайдалануы;

7. Жұқпалы аурулардың кең таралуы және оны жою шаралары. 1831, 1848-1849 және 1853-1854 жылдардағы тырысқақ (холера) жұқпалы ауруына қарсы шаралары;

8. Өлкедегі қала мекемелерінің тарихы. Оның ішінде Елек қорғаны жөнінде;

9. Өлкенің табиғи байлығын жете реттеу. Тұз қазбасы және тұз өндірісі, алтын өндірісі, тоналған алтындармен сауда мәселесі, зауыттар және олардың тарихы;

10. Өлкені ғылыми зерттеушілер: Э.А. Эверсман, В.В. Вельяминов-Зернов, П.В. Жуковский, В.В. Григорьев, Я.В. Ханыков және басқалары;

11. Жер иелену. Помещиктердің өзара жер дауы. Жердің бағасы және оның ақырындап көтерілуі;

12. Өлкені басқарған айтулы қайраткерлер: П.П. Сухтелен, В.А. Перовский, А.П. Безак және басқалары;

13. Орынбор өлкесінің әр түрлі көрмелерге қатынасуы;

14. Өлкеге жоғары мәртебелі қонақтардың келуі;

Ал, казактар бөлімінде:

1. Бұрынғы Орынбор казак әскерілерінің тайпалық және топтық құрылымы. Шаруалардың казактарға айналуы. Наказной атамандар қызметі;

2. Казактардың башқұрттармен, қазақтармен қақтығысуы. Әкімшіліктің олардың даулы мәселелеріне рұхсат етуі;

3. Орынбор казак әскерілерінің әскери маңызы. Олардың Орта Азияға жорығы және қазақтарға қарсы түрлі экспедицияларға қатынасуы;

4. Казактар арасындағы кәсіпшіліктің дамуы: балық өндіру кәсіпшілігі, мал бағу кәсіпшілігі;

5. Орынбор әскери казактарының Ресей ішіндегі қалалардағы қызметі;

6. Әскери капитандар, олардың әскер құрамасындағы кірісі мен шығысының ақырындап өсуі;

Башқұрттар бөлімінде:

1. Башқұрттарды басқару және олардың өткен ғасырда өзгеруі;

2. Өлкенің әр түрлі жерлеріндегі башқұрттардың тұрмыс-тіршілігіне сипаттама;

3. Башқұрттардың көтерілістері және атақты көсемдері. Әкімшіліктің оларға қарсы шаралары:

Шекара істері бөлімі бойынша:

1. Далалықтардың орналасуы. Ерте дәуірден олардың басқарылуы. XIX ғасырдың соңғы реформалары және Орал, Торғай облыстарының білім беру саласы; 1831 жылғы Хиуаға жасалған экспедиция.

2. Хиуалықтар мен Бұқаралықтармен соғыс;

3. Қазақ даласындағы ішкі толқулар: көтерілістің жергілікті басшылары, Кенесары Қасымов және басқалары;

4. Қазақтардың тұрмыс-тіршілігі туралы очерктер. Жеке адамдар зерттеулері;

5. Орынбор өлкесі басшыларының әкімшілік жұмыс мақсатымен қазақ даласына шығуы;

6. Соңғы жүзжылдықтағы дала тұрғындарының санының өзгеруі;

7. Орта Азия хандықтарымен дипломатиялық қарым-қатынастар. Хиуадан және Бұхарадан келген елшілердің жоғары мәртебелінің қабылдануына болуы [103, 114-116 pp.].

Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының алғашқы жиынында-ақ сол бұрынғы генерал-губернаторлық мұрағатын реттеу мәселесі сөз болды. Комиссияның алғашқы жылдары комиссия төрағасы П.Н. Распопов мұрағатты реттеу жұмысын өз қолына алды. Мұрағат құжаттарын сақтау, жою істерді тақырыптарға топтастыру, тізім жасау, аса маңызды құжаттардың сақтық қорын құру, тақырыпшаның, не тізімнің басында атап көрсету туралы, тіпті кейбір тарихи маңызы бар құжаттарды жергілікті «Оренбургский листок», «Губернская ведомостей» газеттеріне жариялап отырған. Алғашқы Комиссияның 10 жылдық жұмысы жергілікті баспасөздерге жариялау арқасында тарихын сақтап қалған 55 ғылыми реферат мұрағат материалдары арқылы жасалса, соның көпшілігі жергілікті баспасөзде жарияланған [46, с.6].

1889 жылдың 31 қаңтарында өткен Мұрағаттық комиссияның осы жылғы бірінші мәжілісіне төраға етуші П.Н. Распопов, оның көмекшісі Г.И. Андреев,

11 мүшесі М. Оксуков, Н.И. Бухарин, И.И. Евфимовский-Мировицкий, Г.Х. Еникеев, Н.Г. Иванов, А.В. Игнатович, А.Д. Поливанов, И.Ю. Снегиров, С.Н. Севастьянов, П.С. Словохотов, А.В. Соколов, және архивариусшы Г.А. Голощапов қатынасқан [207, 1 п.]. Осы мәжілісте Комиссия басылымы «Еңбектердің» 1-ші басылымын 150 данамен шығаруды, оның ішіне Р.Г. Игнатьевтің жалпы азаматтық бөлімнің тізімін, 1789 жылдан басталатын құжаттардан басу керектігіне тоқталады. Губерниялық статистикалық комитеттен Мұрағаттық комиссия «Еңбектерін» шығаруға қаржылай көмек сұрап, қайырымына басылымның келесі саны 2-ші басылымын, статистикалық комитеттің Орынбор губерниясының тарихи, географиялық және этнографиялық материалдарын шығаруды ұсынады [207, 2 п.].

Комиссия генерал-губернаторының мұрағаты көрсеткіші алфавиттік арқылы құралған. 1888 жылғы осы мекеме шешімі бойынша Н.Г. Иванов пен П.С. Словохотовтың өздеріне бекітілген жұмыс мұрағат құжаттарын әріптік көрсеткіш бойынша құраған.

1889 жылы 11 наурызда Г.Е. Королев-Антошечкин Орынбор Діни басқармасы мен Торғай облыстық басқармасының мұрағатына жұмыс жасауға рұқсат алған [208, 1-2 пп.].

1889 жылы Комиссия мүшесі А.В. Игнатович Орск қалалық Думасының мұрағатын реттеген, ал мүше С.Н. Севастьянов Орынбор казак әскерилер мұрағатының құжаттарын жинастырумен айналысқан.

Комиссия жұмысының алғашқы жылдарында мұрағат құжаттарын баспасөздерге, жалпы жариялауға тыйым салынбаған. Ал мұрағат құжаттарын реттеу ісіне Орынбор қаласындағы сауатты, жинастыруға қатысам деген мұғалім, дәрігер, т.б. мамандықтағы адамдардың қатысуына мүмкіндігі болған. Бірақ кейін уақыт дәлелдегендей, мұрағат ісіне аса сенімді жергілікті әкімшілік тізіміндегі шенеуніктер ғана жіберілген. Комиссияның жұмыс уақыты екінші, төртінші, сенбі күндері 12-ден 3-ке дейін, ал комиссия төрағасы түнде, мейрам күндерінен басқа сағ. 10-нан 2-ге дейін жұмыс жасаған.

Мұрағаттық комиссияның үшінші мәжілісі 1889 жылы 28 наурызда өткен. Оған жоғарыда аталған адамдардан басқа К.А. Чехович, П.Н. Милов, Г.Е. Королев-Антошечкин, Р.А. Хмелев қатысқан. Мәжілісте алдымен, 28 ақпан мәжілісінің хаттамасын бекітсе, одан кейін П.Н. Распопов мұрағат құжаттарын жинау және бастыру мәселесіне қатысты баяндама жасады. Төраға баяндауынша, мұрағаттағы рескриптер, жарлықтар, грамоталар жинақтарының түпнұсқа кітаптарын және Орынбор әскери губернаторларының жазысқан хаттарын кеңесші Гирс алған. Енді оны қайтаратын уақыт болды деп шегеледі. Комиссия мүшесі Н.М. Бекчуриннің сөйлеген сөзінде - шенеуніктердің формулярларын құнды заңды құжат, сондықтан да оны ешқашан жоюға болмайды деген ұсыныс білдірді. Оған мысал ретінде өзінің формулярын келтіреді. Ұзақ талқылаудан кейін бұрынғы Орынбор генерал-губернаторлығының мұрағат құжаттарын реттеуде жеке іс қағаз парағы тізімдемелерін, аттестаттарды, жарлықтар мен грамоталарды, рескрипттер, яғни құқықтық маңызы бар құжаттарды ерекше тізімге алып, жоюға жібермеуге шешім қабылдады [207, 12 п.].

1889 жылдың 28 наурызындағы кезекті мәжілісі бұрынғы Орынбор генерал-губернаторлығының мұрағат құжаттарын реттеуде жеке іс қағазы тізімдемелерін, аттестаттарды, жарлық, грамота, рескрипті, яғни, құқықтық маңызы бар құжаттарды ерекше тізімге іліктіріп және жоюға жібермеуге шешім қабылдады.

Осы жылдан бастап мұрағат дерегін пайдаланып жазылған ғылыми жазбаларын «Еңбектерге» топтастырып шығаруға шешім қабылдады. 1889 жылы «Оренбургский листоктың» № 109 санының қосымшасында Комиссия мүшесі А.В. Игнатович баяндамасы жарық көрген. Онда автор Торғай облыстық басқармасының құжатын реттеген. А.В. Игнатович баяндамасынан байқағанымыздай алты тізбеден, 1835 жылдан басталған көптеген құжаттарды жоюға жіберген. Мұндай ретсіз, еш сараптаусыз құжаттарды жоюшыларды А.В. Игнатович «Қолапайсыз қолдар» атады. Міне осындай «Қолапайсыз қолдың» әрекетімен құнды-құнды тарихы бар материалдар жойылған. Автор баяндауынша патша үкіметінің саясаты, «қырғыз жабайыларына» қарсы қолданған шаралардың әлсіздігі көп жағдайда оларды жазалай алмағандығы, олардың башқұрт, орыстар қоныстанған шекаралық шепке дейін келіп-кетіп жүргендігі қазақтар олардың малын, адамдарды айдап алып кеткендігі, Хиуа мен Бұхара базарларына сатып жіберетіндігін айтады және нақты деректер келтіре кетеді. Мысалы, 1823 жылы полковник Милородович экспедициясын Орынбордан Оралға баратын үлкен почта жолында талтүсте қазақтар тоқтатып тонаған. Келесі оқиға 1823 жылы 1 маусымда тептерлер гарнизонының прапорщикі Медведев, запастағы солдат Михайлович, Полтава редутінің жәмшігі Матюков, Орынбор әскерінің есаулы Падуровты қазақтар шабуылдап, тұтқынға алған. А.В. Игнатовичтің түсіндіруінше, істі бас- аяғына дейін түгел қараған. Қараған іс-құжат әскери губернатордың өз қолымен жазылған. Болған оқиға жайлы баяндай отыра, қолға түскен өз адамдарын әскери губернатор қазақтардың ықпалды адамдарымен алмастырған немесе жер аударған. Қыркүйек айында Падуров, Медведев, Матюков жасөспірім Кожевников босап шыққан, ал, солдат Михайлов құлдыққа сатылып, сонда өлген.

А.В. Игнатович Торғай облыстық басқармасы мұрағатының тізбелерін баяндай отыра көптеген құны бар мұрағат деректерін жоюға жібергендігі, сонымен қатар тарихи құны жоқ жоюға жіберетін біраз құжаттар барын атап өтеді. Оның үстіне бұрмаланған ешбір тізімге кірмеген іс-құжаттардың барлығы, өзге мұрағаттарға кеткен, жеке қолға кетіп қайтпаған іс-құжаттардың да баршылық екендігін баса айтады. Одан автор Торғай облыстық басқармасы мен Орал облыстық басқармасы мұрағаттары құжаттарын генерал-губернаторлығы басқармасы кеңсесінің мұрағаттарын жинап тауыса алмай жатқанда, бұл мұрағаттар құжаттарын жинаймыз деуіміз ақылға сыйымсыз деп атап көрсетеді [141, с.56]. Одан соң өзі тізімдеген Торғай облыстық басқармасының мұрағатының іс-құжаттарын талдайды. Ол бар мұрағат құжатын нөмірлеп 6 тізбеге бөлген. Бірінші тізімде 32 істі, атасақ, 1-ші рет санымен 1735 жылдан басталып «Түрлі мәселелер туралы құпия хаттар» деп аталып 359 беттен тұратын, 17-шісі 1777 жылғы «Сұлтан Абылайды хан тағына көтеру» бұл 680 беттен, 20-шы 1783 жыл тұсына «Санкт-Петербургке сұлтан

Жәнібекті жіберу» т.б. берілсе, ал екінші тізім 1821 жылдан басталып, 1831 жылдан аяқталады. Мәселен, 38-ші тізімде 1822 «Старшын Сагучар Чаубасаров және қырғыз партиясының ұры шайқалары» 517 беттен, 39-шы «Жағалбайлы руының сұлтаны Есқазы Шерғазиевты қазақтардың өлтіруі» 544 беттен тұрады. Үшінші тізім 1831 жылдан басталып, 1836 жылдан аяқталған: 49-шы «Старшын Байқара Каремасовтың би Балюджи Янгурчиннің ауылына билермен шабуылдауы және 13 жасар қыз бала мен қазақты өлтіруі » 215 беттен тұрса, 57-ші рет санымен 1836 жылда «Ұлы мәртебелінің бұйрығымен Орынборда хиуалықтарды азық-түлігімен бөгеу» ісі беріліпті. Келесі төртінші тізімдегі кітапта 1643 жылдың қазанынан 1844 жылдың тамызына дейінгі уақытты қамтыған. Ал бесінші тізімдеген кітабы 1845 жылдың 5 қаңтарынан басталып, сонымен қоса 1833 жылдан 1865 жылдар аралығын қамтитын құжаттар бар. Соңғы алтыншы тізімдегі кітапта құжаттар тізбесі 1842 жылдан басталып 1868 жылдар аралығындағы түрлі жылдар құжаттары біріктірілген. Бұлардан өзге көптеген бумаланған әр жылдардың тізімделмеген істері тағы бар екендігін қоса айтады [141, с.57-60].

Сонымен мәжіліс соңында Комиссия мүшесі И.С. Севастьянов мұрағат құжаттарының өте төмен жағдайда антресолда тұратындығын, көктемде қағаздарға су кететіндігін, сондықтан да гаупвахта ғимаратын Комиссияға беру жөнінде губерния басшысының атына ұсыныс жасайды [207, 12 сыртқы п.].

ОГМК-ң 1889 жылғы 28 сәуірдегі екінші кезекті мәжілісіне П.Н. Распопов төрағалық етсе, И.И. Евфимовский-Мировицкий Комиссияның іс жүргізушісі қызметін атқарғанын байқаймыз. Бұл мәжіліске Р.Г. Игнатъевтің мұрағаттың жалпы азаматтық бөлімінде кейбір қателіктер кетуіне байланысты еңбегін 2-ші басылымға әбден дұрыстағанша шегере тұруды ұсынды. Ал Комиссия мүшесі Г.Е. Королев-Антошечкин Орынбор діни консисториінің мұрағаттық құжаттарын реттеп белгілі-бір жүйеге келтірумен жұмыстанған [207, 8 п.].

Осы мәжілісте П.Н. Распопов мұрағатқа жаңа ғимарат керектігін, қазыналық палатаны пайдаланып, мұражайды орналастыруды ойлайды, себебі, қолда орнитологиялық, минералогиялық, зоологиялық және этнографиялық коллекциялардың молдығын хабарлады [207, 14 п.].

1889 жылдың 5 қазанындағы Комиссияның 6-шы мәжілісінде П.Н. Распопов басшылық етуімен 13 мүшелерінің қатысуымен өткен. Бұрынғы Орынбор генерал-губернаторының мұрағатын реттеуді тездету үшін 3 топқа бөліп, әр отырыс сайын әрбір бір адам баяндама жасауға ұсыныс білдірді. Комиссияға бұрынғы Орынбор губерниясының сот мекемесінің (азаматтық және қылмыстық) құжаттары келіп түскенін хабарлайды.

Осы мәжілісте Комиссия мүшесі Г.Е. Королев-Антошечкин Ішкі Бөкей Ордасының қырғыз училищесінің инспекторы Орынбор өлкесін зерттеуші А.Е. Алекторовты мүшелікке ұсынады [25, с.62]. Одан әрі ол А.Е. Алекторовтың Орынбор қалалық училищесінің оқытушысы бола жүре, генерал-губернатор мұрағатында жұмыс жасап, өлкенің тарихы, этнографиясы және географиясы туралы хабарлама, мақалалар жазумен айналысқан. Оның «Орынбор губерниясының тарихы», (Оренбургский листок 1882 г.), «Орынбор губерниясының географиялық очеркі (1889)», «Башқұрттар тарихи очерк»

(1885), «Қалмақтар тарихи очерк» (1886), «Қазақтар тарихи очерк» (1876), «Генерал Перовскийдің Хиуаға жасаған экспедициясының қызықты оқиғалары» (1884 ж), «Қоқан бекінісі Ақмешітті басып алуы» (1887) т.б. еңбектері мұрағат деректерімен, кейбір мақалалары жеке өзінің зерттеулері арқасында жазылған. А.Е. Алекторовтың өзгелерден ерекшелігі тиянақты, білімге деген талпынысы, Орынбор өлкесінің тарихын білуге деген қызығушылығы көптеген ғылыми тұрғыдан қарағанда оның еңбектері ғылымға көп пайда әкелері сөзсіз», - деп бағалаған. Сонымен ол Комиссияның мүшелігіне бірауыздан қабылданады. А.Е. Алекторов Астрахан Петровский қоғамына да мүше болған. Ішкі Бөкей Ордасында 8 жылдай қызмет жасаған кезеңде 700 мақала мен хабарламалар жергілікті баспасөзде жарық көрген. Орынборлық тарихшы Ю.Е. Зобов А.Е. Алекторовтың тарихшы ретінде оқиғаны шынайы баяндайтындығын айта келе, еңбектерінде кейбір оқиғалар туралы дұрыс емес ақпараттар жібергендігін атап өтеді [25, с. 98-101]. Комиссия төрағасы мұрағат қорын жинақтаумен қатар өлкеде археологиялық, этнографиялық зерттеулерді қатар жүргізуді ұсынады. Комиссия мүшелеріне комиссияның алғашқы жинағын үлестіріп берген.

1889 жылғы 15 қарашада төраға П.Н. Распопов құпия бөлім мұрағатынан бірнеше жүздеген құжаттардың жоғалғандығын хабарлайды. Не болмаса басқа бөлімдерден бөлінбеген құжаттар арасынан іздестіруін өтінеді.

Сол жылы Комиссия қамқоршысы Орынбор губернаторы Н.А. Маслаковке 9 адам қол қойған арыз түсіреді. Онда бұрынғы Орынбор генерал-губернаторы мұрағатының құпия бөлімінен 600 іс жоқ болғандығы баяндалған. Орынбор губернаторы бұл істі тексеру үшін 5-6 адамнан тұратын арнайы комиссия құрады. Бұл Комиссияның төрағасы стат кеңесші Н.М. Бекчуринге тапсырып, хабарлауын өтінеді. Комиссия құрамына мүшелері Н.М. Бекчурин, А.К. Игнатъевич, Хохлов, И.И. Евфимович-Мировицкий және арнайы тапсырмамен шенеунік Быбин енеді [209, 1, 2, 12 пп.].

1889 жылдың 15 желтоқсанындағы Ғылыми мекеменің кезекті мәжілісінде арнайы құрылған комиссия тексеру жұмысының қорытындысын жариялады. Комиссия төрағасы хабарлағандай, бұрынғы Орынбор генерал-губернаторлық басқармасының мұрағатынан құпия бөлім мұрағатының құжаттары жоғалған. Комиссия тексерісі 1702 іс-құжат карточкалық жүйеленгенін, табылғаны 1140, жоғалғаны 562. Әйтсе де, құпия бөлім құжаттары хронологиялық алфавиттік жүйеге түсірілмеген. Бөлім құжаттары карточкамен орналастырылған, нумерациясы жоқ, ал кейбір құжаттарда карточкаға енбеген. Сонымен комиссияның шығарған қорытындысы құжат ұрлығымен ешкім ұсталынбаған. Құжаттың жарты бөлігі археологиялық институтқа, ал қалғаны басқа бөлім құжаттарының ішінен іздеуге тура келеді деген ойға тоқталған. 100.000 асатын тар, суық, қараңғы бөлмеден ол құжаттарды табу мүмкін еместігіне бәрі де келіскендей жағдайда болды. 1797 жылдан 1881 жылға дейінгі 30 бет және 1889 жылдың 5 желтоқсанына дейін жазысқан жазбалар жоғалған. Құпия құжаттардан 593 негізгісі табылған. Осы құжатты реттеуді Комиссия мүшелері 1890 жылдың 5 наурызынан кейінге қалдырған. 1890 жылы осы жағдайдан кейін мұрағат құжаты тұрған бөлмеге артық адам кіргізбеу туралы шешім

қабылдап және күзетші алған. Осы мәжілісте А.К. Игнатъевичтің «Полковник Зелениннің жазбалары турасында», Юдиннің «Орынбор казактарының әу бастағы шығу тегі туралы» баяндамалары тыңдалды.

1890 жылдың 31 мамырында Торғай облыстық басқармасының вице-губернаторы мұрағатты реттеп жатқан Комиссиядан Торғай облыстық Әскери губернаторының 1868 жылғы 29 қарашадағы Орынбор генерал-губернаторына жіберген № 9215 қатынас қағазы бойынша жіберілген бұрынғы Орынбор қырғыздары шығыс бөлімінің Сұлтан билеушісі полковник сұлтан Ахмет Жантөриннің формулярының тізімін жібере тұруын және керек кезінде кері қайтаратындығына уәде береді.

Мұрағат құжаттарынан байқағанымыздай, 1890 жылы 7 тамызда № 16 қатынас қағазы бойынша комиссия төрағасы подполковник генерал-майор Сұлтан Ахмет Жантөриннің 1868 жылғы 12 желтоқсанынан басталатын № 7412 делоны жібергендігін Торғай облыстық басқармасына хабарлайды [211, 36-37 пп.].

1890 жылдың 6 қазанында Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясының атынан кеңесші Червецкий 1887 жылы алған екі құжатты: Бұрынғы Орынбор генерал-губернатор басқармасына Торғай әскери губернатор есепті баяндамасының көшірмесі және 1878-1879 жылдардың қосымшалармен жіберген іс-қағаздарының алған-алмағандығы жөнінде хабарлауын өтінеді.

Торғай облыстық басқармасына 1890 жылдың 7 қарашасында Комиссия атынан П.П. Бирк құжаттарды алғандығын хабарлайды [210, 8-9 пп.]. Одан әрі ғылыми мекеменің қызметі Павел Петрович Бирк есімімен тығыз байланыста жүргізіледі. Ол 1836 жылы 13 сәуірде Твер облысының дворян жанұясында дүниеге келген. 1855 жылы 25 тамызда П.П. Бирк Орынбор казак әскерілерінің Бас штабының бастығы қызметін атқарады. 1888 жылдан Мұрағаттық комиссия мүшелігіне сайланып, 1890 жылы 5 наурызынан ОФМК төрағалығына сайланады.

1891-1894 жылдардағы 4 жылдағы бірде-бір мәжіліс хаттамалары сақталмаған. Комиссия мүшелері Орынбор генерал-губернатор мұрағатын жиыстырумен айналысқан. Сонымен қатар өзге де ғылыми қоғамдармен хат алмасқан. Оны мұрағатта сақталған мына құжаттардан көруге болады: 1891 жылы 30 наурызда Орынборға Калуга Ғылыми мұрағаттық комиссиясы өз мәжілістерінің журналын жіберген. Кейін 1891 жылдың 10 мамырында 1891 жылдан ашылған Калуга Ғылыми мұрағаттық комиссиясы өз мәжілістерінің хаттамаларын, баспа материалдарын жіберіп хат алмасуларын өтінген [210, 23 п.].

Орынбор гимназиясының директоры А. Сатурнов Комиссия төрағасы П.П. Биркке жолдаған хатында: «Гимназия оқытушысы Булавинді Орынбор гимназиясының 25 жылдық ашылуына тарихи жазба даярлау үшін 2 істі қарауға: 1). Орынбор ерлер гимназиясы 1865 жылы 9 қазан 4 том, 2). 1867 жылы 12 қыркүйекте бастап жазылған Торғай облыстық басқармасы жанындағы қырғыз мектебін жабу туралы істі қарауға рұқсат сұрайды [210, 51 п.]».

1895-96 жылдары Комиссия өз жұмысын одан әрі жалғастырды. Құрамында Орынбор губернаторы В.И. Ершов құрметті мүшесі, Орынбор оқу округінің жасырын кеңесшісі И.Я. Ростовцев, ал басқару құрамында төрағасы П.П. Бирк, төраға көмекшісі – А.В. Соколов, іс-жүргізушісі И.И. Евфимовский-Мировицкий, қазынашы Н.Г. Иванов, Ғылыми комиссия үйінің меңгерушісі А.В. Попов және 66 мүшесі болды. Мекеме төрағасының 1893 жылы 5 ақпандағы Археологиялық институтының директоры А. Труворовқа № 474 қатынас қағазынан байқағанымыздай, Әскери кеңес шешімімен Орынбор казак әскерилерінің Әскери басқармасының Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясына Орынбордағы Орал өзені жағасындағы екі этажды тас үйді 1500 рубқа 5 жыл төлейтін қылып осы жылдан мекеме меншігіне берген [212, 13 п.].

1895 жылдың қысынан жалға алған ғимаратқа 1896 жылдың ортасына дейін мұрағат құжаттарын көшірген. 1896 жылдан бастап генерал-губернатор мұрағаты іс-құжаттары хронологиялық бөлімдер бойынша реттелген. Сонымен қатар төраға П.П. Бирк мұрағат жанынан жергілікті тарихи-этнографиялық мұрағат ашумен айналыса бастады. 1895-1896 жылдары 12 мәжіліс өткізіп, 1896 жылдың 16 желтоқсандағы Комиссияның жылдық жиналысы алғаш рет қоғамдық залда ашық түрде өткізіліп, жиналыста Н.Г. Иванов пен Н.Н. Ардашев есеп рефераттарын баяндаған [213, с.1-9]. Николай Николаевич Ардашевтің 1895 жылы құралған жеке іс парағында 1862 жылы 6 сәуірде дүниеге келген. Императорлық Москва университетінің тарих-филология факультетін бітіріп, кандидат атанған. 1888 жылы Әділет Министрлігінің мұрағатында жұмыс жасаған. 1890 жылы 16 мамырда Астрахан өлкесін зерттеушілерінің Петровский қоғамының мүшелігіне сайланған. Ал 1895 жылы 26 шілдеде Торғай облыстық статистикалық комитетінің хатшылық қызметіне ауыстырылған. Осы жылдан Комиссия мүшелігіне сайланып, осы ғылыми мекеменің кітапханашысы қызметін атқарған. Кейін 1899 жылы Орынбор губерниясы басқармасының кеңесшісі қызметін атқарған.

1887-1897жылдар аралығында Орынбордағы Ғылыми мұрағаттық комиссияның ауыр жағдайына байланысты, 1895 жылғы 28 маусымдағы Археологиялық институт директоры А.Н. Труворовтың Орынбор Мұрағаттық комиссиясының төрағасына жазған хатында мекеменің өміршеңдігіне күдік келтіре қарағанын байқаймыз [214, 2 п.].

Дейтұрғанмен, Комиссияның өзінің ғимараты болуы мекеме мүшелеріне сәл де болса, мұрағатты жинастыруға деген мүмкіндік сезімін оятты деп айтуымызға болады. Себебі, 1897 жылғы Мұрағаттық комиссияның қызметінің жандана түскенін байқауымызға болады. Комиссия төрағасы П.П. Бирк мұрағат құжаттарын хронологиялық жолмен реттеуді және жинастырған құжаттарды ғылыми жұмыстарға пайдалануға ұсыныстар жасады. Комиссия мүшелерінің қызметін жандандыру үшін және жұмыстың сапалы орындалуы үшін әрқайсысынан қолхат алып, жеке жауапкершіліктеріне сеніп, мұрағат құжаттар Комиссияға ай сайын жан-жақтан сақтауға және жоюға жіберілген бірнеше мыңдаған құжаттарды тексертуге келіп жатты. Тіпті, 1896 жылғы 8 қаңтардағы жалпы жиналысында комиссия мүшелерінің мүшелік жарнасын 1

жылға 3 сомнан жинауға бекіткен. Төраға көп кешіктірмей жарналарын Комиссия қазынасына өткізуді өтінген [199, 3 п.].

1897 жылы 28 қаңтардағы бірінші мәжілісінде мұрағат бойынша үш баяндама тыңдалған. Біріншісі, С.Н. Севастьяновтың «Орынбордағы И.И. Неплюев ескерткішінің бастамасы, Неплюев училищесінің қазіргі Неплюев кадет корпусының негізін салушы Орынбор әскери губернаторы князь Г.С. Волконский», екіншісі В.П. Водопьяновтің «1803 жылғы поручик Я. Гавердовскийдің Бұхараға жасаған жасаған елшілігі», үшіншісі С.Н. Севастьяновтың Орынбор көпшілік кітапханасынан ізденген: «Орынбор губерниялық ведомоствосы» газетінің ресми бөлімінің көрсеткіштерінің алғашқы басылымдары» атты баяндамалары. Комиссия 1897 жылғы 26 наурызда мәжілісінде Орынбор губерниялық басқармасынан жойылуға жіберілген Орск уездік полиция басқармасының құжаттарының тізбесін қарап, 193 істі сақтауға комиссияға жіберуді шешкен.

1897 жылдың 13 ақпанында Н. Ивановтың П.П. Биркке хатында жазылғандай Мұрағаттық комиссияға подполковник Н.Я. Ручеевтың 1830 жылғы «Жайықтың оң жақ жағалауының жерін иемдену құқығы туралы Жайық казактары мен қазақтар арасындағы талас» атты еңбегінің қолжазбасын және 1841 жылғы суретші Чернышевтің патша генералдары Г.Ф. Генс пен Середаның портреттерін табыстаған [215, 12 п.].

Бұл күні Комиссия мүшелері мұрағаттық азаматтық істер бөлімінің тізбесінің беттерін ғылыми рефераттарға пайдалануға ыңғайлы етіп реттеумен айналысқан.

1897 жылдың 1 сәуіріндегі кезекті мәжілісінде С.Н. Севастьянов Орынбор губерниясы басқармасы мұрағатынан Орал казак әскерилері тарихынан хабарлама жасаған. Осыған байланысты бұл хабарламасын әлде де толықтыра түсіп, ғылыми еңбекке айналдыру үшін С.Н. Севастьяновқа «Уральских Войскового Ведомостей», «Уральский листок» газеттерін қарап, толықтырып жазуды өтінген .

Төраға П.П. Бирк 1897 жылдың 3 шілдесіндегі кезекті мәжілісінде мекеме мүшелеріне жазғы демалыс уақытында мұрағат ісін реттеуге ұсыныс білдіреді. Мәжіліске қатынасқандар: П.В. Жуковский, Д.Н. Соколов, С.Н. Севастьянов, Н.Г. Иванов, М.Л. Юдин, А.В. Васильевтер мұрағат орналасқан үйде жұмыс жасауға келісімдерін берді. Құжаттар жыл бойынша тізбеленетін болды. Комиссия мүшелері мәжілісте мұрағатты жинастыру мәселесінде ақылдаса келіп, мынадай шешімге келді:

1. Мұрағат ісін реттеуді азаматтық істерден бастамақшы болды және жексенбі күні түскі 1-ден 3-ке дейін, сейсенбіде 6-дан 8-ге дейінгі жұмыс уақытын белгіледі;

2. Сақтауға немесе жоюға белгіленген құжаттарды тізбелеп жазуға, ерекше сыйлықтар беріп, жазып отыратын арнайы адам жалдауға ;

3. Комиссиялық мұрағатты реттеу жөніндегі ұсынысты жергілікті газет бетіне жариялауды;

4.1843-1867 жылдар аралығындағы «Орынбор губерниялық ведомоствосы» газетінің бейресми бөліміндегі біраз тарихи құндылығы бар материалдарды комиссияның бір мүшесіне мұрағатқа хаттауды тапсыруды ұсынды.

5. Орынбор губерниясының оқу орындарының мұғалімдер мен оқушыларын жазғы каникул кезін пайдаланып, Орынбор губерниясындағы тарихи қорғандар мен үңгірлерді тауып, суреттеп жазып, орналасқан жерін анықтап, сол табылған тарихи орындар және көне мәдени ескерткіштер туралы халық аузынан аңыз-әңгімелерді, ертегілерді жинақтап алып-келуге тарту мәселесін алға қойды.

1897 жылғы 1 тамыздағы кезекті мәжілісінде төраға П.П. Бирк А.В. Поповтың қазып жатқан «Шихан» қорғанын зерттеуін аяқтау үшін 20 сом ақша бөлгізген.

П.В. Жуковский Комиссия тапсырмасымен Торғай облыстық басқармасының мұрағатын реттеуге қатынасқан. Осы кезеңде Торғай облыстық басқармасы тарихи оқиғаларға қатысты құжаттарын өздерінде сақтайтындығын хабарлаған. Содан Орынбор Комиссиясы тізбеленген құжаттардың атын сұрап, жоюға шешім қабылдаған құжаттарды өздеріне жіберуін өтінген. Ал, жағдайды ескеріп төраға комиссияға кеңсе хатшысы етіп Воронинді 7 рубқа жалдаған.

Сонымен жазғы демалыстарынан кейін И.С. Шукшинцевтің баяндауынша 1897 жылдың 5 маусымынан 1 тамызға дейін мекеме мүшелері Орынбор генерал-губернаторлығы кеңсесінің 4.202 құжатын, қарап, сақтауға 1218 іс және жоюға 2984 істі жіберген. Іс-құжаттарды реттеуде И.С. Шукшинцев 14 рет, Попов 9 рет, М.Л. Юдин мен Д.Н. Соколов 5 реттен, А.В. Заварыгин 3 рет, П.В. Жуковский мен С.Н. Севастьянов 2 реттен және А.В. Васильев 1-ақ рет қатынасқан. Одан әрі 1897 жылы 14 қазанындағы мәжілісінде іс жүргізуші хабарлағандай 1 тамыздан 14 қазанына дейін Комиссия 3762 мұрағат құжаттарын реттеуге, оның 788 сақтауға, 2974 іс-құжат жоюға жіберілген. И.С. Шукшинцев 10, А.В. Попов пен М.Л. Юдин 1, Ф.В. Стебельский, А.В. Заварыгин и И.А. Губачев 2 және С.Н. Севастьянов 1 құжатты қараған.

1897 жылы 18 маусымда Мұрағаттық комиссия мүшелері М.Л. Юдин және И.С. Шукшинцев бұрынғы Орынбор генерал-губернаторлығы кеңсесінің 1878 жылғы 5 іс-құжаттың 13-ін сақтауға, анықтамалық сақтауға 4 іс, жоюға 78 іс-құжатты жіберген [216, 3 сыртқы п.].

1897 жылғы 16 тамызда Комиссия мәжілісінің № 34 хаттамасы бойынша И.С. Шукшинцев 1861 жылғы 85 делоның 64-ін жоюға, 21 делоны сақтауға жіберген [216, 12 п.].

1897 жылы одан әрі мүшелері бұрынғы Орынбор генерал-губернаторы мұрағатының азаматтық істер бөлімінің 10.986 іс-құжатын реттеген. Оның сақтауға 2556 ісі, жоюға 8430 ісі жіберілген. 1831 жылдан 1861 жылға дейін 1797 - 1805 жылға дейін қаралған. Мұрағатты реттеуге В.П. Водопьянов, И.А. Губачев, П.В. Жуковский, А.В. Заварыгин, П.А. Мурзинов, А.В. Попов, С.Н. Севастьянов, Д.Н. Соколов, Ф.В. Стебельский, И.С. Шукшинцев, М.Л. Юдиндер қатынасқан.

Аталған кезеңде, төраға П.П. Бирк 1766 жылғы Уфа губерниялық басқармасының 37057 бар тізбелерін қарап шыққан. Ол Торғай облыстық

басқармасының өтінішін ескеріп П.В. Жуковский мен Яковлевті осы мекеменің істерін сақтауға, жоюға жіберуге жауапты адамдар етіп тағайындады.

Ал И.С. Шукшинцев Орынбор губерниясы басқармасының 1886 жылдан 1896 жылға дейінгі мұрағат құжаттарына жауапты болды. Ол төраға П.П. Биркпен бірігіп, Орынбор губерниясы облыстық басқармасының 9 тізбесін және Орск уездік комиссия басқармасының құжаттарының тізбелерін, И.С. Шукшинцевтің өзі Орынбор халық училищесі директорының кеңсесінің хаттамаларының көшірмесін және Уфа уездік училищесінің құжаттарын реттеген [217, с.38].

ОҒМК-ң іс жүргізушісі И.С. Шукшинцевтің 1898 жылдың 22 қаңтарында Орынбор губернаторының кеңсесіне жазған хатында 1881 жылғы бұрынғы Орынбор генерал губернаторының № 13 іс құжатын кері қайтаруды сұрады. Содан кеңсенің іс жүргізушісі № 13 Орынбор облысы қырғыздары басқармасының 1867 жылғы іс құжаттарын кері қайтаратынын жеткізді [218, 6, 7 шп.].

1898 жылы 27 қаңтардағы 6-шы мәжілісінде Комиссия төрағасы П.П. Бирк мекеме мүшелерінің мұрағатты жинастыру ісінің жай жүріп жатқандығын, қарқынмен жұмыс жасамаса, бұрынғы Орынбор генерал-губернаторлығының басқармасы мұрағатын реттеу әлі де ұзақ жылдарға созылып кету қаупі бар деген ескертпе жасаған.

1898 жылғы 17 сәуірдегі мәжілісінде Комиссия жиналысына қатысушылардың жоғарғы мұрағат орналасқан жерге рұқсатсыз кіруіне байланысты, тіке 2-ші қабатқа көтерілетін баспалдақ пен есікті қондыруды талап етті. Бұл жылы комиссия бұрын Орынбор генерал-губернаторлығы кеңсесінің азаматтық бөлімінің 7469 ісін, ал төраға осы кеңсенің құпия бөлімінің барлық құжаттарын реттеген. Азаматтық бөлімнен сақтауға 2011 іс-құжаттар, ал жоюға 5453 іс-құжаттар, бас-аяғы 18.450 іс-құжаттар реттелген. Осы жылы мұрағатта: П.П. Бирк, А.В. Соколов, М.Л. Юдин, И.С. Шукшинцев реттеген.

Мұрағаттық комиссияның белсенді мүшелерінің бірі, Орынбор ерлер гимназиясының оқытушысы Иван Степанович Шукшинцев 1899 жылдың 22 ақпанындағы комиссия мәжілісінде 1897 жылдан өз ықтиярымен мекеменің іс жүргізушісі болып жұмыс жасап келе жатқандықтан осы қызметке өзін бекітуін сұрайды. Мұрағат дерегі бойынша Ғылыми комиссияның қамқоршысы губернаторға 1899 жылдың 9 наурызында төраға П.П. Бирктің қатынас қағазында 1899 жылғы 22 ақпанындағы мәжілісінде Комиссияның іс жүргізушісі қызметіне лауазымды кеңесші - И.С. Шукшинцевті екі жылға бекіткен шешім шығарған [219, 1 п.]. Сонымен бірге И.С. Шукшинцев мекеменің толық мүшесі ретінде Орынбор губерниялық басқармасының мұрағат құжаттарын реттейтін комиссияға мүше болып кіреді [220, 50 п.]. Ол Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының кезекті жиналысы мен хаттамасының есептерін Комиссия басылымы «Еңбектерінде» жариялап отырады. Мұрағат құжаттарын реттеуге белсене араласа жүріп, бірнеше ғылыми мақалаларын жариялады. Атасақ, «Державиннің жарияланбаған шығармалары», «Орынбордағы алғашқы жеке әйелдер мектебі» (1899, 5

басылым), «Орынбор губерниясындағы қорғандар мен мәліметтер», «Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясының төрағасы генерал-лейтенант П.П. Бирк туралы некролог» (1900, VI басылым), «Пугачев көтерілісі тарихынан (жарияланбаған материалдарын) (1900, X басылым) » т.б. да жүздеген мұрағат материалдарын пайдалана отыра, ғылыми мақалаларын жазды. И.С. Шукшинцев өлкенің археологиялық зерттеулеріне де белсене араласты.

Комиссия мүшелері 1899 жылы да бұрынғы Орынбор генерал-губернаторлығы кеңсесі мұрағатын реттеу жұмысы одан әрі жалғасты. Жалпы мұрағат құжаты 1789 жылдан бастау алады. Жыл сайынғы мұрағат құжаттарын реттеуде комиссия мүшелерінің өзі бірнеше мыңдаған тарихи құндылығы аз іс-құжаттарды жоюға жіберіп отырды.

1899 жылдың алғашқы 6 айлығында азаматтық және шекаралық істер бөлімдерінен 5069 құжат, оның ішінде сақтауға 1014 және жоюға 4055 құжат жіберілген. Осы жылы да құжаттарды жинауға И.А. Губачев, А.В. Попов, М.Л. Юдин, И.С. Шукшинцев қатынасқан. Комиссияның ұсынысымен бұрынғы Орынбор, Челябинск діни басқармасының және Введенск шіркеуінің мұрағаттарының құжаттарын реттеу жұмысы жүргізілді. Тізбеленген құжаттарының саны 25000 жеткен [221, с.151].

ОГМК-ң іс жүргізушісі 1899 жылдың 25 қазанында «1830 жылдардағы обаға қатысты бұрынғы Орал әскери мұрағатының әскери істер тізбелері» атты құжаттарды А.В. Поповқа жіберген [222, 25 п.].

XI археологиялық съезд шешімі бойынша жоюға немесе сақтауға бөлінбей, құжаттардың барлығына бірдей жалпы хронологиялық тізімі бойынша жиналатын болған. Енді құжаттар жылы, айы, күні бойынша реттелетін болды. Осы жылы генерал-губернаторлығы мұрағатының азаматтық және құпия бөлімдерін жинауды аяқтаған И.С. Шукшинцев 1779, 1781, 1784, 1786, 1788, 1789, 1790, 1791 жылдардағы азаматтық бөлім іс-құжаттарын реттеуге кіріскен.

1900 жылы Комиссияға Уфа қазыналық палатасы Орынбор губернаторлығы Уфа мүліктік мемлекеттік басқармасы, Ташкент қазыналық палатасы, Ырғыз және Торғай уездік полиция басқармаларының құжаттары түскен. 1899 жылы Комиссия мұрағаттық қызметінде бірнеше мекемелер мұрағатындағы құжат тізбелерін тексеруге жіберген. Мысалы, Уфа қазыналық палатасы, Уфа губерниялық басқармасы (15 және 16 томдары), Уфа ерлер гимназиясы, И.С. Шукшинцев Уфа губерниялық басқармасы, Уфа ерлер гимназиясы, Дмитриев болыстық басқармасы іс-құжаттарын тексерген.

Ф.Н. Лебедев Уфа қазыналық палатасының іс-құжаттарын қарап, қызықты тарихқа қатысы бар құжаттардың тізімін жасаған және сонымен бірге комиссия атынан осы жылы анықтамалық қағаздар Торғай облыстық әскери губернаторына, Орынбор мешітінің ахунына, Орынбор губерниялық басқармасына берілген.

1900 жылы бұрынғы Орынбор генерал-губернатор басқармасының мұрағат реттеу жұмысы одан әрі жүргізілді. Мол мұрағаттың азаматтық бөлімі мен шекаралық істер бөлімінің бір бөлігі ғана реттелді. Тізбеленген құжаттар саны 25000 тізбені құраған. Осы жылы Комиссия мүшелігіне Саратовтан И.П.

Кречетович шақырылды. Иосиф Павлович Кречетович 1873 жылы 27 қаңтарда Гродненский епархиясының жаломщигі жанұясында дүниеге келген. Ол Литваның діни семинариясын бітірген. 1897 жылы Москва діни академиясының тарих бөлімін бітірген соң, Орынбор епархиялық қыздар училищесінің инспекторы болып қызметке тағайындалған [223, 2 сыртқы п.]. 1904 жылдан 1911 жылға дейін Саратов діни оқу мекемесінде, ал 1911 жылдың тамызынан И.П. Кречетович Орынбор діни семинариясының ректоры болып тағайындалады [224, 116-117 пп.]. И.П. Кречетович 1914 жылдың 17 сәуірінен Орынбор Ғылыми Мұрағаттық Комиссиясының Орынбор өлкесінің тарихын және тарихи мұрағатын орталықтандыру ісіндегі еңбегі үшін комиссия мүшелігіне сайланды [224, 123 п.].

1900 жылдың 14 шілдесінде ОҒМК-на Сенат мұрағатының кеңсесінен Юстиция министрлігінің 1817-1837 жылдардағы іс құжаттарын архивариусшы Соболев салып жіберген [222, 21 п.]. Осы жылдың 15 тамызында Комиссия төрағасы болып қызмет атқарған П.П. Бирк қайтыс болды. Іс жүргізуші И.С. Шукшинцев басшылығымен жарық көрген «Еңбектердің» 6 басылымында некролог жазған. Онда мұрағат Комиссия қызметін ұымдастырудағы еңбегіне баға берген.

ОҒМК 1901 жылғы 18 қаңтарындағы жылдық мәжіліске төраға генерал-майор А.А. Ломачевский келді. Мәжіліске төраға көмекшісі А.В. Попов, іс жүргізуші И.С. Шукшинцев, қазынашы А.П. Гра, мүшелері И.И. Архангельский, А.И. Добросмыслов, С.Н. Севастьянов, Н.М. Чернавский, А.В. Васильев, И.П. Кречетович т.б. қатысты. Мұрағаттық комиссия төрағасына 1901 жылдың тамызында Орынбор губерниясы басқармасының жазған хатында губерниялық басқармасының аға кеңесшісінің басшылығымен құрылған Ғылыми комиссияның 1887, 1888, 1889, 1890 және 1891 жылдардың құжаттарын реттеп аяқталғанын хабарлады. Мекеменің бір мүшесін Орынбор губерниялық Басқармасының мұрағат істерін реттеуге адам сұраған [225, 26-27 пп.].

Орынбор Ғылыми Мұрағаттық Комиссиясына Археологиялық институтының директоры, профессор Н. Покровский 1901 жылғы 29 қазандағы хатында «1901 жылдың 9 қыркүйегіндегі Археологиялық институтының шығарған шешімімен ОҒМК мүшелерін таныстырғысы келетінін» хабарлады. Сонымен бірге ол біріншіден, белгіленген тәртіп бойынша мұрағаттық комиссия түрлі мемлекеттік мекемелердің мұрағаттарының жоюға жіберілгендерін, онда да осы мекемелердің ұсынысымен ғана жоюға болатындығын; екіншіден, Киевтегі Археологиялық съезде үкіметтің қарауымен Ғылыми комиссияларға мұрағат ісін тәртіпке келтіруде барынша жоюға жібермеу туралы шешім қабылданғандығын атап өтті [225, 30 пп.].

1901 жылы 20 желтоқсандағы Санкт-Петербургтегі Сенат мұрағатының № 240 қатынас қағазы бойынша 1822, 1823, 1824 жылдардағы Әділет Министрлігі құжаттарын Мұрағаттық комиссиясының қарауына жіберген.

1901 жылы 3 шілдеде Ташкент қаласынан Түркістан қазыналық палатасының № 17462 құжатын Орынбор Мұрағаттық комиссиясына жіберген.

1901 жылы азаматтық, шекаралық және казактар бөлімдерінің құжаттарын реттеу аяқтала келді. Башкұрт бөлімі қалған. Орал уездік съезі, Уфа, Түркістан қазыналық палатасының және Түркістан уездік съезінің 355 құжатын И.С. Шукшинцев қараған. Түркістан қазыналық палатасын топ мүшесі И.П. Кречетович, Уфа қазыналық палатасы мұрағатын А.И. Гра қараған.

1902 жылы 7 қаңтарда Санкт-Петербургтегі Сенат мұрағаты Орынбор Мұрағаттық Комиссиясына Әділет министрлігінен 1832, 1833 жылдар істерін қайтарып жібергендігін хатшы Н. Муромов хабарлайды [226, 1 п.].

1902 жылғы жылдың есебінде Комиссияның мұрағаты жоғарғы қабатта ағаш сөреде жылдарға бөлініп, буылып 100000 мыңға жуық іс орналастырылған. Мұрағат құжаттары хронологиялық тізбемен орналастырды және 19 ірі томнан тұрды. Сипаттамасын іс атқарушы И.С. Шукшинцев барлық XVIII ғасырдың, XIX ғасырдың 1805 жылына дейін түсініктеме беріп жазған.

1902 жылы Ресейдің барлық ГФМК қызметіне назар аударған кезең болды. 1902 жылы 18 тамызда Харьковта XII Археологиялық съезі болып өтті. Съезге қатынасқан Әділет министрлігінің жанындағы Москва мұрағатының директоры, заңгер, тарихшы Д.Я. Самоквасов өзі басқарып отырған мекеменің 50 жылдық мерейтойы мен XII Археологиялық съезд уақытын сәйкестендіре тарту етіп, «Ресейдегі мұрағат ісі» атты екі томнан тұратын кітабын шығарған [47]. Еңбегінде және съезде сөйлеген сөзінде патшалы Ресей мұрағаттарын мемлекеттік деңгейде орталықтандыру, заманындағы мұрағат ісі жайы, оны ұйымдастырып отырған Археологиялық институттың басқару мәселелері, Губерниялық Ғылыми мұрағаттық комиссиялардың мұрағат ісін қалыптастырудағы кемшін тұстарын өткір сынға алып, мұрағат ісіне кезек күттірмейтін реформа қажет деген пікірін білдіреді. Бұл ұсынысы Санкт-Петербург Археологиялық институты мен губерниялық ғылыми мұрағаттық комиссияларының наразылығын тудырған, көп сынға ұшыраған еңбек болды.

1902 жылы 18 тамызда Харьковтегі XII Археологиялық съезден кейін Археологиялық институт директоры профессор Н.В. Покровский және институт мүшелері мен ГФМК 22 өкілдерін қатынастырып, Д.Я. Самоквасовтың «Ресейдегі мұрағат ісі» еңбегін қызу талқылап, нәтижесінде қаулы қабылдап, барлық губернияларға таратты. Қаулыда:

1) Профессор Д.Я. Самоквасовтың барлық кітабының өн бойында Санкт-Петербург Археологиялық институты мен Мұрағаттық комиссиялар туралы әділетсіз сындар және өткір кінәлаған біраз пікірлер білдірген;

2) «құрып бара жатқан мұрағат қорлары» туралы кінәлаулары әр жылдардағы Мұрағаттық комиссиялар есебінен, кездейсоқ газет мақалаларынан, жеке хаттардан, ауызша әңгімелеуден, біржақты пікірлерді қамтып, оң бағытта пікір білдіре алмаған;

3) Мұрағаттық комиссиялар Д.Я. Самоквасовтың пікірінше, «құрып бара жатқан мұрағат қорларын» жоюға емес, мұрағат қорын және үзінді есептер емес, барлық есептер мен хаттамаларды керісінше, сақтауға жұмыстанып отыр;

4) Д.Я. Самоквасов кітабын оқыған адам Санкт-Петербург Археологиялық институтының және Ғылыми комиссиялар қызметінен хабарсыз екендігін

бірден аңғаруға болады. Сонымен қоса осы бірнеше комиссияларға мүше бола тұра, Мұрағаттық комиссияларының басылымы «Еңбектердің» кезекті шығарылымдарын оқымағандығы көрініп тұр;

5) Д.Я. Самоквасов бұл пікірімен профессор осы саланың маман бола тұра үлкен қателікке бой ұрындырып отыр. Себебі, мемлекеттік акт маңызы мен мұрағаттық құжаттардың мәңгілікке немесе уақытша сақтауға арналған, не болмасабарлық мекемелерде жүргізілетін жоюға шығарылатын 3 разрядты құжаттардың айырмашылығын аңғармағандығын қынжылтады. Әдетте, комиссияға сақтау мерзімі өтіп кеткен, төменгі 3 сортты құжаттар келеді. Қайта тарихи құжаттарын аман алып қалу ғылым үшін оны ғылыми айналымға шығару үшін осындай құны жоқ қағаздардан арылып отыру қажет.

Сонымен профессор Д.Я. Самоквасовтың Ғылыми мұрағаттық мекемелер туралы жазған пікірі оқырманға жаңсақ ой қалдырған еңбек деп тапқан.

Міне, осы қаулыдан соң ОҒМК 1902 жылы 21 қыркүйекте Д.Я. Самоквасовтың еңбегін өздері талқылап, соңында қорытынды пікір жазып, оны 1902 жылы М-Ф. Каримов баспаханасынан кітапша етіп шығарып, дереу жан-жаққа таратқан [227]. Комиссияның біріккен талқыдан өткен пікірлерінде мұрағатшының әрбір сөзіне сыни талдау жасай отыра осы мекеменің 1887 жылдан 1902 жылға дейінгі қызметінен біраз мәліметтер береді. Бас мұрағатшы «Комиссияның материалдық кедейлігі», «Комиссия құқығын асыра пайдалануы», «мүшелерінің мұрағат ісін қарауға белгілі бір азғана тобының жұмыс жасайтындығы, пайдасыз мүшелерінің көптігі», «ретсіз тарихи құжаттарды жойып, сатуға шығарылғандығы», «Комиссияның іс жүргізу мәселесі жолға қойылмағандығы» және тағы да өзге сын-пікірлердің барлығына өз уәждерін айтып, жауап қайырған. ОҒМК мүшелерінің қызметіне алған сын-пікірлері И.С. Шукшинцевтің «Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясының онжылдығына 9 желтоқсан 1887-1897жж.» еңбегінен тапқан. Ал қазір 1902 жылда мекеме жұмысының алға басқандығын, алғашқы онжылдықта болған қиыншылықтарды жүйелей көрсете сынаған деген қорытынды шығарған. Қоғамдық негізде жұмыс жасап жатқан Комиссия мүшелері бұл қарекеттерінің дұрыстығына, ел болашағы үшін қызмет жасап жатқандарына сеніммен қараған. Ресей тарихшысы В.Н. Самощенко «Орынбор ГҒМК Д.Я. Самоквасов еңбегінде мекемелер мен жеке тұлғалар туралы дұрыс емес сыни пікірлері мен кінәлауларының көптігі және жұмыс ғылыми негізде жазылмаған», - деген пікір білдірді десе, ал Д.Я. Самоквасовтың жүргізгісі келген реформасы туралы «Д.Я. Самоквасов буржуазия мүддесін көздеген мемлекеттік орталықтандырылған мұрағат құру жобасында мұрағат ісімен айналысып жүрген қоғамдық ұйымдарды және жеке меншік мұрағаттардың қорлары құжаттарын бір орталыққа біріктіргісі келген. Мұрағатшының ойы мұрағаттың бәрін мемлекеттік деңгейде шоғырландырып, буржуазия барлық мұрағат ісіне қолын жеткізгісі келген. Ал енді патша үкіметі мұрағатшы реформасынан неге бастартты десек, «әкімшілік мәдениеттің жетіспеуінен», - деген қорытындыға келген [49, с.57]. Сонымен В.Н. Самощенко Д.Я. Самоквасовтың бар құжатты дворяндық бюрократтардың мұрағат монополиясын өз уысына ұстауы осы

құжатпен аяқталды деп пікір білдірген [49, с. 57]. Кеңестік дәуір тарихшылары кезіндегі Д.Я. Самоквасовтың қызметіне оң баға берген.

ОҒМК жұмысы алғаш онжылдығы баяу жүріп, бұрынғы Орынбор генерал-губернаторлығы кеңсесінің мұрағаттарын сақтайтын қазыналық үйді тапқан соң ғана, мұрағатты әбдк 1902 жылдың 10 қыркүйегіндегі Орынбор губерниялық басқармасының мұрағатшысы № 40 бұрынғы Орынбор генерал-губернаторы кеңсесінің құжаты «Орынбор қаласындағы қырғыз мектебінің құрылымы» ісі сақтауда жоқ екенін хабарлады [226, 82 п.].

1902 жылдың 25 қарашасындағы мәжілісте Комиссия мүшелерін мұрағат құжаттарын пайдаланудың ережесін бекітті:

1. Мұрағат құжатын тізіммен 3 дана немесе 5 данаға дейін істі беру; 1 мәселеге немесе түрлі тақырыпқа 8 не 10 іс беру. Кей жағдайдың ерекшелігіне байланысты төрағаның не болмаса іс атқарушының рұқсатымен одан да көп істер алуға болады;

2. Іс 1 айға беріледі, сол бір ай ішінде істі қайтарып беруі тиіс, болмаған жағдайда келіп қайта жаздырып созуы қажет болды;

3. Аса маңызды құжаттар төрағаның рұқсатымен ғана беріледі;

4. Комиссия қайтаруға талап еткен жағдайда іс кері қайтуы керек;

5. Шығарған шешімге бағынбаса, Комиссия мүшелері құжаттарды үйге алу мүмкіндігінен айырылады;

Мұрағат ісін жинастырумен айналысқан қоғамдық мекеме мүшелері жалпы жиналыста аталған шешімдерді қабылдауына мынадай жағдайлар түрткі болған: біріншіден, үйге тәртіп бойынша мұрағат құжатын беруге болмайды, әйтсе де, мұрағат орналасқан үй және кеңсесі 1 адамның ғана жұмыс жасауға мүмкіндігі бар тар бөлмеде орналасқандықтан, екіншіден, әрбір адамға бір-бірден мұрағат істерін беріп жіберу мұрағат құжатын реттеп жатқан адамға ыңғайсыздық тудырып отырғандығы, үшіншіден, құжатты 1 адамның ұзақ ұстауы өзгелердің жұмысына кесел келтіретін болғандықтан осылайша тәртіп жүйесін енгізген.

1901 жылғы 2 мамырда Ішкі Істер Министрлігінің әкімшілігі № 1121 іс-қағазы бойынша Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясына жолдаған хатында: 1902 жылдың 8 қыркүйегінде Министрліктің 100 жылдығына орай мекеменің мұрағат құжаттары негізінде тарихи монография шығаруды ұсынады. Болашақ шығарылатын кітаптың ішіне мекеме қызметкерлерінің портреттерімен, негізгі ғимараты, монумент, ескерткіштер және өзге де көркемдеуді өтінеді [228, 4 п.].

Орынбор кеңсесінің басқармасы 1901 жылы 28 қыркүйекте №387 іс-қағазы бойынша: ОҒМК-ға жолдаған хатында: «ХІ археологиялық съезде Россиядағы мұрағатқа реформа қажеттігі туралы мәселенің қозғалуына байланысты Ішкі Істер Министрлігі 8 қыркүйектегі жолдаған № 9278 іс-қағазы бойынша Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының құрамын, қандай қаражатқа өмір сүруде, мекеменің негізгі қызметі қандай, мазмұны неден тұрады және алдағы тындырар жұмысының нәтижесі қандай деген сауалдарға жауап беруін өтінеді». Орынбор губерниялық кеңсесіне 1901 жылғы 28 қыркүйектегі хатына 6 қазанда № 343 қатынас қағазы бойынша жауап қайтарады. Онда

Комиссияның құрамы, қаржысы, қызметі, жұмыс жоспарлары туралы толық әңгімелейді [228, 4-18 pp.].

1903 жылдың 10 наурызында ОФМК кезекті мәжілісін А.В. Попов басқарып, мүшелері И.В. Архангельский, А.Л. Аниховский, И.А. Кастанье, А.П. Гра, А.В. Васильев, П.П. Столпянский, Н.Г.Иванов және іс жүргізуші И.С. Шукшинцев қатынасқан. Мұрағат құжаттарын реттей отыра жазған ғылыми еңбектерінің жариялануы, авторлық құқық мәселесін талдаған.

1903 жылы сәуір айында Комиссия мүшелері П.Н. Столпянский мен Н.П. Лысовтар Орынбор казак әскерілерінің істерін реттеуге, маңызы жоқ деп табылған құжаттарды жоюға жіберді [229, 24 pp.].

1903 жылы бұрынғы Орынбор генерал-губернатор басқармасының мұрағатын реттеуден гөрі, мұрағат деректерін ғылыми айналымға қосуға үлкен мән берді. Мысалы, 1903 жылы 21 мамырдағы кезекті мәжілісінде Д.Н. Соколовтың «Башқұрт таңбалары туралы» баяндамасы тыңдалды. Кейін Комиссия «Еңбектерінің» тұтас XIII басылымын арнаған «Башқұрттар таңбалары туралы» атты көлемді еңбек жарық көрді [230, с.90].

1905 жылы 7 қазандағы кезекті мәжілісінде: Комиссия төрағасы А.В. Попов қатысушы мүшелерін келесі құжаттармен таныстырды: Мұрағаттық комиссия мүшелері құраған құжаттар тізбелерімен; бұрынғы Орынбор генерал-губернатор кеңсесінің мұрағатының мұрағатқа тапсырылған құжаттар тізбесімен және комиссияға реттеп сақтауға жіберілген құжаттардың каталогтық карточкасымен, оған қоса Археологиялық институтқа реттеуге жіберілген құжаттардың тізбелерімен таныстырды. №1 тізімінің мазмұны хронологиялық тәртіппен азаматтық, казак, шекаралық, башқұрт және құпия бөлімдері екі іске «сақтауға» және «жоюға» деп бөлініп 20 томға дейін тізбеленген. Осы тізбеге еңбей қалған бірнеше мыңдаған істер бар, яғни, № 2 тізбеде алғашқы беттер салынбаған 100 іс, ол реттелмеген тәртіппен орналаспаған, ал № 3 тізбеде Археологиялық институттан қайтарылған мұрағат құжаттары әлі де шешіліп, реттелмегендігін айта келе, көп кешікпей мұрағат реттеу жұмысы аяқталатындығын хабарлады. А.В. Соколовтың айтуынша, осынша мұрағат құжаттарынан сақтауға деп шығарылғанының саны 13000 іс деп атап көрсетті. Бұған Комиссия төрағасы П.П. Бирк кезінде былайша түсіндірме берген: «Сақтауға жіберілген іс-құжаттардың барлығына тізбе жасалынған. Ол жөнінде Соколов білмейді. Бүкіл мұрағат Ішкі Істер Министрлігінің жіберген бағдарламасы бойынша қарастырылған. Мұрағат 1892 жылы тамызда құжатта қонақ үйдің ауласындағы дүңгіршектерге көшіргенде «сақтауға» деген құжаттар оңтүстік бөлігінде екі дүңгіршекке, ал «жоюға» деген құжаттар батыс бөлігіндегі 2 дүңгіршекке орналасуы тиіс болды. Әйтсе де, бұл сол кезде тек қана Комиссия төрағасы П.П. Биркке белгілі болған, бірақ Комиссия жұмысына сенбеген төраға құжаттарды араластырған. Ал Соколов баяндамасында айтылған сақтауға жіберілген құжаттар тізімі әлі табылмаған.

Комиссия алдындағы келесі шешуін күтіп тұрған мәселе: 1) Тапсырылған мұрағат тізбелерін тәртіптеу және жариялау; 2) Археологиялық институтқа жіберілген іс-құжаттар мәселесін анықтау; 3) Мұрағаттық комиссия тізімдерін

алдыңғы тізімдермен салыстыру; мұрағатты ұстау қаражаты мен құжаттар шығынын есептеу болды.

Төраға айтуынша, әлі де реттелмеген 50 бума іс-құжат, қағаз, газет пен 200 карта мен жоспарлар бар екендігі белгілі болды.

1906 жылы Орынбор Мұрағаттық комиссиясы құжаттармен жұмыс жасамаған. Себебі елдің саяси жағдайы, жұмыс жасайтын мұрағат бөлмесінің тарлығы т.б. себепші болған. И.С. Шукшинцев: «Жаңа күн туып, әбден қиналған ұлы Ресейге жарық сәуле шашып және біздің өлкеміздің өткен бай тарихын уақытша орнаған өліараның орнына жаңа күн және жаңа құстар келер, жаңаша ән салар деген үміттеміз», - деп бастаған істерінің сәтті аяқталарына үмітпен қарады.

1906 жылғы 15 мамырдағы Мұрағаттық комиссияға жазған хатында Орынбор губерниясының басқармасы 1905 жылы 9 қарашада полиция басқармасына істерді жою және сатуға рұқсат еткендігін растады. Кейін 1906 жылы 12 қаңтардағы Орынбор губерниясының басқармасына істерді жоймас бұрын, алдымен, Ғылыми комиссияға беріп, құжаттың тарихи маңызын анықтап алып, содан соң ғана жоюға болады деген ескертілді [231, 30 п.]. Осы жылы 24 қарашада Комиссия мүшесі Н.С. Севастьянов жойылатын істерді тексеру үшін әскери шаруашылық басқармасына жіберілді [231, 54 п.].

1907 жылы П.Н. Столпянский Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясының мұрағатының істер тізімдемесін бір жүйеге келтірумен айналысқан.

1908 жылы Троицк қалалық басқармасының мұрағатының 23 байлаулы бұрынғы Троицк кеденінің XVIII ғасырдан басталатын құжаты келіп түсті. Комиссия мүшелерінен Н.Г. Лобов, пірәдәр Ю.М. Кононов, И.С. Шукшинцев, Незнамов және ерікті түрде жұмыс жасаған Н.Т. Петухов өз жұмыстарын жалғастырды.

1909 жылы Комиссия мұрағатына сақтауға ешқандай іс түспеген, нақтырақ айтсақ, орын тарлығынан құжаттар қабылдауға жағдайлары көтермеген. Тек ғылыми еңбектеріне Н.Г. Лобов, И.С. Шукшинцев, Н.Т. Петухов, А.П. Гра казак бөлімі іс-құжатының тізімін жазу үшін пайдаланған.

Осы кезеңде П.Н. Столпянский «Комиссия мұрағатының істер тізімін жүйелеу сипаттамасын (халық ағарту және өндіріс іс-құжаттарының жүйелік көрсеткіші)» шығарған [232, с.272].

П.Н. Столпянский Санкт-Петербург қаласынан 1909 жылы 4 маусымда жазған еңбегінің алғысөзінде: «Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының мұрағатында жасайтын әрбір адамға таныс қиындық өзіне қажетті істі тауып алып жұмыс жасау үшін, не болмаса қосымша басқа құжатты қарау үшін дәу-дәу хронологиялық тізібелер томдарын ұзақ ақтаруға тура келеді. Сондықтан бұл қиыншылық жағдайды түсіне отыра, Комиссия мұрағаты құжаттарының жүйелік тізімін жасауды бастадым. Алдымен хронологиялық тізімдеменің томдарын қарап, Орынбор өлкесінің өндірісі мен халық ағарту саласына қатысты бас тақырыптарына қарап барлығын карточкаға түсіріп алдым. Сөйтіп менде жүйеленген карточка пайда болды, сонымен 100 бөлімнен тұратын, олар 182 бөлімшелерге бөлінген нәтижесінде 4262 істі тәртіптедім. Бұндағы

мақсатым біріншіден, іздегенде тез табу үшін, екіншіден, жүйелеу арқылы артық ерекше көрсеткіш құрап керек еместігін дәлелдеу. Менің жұмысым Комиссияның бай мұрағатын реттеуде көмегі тиеді деп есептеймін» - деп сенім білдірген [232, с.1] Бұл еңбек комиссия мүшелерінің жұмысына арналған методикалық құрал болды.

И.С. Шукшинцев 1645 істі Торғай облыстық басқармасының жоюға жіберілген істерін қарап, сақтауға 138 іс-құжатты алып қалған.

1909 жылы Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының төрағасы А.В. Поповқа Императорлық Археологиялық институтынан келген 1908 жылы 2 сәуірдегі № 142 қатынас қағазына осы институт директоры Н.В. Покровскийдің 30 наурызда археологиялық институтта Санкт-Петербургте тұратын губерниялық мұрағаттық ғылыми комиссиялардың мүшелерімен комиссия жағдайын талқылаған жиналыс өтеді. Комиссиялардың мұрағат ісінен өзге біраз шаруа тындырып отырғанын айта келе, олардың болашақ жұмысына ынтасын көтеру үшін және қаржыландыру мәселесін шешу ісіне байланысты комиссия ережесінің жобасын даярлау керектігі айтылады. Бұл үшін арнайы комиссия құрылып, құрамына Н.В. Покровский, мемлекеттік кеңес мүшесі Б.В. Штюриер және В.Н. Поливанов, С.Ф. Платонов, Н.В. Султанов, И.Я. Гурлянд, Н.Н. Виноградов енеді. 1908 жылы 17 сәуірдегі Археологиялық институтта Мұрағаттық Комиссияның жарғысының жобасын талқылауға әрбір комиссиядан бір-бір мүшелерін жіберуді сұрайды.

1908 жылы 22 қыркүйекте жалпы жиналысында бекітілген Орынбор Ғылыми Мұрағаттық Комиссиясының ішкі тәртібінің жағдайы:

1. Комиссияның басқарма мүшелеріне: Төраға, оның көмекшісі, іс жүргізуші, қазынашы, мұражай күтушісі, мұрағатшы, кітапханашы;

2. Басқарма мүшелері 3 жылда комиссияның жалпы мәжілісінде сайланады;

3. Басқарма мүшелерін таңдауда және сол орынға кандидаттар лауазымды орын босаған бойда ұсынады;

4. Егерде кез-келген лауазымды орын уақытша бос болған жағдайда бірден комиссияның жалпы мәжілісінде сайланады;

5. Жылдық не жедел өтетін мәжілісте сайланатын комиссия мүшелерінің саны аз болса, онда жиналысты қайта шақырып, 2 аптадан қалдырмай қатысатын мүшелеріне алдын-ала күн тәртібі хабарланып айтылады;

6. Басқарма мүшелері, шынайы, құрметті мүшелікке сайланатын жаңа мүшесі көпшіліктің жасырын даусымен сайлауға түсе алады;

7. Басқарма мүшелері сайланғаннан кейін бірден қамқоршы уәкіліне таныстырылады;

8. Төраға қамқоршы уәкілге қажет кезінде Комиссияның қажеттері мен жұмыс барысы жөнінде баяндай алады;

9. Комиссия мәселесіне қатысты кез-келген талқылайтын мәселенің соңғы шешімін шығару, соңғы сөз, айтылған пікірлердің түйінін төраға айтады;

10. Комиссия атынан жазылатын барлық қағаздарға төраға мен іс жүргізуші қолы ғана қойылады;

11. Төраға көмекшісі төраға қолын соңғы жағдайда ғана ауыстыра алады;

12. Іс жүргізуші әр мәжілістерде хаттама бойынша ағымдағы істерді оқиды және әр ай сайынғы жазысып жатқан хаттар туралы баяндап тұруы қажет;

13. Комиссия басылымы «Еңбектерін» сақтайтын, жан-жаққа жіберетін, сататын іс жүргізуші;

14. Іс жүргізуші жиналған құжаттар туралы, талқыға жататындарын төрағаға жеткізіп, жиналыстың болатын күнін белгілеуі керек;

15. Іс жүргізуші мәжілістің күн тәртібін 3 күн бұрын комиссия мүшелеріне таратады;

16. Баяндама жасағысы келетін комиссия мүшесі іс жүргізушіге алдын-ала айтуы тиіс, егер, Комиссия қонағы болатын болса, онда төрағаға баяндамасын толық көрсетуі тиіс;

17. Мұрағатшы мен кітапханашы берілетін мұрағат құжаты мен кітаптың уақытын өздері белгілейді. Мұрағат пен кітапхана олар жоқта жабылып тұруы тиіс;

18. Бөлім меңгерушілері барлық ай сайын мұрағатқа, мұражайға және кітапханаға түскен құжаттар, заттар мен кітаптар, қолжазбалар туралы баяндап тұруы шарт;

19. Қазынашы Комиссияның әр мәжіліс күні қаржы жағдайы турасында есеп беріп тұруы тиіс;

20. Жыл сайын Комиссия басқармасы кіріс-шығыс сметасын құрап, жылдың жалпы жиналысында бекітеді;

21. Комиссия басқармасы кей жағдайда жылдың сметаға сыймайтын шығын жұмсауы мүмкін;

22. Жиналыста Комиссия мүшелерінің келісімін алмай ешкім ғылыми мекеме атынан қайырымдылық жинауға ешкімнің құқы жоқ;

23. Барлық қаражат пен берілген қайырымдылықтар қазынашының, мұражай күтушісінің, кітапханашының арнайы кітап тізбелеріне жазылып отырады;

24. Игілікті іске көмектесушілерге алғыс ретінде Комиссияға қабылдап алғандығы жөнінде түбіртек беріледі. Ал қайырымдылық жасаушының аты-жөні жергілікті баспасөзге шығып тұрады;

25. Мұрағаттық құжаттарды және кітаптарды пайдаланудың уақыты үш айға шектеледі;

26. Қолға берілетін құжат саны 20 данаға дейін ғана рұқсат етіледі;

27. Ал аса маңызды құжат тек қана төрағаның рұқсатымен берілуі мүмкін;

28. Комиссия талабымен іс дереу кері қайтарылуы да мүмкін. Егер тәртіпті бұзған адам мұрағат құжатымен жұмыс жасап жүрсе, оны үйге алу құқығынан айрылады;

29. Сырттан келген адамдар мұрағат пен кітапханаға төраға рұқсатымен ғана кіре алады;

30. Құжатты және кітапты бүлдірген немесе жоғалтқан жағдайда жауапкершілік шараларын жиналыста Комиссия мүшелерінің өздері белгілейді;

31. Мұражайдың заты қолға тек қана жиналыста талқыланып Комиссия мүшелерінің рұқсатымен ғана беріледі;

32. Мәжілістерде қабылданған қаулы қарарлардың дәл уақытында орындалуын қадағалау төрағаға жүктеледі;

33. Комиссия ғимаратын бақылау және қадағалауды мекеме басқармасының бір мүшесіне жауапкершілігіне алуы тиіс;

34. Басқарма мәжілісі төрағаның өткізуімен айына 2 рет өтеді;

35. Нұсқау пункттері уақыт пен тәжірибеге қарай қосымшалар арқылы өзгеріп отырады;

36 Мұрағаттық комиссияның ішкі тәртіп ережелері жыл сайын жылдық есепте беріліп отырады [232, с.115].

1910 жылы да мұрағатты реттеуге мүмкіндік болмаған. Бұл жылы Н.Г. Лобов казак әскерилері бөлімі, И.С. Шукшинцев бұрынғы Троицк шекаралық кедені, А.П. Гра казак бөлімінің тізбелерімен айналысқан. Осы тұста төраға А.В. Попов Саратов епископы И.А. Кречетович бұрын бірнеше мың аса құнды мұрағат құжаттарын алып, әлденеше рет ескертуге қарамастан тапсырмай жүргендігін сөз етіп, қайтаруын сұраған. Сұраудан соң ол 1911 жылдың ақпанында іс-құжаттарды қайтарған [233, с. 205-208].

1911 жылы біріншіден, Челябині уездік полиция басқармасының 38 пұт мұрағат істері, екіншіден, Торғай облыстық басқармасынан 3181 іс, XIX ғасырлардағы Кіші жүз сұлтан билеушілерінің ісі және Орынбор қалалық полицейлер басқармасының 40 іс құжаты түскен. Кейін Орынбор әскери шаруашылық басқармасы 1881 жылдан 11 тізбеленген істері, Торғай облыстық басқармасының істерінің тізімі, Челябині және Түмен кедендерінің 1899-1902 жылдардағы тізімделген істері, Түркістан қазыналық палатасының 1867, 1868 және 1869 жылдар істерінің тізімдері жоюға жіберілді.

1911 жылғы есепте өткен жылы Комиссияның 11 мәжілісі оның 6-ы Императорлық Орыс Географиялық қоғамының Орынбор бөлімімен бірге өткізілгендігі анықталады. ОҒМК XX ғасыр басында өзге қоғамдық негіздегі ғылыми қоғамдарға қарағанда қызметі жағынан мемлекет назарында болған бірден-бір ғылыми мекеме болды. Осы жылы 18 баяндама тыңдалған, оның қазақ тарихына қатысы бар мынандай баяндамаларды атап өтуімізге болады:

1. Г.Н. Кириллин «Қазақ даласының таңбалары және көне жазулар»;

2. Г.Н. Кириллин «Торғай уезіндегі нивелерлеу (жердің ойы-қырын өлшеу – Ұ.А.) қорытындылары»;

3. И.А. Кастанье «Қазақ даласының құлпытас ескерткіштері»;

4. И.А. Кастанье «1911 жылғы Орал облысындағы қазбалар барысы туралы қысқаша есеп»;

5. М.Ф. Качинский «Қазақ ақыны Сейіт Ахметтің шығармалары туралы пікір»;

6. Г.Н. Кириллин «Қазақ даласындағы тас ғасырының іздері»;

7. А.В. Попов «И.А. Кастаньенің «Қазбалар барысы туралы қысқаша есебі» баяндамасына орай бірнеше сөз».

1911 жылдың 24 қаңтарындағы Комиссияның ИОГҚ мен біріккен екінші мәжілісінде Торғай губернаторы Михаил Михайлович Эверсман мүшелікке сайланған [234, с.16-19].

1912 жылы Комиссия мұрағатына жоюға жіберілген бірнеше үкіметтік мекеменің құжаттары келіп түсті. Әрине, бұл келіп жеткен іс-құжаттардың барлығы да сортталып келген қағаздар еді. Соған қарамастан аз болса да өлке тарихынан хабар берер мәліметтерді комиссия мүшелері жиыстырып, мұрағат қорына тапсырды. Олар:

1. Орынбор казак әскерилерінің әскери шаруашылық басқармасы;
2. Уфа қазыналық палатасы;
3. Түркістан кеден округінің басқармасы;
4. Түркістан қазыналық палатасы;
5. Қопал кеден басқармасы;
6. Стерлитамак уездік полиция басқармасы [235, с.183].

1913 жылы 12 мамырда Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссияның 25 жылдығы атап өтілді. Арнайы мәжіліске Орынбор губернаторы генерал-лейтенант Н.А. Сухомлинов қатынасқан. Мәжіліс А.В. Поповтың төрағалығымен, А.П. Гра хатшылығымен өтті. Мәжілісте И.П. Кречетович бұрынғы Комиссия төрағасы П.П. Биркті, оның мүшелерін еске алып, Орынбор өлкесінің тарихы әріде екендігіне қысқаша тоқталды. Миллер, П.И. Рычков, Ключевский, Забелин, Костомаров сияқты атақты тарихшылардың Ресей тарихын жазуда провинция тарихынан бастағанын баса көрсетті. Одан кейін құттықтаулар оқылған [236, с.2].

1914 жылы 27 қаңтарда А.В. Попов Орыс Императорлық Тарихи қоғамына ОҒМК-ң жағдайын баяндай келе: «... өзге мұрағаттар ісін сақтау мүмкін емес. Құжаттарды сақтау қиын, орын жоқ. Қыста салқын. Жұмыс жасауға ешқандай жағдай жасалмаған. Соның кесірінен құнды құжаттар жойылуда, мысалы Орск қаласының дүниежүзілік сот мекемесінің мұрағатынан 200 пұтқа жақын іс-құжаттары сатылып кетті. Есет провинциясының мұрағаты ХҮІІ ғасырдың аяғы мен ХҮІІІ ғасырдағы Челябині қаласының мұрағаты тіпті өрттен қорғалмаған, тап-тар жерде орналасқан. Мұрағат екінші қабатта орналасқан, оған ағаш баспалдақтар арқылы көтеріледі, ал төменде күзетші үйі және мұрағат кеңсесі, кітапхана орналасқан. Қыста суықтықтан сия қатып алады. Комиссия мұрағатынан өзге Орынбор губерниясында жеке мұрағаттар бар. Олардың қатарында Ішкі істер министрі, Тимашевтің, Эверсманнның, Евдокимовтардың мұрағаттарын атауға болады», -деп хабарлады [237, 27-28 pp.]. Кейін Мұрағаттық комиссия төрағасы мұрағат ісін реттеуге Орыс Императорлық Тарихи қоғамынан арнайы штат сұрады. Содан тарих қоғамы 2000 руб. ақша бөлді. 1915 жылы 3 наурызда Орыс Императорлық Тарихи қоғамының төрағасы Лаппо-Данилевский Орынбор мұрағаттық комиссиясынан бөлінген ақшаның жұмсалуды есебін сұрады [237, 46 pp.].

1914 жылы төраға А.В. Попов, төраға көмекшісі Н.Н. Модестов іс жүргізуші және кітапханашы А.П. Гра, қазынашы Л.Л. Курашкевич мұражай күтушісі М.М. Гельдт болды. 1914 жылдың 16 қаңтарындағы Комиссия мәжілісінде 29-шы мәселесі бойынша төраға А.В. Попов ұсынысымен құрметті мүшелікке Орынбор оқу округінің хатшысы Н.И. Тихомиров пен Ғылым Академиясының хатшысы, шығыстанушы С.Ф. Ольденбургті сайлаған [238, с.6-9].

1914 жылдың 4 ақпанында Императорлық Ғылым Академиясының хатшысы С.Ф. Ольденбург Мұрағаттық комиссиясына құрметті мүшелігіне сайлағанына ризашылығын білдіріп хат жолдады. Хатта: «Ресейдің шығысты зерттеуіне комиссияның қосқан үлесін» атап өтіп, Орынбор Ғылыми Мұрағаттық комиссиясының ғылыми жұмыстары тұтастай Ресейге белгілі екендігін алға тартты. Ресей үшін Шығысты зерттеу және орыс шығысы үшін оны тануда, тарихы мен тілі арқылы жүзеге асатындығын Комиссия мүшелері жақсы сезінген. ОҒМК бұл ғылыми зерттеу жұмыстарында лайықты өз орнын тапты» [237, 29 сыртқы п.].

1914 жылы да Комиссия мұрағаты тар жерде Жайық өзенінің жағасындағы ғимаратта тұрды. Оны кеңейту мәселесін 1913 жылдан қолға алғанымен 1914 жылы бірінші дүние жүзілік соғыс басталып, кейінге қалған. Міне осыдан кейінгі жағдай туралы толық мәліметті Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатының жанындағы кітапхана қорының 80-ші бумасының 502-ші ісінде сақталған 1955 жылы Орынбор қаласынан шыққан «Орынбор мұрағаты (Ақпараттық бюллетень)» кітабының 5-6 беттерінен табылып отыр. Еңбекте Орынбор Мұрағаттық комиссиясының төрағасы А.В. Попов 1914 жылдың мамырында Бірінші Бүкілресейлік мұрағатшылардың съезінде: «ОҒМК төрағасы ретінде айтарым губерниялық мұрағаттар тікелей Ішкі Істер Министрлігіне қарайды, ал өзге мұрағаттарға мысалы, бақылау мекемелерінің, халық ағарту, сот, әскери-оқу орындарының мұрағаттарына бізді жібермеді. Олар ешқашан бізден қайсысын жоюға болады, қайсысын жоюға болмайды оны да сұрап көрген емес. Мысалы, маған белгілісі әскери мекемелер соңғы 12 жылда Орта Азияны жаулауға, қосып алуға байланысты, әсіресе, Хиуа мен Бұхараға ұйымдастырылған әскери экспедициялар туралы жүзмыңдаған құжаттарды жойды. Бізді толғандырған бұрынғы башқұрт әскерілерінің және қазақ даласындағы сұлтандар басқармасының мұрағаттарының құжаттарының құртылғаны. Бұл мұрағаттардың барлығына дерлік құжаттары жоғары ғылыми маңызы бар материалдар жинақталған. Осы құжаттарда көшпелілердің тұрмыс-тіршілігі, отбасы құқығы, некелік құқығы бір сөзбен айтсақ, азаматтық қатынастардың барлығы осы башқұрт және қазақ даласындағы сұлтандар басқармасы кеңсесінде жинақталған болатын. Қазіргі кезде дала тұрғындарының отырықшылануына байланысты көшпелі тірлікті ұмыта бастады. Сонымен бірге көшпелі тірлік кешкен көз көрген көшпенділер де азаюда. Оның үстіне, бұл мұрағаттағы ғылым үшін аса құнды этнографиялық, тұрмыстық және заң қатынастарына байланысты құжаттар жойылып кетті. Біз өзіміздің мұрағатқа алдыртуға қаражаттың жоқтығы және жердің шалғайлығы қолымызды бөгеді...»,- деп мұрағатшылар алдында сөйлеген сөзінде тарихи мұрағатты жасақтаудың біраз қиыншылықтарын баяндады.

1914 жылы Комиссия мұрағаты түрлі мекемелерге жеке жеке тұлғаларға анықтама беруді жалғастырды. Сонымен бірге Комиссияға келіп түскен жоюға жіберілген құжаттар тізімін реттеу жалғасын тапты. Көрсетілген жылы мұрағатқа:

1 Ташкент кеден инспекторы басқармасының Патта-Кисар кедені 1891-1902 жылдарға дейін, 1902, 1903, 1904 және Келиф кеденінің 1861-1892 жылдар іс құжаттарынан;

2 Түркістан қазыналық палатасы – 1873 және 1871 жылдар тізімдері;

3 Торғай облыстық басқармасы 5 тізбесі;

4 Торғай уездік басқармасы тізбесі;

5 Орынбор қазыналық палатасының 1879-1898 жылдардағы 65 тізбесі;

6 Орынбор губерниялық басқармасының іс-құжаттарының тізбелері;

7 Орынбор қазыналық палатасынан 1879-1898 жылдарға дейінгі 65 тізбелері;

8 Уфа қазыналық палатасының 10 тізбесі және Бирк, Мензилинск қазыналық палаталарының тізімдемелері келіп түскен.

Осы аталған тізімдемелердің көпшілігін А.П. Попов, А.П. Гра, В.П. Чернов қараған. Осы жылы 12 мәжілісі өтіп, Комиссияның басылымы XXIV, XXX, XXXI «Еңбектерінде» жарық көрген.

1915 жылғы ОҒМК қызметі мен құрамы туралы есепті іс жүргізуші А. Гра құраған. Комиссия ғимаратын кеңейтіп, мұражай мен кітапхананы Артиллерииский қиылысындағы Батраковтар үйіне жалдап орналастырды.

Орынбор Мұрағаттық комиссиясы өз жұмысын одан әрі жалғастырып, қандай қолайсыз жағдайда да алдына қойған мақсаттарын орындауға тырысты.

Сонымен 1915 жылы да Орынбор Комиссиясы мұрағаты құжаттары әлі де толық реттелмеген күйінде бумаланып, тарихтың шешілуін күткен күйінде жата берді. Бұл құжаттарды ғылыми айналымға қоспақ түгілі, кей мекемелерге анықтама беруге де мүмкін болмаған. Дейтұрғанмен, Комиссияның кейбір ынталы мүшелері өлке тарихын баяндауға керек мұрағат құжаттарын тауып, пайдаға асырып та жатты.

Осы жылы Комиссия мүшелері жоюға арналған тізбелер ішінен мыналарды қарады:

1 Уфа қазыналық палатасы мұрағатының уақытша сақтауға берілген 4 тізімдеме құжаттары;

2 Чаачинск Кеден заставасының 2 разрядты 1897-1903 жылдар аралығындағы кітабы мен құжаттарының нақты тізімдеме қағаздары;

3 Уфа мещандық басқармасының жоюға арналған тізімдеме құжаттары;

4 Бирск уездік съезінің мұрағаты құжаттарының 9 тізімдемесі;

5 Мензилинск қазынасының уақытша сақтауға жіберілген мұрағатының жоюға арналған кітабы мен құжаттарының 3 тізімдемесі;

6 Орынбор казак әскери басқармасының құжаттарының тізімдері;

7 Келиф кедені 2 разрядты 1901-1904 жылдар аралығындағы кітаптар мен құжаттар тізімдемесі сақталатын уақыты өтіп кеткен және нақты қағаздар тізімдемесі;

Комиссия бұл тізімдерді қарай отыра нақты шешім шығарған [238, с.84].

1915 жылы 22 желтоқсандағы кезекті мәжілісінде А.П. Гра Н.Н. Модестовтың «Азиаттықтарда тұтқында» еңбегінің бір бөлігін таныстырып, комиссия мүшелерімен пікір бөліскен. Д.М. Кононов пен С.В. Азелицкий бала сауда-саттығын қозғаса, Н.А. Наследов Қоңыратта болған

кезеңін, Хиуа ханының қабылдауында болғандығын әңгімелейді. Ал А.В. Попов «баранта» (барымта-Ұ. А.) сөзіне ғылыми түсініктеме берді.

Төраға профессор Н.И. Веселовский балбал тастар туралы зерттеуінен хабарлама жасады. Бұл мақала жөнінде Д.Н. Соколов Веселовскийдің бұрын да балбал тастар жөніндегі пікірінен хабарлама бере кетеді.

1916 жылы Комиссия төрағасы А.В. Попов бұл жылда да өз ісін жалғастырды. Осы жылы Комиссия мұрағаты бұрынғы тар ғимаратында қалды. Мұражайдың көшуіне байланысты 1 бөлмесі босап, келіп түскен мұрағат құжаттарын сонда реттеуге мүмкіндік туған. Әйтсе де, орын болмай мұрағат құжаттары жерге текшеленіп орналастырылды. Осы жылы комиссияның 8 мәжілісі өткізілді. Осында бірнеше баяндамалар тыңдалған. И.А. Кастаньенің «Зерафшан жазықтығының көне мұралары», «Ноғай қорған», «Көне Ферғананың ескі мәдени орталықтары Касан мен Мергелан», Н.Н. Модестовтың «Азияттықтарда тұтқында», П.П. Ходырев «Қырғыздардың наным-сенімі» т.б. мақалалар Комиссия мәжілістерінде талқыланып, басылым бетіне жариялауға жіберіп отырды [239, с. 225-226].

Осы жылы Комиссияға жаңа мүшелер сайланып, мұрағат құжаттарының тізімдемелерін көне ескерткіштерді қорғаудың барынша шараларын қабылдайды. 1916 жылғы Комиссияға жіберілген тізімдемелерге тоқталсақ:

1. Орынбор казак әскерилерінің шаруашылық басқармасының осы ғасыр мен өткен ғасырдағы кітаптары мен құжаттарының тізімдемесі;
2. 1900 жылғы Ташкент кеден округінің 2 разряды Хиуа-абад кеден заставасының кітаптары мен құжаттарының тізімдемесі;
3. Ташкент кеден округінің, 2 разрядты Бахтинск кеденінің 1892 және 1897 жылдардағы кітаптары мен құжаттарының тізімдемесі;
4. Пендинск кедені, Ташкент кеден округі 1903-1904 жылдардағы кітаптар мен құжаттардың тізімдемелері;
5. 2 разрядты Түркістан қазыналық палатасының 1875 жылғы құжаттарының тізімдемесі;

Бұл жылы комиссия Еңбектерінің басылымы XXXIII томы жарық көрді [239, с.238].

ОҒМК 1917 жылы 8 наурызындағы мәжілісінде Уақытша үкіметті қолдап, оған бағынамыз деген шешім шығарған [89, 70 п.].

1917 жылы 8 сәуірде Ресей мұрағаттары қайраткерлері қоғамының отырысында Жарғы қабылдады [89, 74 п.]. Осы қоғам 1917 жылы 30 мамырда Орынбор комиссиясына елдегі жағдайды ескеріп, барлық жеке, ауылдағы, селодағы, т.б. мұрағаттарды сақтап қалуға күш салып, бірлесу қажет деген шешімге келеді. Қоғам төрағасы академик А.С. Лаппо-Данилевский «Жергілікті мұрағат қызметкерлері ғылымға аса қымбат тұратын тарихи материалдарды қорғауды өз қамқорлығына алады деп есептейміз», - деген пікірін білдіреді [89, 87 п.].

Сонымен төңкеріс алдында Ресейде Ресей мұрағат қызметкерлерінің Одағы құрылып, үкіметке елдегі мұрағат жайы, оған мұрағат ісіне байланысты дереу үкімет деңгейінде қабылданар шаралар туралы білікті сөз айта алған ұйым болды. Бұл Одақтың құрамында төраға А.С. Лаппо-Данилевский, төраға

көмекшісі, мемлекеттік мұрағат кітапханасы директоры Н.В. Гольцин, Одақ хатшысы, Теңіз министрлігінің мұрағатының бастығы А.И. Лебедев кірді [89, 185 п.].

1917 жылы 1 шілдеде Академиядағы тарихи комиссия мұрағат туралы Ережені талқылай келе, Орыс тарих қоғамы мұрағат ісімен айналысатын ерекше комиссия жұмысын тоқтатып, одан әрі бұл мақсатты Ресей мұрағаты қызметкерлерінің Одағы қолға алатындығын мойындады [89, 94 п.].

1917 жыл Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы 1917 жылы бұрынғы Орынбор өлкесінің атасақ, Торғай, Орал облыстық басқармасының, Түркістан облыстық басқармасының Орынбор губерниялық тағы да өзге патшалы Ресей үкіметінің бірнеше таратылған мекемелерінің жоюға, сақтауға жіберілген құжаттардың жинақтауымен орталық мұрағатты құрады. 1918 жылдың сәуір, мамыр айларында Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының мұрағатында 300.000-нан аса іс-құжат жинақталды [240, 19 п.].

Орынборда кеңес үкіметінің орнауына байланысты мұрағат ісі дамудың жаңа кезеңін бастан кешірді. 1918 жылдың наурыз айында Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының төрағасы А.В. Попов және оның мүшелері жергілікті әкімшіліктен бұрынғы әскери гаупвахтаны мұрағат мекемесі ретінде қайтарып беруді сұрағанмен, өтініш қанағаттандырылмады. Сол жылдың 2 сәуірінде А.В. Попов Орынбор губерниясының жұмысшы, шаруа, казак және қызыл әскер депутаттарының Атқару комитетіне арнайы хат жолдайды.

Онда ол 1- сәуір күнгі ОҒМК мүшелерінің жалпы жиналысында Ресей Мұрағаты одағының мүшесі, академик А.С. Лаппо-Данилевский қатысып, Ресей Ғылым Академиясы тарапынан Комиссия мүшелеріне революциялық тәртіппен жабылған барлық мұрағаттарға әскери күзет қоюды тапсырғанын жеткізді [89, 54-55 пп.].

Осы хаттан кейін үкімет ОҒМК-ң хатына байланысты жаңа мәліметтер жинақтады. Ол бойынша Орынбор мұрағатының сол кезеңге дейінгі тарихы анықталды. Мәліметте Орынбор мұрағатының бүгінгі сұрап отырған гаупвахтаның негізінен бастапқы кезеңде мұрағатқа арнап салынғандығы, оған губернатор В.А. Перовскийдің 1855 жылы 27582 руб. 71 коп. жұмсағандығы дәлелденді. Мұрағат құрылысына кеткен шығынның 2200 руб. Орынбор шебін казак даласына қарай жылжыту бөлігінен, 3300 руб. өлкедегі алтын өндіруге жиналған қаржыдан, 1200 руб. генерал губернаторға бөлінген қаржыдан, 2300 руб. казактардан тартып алынған малдарды сатудан түскен пайдадан, 4500 руб. Орал орманына бөлінген қаржыдан, 6500 руб. Сақмар істеріне бөлінген қаржыдан, 5582 руб. 71 коп. өзге қаржылардан бөлінген. 1856 жылы мұрағатты инженер полковник Федоров аяқтап, мұрағатқа берген. Сол кезеңде аталған жаңа ғимаратқа мұрағатпен бірге Орынбор қазыналық палатасы да орналасты. Бірақ кейін қаражат ұрланған соң ғимаратқа арнайы әскери күзет қойылған. Ал 1918 жылы жүз мыңнан астам істерді сақтаған мұрағат Гостиный двордың бір бұрышында ешқандай құжаттарды сақтауға келмейтін тар бөлмеде орын тепкен. Мұндай тарихи анықтамамен танысқан жаңа билік мұрағаттық комиссия мүшелерінің сұрауының заңды екенін түсінгенімен, өтініштерін қанағаттандыра алмады [89, 53-53 сыртқы пп.]. Мұндай шешімді мұрағаттық

комиссия мүшелері 1918 жылы 2 сәуірде қайта талқыға салып, не болғанда да ендігі басты мақсат Орынбор өлкесіндегі барлық мұрағатты тарихи мұрағатқа жинап, қайткен күндеде сақтап қалу қажеттігін жан-жақты қарастырды. Жиналыс қорытындысында осы шешімді қайтадан үкіметке жолдады [89, 54 п.].

Комиссия мүшелерінің қызметі қоғамдағы жаңа жойқын өзгерулердің бірінен кейін бірі келуіне байланысты тоқтады. Сондықтан да көптеген жылдардағы тынымсыз еңбектің нәтижесі желге ұшып, 1918 жылдың мамыр айында басталған азамат соғысының салдарынан Орынбор мұрағаты да орасан зор зардап шегіп, бірде қызылдардың, бірде ақ гвардияшылардың өртеуі мен тонауын басынан кешкенін бүгіндері мұрағатта сақталған құжаттар дәлелдей түседі.

1887 жылдан 1918 жылға дейінгі Комиссияның басты қызметі бұрынғы Орынбор генерал-губернаторлығының басқармасы кеңсесінің мұрағатын реттеуге күш салды. Оның қорытындысында Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы Орынбор қаласында орталық тарихи мұрағаттың негізін қалады.

Комиссияның қызмет жасаған жылдарын, соның ішінде Мұрағаттық комиссияның тарқауын 1918 жылдың маусымы [241, с.86], ал бұл мекеме құжаттарының соңғы жазбасының түскен күні 1919 жылдың 22 ақпанына дейін баратындығын байқаймыз [242, 30 п.].

Қорыта келгенде, 30 жылдық қажырлы жұмысында Комиссия қазақ тарихына қатысты мол құжаттарды реттеп, артына өшпес із қалдырды.

3.2 Комиссия жанындағы кітапхананың ұйымдастырылуы

1887 жылдан Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының атқарған қызметінің ауқымды бір саласы - кітапхана ісі. ОҒМК бұрынғы Орынбор генерал-губернаторлығының басқармасы кеңсесінің мұрағатын жинақтап, реттеу ісінде көптеген қолжазбалар, көне кітаптар, кітапшалармен де жұмыс жасап, оларға назар аударды, одан әрі қызметі барысында осы істі жалғастырып, бірнеше ғылыми мекемелер, қоғамдармен мерзімді басылымдармен баспа материалдарын алмасты. Бұның өзі жергілікті өлке тарихына қызығушылық білдірген комиссия мүшелеріне таптырмайтын ғылыми лаборатория еді. Сөйтіп, Мұрағаттық комиссия жанынан ғылыми кітапхана пайда болды. Комиссия жанынан құрылған кітапханаға патша үкіметінің мекемелері кітапханаларынан, жеке тұлғалардан тарихи қолжазбалар, құнды кітаптар жинақталып өлке тарихын зерттеуге молынан мүмкінді туғызды. Сонымен қоса жергілікті баспадан шыққан жаңа кітаптар, мерзімді басылымдармен де толығып отырды.

XIX ғасырдың бас кезеңі кітапхана мекемелерінің тарихында басты атқарған қызметі кітапхана қорының жалпы оқырмандарына пайдалануына жағдай жасауымен ерекшеленеді. Ал Ресейдегі XIX ғасырда кітапхана ісінің дамыған кезеңінде М.А. Корф (1800-1876) есімі ерекше аталады. Себебі, М.А. Корф кітапхананы тұтас ғылыми сан-салалы кәсіптерді қамтыған, ғылымға қызмет етер мекеме деңгейіне дейін көтерді. Ресейде ол кітапхана ісіне бірнеше реформалар жүргізген. Қазақстанға келер болсақ, патшалы Ресей елінің

ұйымдастыруымен қазақ елінде мемлекеттік мекемелер мен ғылыми ұйымдар, қоғамдардың жанынан құрылған мұрағаттар мен мұражайлар жанынан кітапханалар пайда болды. XIX ғасырдың бірінші жартысында патшалы Ресейде ірі губернияларда 31 көпшілік кітапхана, 7 уездік кітапхана болған [243, с. 8, 229].

Ал Қазақстандағы кітапхана ісін зерттеген тарихшы В.З. Галиев XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасыр басындағы Орынборда Неплюев атындағы кадет корпусында, Орынбор казак әскери басқармасы жанында, Орынбор генерал-губернаторлығы кеңсесі жанындағы Орынбор қырғыздары шекаралық басқармасының жанынан бай кітапханалардың болғанын жазады. Әсіресе, Орынбор қырғыздары шекаралық басқармасының меңгерушісі В.В. Григорьевтің кітапхана ісін дамытудағы үлесін жоғары бағалаған [244, с.12]. Ресейлік шығыстанушы ғалымдар ішінен академиялық бағытта Қазақстанды ғылыми зерттеу ісіне еңбек еткен шығыстанушы Василий Васильевич Григорьев (1816-1881) болды. Ресей Сыртқы Істер Министрлігінің қызметіне тұрып, Орынбор генерал-губернаторлығына В.А. Перовский шақыруымен Орынборда 1852 жылдың 10 қаңтарынан 1863 жылдың қаңтарына дейінгі өмірінің 11 жылын өткізді. Ғалым Орынборға келу себебін Орынбор генерал-губернаторы В.А. Перовскийге арналған еңбекте не бәрі өлкенің басқарылуы туралы жылдық есептерді жазуға шақыруымен байланыстырады. Әйтсе де, ол Орынбор әкімшілігінің «ең аса маңызды істерін» атқарған және ол барлығынан аса маңызды қажет қызметкеріне айналған [25, с.298].

В.В. Григорьев 1838 жылы Петербург университетінің тарих-филология факультетінің шығыстану бөліміне 15 жасында оқуға түседі. Осы факультеттен араб, парсы, түркі, сонымен қатар европалық бірнеше тілді игеріп шығады. 1842 жылы университетте «Алтын Орда» тақырыбынан магистрлік диссертация қорғап, профессор атағын алады.

В.В. Григорьев-орыс тарихшыларының ішінен қазақ тарихы мен мәдениетін зерттеуге атсалысқан шығыстанушы ғалым. Ол Қазақстан және Орта Азия туралы мол деректі 1853 жылғы қоқандықтардың Ақмешіт бекінісіне В.А. Перовскийдің жорығына қатысқан кезеңде жинайды. Бұл жорықта шығыстанушы В.А. Перовскийдің жорық кеңсесін басқарады. 1854 жылы В.В. Григорьев Орынбор Шекаралық комиссиясының төрағалығына сайланады, бұл қызметін 1863 жылға дейін атқарады. Орынбор қаласында өткен осы кезеңдерінде қазақ еліне қатысты маңызды еңбектерін жазып қалдырды. Ол Ішкі Бөкей Ордасына қызмет бабымен келіп, қосымша Орданың әлеуметтік құрылымы, шаруашылығын, өткен тарихын жазу туралы тапсырма алады.

Ғалым В.А. Перовский тапсырмасымен үш тарихи жазбаны даярлайды. Жазбаларды даярлау барысында қазақтар, Орал және Орынбор орыс-казактары туралы тарихи деректер жинастырады. Ол қазақ өркениетіне ден қоя зерттеп, қазақ елін тануда өзіне көптеген жаңалықтар ашқан. Ол қазақтар туралы: «сотқарлау халық, бірақ мейірімді, барлық жақсылықты тез қабылдайды, ұғымтал», - деп баға берген [245, с.12]. Осы сапарынан кейін жазған «Қырғыздардың біртіндеп Ресейге қосылуы» еңбегінде қазақтардың өткен тарихы мен өзі өмір сүрген заманындағы мәселелерді камтып, біраз деректер

берген. Тарихшы Е.Б. Бекмаханов «Тарих сыр шертеді» (профессор В.В. Григорьев Қазақстан туралы) атты ғылыми мақаласында В.В. Григорьевтің ғалымдық қызметіне оң баға берген. Оның Орынбор шекаралық комиссиясының төрағалық қызметіне бекітілгеннен кейін, достарына жазған хатында өзіне тапсырылған жұмысқа риза екендігін, бұл жұмыстың қазақтармен толық танысуға мүмкіндік беретіндігін және бұл жоспарды ол алдына көптен мақсат еткендігін атап өтеді. Шығыстанушы ғалым қазақ даласын қызмет бабымен аралай жүріп, қазақтардың тарихы, экономикасы, мәдениеті және этнографиясынан көптеген мақалалар жазды. Ол қазақ тілінде еркін сөйлеген. Ол жергілікті халықпен тікелей араласқан кезеңін хатында былайша жазған: «өзім де қазақтың қалпағын киетін болдым, мұрт қойдым, мұнымның өзі мұрттан гөрі сақалға көбірек ұқсайды, шекпен киіп отырамын. Мұның бәрі маған тамаша ұнайды... Қымыз ашыту өнерін де үйреніп алдым» [246, с.260]. Е. Бекмаханов пікірінше, В.В. Григорьевтің қоғамдық-саяси көзқарасында қарама-қайшылықтар да болған. Е. Бекмаханов оны отарлаушы Орынбор мекемесінің шенеунігі бола тұра, қазақтарға деген өзінің жоғары адамгершілік сезімін көрсетті деп бағалайды. Яғни, орыс ғалымының Орынбор және Орал казак әскерилерінің қазақ жерін тартып алуына, түтін салығының көбейтілуіне қарсы болғандығын да ерекше атап өтеді. В.В. Григорьев қазақтардың отырықшылыққа көшіп, егіншілікпен айналысуын жақтады, өзі басқарған қазақтарға құрметпен қарады деп ой қорытады [246, с.261].

1857 жылы ол Орынбор-Уфа-Златауст-Троицк-Усть-Уйская-Тобол-Николаевский қорғанына - Новая линия- Орск арқылы Орынборға қайта оралса, келесі жылы Катенинмен қазақ даласына Қарақұм шөлейтін, Ембі, Тобыл, Ой бойын аралаған. Осы сапарларынан кейін: «Майор Бланкеннагелдің Орынбордан Хиуаға дейінгі сапарының нәтижелеріне ескертпе», «Хиуа хандығының суреттемесі және Сарайшық бекінісінен хандыққа дейінгі жол», «Бұхара мақтасы, оны Сырдарияға өсірудің мүмкіндіктері», «Орынбор қырғыздары: олардың адалдығы және сауда ісіне икемділігі», «Қырғыз тілінің дыбыстарын орыс әріптерімен берілуі», бұдан өзге Троицкідегі қазақ балаларына арналған мектеп, Үстірт арқылы өтетін темір жол туралы, Жайық өзеніндегі параход жүргізу ісі, Жайық өзенінен Сырдарияға дейін кеден шебін созу туралы, Амудария өзенінің көне ағысы туралы т.б. ғылыми мақалаларын жариялады. Ол кейбір мақалаларын Сұлтан Меңдали Пірәлиев деген бүркеншік атпен де берген. «День» газетінде жарияланған мақалаларының бірінде (1862 жыл, №28): «Мұрныңа иісі бармайтын іске араласпа» деген халық мақалы тауып айтылған, бірақ ол іс жүзінде керісінше, мәселен, азиаттарды басқару ісін олар туралы ешқандай да түсінігі жоқ, бұл іске мүлде дайындалмаған адамдардың қолға алатынын жиі байқауға болады», - деп жазды [246, с.264]. Осы кезеңдегі В.В. Григорьевтің құнды еңбектерінің бірі - «Мырза Шемса Бұхаридің жазбаларынан: Бұқара, Хиуа, Қашқардағы кейбір оқиғалардан» атты еңбекті тәжік тілінен орысшаға алғаш рет аудармасын жасады. «Облыстағы шығыстан шыққан ұлы орыс сөздері» деген мақаласы үшін 1854 жылы В.В. Григорьев Ғылым Академиясының корреспондент мүшелігіне сайланады.

Оның әкімшілік қызметі ғылыммен айналысуға көп кеселін тигізген. Ғылыммен айналысуға Орынбордағы ғылыми кітаптардың жетіспеушілігі В.В. Григорьевке Петербургтегі жеке кітапханасын көшіріп әкеліп, Орынбор генерал-губернаторлығының кеңсесінде Орынбор өлкесі және Шығыс елдеріне қатысты кітаптардан кітапхана жасақтауға тура келді. Кітапхана ісін қолға алуда ол Орынбор генерал-губернаторымен келісімге келіп, 1853 жылдың өзінде-ақ Петербург, Мәскеу, Қазан қалаларынан кітап алдырту үшін күміс ақшамен 1000 руб. бөлгізген [244, с.11]. Сонымен қоса кітапхана ісін дамытуда меценаттарды тарта отырып, Ғылым Академиясынан, Қазан университетінен тағы басқа да мекемелерден құнды кітаптар аудартқан. В.В. Григорьевтің қажырлы еңбегі нәтижесінде Орынбор Шекаралық комиссиясында заманында үлкен маңызға ие болған қазақ еліне және Орта Азия елдері тарихынан хабар берер бай кітаптар қоры осы кітапханада орналасты. Бұл кітапхана қоры В.В. Григорьев Орынбор әкімшілігіне жұмыс жасаған кезеңде Ғылым Академиясының, Қазан университетінің және жеке адамдардың қайырымдылығы есебінен толығып отырған, кейіннен ол қызметінен кеткен кезеңде бұл кітапхана тоналып, талан-таражға түскен.

Орынбор әкімшілігінде жасақталған бай кітапхана қорын қазақтың ағартушы педагогы Ы. Алтынсариннің де пайдаланғандығын Н.И. Ильминский былай деп жазады: «...Ы. Алтынсарин түске дейінгі уақытты В.В. Григорьев берген кітаптарды оқумен өткізетін, кітаптан тек киргиздар келгенде ғана бас көтеретін, өйткені қазақтарға тілмаштық қызмет атқарды. В.В. Григорьевтің кеңесі бойынша Ы. Алтынсарин кітап оқыған кезде өзіне таныс емес орыс сөздерін арнайы дәптерге жазып отырды, сосын бұл дәптерді Василий Васильевичке көрсететін, ол әр сөздің тұсына оның мазмұнын қысқа және дәл жазып беретін» [246, с.262].

В.В. Григорьев Орынбор кезеңінде Орыс Географиялық Қоғамымен және бірнеше географиялық және археологиялық қоғамдармен тығыз байланыста болды, ғылыми мақалаларын жариялап тұрды. В.В. Григорьев қазақтың ағартушы ғалымдарымен тығыз байланыс орнатты. Қазақтың көрнекті, талантты ұлы Ш. Уәлиханов Санкт-Петербургте болған кезеңінде В.В. Григорьевпен танысқан. Ол турасында Шоқан 1860 жылы әкесі Шыңғысқа: «Орынбор облысы қазақтарының бастығы В.В. Григорьевпен қыста кездесіп таныстым, онымен достасып кеттім. Ол кісі маған жиі-жиі келіп жүрді», - деп жазған. Белгілі ғалым Е. Бекмаханов В.В. Григорьевтің жеке мұрағатынан Шоқан туралы біраз мәлімет табуға болады деп атап көрсеткен-ді. Қазақ ғылымының дамуының дәл осы кезеңін американдық тарихшы Лоуренс Крадер «Орта Азия халықтары» монографиясында: «Григорьев жазған кезең барысында, яғни 1870 ж. Орта Азиядағы татарлардың ықпалы аз болды. 1850, 1860 және 1870 жылдарда Ш. Уәлиханов, А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин арқылы көрініс тапқан қазақтың зиялылық гүлденуі орыстық бағытта болды. Тек келесі кезеңде ғана татарлар ықпалы сезілді», - деп баға береді [247, 168 б]. Әрине, бұл жерде «Орта Азиядағы татарлар» деп тұрғаны түркі халықтары жөнінде болуы керек, ХХ ғасыр бас кезеңінде тәуелсіздікке ұмтылған қазақ елі түркі халықтарымен біріге әрекет еткені бәрімізге белгілі жағдай.

Орынбор кезеңінде В.В. Григорьевпен пікірлес шығыстанушылар тобы қалыптасты. Мәселен, В.В. Вельяминов-Зернов, А.А. Бобровников, Л.Н. Плотников т.б. атап өтуге болады.

1863 жылдың қаңтарында В.В. Григорьев Орынбор облысындағы қазақтарды басқаратын қызметтен босап, Санкт-Петербург университетіне жұмысқа ауысады. Онда алғаш шығыстану кафедрасын басқарып, шығыстану ғылымы бойынша дәріс оқиды. Т.Сейдалиновпен алмасқан хатында В.В. Григорьев былай деп жазады: «университеттің ғалымдар қауымы мені осы кафедраның профессоры етіп сайламақ, басқаларға үлгі есебінде көтеру емес, шығыс тілдерінің докторы ғылыми дәрежесіне бекітпек» [246, с.262]. Дәл осы кезеңде ғалымның «Шығыс Түркістан» (1869-1873) және 1871 жылы сақтар туралы сүбелі еңбектері жарық көреді. 1876 жылы Санкт-Петербургте ориенталистердің III Халықаралық съезінде өзінің «Россия және Азия» атты мақалалар жинағын жариялап, көпшілікке ұсынған. 1881 жылы ғалымның «Ұлы Александрдің Батыс Түркістанға жорығы» атты еңбекті жазып бітіріп жариялады. 1881 жылы желтоқсанда шығыстанушы В.В. Григорьев 200-дей ғылыми еңбегін артына қалдырып, өмірден озды.

Орынбордағы қазақ мұғалімдер мектебінің де жеке кітапханасы болған. Кітаптары екі топқа бөлінген: мұғалімдер кітабы қоры, оқушылар кітабы қоры. В.З. Галиев Қазан төңкерісіне дейінгі, XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың бас кезеңіндегі Қазақстандағы кітапхана ісінің дамуына тоқталып, патшалы Ресей үкіметінің мекемелері арқылы кітапхана ісінің жанданғанын баяндайды.

Қостанай мен Ақтөбеде қоғамдық кітапханалар жұмыс жасаса, Орал қаласында XIX ғасырдың I жартысында әкімшілік кітапхана (1807 жылы) Орал әскери училищесінің жанынан ашылған. Ал Уақытша Кеңес жанындағы Ішкі Бөкей Ордасының кітапханасы 1889 жылы ашылған [244, с.27]. Міне, осындай патшалы Ресей мекемелерінің жанындағы қазақ жеріндегі кітапханалармен Орынбор мұрағаттық кітапханасы да байланыс орнатқан. Сонымен қатар құрылған жылдан бастап өзге де қоғамдар мен кітапханалар және баспасөз органдарымен басылымдар алмасты. Атап айтсақ, Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының 1893 жылы 3 мамырда Астрахан өлкесін зерттеуші Петровский қоғамына өзінің материалдарын жіберген [126, 3,11 сыртқы пп.]. Астрахан өлкесін зерттеуші Петровский қоғамының 1888 жылы 17 қарашасында жана жарғы қабылдап, мұражай мен кітапхана ісін ұйымдастырды. Ал 1894 жылы Астрахан Ғылыми мұрағаттық комиссиясының баяндамасында жергілікті тарихи мұрағат ұйымдастыру мәселесін қозғаған [248, 3 п.].

Астрахан өлкесін зерттеуші Петровский қоғамының кітапханасында 1889 жылы 693 атаумен 1405 том кітап болған. 1889 жылдың 31 желтоқсанына дейін 296 кітап, оның ішінде ОҒМК-нан П.И. Рычковтың «Орынбор губерниясының топографиясы» 1 данасы, ОҒМК 1889 жылғы хаттамалары мен мәжілістерінің 4 данасы 1890 жылдың 16 қаңтарында жіберілген [127, 3 сыртқы п, 5п].

Батыс Қазақстанда XIX ғасырдың II жартысында кітапхана ісімен В.В. Завьялов, А. Харузин, В.Н. Витевский, Н. Бородин, А.Е. Алекторов жұмыс

жасаған. Соның ішінде қазақтар туралы библиографиялық зерттеу жүргізген А.Е. Алекторов болды [249].

1889 жылдан Мұрағаттық Комиссия мүшелері шешімімен Қазан университетіндегі архелогия, тарих және этнография қоғамымен өзінің ғылыми еңбектерімен хат алмасуды ұйғарған. Жалпы Қазан университеті жанындағы құрылған қоғам өз бастауын 1878 жылдың 5 мамырынан алады [207, 1-2 пп.].

Мұрағаттық комиссия кітапханасы қорынан XVII-XIX ғасырлар аралығындағы қазақ даласына жүргізген геологиялық, әлеуметтік, саяси т.б. зерттеулерінің қолжазбаларын табуымызға болады. Комиссия кітапханасы жұмысы екі бағытта ұйымдастырылды, біріншісі, сол кезеңнің кітаптары мен баспасөз материалдарын, ал екіншісі көне кітаптар мен қолжазбаларды жинақтады. Комиссия қызметін толық баяндайтын мәжіліс есептері мен хаттамаларынан байқағанымыздай, кітапхана қоры негізінен мекемелік, жеке жанұялық кітапханалардан сыйға тарту, алмасу арқылы құралған. Мысалы, 1895 жылы Мұрағаттық комиссия жанындағы кітапханада 6700 атаулы кітап, 10000-ға дейін томдар болған [105, 51 сыртқы п.]. 1897 жылы Орынбор уездік комитетінің халықты сауықтыру қоғамының қамқоршысы, комиссия мүшесі Н.В. Беляев пен Н.Н. Волжин кітапханаға өздерінің жеке кітапханасынан көне кітаптарын сыйға тартқан [104, 7 сыртқы п.].

1895 жылдың 28 маусымында Археологиялық институт директоры А.Н. Труворов комиссия кітапханасына: "1) 1894 жылғы Археологиялық институтының жағдайы туралы 5 жылдық есебін; 2) 1892 жылғы губерниялық ғылыми мұрағаттық комиссиялардың 3 жылдық қызметіне шолуын", - жібере отырып, одан әрі Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының жағдайы қалай, жұмыс жасай ма, әлде жасамай ма деген сұрақтарға жауап беріп, хабарлауын өтінеді. 1895 жылғы 11 шілдеде Комиссия төрағасы П.П. Бирк қайтарған жауап хатында екі есепті алғандығын мұрағат құжаттары 4 қараңғы дүңгіршекте тұрғандығын, Орынбор казак әскерилерінің тастан қаланған үйін сұрап, берілуін күтіп отырғандарын хабарлайды [134, 3 п.].

1896 жылдың 4 маусымында Орынбор Мұрағаттық комиссиясына Рязан Ғылыми мұрағаттық комиссиясы 1894 жылғы өздерінің қызметінің есебін жібере отырып, 1895 жылы Орынбордан ешбір құжат түспегендігін және байланыстарын үзбеуін өтінсе, ал Мәскеу Әділет Министрлігінің мұрағаты 1896 жылдың 15 қарашасында мұрағат кітапханасына «Москва Әділет Министрлігінің мұрағатының құжаттары мен қағаздарының сипаттамасының» X томын, тағы да өзге кітаптарды жібере отыра, алғандығын хабарлауын және шыққан баспа материалдарын жіберулерін сұраған [250, 1-2 пп.].

1897 жылдың 1 қаңтарында 30 түрлі атаумен 590 том кітап Ресейдің өзге қоғамдарымен алмастыруымен, жеке адамдардың сыйға беруімен толыққан. Бұл жылы комиссия мекемелік баспалармен баспа материалдарын алмасқан: мәселен, Императорлық Археологиялық Комиссиясымен, Императорлық Орыс Географиялық қоғамының Орынбор бөлімшесімен, статистикалық комитеттермен: Орынбор, Уфа, Орал, Астрахан Мұрағаттық комиссиялар: Калуга, Орлов, Кострама, Саратов т.б. және бірнеше газет-журнал басылымдарымен баспа материалдарын алмасқан.

Кітапханадағы көне кітаптар мен қолжазбалар саны осы жылы 112-ден 148 томға дейін жеткен.

1897 жылы Н.А. Боратинскийден Комиссия кітапханасына 1892-1893 жылдары «Оренбургский край» атты еңбегі, ал Рязан Ғылыми Мұрағаттық Комиссиясынан 1896 жылғы «Еңбектерінің» XI томы, 2-ші басылымы келіп түскен.

1897 жылғы 26 наурыздағы мәжілісінде төраға П.П. Бирк кітапханаға 1897 жылғы «Императорлық Юрьев университетінің ғылыми жазбалары» № 1 саны келіп түскенін хабарлады.

Осы жылы А.В. Васильев Комиссия кітапханасына «Торғай облысындағы орыстардың ағарту ісі туралы тарихи очеркі және оның қазіргі жағдайы» (Оренбург, 1896) және «Қырғыз тілі жайында және оның транскрипциясы» (Орынбор, 1896) еңбектерін тарту етті.

1897 жылғы 29 сәуірінде И.С. Шукшинцев кітапхана кітаптарының каталогын және мұражай заттарының жалпы тізімдемен жасауды бастағандығын жариялады және Комиссияға жеке адамдар сыйлаған көне кітаптар саны 98 атаумен 100 томға жеткендігін хабарлады. Комиссия кітапханашысы Н.Н. Ардашев өзінің негізгі жұмысына байланысты кітапханашылық жұмысты атқара алмайтынын айтып, арыз жазуына орай оның орнына уақытша И.С. Шукшинцев сайланды [251, с.17, 29].

Императорлық Қазан университеті жанындағы архелогия, тарих және этнография қоғамының төрағасы Н. Катановтың 1898 жылғы 20 сәуірдегі ОҒМК-на жазған хатында «Императорлық Қазан университеті жанындағы архелогия, тарих және этнография қоғамының кеңесі Орынбор комиссиясының 1897 жылғы 31 қазандағы хатына Приволье және Прикамье казактары туралы мәліметті, біріншіден, В.Н. Витевскийдің «И.И. Неплюев и Оренбургский край» еңбегінің 288, 373-375 беттерінен; екіншіден, Москвадағы Әділет Министрлігі мұрағатынан, не болмаса Казак Әскери басқармасының 1744-1771 жылдар аралығындағы мұрағатынан; үшіншіден, Орынбор және Уфа өлкесі туралы мәліметтерді Санкт-Петербургтен, не болмаса Сенат істерінен, ПМ Орынбор, Уфа уездері мекемелерінен алынған құжаттардан алуға болады» деген пікірлерін жолдайды [218, 37-37 сыртқы пп.].

1899 жылы 1 қаңтарда кітапхана 426 атаумен 959 том кітапқа көбейген. Осы жылы кітапхана Комиссия мүшелерінің есебінен сыйға беру арқылы толыққан. Аталған жылы Орынбор Мұрағаттық Комиссиясының кітапханасынан мұрағат деректерін пайдаланып жазған құнды еңбектер түсе бастады, оларды комиссия мүшелері графиня П.С. Уварова, И.Е. Забелин, В.Н. Витевский, Н.Н. Волжин, А.В. Попов және М.Л. Юдин тапсырған. 1899 жылы 1 қаңтарда 146 атаумен 183 том жыл аяғында 35 томға артқан. Осы жылы 27 қарашада кезекті комиссия мәжілісінде И.И. Крафтың «Дала облыстарының және Түркістан өлкесіндегі сот бөлімі 1898 жылы», «Дала облыстары қазақтарының заңдар жинағы 1898 жылы» және Комиссия мүшесі А.И. Добросмысловты кітапханасына тарту етілген [252, с.83]. Кітапхана өзінің қорына түскен жоғарыдағы аталған кітаптарды көпшіліктің талқысына салып, оқырман назарына шығарды. Мысалы, В.Н. Витевскийдің «И.И. Неплюев және

Орынбор өлкесі» атты монографиясы туралы замандасы П.Ю.-дің (мұрағатта солай көрсетілген-Ұ.А.) «Камско-Волжской край» газетінің 1897 жылғы 18 шілдесіндегі № 474 санында библиографиялық мақаласы жарық көрген [253, 1-4 пп.]. Бұл сын-пікірге автор 1897 жылдың 19 шілдесінде Қазан қаласынан жазған жауабында: «Рецензент ойынша, мен кейіпкерімнің тек қана жақсы жағын теріп, көлеңке тұстарын елемеуге тырысыппын. И.И. Неплюев қызметінің жағымсыз жағы деп рецензент мынадай сын-пікір білдірген: 1) Орынборды салуда сәтсіз орын таңдауы, 2) 1745 жылғы Орынбор өлкесіне қоныс аудару, бұл жөнінде Орынбор генерал-губернаторы Перовскиймен бірге 1896 жылы «Русская старина» газетіне бастырған П.Ю.-дің өзі емес пе?! 3) Неплюевтің қырғыздарды (қазақтарды - Ұ.А.) ақылмен басқара алмауы, 4) Казак әскери құрылымын, әсіресе, Орынбордағы әскери құрылымын дұрыс ұйымдастыра алмауы. Одан әрі автор рецензенттің Орынборды «айдалаға» салды, дарынсыз ұйымдастырушы, қабілетсіз басшы болды деген сөздерін растайтын фактісі жоқ дейді. В.Н. Витевский еңбегіндегі қалалардың салынуының жылдарын П.Ю. қатеге шығарған. Мысалы монографияның 124-ші бетінде Уфа Самара қаласымен 1586 жылы салынды депті, ал шындығында П.Ю. айтуынша, Уфа қаласының негізі 1574 жылы қаланған. П.Ю. пікірінше, талантты Ломоносов сияқты ғалымдар 1 қаланың салынуы туралы 3 датаны айтады, сондықтан қала тарихы әлі негізделмеген зерттеуді қажет ететін тақырып [253, 2 сыртқы п.]. Келесі білдірген сын-пікірі «Қырғыз руларын дұрыс жіктей алмауы, 1736 жылғы қырғыздардан жинаған ясақ туралы мәліметтің теріс берілуі және қырғыз даласына жіберілген алғашқы керуеннің 1738 жыл деп қате берілуі», бұған жауап ретінде автор «П.Ю. қолында бар деректермен басылымға қайта бастырса, көпшілік ризашылығын білдірер еді деп наз білдіре, монографияның 673 бетінде айтылған Орта Азия халқының керуен сауда жолына байланысты 1735 жылы Ташкент көпестері Ресейге келген, әйтсе де, 1738 жылы поручик Миллер бастаған керуенді бірінші деп есептейміз. Миллер бастаған керуен де Ұлы жүз қазақтары Ташкент маңында тонап алған. Бұл керуен қазынаға 20000 руб шығын әкелген деп уәж айтады [253, 3 п.]. В.Н. Витевский өзінің өмірінің 50 жылын ғылымға арнағанын қолынан келгенше жазғанын, рецензент П.Ю.сынай отыра, егерде Неплюев, Орынбор өлкесі туралы біз жазғаннан көп және артық білері болса, жаза алса біз қарсы емеспіз деп мынадай бір жылнамашының сөзімен аяқтайды: «оқыңдар, түзетіндер және тек жамандамандар» [253, 4 сыртқы п.]. В.Н. Витевскийдің монографиясы турасында ойын білдірген П.Ю.-дің белгілі бір мемлекеттік қызмет жасаған қазақ елін отарлауға ат салысқан, қазақ тарихынан хабары бар рецензент екенін байқадық. Дейтұрғанмен, патшалы еліне адал патриоттықпен еңбек етіп жүрген Орынбор Мұрағаттық комиссиясы мүшелері үшін В.Н. Витевский еңбектері кітапханада құнды зерттеулер қатарында сақталды.

Ұзақ жылдар кітапханашылық қызмет атқарған И.С. Шукшинцевті 1899 жылдың 27 қаңтарынан Ф.Н. Лебедев ауыстырды. Ол Орынбор губерниялық басқарушы комитетінің іс жүргізушісі болатын.

1899 жылы Комиссия 30 ғылыми қоғамдар мен мекемелерден баспа материалдарын алмасқан. Мысалы, Астрахан қоғамдық кітапханасына 1899 жылы Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясының мүшесі А.В. Васильевтің «Қазақ ертегілері» (1 басылым. Орынбор, 1898), «Үш жігіт туралы қазақ әні» (Оренбург, 1897), «Қазақ тілі және оның транскрипциясы туралы» (Оренбург, 1896) еңбектері түскен [254, 1 п.].

1900 жылы Мұрағаттық комиссияның кітапхана қоры көбейген. Императорлық Ғылым Академиясы Орынбор өлкесіне қатысы бар сирек кездесетін еңбектер жіберген. Одан өзге Комиссияға 28 ғылыми қоғамдардан 4 шет елдік ғылыми қоғамдары өздерінің баспа материалдарын жіберген. Сонымен қоса баспасөз материалдарынан «Оренбургская газета», «Өнер және колөнер өндірісі», т.б. газет, журналдары да қорға түскен.

1901 жылы Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының кітапханасы 2 қабатты үйдің бірінші қабатындағы шағын бөлмеде орналасқан. Ал кітаптар жай ағаш сөрелерде, сыймағаны текшеленіп еденге қойылған. 1902 жылы 1750 кітаптар мен кітапшалар келіп түскен. Комиссияның мүшесі А.И. Мякутин «Бірінші Орынбор казак батареяларының 1875-1876 жылдары Қоқан жорығы естеліктері» қолжазбасын кітапханаға табыстаған.

1901 жылдың 27 қазанында Алтай әуесқой зерттеушілер қоғамы ОҒМК-ны өздерінің 10 жылдық мерейтойына шақырған. Ал 17 қарашада ОИГҚ-ң Шығыс Сібір бөлімі 50 жылдық мерейтойына шақырады [225, 41- 42 пп.].

1901 жылы 20 сәуірде ОҒМК Кострома Ғылыми мұрағаттық комиссиясының 1900 жылғы 8 қыркүйектегі жалпы жиналысына қатынасқан мүшелерінің тізген журналын жібергеніне ризашылығын білдіреді. Москва университеті жанындағы Ресей көнелері және тарих Императорлық қоғамынан 1901 жылы 15 мамырында В. Ключевский ОҒМК мүшелікке қабылдағанына алғысын білдіріп, болашақта бірлесе ғылыми ізденістер жүргізетініне сенім қарайтындығын жеткізеді [225, 22-23 пп.].

1902 жылдың 31 желтоқсандағы қорытындысы бойынша түрлі мекемелерден 506 атаумен кітап түсіп, кітапхана қоры барлығы 2551-ке көбейген.

1903 жылдың алғашқы мәжілісі 3 қаңтарда орыс баспасөзінің 200 жылдығын атаумен Ремесленный училищесінде ашылған. Осы мерейтойға байланысты көрме ұйымдастырылып, ғылыми қоғамдардың еңбектері 1853 жылғы Ақмешіт жорығына арналған көркемсуретті альбом және тағы басқалары ұсынылды. Бұл мерейтойда П.П. Столпянский ««Орынбор губерниялық ведомоствосы» және Орынбор өлкесіндегі баспахана ісінің дамуы», И.С. Шукшинцев «Орынбордағы жеке меншік газеттер» және Ивановтың «Торғай облысының баспа органы», А.П. Граның ««Оренбургские Епархиальные Ведомости» және жергілікті қоғамдар басылымдары» баяндамалары тыңдалды. Қазан төңкерісіне дейінгі баспасөз тарихын зерттеген Ресей тарихшысы Д. Сафоновтың «Орынбор өлкесінің басылымы» еңбегінде Орынбор қаласындағы басылымдар тарихын 1832 жылдан басталғандығын жазған [85, с.27].

Бұл «мерейтойда» 2 басты баяндама тыңдалған: «Бұрынғы Орынбор әскери губернаторы граф В.А. Перовскийдің өмірбаянынан мәлімет» атты И.С. Шукшинцевтің және «1853 жылғы Ақмешітті алуы» атты М.Л. Юдиннің баяндамасы тыңдалған.

Комиссия кітапханасы 1904 жылдың 1 қаңтарында 2578 кітап санын құраған. Осы жылы кітап сатып алуға 10 руб. 30 тиын жұмсаған.

Кітапханашы Н.П. Лысов Комиссия кітапханасын тәртіпке келтіру мақсатында карточкалық каталог жүйесімен жұмыс жасаған [255, 3 п.].

1903 жылғы 10 мен 26 наурыз аралығында Комиссия кітапханасына келіп түскен қоғамдық ғылыми мекемелер құжаттары мен кітаптар арасынан: «Қазақ елін, тарихын, тұрмыс-тіршілігін зерттеуге арналған материалдар» атты А.Е. Алекторовтың Орынбордан 1892 жылғы шыққан еңбегін, «Орыс тілін қазақтарға оқытудың бастапқы нұсқауы» атты Ы. Алтынсариннің еңбегін де көре аламыз.

1903 жылы И.С. Шукшинцев ұсынуымен 26 наурыз - 21 сәуір аралығында комиссияға келіп түскен басылым тізімдерін атаған болатын. Соның ішінде: Самараның көпшілікке арналған кітапханасының 1900 жылға арналған есебі,

Императорлық Ресей Географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөлімінің Семей бөлімшесінің қызметінің 1902 жылдың есептерінен байқалады.

21 сәуірден 20 мамырға дейінгі кітапханаға келген басылым құжаттары ішінен Астрахан өлкесін зерттеушілердің Петровский қоғамының 1898 жылғы есебі берілген.

1903 жылдың 17 қарашасында кітапханаға №2538 тізіммен А.В. Васильевтің «Бозжигит. Киргизская повесть в стихах. Оренбург, 1901» еңбегінің 1 данасы, № 2539 тізіммен А.В. Васильевтің «Образцы киргизской народной словесности Оренбург, 1900» еңбегінің 1 данасы өткізілді [256, 17 сыртқы п.].

1904 жылдың 1 қыркүйегіндегі кезекті мәжілісіне төраға А.В. Попов, П.А. Незнамов, А.В. Васильев, Н. Лобов, М.Я. Божуков, Д.Н. Соколов, А.К. Носков, И.С. Шукшинцев және Санкт-Петербург университетінің профессоры В.В. Бартольд қатынасқан [257, с. 32-34]. Василий Владимирович Бартольд (1869-1930) Санкт-Петербург Ғылым Академиясының академигі, орыстың атақты тарихшысы, шығыстанушысы, арабтанушы, филолог. 1887 жылы Петербург университетінің шығыс тілдері факультетін бітірген. 1900 жылы «Түркістан моңғол шапқыншылығы дәуірінде» (1,2 бөлім, СПб., 1898-1900) атты диссертациясы үшін Шығыс тарихының докторы ғылыми дәрежесіне ие болған. Санкт-Петербург университетінде Шығыс елдері тарихынан дәріс оқи жүріп, Орта Азия елдерінде ғылыми экспедицияларда, ғылыми қоғамдарда қатар қызмет еткен. В.В. Бартольдтың Орынбор Мұрағаттық комиссиясына мүше болуы мекеме қызметіне көп көмегін тигізген. Ғалым осы жылдарда қазақ тарихына да қатысты бірнеше еңбектері жарық көрді. Оның мұрағат ісі мен кітапхананың Ресейде даму жағдайы сөз болғанда, Шығыстағы мұрағат ісі мен кітапхананың мемлекеттіліктің дамуымен қатар пайда болғандығын баяндайды. Шығыстанушы мұрағат ісі мен кітапхана ісінің пайда болуын талдап, көне Шығыс халықтарының вавилондықтар мен

египеттіктердің, одан соң парсылар мен арабтардың, қытай елінің, моңғол, түріктердің және Орта Азия елдерінің тәжірибелеріне тоқталады. Мысал келтіре кетсек, шығыстың пергаменті мен папирусын ауыстырған шүберек қағаз Қытайдан келіпті. Қағаз сөзі Қытайдан 751 жыл арабтар мен қытайлар соғысқан кезеңде Түркістанда қолға түскен қытайлықтарды пайдаланып, Самарқанд қаласында қағаз жасайтын орын ашқан. Ғалым пікірінше, осы кезеңнен бастап қағаз мұсылмандар әлемінің батыс облысына тараған екен. Самарқандтағы қағаз өндірісі 1868 жылы патшалы Ресей отарлағанға дейін жұмыс жасаған. Орта Азия хандықтарында мұрағат пен кітапхана ісін мемлекеттік ақша қорының атауымен бірдей қазына деп атаған. Мұрағат ісі мен кітапхананың сипаттамасын сол дәуір кезімен түсіндірсек, құжат сақтаудың әдіс тәсілдерінде жатқан. X ғасырдан бізге екі ірі патшалар кітапханасының атауы жеткен: бұхар және шираз кітапханалары. Бұхар кітапханасында кітаптар арнайы әр бөлмелерде сандықтарда сақталынған. Бұл қазына тек патша айналасындағы азғана топқа ғана пайдалануға мүмкіндігі болған. Бір бөлмедегі кітаптар араб поэзиясына арналса, келесі бөлмедегі кітаптар заң жинақтары сақталынған, яғни, әр бөлме әр ғылым дегенді білдірген. Ал кітаптарға арнайы бөлек-бөлек тізім жасалынған. Ал шираз кітапханасында кітаптар сандықтарда емес, шкафтарда, сөрелерде сақталынған. Кітапхана арнайы бөлмеде орналасқан, оны меңгерушісі- вакил, іс сақтаушысы- хазин және қаланың құрметті адамынан бір тексеруші-мушриф болған. Сол дәуірде қаладағы әрбір шыққан кітап кітапхана арқылы таралған. Профессордың айтуынша: «бізге келіп жеткен қолда бар нақты құжаттар Алтын Орда хандығы дәуірінің іс айналысуда», - дейді. В.В. Бартольд орыс әскерилерінің Түркістан аймағын жаулау кезеңінде хандардың мұрағат ісі мен кітапханасын сақтауға ешқандай шара қабылдамағандарын өкінішпен айтады. Себебі, бұл хандықтардың құжаттары мен жарлықтары қазірде тек жеке адамдардың қолынан ғана кездеседі дейді. Түркістан тарихының орыстар жаулағанға дейінгі құжаттары орыс мұрағатшыларының, әсіресе, жергілікті Мұрағаттық комиссиялардың орыстық билеп-төстеушілерінің дәуірінің құжаты ретінде комиссия қорына жинап, қарауға толық құқы бар еді деген наз да білдіреді [258, с.375-387]. Ғалым пайымдауына сүйенсек, патшалы Ресей отарлағанға дейін Орта Азия хандықтарында іргелі қалыптасқан мұрағат ісі мен кітапхананың дамығандығын байқаймыз. Осы кезекті мәжілісте іс жүргізуші И.С. Шукшинцевтің хабарлауынша Мякутин кітапханаға: 1) «Геройской подвиг нежинской казачек времен Императора Петра Великого 1709 году соч. А.В. Туполева», 2) «Ежегодник Русской армии за 1877 г. часть 1» атты кітаптарын тапсырып, авторына Комиссия атынан алғысын білдірді.

Осы мәжілісте төраға ұсынысымен: 1) В.В. Бартольд – Санкт-Петербург университетінің жанындағы Шығыс тарихы профессорын, Н.П. Остроумов-Түркістан археология әуесқойлары үйірмесінің вице президентін, В.Л. Вяткин-Самарқанд қаласының жер салығы комиссиясының іс жүргізушісін комиссия мүшелігіне сайлады. Бұл көрсеткен ілтипатына ризашылығын білдірген В.Л. Вяткин Самарқандтан ОҒМК-ның төрағасы А.В. Поповқа 1904 жылдың 29 қыркүйегіндегі хатында: «Осы жылдың 12 қыркүйегінде жолдаған № 464

хатыңыздан комиссияңыздың шынайы мүшесі етіп сайлағандарыңыз үшін комиссия мүшелеріне шын жүрегіммен ризашылығымды білдіремін. Комиссияларыңыздың алдына қойған мақсатында Орта Азия елдеріне және мұсылмандыққа қатысты болса, онда менің жеке ғылыми жұмысыма сәйкес келеді, мүмкіндігімше, Комиссияның пайдасына барымша көмек көрсетуге әзірмін. Маған Комиссияның бағдарламасы мен «Еңбектерін» жіберуіңізді өтінемін. Менің мекен-жайым: Самарқанд облыстық басқармасы, Василий Лаврентьевич Вяткинге», - деп жолдаған [104, 93 п.]. Міне, осындай хат, еңбектер алмасулар арқылы Орынбор Мұрағаттық комиссиясының кітапханасына түркі тектес халықтар туралы мәліметтер қоры молая түсті. В.Л. Вяткин жұмыс істейтін Түркістан археология әуесқойлары үйірмесі 1895 жылдың 11 желтоқсанынан 1917 жылға дейін қызмет жасаған. Сол құрылған күнінен құрылтайшы мүшелері жалпы жиналысын өткізген. Кейін ол «Туркестанские ведомости» газетінде үйірменің ашылғаны, оның Жарғысы қоса жарияланған. Түркістан археология әуесқойларының үйірмесінің 1896 жылғы 22 желтоқсанындағы мәжілісінде мүшелерінің саны 47 адамнан тұрған. Олардың ішінен А.А. Диваев, М.С. Андреев, Н.Г. Маллицкий т.б белсенді мүшелерін атауымызға болады [259, с.45].

1905 жылы Комиссия өзге 63 қоғам басылымдарымен хат алмасқан 1905 жылы кітап сатып алуға 45 руб. 25 тиын бөлінген. 1905 жылы 1 қаңтарда кітапханада 2945 атаумен кітап болған. Жыл бойы 294 кітап қосылып, 1906 жылы 3239 кітапқа қор көбейген.

1906 жылғы Комиссия орналасқан ғимарат туралы мәліметте кітапхана орналасқан бір-ақ бөлме бір жағынан комиссияның кеңсесі болып есептелінген. Ал кітапхана орналасқан бөлмеде кітап қоры көбейіп, кітапхана ішінде бұрылатын жер жоқ болды.

Санкт- Петербургтен Юрьев университетінің магистранты, ИОГҚ мүшесі Д.И. Зеленин 1906 жылы 8 сәуірде ИОГҚ Орынбор бөлімшесіне жазған хатында: «...өзімнің Ресейді этнографиялық және географиялық зерттеулерімнің барысында Орынбор бөлімшесінің барлық материалдарын сатып алуға мүмкіндігім болмағандықтан, мен бөлімшемен өзімнің еңбектеріммен алмасуды ұсынамын. Сонымен бірге мен бөлімшеге еңбектерімді мақалаларымды бұрын жарық көргендерін жіберемін. Егер сіздер менімен еңбек алмасуға келіссеңіздер, еңбектерімді жіберуді мойныма алар едім» [260, 3-4 пп.]. Міне, ол кезде ОФМК-на да осы сарындас хаттар жиі келетін, хаттар, еңбектер, журналдар, мақалалар алмасулар тәжірибесі жеке тұлғалар мен ғылыми мекемелермен жүргізіліп тұрды.

ИОГҚ Орынбор бөлімшесінде 1906 жылдың 1 қаңтарында 3 бас қоғамының шынайы мүшесі, тұрақты мүшеден 7, шынайы мүшеден- 42, 75 қызметкер барлығы 127 адам мүше болған. Орынбор бөлімшесі кітапханасында 1905 жылы 1 қаңтарында кітап саны 5998-ге жетті. Ал келесі жылы кітап саны 6510 кітапқа жеткен [261, 12-14 пп.] .

1907 жылдың 1 қаңтарында Комиссия кітапханасында 3827 кітап, кітапшалар, газет, журналдар келген. Кейін қорға 987 кітап қосылған. Бұл

жылы кітапханаға ірі тартулар жасалған. Олар: П.Н. Столпянский, Н.М. Чернавский, М.Л. Юдиндер еді.

1907 жылғы Орынбор Мұрағаттық комиссиясымен баспа материалдарын алмасып, кітапханаға тапсырған ғылыми қоғамдар мен мекемелер тізімі:

Академиялар: Императорлық Ғылым Академиясы, Сербия Королдығы, Оңтүстік славян академиялары;

Археологиялық қоғамдар: Императорлық Москва, Кавказ бөлімшесі, Императорлық Орыс қоғамы;

Мұрағаттар: Москва Әділет Министрлігінің мұрағаты, Императорлық сенат үйі министрлігінің жалпы мұрағатының Москва бөлімшесі;

Кітапханалар: Императорлық көпшілік, Москва Синодальдық баспаханасы, Одесса көпшілік, Самарқанд көпшілік кітапханалары;

Вена антропология қоғамы;

Герман көнелер, этнология және антропология қоғамы;

Тарих және көне Императорлық Одесса қоғамы;

Императорлық Орыс Географиялық қоғамының Шығыс–Сібір бөлімі, Батыс- Сібір бөлімі, Батыс-Сібір бөлімінің Алтай бөлімшесі, Орынбор бөлімі, Түркістан бөлімі;

Императорлық университеттер: Қазан, Киев, Юрьев;

Императорлық Эрмитаж;

Институттар: Санкт-Петербург Археологиялық, Шығыс, Санкт-Петербург политехникалық;

Тарихи-филологиялық қоғамдары: Новороссийск университеті жанындағы, Харьков университеті жанындағы, Кавказ оқу округі жанындағы;

Комиссиялар: Императорлық Археология комиссиясы, Ғылыми комиссия, Бессарабияның, Владимирдің, Воронеждің, Вятскінің, Екатеринаславскаяның, Калуганың, Костраманьң, Нижегородтың, Орловтың, Пензаның, Пермнің, Полтаваның, Рязанның, Саратовтың, Симбирскінің, Таврическаяның, Тамбовтың, Твердің, Черниговтың, Ярославтың комиссияларымен;

Комитеттер: Воронеж тарихи - археологиялық комитеті, Геологиялық комитет, Шығыс және Орта Азияны зерттеуге арналған Орыс комитеті;

Мұражайлар: Александр III, Императорлық Тарихи, Кавказ, жергілікті Минусинск, Румянцев, Тобыл губерниясының, Чех-славян мұражайларымен;

Нуизматикалық қоғамдар;

Қоғамдар: Қазан университеті жанындағы археология, тарих және этнография, Варшава университеті жанындағы тарих, филология және құқық, Жылнамашы Нестор тарихи, Москва университеті жанындағы Императорлық жаратылыстану, антропология және этнография әуесқойларының қоғамдары;

Жаратылыстану қоғамдары: Қазан университеті жанындағы, Императорлық Санкт- Петербург;

Орынбор медициналық - статистикалық бюросы;

Орынбор физика - медициналық қоғамы;

Петровский Астрахан өлкесін зерттеу қоғамы;

Редакциялар: «Оренбургские Епархиальные ведомости», « Оренбургские губернские ведомости»;

Газеттер: «Вакт», «Кобылка», «Оренбургская газета», «Оренбургский край», «Приуралье», «Простор»;

Орыс генеалогиялық қоғамы;

Статистикалық комитеттер: Губерниялық, Воронеж, Орынбор, Уфа, облыстық: Семипалатинск, Ставрополь, Торғай, Орал;

Тула көне епархиялық палатасы;

Түркістан археология әуесқойлары үйірмесі;

Орал жаратылыстану әуесқойлары қоғамы;

Фин-угор қоғамы;

Діни-тарихи-археологиялық қоғамдары: Калуга, Подольск, Киев діни Академиясы жанындағы діни - археологиялық қоғам [262, с.8-10]. Бұл кезең Мұрағаттық Комиссия кітапханасының қызметінің кең қанат жайған кезеңі уақыты болды десек қателеспейміз. Жылдан жылға кітап және қолжазбалар қоры кеңейе түсті және бірнеше ғылыми қоғамдар мен мекемелермен байланысқа түскендігін байқадық. Атар болсақ, осылардың ішінде Орынбор Ғылыми Мұрағаттық Комиссиясымен жиі қатынас жасап, хат алмасқан қоғамның бірі - Москва Археологиялық қоғамы. Қоғам 1864 жылы 17 ақпанда құрылған. Москва Археологиялық қоғамының алғашқы мәжілісінде-ақ граф А.С. Уваров «біздің ғылыми қоғамдарымыздың әдеттегі томаға тұйықтығы біздің Жарғымызға сәйкес келмейді», деп 4 қазанға дейін қоғам Жарғысы бекігенге дейін бұның пайдалы іс екенін түсіндіріп мүше тартумен болған [263, с.3]. Граф Алексей Сергеевич Уваров Москва Археологиялық қоғамының (1864.17.02-1884.29.12) бірінші және өмірінің соңына дейін төрағалық қызметін атқарған. Ол орыс археологиясының еңбек сіңірген қызметкері, Ресейдегі өткен Археологиялық съездердің құрылтайшысы болған. Қоғам алғашқы жылдарынан-ақ бастап Ресейдің шығыс губернияларының археологиясына аса назар аударды. Қоғам «Еңбектерінде» жиі-жиі мәлімдемелер, мақалалар жарық көріп отырды. Мысалы, Р.Г: Игнатъевтің «Уфа губерниясындағы ноғай обалары», «Уфа және Орынбор губернияларының көне ескерткіштері», С.С. Слуцкийдің «Жетісудағы несториан жазбалары» т.б. Москва Археологиялық қоғамы қазақ жеріне бірнеше археологиялық экспедициялар ұйымдастырған, оған бір дәлел қоғамның Москвадан Орынбор өлкесіне және Торғай облысына ұйымдастырған экспедициясына ОҒМК-нан Ф.Д. Нефедов шыққан. Кейін археологиялық экспедиция мүшелері қорытынды еңбектерін «Шығыс губернияларының Археологиясы» деген атпен арнайы басылымда жарияланған. Москвада Шығыстың көне тарихына деген қызығушылық білдірген адам санының артуына байланысты және бұл ғылыми жұмыстың өзіндік ұсақ қыр-сырлары болуына сәйкес, қоғам жанынан қазба жұмысына іріктеп алатын «Арнайы Шығыс комиссиясы» құрылған [263, с.23-34]. Жыл сайын МАҚ өз басылымдарын Орынбор комиссиясына жіберіп, алмасып отырған. А.С. Уваровтан кейінгі (ортада 29.12.1884 - 30.11.1885 жылдары В.Е. Румянцев атқарған -Ұ.А.) МАҚ төрайымы болған П.С. Уварова да ОҒМК құрметті мүшесі болып сайланған.

1907 жылы 24 ақпанында кезекті мәжілісінде төраға А.В. Попов А.П. Граға Комиссия кітапханасын тәртіпке келтіргені үшін өз алғысын білдірген.

1908 жылы 102 ғылыми қоғам, мекеме, университеттермен, кітапханалармен, басылымдармен алмасу арқасында мұрағат жанындағы кітапхана, 391 атаумен 785 кітапқа қор көбейген. Әсіресе, Ресей Императорлық Көне және Тарих қоғамы 246 кітап жіберген.

1909 жылы Орынбор Мұрағаттық комиссиясы Бас Штабтан алмастыру арқылы Орта Азияның тарихына, статистикасына және этнографиясына қатысты материалдарды [264, 23 п.], Всеволд Федорович Миллерден еңбектерін, Императорлық Қазан университеті жанындағы архелогия, тарих және этнография қоғамынан «Көрсеткіштерін» сұратты [264, 24-25 пп.].

1909 жылы 391 атаумен 1049 том кітап түскен. Мәселен, Вилен Археологиялық Комиссиясы өзінің бүкіл баспа материалдарын, Әскери Министрлік «Ресей әскерилерінің қарулары және киімдерінің үлгісінің тарихы» атты кітаптарын жіберген.

1909 жылы ОҒМК жанындағы кітапханадағы каталог бойынша тізімделген кітаптар саны 4930-ға жетті. Оның ішінде № 4722 тізім бойынша «Торғай облысы Ақтөбе уезі мен Орал облысы отырықшы қазақтарының рулық орналасуы және олардың таблица бойынша оңтүстік көшпенділерімен бөлінісі және көші-қон жолдарының картасы» тапсырылған. Комиссияға оның 1 данасын А.Л. Аниховский сыйлаған [256, 164 сыртқы п.].

1909 жылы Орынбор Мұрағаттық комиссиясы Астрахан губерниясының қоғамдық және көпшілік кітапханаларымен кітап т.б. алмасып, байланысын жалғастырған [265, 1, 3 пп.].

1910 жылдың аяғына дейін Мұрағаттық кітапхана қоры 5489 дана атаумен кітапқа дейін өскен. Осы жылы 408 атаулы еңбек бар саны 133 түрлі ғылыми мекемелер мен қоғамдардан басылым материалдарын ауыстыру арқылы және қайырымдылық түрінде түскен. ОҒМК-на тұрақты басылым алмасқан Императорлық Орыс Географиялық қоғамы: Шығыс – Сібір бөлімі, Краснояр бөлімшесі, Батыс-Сібір бөлімі, Алтай бөлімшесі, Орынбор бөлімі, Түркістан бөлімі, Семей бөлімдері болды [233, с.186]. Императорлық Орыс Географиялық қоғамының Жетісу бөлімінің құрылуына патшалы Ресей қоныс аударушыларды жоспарлы Жетісу жеріне орналастыра бастаған еді. Сондықтан да бұл өлкені географиялық, этнографиялық, статистикалық жағынан жанадан зерттеуге мәжбүр болды. Бұрынғы ғалымдардың жинақтаған материалдары аздық ететіндігін айтады. Осыған байланысты Жетісудағы ИОГҚ-ның метеорологиялық комиссиясы, Жетісу ауыл шаруашылық қоғамы және т.б. жергілікті қоғамдарды біріктіріп, Жетісу өлкесін белгілі-бір жүйемен даярлаған бағдарламаларымен біріге зерттеуді Жетісу вице-губернаторы П.П. Осташкин ИОГҚ-ның вице төрағасы Ю.Н. Шокальскийге ұсынады. Түркістан, Сібір бөлімдерінің үлгісінде Верный қаласында 16 мүшеден тұратын ИОГҚ-ның Жетісу бөлімінің ашылғанын жоғарыға хабарлайды [95, 18-19 сыртқы пп.]. Әрине, Жетісу бөлімінің зерттеулері жан-жақты ауыл шаруашылығы бағдарламасы бойынша: 1) Ауыл шаруашылығының жағдайында ауа-райының

құбылуының деңгейі; 2) шаруашылыққа аса қажетті ауа-райының кезеңдері; 3) өсімдік әлемінің маусымдарға қарай құбылысы; 4) жануарлар әлемінің жыл мезгіліне қарай өзгеруі зерттелсе, ал этнографиялық бағдарламасы бойынша жергілікті халықтың түр-тұрпатынан бастап, сырт пішіні, денсаулығы, физиономиясы, тілі, халықтың көне ескерткіштері, ақылы, өнегелі тұстары, үй тірлігі т.б. және бұған басқа да зерттеулерді қоса жүргізген. ИОГҚ-ның Семиречинск бөлімі жиналысы мұрағатта 1919 жылдың 31 наурызында аяқталады [95, 1,7- 10, 155 пп.].

ОҒМК-на Императорлық көпшілік кітапхана басқармасы 1911 жылдың 22 қарашасында бір айға Бұлғар, Иречен тарихын, «Беседа» газетасының 1872 жылғы №3 санын, Лызовтың «Скиф тарихы» т.б. еңбектерін жіберген 1912 жылы 15 ақпанда Страбонның Географиясы келіп түскен [237, 1 п.]. 1912 жылы 5 ақпанда комиссия Императорлық Ғылым Академиясына жіберген материалдары үшін алғысын білдіреді. Пайдаланылған материалдар ішінде Н.Ф. Катановтың «Шығыс Түркістан және Сібірден хат» атты 1893 жылғы еңбегі де бар [237, 8-9 пп.]. Ал 1913 жылы 13 наурызда Риттихтың «Ресей этнографиясына арналған материалдар» атты еңбегінің 3 кітабы алынды [237, 23 п.].

1911 жылы 459 атаумен 661 том кітап 5948 кітап болған. Дегенмен кітапхана көпшілікке қызмет атқара алмаған. Бұл жылы Комиссия кітапханашылығына А.П. Гра сайланды, ал кандидаттығына Н. Лобовты ұсынды. Н. Лобов кітапхана кітаптарын түгел дерлік түптеп шыққан. 1911 жылы «Еңбектердің» 23, 25, 26 басылымдары жарық көрген. Орынбор Мұрағаттық комиссиясы жергілікті баспаханалармен тығыз байланысты тиімді пайдаланды. Мысалы, Комиссия «Еңбектерінің» 23 басылымы «Каримов, Хусаинов и К°», 25 басылымы «Торғай облыстық басқармасының» т.б. баспаханасынан жарық көрген. Сонымен қатар Мұрағаттық комиссия «Губерния басқармасының» типо-литографиясымен, «Орынбор діни консисториінің» және жеке баспаханалар «Каримов, Хусаинов и К», «Н.Г. Волковтың типографиясы», «Н.А. Порхунувтың типо-литографиясы», «И.И. Евфимовский-Мировицкийдің типо-литографиясы», «Ф.Г. Каримовтың бумен істейтін типо-литографиясы», «Б.А. Бреслиннің типо-литографияларымен» біріге жұмыс жасап, бірнеше еңбектер жарық көрді. Әсіресе, шығыс кітаптарын бастырып шығаруда ХІХ ғасыр аяғы мен ХХ ғасырдың басында ағайынды Каримовтардың атқарған қызметі зор. Татарлардың алғашқы жеке типографиясын ашқан ағайынды Каримовтар болды. Олар алғаш 1900 жылы 1 наурызда Қазанда ашылса, ал 1900 жылдың 28 қарашасында Орынборда ашылған. 1901 жылдан 1904 жылдар аралығында 79 кітап, олардың жалпы тиражы 172 мың данаға дейін жеткен. Міне, бір ғана аталған баспаханадан 1917 жылға дейін 2000 түрлі атаумен түркі тілдес халықтардың кітаптарын бастырған. А.М. Жиреншиннің «Қазақ кітаптарының тарихынан» атты ХХ ғасырдың бас кезеңіндегі жарық көрген қазақ кітаптары туралы зерттеуінде Шамсиддин Хусаинов баспахана ісін дамытуда ағайынды Каримовтармен біріге жұмыс жасағанын баяндайды. Ш. Хусаинов Мұхамеджан, Шарипжан, Фатих Каримовтармен біріге Орынбордан, Қазаннан, Ташкенттен, Омскіден, Уфадан,

Петербургтен, Верныйдан, Астраханнан өздерінің жеке баспаханаларын ашқан. Орынбордан бірнеше қазақ кітаптарын:

- 1) «Қырғыз хрестоматиясы» авторы Ыбырай Алтынсарин, 1879 жыл;
- 2) «Бала Әбубәкір» Өлеңдер жинағы, авторы Байбатша Мырза Жүсіп Нұрым ұлы, 1907 жыл;
- 3) «Қырғыз ауыл школларына әліппе» («Букварь для киргизских аульных школ»), 1908 жыл;
- 4) «Қырық мысал» («Сорок басен»), 1912 жыл;
- 5) «Адамның чумасы туралы» («О чуме») және «Обадан қалай сақтану» («О предохранении от холеры») Орышадан аударған Сыдық Байсалиев, 1911 жыл; тағы да әр түрлі тақырыпта кітаптар жарыққа шыққан [266, 90-100 бб.]. Мұрағаттақ комиссияның 10-нан аса «Еңбектерінің» басылымын жеке баспаханаларынан шығарып көмектескен. Каримовтардың Орынбор да тұратын кішісі Мухамед-Фатых Гильманович 1901 жылдан ОҒМК-ның мүшесі [235, с.192]. Ол Комиссияның хаттамаларында жазылғандай осы ғылыми мекеменің шаруашылық мәселелеріне көп қолұшын тигізген.

1912 жылы кітаптар саны 576 түрлі атаумен барлығы 6332 том кітап жиналған. Алғы бір жылдық есеп бойынша 1914 жылы 924 атаумен жаңадан кітап түсіп, бар саны 1179 томға жеткен. 1914 жылдың 7 мамырындағы кезекті мәжілісінде С.В. Азелицкий комиссияға 2 кітапты сыйға тартқан: біріншісі И.И. Крафтың «Қазақтардың Дала облыстарының жүйеленген заңдар жинағы», екіншісі «Семей, Ақмола, Торғай және Орал облыстарын басқарудың жоғарыдан бекітілген Уақытша Ережесі» [238, с.48]. 1914 жылы 26 тамызда А.В. Попов Г.В. Витевскийдің әкесі В.Н. Витевскийдің «И.И. Неплюев және Орынбор өлкесі» еңбегінің 30 данасын және осы еңбекті жазуда пайдаланған бірнеше әдебиеттерді қоса тапсырған. Олардың тізімі төмендегідей:

1. 1755 жылғы П.И. Рычковтың «Орынбор губерниясының атласы»;
2. 1875-1876 жылдардағы «Орал әскери мекемесі»;
3. 1870 жылғы «Орал әскери мекемесі»;
4. 1877 және 1878 жылдардағы «Орал әскери мекемесі»;
5. 1877 және 1878 жылдардағы түрлі «Губерния әкімшілігі» және «Орынбор парағы» газеттері;
6. Бородиннің «Орал казак әскерилері» еңбегі;
7. Ф.М. Стариковтың «Орынбор казак әскерилерінің қысқаша тарихи очеркі» еңбегі;
8. 1868 жылғы «Орал әскери мекемесі»;
10. 1869 жылғы «Орал әскери мекемесі»;
11. 1904 жылғы ОҒМК «Еңбектері» XIII басылымы;
12. Путинцевтің «Сібір казак әскерилерінің тарихы»;
13. И.М. Чернавскийдің «Орынбор епархиясы»;
14. П.И. Рычков «Орынбор губерниясының топографиясы»;
15. И.И. Железновтың «Орал казактары» I, II, III томдары;
16. Н.Г. Мякутин «Казак өлеңдерінің жинағы»;
17. Бородин «Орал казак әскерилері» I, II т;
18. 1885 және 1890 жылдардағы «Жалпы теңіз тізімі» кітабының бес бөлімі;

19. Ф.М. Стариков «Казактар қайдан шықты»;
20. А.Е. Алекторов «Орынбор губерниясының тарихы»;
21. 1889 жылғы «Бұрынғы Орынбор генерал-губернаторлығы мұрағаты» [238, с. 60-61].

1915 жылы Комиссияның кітапханасының біраз бөлігі жаңа ғимаратқа көшті. Бұл жылы да өзге ғылыми мекемелер мен қоғамдардың баспа еңбектерімен алмасып, кей жағдайда құнды дегендерін сатып алып, жеке тұлғалардан тарту ретінде жиналған кітапхана қоры 734 атаумен баспа материалы түсіп, 8402 томға жеткен. Мұрағаттық комиссия жасақтаған кітапхана өлкеде ғылыми танымды дамытуға үлес қосқан қоғамдық орын болды.

1915 жылы 7 сәуірдегі кезекті мәжілісінде төраға комиссия мүшесі, Мемлекеттік Дума мүшесі Г.Х. Еникеевтен хат алғандығын және оның Комиссия мұражайы мен кітапханаға жаңа ғимарат салу мәселесін Халық Ағарту Министрі граф Игнатъев алдында шешуді өз міндетіне алғандығын хабарлады. Ал 1915 жылы 22 сәуіріндегі мәжілісінде төраға Г.Х. Еникеевтен хат алғандығын Халық Ағарту Министрі граф Игнатъев Министрліктен мұрағаттық комиссия мұражайы мен кітапхананы тізімдеп, реттеп жинауға, ғимарат жалдауға жылына 3000 руб бөлгендігін хабарлаған.

Көп ұзамай Халық Ағарту Департаментінен жылына 3000 руб бөлінетіндігі туралы хабар келген және алдын ала берілген қаражаттың қалай, қайда жұмсалатындығы жөнінде хабарлауын өтінеді.

1915 жылы 31 шілдесінде төраға А.В. Попов Орынбор Оқу Округінің кеңсесі қамқоршысының хатында Орынбор қазыналық мекемесінен Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясына арнап шот ашылғандығы, оған Халық Ағарту Министрлігінен 1915 жылдан жылына 3000 руб жәрдемақы бөлінетіндігін хабарлайды.

Сонымен, мұражай мен кітапханаға Батраков ғимаратынан Артиллерийский қиылысындағы үйден 90 рубқа жалдауға тоқтады.

Жаңа ғимаратты таңдау, оның ішінде қайсысы мұражай, қайсысы кітапханаға баратындығын, одан әрі орналастыруға техникалық жағына жауап беретін комиссия құрылып, құрамына А.В. Попов, А.С. Лазов, Л.Л. Курашкевич, А.П. Гра және Н.Н. Модестов енген.

Жаңа ғимараттағы мекеме атауын «Орынбор өлкесінің кітапханасы мен мұражайы» деп атауға, ал ілетін тақтайшасына «Мұрағаттық комиссия. Орынбор өлкесінің мұражайы мен кітапханасы» деп жазу бекітілді. Жаңа ғимараттан 2 бөлме мұражайға, 2 бөлме кітапханаға берілген. Осы жылы М.Л. Юдин, Н.Н. Модестов ұйымдастыруымен «Орынбор өлкесінің библиографиясы» еңбегі жарық көрді. Бұл еңбекті құрастыратын комиссия құрамына Н.Н. Модестов, Д.Н. Соколов, А.П. Гра, М.Л. Юдин, П.Н. Столпянский ИОГҚ Орынбор бөлімшесінің кітапханашысы - П.А. Воронцовский енген. Бланкі мен көшіріп жазуға - 115 руб қаражат бөлінген.

Сөйтіп, 1916 жылы Комиссияның мұражайы мен кітапханасы Батраковтар үйінен жалға алған 4 бөлмеге орналасты. Әйтсе де, мұражайдың геология және

нумизматика бөлімдері Жайық жағасындағы ескі мұражайда қалдырылды [89, 1п].

Жаңа ғимаратта мұражайдың жалпы күтушісі ретінде және археология және этнология бөлімінің меңгерушілігіне А.В. Попов, Палеонтология бөлімінің меңгерушілігіне Ю.Н. Соколов, минерология бөлімінің меңгерушілігіне Б.Н. Наследов, нумизматика бөлімінің меңгерушілігіне Ю.Н. Строгов және М.М. Гельдт, қару-жарак, мүйіздер, тұлыптар бөлімін меңгеруге Ю.Н. Строгов, ал кітапхананың көркемөнер бөлімінің меңгерушілігіне Б.А. Мухин, қолжазбалар бөлімінің меңгерушілігіне Е.А. Бурцев, шіркеулік археологияға Н.Н. Модестовтар сайланды.

Мұражай жаңа ғимараты 1916 жылдың 6 қарашасында көпшілікке ашылды. Осы жылы Комиссия кітапханасының көптеген кітаптары бөлме ішіне еденге белгілі-бір жүйемен орналасты.

Осы жылы кітапханаға 839 кітап түскен және «Русский архив», «Русская старина», «Рудный Вестник», «Голос Минувшего» журналдары келіп түсті. Кітапхана бұл жылы тек комиссия мүшелеріне ғана ашылды.

Комиссияның осы жылғы кіріс-шығысында кітап түптеуге, кітап сатып алуға (39 руб. 23 коп.), кітапхананы көшіруге (756 руб. 86 коп.), библиографиялық карточка көшіруге (41 руб.) қаражат бөлінген.

1916 жылдары Комиссия кітапханасының қоры ұлғайып, мол ғылыми қор жинаған болатын. Елдегі жағдайға байланысты 1916 жылы Орынбор өлкесінің мұражайы мен кітапханасының Уақытша Кеңесі құрылып және Ережесі қабылданды. 1916 жылдың 14 қаңтарындағы жалпы жиналыста комиссия төрағалығына А.В. Попов сайланады. Кеңес құрамы: Комиссия төрағасынан, іс жүргізуші, кітапханашы, мұражай күтушісі, қазначейден, төраға көмекшісі және мекеменің тұрақты мүшелерінен тұрды [89, 1 п.].

1918 жылы Халық Ағарту Комиссариаты Мұрағаттық комиссия мүшелерінің бірнеше жылғы талабын орындап, 7783 руб жәрдем ақша бөліп [240, 19 п.], гаупвахта ғимаратына кітапхана, мұражай және орталық мұрағат көшуге мүмкіндік алады [105, 28 п.]. Халық Кеңестері Комиссариатының 1918 жылғы 21 маусымдағы «Кітапхана мен кітап қоймаларын сақтау» атты декреті бойынша Орынборда губерниялық Халық Ағарту комиссары К. Хакимов қалалық кітапхандан бастап өз бақылауына алған [242, 151 п.].

Қорыта келе, Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы жанынан құрылған кітапхана ғылымның сан-саласынан сыр шерткен мол кітаптар, түрлі басылымдарды жинап, Орынбор өлкесінде ғылымның дамуына кең жол ашты. Комиссия мүшелері кітапхана қызметін жолға қоюда отыз жылдың үстінде еңбек етті. Қазақ тарихына қатысы бар кітаптар мен қолжазбалар жинақталды. Мәселен, И.А. Кастаньенің «Орынбор өлкесі және қазақ даласының көне ескерткіштері» еңбегінің «Еңбектердің» 22 басылымына жарияланып, кітапхана қорында сақталынуы қазақ археология ғылымының дамуына мүмкіндік ашты. ОҒМК-ның болашаққа қалдырған мұрасын заманның аумалы-төкпелі кезеңінде де барынша кітап қорын сақтап, қазіргі Орынбор облыстық Мемлекеттік Мұрағаты жанындағы кітапхананың негізін қалады. Осы кітапханада қазірде

Қазан төңкерісіне дейінгі 7389 кітап қоры мен 208 баспасөз материалдары сақтаулы.

3.3 Мұражайдың қалыптастырылуы

Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының Орынбор өлкесіндегі ғылымның, мәдениеттің дамуына қосқан үлесінің бірі өлкедегі мұражай ісін қайта қолға алуы еді. 1896 жылдан комиссия жұмысы жандана бастаған тұста мұрағаттық комиссиясының төрағасы П.П. Бирк жергілікті тарихи-этнографиялық мұражай ашуға бар ынтасымен кіріскен болатын. Жергілікті басылымға мұражай ашылатындығы жөнінде комиссия хабарламасында, болашақ құрылғалы отырған тарихи-этнографиялық мұражай болатындығы және осы мұражайға көне және заттай коллекцияларды мекемелер мен жеке тұлғалардың қайырымдылығы негізінде қабылданатындығын жариялаған [213, с.3]. Міне, осыдан кейін құрылар мұражайға заттар көптеп түсе бастады. Мұражай негізі бұрынғы Неплюев кадет корпусының мұражайынан қалған экспонаттарынан, зоологиялық мұражайдың, Орынбор казак әскерилері мұражайының, ИОГҚ Орынбор бөлімінің коллекциялары арқылы толықты. Қазан төңкерісіне дейін қазақ елінің жәдігерлері патшалы Ресейдегі ғылыми қоғамдар мен ұйымдардың ұйымдастыруымен құрылған мұражайларда жинақталды. Ғылыми комиссия Орынборда тарихи мұрағаттың негізін қалап қана қоймай, археологиялық зерттеу жұмысын, жергілікті мұражайдың, ғылыми кітапхананың, ғылыми баспахананың, өлкедегі көне тарихи ескерткіштерді жинақтап, тізімдеп, этнографиялық материалдарды жиыстырып, фотоқұжаттарды, өлкені географиялық жағынан, тарихи көне орындарды, қазба байлықтарын картаға түсіріп, өлке тарихын жазуға комиссия мүшелері өз үлестерін қосты. Ресейдің отары ретінде қазақ елінің тарихи көне ескерткіштерін Ресейдің ғылыми қоғамдары, оның ішінде Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы жанынан құрылған мұражайдан табуға болатын еді.

Комиссия жанынан құрылған «Көнелер мұражайы» 2 этажды шағын үйдің 1 қабатында 1 бөлмеде орналасты. Экспонаттар ортада 4 әйнек витринаның ішінде және 2 қабырғада бар биіктігін жапқан үлкен әйнек шкафтарда орналасты, яғни, экспонаттар тұрған сөрелердің арасымен тек қырынан жүре алатындай мүмкіндік болған. Көптеген минерологиялық, этнографиялық, қорғандардан қазылған қазбалар жәшікте жатты. Сонымен Орынбор өлкелік мұражайында 3 000 аса көне заттар, мұражай жанындағы кітапханада 1895 жылы 6 700 кітап, 10 000-ға дейін томдар сақталынған [242, 51 сыртқы п.].

Жалпы, Орынбор өлкесі мұражайының тарихы 1830 жылғы 12 қарашада Орынбор әскери губернаторы П.П. Сухтеленнің бұйрық хатында Орынбор губерниясының жергілікті тұрғындарына өлкеде ғылымның дамуына және болашақ ашылғалы отырған тарихи, археологиялық және этнографиялық мұражайға қайырымдылық көмек көрсетуге шақырған хатынан бастау алады.

Осындай жоспармен жолданған хаттардың бірі Ішкі орда ханы Бөкейұлы Жәңгір ханға да келген еді. Орынборда ашылған алғашқы мұражайдың этнографиялық бөліміне Ішкі Бөкей ордасынан экспонаттар келіп түскен. Жәңгір ханның 1831 жылы 29 қаңтарда Орынбор генерал губернаторы П.П.

Сухтеленге жазған хатында «жаңадан негізі қаланып жатқан мұражайды толықтыруды өзімнің борышым деп есептеймін. Қазақтың ер және әйел адамының киімдерін жіберіп, болашақта мұражайға Ордалықтардың тұрмысы, шаруашылығы және өнеркәсіп бұйымдарын жіберуді қолға аламын», - деп хабарлады [267, с. 488,491].

Орынбор өлкесінің 1831 жылы 1 сәуірде тұңғыш мұражайы Неплюев әскери училищесінің шағын бөлмесінде ашылды [242, 50 п.]. 1831 жылдан Орынбор мұражайының дамуына үлес қосқан Вилен университетінің түлегі философия магистрі Фома Карлович Зан (1786-1855 жж.) болды. Ф.К. Зан 1831 жылдың 23 қаңтарынан мұражай күтушісі және реттеушісі болып жұмысқа тұрады. Ол 1816 жылы Вилен университетінің физика-математика факультетін бітіріп, осы оқу орнының кандидаттық ғылыми атағын алған. 1823 жылдан философия магистрі. Жасырын студенттік қоғамға қатысқаны үшін 1824 жылы қарашада Орынборға 1 жыл қамауда, одан соң тұрақты өмір сүруге осы қалада қалдырылған. 1830 жылдан Орынбор Шекаралық комиссияға жұмысқа тұрған. Мұражайдағы адал қызметі үшін П.П. Сухтелен оны 14 дәрежелі шенеунік шеніне дейін көтерген [267, с.494]. Ғылыми комиссияның толық мүшесі Н.Н. Модестов Ф.К. Занның Орынбордағы қызметі туралы Комиссия 35 басылымында «Еңбектерінің» 1917 жылғы мақаласын жариялаған болатын [238, с.21]. 1833 жылы мұражайдың қоры кеңейіп, қызықты коллекцияларға толы болды. Мұрағат деректерімен келтірсек, геодезия саласынан – 972, ботаника – 1575, зоология – 443, статистикалық – 42, нумизматика – 646 және 30-ға жуық кездейсоқ жиналған археологиялық коллекциялар қойылды, ал кітапханасында шығыс көне кітаптарынан – 5, әр түрлі – 35, орыс қолжазбаларынан – 4, шығыс қолжазбаларынан – 3, гравюра және қылқалам шығармаларынан – 9, 9 – портрет, бұдан өзге Ресейде алғашқылардың бірі болып мұражай жанынан жүйелі метеорологиялық бақылау жүргізіліп отырды [242, 50 п.].

1833 жылы Неплюев училищесінің мұражайына келген В.А. Перовский мен В.И. Дальдің сүйсінісін Е.З. Воронина 30 қыркүйектегі хатында мұражайдың есте қаларлықтай жасақталғанын баяндай келе, көзге түсер экспонаттар ішінде қазақ қызының және әйелінің ұлттық костюмдерін атап өтеді [267, с.495]. Шындығында да өзінен бұрынғы Неплюев мұражайынан Ғылыми комиссия мұражайына жеткен тізімдегі берілген «Қазақ әйел адамдарының киімдерінен» көруге болады:

1. Сәукеле – бас киім. Онда моншақ, күміспен әшекейленген, асыл тастар, шашақтар тағылған;

2. Жаулық – сәукеле бекітілген үлкен орамал, бас киім;

3. Ойық шүберек – мойынға тағатын орамал;

4. Көйлек – жібек көйлек;

5. Шапан – жібек халат;

6. Етік;

Қыз баланың киімдері:

1. Қыз бала киетін сәндік бас киімі телпек. Бұл телпекте бетмоншағы және қарқара және жығадан қадалған ұлпасы бар;

2. Етік;
3. Көйлек – жібек көйлек;
4. Қызыл тон, бархаттан тігілген кафтан (кеудеше- Ұ.А.) [268, 22 п.].

1839 жылы Орынбор губернаторы В.А. Перовский бастауымен Орынборда зоологиялық мұражай ашылды. Бұл көпшілікке арналған мұражай Орынбордағы ізгілікті жиналыс өтетін үйде ұйымдастырылды. Санкт–Петербург Ғылым Академиясының зоологиялық мұражайына қызықты экспонаттар іздеп, жиыстыру мақсатында Орынборда «Орынбор өлкесінің табиғи туындылары мұражайын» ұйымдастыруда жазушы, лингвист, дәрігер, шығыстанушы В.И. Даль ғылыми шығармашылықпен жұмыс жасады. Орынбор губернаторы В.А. Перовский тапсырмасымен Орынбор әскери губернаторы кеңсесінің шенеунігі болып қызмет атқара жүріп, зоологиялық мұражай коллекциясын құстардың, жануарлардың жаңа тұлыбымен толықтырды. В.И. Даль (1801-1872) 1829 жылы Дерпт университетін бітіріп, хирург-дәрігер мамандығымен қызмет жолын бастайды. Ол шенеуніктік қызмет сатысымен 1833 жылы Ішкі Істер Министрлігіне қабылданды. Кейін В.А. Перовский ұсынымен 32 жасар В.И. Даль Орынбор қаласына келіп, Орынбор генерал-губернаторлығы басқармасында 8 жылдай қызмет жасайды. Дәл осы кезеңде қызмет бабымен қазақ жерін көп аралап, қазақтың тарихын, географиясын, әдебиетін, мәдениетін, бай этнографиялық мұраларын жинақтап, артына шығыстанушы ғалым ретінде біраз еңбектерін қалдырды. В.А. Перовский зоологиялық мұражай ісін дамытуда Санкт-Петербург Ғылым Академиясының зоологиялық мұражайының директоры академик Ф.Ф. Брандтқа Орынборлық төрт казак жасөспірімдерін тұлып даярлау өнеріне үйретіп, оның орнына Орынбор өлкесін мекен еткен жан-жануарлар тұлыбын Ғылым Академиясының Зоологиялық мұражайына жіберу арқылы алмасатындығын айтып, жергілікті мұражай ісінің дамуына осылайша академикпен келіскен. В.И. Дальдің академик Ф.Ф. Брандтпен достық, ғылыми бағытта жазысқан хаттары ғылыми айналымға енген. Санкт-Петербургтегі зоологиялық мұражай қызметкері Е.И. Шрадер тұлыб жасау өнерін үйренуге Иван Мелихов пен Павел Волженцевті баулып, 1838 жылы В.И. Даль қарамағына Орынборға жібереді. Олар кейіннен Орынбор мұрағатының экспонаттарын даярлауда В.И. Дальға көмектесіп, білікті маман атанған. Ал келесі екеуі Степан Лысов пен Андрей Скорняков оқуларын одан әрі жалғастырып, кейін тұлып жасау өнерінің жоғары білімді мамандары ретінде еңбек еткен. Ал 1838 жылы мұражай құрылымын дамытуға, Оңтүстік Орал табиғи байлықтарының ғылыми сипаттамасын жазуға жас ғалым А. Леман тартылды [182, с.35]. Орынбор мемлекеттік мұрағатында кеңсе кеңесшісі В.И. Дальдің Орынбор арнайы корпусының штаб бастығы генерал-майор Фолловскийге 1841 жылғы 31 шілдеде жазған хатында казактар Скорняков пен Лысовты кандидат Леманға, генерел Жемчужниковқа қызметке жібергенін хабарлайды [268, 33 п.]. В.И. Даль туралы, оның Орынбор кезеңі, қызметі, ғылыми жұмыстыры жөнінде жұртшылықты таныстырған комиссия мүшелері Н.Н. Модестов және П.И. Цыпляевтың еңбектері жарық көрді [269] .

В.И. Даль 1841 жылы Санкт-Петербургке кеткен соң, зоологиялық мұражайға бұрынғы гимназия инспекторы М.Ф. Зеленко басшылық етті

[269, с.22]. Әйтсе де, осы уақытқа дейін мұражайдың өзінің тұрақты орыны болмады, оның үстіне 1881 жылы Орынбор генерал-губернаторлығы тараған кезде қаражатпен қамтамасыз етілмеуіне байланысты, мұражай экспонаттары жергілікті әр оқу орындарына оқу құралы ретінде бөлініп берілді, яғни, 1880 жылы екі мұражай да жабылған.

1886 жылы Санкт-Петербург Жаратылыстану қоғамы Ресей бойынша жаратылыстану және тарихи мұражай ашу жөнінде ұсыныс көтерген болатын. Қоғам 1886 жылы 22 желтоқсанда өз ұсынысымен Орынбор губернаторына, Орынбор статистикалық комитетіне хат жолдайды [270, 10-11 пп.]. Одан әрі жұмысты жолға қою үшін мұражай жарғысын, жобасын даярлаған. Жаратылыстану – тарихи мұражайдың басты міндеті біріншіден, ғылыми екіншіден, практикалық бағыттарда жұмыс жасауы тиісті болды. Болашақ ашылар мұражайдың ғылыми міндеті – Орынбор губерниясын табиғи – тарихи жағынан зерттеу, екінші жағынан жаратылыстану және тарихи маңызын жергілікті халық арасына тарату болатын. Мұражайлардың бұл екі бағыты да төмендегідей жұмыстар арқылы жүзеге асты:

Ғылыми міндеттері:

- Жер қыртысына, геологиялық, минералогиялық, зоологиялық және ботаникалық зерттеулер, олардың қорытындысын мұражайға қою;

- Ғылыми, яғни, мүмкіндігінше табылған минералдарды талдау, коллекцияларды анықтап жүйелеу, жер қыртысын, табылған байлықтарды сұрыптау;

- Мұражай жұмыс жасаған күндері оған келушілерді көрнекі құралдар арқылы таныстыру;

- Көпшілікке ғылыми мәнін жеткізуді тек мұражай меңгерушісі, ия бекітілген тұлға қолға алады;

- Мұражай және ондағы жәдігерлер туралы арзан қысқаша ғылыми мәліметтер даярлап шығару және оны тарату;

Практикалық маңызы:

- Түрлі ауыл – шаруашылығына қатысты мәселелерді, жер қыртысы, тыңайтқыштар, өсімдіктер, жан – жануарлар, оларды өсіру, сонымен бірге зиянкестермен күрес жолдарын табуға көмектесу;

- Өлкенің өндіріс орындарына қатысты мәселелерде көмектесу;

- Халық мектептеріне түрлі коллекциялармен таныстыру, экспедициялық ұйымдарға көмектесу.

Болашақ құрылар мұражай бюджетін былайша белгілеген:

- Мұражай меңгерушісі - жаратылыстану ғылымдарының кандидаты, ғалым агроном немесе ғалым орманшы болуы тиісті – 1000 руб.

- Лабораторияны ұстау үшін – 250 руб.

- Кітап сатып алу үшін – 150 руб.

- Құрал – жабдықтар сатып алу және оларды жөндеу үшін – 75 руб.

- Ұсақ кеңсе тауарларын сатып алуға – 75 руб.

- Мұражай меңгерушісіне келушілерді мұражай экспонаттарымен таныстырғаны үшін – 300 руб.

- Мұражайда жұмыс жасайтын қызметкерлерге – 150 руб. Барлық мұражайдың қаражаты 2000 руб құраған [270, 11-13 пп.].

Комиссия мұражайға экспонаттарды мекемелердің, жеке адамдардың қайырымдылығы негізінде жинастырды. 1897 жылдың 4 наурызында өткен мәжілісінде төраға П.П. Бирк мұражайға Л.П. Тимашевтың Хиуа ханы сыйлаған шапанын, В.А. Александровскийден 19 жез теңге, Д.Н. Соколовтан 1865 жылғы 1 руб. кредиттік билет, М.М. Рамеевтен 3 жануардың 3 тісі және тағы басқа да заттардың келіп түскенін хабарлап, қайырымдылық қолын созушыларға Комиссия мүшелері атынан шын ықыласын білдірді. Осы жылдың 3 мамырында В.Н. Витевскийді Орынбор өлкесіне байланысты жарық көрген еңбектері үшін Мұрағаттық комиссияның құрметті мүшелігіне сайлауға бірауыздан шешім шығарған .

Мұражайдың ашылу салтанатында мұражайды ұйымдастырудағы басты мақсаты өлкенің өткен тарихын зерттеу, халықтың тарихқа деген танымдық қызығушылығын ояту екенін атап өтілді. Ашылған күннен бастап 1897 жылдың 21 желтоқсанына дейін 4543 адам мұражайға келіп, аралап, танысқан. 1897 жылдың 1 тамызынан 1-ші күні 20 тиыннан, ал қалған күндері мұражайға кіру тегін болған 21 желтоқсаннан бастап мұражай ғимараты жөндеуге тұрған [217, с.18, 42].

1897 жылдың 20 қаңтарында Орынбор мұрағаттық комиссиясы тарихи – этнографиялық мұражай аша отырып, жеке тұлғаларға, қоғамдық мекемелерге, үкіметтік мекемелерге коллекциялар тапсыруды өтініп хат жолдады. Әсіресе, көне заттар -кітаптар, киім - кешектер, қару-жарақтар, тиын-тебендер, қазба-байлықтар мұражайға қажет еді. Комиссия мұражайына Орынбор казак әскери және ИОГҚ-ң Орынбор бөлімшесінің бай коллекциялары берілді.

Ал Орынбор генерал-губернаторлығы кезінде губерниялық мұражайға жинаған коллекцияларын ол тараған кезде Орынбор азаматтық гимназияға, содан реальды училищеге берген-ді. Ендігі жағдайда олардан кері алып, мұрағаттық комиссияға беру туралы шешім қабылданды. Содан соң Орынбор Комиссиясы материалдармен көмектесуді сұрап, Орынбор Неплюев кадет корпусына, Орынбор казак әскерілерінің және Орынбор губерниясының атаманына хаттар жолдады [215, 5-5 сыртқы пп.].

Тіпті мұражайға коллекциялар жинау бағытында 1897 жылы ақпан айында мұрағаттық комиссия Хиуа ханы Сейд – Мухамед – Рахим бахадүр ханға да хат жобасын дайындады. Бұл жобада мұражайдың ашылғандығы алға тартылып, «Мұрағаттық комиссияда Сіздің және Хиуа хандығының қоғам қайраткерлерінің портреттерінің болуы біз үшін үлкен құрмет болар еді» - деп жазылған. Кейін мұндай хат Орынбор губернаторының атынан жазылуы тиіс деген комиссияға ескерту хатта жеткен [215, 10-10 сыртқы пп.].

1897 жылғы 27 қаңтардағы Комиссияның жылдық мәжілісінде төраға П.П. Бирк мұражайға келушілердің кіру ақысы туралы мәселе қозғап, 10 тиыннан, ал оқушыларға тегін кіруге шешім қабылдады және жергілікті газетте белгілеген кіру ақысын жариялау туралы, мұражайдың кіре берісіне жазу ұсынылды.

1897 жылы 11 наурызда төраға А.В. Попов 392 пошта маркасын мұражайға тапсырған. Осы жылы 13 наурызда Енисей губерниясынан хат келіп,

олар Минусинск қалалық мұражайымен зат алмасуды ұсынған. Ал 28 наурызда есаул Серов комиссияға өзіне 1888 жылы Хиуа ханы берген парша шапанын т.б. сыйға тартқан [215, 22, 26, 30 пп.].

1897 жылы 14 мамырда Комиссия И.И. Неплюев ұрпақтарына да хабарласып ескерткіш заттар сұраған. Бұл кезеңде бұрынғы губернатор ұрпақтары Чернигов губерниясы Глуховск уезінде тұратын. Кейін олардан «бізде Орынбор өлкесіне қатысты ештеңе жоқ» деген хабар алынды [215, 33 п.].

Орынбор мұражайы 1897 жылы 10 мамырда түскі 1-де Орал өзені жағасында гаупвахта ғимараты жанындағы Мұрағаттық комиссия орналасқан үйде ОҒМК мүшелерінің ұйымдастыруымен қайтадан «Көнелер мұражайы» деген атаумен тарихи этнографиялық мұражай ретінде ашылды [268, 6 п.]. Сөйтіп мұражай жоспарлы түрде ескі заттарды қабылдай бастады. Мәселен, 1897 жылдың 9 тамызында Верхнеуральск уезінің басқарушысынан Пугачев кезіндегі қалған пушканы жеткізді [215, 63 п.].

1898 жылдың 27 қаңтарындағы жылдық мәжілісінде комиссияның құрметті мүшелігіне Императорлық Москва мұражайының директоры И.Е. Забелин, Императорлық Москва Археологиялық қоғамының төрайымы графиня П.С. Уварова, Сыртқы Істер Министрлігінің мұрағатының директоры князь П.А. Гольцин, Қазан мұғалімдер семинариясынан В.Н. Витевский, Императорлық Ғылым Академиясының хатшысы Н.Ф. Дубровин сайланды [271, с.6]. Орынбор Неплюев кадет корпусының коллекциясы мен көне заттары комиссия мұражайына корпус директоры генерал-майор Ф.С. Самоцветтің рұқсат етуімен, құжат бойынша тізімделіп, Комиссия мұражайына өткізілді. Оның ішінен қазақтың ұлттық киімдерінен: ер адамның қысқы киімі – етік, малақай, ерғақ, жазғы киімдерінен – сарысрчак (сарысырмақ болуы мүмкін – Ұ.А.), қалпақ, тақия, әйел адам киімдерінен – ақ жаулықты бас киім (кимешек көйлек, жібек жейде, жібек халат және етік, қазақ бойжеткенінің киімі – тақия, жібек көйлек, бархыттан тігілген кеудеше және етіктер бар еді [272, 14-15 пп.].

1899 жылдың 1 қаңтарына дейін № 197 тізімделген түрлі көне заттарды мұражай төрағасы П.П. Бирк былайша бөлімдерге бөлген:

1. Көне грамоталар және құжаттар;
2. Барлық елдер мен халықтардың медальдары мен ескі ақшаларын жинау;
3. Қазба байлықтар қалдығы;
4. Орал жоталары мен оның тау сілемдерінің минералдарын жинау;
5. Көне қару - жарақтар;
6. Қорғандарды қазған кезеңде табылған сүйектер мен ескі заттар;
7. Жергілікті тұрғындардың киімдері мен бұйымдарының үлгілері;
8. Орынбор өлкесінің фаунасы мен флорасы;
9. Түрлі көне заттар, құлаған кесененің кірпіштері, картиналар және т.б. заттар;
10. Орал жоталары тауларындағы заводтардың өнімдерінің үлгілері.

Аталған кезеңде Орынбор мұражайында 2500-ден аса құнды заттар жинақталған. 1897 жылы 1048, 1898 жылы 1257, 1899 жылы 1500 адам мұражайды тамашалаған. Міне, осындай құнды тарихи экспонаттарды ұстау үшін ОҒМК қаражат жағдайы қиын екенін айта келе, ПМ – нен жылына 2000

руб субсидия сұрады [225, 50,51 пп.]. 1899 жылғы 25 қаңтардағы мәжілісінде П.П. Бирк мәлімдеуінше мұражайда сақтаулы тұрған шығыс теңгелерін оқуға комиссия мүшесі Г.Х. Еникеевті шақырған, ол оған дейін 30 шақты теңге жазуларын оқыған [252, с. 20, 142]. Комиссия мұражайының жұмыс жасағанына 2 жыл болса да заттары тізімделіп реттеле қоймаған еді. Осы жылдың 11 тамызында комиссия төрағасы кезекті мәжілісте қызмет бабымен отскавкаға шығатындығына байланысты жазбаша арыз жазып әкеліп, ендігі жерде Орынбордан кетуіне орай, төрағалық қызметті атқара алмайтындығын мәлімдеді. Осы мекеме төрағасы П.П. Бирк ғылыми мекеменің жұмыс жағдайына тоқтала кетіп : «О баста мұрағат пен мұражай туралы ешқандай нұсқау болған жоқ. Бұл жөнінде И.И. Евфимовский-Мировицкийге және М.Л. Юдинге тапсырма беріліп, тым жақсы жоба жасады. Қазір де мені алаңдатқан бұрынғы Орынбор генерал-губернаторлығы кеңсесі мұрағатының орналасқан Комиссия ғимаратының 2-ші қатарының өрттен сақталмағандығы, оның үстіне мұрағатқа жауап беретін меңгеруші жоқ екендігі, ал мұражайдың қолда бар экспонаттардың өте қымбат тұратындығы, қазіргі жағдайда тар бөлмеде өзінің құндылығын жойып тұрғандығын, витринада қойылған заттардың бірінің үстіне бірі қойылып тұрғанын айтуымыз керек. Тіпті бөлмеге сыймаған ірі заттар аулада, атасақ, Пугачев пушкасы ауа-райының құбылысынан тот басудан сақтандырылмаған. Ал мұражай ісіне арнайы бір адам керек, заттар тізімі бастап реттелгенімен аяқталмаған», - деген пікір білдіреді [252, с. 175-177].

А.В. Попов мәлімдеуі бойынша, биыл 1899 жылдың жазында Орынборға жолай Императорлық Қазан университетінің профессоры А.А. Штукенберг келіп, комиссия мұражайын аралаған. Мұражайдың барлық экспонаттарын мұқият қарап, жиналған заттардың көптеген сүйектер және минералдардың өте құнды екендігін айтып, мұражайдың тарлығына өкініш білдірген. А.А. Штукенберг мұражайдың кейбір заттарын не нәрсе екендігін анықтап берген. 1899 жылғы 1 ақпандағы Комиссия мәжілісінде А.С. Пушкиннің 100 жылдық мерейтойын атап өту үшін мерекелік бағдарлама жасауды қолға алған. Төраға П.П. Бирк ұсынысымен жергілікті газеттерге Пушкиннің Орынбор өлкесіне келгендегі сапары жөнінде білетіндер, көргендер болса Комиссияға хабарласуын өтінген хабарлама бергізген [252, с.152, 178]. Бірнеше айлық тиянақты даярлықпен 1899 жылдың 27 мамырында ОҒМК А.С. Пушкиннің 100 жылдық мерейтойын атап өткен. Комиссия мүшесі Ф.М. Лисицин «А.С. Пушкиннің мәдени қызметіне шолу», Г.А. Соколов «Капитан қызы А.С. Пушкиннің ақындық шығармашылығының нақты аяқталған кезеңі» атты сөзін, Н.Г. Ивановтың «Пушкин Бердіде» баяндамаларын тындап, концерттік бағдарламаға ұласқан. Комиссия төрағалығына П.П. Бирктен кейін сайлауға губернатордың келуін күтетіндігін, әзірге бос тұратындығын хабарлады. Дегенмен жасырын дауыспен төраға көмекшісі етіп Ф.В. Стебельскийді сайлаған. Ал мұражайға жауапты қылып төраға көмекшісін және мүшелері етіп А.В. Поповты, Н.Я. Катинді сайлаған. Осы жылы да мұражай жеке адамдардың қайырымдылығымен қоры көбейе түсті, оны 33 нақты тізіммен берілген заттар ішінде көпшілігі көне теңгелер, түрлі жануарлар мүйіздері, тістері, темір

канжар түрлері, портреттерді айғақтайды. Бұл жылы мұражайға 1043 адам, оның 839 оқушылар келіп тамашалаған [252, с.144, 175, 181].

Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы мұражай қорын көбейту мақсатында бірнеше мемлекетпен, ғылыми қоғамдармен, ұйымдармен жеке адамдармен хат алмасқан. Мысалы, Мұрағаттық комиссия өтініші бойынша подполковник Н.Я. Ручеев 1830 жылы жазылған «Жайық өзенінің оң жақ жағалауының жерін заңды иелену жөніндегі қазақтар мен Жайық казактарының таласы» атты қолжазбасын және 1841 жылғы суретші Чернышевтің салған Орынбор Шекаралық Комиссиясының төрағасы (бұрынғы Торғай облыстық басқармасы), генерал Генс пен Башқұрт әскерилерінің қолбасшысы Середаның 2 портретін мұражайға тапсырған [215, 13 п.].

1900 жылдың 15 тамызында төраға П.П. Бирк қайтыс болған. Соның алдында ғана генерал-майор П.П. Бирк Орынбор казак әскерилері штабының бастығы қызметінен отставкаға шыққан болатын. П.П. Бирк орнына Торғай облысының әскери губернаторы және әскерилерінің бас басшысы генерал-майор А.А. Ломачевский, төраға көмекшісіне А.В. Попов, іс жүргізушілігіне И.С. Шукшинцев, қазынашыға Неплюев кадет корпусының оқытушысы А.П. Гра сайланды. Комиссия мұражайы қоры жылдан жылға сан түрлі экспонаттармен толықтыру жалғаса берді. Мәселен, 1900 жылы Орынбор губерниясынан Миасс заводының алтын өндірушісі В.А. Иванов Оңтүстік Оралдың минералдарының коллекциясын жіберген.

Комиссия мүшесі В.А. Быбин 16 дана теңгелер коллекциясын сыйлаған. Осы жылғы мұражайға түскен заттардың каталогы жасалынып рет саны 141-ге жеткен, оның ішінде кітаптар, жазбалар, қағаз ақшалар, темір 300 түрлі теңгелер де бар еді. Орынбор, Орал, Владимир қалаларының епископы «XVIII ғасыр аяғындағы Алексей Михайловичтің заңдар жинағының» қолжазбасын тапсырған. Бұл жылы мұражайға 412 адам қатынаған [273, с. 157- 158].

Ал 1901 жылы «Көнелер мұражайы» Комиссия орналасқан үйдің төменгі бөлігінің ең үлкен бөлмесінде орналасыпты. Бұл жылы Комиссия бүкіл Орынбор өлкесінен мұражайға түскен заттар мен жазбаларды тізімдеп көрсетіп, әрбір Комиссияның кезекті мәжілістерінде мұражай күтушісі хабарлап отырған. 1901 жылы мұражайға түскен заттар тізбеге алынып, барлығы 2434 зат тіркелді. Мысалы, осы жылы мұражайға түскен жазбалар мен заттар арасынан:

1) ХҮІІІ ғасыр және ХІХ ғасырдың бас кезеңіндегі орыс үкіметінің нұсқаулары;

2) Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының толық мүшесі М.Г. Каримовтың шығыс мемлекеттерінің 15 түрлі ақшасын, оның 11-і күмісін, 4-і жез монетасын және ХІІІ ғасырдағы мұсылмандардың жез ақшасын сыйға тартқан;

3) Комиссия толық мүшесі А.И. Мякутин «1875-1876 жылдардағы 1-ші Орынбор казак батареясының жорықтарының естеліктері» атты қолжазбасын сыйға тартқан;

Мұрағаттық комиссия 1901 жылы Орынбор қаласының № 1 округінің бастығына Орынбор өлкесінің мұражайына экспонаттар тарту мәселесін қозғайды[225, 37 п.].

1901 жылы 19 наурызындағы № 2143 Торғай облыстық басқармасының іс-қағазында әскери губернатор А.А. Ломачевский Қостанай уезінен табылған тарихи статуетканың ғылыми маңызын, құнын анықтау үшін ғылыми комиссияға жібереді. Ғылыми комиссия 1901 жылы 25 сәуірде Императорлық Археологиялық комиссияға табылған мыс мүсінді профессор С.О. Ольденбургқа жолдайды. Осы жылдың 1 қарашасында профессор С.О. Ольденбургтің пікірімен мыс мүсін Орынборға қайтарылды. Онда ғалым будда мүсініне былайша анықтама берген: «Бұл мүсін беджатва Авалокителеварп. Төменгі оң қолы көрермендерден ыдыс алып тұр (калошымен жабылып көрінбей тұр). Сынған атрибут жоғарғы оң қолында қалай болған жағдайда да лотос гүлі болуға тиіс. Ал төменгі сол қолы, яғни, варабудра деп аталатын жағдайда тұрған қолы бұл мейірімділікті, кеңпейілділікті білдіреді, ал жоғарғы сол қолы дәл орналасқан. Бұл бейнедегі шаш үлгісі өте қызықты, ерні, көзі анық берілген, ал кейде әшекейлері өзге металлдармен орындалған. Осындай жағдай будда статуеткаларында аз кездеспейді. Жұмыс қытай шеберлерімен орындалған. Бір-ақ нәрсені анық айтуға болады- статуетка қалай болғанда да жаңа жұмыс емес» [274, 54-55 pp.].

1902 жылы Комиссия мұражайы ОҒМК орналасқан ғимараттың бір бөлмесінде жұмысын жалғастырып, үлкен екі әйнек шкаф пен төрт витрина ортасында орналасты. Комиссия мұражайының көне заттары бірнеше бөлімдерге бөлініп орналасты.

Мұражай мекемесінің игі ісіне түсіністікпен қараған жергілікті халық қайырымдылық негізінде тартулар жасау арқылы оны үнемі толықтырып отырды. Бұл жылы мұражайды А.В. Попов басқарды. Мұражайға келем деушілерге күн сайын ашық болды, оған кіру құны әр адамға 10 тиыннан, ал оқушыларға тегін болатын. Мұражайға қатынаған адам саны 567 адамға жетті. А.В. Попов мұрағат пен мұражай қауіпсіздігі үшін комиссия орналасқан ғимараттың сыртынан қосымша Комиссия кеңсесі мен күзетшіге арнап, бөлме қосуды ұсынған еді. Ғимараттың Жайық өзені жағынан, оңтүстігінен 25 сажын жер қалалық думаның рұқсатымен салуды ұйғарды [275, с.4-5].

1903 жылдың 10 наурызында Комиссия мүшелігіне ИОҒҚ-ның Орынбор бөлімінің мүшесі, Торғай облыстық басқармасының шаруалар бөлімінен И.В. Аничков Мұрағаттық комиссия мүшелігіне қабылданды. Бұл жылы да ізгілікті іс өз жалғасын тапты. 1903 жылғы мұражай үшін құнды зат Торғай облысынан Комиссия толық мүшесі Қостанай уезінің бастығы С.А. Дидрихстың және оның көмекшісі Кочергиннің мұражайға жеткізген 2 балбал тасы болды. Бірінші жеткізген балбал тасы бүтін күйінде Қостанай уезінің Обаған болысынан, ал екінші сынғаны Қостанай уезінің Бестөбе болысынан жеткізілген [275, с.154].

1903 жылы да мұражай қоры Орынбор өлкесінің экспонаттарымен толығып жатты. А.В. Васильев 1903 жылғы 10 наурыздағы кезекті Комиссия мәжілісінде Торғай облысы, Қостанай уезі, Құмақ болысының Айдырлы өзенінің жағасынан табылған бұғының тасқа айналған мүйізін мұражайға сыйға тартқан. Осы жылдың 15 қыркүйегіндегі мәжілісінде И.В. Аничков Торғай облысынан Комиссия мұражайына әкелінген 2 балбал тас Түркістан өлкесіндегі

көне ескерткіштермен тығыз байланысы бар деген пікір білдіреді. Ол мұражайға Қостанай шаруасы И.П. Самойловтан алған қыш құмырасын табыстайды. Шаруа құмыраны Қостанай қаласынан 35 шақырым жердегі Ақ-Бурун - Кул өзенінен қасынан табылғандығы, әлде де ол шаруада көне заттар барлығы 10 рубқа сататындығын жеткізеді [275, с. 130, 156-159]. Іс жүргізуші И.С. Шукшинцев қазақ даласына жазғы сапары кезінде көне мазарларға, молаларға көз тоқтатқанын, бұл ескерткіштерді орыстардың даланы отарлауы, қоныстандырушыларды әкелуі біртіндеп ескерткіштерді талқандауда, бара-бара бұл мәдени ескерткіштер жойылады, сондықтанда ең болмаса сипаттамасын жазып алып қалуымыз керек дей келе, бұл істе Комиссияға көмек етуге қазақ даласындағы мұғалімдер мен мемлекеттік қызметкерлерден көмек сұрауымыз қажет деген пікір білдіреді. Комиссия мүшелері И.С. Шукшинцев пен И.В. Аничковқа қазақ молалары мен мәдени ескерткіштер жөнінде мәлімет жинаудың бағдарламасын жасауды тапсырады. 23 қазандағы келесі отырыста И.Н. Самойловтың хаты тыңдалып, 10 руб ақшаны алғандығын хабарлаған. Одан соң комиссия мүшесі С.А. Дидрихсқа Самойловтың өздігінен «археологиялық қазба жұмысын» жүргізбеу үшін бақылауды тапсырады. 1903 жылғы 22 желтоқсандағы Комиссияның кезекті мәжілісінде И.С. Шукшинцев И.А. Кастанье мұражайдың жүйелік каталогын жасауды өз мойнына алғанын хабарлады [275, с. 161, 176].

1903 жылдан Комиссияның толық мүшесі - Иосиф Антонович Кастанье 10 жылдан аса Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясындағы қызметі кезеңінде қазақ даласындағы көне археологиялық ескерткіштер туралы ғылыми мәліметтер жинап, оны жүйелеу жұмысымен айналысты. Сонымен бірге ғалым 1909 жылдан мұражай күтушісі қызметін атқарады. 1911 жылы И.А. Кастанье мұражайдың барлық экспонаттарын, атап айтқанда, нумизматикалық коллекцияларын, көне медальдар мен ақшаның каталогын және палеонтология бөлімінің тізімін жасап шыққан. Мұражай экспонаттары толыққан сайын мұражай ішінен тұратын орынның тарлығы біліне түсті. Осы жылы: А.В. Васильевтің тасқа айналған еліктің мүйізі, А.Л. Аниховскийден тасқа айналған балық, И.П. Самойловтан қорған қазбасынан табылған қыш құмыра, Н.П. Лысовтан 1753 жылдың ақшасы, 1715 жылдың тиыны, қорғаннан шыққан көмір кесіндісі, Евсеевтен мамонт сүйегі, С.М. Миллерден темір қылыш және әрі қарай осылайша жалғасып кете береді. Ал Комиссия мүшелерін осы әкелінген заттардың шығу тегі, пайда болған уақыты, тарихы тағы да басқа көптеген мәселелері қызықтырды.

И.А. Кастанье ұсынысымен ашық далада жатқан мұражай экспонаттарына арнап ағаштан ғимарат салынды. Оның «ОФМК мұражайындағы көне палеонтологиялық ескерткіштер» атты жазбалары 1912 жылғы «Орынбор Оқу Округінің Хабаршысының» №1-нің дара оттискісінде жарияланды. Онда Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының мұражайы жыл сайын құнды палеонтологиялық материалдармен толығып жатқандығы, әсіресе, Орынбор губерниясының Орал, Торғай облыстарының әр түрлі жерлеріндегі өлген небір түрлі жануарлардың қалдық сүйектері бар екендігін, атап айтсақ, қазақ даласынан мұражайға мамонттың, пілдің, марал мен бұғының мүйіздері,

киіктердің, бұланның және басқа да жануарлардың сүйектері әкелініп қойылғандығы белгілі болды. Сонымен бірге қазақ даласының өсімдіктерінен Торғай облысының Шалқардың құмды аймағынан табылған салмағы 1000 пұт тартатын үлкен қылқан жапырақты ағаштың тасқа айналған дінгегін айтуға болады. Мұражайға әкелу үшін ағашты 3- 4 бөлікке бөліп жеткізген [242, 25 п.].

1904 жылы 17 ақпандағы Комиссия кезекті мәжілісінде А.И. Добросмысловтың жолдаған 2 балбал тасты түсірген фотосуретін талқыға салып, оның бірі Торғай уезінің Қараторғай болысының № 4 ауылындағы қорғаннан, екіншісі Торғай уезі, Сарыторғай болысының № 5 ауылының жазықтығында орналасқандығы анықталды. Комиссия мұражайға алдырту үшін И.В. Аничковқа балбал тастарды Ырғыз уезінің бастығы Станкевичке тиімді жолдармен жеткізіп беруін өтінген. Жалпы А.И. Добросмыслов 17 балбал тасты қазақ даласынан орыс мұражайларына жөнелткен.

1904 жылдың 17 наурызындағы кезекті мәжілісінің № 6 хаттамасы бойынша мұражайдан экспонаттардың қолды болуына байланысты «акт» жасақталды. Онда ОҒМК мұражайының нумизматикалық коллекциялар қойылған витринасына 1904 жылдың сәуірінде Комиссия төрағасы, іс жүргізуші және қазынашы тексеру жүргізген. Қарауылшының айтуынша нумизматикалық коллекциялар орналасқан витринадан бірнеше ақшалар жоғалған. Акт жүргізгендер қарап, біріншіден, витринаның мөрі бұзылмағандығын, екіншіден, кілті бұзылғандығын, үшіншіден, кілтті бұзып ашқан соң витринаның оң жақ бұрышынан еркін қол сұғып және жоғалған ақшаларға еркін қол жеткізуге болатындығын мәлімдеген. Комиссия тексерісі қорытындысы бойынша мынадай ақшалар қолды болғандығы: тізбеленген тізім бойынша № 512, 513, екі 5 теңгеден № 1963, номерленбеген 3 монета «Ассирия» деген таңбаланған үшбұрышты пластинка және бір теңге, номерленбеген «Греция» деген жазбасы бар жоғалған. Актының соңында комиссия төрағасы А.В. Попов, іс жүргізушісі И.С. Шукшинцев, қазынашы А. Мякутин қол қойған. Комиссия қаулысы бойынша мұражайдың барлық заттарын тексеріп, түгендеуді Аниховский, Деревенсков, И.А. Кастанье, Незнамовқа тапсырылды [234, с.7, 11]. Ал келесі 1904 жылдың 30 сәуіріндегі мәжілісінде комиссия мүшесі И.П. Хорошихин сөйлеген сөзінде: «Мұрағаттық мұражайының заттарының ішінен Жайық әскерилерінің № 2447 рет санымен тізімделген темір мөр бар екен. Бұл мөр Стерлитамак уезінің Богоявленский заводында бұрынғы шаруа Абдрафиковтан табылған. Әрине, Комиссия мұражайы үшін бағалы зат, әйтсе де, Орал әскерилері үшін арнайы құндылық болып есептеледі, тіпті, қазірде Орал әскерилерінің елтаңбасы мен мөрін қайта жаңғырту үшін таптырмайтын жалғыз құжат болып тұр. Сондықтан Орал әскерилерінің тарихын жинау және жазуды маған тапсырғаннан кейін Комиссиядан бұл мөрді Орал әскерилерінің әскери шаруашылық басқармасына берулеріңізді өтінемін» деген өтінішін білдірді. Одан әрі Орал казак әскерилерінің мұрағатын Орынбор қаласында болған кезеңінде пайдаланғандығын, еңбегін жазып шығу үшін бұл мұрағат ісін Орал облысы, Орал қаласындағы, Большая Михайловская көшесінде тұратын өз үйінің немесе жұмыс орны Орал әскерилерінің әскери шаруашылық басқармасына наказной

атаман полковник И.П. Хорошихинге салып жіберуін өтінген [257, с. 13-14]. Батыс Қазақстан мемлекеттік мұрағатынан Қазан төңкерісіне дейінгі мұрағат қорларын қарағанымызда, «Батыс Қазақстан облысының мұрағаттар және құжаттар басқармасы» қорынан Орал қаласындағы азамат соғысы кезеңінде бүлінген қорлар тізбесінен № 188 Орал әскери штабының, № 190 Орал облысы әскери губернаторының және Орал казак әскерилерінің атаманы, № 209 Орал облыстық статистикалық комитеті, № 214 Орал уездік басқармасы қорларының атауларын ғана кездестірдік [137, 1, 1сыртқы п.]. Ал 1940 жылы Қаз ССР мұрағатына сақтауға жіберілген Қазан төңкерісіне дейінгі қорлар тізбесінде тек екі қордың: «Орал облыстық статистикалық бюросы 1889-1916 жж. 30 ед.» және «Торғай-Орал қонысаударушылар ауданы. Орынбор қаласы. 1906-1917 жж. 48 тізімдеме» ғана орталыққа жіберілгені жазылған [138, 1-7 пп.].

1905 жылдың 10 қаңтарындағы кезекті мәжілісінде А.Л. Аниховский қызмет бабымен соңғы іс-сапарының Пенза қаласында болып, оның Мұрағаттық комиссиясының мұражайын көргендігін айтады. Мұражайы жеке меншік кең үйде, қаланың ортасында орналасыпты. Пенза мұражайының меңгерушісі ОҒМК-ның мұражайының көшірме заттарымен алмасып, жалпы байланыс жасап тұруларын өтінгенін жеткізді. Осыдан кейін Орынбор мұражайын да орталыққа бөлек ғимарат алып көшіру туралы ұсынысын білдірді. Одан әрі осы мәжілісте А.В. Васильев шағатай тілінде жазылған Шыңғыс хан туралы қолжазбаны орысшалап аударуда екендігін хабарлады. Комиссия А.В. Васильев аударған орысша аудармасын Торғай облыстық басқармасынан 350 дана етіп бастыруға шешім қабылдады. Сонымен бірге А.В. Васильевтің «Сұлтан Қайыпқали Есімовтың қашуы» атты мақаласын тыңдады. Мақала кейін 1905 жылғы «Торғай газетінің» № 36 санына жариялады [257, с. 262].

Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы мұражайының этнографиялық бөліміне жергілікті тұрғындардың жазбалары, жылнамалар, мемуарлар, өлең, жұмбақ, мақал-мәтелдер жинақтары, өлкенің өткен тарихына байланысты тұрмыстық аңыз-әңгімелер және т.б. жинақталынды. Осы 1906 жылда мұражайға түскен заттардың ішінде С.А. Подьяконовтың қорғаннан табылған заттары, ерлер гимназиясы оқушылары даярлаған көне ақшалар, К.И. Шендельден жапон иені және П.С. Исаенконың Түркістаннан алып келген тал бесіктің ағаш шүмегі де бар еді [262, с.11]. 1906 жылы 23 наурыздағы Комиссияның кезекті мәжілісіне қазақтың әншілері Қазақбай мен Көшелек қатысады. Әншілерге Баратулов аудармашылық қызмет атқарған. Мұрағаттық комиссия әншілерді В.В. Карлсонға тапсырма беріп алдыртқан. Мәжілісте В.В. Карлсон алдымен, екі әншінің өмірбаянымен таныстырып, екеуінің орындауындағы өлеңдер тізімін берген және репертуарларында кейбір бұрын-соңды естілмеген әндер барын айтады. И.С. Шукшинцевтің сүйсіне жазғаны, Комиссия төрағасы қазақ әншілерінен ән айтуды сұраған кезде, екеуі де сол жерде жалма-жан суырып салып, жолда көрген, білгенін әнге қосқан әншілердің өзге тілдің қоспасынсыз таза қазақ тілінде шырқағандығын, ең құндылығы да осы деп қазақ мәдениетінің ұлттық тілінің таза сақталуын және суырып салма ақындық өнерін жоғары бағалайды. Комиссия төрағасының

әншілерді елден алдыртқан мақсаты қазақ әндері мен жырларын бұрын-соңды басылмаған, естілмеген және бір әннің бірнеше варианты болса, тарихи-этнографиялық мәні бар өлеңдерді жазып алуға шешім қабылдап, оны ұйымдастыруды А.В. Васильев пен Т.И. Седельниковқа реті келсе, ал жазып алуды А.П. Граға, Г.П. Эстерройхқа айтып, жаңа әндерді әуенімен нотаға түсіруді тапсырады. Комиссия елден келген әншілерден қазақ әндерін жазып алу үшін 10 күндей Орынборда кідірте тұруды ұйғарады. Мәжіліс соңында әншінің үлкені Қазақбай мәжіліске жиналғандарға күй орындап берген [276, с. 34-35].

1906 жылғы құнды коллекциялар қатарында И.А. Кастаньенің қазақ даласына жасаған сапарынан кейінгі Комиссия мұражайына сыйлаған Аралдың теңіз үйрегінің тұлыбы және аса буланған жыландар, кесірткелерді атауымызға болады [262, с. 65].

1907 жылы Комиссия мүшелерінің ынтасымен мұражайға тарихи құндылығы бар көне заттарды табыстауға халықтың ынтасы арта түсті. Оның үстіне халық заттарын азғана ақшаға болса да сатты, соның нәтижесінде 547 жаңа экспонат келіп түсті, олардың ішінде: А.И. Добросмыслов «Тарих, археология және этнография қоғамының Хабаршысына» жариялап жазған Торғай қаласындағы үш балбал тастарды мұражайға сыйлаған. Ғылыми мекеме толық мүшесі М.В. Шкунов мұражайға сыйға Байтақ моласынан ру таңбасы бейнеленген кірпіш алып келген. Байтақ моласының орналасқан жері Орал облысы, Жиренқопа болысындағы №8 ауыл үлкен Қобда өзенінің құйылысындағы Бақбақты өзенінің жағасында екен. Келесі тапсырған дүниесі 2 жебе, оның бірі сүйектен жасалған ерекше пішінде, ал екіншісі жезден жасалған екен. Д.Н. Соколовтан Кузнечной қаласының қорғанының фотосуреті, комиссия мүшесі Ф.Г. Каримовтан 23 күміс және 11 жез ақша Бүгілме уезінің татарынан алынған орамал, сүлгі және ер адамның тақиясы, онымен қоса ол әйел адамның сүйекке орындалған негізі күміс, сыртынан алтын жалатылған және үстіне бирюза тасын орнатқан шебер орындалған 2 әшекей бұйымын тапсырған [276, с. 26-29,73]. Осы жылдың 28 наурызында Торғай облыстық басқармасы мұражайға 1896 жылғы Нижегород қаласындағы көрмеден қалған мұражай бөлімінің заттарын тапсыратынын хабарлады.

1907 жылы ОҒМК мен ИОГҚ Орынбор бөлімшесінің біріккен мәжілісі негізінде құрылған Орынбор өлкесінде мұражай құрылысы комиссиясының отырысы өтті. Мұражай комиссиясының төрағасы В.Г. Калинин жүргізіп, сөз сөйлеген. Ол «Орынбор өлкесінде мұражай ашу қазіргі кездегі ең басты мәселелердің бірі. ИОГҚ Орынбор бөлімшесі мен ОҒМК бай кітапханасы мен жинақтаған коллекцияларын өлі капитал ретінде бағалауға болады. Өйткені, оларды Орынбор губерниясы, Орал және Торғай облыстарының халқы пайдалана алмауда. Олардың ағартушылық және тәрбиелік мәні жоқ дейміз. 2 қоғамның да жылда табатын мүшелік жарналары тек қана олардың еңбектерін жариялауға ғана жетеді, кейде оған да жетпей еңбектер 2-3 жылға кешігеді. Тіпті аталған қоғамдар өздерін қыста жылытатын көмірді де ала алмайды, ал мәжілістерді әр мекеменің басшыларының қолдауымен солардың бөлмелерінде өткізіледі. Мұражай құрылысы архитекторы Б.С. Сыровтың есептеуінше 450

сажын жерге 100 руб. - 70000 руб. керек. Оны қоғамдар жағдайы көтермейді. Орынбор қаласы Думасы қолдап, жер бөліп бергенмен оған қаржы болмады. Сондықтан мүмкіндігі барлардан қаржы жинауды қолға алсаңыз. Губерниялардан рұқсат алдық. Табылған қаржы Орынбор мұрағат комиссиясына, Орынбор өлкесі мұражайы құрылысы комиссиясына аударылса деген ұсыныс айтамыз» деп ойын аяқтады [277, 30-31 pp.].

Осы жылы ИОГҚ Орынбор бөлімшесінің төрағасының іс жүргізушісі кадет корпусының мұғалімі К.П. Ягодовский Екатеринбург қаласындағы Орал жаратылыстану әуесқойлары қоғамына хат жолдап, ондағы мұражайдың құрылыс жоспарларын, сметасын т.б. қажетті құжаттарын сұрады. Бұл хатқа 1907 жылдың 15 желтоқсанында Екатеринбургтен келген жауаптан олардың да тау-кен өндірісіне қарасты мекеменің бір бөлмесінде екендігін, өздерінде де жағдайдың қиындығын байқаймыз [277, 32-34 pp.].

1907 жылы Комиссия мұражайының экспонаттарының саны 5 000 данаға жетті. Ең басты мәселе бұл жылы Комиссия үшін мұражайды кеңейту, болашақ мұражай үйінің жобасына конкурс жариялады. 1907 жылы мұражайға 520 адам ақылы келсе, 1000-ға жуық оқушылар тегін жіберілген.

1908 жылғы Мұрағаттық комиссияның бір жылдық есебін жүргізуші П.А. Незнамов жасаған. Бұл жылы комиссия төрағасы болып А.В. Попов, іс жүргізушісі болып осы жылдың 22 сәуірінен 22 қыркүйегіне дейін П.И. Цыпляев, одан соң П.А. Незнамов, қазынашы А.А. Курашкевич, кітапханашы А.П. Гра сайланған. Бұл жылы мекеме мүшелігіне Қазан тарих, этнография, археология қоғамынан Н.Ф. Катанов және Императорлық Археология институтының мүшесі В.Я. Толмачев сайланды. Осы жылғы Комиссия мұражайының есебіне тоқталсақ мұражайға жаңадан келіп түскен заттарды мұражай күтушісі П.И. Цыпляев көне дүниелерді бірінің үстіне бірі жатпайтындай орын тауып үлестіре қою үшін, біраз жұмыстануға тура келген. Сирек кездесетін костюмдер тағы өзге де киімдер кітапхана бөлмесіне үстел үстіне қойылған, ал көптеген тігілген заттар сандыққа салынып орын жоқтықтан сарайға не болмаса, аулаға қойылған. Комиссия мүшелерінің пікірінше, бұндай әбігершіліктен құтқарар бір-ақ жол мұражай үшін жаңа ғимарат салу деген шешімге келді, тіпті олар мұражайдың салынар болашақ ғимараты үшін ақша жиыстыра бастады. Егер осылай жалғаса берсе мұрағат пен кітапхана сияқты мұражай да көпшілікке есігі жабылып, тіпті заттар қабылдауды тиюға тура келетіндігін әңгімеледі. Әйтсе де жылдан-жылға мұражайға деген халықтың қызығушылығы ерекше еді. Осы жылы 500 адам және 2000 жуық оқушылар мұражай экспонаттарын тамашалады. Комиссия мұражайына арнайы рет санымен тізбеленген 67 зат келіп түсті. Оның ішінде В.А. Перовскийдің Н.А. Рогожинадан алған жорық үстелшесін сыйға тартылды. А.Л. Аниховский жұмыс бабымен Орынбордан басқа қалаға ауысып, мұражай күтушілігіне П.И. Цыпляев пен В.Я. Толмачев қалдырылды [140, с. 9-10]. Осы жылдың 21 қазанында кезекті мәжілісте мұрағат мұражайының жұмысына В.Я. Толмачев баяндама жасап, мұражайдың ішіндегі кейбір көне заттарды фотосуретке түсіруге рұқсат алған. Ол бұл істің бірден орындалуы қиынға түскен себебін көне заттардың рет саны ауысқанымен, кейбір

экспонаттардың өте ұсақтығымен түсіндіреді. Одан әрі В.Я. Толмачев заттарды бірнеше топтарға бөліп, рет санын картонға жазып, тігіп қондырған. Бұндай әдіс Императорлық Археологиялық Комиссияда және Археологиялық қоғамның мұражайында осы жүйемен рет саны белгіленгендігін айта кетті. Оның өтініш етуімен фотограф Норвилло көне заттардан Комиссия мұражайына альбом жасақтаған. Сонымен В.Я. Толмачев ОҒМК мұражайы бөлімдерін жүйелеуге көмегін тигізді [140, с.61].

1908 жылы 22 қарашада Санкт-Петербургтегі Академия ғылымдарының зоологиялық мұражайы директоры ИОГҚ Орынбор бөлімшесіне мұражайға сыйлыққа берген балықтар коллекцияларына алғысын жеткізген [277, 28 п.].

1908 жылы И.А. Кастанье Сырдария облысындағы қираған көне қала Сунақ-Ата орнынан 2 жез ақша және керамиканың бірнеше түрін әкеліп тапсырған. Мұражайға жыл сайын келетін адамдар саны да артып отырды.

1909 жылы Мұрағаттық комиссия мұражайы бұрынғы күйінде тұрған, ал мұражайға үйіп-төгіліп жыл сайын заттар келетін. Осы жылы мұражай күтушісі П.И. Цыпляевты И.А. Кастанье мен М.М. Гельдт ауыстырды. Мұражай күтушілері, алдымен, мұражайдың нумизматикалық коллекцияларын ретке келтіріп, қайтадан тізімін жасады. Ауладағы мұражай коллекциялары реттелген. Есепті жылда мұражайға сыйға тартқан заттардың рет саны бойынша 123-ке жетті.

1910 жылы Мұрағаттық комиссия төрағасы А.В. Попов, төраға көмекшісі И.А. Кастанье, іс жүргізушісі 9 шілдеге дейін П.А. Незнамов, одан кейін И.С. Шукшинцев, қазынашы Л.Л. Курашкевич, кітапханашысы А.П. Гра болды. Ал бұл жылы мұражай күтушісі И.А. Кастанье М.М. Гельдтпен бірігіп, барлық монеталар мен медальдарды реттеп тізімін жасап шыққан. 1910 жылы комиссия мұражайына 63 зат сыйға келіп түседі. Осы жылғы мұражай қорына: 1) 1868 жылғы 2 мамырдағы Самарқанд қорғанын алу үшін жасалған жорықтағы Түркістан әскери округінің әскерилеріне арналған В.Н. Бутовскийдің № 3058 бұйрығы; 2) В.Н. Блудоровтан № 3059 тізімінде «Кесене» атты көне ескерткіштің фотосуреті тапсырылған; 3) Ғалым ботаник Н.В. Андросов Орынбор комиссиясының мұражайына өзінің гербарийін сыйға тартқысы келетінін хабарлап, беріп жіберген. Бұл сый № 3067 рет санымен белгіленіп, Түркістан өлкесінің түрлі өсімдіктерінен жасалынған. Гербарийін 4 бума папкаға орналастырып, әрбір бумада 50 данадан әр түрлі өсімдіктердің гербарийі салынған; 4) № 3078 рет санымен белгіленіп турдың мүйізі мен бас сүйегі Торғай облыстық басқармасынан жеткізілді [233, с.184].

Мұрағаттық комиссияның мұражайындағы экспонаттар орынның тарлығынан бірнеше бума жәшіктерде тұрды. Әлденеше рет Мұрағаттық комиссияның мұражайына мекемелердің берген экспонаттарын алуға мүмкіндіктері болмады. Мысал келтірсек, П.П. Сухтелен кезеңінен келе жатқан ағаш сарайдағы зоологиялық коллекцияларды мұражайға кіргізу мүмкіндігі болмаған. Әсіресе, ең қымбаттысы қазақ даласының жабайы жылқысы - тарпаңның тұлыбы сынды бір данадан тұратын экспонаттар құрып кету жағдайында шаң басып, құрт түсіп, дымқылға ұшырағандығын комиссия

төрағасы мәжілісте қоғамдық, әкімшілік қызметтегілерге қайта-қайта естеріне салған [242, 71 п.].

Комиссия толық мүшесі И.Г. Кириллин Торғай облысының Ырғыз уезінен тас ғасырына жататын өте қызықты коллекцияларды комиссия мұражайына беріп жіберген, әйтсе де олар да жәшікте қалған.

Комиссияның толық мүшесі А.И. Добросмыслов Торғай облысынан көптеген этнографиялық және ішінара археологиялық коллекциялар жинап, өз бағасымен 1000 руб. ұсынған, бірақ Комиссия қаражат тапшылығынан бас тартқан [242, 72 п.]. Кейіннен Орынбор мұрағаттық комиссиясы А.И. Добросмысловтың этнографиялық коллекциясының тізімін алдыртып, онда 111 заттың аты тізіліп, кейбіреуінің санының ең көбі 14 данаға дейін жеткен. Мысалы, балбал тас 1^{1/2} пұт 1 дана, 3 түрлі дулыға, 3 түрлі сауыт, 7 қылыш, айбалта, найза, масақ, оқ мылтық, қобыз, домбыра, сәукеле, қыз бөркі, тақия, ер бөрік, кездемелер, шалбарлар, халаттар, түйе жүнінен тігілген жабағы, шапан, қолғап, масахана, күрте, құран, бесік, қант дорба, ақша дорба, қолдиірмен, күбі, саптыаяқ, торсық, шақша, шөміш, кесе, текемет, киіз, бас құрық, қой шекпен, түйе шекпен, күйек, тұмарша тағы өзге де қазақтың тұрмыстық заттары тізбектеліп кете береді [89, 5 п.].

1911 жылы Орынбор өлкесінің мұражайын салуға арналған құрылыс комиссиясының есебі қалалық Думаға ұсынылды. Императорлық Санкт-Петербургтегі Архитекторлар қоғамына жіберілген Орынбор өлкесінің мұражайының жобасы премияға ие болып, мемлекеттік қазынадан мұражай құрылысына 50 000 руб бөлінген [242, 19 п.].

Мұражай ғимаратын тұрғызу үшін жергілікті әкімшілік қаланың жақсы жерінен 600 шаршы сажын жер берген және оған қоса 25 мыңға мұражай қызметкерлеріне арнап пәтер салынбақшы болды. Мәжіліс барысында құрылыс комиссиясының төрағасы В.Г. Калинин архитектор П.И. Овчаренко құрастырған «конкурс бағдарламасымен» таныстырды. Ол бойынша 1912 жылдың 1 ақпанына дейін Императорлық Архитекторлар қоғамына ғимарат жобасын тапсыруы тиіс еді. Сол тапсырған жобалардан 3 жоба ғана үздік танылып, сыйақыға ие болады: 1 сыйақы – 700 руб., 2 сыйақы – 500 руб., 3 сыйақы – 300 руб. Комиссия осы жобалардан 100 рубьтан мұражай құрылысына жіберуге шешім шығарды. «Орынбор өлкесі мұражайының» ғимаратының жобасын құрудың конкурстық бағдарламасы: 1) Орынбор өлкесі мұражайының болашақ ғимаратына ИОГҚ Орынбор бөлімі мен ОҒМК орналаспақшы болды ; 2) Ғимарат ішінде Мұрағаттық комиссия орналасатын бөлмелерінің атаулары да, заты да, аты да сай болуы қажет: көне тас ғасыры, көне жез және темір ғасыры, өнер ескерткіштері, діни археология, шығыс бөлімі, граф Перовский бөлмесі, келген коллекцияларды жиыстыратын бөлме, көлемі 4 кв. сажын 100.000 - нан аса кітап сақтайтын орын, Мұрағаттық комиссия мәжіліс құратын бөлмелері жоспарланды.

Жаңа жоба бойынша мұражай ғимаратына 700 кв. сажын, құрылыс құны 100.000 руб. ақшаға баланды. Мұражайдың келбеті автор қиялына байланысты, жоспар бойынша кітап сақтайтын бөлмеде міндетті түрде кітап сәресі жоспарда көрсетіліп және ғимарат өртке төтеп беретін болуы керек. Жобада барлық

қатар, фасад, жоба көлемі 2 сажын дюймамен есептелуі шарт және ғимарат сызбасымен бірге ішкі бөлмелерін түсіндірген түсіндірме жазбасы қатар берілуі керек. Жоба ешқандай авторлық қолсыз, ұранмен берілуі тиіс және ұсынылған жобамен бірге жабық конверт, онда автордың аты-жөні көрсетілуі қажет. Жобаның соңғы мерзімі 1912 жылдың 1 ақпанына дейін белгіленген.

Сонымен Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы 1911 жылы болашақ мұражай жобасын жіберген [242, 2,18 пп.]. Кейіннен Орынбор өлкесі мұражайының ережесі бекітілді [242, 55,56 пп.]. Комиссия мұражайы жыл сайын сыйға бірнеше экспонаттар қабылдап жатты. Әйтсе де, бірінің үстіне бірі әкелінген экспонаттарға тиісінше көңіл бөліп, мұражайдың тар бөлмесіндегі тығылысқан көненің тарихи мұраларын өз бабында ұстап, күтуге мүмкіндік болмады. 1911 жылы Комиссия мұражайы құнды заттармен толықты. И.А. Кастаньенің Орал облысындағы археологиялық қазбалардан және шаруалардың рұқсатынсыз өздіктерінен қорғандардан қазып, ұрланған заттарды тәркілеуінің нәтижесінде Комиссия мұражайына 100-ден аса заттар тіркелді. 1911 жылдың 25 мамырында Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы мен Императорлық Орыс Географиялық қоғамының Орынбор бөлімінің бірлескен мәжілісі өткізілді. Мәжіліс болашақ мұражайдың құрылысы үшін құрылған комиссияның қазынашысы етіп Н.Н. Модестовты тағайындады. Мұражайға байланысты құрылған құрылыс комиссиясына хатшы П.А. Воронцовскийдің мәлімдеуі бойынша, Орынбор өлкесінің мұражай құрылысына мемлекеттік қазынадан 25 000 руб., Орынбор губерниясының Орал және Торғай облыстарынан 70 000 руб., Орынбор және Орал казак-орыс әскерилерінен және Орынбор өлкесінің қалаларынан 38 000 руб., барлығы 133 000 руб. ақша жиналған [234, с. 45].

1911 жылы И.А. Кастаньенің мұражай күтушісі қызметі кезеңінде мұражай жұмысы жандана түсті. Ғалым мұражай экспонаттарын 3 топқа бөліп: біріншісі, 1911 жылғы жаздағы Орынбор уезіндегі қорғандардан жабайылықпен қазып алынған көне заттар сипаттамасын берсе, екіншіден, палеонтологиялық заттардың сипаттамасын жазып, реттеген, үшіншіден, нумизматика бөлімі бойынша мұражайдағы монеталар мен медальдардың каталогын жасақтады. Осы жылы Мұрағаттық комиссия мұражайына келіп түскен заттар арасында қазақ даласының тарихи ескерткіштері де бар: 1) Самарқандтағы Бибі ханым мешітінің 3 көсек әшекей тасы; 2) 1898 жылы Торғай облысы, Ақтөбе уезіндегі қорғаннан табылған бас сүйегі; 3) Сырыққа қадаған ат тұяғы (жолға шыққанда алып шығар қазақ бойтұмары – Ұ.А.); 4) Орал облысы, Орал уезінің көне қорғанды қазған кезеңде шаруалардың тауып алған заттары (шаруалар бастығы Ф.Я. Поповтан алынған) Міне, осылайша санамалап кете берер құнды қазақ тарихы мен этнографиясынан хабар берер заттай дерек көздері жетіп артылатын еді. Осы жылы мұражай сақтаушысы И.А. Кастанье мұражайды ретке келтірумен айналысты және 581 адам мұражайды тамашалауға келген [234, с. 21,25].

1912 жылы Комиссия мұражайына биыл да тарту еткен заттар ішінен 21 атаулы зат және сыйға тартқан ақшалар тізімі жарияланған. 1912 жылы 10 мамырда Комиссияның 25 жылдығын атап өтуге арнайы комиссия құрамын

бекітілді. Комиссия құрамына А.В. Попов, М.Я. Божуков, А.П. Гра, И.С. Шукшинцев, И.А. Кастанье, Л.Л. Курашкевич, В.П. Чернов, Н.Н. Модестов кірген. Осы жылдың 1 желтоқсанында кезекті мәжілісінде П.И. Рычковтың 200 жылдық мерейтойына арналды. Комиссия төрағасы А.В. Попов П.И. Рычковтың өмірбаянына, ғылыми қызметіне тоқталды. Бұл күні комиссия құрамына Ақмола облысынан қазақ мектебінің мұғалімі Хасан Алиев мүшелікке қабылданды. 1912 жылдың 15 желтоқсандағы мәжіліс Мұрағаттық комиссиясының 25 жылдық мерейтойының әзірлігі талқыланды [234, с. 202-209]. Оның қорытындысында 1913 жылдың 12 мамырдағы мәжілісі ОҒМК 25 жылдық мерейтойына арналды.

ИОГҚ Орынбор бөлімшесінің іс жүргізушісі П. Воронцов Мемлекеттік Дума хатшысына «Қоғам төрағасы М.М. Эверсманнның Торғай облысына кетуіне байланысты Сіздің сұрауыңыз бойынша 1911, 1912 жылдардағы мұражайды салушы құрылыс комиссиясының есебін жолдап отырмын. Есептен байқағанымыздай, қазір құрылыс комиссиясы мұражай салу үшін жер алды. Жер құны шамамен 50000 руб. Орынбор өлкесі мұражайы жобасының құны – 18000 руб. Бірақ құрылысты бастауға қаржы жоқ. Қазір кассада 360 руб. қана бар. 1911, 1912 жылдары елде егін болмады. Сондықтан да қайырымдылық болмады» деп хабарлауға мәжбүр болды [278, 43 п.].

1914 жылы 20 қаңтарда төраға А.В. Поповқа Англиядан Гарвард университетінің мұражайынан хат келді. Хатта мұражай коллекцияларын, кітаптар, басылымдар алмасу ұсынысы көтерілді [279, 13-14 пп.].

1914 жылдың 7 мамырындағы мәжілісінде төраға Санкт-Петербуркте өткен Мұрағаттық комиссия өкілдерінің съезі туралы айтып, алдағы міндеттерге назар аударған. Бұл съезге 31 Мұрағаттық комиссия мен 3 Археологиялық қоғамдар қатынасқан. Съезд күн тәртібінде: 1) жергілікті мұрағаттарды қадағалау; 2) Губерниялық мұрағаттық комиссиялардың қызметін анықтау; 3) олардың материалдық жағдайы; 4) Губерниялық тарихи мұрағаттарды ұйымдастыру; 5) Губерниялық ғылыми мұрағаттық комиссиялардың қызметін біріктіру мәселелері көтеріліп, талданды.

1914 жылғы I дүниежүзілік соғыстың басталуы Орынбордағы жаңа мұражайға арналған ғимаратты салу мәселесін кешеуілдетті. Дейтұрғанмен, Г.Х. Еникеевтің жұмыстануымен Комиссия жылына 3000 руб. қарыз ақша алуға қолын жеткізді. 1915 жылдың қарашасында Артиллерийский қиылысындағы Батраковтар үйінен мұражай мен кітапханаға жылына 1180 рубльге жалдауға қол жеткізді. Бұл жылы да мұражайға қазақ елінің көне жәдігерлері көптеп түсе бастаған, мәселен, С.В. Подрезан 2 қазақ найзасының темір ұшы мен 2 жебесімен сауыт және 1 қолшоқпар тапсырған. 3 моншақ-Сырдария облысының Шымкент уезінің Машаев ауылының жанындағы Батыр Ата қорғанынан табылған. Оны шымкенттік өзбек К. Қорастобаев сыйға берген. 1913 жылғы Ырғыз уезіндегі қазылған қорғаннан табылған түрлі заттарды Н.М. Петровский сыйға тартқан. Ал В.В. Поповтан Перовск маңынан табылған жабайы қабанның басы келіп түскен. 1915 жылы Н.Н. Модестовтың «Орынбор өлкесінің мұражайы тарихынан» очеркі баспахана жұмысының және қағаз құнының көтерілуіне байланысты басылмай қалған [238, с. 80 - 86].

1916 жылғы Мұрағаттық комиссия төрағалыққа А.В. Поповты, төраға көмекшілігіне Н.Н. Модестовті, іс жүргізуші және кітапханашыға А.П. Граны, қазынашылығына Л.Л. Курашкевичті, мұражай күтушісіне М.М. Гельдтті сайлады. Осы жылы халық мұғалімдері П.П. Ходыров және С.М. Фатихович комиссияға мүше болды. Мұрағаттық комиссия хаттамалары 1917 жылдың ақпанында жазылған. 1916 жылғы Ғылыми мекеменің кезекті отырысындағы 6 баяндаманың бірі Н.Н. Модестовтың «Первоначальное устройство Оренбургского музея при Неплюевском военном училище в связи с другими Оренбургскими музеями» атты тарихи очеркі тыңдалғаннан кейін мекеме мүшелері еңбектің атын «Орынбор өлкесі мұражайының тарихынан» деп ықшамдап өзгерткен [239, с. 245].

1916 жылы Комиссия мұражайы мен кітапхана жалдаған Артиллерийский қиылысындағы Батраков үйінде орналасты. Ал геология және нумизматика бөлімі Жайық жағасындағы ескі мұражайда қалды. Мұражайдың бас сақтаушысы А.В. Попов болды. Палеонтология бөліміне – Д.Н. Соколов, минерологияға – Б.Н. Наследов, археология және этнографияға – А.В. Попов, нумизматикаға – Ю.Н. Строгов пен М.М. Гельдт, қару-жарақ, тұлып, мүйіздер бөліміне – Ю.Н. Строгов, көркемөнер бөлімінің меңгерушілігіне – Б.А. Мухин, қолжазбалар бөлімінің меңгерушілігіне – Е.А. Бурцев, шіркеу археологиясы бөліміне – Н.Н. Модестов басшылық етті.

Сонымен Орынбор өлкесінің мұражайының жаңа ғимараты қалың көпшілікке 1916 жылы 6 қарашада ашылды. Кіруі халыққа тегін болды. Мұражайдың халыққа қызмет көрсету уақыты сағат 12-ден 3-ке дейін болып белгіленді. 1916 жылдың 6 қарашасынан 1916 жылдың 31 желтоқсанына дейін 825 адам қатынаған. Алғашқы таныстыру экскурсиясын А.В. Попов жүргізген. Осы жылы мұражайға 53 экспонат тапсырылды. Оның ішінде тұтас коллекциялар да болды. Мысалы, Торғай облысынан жиналған этнографиялық коллекцияларды И.А. Кастанье тапсырған. Тапсырылған экспонаттар ішінен ең сәндісі қазақ бойжеткенінің бас киімі – сәукеле Қостанай уезінен жер өлшеушісі Ф.И. Жуковтан 50 рубқа сатып алынған. И.А. Кастанье 1911 жылғы Орал облысы, Покровское селосындағы археологиялық қазба кезінде табылған:

- 1) алтынмен қапталынған жабайы жануардың азу тісін;
- 2) басы алтыннан жасалынған шиыршық кеуекті (спиральная раковина);
- 3) отырған иттің суретін еске түсіретін жасыл тастан жасалынған мүсінді;
- 4) әйнектен жасалынған құстың басын осы жылы мұражайға тапсырды.

Бұларға қоса А.И. Добросмысловтың Торғай облысынан және Түркістаннан жиналған этнографиялық және Торғай өңірінде жүргізілген археологиялық ішінара қазбаларының бөлігі мұражайға өткізілді.

Әрине, бұл коллекциялардың ішінде қазақтың тұрмыстық тұтынатын заттарының біразы қамтылған. Атап айтсақ, 1) даладағы бақташыларға арнап бархаттан тігілген көзге киетін көзілдірік (очки); 2) көшкен кезде пайдаланатын қазақтардың киізден жасалынған ыдыс салатын ыдыс қапшық; 3) Фатих Насретдиновтен алған Ембі станциясының маңында Ембі өзенінің маңынан табылған 3 пілдің тісі: 1-уі бүтін, 2-уі сынған.

Верхнеуральск уезінен Тоғызак өзенінен табылған мамонттың 1 тісі, Перовскіден В.В. Поповтан келген жабайы қабанның бас сүйегі, Торғай облысынан келген қойдың 4 мүйізі бар бас сүйегі, Торғай облысынан Жамаледдин Хамидуллин берген жабайы қойдың басы, В.М. Поповтың берген Торғай облысынан бизонның 1 мүйізі, тағы да өзге көптеген заттарды мұражайға табыстаған [239, с. 245-260].

Сонымен 1917 жылға дейін Ғылыми комиссия жанындағы мұражай белгілі дәрежеде қалыптасып, өзіндік тәжірибе жинақтады. Бірақ елде басталған төңкерістер, әсіресе Қазан төңкерісі мен азамат соғысы жылдарында мұражайдың бірқалыпты дамуына тоқтау салды. Сол жылдары мұражайдың құндылықтары тоналып, экспонаттар тізбесі жоғалды, біраз мұражай экспонаттары қолды болды. Тек араға екі жыл салып, 1919 жылы қыркүйекте ғана Орынбор мұражайы сақталынған бар экспонаттарымен қайта ашылып, халыққа қызмет ете бастады. 1920-1925 жылдары Орынбор Қырғыз (Қазақ) Кеңестік Социалистік Автономиялы Республикасының астанасы болған кезеңде, Орынбор мұражайы Қазақстан өлкелік мұражайы деп аталынды. Бұл жылдары негізінен қазақ елінің тұрмыстық мәдениетінің мұражай экспонаттары қойылды.

1925 жылы Қазақстан Өлкелік мұражайы экспонаттары екіге бөлініп, оның бір тобы Орынбордан Қызылордаға көшірілді. Орынбор мұражайы қазірге дейін Орынбор облыстық өлкелік мұражайы деген атпен әлі де халыққа қызмет көрсетуде. Сонымен Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының мұражай ісін дамытудағы қызметін, оның мүшелерінің қажырлы еңбегін, Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ жәдігерлерінің сан түрлі экспонаттары осы мұражайдан орын тепкендігін байқадық. Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы қазақ елін ғылыми зерттеуде үлес қосқан бірден-бір ғылыми мекеме болды. Комиссияның мұражай ісі саласындағы атқарған ғылыми қызметінің біз үшін құндылығы қазақ мәдениетінің, қазақтың рухани және материалдық жәдігерлерінің мұражайда жинақталып, халық игілігіне тартылуы еді.

4 МҰРАҒАТТЫҚ КОМИССИЯНЫҢ ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІСТЕРІ ЖӘНЕ НӘТИЖЕЛЕРІ

4.1 Қазақстандағы археологиялық және этнографиялық зерттеулердің жүргізілуі

Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының қызметінде көрініс тапқан саласының бірі археологиялық және этнографиялық зерттеулерді ұйымдастыруы еді. Археолог Ф.Д. Нефедов 1887 жылы 19 қазанда Статистикалық комитеттің ашық мәжілісінде Орынбор өлкесінің археологиялық маңызы туралы сөз сөйлеген болатын. Дәл соның алдында Ішкі Істер Министрлігі 1886 жылы 16 шілдеде Орынбор губерниясы басқармасына нұсқауын жіберді. Онда Археологиялық институт құнды көне заттарды, ескерткіштерді сақтау мақсатында, әсіресе, археологиялық маңызы бар барлық дүниелерді жинауға жар салғандығы анық жазылды. «Ескерткіштер біртіндеп жойылып жатыр» деп институт ғалымдары Ішкі Істер Министрлігінен көмек сұрағаны жеткізілді. Ішкі Істер Министрлігі табылған заттарды тізімдеп, 1884 жылғы 13 сәуірдегі шешім бойынша Мұрағаттық комиссия арқылы Санкт-Петербургтегі Археологиялық институтқа, облыстардағы статистикалық комитеттерге тапсыруды ұйғарды. Жергілікті жерлерде табылған заттарды сот приставтары, полиция тізімдеп отыруы тиісті болды [270, 2-3 pp.]. Содан 1888 жылы ОГСК Орынбор археологиялық мұражайын құру туралы қаулы шығарды. Ал бұл кезеңде ОМФК 1889 жылы «тек облыс мұрағатын ғана емес, сонымен бірге өлкенің өткен тарихын зерттеумен және археологиялық, этнографиялық тағы да өзге мәліметтер жинаумен айналысатындықтарын» мәлімдеген-ді [280, с.65]. Ресейлік зерттеуші А.А. Евгеньев далалық Оңтүстік Орал айналасының археологиялық зерттеулер тарихына тоқталып, онда XVIII ғасыр мен XX ғасыр бас кезеңінің археологиялық зерттеулерін 4 кезеңге бөліп көрсетті: 1) – XVIII ғасыр басы академиялық кезеңі; 2) – XIX ғасырдың бірінші кезеңі көне дәуірді зерттейтін маман жетіспеушілігіне байланысты Оңтүстік Орал археологиясының зерттелмеген тұсы; 3) – XIX ғасырдың екінші кезеңінен 1880 жылдарға дейін бұл кезең XIX ғасырдағы – Оңтүстік Оралда Р.Г. Игнатъев пен Ф.Д. Нефёдов зерттеулері; 4) – XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезеңі, ОМФК археологиялық зерттеулері кезеңіне жатқызады [86, с.6]. Біздің ойымызша, бұл зерттеу кезеңі Ресей патшасының қазақ даласын отарлау саясатымен тікелей байланыста екендігі анық. Қазан төңкерісіне дейін қазақ даласына жүргізілген барлық археологиялық зерттеулерді жинақтап ғылыми айналымға шығаруда Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының атқарған ғылыми еңбегі зор деп айтуымызға болады. ОМФК археологиялық зерттеулеріне дейін Орынбор өлкесінің көне тарихының археологиялық сипаттамасын жасауға үлес қосқан тарихшы, археолог Руф Гаврилович Игнатъев болды. Орынбор мұрағатында «Минск губерниялық басқармасы» газет столының бастығы, отставкадегі губерния хатшысы Р.Г. Игнатъевтің жеке іс парағы тізбесі берілген [281, 1-6 pp.]. Ол Москвадағы шығыс тілдер институтын бітіргендіктен түркі халықтарының тарихы мен этнографиясына еркін бойлай алды. Оның «Орынбор губерниясының этнографиялық очерктері»

монографиясы жарияланбаған күйінде қалған. Р.Г. Игнатъев 1865 жылы Москва Археологиялық қоғамына мүшелікке қабылданады. Міне, осыдан бастап, Москва Археологиялық қоғамының тапсырмасымен өз қаражаты есебінен Орынбор өлкесіне археологиялық қазба жұмыстарын жүргізеді. Атасақ, Троицк, Челябині, Верхнеуральск уездеріне, Уфа қаласының шеткі аймақтарына, Уфа губерниясына және Миасс алтын өндірісі жерлерінде археологиялық зерттеулерін жүргізген. Жергілікті газеттер бетінде әрбір археологиялық зерттеулерінің қорытындылары жарияланып тұрды. Р.Г. Игнатъевтің археология саласындағы жетістігі Орынбор өлкесінің көне археологиялық ескерткіштерін ғылыми негізде алғаш рет зерттеп, жүйелеуге тырысып, өлкенің тарихи құнын бағалай алуы деп ойлаймыз. Р.Г. Игнатъев салған жол кейінгі зерттеушілер тарапынан қолдау тапты.

Ф.Д. Нефёдов 1880 жылдары археологиялық зерттеу нәтижесінде Елек өзені бассейні мен Бузулук маңының қорған ескерткіштерінен Оңтүстік Орал аймағындағы орта ғасыр дәуірі мен темір ғасырының алғашқы деректер қорының негізін салды. Археолог Тамыр – Откел мен Елға сармат дәуірінің ескерткіштерін зерттеп, Елек өзенінің бойындағы половецтер археологиялық ескерткішін тапқан. Кейін археолог еңбектерін кеңестік дәуір археологтары М.И. Ростовцев тағы өзге де ғалымдар зерттеу жұмысын аяқтап, ғалым еңбегін ғылыми айналымға қосқан [86, с. 8].

1894 жылдың көктем айынан бастап комиссиядан Орынбор губерниясының территориясынан қорғандарда қазба жұмысын жүргізуге рұқсат сұраған адамдардың саны артты. Қазба жұмысына 4 адам рұқсат сұраса, оның біреуіне беруден бас тартқан. Қазба жұмысына мүмкіндік алған А.В. Поповқа, Челябині уезінің ауыл шаруашылық училищесінің мұғалімі Бурунов және Челябині уезінің 6-шы участогының земство бастығы Г.Н. Мулюковке берген. Осылардың ішінен бірінші болып қазба жұмысын жүргізген А.В. Попов болды. Ол Сақмар өзенінің жанындағы жанындағы қалалық саяжай қасынан « Шихан» қорғанын, мұғалім Бурунов Троицк уезіндегі Вознесенск ауылына жақын жердегі қорғанды қазған. Барлық табылған заттар комиссия мұражайына өткізілген. Ал Броневский мен Милуковтар қазбасы туралы еш мәлімет болмаған [46, с.7].

1897 жылы 3 шілдеде кезекті мәжілісінде Комиссия мүшесі Д.Н. Соколов Елек өзенінің оң жағалауындағы табылған қорған туралы баяндады. Бұл төрт қорғанда жолдан қашық емес, жанында Өлітүз атты тауы бар. Жергілікті тұрғындардың аңыз бойынша бұл тауда тас тұз бар, құдай тұзды таспен жапқан. Осы аңызға байланысты ел арасында өлең де шығарған [251, с. 200].

1897 жылғы 1 тамызда Комиссия төрағасы П.П. Бирк Берді поселкесінің жанындағы « Шихан » қорғанының қазба жұмысын аяқтау 20 руб. бөлгізген. Бұл қорғанды қазуға Комиссия төрағасы А.В. Поповтың өзі қатысқан. Төрағаға қорғанда қазба жұмысын жүргізуге қалалық мал соятын жердің меңгерушісі Ефимов және мейрам күндері сол мекеменің жұмысшылары көмектескен. Осы жылғы есептік жазбасында Мұрағаттық комиссия жүйелі археологиялық қазба жұмысын жүргізбегендігін, осы жылы Орынбор, Челябині, Троицк уездеріне ғана қазба жұмыстарын жүргізгендерін мойындады. Жүргізілген зерттеулерден

төмендегідей заттар табылған: адамның бас сүйегі, қыштан, тастан жасалған ыдыстар, темір қару-жарақ, мыс жебенің ұшы, т.б нәрселер комиссия мұражайына тапсырылған.

1898 жылғы 27 қаңтарда жылдық мәжілісіндегі хаттамасында А.В. Поповтың қазба жұмысы кезінде табылған көне құмыраларды фотограф Норвилло тегін фотоға түсіріп берген. Осы жылы Комиссияның құрметті мүшелігіне Қазан мұғалімдер семинариясының оқытушысы археолог, әдебиетші Филипп Диомидович Нефёдов сайланды [282, с.6]. Ф.Д. Нефёдов ХІХ ғасырдың 70 -80 жылдары Жаратылыстану, антропология және этнография әуесқойлары қоғамының тапсырмасымен Орынбор өлкесінде археологиялық және этнографиялық зерттеулер жүргізген. Атасақ, Каменная Озерная станциясына, Торғай облысының Елек өзені жағалауларына, Орынбор казак әскерілерінің жерлеріне, Жайық, Елек өзендерінің аралығына, Самара губерниясының Бузулук уезінің Новосергиевская және Сорочинск болыстарында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген [25, с.94].

1898 жылы Комиссия П.С. Назаровқа Торғай облысы, Ақтөбе уезіндегі және Орынбор губерниясы Орск уезіндегі қорғандарға қазба жұмысына Археологиялық қоғамнан рұқсат қағазын алып берген. Бірақ зерттеулер толыққанды болмады.

Мұрағаттық комиссияның мүшелері Орынбор өлкесіндегі тарихи ескерткіштерді сақтап, тізімдеп қалуды ойлағандықтан 1899 жылдың 2 шілдесінен 1899 жылдың 28 қыркүйегі аралығындағы Орынбор губерниясының мектеп мұғалімдерін, діни қызметкерлері мен земство басшыларын жұмылдырып, сауалнама жауаптарын ұйымдастырған [220, 1,3- пп.].

1900 жылы 1 қаңтардағы есеп бойынша сауалнамалық сұраулар ұйымдастырылып, Орынбор губерниясында көне қорғандарға өте бай екендігі белгілі болды. Әйтсе де, бұл қорғандардың атасақ, Челябині, Троицк уездеріндегі қорғандардың көпшілігі байлық іздеп тонағандығын көруге болады. Осы жылғы есеп бойынша, Орынбор епархиясының XXVII округінің пірәдарлары Инфантьевтер комиссия арқылы Челябині уезінің Редут селосының саяжайы қасынан археологиялық қазба жұмыстарына рұқсат алған. Сонымен Челябині уезінде археологиялық қазба жұмысын жүргізген пірәдарлар Александр мен Илья Инфантьевтер, алдымен, Редут селосының, онан соң Ерохинский қасындағы қорғанға жүргізген. Табылған заттарды комиссия мұражайына әкеліп, темірден жасалған заттар және сүйектер, қыш ыдыстарды тапсырған, ал екінші қорғанның қазба жұмысы нәтижесіз болған [273, с.131].

Мұрағаттық комиссия төрағасы генерал-майор П.П. Бирктің 1900 жылы 27 наурызда № 310 қатынас қағазымен ОФМК қорғаушысы, Орынбор губернаторы Ф.Я. Барабашқа жазған хатында: «Сізден Мұрағаттық комиссия көктемгі өзен, көл жағалауларын, сайларды тексерген кезеңде адамның жануарлардың сүйектері, мүйіздер, темір, мыстан жасалған көне заттар, қыш ыдыстыр, тіпті сынықтары болса да, тас балта, балға, садақтың оғы, көне қарулар: қанжар, найза, қалқан, шоқпар және күміс, мыс монеталар тағы басқалары. Егер осындай көне заттар кездесе, комиссия мұражайына әрбір

заттың нақты қашан, қай жерден табылғандығы жөнінде мәліметтерімен қоса жеткізуіне көмек сұраймыз», - деп өтініш жасаған еді [283, 7 п.].

ОҒМК 1901 жылы 21 наурызда Москвадан Орыс Фотографиялық қоғамның төрағасы К.А. Фишерден хат алған. Ол хатында осы жылдың 19 наурызында Комиссия мүшелігіне қабылданғанына ризашылығын білдірген және 3 сом жарнасын төлеп жіберген [225, 12 п.]. И.С. Шукшинцевтің 1901 жылғы 22 сәуірдегі К.А. Фишерге жазған жауап хатынан байқағанымыздай, Ф.Д. Нефедовтың Орынбор губерниясы мен Торғай облысындағы археологиялық қазба кезеңінде К.А. Фишер онымен бірге жүріп, қазып жатқан қорғанды, табылған заттарды фотоға түсірген, енді альбомын комиссияға жіберуін сұрайды [225, 17 п.].

1901 жылы 21 мамырында Мұрағаттық комиссияға Ақтөбе қаласының мешанині Филипп Петрович Карповтан хат келіп түскен. Ол хатында қазақтардың ұмытылған көне қорғандары мен тау үңгіршектеріне археологиялық зерттеу жүргізуге рұқсат сұрайды. Табылған заттардың барлығы археологиялық кабинетке жеткізіледі дей келе, тіпті мекеме мүшелеріне сыйлықта беретінін жазып жіберген [225, 25 п.]. Осындай Комиссия атына ол кезеңде хаттар көптеп түскен. Бұның өзі Орынбор өлкесінде археология ғылымының практикалық қазба жұмыстарының жанданғандығын байқатады.

П.С. Назаров ОҒМК 1900 жылғы 31 қазандағы № 612 жіберген қатынас қағазына 1901 жылдың 5 ақпанында Верхнеуральскіден хат жолдаған, онда «1898 жылғы археологиялық қазба жұмыстарымның есебін тапсыруымның кешеуілдеуіне себеп, жұмысымның бірнеше қиын күрделі мәселелері туындады, оның үстіне менің жұмыс бабымен Верхнеуральск уезіне земство басшысы қызметіне ауысып кетуіме байланысты хабарласа алмай қалдым. Оңтүстік Орал мен қазақ далаларындағы сармат типтес қорғандардың қазба жұмыстарының көне дәуір мұралары екені белгілі болды. Жуық арада қазба жұмысымның қорытындыларын шығарып, жазып тапсырамын деп есептеймін. Оның үстіне, 1900, 1901 жылдардың төленбеген мүшелік жарнасы 6 руб. беріп жіберемін», - деп аяқтайды [255, 13 п.].

1902 жылы 10 шілде де Санкт-Петербургтегі Археологиялық комиссияға Орынбор Комиссиясы төрағасы А.В. Попов П.С. Назаровқа Торғай облысы, Қостанайда қазба жұмыстарына әрі қарай рұқсат еткендігін хабарлады [226, 69 п.]. Бірақ П.С. Назаровтың Археологиялық комиссияның рұқсатынсыз қазбамен шұғылданып жатқандығы белгілі болып, оны Археологиялық комиссиясының іс жүргізушісі Стулло жазғанымен Орынборлықтар жергілікті археологты қолдады [226, 74,79 пп.].

1902 жылы 9 ақпанда Орынбор Мұрағаттық комиссиясына Тамбов Мұрағаттық комиссиясынан арнайы хат келді. Онда Тамбовтық ғалымдар 1901 жылдың 15 мамырындағы өз мәжілісінің хаттамасының 2 данасын және Ресейдің орта бөлігінің облыстық археологиялық съезінің жалпы бағдарламасын жібергендігін баяндайды, өзара хат алмасуға шақырыды. Оған қоса Тамбов Комиссиясының 1901 жылы 12 қарашада өткен мәжілісіндегі баяндама жолданған.

1902 жылы 28 ақпанда Императорлық Москва археологиялық қоғамы Орынбор Комиссиясынан Харьков қаласында өтетін XII археологиялық съезден бұрын Ригада өткен X съездің шешімдерінің орындалуы туралы 3 жылдық есептерін сұратты [226, 13-14 пп.].

1902 жылы Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының қызметін жалғастырғанына 16 - шы жылға аяқ басты. Бұл кезеңде мұрағаттық комиссия Орал өзені жағалауындағы Ішкі Істер Министрлігіне қарасты қазыналық 2 қабатты тас үйде, жоғарысында мұрағат, төменінде мұражай, кеңсе, кітапхана және күзетші бөлмесі орналасты. Иә, бұл жылдары осы ғимаратта тек қана бірінің үстіне бірі толыққан мұрағат іс-қағаздарына ғана орын бар да, жүріп-тұруға айналымға да келмейтін. Сонымен бірге Комиссия мүшелерінің саны да жылдан-жылға артып жатты. Осы жылы Комиссияның құрамына 13 құрметті, 107 толық мүшелері және тағы да жаңадан бірнеше адамдар тартылып, мұрағаттық комиссия жұмысы одан әрі жүргізілді. Бұл жылдары Комиссияның құрметті мүшесі, Орынбор өлкесін зерттеуші археолог Ф.Д. Нефёдов дүниеден өтсе, жаңадан мүшелікке 15 адам қабылданды. Олардың қатарында Орынбор ерлер гимназиясының оқытушысы И.А. Кастанье де бар болатын [275, с.3]. Иосиф Антонович Кастанье - XX ғасыр басында бірнеше ғылыми еңбектерімен қазақ тарихының оның ішінде археология ғылымының дамуына үлес қосқан ғалым. Ол Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясының толық мүшесі ретінде 10 жылдан аса қызмет жасаған кезеңінде қазақ даласындағы көне археологиялық ескерткіштер туралы ғылыми мәліметтер жинаумен және оны жүйелеу жұмыстарымен айналысты.

Бұл жылы Красногорск поселкесінің қасындағы қорғанды қазуға комиссия мүшесі А.Л. Аниховский рұқсат алды. Оған Мұрағаттық комиссия Красногорскідегі жүргізіліп жатырған қазба жұмысына 50 руб. бөлген.

Осы кезеңде Ақтөбе уезіндегі екі қорғанның тоналғандығы белгілі болды. Бұл тоналған екі қорғанның бірі жөнінде мұрағатта былайша хатталыпты: « 1902 жылғы 30 қазанда Торғай облыстық басқармасының № 6936 қатынас қағазында Орынбор мұрағаттық комиссиясына жеке Ақтөбе уезінің бастығының хабарлауынша, Ақтөбе қаласынан 15 шақырым Қараторғай болысының № 3 ауылының маңында қазақтар тұратын жерде Орынбор – Ташкент темір жолының бойында биік қорған тастарын күнделікті тұрмысқа пайдалану мақсатында қиратылған » [284, 13 п.].

1903 жылдың 1 ақпанында Мұрағаттық комиссияның жалпы жиналысы өткізіліп, Н.Г. Ивановтың «Санкт - Петербург Археологиялық институтына 25 жыл» атты баяндамасы тыңдалып, 15 қаңтарда Археологиялық институт директорына құттықтау жеделхат жіберген. 1903 жылдың 27 шілдесінде комиссия жиналысы шұғыл түрде Мұрағаттық комиссиясының төрағасы А.В. Поповтың үйінде өткізілді. Дәрігер А.В. Поповтың төрағалық етуімен, жиналысқа төраға көмекшісі А.В. Васильев, қазынашы А.Я. Мякутин, И.В. Аничков, Д.Н. Соколов, А.П. Гра, Ф.Б. Балғымбаев, П.Н. Столпянский, М.И. Френкель, Н.М. Чернавский және Императорлық Археологиялық комиссиясынан іс-сапарға Н.Е. Макаренко қатынасты. Мәжілістің аяқ астынан шақырылуына себеп болған Орынборға Императорлық Археологиялық

комиссиясынан келген Николай Емельянович Макаренконың шұғыл келуі еді. Красногор қорғаны мен Берд қорғандарының археологиялық қазбаларымен танысып, қазу тәсілдері, қазба қорытындыларымен танысу үшін арнайы тапсырмамен келген. Комиссия төрағасы мекеме мүшелерін қазба жұмысымен таныстыру мақсатында шақырылған. Н.Е. Макаренконың Орынбор өлкесіне іссапары 1902 жылдан А.Л. Аниховский Красногор поселкесіне жақын қорғанды ашқан кезеңнен бастап келген. Қазба жұмысы соңына дейін ақша жетіспеушілігіне байланысты аяқталмай қалған. Мұрағаттық комиссия мәлімдеуіне қарағанда қорған тиянақты зерттеуді қажет етеді. Одан әрі жұмысты жалғастыру үшін 50 руб. бөлген. 1902 жылы бұл ақшамен қазба жұмысын жалғастыру мүмкін болмаған. Бұл жөніндегі хабарды комиссия мүшесі И.В. Аничков Санкт-Петербург Археологиялық комиссиясының аға мүшесі Н.И. Веселовскийге мәлімдеген. Қорытындысында Красногор қорғанындағы жұмысқа Н.Е. Макаренконы жіберген. Ол Археологиялық институтты бітіріп, 4 жыл қатарынан археологиялық қазба жұмыстарына қатысып жүрген археолог. Комиссия төрағасының баяндауынша, комиссияның болашақтағы археологиялық зерттеу жұмыстары астаналық ғылыми орталықтармен біріге, оларды бай мұрағаттық тарихи деректермен қызықтыра және оны пайдалана отыра, комиссия бар мүмкіндігімен жұмыс жасай алатындығын, тек қинайтыны қаражат жағы екенін баса айтты. С.Н. Севастьяновтың сөзінен белгілі болғандай, астаналық археологиялық қоғамдар жергілікті мұрағаттық комиссияның жұмысын анық білмейді, еміс-еміс хабары бар екендігін айтты. Археолог Н.Е. Макаренко комиссия мұражайымен танысқан соң, өзге мұражайлардан көрмеген, қайталанбайтын құнды экспонаттарға бай екендігін баса атап өтеді. Төраға жиналыста астаналық археологқа сөз беріп, Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы туралы пікірін білгісі келетіндігін жеткізді. Н.Е. Макаренко өзінің күнделігіндегі сызбаларын ашып жіберіп, Красногор қорғанының көлемі 12 верст диаметрді алатын үлкен дөнгеленген қорған, оның молалар разрядына жататындығын, ең тереңінен бір-ақ адамның мүрдесі шыққан дей келе, қорғаннан табылған жалғыз адам мүрдесі туралы мәлімет бере бастады. Әрине, бұл жерленген адам ерекше жан, белгілі тектен шыққан адам екені көрініп тұр. Тек мүрденің басы жоқ. Скелет қол-аяғы созылған, оң жақ беліне қылыш, қылышы ағаш қаппен қапталған, сыртын алтынмен әшекейлеген, бірнеше мыс жебелері бар, өлік терімен оралғанға ұқсайды, нәзік алтын жіптермен көмкерілген. Сол жағында жерге жақын тұста өртенген өзге дене жерленген, тереңдігінің төрттен екі аршынында жатыр. Бұл мүрде орнынан темір білезік табылған. Одан соң саз балшық жағынан өртелген бірнеше ақ сүйектер табылған. Сол саз балшықта тағы бір қылыш, найза түрлі ыдыстар қаңқасы тағы да өзге заттар табылған. Бұл заттар Санкт-Петербургке жіберілген. Осы қазба жұмысы басталмай тұрып, осы қорғанды қазған казактар үш темір қылыш, жебенің ұшы, екі мыс қазан, біреуі бүтін, екіншісі сынған және адам қаңқасының бір аяғын тапқан. Заттардың бәрін мұғалім Литвинов комиссия мұражайына сыйға тартқан. Одан әрі археолог Н.Е. Макаренко екі Берд қорғандары туралы және Д.Н. Соколовқа барған сапарында әңгімелей кетті. Ол

қорғандар Доңыз өзенінің оң жақ жағалауындағы Орынбор қаласының оңтүстігіне қарай 40 шақырым жердегі Ұста тауында орналасқан. Бұл қорғандар туралы А.И. Мякутин жергілікті казактардың аңыз әңгімелері бойынша, Ұста тауында ең жоғарғы нүктесінде айналасындағы 30 шақырымдық жердің барлығын көруге болады екен. Ертеректе бұл жерден қорған қалдықтарында ұстаханның көпес Зайчиковтар тұтқындармен айырбас жасаған [275, с.150]. Ал төраға А.В. Поповтың аңызы бойынша бұл жерде ноғай хандарының күмістен ақша соққан ақша сарайы болған, соған байланысты бұл тау әлі де «Күміс тау» деп аталады. Қалай болғанда да, қорған айналасында үлкен терең сай, тегіс созылған топырақ үйіндісімен көмерілген. Осы мәжілісте жалпы Орынбор губерниясы мен Торғай облысында қорғандар саны аз емес екенін, өзінің қазба жұмыстарымен зерттеушілерін күтіп тұрған қорғандардың әлі де біраз екендігін айтап өтті. Сондықтан да Комиссия Орынбор қорғандарына 30–50 руб. бөле алатындығын, мекеме қаржысының тапшылығын ескертті. А.Л. Аниховский Торғай облысын бірнеше рет аралай жүріп, бірнеше қорғандардың сыртқы түрін түсіріп, комиссияға баяндама жасауға даяр екендігін жеткізді. Комиссия мүшелері Орынбор өлкесінің далалығындағы қорғандар мен ағаш көмірі және ағаштардың қалдығына толы екендігін баяндап, Орынбор және Торғай далаларындағы алыс кезеңдерінде орманды жер болуы, ертерек көне кезеңдерде мүмкін бұл жерде көшпелі өмір болмаған болуы керек деген болжамға тоқтаған. Н.Е. Макаренко А.Л. Аниховский көрген қорғандардың айналасын дөңгелекше өрген тастардың майдандарға өте ұқсастығын, Берд қорғандарындағы дөңгеленген үйме топырақ, бұның Башқұртстанда да кездесетіндігін, мысалы, дәл осындай үлкен көлемді қорған туралы комиссияның мүшесі Д.Е. Серов та айтқан болатын. Осындай дөңгеленген тастан үйілген үйінді Верхнеуральск уезінің Таңғаур болысының Кусюково ауылында да кездескен, одан әрі комиссия мүшесі И.В. Аничков өзінің былтыр жаздағы археологиялық бақылауларын туралы әңгімелеген. И.В. Аничковтың әңгімелеуінше, Уфа губерниясында Златоустов уезінде, Ерусланск заводында жұмыс жасайтын шаруа Иван Павлович Самойлов деген археологиялық қазба жұмысымен әуесқойлықпен айналысатын адам бар екендігін Қостанайдан естіген. Оның мамандығы штейгер екен. И.В. Аничков И.П. Самойловты жабайылықпен алтын іздеушілер қатарына жатқызуға болмайтындығын атап өтеді. Одан гөрі, ол шаруаның таңқаларлық ынтасы коллекционерге келіңкірейді дей келе, Торғай даласындағы бірнеше қопарылып қалған қорғандарда Қостанай қаласының тұрғыны П.С. Назаровпен бірге шын ынтасымен жұмыс жасаған [275, с.148]. Әйтсе де, И.В. Аничковтың айтуынша, И.П. Самойлов жүргізген қазбалары туралы өте сараң пікір білдірген, тек сеніміне кіргеннен кейін ғана төмендегідей әрбір қорғандарда жүргізген бақылауын жалпы, қысқа да нұсқа жазуға ғана мүмкіндік алған:

«1) Орқашта 6 қорған бар. И.П. Самойлов зерттеуінше, бұлардың барлығы да қолдан үйілген қорғандар. Біреуін бастап қазып тастаған, себебі, үйіндінің көлемі өте үлкен болған. Қорған 21 аршын биіктікті қамтыған, плитаға дейін сланец жанартау, жер, одан соң көмір және күл одан әрі 9 аршын биіктікте қорған цементпен құйылған. Оны бұзу өте қиын болған, соңына дейін жете

алмаған. Әйтсе де, жұмысшылар 2 үлкен тас тасаттық беретін орын, бір тас тостаған тапқан. 5 аршын биіктікте бірнеше түрлі түсті біздің қорғандардан кездесетін тастармен жабылған. Сүйек, зат ешнәрсе табылмаған;

2) Андреев поселкесінің жанында қорған болған, оны казактар қопарып, қайтара жабылған. Одан алтын құмыра тапқан (ол қола да болуы мүмкін) қорған күлмен жабылған. Бұндай қорғандарда жерленгендер болмайды, сүйек табылмаған.

3) Арақарағай болысындағы Алексеевка поселкесінің маңынан біреу жертөле қазып, белгілі-бір тәртіппен орналастырған 4 ыдыс табылған. Оның үшеуі сынған, біреуі бүтін күлмен көмілген. Әлі күнге дейін біреуі бүтін комиссия мұражайына алып келуге болады.

4) Наследницкий станицасында казактар бір қорғанды қопарған. Олар етбетімен жатқан бір адамның мүрдесін тапқан. Оның қасында қылыш, қалқан, 70 жебе және ол оны мыс шынжырлармен орап тастаған, мүмкін тұтқын болуы. Осы заттардың бәрі казактарда сақтаулы, бірақ ол казактың аты-жөнін білмейтіндігін айтады. Қазбаны жергілікті атаман тоқтатқан. Осы бар затты 10 руб. төлеп казактардан алуға болатындығын айтады;

5) Троицк уезіндегі казактар Кособродской станицасынан бір қорғанды қопарған. Ол қорғаннан 22 пұт тұратын қылыш тапқан;

б) Балбал тастар: а) Нижнеуральск станицасының даласынан бір казак балбал тастың қолын сындырған. Сол үшін 3 рубпен айып пұл салған, содан кейін балбал тасты жерге көміп тастаған; б) Домбар болысынан бір казак жерден қоламан тасты қазып алған, өзінің көлемі кішкене. И.П. Самойлов өзімен бірге алып кеткісі келген екен, қазақтар тасты тығып тастаған, одан соң қазақтар бұл тасты арбаға пайдалануға сұраған; в) Келесі балбал тас Сазы маңындағысы денесінен басы алынып қалған, денесі жерге көмілген күйінде қалған. Басының үлкендігі 3 пұт, өте сәтті шыққан көркемдік туынды. Оны Уфа генерал-губернаторына Златоустқа алып кеткен. Балбал тастың денесінде жазу таңбалары болған. Бір руы жаппас казактың әңгімесі бойынша, Тобылдың жоғарғы жағында 300 шақырым Джетігерейге (Жетіқара болуы мүмкін - Ұ.А.) балбал тастардың көп екендігін әңгімелейді. Орқашта 6 ірі қорған бар. Оның ең қызығы Саз бойынан Ебщей көлі маңынан қазған қорғанда 2 алтын зат, қалқан дулыға, қола садақ, қылыш пен шоқпар, ертоқымымен барлық алтын заттар табылған, кейін олардың бәрін Подвянцев пен П.С. Назаровқа берілген, ал темірден жасалған дулыға Санкт-Петербургтегі Археологиялық комиссияға уезд бастығы арқылы жіберілген. Ой өзені бойында Троицк уезінің Подгорный поселкесінің маңындағы қорғанды қопарған. Одан кейін ортасында үлкен ойық пайда болған, ішіндегі орман ағаштары шіріген. Садчиковский поселкесінің жанында және Затобольск маңында биіктігі 20 аршыннан асатын қорған бар, бұны Назаров бастап қопарған, аяқталмаған. Троицк жолында Ключевской станциясына жақын жерде Янгельский поселкесінде үлкен қорған бар. Ол қорған опырылып құлаған, шұңқыр 14 сажын және тереңдігі 3 аршын. Қостанайдан 7 шақырым жерде үлкен қорған бар, қазылған, тереңдігі 3 аршынға жетеді, ештеңе болмаған. Уст-Уйиск станицасымен Қостанай қаласы арасындағы Подуров поселкесінде немістер шағын қорғанды ашып, одан түрлі

заттар, көмір және қола заттар тапқан. Келесі қорған Троицк маңындағы Кособродской станицасы маңында шағын қорған бар, оның айналасында моңғол молалары бар, ал қасында плитка тастар бар, неге қажет екені белгісіз. Одан соң И.П. Самойловтың айтуынша, Верново станицасындағы қорғанды қопарған, қалың орман жынысына келгенде қоя қойған. Уст-Уийскіден 7 шақырым Долгий ауылының 18-20 шақырым жерде Тобылдың екі жақ бетінен қорғандар табылған, ол жанадан қазылған. И.П. Самойловтың пікірі бойынша, қорғандар 3 топқа бөлінеді:

1) Мола қорғандардың айырмашылығы жерлеу рәсімі бастарын солтүстікке, аяқтарын оңға, бас жақтарына әшекей, сол жағына қылыш, оң жағына садақ, ал аяғына сауыты мен дулығасы, одан әрі ер-тұрманы, ал егер әйел адам болса, алқа, сақина болады. Қорғандарды қияр тәріздес етіп, солтүстігін жоғары, ал оңтүстігін төмен қылып салады;

2) Құрбанға шалынатын қорғандар әрқашанда үлкен және айналасында бірнеше қорғандар, молалар, мұнда адам сүйегі болмайды, есесіне құрбандыққа шалған дененің сүйектері ғана жатады. Осындай қорғандарда тамақ та, заттар да болмайды. Қасиетті шалған құрбандығы жерден 3 аршын төмен жатады. Үстіне дөңгелек формамен қорған соғып тастайды;

3) Қасиетті саналатын бірнеше ірі қорғандар көне ағаштармен көлденең тасталған бірнеше аршын төмендікте жатады. Бай, белгілі адамдар осындай қорғандарда бірнеше қабаттың астында жерленген. Мұндай қорғандардан құмыра күлмен табылады», - деп аяқтаған әңгімесін әуесқой археолог И.П. Самойлов. И.В. Аничковтың бұл баяндамасын өте қызығушылықпен тыңдалып, мүшелері бірнеше сұрақтар қойды. И.В. Аничков сұрақтарға жауап бере отыра, И.П. Самойлов қорғаннан табылған заттарды ақшаға сатып алса Ғылыми Комиссия, тоналған кейбір заттарды тауып беретіндігін айтқан.

Төраға А.В. Попов Қостанай уезінің бастығы Дидрихс пен оның көмекшісі Кочергин Комиссия мұражайына Қостанай уезі мен Обаған және Бестөбе болысынан екі балбал тастарды әкеліп тапсырған. Комиссия төрағасы балбал тастардың хайуандықпен жоғалып жатқандығын, комиссияға әкелінген тастарды толық зерттеу үшін қай жерден алынғанын дәл білуіміз қажет және барлық балбал тастарды жинап алып, ол тастарды мұражайда ғана зерттеуге мүмкіндігіміз бар деген пікірін білдірген және бұл пікірі ғылыми мекеме мүшелерінің бірауыздан қолдауына ие болған [275, с.146-155].

Мұрағаттық комиссия мүшелері Твердегі өткен Археологиялық сиезге Н.Е. Макаренконы комиссия өкілі ретінде барып қайтуды өтінеді.

И.С. Шукшинцев жазғы демалысында пойызбен қазақ даласының үстінен өтіп, көне мазарларға көзі түскендігін, орыстардың даланы отарлауына байланысты қоныс аударушылардың бұл ескерткіштерді бұзып жатқандығын, бұлардың бара-бара жер бетінен жойылып кету қаупі барын ескертеді. Сондықтан да даладағы жергілікті мұғалімдерден көмек сұрап, жинау қажеттігін ұсынады. Комиссия төрағасы И.В. Аничков пен И.С. Шукшинцевқа қазақ даласындағы көне мазарлар туралы мәлімет жинаудың бағдарламасын жасауды ұсынады. Комиссия мүшесі И.В. Аничков Торғай уезіндегі 2 балбал

тасты комиссия мұражайына жеткізген, бұл ескерткіштердің Түркістан өлкесіндегі балбал тастармен тікелей қатысы бар деген болжам айтады.

Императорлық Москва Археологиялық қоғамынан 1903 жылғы 12 қазанда келген № 1067 қатынас хатында: «Қазірде Археологиялық сиез екі жерде Бүкіл ресейлік Археологиялық Катеринаславск сиезі және Твер облыстық Археологиялық сиезі өтетіндігін, келесі жылы барлығына тиімді болу үшін бір жерде Бүкілресейлік Археологиялық съезі Катеринбургте өткізуді ұсынады [275, с.160].

Владимир губерниясындағы губерниялық Ғылыми мұрағаттық комиссия алдын-ала Орынбор комиссиясына 1903 жылдың 31 желтоқсанында жолдаған № 200 қатынас қағазында 1905 жылы 20-30 маусым аралығында өтетін III облыстық тарихи – археологиялық съезіне шақырады. Владимир қаласында өтетін сиез бағдарламасын қоса салған, онда 1) Қорғандар дәуірі. Тас ғасыры. Алғашқы көне дәуір; 2) Облыс тарихының көне жазбалары және географиясы; 3) Шіркеу және тұрмыстық заттай ескерткіштер. Икон жазу өнері; 4) Салт-дәстүрлер. Тіл. Ырымдыр. Өлең. Аңыз- әңгімелер және ертегілер; 5) Облыстық этнография. Облыстың қазіргі және өткен этнографиялық жағдайы. 6) Мұрағаттану мәселелері. Губерниялардағы мұрағат ісінің ережелері. Ауызша жергілікті мұрағат. Губерниядағы жергілікті әкімшілік және қоғамдық мекемелердің үнемі мұрағат ісінің тәртібін сақтауы мәселелері талқыланатын болған [104, 9 п.].

1903 жылдың 23 қазанында Комиссия мүшесі Н.П. Лысовтың айтуынша, Атаман селосы мен Наследницкий станицасында Орынбор казак әскерилері айналасындағы қорғандарды тонаған. Осы арада 50 жуық қорған бар екен, бұл жерден қара халық көмір алады екен. Осы жылдың 1 қарашасында А.Л. Аниховский Ақтөбе уезіндегі қорғандар туралы қысқаша хабарлама жасаған. [275, с.167].

1903 жылы 3 желтоқсандағы кезекті мәжілісте И.А. Кастаньенің «Чилидегі Сант-Яго ғылыми қоғамының бюллетеніне жарық көрген тарихи-этнографиялық Паре мұражайының директоры М.М. Гельдтің зерттеуінен үзінді» атты баяндамасы тыңдалды. Онда Комиссия мүшесінің баяндауынша, Америка үндістерінің шығу тегі ғалымдарды әрқашан қызықтырып келеді. Шетелдегі ғалымдардың этнографиялық зерттеулерінде, болжамы бойынша алғашқы тұрғындары монғол нәсіліне сәйкес келеді. Шығыс халықтарының мекені Тынық мұхитпен шектесіп жатқандықтан, ғылым үшін үлкен маңызы бар. Зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, Шығыс Сібір тұрғындарымен Америкалық үндістердің ортақ салт – дәстүрлері бар екенін айтады. Соның ішінде М.М. Гельдт экспедицияларының қорытындылары соны дәлелдейді. М.М. Гельдт ұйымдастырған ғылыми экспедициясының мақсаты Бразилия жағалаулары мен Ойяпап пен Амазонка қос өзен аралығында зерттеу жүргізген. М.М. Гельдт өзінің саяхаты кезінде археологиялық жаңалықтарды Кунан маңындағы, нақтыласақ, үндістердің уака деп аталатын қолдан қазған үңгіріне тап келген. Бұл үңгірде цилиндр тәріздес құдықтар, тереңдігі 2 метр 50 см, бір сөзбен түсіндірсек етік сықылды етіп қазылған үңгір. Бұл құдықтар бір-бірінен 8 метр қашықтықта орналасқан, әрбір құдық беті гранит тастармен жабылған 1м 50 см

калындығы және ені 14 см. Әрбір құдықта 18 құмыра белгілі-бір тәртіппен симметриялы орналастырылған, пішіні мен үлкендігі жағынан әртүрлі болып келеді. Осы барлық құмыраларда өртелген адамдардың сүйегі салынған. Қыш құмыраны цилиндр құдықтың жанындағы етіктің басы тәріздес жартылай дөңес шұңқырларға қойылған. Енді вазаның пішініне келер болсақ, М.М. Гельдтің баяндауынша, сыртында жануарлардың суреттері бейнеленген. Төрт бұрыштысы Қытай өнерін еске салса, алты, сегіз қырлы пішіндері Қытай, жапон өнерін, ал дөңгелек пішіні көне дәуірді еске түсіреді. Сонымен қоса көптеген еңбек құралдары Ресей, тіпті Орынбор губерниясының жеріндегі нефриттен жасалған тас балтаның олардың балталарына өте ұқсас екендігін айтады. Сонымен қоса баяндамашы И.А. Кастанье Орталық және солтүстік Европаның неолиттік молалар зерттеулері мен үндістер зерттеулерінің сәйкес келетіндігін айтады. Комиссия мүшесі М.М. Гельдтің «Орталық Азия түркі халықтарының алғашқы Отаны» атты неміс тілінде жазылған еңбегін А. Гра орысшаға аударған. М.М. Гельдт бұл еңбегінде Хиуа, Бұхара, Түркістан жермен саяхаттап жүріп өтіп, этнографиялық, лингвистикалық зерттеулер жүргізген. Осы зерттеулерінен кейін ғалымның пайымдауынша, өзімнің жоғарыдағы америка үндістерінің «монголоид» деген пікіріме сұрау белгісін қойдым, себебі, мен өзім де бұл сәтсіз тұжырым деп есептеймін, бірақ, мазмұнына қарап қате пікір айтқым келеді тек моңғолдар емес, үнді-қытайлар, түріктер, тибеттіктер және финдердің шыққан тегі барлығы да бір азиаттық алғашқы тайпадан, не болмаса, еркше бөлініп тұратын бір бұтағынан тараған. Бұл халықтық жанұя менімше, ең жас бұтақтан тараған, әрине, қалай-солай бұл болжаған тайпаның адамдарын алғашқы даму кезеңіне апара алмайсыз», десе, ғалымды қызықтырған қазақ даласының көне тарихы мекен еткен халықтар турасында мәлімет іздестіргені даусыз [285, 16 п.].

Agil-агиль деп ғалымның сараптауынша, мыңдаған жылдар бұрын көшпенділер өздерінің тұрағын және мекен етер аумағын атаған. Қарақырғыздар агиль (а-іі) «а-іль, іль.касаць не белые поздные выходит из севера , они «алтайцы»», -деп тұжырым жасаған. Біздің түсінігімізше, қазірде қазақта ауыл деп әлде де бар қазақтың шыққан, ата бабасының мекен еткен тұрағын атайды. Соңында аралас диалектілер мен моңғол – түрік – арий тілдерінің және халық шекараларының осал негізделген гипотезалары күдік тудыратындығын айтып, одан әрі зерттеуді қажет ететін тақырып деп тоқтайды [285, 23 сыртқы п.]. Дәуірінің археология ғылымындағы бұл тақырыпқа ғалымдар назарын аударып, өз ойын ортаға тастаған болатын.

1904 жылдың 31 қаңтарындағы кезекті мәжілісінде А.Л. Аниховскийдің «Торғай облысы, Қостанай уезіндегі көне қорғандар» баяндамасы тыңдалды [257, с.4]. Осы мәжілісте комиссия төрағасы А.Л. Аниховскийге Торғай облысының археологиялық картасын жасауды тапсырды. Сол үшін мұрағаттық комиссия 50 руб. бөлген. Орынбор Комиссиясының Орынбор өлкесі бойынша жасаған алғашқы археологиялық картасы осы Торғай облысының Қостанай уезінің археологиялық картасы болды. Мұрағаттық комиссияның жинаған мәліметтері толық болмаса да, осы бір уездің өзінде 7000 көне қорғандар мен молалар картаға түскен. Бұл картаны толықтырып, қайта басуға комиссияның

қаражатының мүмкіндігі болмаған, дейтұрғанмен, бұл картаны жасауда өлкенің көне тарихын зерттеуде біраз ғылыми археологиялық материалдар жинақталғанын байқауымызға болады [105, 72 сыртқы п.].

Комиссия мүшесі А.И. Мякутиннің «Орынбор казактарының тарихи әндері» атты этнографиялық еңбегін мәжілісте талқыға салды. Комиссия мүшесі С.Н. Севастьянов А.И. Мякутиннің әуел баста өлеңдерді жинауы өзінің бауырларына казактардың ескі әндерін таныстыру болса және казак тұрғындарының арасында ұмытылып бара жатқан көне әндерді қайта жаңғырту мақсаты болғандығын айтты. С.Н. Севастьянов этнографтың жинаған әндерін қарап, әндер тарихына түзетулер енгізгендігін және бұл әндер жинағын бастырып шығаруға Орынбор казак әскерилерінің өз мойнына алатындығын хабарлады. Осы жылдың 17 ақпанында мұрағаттық комиссия мүшесі А.И. Добросмысловтың 2 балбал тасты түсіріп жіберген фотосуретімен таныстырды. Біреуі Торғай облысының Торғай уезінің, Қараторғай болысының № 4 ауылынан, екіншісі Сарыторғай болысының № 5 ауылынан түсіріліпті. Комиссия мүшесі И.В. Аничковқа тиімді жолмен Ырғыз уезінің бастығы Станкевич арқылы жеткізуді тапсырды. 23 ақпанда А.Л. Аниховскийдің «Торғай облысы, Ақтөбе уезі, Теректі болысы № 1 ауылы маңындағы Жанғыз - Алаш (ағаш- Ұ.А.) қорған молаларындағы қазба жұмыстарын баяндайды [257, с.4,5,8].

Комиссия төрағасы А.В. Попов Қостанайлық әуесқой археолог И.П. Самойловтан археологиялық қазба жұмысына рұқсат сұраған хатын алады. 1904 жылдың 18 ақпанында № 146 қатынас қағазы бойынша И.П. Самойловқа: «Хатыңызды алдым. А.К. тапсырмасымен сізге жауап қайтарып отырмын. Сіз археологиялық қазба жұмысын жеке жүргізе алмайсыз. Ғалымдар жүргізеді. Сіз бізге көне заттарды хабарлау арқылы ғылымға көмек көрсетіп отырсыз. Қостанай басқармасының сізге қазба жұмысына рұқсат етпеуі дұрыс, әйтсе де, сіздің мол тәжірибеңізге байланысты қазба жұмысына қатыса аласыз. Мен жақында Санкт-Петербургте болып қайттым. Сонда тұратын Археологиялық комиссияның мүшесі, профессор Н.И. Веселовский: «Сіз егерде Қостанай уезінде қазба жұмысы жүргізіліп жатса, онда сізді десятник ретінде археологиялық қазба жұмысына қатыса алатындығыңызды хабарлайды», - деген мәтінде төраға жолдайды [104, 27 п.].

1904 жылы 20 сәуірде Комиссия төрағасы Берд қорғандарындағы қазба жұмыстарын жалғастыру үшін 50 руб. қаражат бөлінсе, Торғай облысына археологиялық экскурсияға И.А. Кастанье фотосуретке түсіру үшін қажетті құралдарды сатып алуға 100 руб. алған. Мекеме төрағасы А.В. Попов Императорлық Археологиялық комиссиясының «Хабаршысының» 5 басылымында жарық көрген Р.Г. Игнатьевтің «Орынбор губерниясының қорғандары және қалалары» мақаласын болашақтағы Орынбор губерниясының археологиялық картасын жасауға қажетті құнды материалдар ретінде Комиссия мүшелерін таныстырады.

Императорлық Археологиялық комиссиясы 1904 жылы 26 мамырда Торғай және Орал облыстарына археологиялық қазба жұмыстарын жүргізуге 1 жылға рұқсат еткен [286, 30 п.]. оғмк төрағасы А.В. Попов археологиялық карта жасау

ісіне Торғай топографтар партиясының өкілдерін тартты. Ол үшін қазақтың кең даласындағы көне тарихи ескерткіштер есебін анықтауды осы топографтардың нақ көмегіне сүйенгенді жөн көрді. 1904 жылдың 29 мамырындағы кезекті мәжілісіне Комиссия мүшелерімен бірге Торғай топографтар партиясының біраз мүшелері қатынасты. Комиссияның бұл мәжілісінде «Торғай және Орал облыстарының археологиясына арнап бірнеше сөз» деп аталатын төраға А.В. Поповтың баяндамасы талқыланды. Бұл баяндамасында төраға Торғай және Орал облыстарының этнографиялық тарихына және археологиясына шолу жасап, осы уақытқа дейін өзінің тарихы жоқ, бұл облыстардың тарихы туралы деректер жиналмаған да, баспаға басылып шықпаған да, сондықтан мұрағаттық комиссияның міндеті, бұл өлкенің өткен тарихын қалпына келтіру үшін археологиялық зерттеу арқылы жүзеге асатындығын айтады [257, с.16].

29 мамырдағы мәжілісінде Торғай облысының орманшысы П.В. Поляков Қостанай қаласынан 35 шақырым жердегі 2 қорғанның көлемі 10 шақырымдай жерде жақсы сақталғандығын хабарлағандығы белгілі болды. Содан Санкт–Петербургтегі Археологиялық комиссиясының рұқсатымен және комиссияның тапсырмасымен И.А. Кастанье Торғай облысына археологиялық зерттеу жұмысына кіріседі. Мұрағаттық комиссия 1904 жылы 24 мамырда № 322 іс-қағазы бойынша Орынбор-Ташкент темір жолының солтүстік бөлігінде құрылыс жұмысын жүргізіп жатқан бөлім бастығына хат жолдап, онда «Комиссияның толық мүшесі Иосиф Антонович Кастаньені Торғай облысына археологиялық зерттеу жұмысына іс-сапарға жіберетінін, соған байланысты И.А. Кастаньеге 1904 жылдың 1 маусымынан 10 тамызға дейінгі темір жолдың солтүстік бөлігіне тұрақты билет беруін өтінеді» [104, 55 п.]. Мұрағаттық комиссия төрағасының өтінішін қанағаттандырғанын мына мұрағат құжатынан байқаймыз: «Орынбор-Ташкент темір жолының солтүстік бөлігі құрылысының жол қозғалысының басқармасының бастығы Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының төрағасына 1904 жылдың 2 маусымындағы № 2029 іс-қағазы бойынша: «Комиссия мүшесі И.А. Кастаньеге 11 класты № 136-шы поездға 1 жылға қызмет бабымен тегін жүретін билет беретіндігін» хабарлаған» [104, 59 п.].

Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясына мүше болған И.А. Кастанье Санкт-Петербург Императорлық археологиялық комиссиясынан қазба жұмысын жүргізуге рұқсат алып, Орынбор губерниясының барлық территориясын аралап, археологиялық, этнографиялық, тарихи мәліметтер жинаумен айналысты. Әсіресе, қазақ даласына 1904, 1905, 1906, 1907, 1909, 1911 жылдары археологиялық экспедицияға шығып, зерттеу нәтижелері арқылы қазақ даласын өмір кешкен халықтар туралы мағлұмат қалдыра алды.

Қазақ еліне алғашқы сапарын 1904 жылы И.А. Кастанье жақын уезд-Ақтөбені таңдап, онда 7 тарихи орын: Елек болысындағы Қарсақбас, Байшолақ сағасындағы қорғандар, Ақтөбе уезіндегі Шиелі үңгіріне, ірі тастардан өрілген Шиелі көне ескерткішіне, Ақтөбе болысындағы Ашусай қорғаны, Жаман Қарғалы жанындағы қорғанда, Жақсы Қарғалы жағалауындағы кірпіштен өрілген молаға зерттеу жұмысын жүргізгендігін хабарлады [287, с.188]. Ғалым Түркістан сапары туралы есебінде 1904 жылдың маусымының басында

Орынбор қаласынан шығып, Түркістанға бағыт алғанын айтады [288, с.176]. Бұл сапары қазақ даласы арқылы Ташкент, Самарқандқа барып, кері қайтқан. 1904 жылы 1 қыркүйегінде И.А. Кастаньенің «1904 жылғы Ақтөбе уезіндегі жаздағы экспедиция есебі» атты баяндамасын жасады. Баяндамасы Ақтөбе уезінде түсірілген фотосуреттер мен қорғаннан табылған заттарының суреттерін көрсетті. 1904 жылы 20 қазанда И.А. Кастанье Жақсы - Қарғалы жағалауындағы археологиялық қазбалар кезеңінде қорғандар кірпішінің Орта Азия қорғандарының кірпішіне сай келуін атап өтті. С.Н. Севастьянов қоғамдық кітапханада сақтаулы тұрған «Генс жазбаларындағы» «1771 жылғы қазақ даласына Рычков баласының саяхатынан үзінділер» деп аталатын қолжазбаларды қазақ даласының көне ескерткіштерінің қалдықтары туралы дерек табуға болады деген комиссия мүшелеріне ой тастады.

Қазақ даласындағы көне ескерткіштер туралы сонау отарлау дәуірінің бас кезінен назар аударылғанын ХҮІІІ ғасырдағы зерттеулер де анық дәлелдейді. Оны біз П.И. Рычков «Орынбор губерниясы Топографиясы» еңбегінде кеңсе аудармашысы Я. Гуляев көрсетуімен жазып қалдырғанын байқаймыз [289, с.193]. Ал оның баласы Н.П. Рычков «Капитан жазбаларында» да жалғастырып, Өлкейек өзені маңындағы Хан моласын деп аталатын зиратты толық сипаттайды [168, 71 б.].

А.В. Васильев М.М. Рамеев сыйға тартқан «Ауыздан ауызға жеткен Шыңғыс хан шежіресінің» қолжазбасының ІІ тарауын оқып берген. Енді осы құнды қолжазбаны әкеліп тапсырған М.М. Рамеев туралы мәлімет бере кетсек, Мухаммед-Закир Мухаммедсадыкович Рамеев Стерлитамакқа жақын Зирган деревнясында 1859 жылы дүниеге келіп, 1921 жылы 9 қазанда қайтыс болған. Татар ақыны. Ол 1906 жылдан ОҒМК мүшесі. М.М. Рамеев отбасы тұрақтаған Орск маңындағы Мулакай ауылындағы медреседе білім алды. Одан әрі білімін Стамбулда жалғастырған. Оның өлеңдері ХІХ ғасыр аяғы мен ХХ ғасыр бас кезеңінде баспадан жарық көрген. Ол 1906 жылы үлкен ағасы Ш. Рамеевпен бірге Орынбор қаласында «Вақыт» газеті және «Шура» журналын шығарған. Осы жылы ол алғашқы патшалы Ресейдің Мемлекеттік Думасына депутат болып сайланған. Лақап аты-Дардменд. Орынбор қаласында бүгінде М.М. Рамеевке мемориалдық тақта орналасқан [290, с.224].

Жоғарыда аталған қолжазбаны Ғылыми мұрағаттық комиссия нақтылай түсу үшін осы мекеменің мүшесі ғалым В.В. Бартольдқа жолдаған болатын. 1904 жылдың 6 қарашасында ОҒМК жазған ғалымның хаты келіп түседі. Онда Орынбор Комиссиясы жолдаған шағатай тіліндегі қолжазбаны қарағанын, онда Шыңғыс хан мен Ақсақ Темірге байланысты түсіндірме береді. Бірер күнде Орынборға қайта салып жіберетінін хабарлаған [104, 100, 101-пп.]. Бұл қолжазбаны шағатай тілінен орысшаға аударған А.В. Васильев пен Ғ.Б. Балғымбаев екендігін ОҒМК басылымы «Еңбектерінің» ХІХ томындағы алғысөзде жазылған.

1905 жылдың 5 қаңтарында А.В. Васильевтің Шыңғыс хан туралы шағатай тіліндегі жазбасының аудармасы тыңдалды. Аяқталған аударманы Торғай облыстық басқармасынан 350 дана етіп баспаханадан бастыруға шешім қабылдады.

1905 жылы 9 наурызында Дидрихс Арақарағай болысындағы қазба жұмысына 113 руб. 70 тиын бөлген. Одан әрі И.А. Кастаньенің 1904 жылғы жазғы Түркістан өлкесіне сапарын әңгімелеп, Комиссия есебінен жасақтаған альбомын әкеліп көрсеткен. Осы сапарынан кейін 1905 жылы 9 наурызда комиссияның кезекті отырысында Түркістан сапары туралы есебін және түсірген фотоларын жинақтаған альбом жасап тапсырған.

Кастанье іс-сапарларында өзімен бірге фотоаппарат алып шығып, бірнеше қазақ тарихынан сыр шертер фотоқұжаттарды жинақтаған. «Түркістан сапарында», атап айтсақ, бірінші суретін «Қырғыздар кеңесі» деп атаса, екіншісін «Ақтөбедегі шіркеу», үшіншісін «Бай қазақтың үйі», төртіншісін «Киіз үйдегі қазақ мектебі», бесіншісін «Қазақ жайлауы», алтыншысын «Қазақ қыздары», жетіншісін «Даладағы аттылы», сегізіншісін «Даладағы саяхат», тоғызыншысын «Даладағы жер жырту», оныншысын «Молдалар» деп аталған бейне деректері ХХ ғасырдың басындағы қазақ өмірінен хабар берер құнды қайталанбас бейне деректер тобына жатқыза аламыз [288, с. 250].

1905 жылғы 13 мамырдағы Комиссияның кезекті мәжілісінде төраға А.В. Попов И.А. Кастаньенің былтырғы бастаған археологиялық қазба зерттеулерін аяқтау үшін 15-тен 20 рубқа дейін қаржы бөлуді сұраған. Бұл ұсынысты қабыл алған мекеме мүшелері қаржы бөлуге шешім қабылдады.

1905 жылғы 5 қыркүйектегі Комиссияның кезекті мәжілісінде мәлімдегендей, И.А. Кастаньенің шет елден келген сапарында әкелген тарих ғылымы үшін маңызы бар француз тілінде жазылған құнды кітаптарды комиссия 26 рубқа сатып алып, мұрағат кітапхана қорына жіберді.

И.С. Шукшинцев Н.Е. Макаренконың «Красногорск поселкесіндегі қорғандардағы қазба жұмыстары» баяндамасын беріп жіберген, комиссия мүшелерін таныстырды. Комиссия төрағасы А.В. Попов жаз айларында Орынбор мен Берд аралығындағы қорғандардағы қазба жұмысын жалғастыруды міндет етіп қойды. Комиссия мүшесі В.В. Карлсон комиссия тапсырмасымен Ақтөбе облысының уезд бастығымен хат арқылы халық әншісі Қазақбай Түгелбаевты Орынборға әкелуге жұмыстанып жатқанын хабарлады. Көктем басталысымен Қ. Түгелбаев ел ішіне кеткен, қайда екенін біле алмадық деген хабар келген. Комиссия Қ. Түгелбаевты 1905 жылдың күзі не болмаса көктемінде жеткізуді бұйырған.

1905 жылдың 15 мамырында Комиссия археологиялық қазба жұмыстарына арнап, 118 руб. қаражатты ешнәрсеге жұмсамай қор ретінде ұстауға шешім қабылдады. И.А. Кастанье былтырғы қазба жұмысын аяқтау үшін 15-тен 20 рубқа дейін қаражат алған. Орынбор өлкесіндегі қоныс аударған шаруалардың жаппай көне тарихи ескерткіштерді тонауы мемлекет тарапынан дереу шара алу мәселесі күнтәртібінде тұрды.

ОҒМК «Көне ескерткіштерді және ғимараттарды қорғау» негізгі Ережесіне енгізген қосымшалар мен түзетулердің бәрін ескеріп, Орынбор губернаторының 1905 жылдың 14 шілдесіндегі № 1340 қаулысымен қорытындысын жариялады: «1) Жоба тәртібі бойынша қорғалатын көне ескерткіштер қатарына мыналар жатады: а) қылқалам, сәулетшілік, архитектуралық ескерткіштер; б) тарихи оқиғаларға және жеке тұлғаға

орнатылған ескерткіштер; в) жазу және баспа ескерткіштері; г) заттай өнер ескерткіштері; д) Ресей Империясын мекен еткен халықтардың тарихи және біздің тарихымызға дейінгі тұрғын үйі, ғимараттары, қала, қорған қалдықтары, көне молалар, тасаттық орындары, үңгірлер, таудағы, тастағы, қорғандарағы жазулар, таңбалар, яғни, адамзат тарихының ескерткіштері; е) көнелігімен, тарихилығымен, археологиялық маңызымен құнды саналатын тарихи ескерткіштердің бәрі енеді» [291, 1-10 pp.].

1905 жылғы 23 қыркүйегіндегі кезекті мәжілісінде Сарайшықтағы Покровский шіркеуінің пірәдары Лоскутов 3 қыркүйектегі №173 қатынас хатында «1905 жылдың 23 мамырындағы № 242 хатыңызда Сарайшық қаласының қалдығы туралы хабарлауды өтінген болатынсыз... Соған орай көне Сарайшық қаласы туралы мәлім еткім келеді. Сарайшық қазірде көне атауымен аталады, тек қазірде станица. Жайық өзенінің жағасында Гурьев қаласынан 48 шақырым жерде орналасқан. Көне Сарайшық қаласы орналасқан жер қазірде шығыс жағы Жайық өзенімен қоршалған, ал батысы Жайық өзенінің бір қолы Сарайчинко өзенімен қоршалған, оңтүстігі мен солтүстігі жарқабаққа тіреліп тұр. Сондықтан да көне Сарайшық қаласын төрт жағынан қоршалған, стратегиялық негізде орналасқан қала деп айта аламыз. Одан әрі пірәдар көне қаланың жай-жапсарын толығымен баяндап, көне Сарайшық туралы өзінің жазба дерекке кезікпегенін айтады» [257, с. 272-274].

19 қазанда И.А. Кастаньенің «Орынбор өлкесінің далалық жерлердегі жүргізілген ғылыми қазбаларына шолу» атты баяндамасын тыңдады. Бұл баяндамасы тыңдалғаннан кейін авторға Комиссия «Еңбектеріне» жариялау үшін библиографиялық сілтемелері, қолжазба материалдарынан мәліметтер, комиссия мұрағатындағы сақталған дұрыс жүргізілген археологиялық қазбалардың материалдарын қосу және бірнеше қазба жұмыстарынан табылған, бір-біріне өте ұқсас заттардың таблицасын жасауды тапсырған.

А.В. Васильевтің «Қазақтардың жерді пайдалануы» баяндамасы көпшілікке ұсынылды. Т.И. Седельников бұл тақырыпқа қазіргі қазақ даласындағы аграрлық мәселелерді және қазақ шаруасының жағдайы туралы қосуды сұрады. 1906 жылдың 15 наурызында хат арқылы И.А. Кастанье Комиссияның қазынашы жұмысынан босатуды өтінеді. Оның босатып, орнына С.А. Подьяконовты сайлады. 1906 жылы И.А. Кастанье жазғы демалысын пайдаланып, Ақтөбе уезінің Жақсы Қарғалы өзені бассейні мен бірнеше қорғандарға археологиялық зерттеу жұмысын жүргізген. Оның есебінен белгілі болғандай, жалпы қазылған № 1, 2 бұл қорғандардың тас, қола, темір дәуіріне, № 3 қорғандағы жалғыз адам сүйегі скиф дәуіріне, № 4 қорған түркі дәуірінің аяғы мен ислам дінінің жаңа тарала бастаған кезеңіне жатқызады. № 5 қорған ислам дәуірінен бұрынғы кезеңді қамтиды десе, № 6 қорғандағы үш адам жерленгендігін, бұдан өзге осы аймақтан ірі 30 қорғанды көзбен санағанын, қорғандардың сырт бейнесін, салыну мәнері, ішіндегі адам жерлеу үрдісінің түрлілігін, ғалым түсіндіруінше, бұл аймақ бір емес, бірнеше оқиғаларды өткерген, тарихи бай өлке деген тұжырым жасайды.

Қазба кезеңінде табылған барлық заттарды И.А. Кастанье мұражайға тапсырған, сонымен қоса, Арал теңізінің теңіз үйрегінің тұлыбы және аса буланған жыландар, кесірткелер, хамелеондар сыйлаған [292, с. 65].

ОҒМК 1906 жылдың 21 сәуірінде Императорлық Археологиялық комиссиясынан Торғай облысы мен Орынбор губерниясында қазба жұмыстарын жүргізу үшін И.А. Кастанье мен А.Л. Аниховскийге рұқсат сұрады [231, 25 п.]. Ал 1906 жылғы 10 мамырдағы хатында Археологиялық комиссия Орынбор Комиссиясының 1902-1905 жылдар аралығында бірде-бір ізденістерінің есептерінің тапсырылмағандығын және қазуға рұқсат алған қағаздарының да кері қайтарылмағандығын жеткізді [231, 31- п.].

1906 жылғы 7 қыркүйегіндегі ОҒМК мәжілісінде В.В. Карлсон топографтардың жинақтаған мәліметтерінен хабарлама жасады. 1) аға топограф Агафонов Ақтөбе уезі Қараторғай болысында № 3 ауылында Елек өзенінің сол жағында станция Ташкент темір жолына жақын Жайсаң жерінде көне қорымдар көптеп кездеседі. Оба деп аталатын айналасына молалар қойылған үлкен биіктік бар екендігін жеткізеді;

2) Пославский Александр Герасимович аға топограф – Орынбордан 45 шақырым жерде Бердянкаға жақын Михайловский поселкесі орналасқан жергілікті тұрғындар айтуынша, қалмақ молаларын орналасқан. Қорған қазылмаған;

3) Қостанай уезі Жітіқара болысында 30-40 сажан жерді алып жатқан тау бар, етегінде тастар қолдан үйілген. Соқыр қазақ кемпірінің айтуынша, осындай молалардың астында егер де таудан 1 шақырым жерде балбал тас тұрса, онда ол жерде алтын байлық бар деп айтқан;

4) Топограф Александр Николаевич Реезенің хабарлауынша Бестамақ болысының бірінші ауылының оңтүстік шетінде көне мола «Қара мола» төрткұлақты күйдірілген кірпіштен салынған. Осы Бестамақ бағытымен келе жатқанда № 1 ауылдың тұсында Көктөбе өзенінің маңында Көтібар батырға арналған кірпіштен салған мола бар. Жергілікті тұрғындардың айтуынша бұнда бір-ақ адам жерленген. Топограф дерегі бойынша Көтібар батыр белгісіз халықпен соғысып жүріп өлген. Моланың тасы мен кірпішінің үстін шөп басып кеткен. Пішіні дөңгелек. Мола Ташкенттемір жолының бойындағы Ақ кемер станциясына жақын орналасқан [262, с.51].

5) 1907 жылы 8 ақпандағы Комиссия мүшесі Б.С. Сыров Орск уезі, Орлов поселкесінен Комиссия мұражайына урядник Кораблев көмегімен бір балбал тасты тапсырғанын жеткізді. Комиссия мүшесі А.И. Добросмыслов мұражайға Торғай қаласынан әкелінген 3 балбал тасты тапсырған. Бұл балбал тастар туралы Қазан тарих, археология және этнографиялық қоғамының Хабаршысында жариялаған [293, с. 26]. Төраға А.В. Попов Қазалы мен Перовск аралығындағы Жермен Төбе деп аталған Орта Азия қалаларының қалдық орны құммен жабылып тұрғанын, зерттеуге тұрарлық ескерткіштер екенін хабарлайды. 1907 жылы 27 ақпанда М.В. Шкунов мұражайға Орал облысы, Жиренқопа болысында № 8 ауылында Бақбақты өзенінің бойында Үлкен Қобдаға құяр тұстағы Байтақ моласының беті таңбаланған кірпішін сыйға тартқан.

Бестамақ болысының № 2 ауылында Тамды өзенінің маңында балбал тас із-түссіз жоғалған. 1907 жылдың 10 наурызында И.А. Кастанье Торғай облысы, Ақтөбе уезінің Жаман Қарғалы өзенінің бойында бірнеше қорғандардағы қазба жұмысын аяқтау үшін 100 руб. ақша сұрайды. Ол мұражайдың тарлығына байланысты және археологиялық зерттеудің көбеюіне байланысты заттарды мұражайға қабылдамауға ұсыныс берді.

А.Л. Аниховский Торғай облысы, Ақтөбе уезі, Елек болысы № 4 ауылында Қайың сайда Қозбота деген қазақ қыстағының қасынан балбал тас қазып алған. Қайыңсай станциясы Сағаршын мен Жайсаң аралығында 12 шақырым жерде орналасқан [293, с.33].

Комиссия мүшесі И.А. Кастанье 1907 жылы 14 сәуірден 31 желтоқсан аралығында Торғай облысына зерттеулер жүргізуге рұқсат алды. Торғай облысы әскери губернаторы өзінің қатынас қағазымен рұқсат бере отырып, шаруа басшыларына, болыстық басшыларға, ауыл старшындарына И.А. Кастаньеге қолдау көрсетуді жүктеді [277, 54 п.].

Комиссия мүшесі В.В. Карлсон Орал облысы, Бөрте болысында, Ақсуат ауылында тұратын қазақ Рысалы Баенов еркін орысша сөйлейтіндігін, осы Бөрте болысының көне тарихымен хабардар екенін жеткізеді. Төраға А.В. Попов орысшаға жетік Р. Баяновты этнографиялық және этнологиялық материалдар жинауға пайдалану туралы ұсыныс айтады. 1907 жылдың 28 наурызында төраға А.В. Попов Комиссия мұражайына Торғайдан 3 балбал тас жеткізгенін хабарлайды. Балбал тастарды жеткізіп бергені үшін Ф.А. Самоделькинді Комиссияға мүшелікке сайлаған.

1907 жылы П.С. Назаров әкесі кезінде Арал теңізінің Николай аралынан тас жебенің ұшын тапқан, Торғай облысы, Қостанай уезі, Бестөбе болысынан Ебелек өзеніне жақын жерде құмды жерден, бұрын бұл жерде қалың орман болғандығының белгісі сақталған тас ғасырының белгілері көптеп кездесетіндігін хабарлайды. Осындай тас ғасырының белгілері көптеп кездесетін Орскіден әрі Гүбірлі өзенінің маңынан тас құралдар көптеп кездеседі. Бұл жерде өлген бұқаның, жылқының, қасқырдың, иттің, солтүстік маралы мен бұланның қаңқаларын көптеп кездестіруге болады. Орск уезінен неолит дәуірінің балтасы табылған [293, с. 40]. Ал Комиссияның 1907 жылдың 11 мамырындағы кезекті мәжілісінде қараған 16 сұрақ ішінде төраға В.В. Григорьевтің 1861 жылдың ақпанында Орынбордан жазған «Описание Хивинского ханство и дороги туда из Сарайчиковской крепости» атты мақаласын талқылаған. Бұл мақала археологиялық сипатта жазылған. 1732 жылғы саяхатшы Гарбердің Астрахан арқылы жолай қазақ даласына соғып, Хиуаға жасаған сапарындағы естеліктерін толықтыратындығын айтады. Сондықтан төраға ұсынысы мен В.В. Григорьев еңбегі мен Гарбер күнделігін Комиссия «Еңбектеріне» қайта басуды ұсынады.

1907 жылдың 16 мамырында Орынбор Мұрағаттық комиссиясы ИОГҚ Орынбор бөлімшесіне жазған хатында 1876 жылы бөлімшенің жасаған «Орынбор казак әскерилері жеріндегі қорғандар» картасын бере тұруын өтінеді. Бұл карта сол жылы ориенталистер конгресіне шығарылған. Картаны кезінде Константинов жасағанды [277, 49 п.]. Осы жылы 21 мамырда И.А. Кастаньеге

Самарқанд және Сырдария облыстарына зерттеу жүргізуге 1907 жылға рұқсат берілді [286, 27 п.].

1907 жылы 3 қыркүйегінде Комиссия мүшесі А.И. Добросмыслов баспаға «Қазақтардың көші-қон жолдары», «Сібір казак әскерилерінің құрылу тарихы материалдары», «1737-1738 жж. башқұрт, казак т.б туралы жарлық, жарғылар жинағы» екі еңбегін «Еңбектерге» берген де, үшінші мақаласын көлемді болғаны үшін бермей қалған. А.И. Добросмысловтың үш еңбегін тыңдаған комиссия мүшелері Торғай облыстық басқармасының мұрағатының меңгерушісінің және өзге де шенді қызметкерлерінің мұрағат құжатының базасын түсінбеушілігінен жарлықтардың түпнұсқалары жоғалып із-түссіз кетуде, сондықтан да А.И. Добросмысловтың бұл еңбегі құнды деген тоқтамға келді. Комиссия төрағасына мүше А.Л. Аниховский қазақтардың көшіп-қону жолдарын картаға түсіруді ұсынады. Ол 1907 жылы «Тургайская газетаның» № 30 санында жарық көрген «Археологтар қатеріне» мақаласын оқыды. Онда комиссия мүшелеріне Торғай уезінің Наурызым болысының Үлкен Демді өзенінің, Жаланнан төмен 6-7 шақырым сол жағалауына қарай көптеген қираған қорғандары бар, жергілікті қазақтардың қазуымен мынадай заттар табылған; тұтас шелектей үлкен қыш құмыралар, үлкен тасқа айналған ағаш ыдыс, мыс көзелер, сынған қызыл, жасыл түсті ыдыстардың сынықтары, күйдірілген кірпіш, металдан жасалған бұйымдар қылыш, жебенің ұшы, тас көмір тағы басқалары табылғандығын жазған. Қорғанды қиратқан кезеңде тастан қаланған 4-6 бөлменің сұлбасы шыққан, ішінде үй тұрмысына қажетті заттар қойылған. Бұл қазба ғылыми жүйелілікпен емес, тұрпайы қазылған. Орынбор өлкесінің мұражайына қоярлық заттар бар екенін айтады. 70-80 жастағы ақсақалдардың айтуынша, қорғанда алтын, күмістен соққан зергерлік бұйымдар кездескен [293, с. 51]. Бұл ескерткішті қарап, қорғау шараларын қолға алуды уезд бастығы Андреев пен Аристовқа тапсырады.

Осы мәжілісте кең талқылаған тақырыптардың бірі этнографиялық мәселелер. Төраға А.В. Попов мәжіліс қонағы Санкт-Петербург Университетінің студенті, Студенттік Географиялық үйірмесінің мүшесі, Санкт-Петербург Императорлық Александр III Орыс мұражайының этнографиялық бөлімінің корреспондент мүшесі Руденко келген. Ол үшінші жыл қатарынан Башқұртстан мұражайларына этнографиялық коллекцияларды жинауға келген. Руденконың айтуынша, Пермь, Вятка, Уфа, Самара губерниясындағы башқұрттар татарланған, өздерінің тайпалық ерекшеліктерін жоғалта бастаған. Ал Орынбор губерниясының, Верхнеуральск уезінің оңтүстігіндегі башқұрттар қазақтанған, тек Орынбор губерниясының солтүстігіндегі, Орынбор уезі, Верхнеуральск башқұрттары бурзендер, усергендер, тамьено, татауровецтер әлі де, не болмаса, аз да болса, өздерінің башқұрттық келбетін жоғалтпаған. Бұл деген сөз башқұрттар өз тілінің, тазалығын сақтамай, олар татарша араластырып жазып, ұлттық киінуі біртектес мұсылман киімін киген, яғни, татар киімі мен башқұрт киімінің айырмасы жоқ деген сөз. Әрине, Комиссия төрағасы А.В. Попов студент Руденконың этнографиялық зерттеулері назар аударарлық мәселе екендігін атап өтті. Сөйтіп бұл жазбалардан байқағанымыз - XX ғасыр басында

башқұрттардың орыстанып, татарланып, жартысы қазақтанып отарлау саясатының нәтижелері ұлттық келбетіне әсерін тигізбей қоймады. Руденконың этнографиялық зерттеулерінен соны байқауымызға болады.

Одан әрі келесі 1907 жылы мүшесі И.А. Кастанье Торғай облысы, Ақтөбе уезі, Жаман Қарғалы өзеніне жақын орналасқан қорғандар тобына зерттеу жұмысын жүргізу үшін 100 руб қаржы бөлуді де сұрады.

1907 жылдың 24 мамырында кезекті Комиссия мәжіліс отырысында А.Л. Аниховскийдің сөйлеген сөзінен белгілі болғандай, Императорлық Орыс Географиялық Қоғамының Орынбор бөлімшесінің тапсырмасымен И.А. Кастанье қазақ даласына іс-сапарға кететіндігі анықталды. Оған Комиссия жүктеген археология саласындағы зерттеулерін одан әрі толықтыруды жүктеген [293, с. 46].

Осы жылы Комиссия В.Н. Витевский сыйлығының шартын белгіледі. 1907 жылдың 8 қарашасындағы отырысында И.А. Кастаньенің «Шалқар даласы және қираған Балғасын» атты баяндамасын ортаға салды. Баяндамашыға, алдымен, сұрақты Балғасын атауынан бастап қойды. Бұл сұраққа комиссия мүшесі Фахреддинов: «Сүлеймен Өзбектің «Шағатай тілінің сөздігі», 1880 жылы Константинопольден шыққан еңбегінде 1) Чинк қазақтар (қазақтар ауызша айтқанда Цынь деп атайды) - озеро, берег, укрепление; 2) Синь - стопы, овраг, ров, могила; 3) Балга - мак – рыть, делать окопы; 4) Бальк – или балг – город; Наджиб Гасымбей «Түріктер» еңбегінде балг қаланың атауын білдіреді. Мәселен, Түркістан көне деректерде Бишбалгь, ал меніңше, Балг – сынь балг – город, сынь – ровь, окоп. Ал қазірде егерде Балғасын мола болатын болса, онда ол қолбасшының моласы, себебі көне түріктерде, Наджиб Гасымбейдің айтуынша, әскер басылар өмірден өтетін болса, тірі кезінде шайқаста қанша жауын өлтірсе сонша тас өрілген, сонда ерекше сағат тілімен күмбез тұрғызылған. Балғасын атауының тағы бір мағынасы балықпен тамақтанатын көкқұтан сықылды құстың аты, алайда бұл атауға біз әңгімелеп отырған Балғасынның қатысы жоқ деп есептеймін», - деп ойын білдіре отырды. Осыдан кейін комиссия төрағасы моңғол тарихында Шыңғыс хан дәуірінде Балғасын қаласы атауы кездескенін айтады.

1907 жылы 27 қарашада кезекті мәжілісінде комиссия мүшесі А.В. Васильев қазақтың екі жыры «Бозманай», «Қобыландының» транскрипциясын жасап, алғысөз жазған соң жіберетінін хабарлайды. 1907 жылдың 10 желтоқсанында И.А. Кастанье «Өлі қалалар Сунақ – ата, Беш – тамь және Қызыл-қала» баяндамасын жасап, көпшілікті таныстырды.

1908 жылы Ғылыми мұрағаттық комиссиясының белсенді мүшесі И.А. Кастанье есебінде өз жоспарлары туралы былайша әңгімелейді: «Өткен жылмен салыстырғанда, биыл қазақ даласын толық зерттеуге мүмкіндік алдым. Мен өзімді материалдық жағымнан қолдаған ИОГҚ Орынбор бөлімшесіне ризашылығымды білдіргім келеді. Оның үстіне олар маған қажетті приборлармен көмектесті. Енді аталған приборлардан басқа насекомдардың коллекциясын жинау үшін қажетті құралдарды сұрағым келеді. Одан әрі зерттеуімді жалғастырмақпын. Жоспарларыма тоқталсам, біріншіден, Торғай облысы, Ақтөбе уезінің бірнеше үңгірлерінің фауна, флора және

температурасын; екіншіден, Сырдарияның Арал теңізінен Перовскіге дейінгі 20 шақырым төменгі ағысының фаунасы флорасын; Ауа – райын; төртіншіден, құмы мен соры, тұзды жерлерін зерттеймін; бесіншіден, батиметрикалық картасын жасаймын» [277, 89-89 сыртқы п.].

1908 жылғы 22 қаңтарда Рязан Ғылыми мұрағаттық комиссиясының 1907 жылғы 22 желтоқсандағы № 329 тіркелген қатынас хаты арқылы ОҒМК этнографиялық материал жинаудағы тәжірибесімен алмасуды өтінеді. Болашақта Рязан губерниясынан этнографиялық материал жинау ойлары барын ортаға салады. Бұл хатқа Рязан Мұрағаттық комиссиясына Орынбор комиссиясының этнографиялық материал жинаудан тәжірибесі аз екендігін айтып хабарлады. Осы мәжілісте 8-ші мәселесі бойынша А.Л. Аниховский Орынбор губерниясындағы қорғандар туралы мәліметтер берген. Оның ішінде Орынбор уезі, Орск уезі, Торғай облысының қорғандары туралы мәліметтер береді. 1908 жылдың 11 наурызындағы хаттамадан байқағанымыздай, Мұрағаттық Комиссия Императорлық Археологиялық комиссиядан жаз айларында Орынбор губерниясы мен Торғай облысындағы қорғандардағы қазба жұмысына іс – сапарға археолог жіберуін сұрайды [140, с. 46].

1908 жылы 27 наурызда А.В. Попов Макаренконың Комиссияға Торғай облысы, Қостанай уезінен табылған Императорлық Эрмитажда сақтаулы тостағанның фотосуретін сыйға тартқандығын мәлімдеді. 1908 жылы 8 сәуірде Черниговта болатын XIV Археологиялық сиезге қатысуға А.Л. Аниховский Орынбор Комиссиясының мұражайының экспонаттарын ала барған.

1908 жылы «Оренбургская газетаның» № 86 санында «Древняя Кабанова» мақаласы Қара батыр қорғаны туралы баяндаған. Бұл қорғаннан мыс сауыт табылған. Мақалада оның қазір Александровка селосының тұрғыны А.Н. Горинде екендігі жазылған. Газеттегі хабарлама бойынша 15 жыл бұрын ол қорғаннан 10 шақырым жерде 2 балбал тас болған, оны шаруалар бұзып алып кеткен.

Қазақтың «Бозманай» мен «Қобланды» екі жырын қараған А.М. Мачиевтің құрауымен қысқаша мазмұнын тыңдаған. Абдурахман Муртазинович Мачиев осы жолы Комиссия мүшелігіне қабылданған.

1908 жылдың 7 қарашасында төраға И.А. Кастаньенің «Орынбор өлкесінің және қазақ даласының көне ескерткіштері» атты кең көлемді еңбегімен қысқаша таныстырып, фотосуреттерін көрсетті.

1909 жылдың 25 ақпанында В.Я. Струминский Мұрағаттық Комиссияға жолдаған хатында «Императорлық Ғылым Академиясынан «Сборник отделения русского языка и словесности», сонымен бірге «Живая старина» (ИОГҚ этнография бөлімінің Санкт-Петербургтен 1890 жылдан шығаратын газеті) және «Этнографиялық шолу» (Москва университеті жанындағы Императорлық жаратылыстану және этнография әуесқойлар қоғамының этнография бөлімінің 1889 жылдан шығарған журналы) т.б. Комиссия кітапханасына алдыртуды өтінді [294, 1- п.].

Осы жылы 28 наурызда Орынбор оқу округіне қарасты Орынбор губерниясының Орск және Верхнеуральск уездерінің халық училищелерінің инспекторы хат жолдап, Комиссия төрағасынан Орынбор губерниясы

территориясындағы қорғандар мен ескі обаларды қазуға рұқсат сұраған. Тіпті кейін есептерімізді тапсырамыз деп сендіруге ұмтылған [294, 3- п.].

1909 жылы 15 мамырда Комиссия мүшесі А.М. Мачиев қазақтың жырлары «Қобыланды» мен «Бозманай» туралы пікірін былайша білдірді: «Бұл жырлар түпнұсқасымен ұқсастығы өте аз, қоспалар мен қалып қойған жерлері өте көп, көпшілік жағдайда өлең жолдары сәтті құралмаған. Дәл осы күйінде «Қобыланды» мен «Бозманай» жырлары халықтың құнды әдеби шығармасы ретінде, өзінің барлық құндылығынан айырылады. Осынша кемшіліктермен баяндамашы жырды орысша мәтінге аударма алмайтындығын айтады. Төраға А.М. Мачиевке баяндамасы үшін рақметін айта отыра, жырларды тағы бір қарап жібермесе баспаға жібергенде қиыншылығы болатынын айтып, тағы да пікір білдіруге комиссия мүшесі Н.Ф. Катановқа өтініш жасайтынын жеткізді.

1909 жылы 9 қыркүйекте Комиссия кезекті мәжілісінде И.А. Кастаньенің «1909 жылғы жаздағы Ақтөбедегі қазба жұмыстары» жөніндегі баяндамасы тыңдалды. Бұл сапарында бірнеше қазба жұмыстары жүргізілген-ді. Одан бірнеше қызғылықты көне дәуір ескерткіштері табылғандығын атай келе, жиналыс үстінде мыс және темірден жасалынған табылған заттар және адам бас сүйегін әкеліп, мұражайға өткізген [295, с.308].

1909 жылы археолог ең үлкен қорғанды қазғандығын, оның тереңдігінің 6 м. дейін барғандығын жазады. Осы есебінде ел арасынан сұрастырып, қорғандардың бірнеше тізбегін тапқандығын, осы сапарында көзімен көрген Тайыр қыстағына 3 км. қашықтықта Ақтөбе қаласының оңтүстік-шығысында, 10-12 км. қашықтықта Елек өзенінің оң жағалауында Бестамақ болысының 6 ауылында ірі қорған туралы естіген, көргенін хабарлады. Бұл қорған алыстан көрінетін ірі кірпіштерден салынған, ең биік төбесіне түрлі түсті қаланған тас кірпішпен көтерілуге болатындығын, бұл ғажайып құрылыс аймағындағы біраз жерді қамтитындығын, қазақтардың айтуынша, бұл белгісіз халықтың көне қорғаны екендігі, темір жол торабы тартылған кезінде қорған тастары бұзылғандығы, қабырға тастарын подрядчиктер таратып алғандығын ашына баяндаған. Қазақтардан тағы да алдымен, қатты реніш білдіріп айтқан әңгімелері қоныстанушылардың қазақ молаларының тастарын бұзып тасып алуы, тарихи ескерткіштерін сақтай алмай отырғандығын қынжыла айтқаны, әсіресе, өздері аса қадір тұтатын Көтібар батыр моласының азуы еді. И.А. Кастанье бұл мола толықтай қираған, тек қана бұл ескерткіш туралы естеліктер ғана қалатындығын баса айтады.

И.А. Кастанье «Қазақ даласындағы құлпытастар ескерткіштері» атты хабарлама жасады. Комиссия болашақта осы еңбегін автордан 350 данасын жарыққа шыққан кезде сатып алмақшы болған [295, с.42].

Осы жолы И.А. Кастанье Ақтөбе қаласы маңындағы археологиялық жұмысын жалғастырды. Ол өзінің жұмысын редакциялауды және суреттерін өзі реттейтінін, комиссияның келесі «Еңбектеріне» жариялауды өтінген болатын. И.А. Кастанье еңбегін талқылай отыра, басылымның тәртібі бойынша шрифтісі мен қағазын, қанша дана бастырып шығаратынын комиссия шешетіндігін және еңбек қаражаттың табылуына қарай жарық көретіндігін ескертті. Комиссия мүшелері И.А. Кастанье еңбегін басып шығару үшін Орынбор Оқу округінің

басшысына сұрау салуға шешім қабылдады. 1909 жылы майор Базилевтің жесірі В.П. Базилева Верхнеуральск уезінен табылған мамонттың үлкен тісін және Р.Г. Игнатьевтің жазбаларын әкеліп тапсырған.

Төраға А.В. Попов Комиссия мүшесі И.А. Кастанье өтініші бойынша, Челябині қорғандарын зерттеп жүрген Минкпен хат алмасқан. Минк Челябині қаласының 20-25 радиуспен қала айналасын түгел шолған. Оның анықтауынша 60–тың үстінде ірі қорғандар кездеседі, олардың көпшілігі 2-3 аршын биіктікте, дара орналасқан. Сыртқы келбетіне қарап қорғандарды үш типке бөлуге болады: 1) қарапайым топырақпен үйілген жер; 2) дөңгеленген қорғандар, айнала ор қазылған; 3) қорғандардың төменгі жағында азғана тас плиталармен қымқырып жабылған. Жалпы Челябині уезінде 800 қорған бар, Минко соның 70 ғана қаза алған. Челябинілік археологтың хабарлауынша, Челябині қаласының археологиялық картасын жасап, мұрағаттық комиссияға тапсыратынын хабарлаған [295, с. 293- 296].

Комиссия мүшесі П.Н. Столпянский «Қайғылы мерейтой» (Торғай облысының құрылғанына 10 жыл) атты баяндама жасаған.

1909 жылдың 9 қыркүйегінде Орынбор Оқу округінің басшысы А.В. Никитский И.А. Кастанье еңбегін баспадан шығаруға 300 руб. ақша бөлген. Осы мәжілісте П.А. Незнамов Костромада өткен IV облыстық археологиялық сиезін баяндадаса, И.А. Кастанье 1909 жылғы Ақтөбе уезіндегі жаздағы қазба жұмыстары туралы есеп берді және оны комиссия мүшелері бірауыздан комиссия мұражайының күтушісі қызметіне бекітті. Кейін И.А. Кастанье «Діни белгілер туралы бірнеше сөз» Челябині аймағынан табылған ОҒМК мұражайындағы ыдыстағы бейнеленген белгілер бойынша баяндамасын жасады. Ал Д.Н. Соколов «Балбал тастар мәселесіне орай» хабарламасында Орхон экспедициясының еңбектеріне тоқталады және зерттеген балбал тастағы сурет Кош-Цайдамдағы IV көне түркі ұйғырларының жеңісіне байланысты бейнеленген, яғни, қоламан тас астындағы қорымда жеңген елдің айтулы адамы жерленген деген қорытындыға келгендігін атап өтеді [295, с.308-312]. Осы мәжілісте Орынбор уезіндегі қорғандарды тізімге алу туралы шешім қабылдады.

1910 жылы 31 наурызында комиссия мүшелерін төраға А.В. Попов «Руф Гаврилович Игнатьевтің өмірбаяны» атты еңбегімен таныстырды. Жиылыста И.А. Кастанье Бұхара әмірін комиссия мүшелігіне қабылдау туралы ұсыныс айтады. Оның Орынборға келген сәтінде Комиссия «Еңбектерін» тарту етуді ұсынады. Комиссия шешімі бойынша, бұл мәселені Орынбор генерал-губернаторына тапсыратын болды. С.Г. Рыбаков Вираторган болысының 3 ауылында қорғанға жақын балбал тас барын жеткізіп, қазақтар оны «Қолман тас» деп атайтынын да ескерте кетеді. Торғай уезінің шаруа бастығы Куфтанға балбал тасты жеткізуге нұсқау берген. Одан басқа Комиссия мүшесі Ғ.Б. Балғымбаевқа Сейд-Ахмет шығармасы туралы пікір білдіруді сұрайды.

1910 жылы И.А. Кастанье «Қазақ даласы мен Орынбор өлкесінің көне ескерткіштері» атты еңбегінде қазақ жеріне жүргізілген зерттеулері жинақталып, Орынбор қаласынан жарық көрді. Қазақ өлкесі қысқаша тарихының очеркі деп аталған тақырыпшасы еңбегіне алғысөз ретінде

жазылған. Онда қазақ елі территориясы сонау көне тас дәуірінен бастап, автор атаған 1911 жылға дейінгі тарихи көне деректерді қамтығандығын және қазақ жерін мекен еткен халықтардың қысқаша тарихын баяндаған. Сонымен ғалым монографиясы қазан төңкерісіне дейінгі қазақ тарихы туралы іргелі зерттеу деп есептейміз. Ол еңбегінің кіріспесінде: «жазылып отырған еңбекке 1868 жылғы бұйрықтан кейін Торғай, Орал, Ақмола, Семей облыстары оған қоса Астрахан губерниясының Бөкей Ордасы, сонымен бірге Сырдария облысының ішінара бөлігі Шымкент, Әулиеата, Перовск, Қазалы және Жетісу облысы мен Орынбор губерниясы көне ескерткіштері енгендігін және осы еңбегімді 1911 жылға дейін ғана жаздым», - деп анық көрсетеді [296, с. 1].

И.А. Кастанье кейіннен бұл еңбегі туралы: М.Шоқайға жазған хатында былайша еске алады: «... орталарында өмір сүріп, қайғы қасірет пен үміттерінің куәсі болған мен қазақ-қырғыздар, башқұрттар, татарлар, өзбектер, солар секілді жұртшылыққа сүйсіне қарадым. «Қазақ даласы мен Орынбор өлкесінің көне ескерткіштері» деген, Сіз, айтып отырған кітабымды, басқа да еңбектерімді тарихта алатын орны ерекше батыр түркі-моңғол тайпаларына арнадым», - деп пікірін білдірген [297]. И.А. Кастаньенің бұл еңбегі ОҒМК мүшелерінің бірнеше жылғы материалдар жинақтаған ғылыми ізденістерінің нәтижесі деп айтуымызға болады.

1910 жылдың 4 қарашасындағы жалпы жиналыста шаруа бастығы Торғай уезінің 2 бөлімшесінің 20 қазанындағы № 1564 қатынас хатында «Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының Торғай қаласындағы балбал тасты жеткізуді 2 бөлімше шаруа бастығы Обметкоға тапсырғанын хабарлайды. Сейд-Ахмет өлеңдерін баспадан шығару үшін қаражат жағынан көмектесуді уәде еткен қазақ Бірәлі Бектасов уәдесін ұмытпағанын, алғашқы мүмкіндіктен комиссияға ақшасын беріп жіберетінін айтыпты [233, с.203]. Кейін И.А. Кастанье «Орынбор өлкесіндегі 1812 жылғы француз әскеи тұтқындары» баяндамасын жасады.

1910 жылдың 8 желтоқсанындағы жалпы жиналысында Торғай уездік бастығынан № 2565 11 қарашадағы қатынас қағазында Қараторғай болысының 3 ауылындағы қолман тасты осы ауылдың старшинасы Мырзасаринге тапсырғанын және Торғай қаласына дейін жеткізу құны 15 рубқа шығатынын хабарлайды. Осы жиналыста И.А. Кастанье «XIV ғасырдағы Американы ашуы», «Қыш құмырашықтар туралы», «Пельо экспедициясының Қытай Түркістаны саяхатынан бірнеше сөз» еңбектерін комиссия мүшелеріне таныстырды.

1911 жылы И.А. Кастанье төраға көмекшісі қызметін атқарған. Одан әрі төраға көмекшісінің Комиссия қызметіне қосқан үлесіне барлай қарасақ, 1911 жылы төраға көмекшісіне қоса мұражайдың палеонтология бөлімінің тізімін жасап, мұражай медальдары мен ақшаларының каталогын жасаған [234, с.17].

Комиссия мұражайы 1911 жылы құнды археологиялық заттармен толықты. И.А. Кастаньенің Орал облысындағы археологиялық қазбалардан және шаруалардың рұқсатсыз өздіктерінен қорғандарды қазып, ұрланған заттарды тәркілеуінің нәтижесінде комиссия мұражайына 100-ден аса заттар тіркелді. Мысалы, 1) Самарқандағы Бибі ханым мешітінің 3 көсек әшекей тасы, 2) 1898

жылы Торғай облысы, Ақтөбе уезіндегі қорғаннан табылған бас сүйегі, сырық ағашқа кигізген аттың тұяғы (қазақ бойтұмары) т.б. құнды қазақ тарихы мен этнографиясынан хабар берер құнды заттай деректермен толықты.

Төраға көмекшісінің қазбалардан табылған заттары туралы есебі мұрағат қорларында бүгінгі күнге дейін сақтаулы тұр. Комиссия мүшесі бола жүріп, ол Орал облысының әскери губернаторына да қысқаша есеп беріп отырған. Ал мұрағаттық комиссияның 1911 жылдың 24 қыркүйегіндегі жиналысында заңсыз қорған қазушылардан тәркіленген заттарды әкеліп көрсеткен. Олардың ішінде алтын құмырашық, 2 құмыра т. б. заттарды ерекше атауға болады [286, 78-79 pp.].

1911 жылдың 24 қаңтарында Комиссия мүшесі Г.Н. Кириллин «Қазақ даласындағы тас ғасырының іздері» баяндамасын жасай отыра, Торғай уезіндегі табылған тас ғасырының көптеген бұйымдарын комиссия мүшелеріне көрсетіп берді. Мәжілісте Комиссия 1911 жылдың кіріс-шығыс сметасын бекітіп, төраға А.В. Попов мұрағат кітапханасына археология мен этнографияға саласына қажетті негізгі ғылыми зерттеулерді күн тәртібінде тұрған мәселе екендігін айтып, мүшелеріне тапсырма берді.

Мұрағаттық комиссияға Торғай облысы, Торғай уезінен 2-ші бөлімдегі шаруа бастығы 1911 жылдың 14 сәуіріндегі хатында өзіне тапсырылған қоламан тасты Торғай басқармасының көктемгі жәрмеңкесінде жеткізетінін хабарлады [286, 14 п.]. Араға уақыт сала 22 сәуірде Комиссия Торғай - Орал ауданының қоныс аударушылар істерінің меңгерушісіне хат жолдады. Онда «Мұрағаттық комиссия мүшелерінің баяндамаларынан белгілі болғандай, соңғы жылдары Торғай облысына орыс шаруаларының қоныс аударуларының көбеюіне байланысты, қазақ даласындағы құнды көне тарихи ескерткіштер қоныс аударушылардың шаруашылық қажетіне жаратылуда. Әсіресе, балбал тастар мен тастан қаланған көне ескерткіштер қолды болуда, тоналуда. Көне ескерткіштерді бүлдіру процесі тез қарқын алуда, тіпті қазірде соңғы жылдары көпшілік ескерткіштерді археология мен этнографияны қадірлейтіндердің сирек фотосуреттеріне қарап, еске алатын жағдайға жеттік. Сөйтіп тарихи көне ескерткіштер көз алдымызда жоғалуда. Нақты мысалдар келтіруге болады.

1. Орск жолындағы Ақтөбеден 10 шақырымдай жердегі Жақсы – Қарғалы өзенінің жағалауындағы ескі мола;
2. Ақтөбе уезіндегі Қосестектегі Қызылтам моласы;
3. Ақтөбе уезіндегі Көктөбе өзенінің қасындағы № 1 ауылындағы Көтібар батыр моласы.

Бұдан өзге, қоныс аударушылар рұқсат етілмеген байлықтарды іздеумен шұғылдануда екен, соның нәтижесінде жер бетінен өткен өмірімізден келе жатқан аса құнды көне ескерткіштер – қорғандар, зираттар, мазарлар, обалар жоқ болуда. Сонымен Археологиялық комиссия көне ескерткіштерді сақтауға, әсіресе, қазақ даласының кең аумағындағы ескерткіштерді сақтау үшін барлық қоныс аударушы шаруалар бөлімдерінің меңгерушілеріне хабарландыруыңызды өтінемін. Мәдени көне тарихи ескерткіштерді бүлдіргендерді қатаң жазалайтынын ескертсеңіздер» деп анық жазылды [286, 15,15 сыртқы pp.].

Осындай мәтіндегі хатты ОҒМК 1911 жылы 29 сәуірде Орынбор губерниясының және Торғай облысының халық училищелерінің директорларына да жолдап, онда барлық мұғалімдерге нұсқау жіберуді өтінді. Көне ескерткіштерді сақтауға бірлесіп, жұмыстануға шақырды [286, 18 п.].

1911 жылы 6 маусымда Комиссия төрағасы А.В. Попов Городищенский станицасына іс сапармен барған Д.Н. Соколовтың сол маңнан мамонт қаңқасын тапқандығымен хабарланды. Ал 20 тамызда почта бөлімшесінің бастығы Чумляк мұғалім И. Смирновтан Калмыково және Мокрый лог деревнясынан жергілікті тұрғындардың атауы бойынша чуд молаларының бар екендігін, одан найзалардың т.б. заттардың табылғандығын естіп, Орынборға баяндады. Кейін осы табылған құнды заттарды, мамонт сүйектерін іс жүргізуші М.М. Гельдт И. Смирновтан сұратты [286, 32,57,62 пп.].

Қазақ даласының көне тарихына назар аударып, бірнеше еңбектерімен белгілі болған И.А. Кастаньенің жеке тағдыры туралы деректерді саралар болсақ, мәлімет аз кездесетініне куә боламыз. Археолог, жалпы әр түрлі ғылымдарды меңгерген энциклопедист ғалым туралы нақты мәліметтерді тарихшы К.Л. Есмағамбетов пен Ғ. Исаханның «Егемен Қазақстан» газетіне жарияланған ғылыми мақаласынан кездестіреміз. Бізге беймәлім Иосиф Антонович Кастанье-француз ғалымы Жозеф-Антуан Кастанье екен. Ол 1875 жылы Францияның Гайак қалашығында дүниеге келген. 1899 жылы Ресейге қоныс аударып, 2 жылдай Кавказды тұрақтайды [297]. Орынбор тарихын зерттеуші Ю.С. Зобов «Оңтүстік Орал тарихшылары» атты еңбегінде И.А. Кастанье кезінде Францияның Тулуза лицейін бітіргендігі жөнінде дерек келтіреді [25, с. 113].

И.А. Кастанье 1901 жылы Орынборға әйелі, қызымен көшіп келіп, Орынбор ерлер гимназиясында және Неплюев кадет корпусында француз тілінен сабақ береді. Осы жылдан бастап Орынбор қаласының қоғамдық-ғылыми өміріне бар ынтасымен белсене араласады. Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының жұмысына қызу араласып, нақты біраз пайда келтіргенін жоғарыдан байқадық.

1911 жылы 31 наурыздағы Комиссияның жалпы жиналысында И.А. Кастанье мұражай қорғаушысы ретінде А.И. Нестеровскийдің ұсынысына қосылатындығын, мұражайдағы нумизматика саласындағы соңғы маман ретінде жәшіктердегі сақтаулы мыс, темір ақшаларды аштырып, қайталанатын ақшаларды басқа заттарға ауыстыру туралы ұсынысы ескеріледі. 1912 жылы 9 ақпанда Төраға көмекшісі Комиссияның кезекті мәжілісіне денсаулығына байланысты қатыса алмай, 7-ші мәселе бойынша ғалым даярлаған 3 баяндамасын А.П. Гра мекеме мүшелеріне таныстырған.

1912 жылдың 10 қазанында кезекті отырысында Комиссия төрағасы А.В. Попов И.А. Кастаньенің хатын оқып, оның Мұрағат комиссиясының мүшелерімен қоштасатындығын хабарлаған. Осыған орай төраға көмекшісіне атына Комиссия қызметіне тигізген көп пайдасы мен жан-жақты қызметіне алғысын білдірген хатын жолдайды. 1912 жылдан бастап, И.А. Кастанье Түркістанға жұмысқа ауысқан. Ол Ташкентте Археология әуесқойларының

Түркістан үйірмесінің, келесі жылы Орыс императорлық географиялық қоғамының Түркістан бөлімшесінің мүшесі болып қабылданады.

Шығыстанушы ғалым Ташкент кезеңінде қазақ даласының оңтүстік тарихи ескерткіштері және этнографиясынан мәлімет берер біраз еңбектер жариялаған. Сонымен оның қазақтар туралы ғылыми еңбектері ОҒМК-ның жылма-жылғы тарихи құжаттарында қатталып жатты. 1913 жылы 12 мамырда Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясының 25 жылдық мерекелік мәжілісіне орай комиссия мүшелерінің қажырлы еңбегін бағалай отыра, құттықтау жеделхатын жолдаған.

А.И. Кастанье Ташкент қаласынан А.В. Поповқа 1915 жылғы 6 қаңтарда жолдаған хатында «Сіздің хатыңызды алдым және жауап қайтаруға асығып отырмын. ОҒМК мүшесі ретінде Покровка селосынан (Орал облысы) табылған 4 затты жіберемін. Бұл заттар мұражайда сақталсын. Менде керамикадан өте бай коллекциялар тобы бар. Егер Сіздер жаңа мұражай ашып жатырсаңыздар жіберемін. Әйтпесе, мұражайда орын жоқ екенін білемін. Менен А.И. Граға, Д.Н. Соколовқа, И.С. Шукцинцевке, Божуковқа, Струминскийге және Мұрағаттық комиссия мүшелеріне сәлем жолдаңыз» деген шынайы достық пікірлері білдірген [89, 4 п.].

И.А. Кастанье 1920 жылы өз еліне Францияға оралады. Ол Францияда бірден Сыртқы Істер Министрлігі баспасөз және ақпарат қызметі директорының орынбасары болып жұмысқа қабылданады. Орыс тілді басылымдарды сараптама жасаумен айналысады. Ол Францияда ғылыми жұмысын жалғастырып, Париж антропологиялық қоғамының жұмысына араласады. Ғалым 1958 жылы дүниеден озған [297]. Кейіннен И.А. Кастанье қартайған шағында өткен өмірін негізге алып, естелік кітабын жазған.

Мұрағаттық комиссияның жүргізген археологиялық және этнографиялық зерттеулері еш кеткен жоқ, кейін Орынбор өлкетану мұражайынан экспонат ретінде орын тепсе, ал жазған монография, ғылыми мақалалары комиссия жанындағы кітапханаға жинақталды. Сонымен ОҒМК Орынбор өлкесіне жүргізген археологиялық зерттеулері кеңестік дәуірге дейінгі тек орыс археология ғылымы ғана емес, қазақ археологиясы ғылымының дамуына негіз салды. Бір сөзбен айтсақ, бүгінгі Қазақстан территориясындағы тарихи ескерткіштерін мүмкіндігінше жүйелеп, оның сол тұста анықталған картасын жасады. Сөйтіп, қазба жұмыстарының нәтижесінде бұрынғы Қазақстан территориясын мекен еткен халықтардың тұрағын, тарихын, мәдени ескерткіштерін анықтауға мүмкіндік жасады.

4.2 Ғылыми комиссияның тарихи зерттеулерді ұйымдастыруы

Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының 30 жылдық атқарған қызметінің бір саласы ғылыми зерттеулер жүргізу болғандығын алдыңғы тарауларда атап өткен болатынбыз. Міне, осы ғылыми зерттеулер барысындағы отарланушы қазақ елінің саяси-әлеуметтік, экономикалық тарихын жазу күн тәртібінен түспеген ауқымды мәселелердің негізі болды. 1887 жылы Мұрағаттық комиссия құрылғанға дейін-ақ белгілі дәрежеде тәжірибе қалыптасты, бірақ бұл мекеменің басты ерекшелігі тұтастай мұрағатты реттей

отыра, бай деректерді жарыққа шығаруында еді. Осы негізгі мақсатты жүзеге асыру үшін, Комиссия сол заманда-ақ тарих ғылымында кейін өзінің ізін қалдырған әскерилерді, шенеуніктерді ғалымдарды өз мүшелігіне қабылдап, олардың күш – жігерін отарлау мүддесі үшін бағыттай білді. Мұрағаттық комиссияның 30 жылдық тарихында сонымен, Қазақстанды зерттеушілердің белгілі бір легі қалыптасты. Ғылыми комиссияға 1887 жылдан 25 адам мүшелікке қабылданса, салыстырмалы түрде қарап, мүшелер санының өсу қарқынын ішінара көрсетсек, 1896 жылы 67 адам, 1902 жылы 116 адам, 1909 жылы барлығы 153 адам, 1914 жылы барлық саны 220 адамға дейін өсті. Осы жылдардың ішінде ОҒМК құрметті мүшелігіне Орынбор оқу округінің басшысы, жасырын кеңесші И.Я. Ростовцевтан бастап, әр жыл сайын қосыла отыра санының мөлшері 15 адамға дейін тіркелген. Олардың ішінде 1898 жылдан ИМАҚ төрайымы графиня П.С. Уварова, 1899 жылдан Императорлық Санкт-Петербург Археологиялық институтының директоры Н.В. Покровский, 1907 жылдан академик В.В. Радлов, 1913 жылдан профессор В.В. Бартольд, 1914 жылдан Ғылым Академиясының хатшысы С.Ф. Ольденбург құрметті мүшелікке сайланып, одан өзге де айтулы адамдар мүше болған.

Мұрағаттық комиссия мүшелері Орынбор өлкесінде тарихи мұрағат ісін ұйымдастыруымен қатар жинақтаған мұрағат деректері арқылы ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізді. Өлке тарихына байланысты рефераттар, хабарламалар, баяндамалар, публицистік және ғылыми мақалалар, тезистерді Комиссия отырыстарында, жергілікті баспасөз беттерінде жариялады.

Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы қызмет еткен жылдарында 35 рет «Еңбектерінің» жинағы жарық көрді. Олардың ішінде қазақ елінің саяси, әлеуметтік – экономикалық тарихы мен мәдениетіне байланысты мол мағлұматтар баршылық. Сондықтан да біз Комиссия «Еңбектеріндегі» 1889 жылдан жарық көрген қазақ тарихына қатысы бар зерттеулерді мұқият сараладық.

Комиссия «Еңбектерінің» алғашқы басылымын Орынбор статистикалық комитетінің көмегімен және 1888-1889 жылдары Челябині қалалық Думасының азғана жәрдем ақысымен дайындалуының арқасында «Еңбектердің» алғашқы басылымы баспадан шықты [280, с. 51].

Комиссия «Еңбектерінің» бірінші және 1898 жылы жарық көрген төртінші басылымында император Павел I-дің рескриптісі жарияланды. Бұрынғы Орынбор генерал-губернаторлығы кеңсесінің мұрағатында сақтаулы қазақ даласын отарлауға байланысты шыққан заңдар, рескриптілер сол күйінде жарияланды.

Орынбор генерал-губернаторлығының мұрағат дерегі бойынша бірінші басылымында император Екатерина II-нің және Павел I-нің Орынбор әскери губернаторына берген жарлықтары жарияланды [298, с.1-110]. Ғылыми комиссияның «Еңбектерінің» I басылымында жариялаған XVIII ғасыр II жартысы мен XIX ғасырдың басындағы Ресей патшаларының жарлықтарынан қазақ-орыс мемлекетаралық қарым-қатынастарын анықтаймыз. Орыс патшаларының Орынбор әкімшілігімен жазысқан хаттарынан, жарлық, нұсқауларынан қазақ елінің тарихына қатысты біраз

құнды деректер кездестіруге болады. Орыс патшасының отарлауды мақсат тұтқан жоспарлары, жүргізген саясаты, дәл сол кезеңдегі қазақ хандығының ішкі, сыртқы саяси жағдайы т.б. мәселелер қамтылған. 1 басылымдағы патша жарғылары 1881 жылы таратылған Орынбор генерал-губернаторлығы кеңсесінің мұрағаты құжаттары негізінде берілген. Өткен ғасыр құжаттарынан Екатерина II патшайымының және Павел I императордың Орынбор әкімшілігіне жіберілген нұсқаулары және жарлықтары берілген. Еңбектердің бірінші басылымында бұдан өзге комиссияның толық мүшесі, таратылған Орынбор генерал-губернаторы кеңсесінің мұрағатын тікелей реттеуге атсалысқан Р.Г. Игнатьевтің екі мақаласы: бірі, «1797 жылғы Орынбор», екіншісі «Бұрынғы Неплюев кадет корпусы аталған, қазіргі Орынбордағы әскери училищені құру туралы» император Александр I рескрипті берілген. Сонымен бірге Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының толық мүшесі Н. Ивановтың «Жалпы Ғылыми мұрағаттық комиссиялардың және ішінара Орынбор Мұрағаттық комиссиясының қызметі, маңызы, қоғамдық мәні» атты рефераты 1896 жылы 15 желтоқсанда ғылыми комиссияның алғашқы ашық өткізген жылдық жиналысында оқылғанын ескертеді. Онда комиссияның құрылу тарихын, жасаған қызметін анықтауда маңызы бар еңбек деп айта аламыз.

Қазақтың саяси тарихын, орыс ғалымдарының мұрағат дерегін жиыстыра жүріп, ғылыми мақалалары мен іргелі монографиялық еңбектерін арнағандығын комиссия Еңбектері арқылы көз жеткізіп отырмыз. Олардың ішінде Комиссия төрағасы А.В. Попов және оның мүшелері А.С. Добросмыслов, С.Н. Севастьянов, А.В. Васильев, И.С. Шукшинцев, М.Л. Юдин, В.Н. Витевский, И.И. Крафт, П.П. Ходырев, Л.А. Словохотов және тағы басқаларын айта аламыз.

Комиссияның ғылыми басылымында біраз еңбектер жариялаған ерлер гимназиясының оқытушысы, мекеменің толық мүшесі және бірнеше жыл қатарынан Комиссияның ісін жүргізушісі қызметін атқарған И.С. Шукшинцев болды. Мұрағат дерегі бойынша Ғылыми комиссияның қамқоршысы губернаторға 1899 жылдың 9 наурызында комиссия төрағасы П.П. Бирк қатынас қағазында Комиссияның кезекті 1899 жылғы 22 ақпанындағы ғылыми мәжілісінде Комиссияның іс жүргізушісі қызметіне лауазымды кеңесші Иван Степанович Шукшинцевті екі жылға бекіткен шешім шығарған [219, 1 п]. Сонымен бірге И.С. Шукшинцев Комиссияның толық мүшесі ретінде Орынбор губерниялық басқармасының мұрағат істерін реттеу комиссиясына мүше болып кіреді [220, 50 п]. Ол Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының кезекті жиналысы мен хаттамасының есептерін Комиссия «Еңбектерінде» жариялап отырды. И.С. Шукшинцев мұрағат құжаттарын негізге ала отыра, бірнеше мақалаларын жариялады. Атасақ, «Державиннің жарияланбаған шығармалары», «Орынбордағы алғашқы жеке әйелдер мектебі» (1899, V басылым), «Орынбор губерниясындағы қорғандар туралы аңыздар және мәліметтер», «Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясының төрағасы генерал-лейтенант П.П. Бирк туралы некролог» (1900, VI басылым), «Пугачев көтерілісі тарихынан (жарияланбаған материалдардан)» (1900, X Басылымы),

«Орынбор өлкесіндегі башқұрттардан шыққан алғашқы дәрігерлер», «1835 жылғы Башкириядағы көтеріліс», «Филипп Диомидович Нефедов» (1903, XI басылымы), «Оренбургский край» газеті, «Орынбордағы өзге де басылымдар» (1903, XII Басылым), «Уфа қаласындағы кедейлердің қамқорлық комитеті», «Ашық сот ісін жүргізудің енгізілуі. Тарихи анықтамалық» (1905, XIV басылым), «Бағдадтан Орынборға дейінгі маршрут» (1914, XXX басылым), «Азаматтық бөлім. 1779-1790 жж. Комиссия мұрағаты тізбелерінің ісі» (1900, XI басылым), «Шукшинцев И.С. Комиссия мұрағатының азаматтық бөлімінің тізбелер ісі. Есепке қосымша» (1903, XI басылым), «Бұрынғы Орынбор генерал-губернаторлығы кеңсесі мұрағатының істерінен құрастырылған 1795-1800 жылдарғы казак тізбелері» (1900, XI Басылым).

И.С. Шукшинцев өлкенің археологиялық зерттеулеріне бар ынтасымен қатынасты. 1899 жылы 8 ақпанда Комиссия мәжілісінде өлкенің археологиялық картасын құрап жасау туралы өз ұсынысын білдірген. Алға қойған мақсатты жүзеге асыру үшін Мұрағаттық комиссия Орынбор губерниясындағы қорғандар туралы бірнеше сауалнамалар қойылған. Осындай сауалнаманы 1899 жылдың 2 шілдесінен 1899 жылдың 28 қыркүйегіне дейін таратып, қайтара жауап алған [220, 1 п.].

Нәтижесінде И.С. Шукшинцев «Орынбор губерниясының қорғандары туралы мәлімет» атты (VI басылым) еңбегінде Орынбор губерниясы уездеріндегі 459 қорған туралы кестеге енгізілген мәліметтерді жинақтап жазды. Осыған қосымша ретінде «Орынбор губерниясындағы қорғандар туралы аңыз» атты мақаласында қорғандар туралы жергілікті халық аузындағы жер астына тыққан байлықтар жайындағы аңыздар т.б. этнографиялық материалдарды жинастырып берді.

Оның тағы бір еңбегі «Арал және Каспий теңізі аралығындағы темір жолы» деп аталады [299, с.149-176]. Комиссияның «По предложению об устройстве железной дороги чрез Уст-Урт между Каспийским и Аральским морям. Начало 28 июля 1856г., кончено 20 января 1857 г. на 44 листах» атты мұрағат ісін пайдаланған [299, с.149].

1856 жылы 28 шілдеде кеңсенің бас басқарушысы К.В. Чевкин В.А. Перовскийге хат жолдаған. Онда орыс патшасы өзі К.В. Чевкинге жолдаған жазбада Каспий мен Арал теңіздерінің аралығына темір жол салу мәселесін қозғаған. Азияға бойлай еніп, орыс мекемелерінің саудасын және ықпалын арттыру үшін темір жол мәселесі өте керек–ақ деп тапқан. Сондықтан Арал мен Каспий теңіздері аралығына жалғайтын темір жол болса жол қатынасына да, сауданы дамытуға да, әскери күшті әрлі–берлі жылжытуға да, табиғи байлықты тасуға да қолайлы болар еді дейді. Алдымен ол үшін алдын–ала уақытша комитет құру қажет, оның мақсаты: біріншіден, жобаны қарау, екіншіден, ғылыми экспедицияға сенімді мүшелер таңдау, үшіншіден, экспедиция мүшелеріне арнап нұсқау жазу, төртіншіден, императорға жоба қорытындылары мен экспедиция құрамын таныстыру.

Құрылғалы отырған экспедиция мақсаты Арал мен Каспий арасына жүргізгелі отырған темір жолдың салынатын жері туралы арнайы нақты мамандар зерттеулері қажет деп шешкен. Сонымен қоса орыс мемлекетінің

сыртқы сауда жағдайы туралы 1854 жылы Бұхара, Хиуа, Қоқан, Ташкент және қазақ даласындағы саудалары Европа елдерімен жүргізетін сауда ісіне қарағанда төмендеу екенін баса көрсетеді. Ал қазір темір жол салса, ол ыңғайлы, қысқа, арзанға шығар еді, қара жолмен келетін жүзім өнімдері, жеміс – жидектері, шәй тағы да өзге өнімдерін тасуға мүмкіндік туар еді келе, одан әрі қазақ даласымен өтетін бар сауда керуен жолдарының, сулы жолдарды өзен, бұлақтар жанымен жүретін маршруттарды салыстыра қарайды сонымен қоса жолдағы отын, жанар жағар май көздерін есептейді.

Қазақтар көшпелі халық дей отыра, жалпы жұмысқа жалқау халық, тек мал бағу мен саудаға ғана белсене айналысады. Қатты қыс болып боран болса, бар малынан айрылады. Ондай жағдайда өндіріске жалданып, жұмыс жасайды. Бөкей Ордасының кедейленген қазақтары балық өндірісіне жалданады, қамыс шабуға, құдық қазуға, тас соғып, үй құрылысына, т.б. жұмыстарға жалданады. Ішкі Ордада арзан жұмыс күші көптеп табылады деп, темір жол салатын қара жұмыс күшін есептейді. Ал еңбекақылары қалай төленіп жүр деген мәселеге түрліше берілетінін айтады. Жалданған қазаққа еңбегіне 1 жылда 2 сиыр, 2 ат, құны 5-тен 10 руб күміс тұратын, кейде мал жейтін шөппен, түйемен, қоймен, киім – кешекпен, аяқ киіммен, яғни, ақшадан өзге еңбек ақыларын товар түрінде де бере берген. Сонымен темір жол бойын қазатын қазақтардан қара жұмысқа арзан жұмыс күші бар деп есептеген [299, с.159].

Сонымен, бұл жобаны талқылай келе, В.А. Перовский Арал теңізінен Үстіртке тіке темір жол салу қиыншылығын барынша қысқартып, Каспий теңізіне тіке жол салуды ұсынады. Темір жол салу жобасын ұсынған белгісіз автор, егер темір жол салынса, қазақ даласымен қанша жер үсті және жер асты байлығы патшалы Ресейге қарай ағылар еді деп армандайды. Белгісіз автор пікірінше, қазақтар өздерінің жер асты толы байлығын білмейді деп есептеген. Шындығында да патшалы Ресей жоспарлары кейін толығымен жүзеге асып, қазақ жерінің мол байлығына қолын жеткізген.

Осы кезеңде Сергей Никонорович Севастьяновтың аты жиі атала бастады. Оның 169 жеке қорындағы 1890-1907 жылдар аралығындағы құжаттарын қамтыған 53 іс сақталған. Бұл қор 1990 жылы қайта өңделген [124].

С.Н. Севастьянов 1887 жылдан Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының толық мүшесі, Орынбор казак әскері штабының көмекші адъютанты. Оның басты еңбектері Орынбор казак әскерілерінің тарихына арналды. 1903-1915 жылдар аралығында «Орынбор казак әскерілерінің тарихи-статистикалық сипатталған материалдары» атты 12 томдық еңбекті басылымға даярлауда С.Н. Севастьянов белсенді қатынасқан. Осы жинаққа мұрағат деректерін жинастыру мақсатында жергілікті және Москва мұрағатында жұмыс жасап, 1904 жылы Комиссияға мұрағат деректерінің көшірмесі жазылған 21 дәптер, XVI ғасырдың 10 фотокөшірмесі, түрлі жоспарлар мен карталар, тарихи мазмұны бар 23 құнды кітапты кітапханаға ала келген [273, с.96].

1897 жылғы Еңбектердің III басылымында С.И. Севастьяновтың «Бұрынғы Неплюев кадет корпусы, қазіргі Неплюев училищесіндегі Неплюев ескерткішінің бастамашысы болған князь Г.С. Волконский» еңбегінде 1900 жылы 2 қаңтарда Орынбор Неплюев училищесіне 75 жылдығына орай алғашқы

ұйымдастырушысы 1803-1817 жылға дейін Орынбор генерал-губернаторы болған Г.С. Волконский туралы және Неплюев әскери училищесінің тарихы айтылған. Бұл училище 1825 жылы 2 қаңтарда ашылған. Осы еңбегінде орыс патшасының қазақтарға арналған алғашқы мектебі туралы деректер бере кетеді. Алғашқы мектепті 1789 жылы 28 ақпанда Екатерина II рескрипті бойынша Орынбор генерал-губернаторы О.А. Игельстром ашқан. Бұл мектеп Орынбордағы Сауда үйінен қазақтарға арналып салынып, екі үйге орналасты. Мектеп 64 балаға арналса да 1808 жылы не бәрі 12 бала оқыған. Қыста балалардың мектебі Орынбордан 18 шақырым жердегі Қарғалының Сақмар өзеніне құяр жердегі Сейітов және Қарғалы қыстағында жұмысын жалғастырған. Автордың баяндауы бойынша, үкімет қазынасынан мұсылманша оқытуға, мешіт, оқу орнын салуға тиым салынған. Сондықтан да Г.С. Волконский Орынбордан орыс казактарға және азиаттықтарға арнап Неплюев деген атпен училище ашуға мүдделі болған [273, с. 5,49].

С.Н. Севастьяновтың келесі еңбегі «1848 жылғы Орынбордағы тырысқақ эпидемиясы жылнамасынан» деп аталады. Бұл еңбегінде тырысқақ ауруының 1831 жылы Астраханнан басталып Жайық өзені бойын тұтас қамтығандығын, ал 1848 жылы бұл ауру Орынбор қаласында тұтас жайлағандығын жазады.

Тырысқақ ауруының өте күрделілігіне байланысты Орынборда «Тырысқаққа қарсы Комитеттің қабылдайтын шаралары» атты комиссия құрылады. Орынбор қаласында тырысқақ 17 маусымнан бастап өршіген. Осындай қатты тырысқақ эпидемиясы 1833, 1848, 1860, 1892 жылдары Орынбор халқына қатты тиген.

Тіпті комитет төрағасы генерал-майор Лифляндтың өзі 1848 жылы 29 маусымда тырысқақтан қаза табады. Орынбор қаласында тырысқақ эпидемиясының ауыздықталған кезеңі 1897 жылы көктемде Жайық өзенінің суы көтерілмеген, тасымаған. Елде шөп шықпай, жұт жайлаған. Жаздың ыстық желі 44°-45° градустан түспеген. Автор баяндауынша осы жылы 15 тамызда тырысқақ эпидемиясы басылған. Орынбордың өзінде 1848 жылы тырысқақтан 1340 адам өлімі метрикалық кітапқа тіркелген. Бұдан өзге С.Н. Севастьяновтың «Бірнеше көне әндер» (1898, IV Басылымы), «Орынбор казак әскерілерінің жалпы әскери баспасының тарихынан» (1899, V Басылым), «Орынбор әскери губернаторы, граф П.П. Сухтеленнің өмірбаяндық естеліктері» (1900, IX басылым), «Орынбор казак әскерілерінің құрылуы мәселелері», «1823-1844 жж. Самара қаласы саяжайы жері үшін қаланың мешандары мен саудагерлерімен самар казактарының қақтығысы» (1914, XXX басылымы) атты мақалалары және «1839–1840 жылдардағы Хиуа экспедициясына даярланған Орынбор өлкесінің оқиғалары» атты көлемді еңбегі комиссия Еңбектерінің бетінде жарық көрген болатын [300].

«1839–1840 жылдардағы Хиуа экспедициясына даярланған Орынбор өлкесінің оқиғалары» атты С.Н. Севастьяновтың еңбегі комиссия реттеген бұрынғы Орынбор генерал–губернаторлығы мұрағат қорындағы шекара бөлімі істерінің ішіндегі «1839–1840 жж. Хиуа экспедициясына қатынасқан генералдар, штаб және обер офицерлерді және төменгі шенділерді марапаттау туралы іс» деп аталатын 1840 жылдың 13 шілдесінен басталып, 1841 жылдың 15 қаңтарында аяқталған істің деректері негізінде жазылған [300, с.95]. Бұл 5

тараудан тұратын еңбекте патшалы Ресей мемлекетінің қазақ даласындағы отарлық саясатының қалай жүзеге асқандығын, қазақтарды толықтай бодан етуге қарсы әрекет еткен Хиуа хандығының тигізген ықпалы, қазақ–хиуа қарым–қатынасы, қазақ еліндегі толассыз қарсылық көтерілістері, орыс шенеуніктерінің жанталаса қимылдаған тактикаларының оң және теріс нәтижелері саралаған. Міне, осындай орыс әскерилерінің « ерен » ерлігін келер саяси әрекетке сабақ боларын айтады.

В.П. Водопьянов Степная станицасының Орынбор казак әскерилерінің есаулы, 1896 жылдан Мұрағаттық комиссиясының толық мүшесі [301, с.7]. Осы жылдан бұрынғы Орынбор генерал–губернаторлығы кеңсесінің мұрағатын реттейтін комиссия құрамына тартылды. Нәтижесінде Комиссия тапсырмасымен 1897 жылдың 28 қаңтарындағы мәжілісінде « 1803 жылғы поручик Я.П. Гавердовскийдің Бұхараға жасаған елшілігі» ғылыми баяндамасы тыңдалды [251, с. 4]. Комиссия мүшесі ретінде реттеген құжаттарын пайдалана жазғандығын айта отыра, ол еңбегінде сілтеме көрсетпеген. Кейін бұл еңбегі Комиссия талқысында мақұлданып, 1897 жылғы Еңбектердің 3 басылымында жарық көрген [182]. В.П. Водопьянов еңбегінде Я.П. Гавердовскийдің Бұхараға жасаған елшілігінің тарихы алғаш поручиктің 1802 жылдың 27 қарашасынан, 1803 жылдың 30 қыркүйегіне дейін, кеңсе мұрағаты құжаттарындағы ресми жоғарыға жіберілген есептері және жергілікті шенеуніктердің жоғарыдағылармен жазысқан ресми хаттары негізінде жазылған. Автор Я.П. Гавердовский елшілігінің негізгі мақсаты Бұхара хандығын нақты зерттеп келу болғандығын баса көрсетеді. Ол елшілігінің негізі орыс мемлекетінің шығысты отарлау саясатының түп мақсатының бірі сыртқы сауданы дамыту екендігі, ол үшін транзиттік жолдың қауіпсіздігі мәселесін әңгімелей келе, Я.П. Гавердовский саяхатының сәтсіздіктерінің себептерін, поручиктің жоғарғы жаққа бірнеше рет жазған түсіндірме рапорттарынан мысал келтіре баяндаған. В.П. Водопьянов еңбегінде Я.П. Гавердовскийдің Бұхара сапарына даярлығы 7 айдай жалғасып, 1803 жылдың тамызының басында Орынбордан қозғалған. 9 қыркүйекте Қожаберген мекенінде Әбілғазы бастаған шектілер тосқауылына кездескен. 27 қыркүйекте үлкен қиыншылықпен сауда керуенінен, адамдарынан айырылып Я.П. Гавердовский Орынбор қаласына жеткен. Орынбор губернаторы князь Г.С. Волконскийдің қаржы министрі граф Румянцевке 1804 жылдың 2 қыркүйегіндегі берген мәліметінде тоналған сауда керуенінің құны 296.843 руб. құраса, көпестердің товарының шығыны 154.800 руб. жеткен. В.П. Водопьянов керуен тонаған қазақтар артында Хиуа хандығы тұрғандығын, тоналған заттан Хиуа ханы да өз үлесін алған болу керек деген болжам айтады. Бұның өзі сол кезеңде қазақтардың оңтүстік бөлігінің әлі де болса патшалы Ресейге бағынбай, тәуелсіз өмір сүргенін білдіреді. Комиссия мүшесі В.П. Водопьянов қызмет бабымен Орынбордан 1899 жылы көшіп кеткен.

Д.Н. Соколов (1867-1919) 1896 жылдан Мұрағаттық комиссияның толық мүшесі. Ол 1885 жылы Орынбор гимназиясын, кейін Москва университетінің физика - математика факультетін бітірген. Орынбор уезінің Ташла және өзге де болыстарының земство бастығы қызметін атқарған. Орынбор өлкесінің

тарихын, геологиясын, географиясын зерттеуге қабілеттілік танытқан өлкетанушылардың бірі Д.Н. Соколовтың комиссия Еңбектерінің жинақтарына бірнеше мақалалары жарық көрді. Атасақ, «Напалеонға қарсы орыстардың жорығына башқұрт әскерілерінің қатысуы» (ІІІ басылым, 1897), «Башқұрт қолжазбасын айыру тәжірибесінен», «Патша Михаил Федоровичтің екі монетасы туралы еңбек» (1898, ІV басылым), «Вангенгейм фон Кваленді еске алған бірнеше сөз» (1903, ХІ Басылым), «Башқұрт таңбалары туралы» (1904, ХІІІ басылым), «Д.Н. Соколовтың «Башқұрт таңбалары туралы мақаласы жайында» (1908, ХІХ басылым), «Д. Соколов, Б. Быков «Городищенск мамонтының қаңқасы», «Балбал тастардың маңызы туралы мәселе» (1911, ХХІІІ басылым), «Ақша қоймасын реттеу», «Жайық атауы», «Орал уезіндегі көне қорымдар іздері» (1916, ХХХІІІ басылым) .

Д.Н. Соколовтың 65 ғылыми мақалалары бізге белгілі. Соның ішіндегі комиссия Еңбектерінің тұтас ХІІІ басылымын арнаған «Башқұрттар таңбалары туралы» атты көлемді еңбегін айтуға болады [230]. Бұл еңбегін жазарда Орынбор генерал-губернаторлығы, Тимашевтардың жеке мұрағатын, өзінің атасы мен әкесінің отбасылық мұрағатын, этнографиялық экспедициялар материалдарын және өзінің байқауларын жинақтап қазіргі башқұрт таңбаларының шығу тарихы және пайдалануын анықтаған.

Д.Н. Соколов 1903 жылы 1 қазанда Мұрағаттық комиссия төрағасы А.В. Поповқа жазған хатында: «Жақында «Живая старинаға» шыққан Н.А. Аристовтың мақаласын қарасам, ол құр сөзбен мынадай Орхон–Енисей таңбаларына ұқсас 29 таңбаны таңдап алып, ал қалған 9 таңбаға сәйкес келетін таңба таба алмағандығын жазған. Қосымша белгілердің және таңбалардың салыстырмалы таблицаларын бермеген. Сондықтан да менің алдымда ол жаңалық ашушы емес» деп дәлелдейді. Одан әрі Д.Н. Соколов Аристовтың алғаш 38 әрпі таңбаларына сәйкес келмейтіндігі, әрбір әріп түрлі белгі немесе таңба ретінде түрленетіндігін, бір таңбаны бір әріпке телу дұрыс еместігін атап өтеді. Бұл мәселеде Д.Н. Соколов жақынырақ, дәлірек таңба мен әріптің ұқсастықтарын, сәйкес келетіндерін тапқанын айтады.

Д.Н. Соколов қазақ таңбаларын 1826 жылғы мұрағат ісінен алғанын, бірақ бұл таңбалар қазақтардың әріден келе жатқан таңбалары екені анық деп ой түйеді. Одан әрі ол «ал Аристов арғындар таңбасынан алдым деп, шындығында бұл руда жоқ таңбаны көрсетеді, себебі, оны білетінім өзім осы бөлімнен 15 таңбаны таңдап алдым. Маған қазақтың таңбалары башқұрт таңбаларымен салыстыру үшін ғана керек.

Сізге еңбегімнің 1-2 тарауын беріп жіберіп отырмын, қалғанын аяқтағанша бастыра берсін. Маған профессор Мелиоранский В.В. Радловтың «Түркі сөздерінің ерекшеліктері» сөздігін пайдалануды ұсынады. Осы кітапты табуға болмас па екен...», - деп сұрау салады. Бұл хатты Д.Н. Соколов «Башқұрттар таңбалары туралы» еңбегін жазу үстінде жолдаған. Еңбегінің алғашқы тарауларын бастыруға беріп, 3 тарауына байланысты Аристов еңбегіне талдау жасаған [229, 38-39 сыртқы пп.]. Зерттеуші әрбір рулы елдің, әрбір жанұяның өзіндік белгісі болғандығын айтады. Д.Н. Соколов алдымен башқұрттар таңбаларын талдамастан бұрын, өзінің заманында орыстар атап жүрген

мещеряктар, тептярлар, татарлар деп аталған халық башқұрттар екендігін ескертеді. Башқұрттардың тайпаға, руға бөлінетіндігін, орыс деректерінде туба, яғни, төбеге бөлінетінін келтірген. Автор еңбегінде өзіне дейінгі Д.П. Никольскийдің, Н.А. Аристовтың, П.И. Рычковтың, П.С. Назаровтың, В.В. Вельяминов-Зерновтың, Н.Ф. Катановтың, Г.Н. Потаниннің, М.Н. Харузиннің т.б. еңбектерін пайдаланған. Еңбек бес бөлімнен тұрады. Қосымша қазақтардың таңбалары және башқұрттардың көне таңбалары орналасқан таблица берілген. Оған қоса үшінші қосымшада Орхон, Енисей белгілерін башқұрт таңбаларымен қатар берген Башқұрт деген атаумен тұтас халық болғандығын, олардың шығу тегін түсіндіргісі келген. Бірнеше әдебиеттерді оның авторларының пайымдауларын талдай отыра, мысалы, Небольсиннің жазуынша I кантон башқұрттары өздерінің тегін көне Бұлғарлардан, кейбір төбелер (рулар- Ұ.А.) өздерінің арғы тегін ноғайлардан тарағанбыз деп есептейді, автор түсіндіруінше, башқұрттар ешқашанда Ноғай Ордасында тұрған жоқ, оған дәлел ретінде М.В. Лосиевский жариялаған башқұрттар жылнамасын және В.А. Новиковтың 7157 (1649 ж) жылғы грамотасын алға тартады [230, с.4].

Сонымен автор бірнеше халықтардың тегі саналатын көне тайпалармен салыстыра, көптеген түркі тайпаларының ұқсастығы және оларды башқұрт халқының құрамына кіргізуге болатындығын баяндайды. Автор пайымдауынша, тайпа атауы жақын келмесе де, мүмкін көне жұрттағы башқұрттардың түркілерге қатысы бар ма, башқұрттар түркілер емес пе деген болжам айта, заманында жарық көрген зерттеулермен салыстыра Д.Н. Соколов башқұрттардың көне түркілердің бір бұтағы екендігін дәл атап жазбағанымен, бір адым жақындап қойған [230, с.5].

Екінші бөлімінде башқұрттар туралы Плюшардың «Энциклопедиялық лексиконында» В.С. Легкобытовтың «Башқұрттар» атты мақаласынан мысал келтіре, кез келген оқымаған башқұрттың өздерінің таңбалары барлығын жазғанын, оған автор оқыған башқұрттардың да таңбалары барлығын, тіпті әр отбасында ру таңбасы барлығын жазады. Сонымен Д.Н. Соколов башқұрттар таңбасы бұл әр отбасының жеке белгісі деген тұжырым айтады [301, с.17]. Башқұрт таңбаларымен қазақтар таңбаларын салыстыра, қазақтарда рулық таңбадан басқа әлеуметтік топтардың дінбасылардың, сұлтандардың таңбалары барлығын атап өткен. Автор башқұрттарда фамилия жоқтығы, ал таңбалар ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан тегін білдіретін белгі деген ой қорытады. Екінші бөлімін қорыта келгенде башқұрттардың ірі төрт тайпасына тиесілі таңбаларды өзге халықтар таңбаларымен салыстыра әңгімелейді [230, с.10].

Үшінші бөлімінде Башқұртсанның оңтүстік бөлігін мекен еткен төрт башқұрт тайпасының таңбаларына назар аударады. Олар Тангауров таңбасы, Усергань таңбасы, Бурзян таңбасы (Кіші жүздің Байұлының таңбаларына ұқсастығын баса айтады. - Ұ.А.), Қарақыпшақ болысы башқұрттарының таңбасы.

Төртінші бөлімінде башқұрт таңбаларының өзге де халық таңбаларымен өте ұқсастығын, тіпті бірдейлігіне тоқталады. Соның ішінде қазақтардың рулық таңбаларының башқұрт таңбаларымен бейнеленуі, аты, заты да өте

ұқсастығының себебін көне түркі Орхон, Енисей жазбаларынан іздеп, XIII ғасырдағы моңғол шапқыншылығы кезеңінде бұл түркі тектес тайпалардың бөлінгендігін жазады.

Бесінші бөлімінде автор: «Башқұрт таңбаларының ішіндегі маңыздыларын жинаған кезеңде бірден менің көзіме түскені көптеген башқұрт белгілерінің Орхон - Енисей алфавитіне ұқсайтындығы еді», - дейді [230, с.85].

Қазақ таңбаларының ішінен Орта және Кіші жүздің кейбір толық емес ішінара таңбаларын берген, атасақ, Орта жүзден арғын мен қыпшақ бөлімінің, Кіші жүзден тама, табын, жағалбайлы, Бөкей Ордасы деп оған есентемір мен ноғай руын қосқан және Кіші жүзге қожа мен сұлтандар таңбасын қоса берген.

Сонымен Д.Н. Соколов еңбегінде башқұрт халқының тайпалық, рулық белгілеріне тоқталып, шығу тегіне, тарихына бойлаған. Еңбегінде автор рулардың шығу тегі туралы жаңсақтықтарға жол берсе де, өзіне дейінгі башқұрттар туралы жазған ғалымдар зерттеулерін пайдалана башқұрт халқының қалыптасу тарихын зерттеуге ұмтылыс жасаған еңбек деп айта аламыз.

Өлкетанушы Д.Н. Соколов өмірінің соңында Адырлы кен орнында 1919 жылы 19 ақпанда бөртпе сүзектен қайтыс болды [25, с.108].

XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр бас кезеңіндегі қазақ тарихынан жазба дерек қалдырған Мұрағаттық комиссияның мүшелерінің бірі А.И. Добросмыслов еңбектерін «өзімнің және ветеринар дәрігерлердің жинаған материалдарын», әскери губернатор есептерінен және Торғай облыстық басқармасының мұрағатын пайдалана отырып жазған [34, с.42].

Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ тарихы мен этнографиясынан еңбек жазған А.И. Добросмыслов 1854 жылы 23 қарашада дүниеге келген. Ол 1879 жылы 18 тамызда Қазан ветеринарлық институтын бітіріп, 1879 жылдың 20 қыркүйегінен 1880 жылдың 14 мамырына дейін Пермь губерниясындағы фельдшерлер даярлайтын ветеринарлық мектебінде оқытушы болып жұмыс жасайды [302, 5 п.].

Жас мал дәрігері алғаш рет Торғай облысына 1888 жылы 15 қазан мен 1891 жылдың 27 маусымы аралығында Ресей Ішкі Істер Министрлігінің князь Гагариннің тапсырмасымен обаға қарсы күрес шараларына келіп қатынасады. Обаны ауыздықтаған осы қызметі үшін 1889 жылы 30 тамызда 3 - ші сатыдағы Анна орденімен марапатталған. Ал 1891 жылы 29 қарашадан-24 маусымына дейін Ішкі Істер Министрлігінің бекітуімен Торғай облысының ветеринар бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарады [303, 3 п.].

1892 жылы 21 шілдесінен 1892 жылдың 15 қазанына дейін Орынбор губерниясының ветеринар бөлімінің меңгерушісі болды. Одан соң 1894 жылдың 19 маусымында Торғай облысының ветеринары қызметіне тағайындалды.

Торғай облысындағы қызметі кезеңінде А.И. Добросмыслов қазақ халқының тарихы, мәдениеті, шаруашылығы, салт-дәстүрімен т.б. кеңірек танысты. Әсіресе, қазақтардың көшпелі мал шаруашылығымен жете танысып, 1895 жылы Торғай облыстық статистикалық комитетінің тапсырмасымен «Торғай облысының мал шаруашылығы» атты еңбегін жазды [302, 8 п.].

1894 жылдың 9 желтоқсанында Қазан ветеринарлық институтының Кеңесі А.И. Добросмысловты пайдалы ғылыми практикалық еңбектері үшін Қазан ветеринарлық институтының корреспондент мүшелігіне қабылдады.

1898 жылы 1 қаңтарда 2-ші сатылы Әулие Анна орденімен марапатталған.

1895 жылы Добросмыслов Александр Иванович Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының толық мүшелігіне қабылданады [140, с. 15].

Сонымен бірге А.И. Добросмыслов Ресей Географиялық қоғамының Орынбор бөлімінің толық мүшесі болып, «Хабаршысында» бірнеше еңбектері жарық көрді. А.И. Добросмыслов Торғай облысын аралай жүріп, бірнеше ғылыми мақалалар мен естеліктер, Орынбор өлкесінің құрылымы мен басқару тарихынан 2 томдық құжаттар жиынтығын жариялады. Атап айтсақ, 1896 жылы Торғай облысының әскери Губернаторының тапсырмасымен «1891-1895 жылдардағы Торғай облысы арқылы өтетін мал өнімдері мен өндірістік малдардың транзиттік тасымалы» кітапшасы, 1897 жылы Торғай облыстық статистикалық комитетінің тапсырмасымен «Торғай облысындағы ветеринариялық бақылау» кітабы, 1898 жылы «Қырғыздардың (қазақтардың) жүннен және қылдан жасалған бұйымдары», «1886 жылға дейінгі Торғай облысындағы жылқы шаруашылығын жақсартуға негізделген шаралар», «Торғай облысындағы сауданың дамуы», «Қырғыздардың (қазақтардың –Ұ.А.) үй құстары мен мысық, итті ұстау және көбейту тәсілдері», ал 1898 жылы Торғай облысы әскери губернаторының тапсырмасымен «Торғай облысының пошта және земство жолдары» және «Торғай облысының сауналары», 1899 жылы «Ресей тарихы материалдары» I томы, ал 1900 жылы «Ресей тарихы материалдарының» II томы жарық көрді.

А.И. Добросмысловтың көптеген ғылыми еңбектерінің ішінен «1900 жылғы Торғай облысының халықтық білім саласы туралы очерктер. 1744-1898 жылдар жылнамасы» (Вып.1,2,3 – Оренбург, 1900) мен ИОГҚ Орынбор бөлімі тапсырмасымен «Торғай облысының тарихи очерктері» еңбектерін атауға болады.

1902 жылыдың 9 ақпанында ОҒМК төрағасы А.В. Поповқа А.И. Добросмысловтың Тверьден жазған хатында: «Торғай облысының тарихи очеркін» аяқтап қалуыма байланысты, бұрынғы Орынбор-Самара генерал-губернаторы Катениннің жеке іс-парақ тізбесін комиссия мұрағатынан беріп жіберуіңізді сұраймын», - деп өтінген. Бұл хатына жауапты іс жүргізуші А.С. Шукшинцев 1902 жылдың наурыз айында Комиссия мұрағатында Катениннің жеке іс-парақ тізбесінің жоқ екендігін хабарлап, комиссия «Еңбектерінің» кезекті санын салып жіберген [226, 27, 28 pp.].

«Торғай облысының тарихи очерктерінің» жалғасы 1902 жылы Тверь губерниясынан жарық көрді. Кейіннен «Торғай облысының тарихи очерктері» еңбегінің заманында үлкен сұранысқа ие болғандығы мұрағат деректерінде де келтірілген. Жалпы, еңбек ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақ-орыс қарым-қатынастарына тоқталған. Орыс мемлекетінің қазақ еліне жүргізген саясатын 1742 жылы Орынбор Комиссиясының бастығы болып жасырын кеңесші И.И. Неплюев бекітілуімен байланыстыра өрбітеді. Осы еңбек қазақ даласындағы орыс-қазақ мектептерінде оқулық ретінде ұсынылған. Оған мысал ретінде

мына бір деректі келтіре кетейік, Ақтөбе уезінің орыс-қазақ мектебінің меңгерушісі осы еңбектің 10 данасын, Ырғыз орыс-қазақ училищесі 16 данасын сұратқан.

Сонымен бірге А.И. Добросмысловқа Орынбор Оқу округіне қарасты Қарабұтақ орыс-қазақ училищесінің меңгерушісі Ғ.Б. Балғымбаев 1900 жылы 28 қарашада жазған хатында «поштамен 11 руб. салып жібергенін, «Торғай облысының тарихи очерктері» кітабының 11 данасын 11 бөлек шотқа былайша тізімдеп аударуын өтінген:

1. Қарабұтақ 2 кластық орыс-қазақ училищесіне,
2. Ырғыздағы Аралтоғай ауылдық мектебіне,
3. Ырғыз Қыналы ауыл мектебіне,
4. Ырғыз Бақсай ауыл мектебіне,
5. Ырғыз Саналыкөл ауыл мектебіне,
6. Ырғыз Белқожа ауыл мектебіне,
7. Ақтөбе уездік Сандыбек ауыл мектебіне,
8. Ақтөбе уездік Ойсылқара ауыл мектебіне,
9. Ақтөбе уездік Әлімбаев ауыл мектебіне,
10. Ақтөбе уездік Аралтөбе ауыл мектебіне,
11. Ақтөбе Меңдібай ауыл мектебіне [302, 94 п].

А.И. Добросмыслов Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының тапсырмасымен «1735, 1736, 1737 жылдардағы башқұрттар көтерілісі» еңбегін 1900 жылы 14 сәуірде жазып аяқтаған [304].

1902 жылы 2 тамызда Ресей патшасының бұйрығы бойынша Тверь губерниясының ветеринары болып тағайындалды. А.И. Добросмыслов әйелі Клавдия Викентьевна Томашевич пен балалары Александр (1882), Лариса (1883), Марияны (1885) алып, қазақ жерінен Тверь губерниясына аттанды [302, 6 п].

Сонымен А.И. Добросмыслов қазақтың тарихы, халқының орналасуы, шаруашылығы, сот ісі, ағарту саласы, салт-дәстүрі туралы бірнеше мақалалары жарық көрді.

«XVIII және XIX ғасырлардағы Торғай облысы қазақтарының соты» еңбегінде [305] автор қазақтың дәстүрлі соты тарихына, Тәуке жарғысына тоқталып, орыстардың келуімен қазақтардың сот жүйесі реттеліп тәртіпке келтірілді деген отарлаушы елдің қызметкері ретінде өз пікірін білдіреді.

А.И. Добросмыслов «Императрица Екатерина II-ның қазақтардың ағарту ісіне қамқорлығы» [306] атты ғылыми еңбегінде қазақ елін отарлауды жүйелі мақсат етіп қойған XVIII ғасырдағы орыс мемлекетінің ағарту білім саласындағы нормативтік ұйымдастыру құжаттамасына талдау жасай отыра, XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр бас кезеңіндегі бұл саясаттың жүзеге асу жағдайына баға береді. Бұл еңбекті жазуда автор Торғай облыстық басқармасының мұрағатын, Л.Л. Мейердің «1865 жылғы қазақ даласындағы Орынбор әкімшілігі» еңбегін және Н.М. Чернавскийдің 1900 жылғы «Орынбор епархиясының өткені мен болашағы», А.Е. Алекторовтың 1900 жылы жарық көрген «Торғай облыстық халықтық білім беру очерктері» еңбектерін пайдаланған.

Торғай облыстық басқармасының мұрағатында сақталынған император Екатерина II-нің 1763 жылғы 8 сәуірдегі жарлығынан автор келтірген үзіндіден байқағанымыздай, Орынбор әкімшілігіне аманатқа берген Нұралы хан балаларынан бастап, орысша сауатын ашып, орыс үкіметімен тілмашсыз тіке «жиі-жиі байланыс жасау үшін», «жабайы халықты» өздеріне осылайша бағындыруды көздеген.

А.И. Добросмыслов мақаласында Кіші жүз ханы Нұралының аманатқа берген баласы сұлтан Абылайдың орысша сауат ашқандығын, еуропаша киінгендігін, христиан дінін қабылдағандығын баяндайды. Нұралы хан Абылай сұлтанды кейін елге алдыртып, келесі баласы Бегалымен ауыстырған. Автор бұл оқиғаны әңгімелей отыра Ресей мемлекетінің бұлай оқытуынан еш пайда жоқ екендігін, қазақтардың Ресейге адалдығын сыйлықпен сатып алуға болмайтындығын түсінген. Одан әрі А.И. Добросмыслов Екатерина II нің келесі 1770 жылғы 18 наурыздағы жарлығы бойынша Ресей үшін қазақ ордаларынан аманат алудың қажеті жоқ деп ой қорытқан. Себебі, қазақтар башқұрттармен, қалмақтармен соғысын тоқтатпаған, тіпті, Пугачев көтерілісі кезеңінде де қазақтар Самара губерниясы мен Қазан уезіне дейін барған. Автор пікірінше, Пугачев көтерілісі дәлелдегендей, Орынбор өлкесінде бірнеше халықтар башқұрттар, қазақтар, қалмақтар, татарлар қоныстанған өлкені орыс провинциясы деп айтуға болмайтындығына орыс үкіметінің көзі жеткен. Сондықтан Екатерина II бұратана халықты бағындырудың «жақсы, адамшылық жолымен» шешуді ұйғарған. 1782 жылы 8 шілдеде мемлекет қазынасынан 20.090 руб. қаражат бөлуге жарлық шығарды. Осы жарлық негізінде 1783-1787 жылдар аралығында Орынборда Меновой двордан, Верхнеуральскіде Троицкіден және Петропавловскіден мұсылмандарға арнап мешіт салдырған. Одан әрі 1785 жылы 27 қарашада, 1786 жылы 12 қарашада мешіттер жанынан орыс мектебін ашуға жарлық шығарған.

А.И. Добросмыслов өзінің замандасы Н.М. Чернавскийдің еңбегіндегі Орынборда қазақтарға арнап патшайымның бірнеше мұсылмандар мектебін ашты деген пікіріне, түзету енгізіп, үкіметтің небәрі Орынбор сауда үйінен 1 мектеп ашылғандығын жазады [306, с.55]. Шындығында отарлаушы мемлекет қазақ халқын ойлағандықтан емес, керісінше, қайткенде отар елді тез орыстандырамыз деген мақсат тұтқан. Сонымен 1789 жылғы 28 ақпанда Екатерина II Орынбордағы мешіт қызметкерлерінің және мектеп штатының құрамы, жалақысы т.б. өзі қадағалап, белгілеп берді. А.И. Добросмысловтың бұл еңбегі арқылы XVIII ғасыр аяғындағы Кіші жүздің саяси жағдайын аңғаруымызға болады. Мысалы, 1781 жылы 19 желтоқсанда шекаралық экспедиция Кіші жүзге мектепке шақырған қатынас қағазын да жіберген. Тізімде Әлімұлының бас билері Жанназар, Қаракөбек, Мұратбек және 10 ру басылары, Байұлынан бас биі, батыр Сырым Датов, Қаратау Өмірзақов және 17 ру старшинасы және Жетіру бас старшыны батыр Тіленші Бөкенбайұлы және Жанболат Қарабанов оған қоса 13 ру старшындары бар. Ал Нұралы хан мен оның айналасындағы сұлтандар балаларына шақыру жіберілмеген. Оның себебі орыс үкіметі Нұралы ханды Уфаға жер аударып, Кіші жүздегі хандықты жоюды көздеген. Ал дәл сол кезеңде Кіші жүз билігін Игельстром

бекіткен ру старшындары билеген. А.И. Добросмыслов «Кіші жүздегі саяси жағдайға ел атынан шекаралық басшылыққа жауап берген және елдегі басты мәселелерді шешуге ықпал еткен Байбақты руының батыры Сырым Датұлы болды», - деп атап көрсетеді.

Сонымен Орынборда мешіт жанынан орыс мектебіне арнап салынған екі үйді 1793 жылдары бітірген. Алғаш қазақтардан мешіт жанынан ашылған орыс мектебіне баласын берген сұлтан Жиһангер Қайыпов еді. Ол Шекаралық комиссияның төрағасы генерал - майор И.А. Трейденге жазған 1791 жылы 26 желтоқсандағы хатында баласы сұлтан Бейсенді мұсылманша оқуға жіберген. Әйтсе де, бұл мектептің алғашқы қазақ оқушысы сұлтан Бейсен 1792 жылы 3 ақпанда шешек ауруынан көз жұмып, Сейітов селосына мұсылманша жерленген. Екінші оқушы Ералы ханның балдызы Әбілпейіз болды. Жалпы XVIII ғасырдың аяқ кезеңінде қазақтарды орысша сауаттандыру ауыр жүрсе, XX ғасырдың бас кезеңінде автор қазақтарға арналған бірнеше орыс мектебі барлығына шүкірлік етеді.

А.И. Добросмыслов Екатерина II қазақтарды оқытуға көрсеткен қамқорлығын әңгімелей отыра замандастарының II Екатеринаның қазақтардың діни сеніміне деген «саяси құрметі» және қазақтар арасында «мұсылманшылықты дамытты» деген пікірлерін қате деп есептеген [306, с.60]. Автор пікірі бойынша орыстар отарлағанға дейін қазақтар мұсылман дінін ұстанған. Тіпті олар II Екатерина салдыртқан мешітке көп уақытқа дейін бармаған. Әрине, біздіңше, патшайымның мешіт салдыру саясатын қазақтар сенімін қамқорлағаннан емес амалсыздан түркі тектес халықтар (орыс мектептерінде татар не башқұрт ұлт өкілі қызмет етті.-Ұ.А.) арқылы өз саясатын жүргізуі еді. Көптеген халықтарда діннің астарында халықтың наразылық сана сезім жатқандығын егерде ескі діндерін тастап жаңа дінге өтер болса, онда ұлттық келбетін жоғалтатындығын айтады. Автор қазақтар әлі өздерінің халықтық сана сезімінен айырылмаған халық дей келе, оған дәлел, XVIII ғасырдың аяғында Орта, Кіші жүз қазақтарын басқаруға Шекаралық комиссияның тағайындаған ел басыларын тыңдамады және олар үнемі орыс боданы башқұрттар, қалмақтарға орыс шекарасындағы орыс казак ауылдарына шабуыл жасап, малдарын айдап, адамдарын тұтқынға алып, тіпті өлімге дейін барғандығын баяндаған. Орыс үкіметі қазақтардың наразылығын басып жаншу үшін үкіметтің қаражатын аямаған, әйтсе де патша үкіметінің қазақтардан түпкілікті айырылып қалмаудан барынша сақтанды. Сондықтан да II Екатерина қазақтардың мұсылманшылығын бекітейін деп емес, керісінше, олардың діни сезімдері арқылы алдымен татарша сауатын ашқызып, өздеріне жақындатуды көздеген.

Дегенмен патшайым ашқан мұсылман мектебінде оқушы саны аз болды, тек хан, сұлтандар балалары оқыды дей келе, хан, сұлтандарды халқы жақсы көрмеді, олар орыс үкіметінің қаржысымен болса да хандық билікті өз қолдарына ұстағысы келді деп түйіндейді. Шындығында Отанына адал қызмет атқарып жүрген А.И. Добросмысловтың қазақ елінің саяси жағдайына осылайша баға беруі заңдылық та еді.

Кіші жүз ханы Нұралыдан бастап орыс патшасы хан билігін шектеп, ел ортасына жібермей, халқына қарсы қойып, би, батыр, старшындарды күшейту арқылы оларды бір біріне айдап салды. Сонымен орыс үкіметі Орынбор мешітінен татарша сауаты ашылған молданы, яғни орысша ауызекі сөйлеу тілін білетін діни маман даярлаған. Бұл оқуды бітірген қазақтар хандық билік жанынан ашылған Кеңестің кеңсе хатшысы қызметін, орыс билік жүйесіндегі қызметтерді атқарған. Ал А.И. Добросмыслов еңбегінің соңында: «XX ғасырдың басында қазақтардың әлі де толық орыстанбағандығын байқап отырмыз», - деп аяқтайды [306, с.62].

А.И. Добросмысловтың бұл еңбегі орыс мемлекетінің қазақтарға ұстанған отарлау саясатын түсіндіретін заманының тарихи деректерін келтірген зерттеуі болып есептелінеді. Біздер үшін еңбектің деректік құндылығы патшалы Ресейдің жүргізген саясатын отарлаушы орыс мекемесінің қызметкерінің баяндауы еді.

1914 жылы А.И. Добросмыслов қазақ тарихы мен мәдениеті, шаруашылығынан біраз мәліметтер берер жазба құжаттар қалдырып, өмірден озған.

А.В. Васильев (1861-1943) Ғылыми комиссия құрылған 1887 жылдан мүше болып келеді. Мұрағатты реттеу үшін құрылған арнайы комиссия жұмысына тартылған. А.В. Васильевтің 1894 жылы толтырылған жеке іс-парақ тізбесінде 31 жаста деп көрсетілген. Ол Қазан діни академиясының семинариясын діни мамандығы қосымша құқық пәнінен дәріс беретін оқытушы кандидат атағымен 1888 жылы бітіріп, № 336 дипломын қолға алған. Ал 1889 жылдан Торғай облысының қырғыз мектебінің инспекторы болып тағайындалған [307, 3, 3 сыртқы пп.]. Ол Орынбор Оқу округінің инспекторы, қырғыз мектебінің инспекторы қызметтерін атқара жүріп, қазақ тарихына, этнографиясына, мәдениетіне бірнеше еңбектерін арнаған. Олардың қатарында «Торғай облысындағы орыстардың ағарту ісінің тарихи очеркі және оның қазіргі жағдайы туралы» (Орынбор, 1896), «Қырғыз тілі жайында және оның транскрипциясы» (Орынбор, 1896), «Қырғыз ертегілері» (Орынбор, 1898) атты зерттеулері бар. Ол комиссия тапсырмасымен бұрынғы Орынбор генерал – губернаторы кеңсесі мұрағатындағы өзі жиыстырған мұрағат істері негізінде жазылған ғылыми мақаласы «Доктор Эверсманнның Бұхараға саяхатын» дайындады [183]. Бұл мақала 1819 жылғы Златоуст заводының 24 жастағы медицина шенеунігі Э.А. Эверсманн құжаттарымен кездескеннен кейін жазылған. Орынбор генерал-губернаторы П.К. Эссен Нессельродеге хат жазып, патша Александр рұқсатымен Э.А. Эверсманнды Бұхараға жіберген. Э.А. Эверсманн Бұхара сапарында жолда губернатор П.К. Эссенге хат жолдаған, әйтсе де ол хат мұрағатта сақталмағандығын алға тартады. Ал Бұхараға жеткеннен кейінгі 1821 жылдың 21 қаңтарындағы хаты сақталған. Губернатор П.К. Эссенге неміс тілінде жазылған бұл хатта Кіші жүздің оңтүстік бөлігінің қазақтары туралы және Бұхара қаласы туралы деректер береді.

Владимир Николаевич Витевский (1845-1906) - 1898 жылдан Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының құрметті мүшесі. Орыс тарихшылығының ішінен қазақ тарихының отарлық дәуіріне қалам алғандардың бірі. Ол 1866

жылы Қазан университетінің тарих-филология факультетіне түсіп, 1870 жылы бітіреді. Осы жылы Орал әскери гимназиясына мұғалім болып жұмысқа орналасады. Кейін бірнеше жыл қатарынан Қазан мұғалімдер семинариясы мен Қазан қыздар гимназиясында мұғалімдік қызмет жасаған. В.Н. Витевскийдің құнды еңбегі «И.И. Неплюев және 1758 жылға дейінгі оның құрамындағы Орынбор өлкесі» [29] деп аталатын 3 томнан тұратын тарихи монографиясы. Бұл еңбегін даярлауда мұрағат деректерін және баспасөз материалдарын жеке кітапхана қорларын пайдаланған. Негізгі дерек көзіне Санкт-Петербургтегі Сенат мұрағатын және Торғай облыстық басқармасының мұрағатын айналысқа енгізді. В.Н. Витевскийге бұл монографиясын жазуда Р.Г. Игнатъевпен танысуының үлкен ықпалы болған. В.Н. Витевскийдің Р.Г. Игнатъевпен таныстығы 1873 жылы И.И. Неплюев туралы баяндама жазған кезеңінде басталған. «Мен мақаламды толықтырғым келіп, Орынбор гимназиясының мұғалімі Бекревке хат жолдағам. Менің ондағы ойым И.И. Неплюев туралы Орынбор мұрағатында қандай материалдар бар екен деген сұрауыма, одан төмендегідей жауап хат келді: «Статистикалық комитеттегілердің маған айтқаны, Орынбор өлкесінің бай тарихи материалдарын бір емес бірнеше статистикалық комитетке мүше болған Уфа қаласында тұратын Р.Г. Игнатъевтен сұрауын өтінген» деп еске алады. 1873 жылдың 7 маусымында Уфадан Р.Г. Игнатъевтен В.Н. Витевский хат алған. Р.Г. Игнатъев оған Орынбор қаласына барып, бұрынғы Орынбор генерал-губернаторлығы кеңсесінің мұрағатындағы Торғай облыстық басқармасы мұрағатын пайдалануға соның ішінде 1742- 1757 жылдардағы жарлықтарын пайдалануды ұсынады. В.Н. Витевскийдің айтуынша, 1873 жылдан бастап, Р.Г. Игнатъев мұрағат материалдарын пайдалануда көптеген ақыл кеңестерін беріп отырған. Осыдан бастап ғалымдар арасында достық қатынас, хат алмасулар орнаған [112, 34 п.]. Монографияның негізгі мазмұны аумағы кең Орынбор өлкесінің алғашқы тарихын 1758 жылға дейін жеткізіп баяндайды. Еңбек 3 томға бөлінген 30 тараудан, яғни, әрбір томы 10 тарауға бөлінген. Ал 4 томы қосымшалардан, қорытынды ескертпелерден және жазылған негізгі шығармаға қосымшалар берілген. Автор еңбегінің алғысөзінде осы монографиясының жазу тарихын түсіндірген. И.И. Неплюевті зерттеуге ерте кіріскендігін, Оралда еңбек еткен кезеңінде Орал облыстық наказной атаманы Н.А. Веревкиннің бұйрығымен «Орал әскерилері ведомоствосы» газетіне «И.И. Неплюев және Орынбор» атты тарихи өмірбаяндық очеркін жариялағанын еске алады. Осы очеркінің сәтті шығуы, айналасындағы замандастарының оң пікір білдіруі, авторды қанаттандырып, іргелі монография жазуға себепкер болғандығын жазады. 1 томның алғашқы 5 тарауы И.И. Неплюевтің нақты өмірбаянына арналса, одан әрі алғашқы Орынбор өлкесін басқарған Кириллов, Татищев, Урусовтарға тоқталады. 1743 жылы Орынбор қаласының негізі салынуы және И.И. Неплюевтің губернатор болып тағайындалуына тоқталады. Ал екінші және үшінші томдарында Орынбор өлкесінің әскери-стратегиялық және әкімшілік құрылысы, жергілікті әкімшіліктің қазақ еліндегі жүргізген отарлау саясаты, өлкені дамыту үшін Шығыспен сыртқы сауда қатынасын барынша реттеп, жетілдіруге күш салуы және Орынбор өлкесіндегі тау-кен өндірісі

заводын дамытудың тарихын жазған. Бірінші томының 6, 7 тарауларында Петр I-дің қазақ Ордасы және Әбілқайыр хан туралы пікірлері, елші Тевкелевтің қазақ Ордасына келуі тағы да өзге қазақтың саяси тарихына байланысты оқиғаларды автор таза отарлаушы елдің көзқарасымен жазған. Бұл турасында Орынборлық тарихшы Д.А. Сафонов пікірінше, В.Н. Витевский орыс мемлекетінің қазақ елін отарлауын бұл түбі болатын жағдай еді, тіпті патшалы Ресей елі өзінің Шығыстағы атқаруға тиісті «міндеті» деп білді деп көрсеткен [34, с.37]. Бұл көзқарас монографияның өн бойында айқын айтылған. Мысалы, үшінші томға кіріспе атты алғысөзінде: «И.И. Неплюев Ресей патшасы Петр I - дің жоспарларын айқын түсінді. Әсіресе, ол өлкенің басшысы ретінде қазақ - орыс қарым-қатынасына ерекше назар аударды. Ұзақ уақытқа дейін И.И. Неплюевтің қас жауы, нақты айтсақ жеке жауы ретінде Кіші жүз ханы Әбілқайырмен күресуге, оны алдауға тура келді дейді. Тек Барақ сұлтан қолымен өлтірілген Әбілқайыр хан өлімі, оның қолының күрмеуін шешкендей болды», - деп жаулаушы ел көзқарасын анық білдірген [29, с.111]. Үшінші томда Қазан татарларының ұлт - азаттық көтерілістерін, 1747, 1755 жылдардағы Батырша бастаған башқұрттардың ұлт-азаттық көтерілісін баяндаса, соңғы екі тарауы И.И. Неплюевтің отставкаге кетуіне байланысты таза өмірбаяндық сипаттағы мәліметтер жинақталған.

Ал төртінші томы В.Н. Витевский еңбегінің алғашқы үш томына қосымшалар, ескертпелер, негізгі мазмұнына қосымша үкімет жарлықтарының көшірмесі, грамоталар, өзге мұрағат құжаттары, автордың монографиясын жазуда пайдаланған кітаптар мен мақалалардың библиографиялық жазба және баспа деректері берілген. Әрине, бұл бөлімде В.Н. Витевский еңбегінің құндылығын арттыра түсетін еңбегі деп айтуымызға болады. Томның соңында Орынбор қаласының алғашқы сызба жоспары, монография өн бойында берілген географиялық атаулар мен жеке адам атаулары және 1755 жылы Красильниковтың құраған Орынбор губерниясының картасы берілген.

1906 жылы ОҒМК мүшелеріне ұзаққа созылған науқастан В.Н. Витевскийдің дүниеден озғандығы туралы хабар жеткен. 1906 жылғы кезекті мәжілісте ОҒМК комиссия төрағасы А.В. Попов Орынбор өлкесіне еңбек сіңірген тарихшы ретінде комиссия Еңбектеріне М.Л. Юдин мен С.Н. Севастьяновқа шағын өмірбаянын фотосымен жариялауды, Орынбор қалалық Думасына хабарлап, алғашқы И.И. Неплюев ескерткішіне қаражат жинауда алғашқылардың бірі болып қайырымдылық көрсеткен еңбегі үшін Орынбордағы оқу орындарының біріне оның атындағы стипендия тағайындау туралы ұсыныс түсірді [231, 48, 48 сыртқы пп.]. 1906 жылы 8 ақпанда А.С. Рождествин ОҒМК басшысына «Маған Қазан мұғалімдер семинариясы директоры В.Н. Витевский жанұясына байланысты Сіздермен хабарласуымды өтінген болатын. Жанұя жағдайының ауырлығына байланысты Мұрағаттық комиссия Ғылым Академиясы жанынан мұқтаж ғалымдарға бөлінетін жәрдем ақыны ескеріп, «тұрақты комиссияға» хабарласып, бөлінетін қаражатты В.Н. Витевский алғандығын алға тартып, 2 қызына көмектесуін сұрайды [231, 11, 11 сыртқы пп.].

1906 жылдың 22 наурызында тарихшы баласы Г.В. Витевский Орынбор комиссиясына 2 фото, біріншісі әкесінің 35 жастағы, ал екіншісі 1900 жылғы түскен фотосын жіберген [231, 20 п.]. Сонымен қоса баласы Г.В. Витевский 1906 жылдың 25 мамырында Комиссияға әкесінің 4 бума қағаздарын, хаттарын, қолжазбаларын тапсырған. Әйтсе де, Комиссия сұратқан Рычков жазбаларын, Р.Г. Игнатъев айтқан Орынбор мұрағаты істерін таба алмағандығын хабарлайды [231, 29, 29 сыртқы пп.].

1906 жылдың 25 шілдесінде А.С. Рождествин Қазаннан ОҒМК-на хат жолдап, өзінің В.Н. Витевскийдің өмірі мен қызметі және ғылыми-педагогикалық қызметі туралы очерк дайындағандығын атап өтіп, өз басылымдарына басуды өтінген [231, 41п.].

Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы және орыс ғылымы В.Н. Витевскийдің осы Орынбор өлкесінің бар аймағының тарихын қамтып жазған іргелі еңбегін жоғары бағалады.

Мұрағаттық комиссия өзінің 1895 жылдан бері мүшесі, Орынбор казак әскерінің есаулы Михаил Львович Юдинді де Қазақстан және Орта Азия тарихын тануға пайдалана білді. Оның Орынбор қаласындағы Орынбор корпусындағы Орталықтың мұрағатына еркін еніп, пайдалана алуы, құжаттарды реттеуге мүмкіндік берген Орынбор губернаторы кеңсесінің рұқсаты оған барлық жағдайды туғызды. Соның ықпалымен ол 1898 жылы «Орынбор өлкесі тарихының материалдары» [308], 1900 жылы «Түркістан өлкесін жаулағанға дейінгі Орта Азия хандықтарымен сауда жағдайы» [309], 1913 жылы «Түркімен халқымен қарым-қатынасының басталуы.Картамен» [310] еңбектерін жариялап үлгерді. М.Л. Юдиннің бір ерекшелігі ретінде мұрағат деректерімен қатар өз заманындағы, Комиссия кітапханасына түскен зерттеу тақырыбына қатысты еңбектерді де пайдалануын атап өтуімізге болады. Мәселен, «Түркістан өлкесін жаулағанға дейінгі Орта Азия хандықтарымен сауда жағдайы» еңбегінде ғана А. Шепелевтің «Ресейдің Орта Азиямен әскери және дипломатиялық қарым-қатынасы» (Ташкент, 1873), М.Л. Галкиннің «Орынбор өлкесі және Орта Азияның этнографиялық тарихи материалдары» (СПб., 1868). Л. Костенконың «Орта Азия және оған орыс азаматтығының енуі» (СПб., 1870), В. Наливкиннің «Қоқан хандығының қысқаша тарихы» (Казань, 1885) еңбектері, Орынбор генерал-губернаторларының жазбалары М.Л. Юдинге Орта Азия бағытындағы Ресей саясатының негізгі қадамдарын анықтауға көмектесті.

М.Л. Юдин зерттеу нәтижелерін Комиссия «Еңбектерінде» жариялады. Алғашқы Еңбектердің 5 басылымында жарық көрген «Материалы к истории Оренбургского края» еңбегінде-ақ, өзінің негізінен мұрағат деректерінде арқа сүйегендігін, сол арқылы бұрын қолға тиген анықтамалық құралдарға өзгеріс енгізгендігін көрсетті.

Қазақ және Орта Азия тарихына қатысты құнды еңбегі «Положение торговли...» 1902 жылы 9 басылымында басылды. Еңбектің басында-ақ ол «Өлкеге тағайындалған әскери губернаторлар, кейін генерал-губернаторлар орыс үкіметінің тапсырмасымен елге келген соң біздің біртіндеп алысқа созылып жатқан шекаралық шебімізді қауіпсіз етуге ұмтылды. Олар

көршілермен Орта Азия шекарасындағы «жартылай жабайы» халықтармен қарым – қатынас орнатып, сауда–саттықты дамытты. Бірақ олармен, фанаттық мұсылман билеушілерімен оң қарым–қатынас орнату оңайға түспеді. Бұхара мен Хиуаға жіберілген тіпті сәтті жасалған іс сапарлар делінгенімен оның арты күткендей нәтиже бермеді» деп мойындауға мәжбүр болды [309, с. 1, 2].

М.Л. Юдин өз ойын 1857 жылы губернатор В.А. Перовскийді алмастырған генерал-адъютант А.А. Катениннің жасаған іс-әрекеттерімен дәлелдеуге ұмтылды. Міне, осы арада патша үкіметінің саясаты Орта Азияны өзіне қарату жолындағы қадамдары арқылы XVIII ғасырдың алғашқы жартысында қалыптасқанын атап өтеді. Ол М.М. Галкиннің Сырдарияның екі жағалауындағы қарақалпақтар 1732 жылы Ресей бодандығын қабылдады дегенін алға тартып, оған Хиуаның билігін тіпті, қазақтардың үстемдігін жоққа шығарды. Аталған еңбегінің 9 бетінде-ақ М.Л. Юдин Орта Азиямен сауда–саттықтағы Ресей жағдайының тиімсіздігі туралы А.А. Катениннің қысқаша жазбаларын талқыға салды. Генерал-губернатор Орта Азиямен сауда–саттық тиімсіз деген қорытындыға келіп, оның себептерін көрсетті. Автордың дәлелдеуінше, біріншіден, саудадан түсетін салықтар, пайда тек Орта Азия көпестеріне кетеді. Өйткені, олар орыс товарларын бірден өндірушілерден тікелей көтеріп алады. Екіншіден, орыс товарлары оларға арзан бағалармен сатылады екен. Осыдан келіп, М.Л. Юдин орыс саудагерлері сауда-саттықтағы табыс айналымын бақылауда ұстай алмады деп түйіндеді [309, с.9]. Міне, мұндай тиімсіз сауда-саттықты реттеу үшін Бұхара мен Хиуаға 1858 жылы 15 мамырда қазақ даласы арқылы полковник Н.Н. Игнатъев жіберілді. Әскери офицер Жем бойында Есет Көтібаровпен кездесті. Одан әрі Хиуаға, Бұхараға аттанды. Бұхара әмірі Насыролла белгілі дәрежеде Ресей үшін тиімді шарттарға қол қойды. Сөйтіп, М.Л. Юдин сауда-саттық дами бастады деген қорытындыға келді.

Дегенмен, М.Л. Юдин дайындаған очеркінің Орта Азиялық сауда-саттық жөнінде толық ашпайтындығын, оның біржақты мұрағат материалдарымен жазылғандығын, ал толыққанды зерттеу үшін Ресей Орта Азия қарым-қатынасы тарихына талдау жасай отыра, Орынбор-Сібір кеден шебіндегі құжаттарын пайдаланған жоқпын деп атап өтеді.

Иосиф Павлович Кречетович 1898 жылы Мұрағаттық комиссияның мүшелігіне қабылданған Орынбор епархиальды училищесінің инспекторы. Ол 1873 жылы 27 қаңтарда Гродненский епархиасының жаломщигі жанұясында дүниеге келген, Литва діни семинариясын бітіріп, 1897 жылы Москва діни академиясының тарих бөлімін бітірген. Ол еңбек жолын Орынбор епархиальды қыздар училищесінің инспекторы қызметінен бастаған [311, 12 сыртқы пп.]. 1904 жылдан 1911 жылдың тамызына дейін Саратов діни оқу мекемесінде, ал 1911 жылдың тамызынан Орынбор діни семинариясының ректоры болып қызмет атқарған [312, 116, 117 сыртқы пп.]. 1914 жылы 17 сәуірде ОҒМК И. П. Кречетовичті Орынбор өлкесінің тарихын зерттеуге және тарихи мұрағатты реттеуге қосқан үлесі үшін Комиссияның құрметті мүшесі етіп сайлады [312, 123 п.].

И.П. Кречетовичтің негізгі еңбегі «Орынбор өлкесіндегі шаруалар реформасы» монографиясы [313] Орынбор Комиссиясының мұрағат деректері негізінде жазылған. Еңбектің қарастырған мәселесі шаруалар реформасының жүргізілуі, реформаға даярлық, Орынбор өлкесіне алғашқы шаруалардың қоныстануы. Статистикалық дерек бойынша, шаруалар 1858 жылдан қоныстана бастаған. Жалпы Орынбор өлкесіне орыс шаруалары 1558 жылдан келе бастаған.

И.П. Кречетович монографиясын жазуда бұрынғы Орынбор-Самара генерал-губернаторлығы кеңсесі мұрағатының істерін ғылыми айналымға қосқан [313, 2, 3 pp.].

Александр Владимирович Попов (1867 - 1918) мамандығы дәрігер. Орынбор өлкесінің тарихы мен археологиясын зерттеуге белсенділес қосқан өлкетанушы. Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының негізін қалаушылардың бірі, 1903 жылдан Комиссияға төрағалық қызметін 1918 жылға дейін атқарды. Комиссияға арналған 96 қорда комиссия төрағасы А.В. Поповпен комиссия мүшелерінің және өзге мемлекеттік, ғылыми мекемелер мен қоғамдар басшыларының жазысқан ресми хаттары мен жазбалары сақталған. Сонымен бірге Орынбор облыстық мемлекеттік мұрағатында А.В. Поповқа арналған жеке 168 қор жасақталған. Қорға 1821 жылдан 1918 жылдар аралығындағы құжаттар енген. Жеке қор 1990 жылы жаңартылған. Қорда Поповтың бірнеше еңбектерінің қолжазбалары сақтаулы. Мәселен, Каспий теңізі және оның айналасын мекен еткен халықтар туралы зерттеуі [314, 1–163 pp.] көптеген материалдарды қамтиды. «Геродоттың география туралы мәліметтері» еңбегінде Геродот жұмысының аудармасын жасап, жалпы бұл ғылыми мақаласында Геродоттың еңбегіне өзінше пікірін білдіріп, талдау жасайды [315, 1–12 pp.]. «Тарихи–халықтық сипаттағы мәселелер туралы кітаптан жазбалар мен естеліктер» қолжазбасында Геродот еңбегінен ғұндар туралы мәліметтер келтірсе [315, 5 п.], Каспий теңізі жөнінде [315, 22 сыртқы п], скифтер, геттер, сарматтар жайында [316, 45-50 pp.] пікірлерін білдірген.

А.В. Поповтың «Орынбор өлкесіндегі 1829-1833 жылдардағы оба» атты тарихи зерттеуі 16 тараудан тұрады. Автор еңбекті жазуда таза бұрынғы Орынбор генерал – губернаторлығының кеңсесінің мұрағатында сақталған, Комиссия құжаттарды реттеген кезеңде Торғай облыстық басқармасы, Орал әскери шаруашылық басқармасы, Уфа губерниялық басқармасы (1865 жылға дейін бұрынғы Орынбор) және Орынбор қалалық мұрағаты құжаттары пайдаланылғанын атап өтеді. А.В. Попов зерттеуінше, оба ауруын бұхарлықтар «тагун», қазақтар «кұтыр» деп атаған [317, с. 10,25]. 1829 жылға дейін оба ауруын қазақтар білмеген, олардың айтуынша, қазақ даласына оба ауруы 1848 жылы орыстар арқылы келген, сондықтан да қазақтар оба ауруын орыс ауру деп те атайды. Қазақтар оба ауруын шындығында да білмеген деген қорытынды жасайды автор.

1896-97 жылдары Торғай облысының әкімшілігі Ресейдегі жүріп жатқан оба эпидемиясына байланысты қазақтар арасындағы оба ауруы туралы мәліметтер жинаған. А.В. Поповтың түсіндіруінше, қазақтар жалпы оба ауруына аз ұшыраған, оның себебі олар жиі орын ауыстырып көшіп отырған. Оба ауруы

тараған аудандарда емдеу шаралары қарастырылған. 1831 жылғы мұрағат мәліметі бойынша жалпы ауырғандар 12 236, жазылғандары 13 545, өлгендері 7 602, әзірге қалғандары 89 [317, с. 260]. Зерттеу жұмысында дәрігер А.В. Попов Орынбор өлкесіне оба ауруының жалпы үлкен қасірет әкелгендігін, әсіресе, Жайық өзені бойы тұтас, Орынбор қаласы мен губернияларындағы халықтардың қатты зардап шеккендігін мұрағат деректерімен келтіре жазған.

А.Е. Алекторов (1861-1919) – Орынбор өлкесі және XVIII-XX ғасырлардағы Қазақстан тарихына байланысты тарихи, этнографиялық бірнеше ғылыми еңбек қалдырған. Ол Пенза діни семинариясын, Орынбор мұғалімдер институтын бітірген. 1882 жылы 19 қаңтарынан Орынбор уездік училищесінің орыс тілі мұғалімі, 1883 жылы тамызында Орынбор мұғалімдер институты жанындағы қалалық екіжылдық училищеде мұғалім, 1886 жылдары Ішкі Бөкей Ордасының училище инспекторы, 1894 жылы тамызынан Қостанайда, одан кейін Торғайда халық училищесінің инспекторы, Семипалатинск облысының училищесінің директоры қызметтерін атқарған. А.Е. Алекторов 1889 жылдан Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясының мүшесі және Астрахань Петровский қоғамына да мүше болған. Еңбектерінің тақырыбы сан –салалы болды, атасақ, «Қазақтар. Тарихи очерк», «Ішкі Бөкей Ордасы», «Қазақтардың жер шаруашылығы», «Қазақтардың есімдері», «Қазақтардың мал шаруашылығы», «Торғай облысы халық ағартушылығының очеркі 1744-1898 жж.» (I, II, III Басылым. Орынбор,1900), «Қазақтар туралы кітап, журнал және газеттердегі мақалалар мен жазбаларының көрсеткіші», (Қазан, 1900), «Қазақтарға арналған әліппе» (Қазан, 1892) осылайша бірнеше жүздеген ғылыми зерттеулерін арнаған. Аталған еңбектерге дейін ғалым «Орынбор губерниясы тарихы» атты зерттеуін [318] жариялап, өлкенің бай тарихына шолу жасады.

Мұрағаттық комиссияның тарихында И.И. Крафтың да өзіндік ізі сайрап жатыр. Ол Торғай облысына 1889 жылы губернатор Я.Ф. Барабашпен бірге келді. 1891-1898 жылдар аралығында «Тургайские областные ведомости» газетінің алғашқы редакторы Торғай шаруашылық басқармасының кеңесшісі И.И. Крафт болды. Ал 1895 жылдың 1 қаңтарынан «Тургайские областные ведомости» газетінің биресми бөлімі «Торғай газеті» шыға бастады. Ол 1895-1899 жылдар аралығында «Торғай газетінің» бас редакторлығы қызметін атқарды. Қазақ тілін еркін білген ол «Торғай газетін» редакциялады. Газетке қазақ тарихы мен этнографиясына арналған көптеген мақалары жарияланды.

И.И. Крафтың газет бетінде жиі көтерген мәселесі қазақтарға білім беру саласы бағытындағы мақалаларының негізгі түйіні патша үкіметінің қазақтарға жүргізіп отырған саясатын нағыз қолдаушысы екендігін ашық көрсетті. Оған мысал ретінде «Народные образование в Тургайской области в 1894 году» атты мақаласында Торғай облысындағы орысша білім берудің жай күйін баяндайды. 1895 жылдан Орынбор комиссиясының белді мүшесі болды. Оның 1898 жылы Орынбордан жарық көрген сүбелі еңбегі [319] қазақ тарихына қатысты құнды материалдардың жинақталуымен ерекшеленеді. И.И. Крафт қазақтардың шекарасына деректердің «Үлкен сызба» кітабында кездесетіндігін ерекше атап өтеді. Ол қазақтардың рулық құрылымдарына да тоқталды. Әсіресе, Нұралы

хан саясатына талдау жасап, оның және Абылайдың Қытаймен байланыстарына назар аударды.

Қазақ этнографиясына арнап, Мұрағаттық комиссия «Еңбектеріне» ғылыми мақаласын жариялаған Петр Прокофьевич Ходырев болды [320, с. 195-203].

П.П. Ходырев 1916 жылы ОФМК мүшелігіне қабылданады. Ол 1882 жылы 19 тамызында Орынбор мешаны П.В. Ходырев отбасында дүниеге келген. П.П. Ходырев Орынбор қырғыз мұғалімдер мектебін 1903 жылдың 12 мамырында №246 куәлікпен бітірген. 1905 жылдың 1 қыркүйегінен 1907 жылдың 1 қазанына дейін Орынбор ерлер приходтық училищесінде мұғалім қызметінде болған [321, 2-3 пп]. 1908 жылдың 28 тамызынан халық мұғалімі қызметін атқарған.

Комиссия Еңбектерінің этнография бөліміне В.Я. Струминский алғысөз жазған. Сонымен П.П. Ходыревтың «Қазақтар нанымнан» мақаласын жазуына себеп болған 1917 жылы Комиссияның өткен мәжілісінде Орынбор және Торғай епископы Мефодийдің хаты себепкер болыпты. Ол жолдаған хатында комиссия мүшелерінің назарын « Ақтөбенің айналасында қазақтар емдеу үшін белгісіз бір дәудің ірі сүйегін пайдаланады екен» деген әңгімелерге аударады. П.П. Ходырев ондайды естімесе де, көрмесе де қазақтардың кейбір жануарлардың сүйегін күнделікті өмірде пайдаланатындығын білетін. Автор еңбегінде қазақ даласында татар молдалары мұсылманшылықты қанша насихаттаса да, қазақтардың бойтұмарға сену үрдісінің әлі де қалмай отырғанын айтады. Соның ішінде қазақтардың сүйекке байланысты наным – сенімдері қалыптасқанын айтады. Қазақтар ешуақытта сүйекті сындырмайды, бөлшектейді. Ал бай қазақтар сүйегі сынған малды жарамсыз деп итке тастайды. Автор қазақтардың неге олай жасайтындарын түсіне алмадым дейді. Ол Ақтөбе уезінің Қарақобда болысындағы бір ауылда оқушының ағасы өкпе ауруының соңғы сатысымен ауырып жатты. Содан оқушым маған ағасын емдеуімді өтінді, ақысына 50 жылқы беретінін айтты. Әйтсе де, мен дәрігер емес екенімді айтып, емдеуден бас тарттым. Содан ауруға бақсыны алып келді. Одан әрі автор бақсының зікір салып емдегенін, емдеу барысында сүйекті пайдаланғанын жазады. Қазақтар арасындағы мал сүйегінің атқарар қызметіне тоқталады. Малдың тұяғын киіз бойтұмардың ішіне салып, мойынға көзден сақтайды деп іліп алатындығын, құс сүйегін бәйге кезінде сынған аттың сүйегін емдеуге пайдаланған. Балаларды түрлі аурудан сақтау үшін мойындарына қойдың жауырынын, балықтың тісін, тасбақаның қабығын іліп қоятын әдеттері болған. Қазақта сүйекпен бал ашқан. Отқа қақтап, жауырындағы сызықтарға қарап, болашаққа жорамал айтқан. Бал ашуда жауырын сүйектегі мүйізді оюдың маңызы ерекше екендігін айтады. Жалпы мүйізді оюдың қазақтың көшпелі өмірінде маңызы бар екендігін, ол ою кілемінде, киімінде тұтынатын бар бұйымдарында бар екеніне назар аударады. Одан әрі бір қазақтан естіген Ғаділбайдың үш ұлы және олардың қалыңдықтары туралы ертегінің баянын айтады. Сонымен ғылыми комиссия мүшесі П.П. Ходыровтың мақаласы қазақ даласын мекен еткен көшпелілер мәдениетінің дәстүрлі түсінік нанымнан айшықты орын алатын төрт түлік малдың сүйегін дәріптейтін бақсылық сенім-нанымы туралы заманының көрген естіген деректерін хатқа түсіріп баяндаған.

Қазақтың отарлық дәуірін зерделеуде сол кезеңде жазылған зерттеулермен қабылданған заң құжаттары қоғам тарихынан құнды мағлұматтар беретін тарихи деректердің ерекше түрі ретінде, белгілі бір мемлекеттің әлеуметтік экономикалық, қоғамдық- құқықтық қатынастарды зерттеуге, оқып, білуге мүмкіндік беретін материалдардан тұрады. Осындай еңбектің бірі комиссия «Еңбектеріне» дара басылыммен жарық көрген комиссияның 1905 жылдан мүшесі Л.А. Словохотовтың «Кіші жүз қазақтарының дәстүрлі халықтық соты» [322] атты зерттеуі. Бұл еңбегі 1905 жылы «Еңбектердің» 15 басылымында жарияланды. Еңбек авторы Л.А. Словохотов Орынборда 1905 жылы ант берген адвокаттың көмекшісі, сот секретары қызметін атқарған. Л.А. Словохотовтың еңбегін сараласақ, мазмұны 9 бөлімнен, 156 беттен тұрады. Еңбектің «Заң шығарушы және қазіргі өмірдегі дәстүрлі құқық доктринасының маңызы» атты бөлімінде автор ХХ ғасыр басында юриспруденция ғылымында өзге ұлттардың (отар елдердің – Ұ.А.) дәстүрлі құқық мәселесінің шет қалғандығын, құқықтанушылардың құқыққа берілген сыни бағасының жетіспейтіндігін басты назарға алады. Оның үстіне тарихшылар мектебінің дәстүрлі құқыққа заң құжаттарының құқықтық тарихи дерек ретінде мән беріп отырғанына назар аударған. Сонымен бірінші бөлімінде орыстардың отарлауына байланысты, қазақтың әдет – ғұрып құқығы ығыстырылып, дәстүрлі сот жүйесін жойып, патша үкіметінің орыс мемлекетінің заңдарын қазақтардың «ерікті түрде қабылдағандығын» айтады. Осылайша орыс үкіметі өз заңдарын күштеп енгізуін «прогресстік», қазақ қоғамының бір дәуірден екінші дәуірге өтуі деп түсіндіреді.

Екінші бөлімінде дәстүрлі құқықтың мазмұны мен формасына, оның ғылыми айналымға енуі, орыс және қазақтар құқығының арақатынасы, моңғол-түріктік қан мен орыс консерватизмі, қазақ әдебиетінің жалпы сипаты және олар туралы жазылған жұмыстар жөнінде әңгіме қозғайды. Қазақтардың құқықтық өмірі ғылым әлеміне әлі толықтай мәлім еместігін айта отырып, дейтұрғанмен орысша жазылған Орынбордағы жергілікті әкімшілік қызметкерлерімен жергілікті баспасөз органдарының жариялаған материалдарының ішінен ірі еңбектер деп А.И. Левшиннің «Описание киргиз – кайсацких орд и степей» (3-тома, СПб., 1832), және Гродековтың «Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарийский области» (Ташкент, 1889) еңбегін атаған. Бұл еңбектерде қазақтар туралы әдебиеттердің ғылыми жүйесін жасаған дей отыра, автор материалдардың қызықты емес сұп-сұр, түссіз, толық қызметкерлік ойда және бір-бірін қайталаған еңбектер дей отыра, біз үшін бұл еңбектердің құндылығы аз, құқықтық материалдары қазақ елінің белгілі-бір салт дәстүрін ғана баяндайтын аксессуар деп ой қорытқан. Тіпті ғалым заңгерлер көшпелі халықтың даласына келмейді дей келе, қазақтың халық сотына қатысты заманында журналдарға шыққан екі мақалаға тоқтала кетеді. Бірі И.И. Крафтың «Судебная часть в Туркестанском крае» (Оренбург, 1898), екіншісі А.И. Добросмысловтың «Суд у киргиз Тургайской области в XVIII –XX веках» (Казань, 1904) еңбегіне сілтеме жасап, И.И. Крафт еңбегін барлық ғылыми мәліметтерден жұрдай, таза кеңселік еңбек деп бағаласа, А.И. Добросмысловтың еңбегінде қазақ халқының құқықтық көзқарасының мәнін

түсіндірмей, орыс үкіметінің тәртіппен белгіленген қазақтардың сот құрылымының негізгі қағидалары көрсетілмеген деп түсіндіреді. Сонымен екінші тарауда көшпелі қазақтарды ұйықтап жатыр деп, артта қалғанды сипаттап, ендігі міндет бұл елді «ояту үшін» орыстың оқыған мәдениетті ұлдарының көңіл бөлуін күтуде деп аяқтайды, яғни, отарлаушы елдің мәдениетін, заңын, дінін тағы да өзге дүниесін зорлап енгізуді ұсынады.

Үшінші бөлімін халықтық конгломерат, дала, діни тенденциялар және орыстардың қазақтардың құқықтану мәселесіне ықпалы, осы себепшілікке тарихи және құқықтық көзқараспен баға беру деп атапты. Автор әрбір құқықтық институт, әрбір халықтың жалпы құқықтық құрылымы тарихи - генетикалық, территориялық - әлеуметтік, діри және өзге де халық өмірінің әсерінен пайда болатындығын мойындайды. Соның ішінде адат немесе қазақтардың әдет-ғұрып құқығының дамуының өзіндік ерекшелігі бар екенін жаза отырып, одан әрі қазақтың дәстүрлі құқығынан қазірде неге «әр түрлі шатасқан, қабаттасқан еміс-еміс іздері қалған?», - деп өз-өзіне сұрақ қоя отыра, автор «меніңше қазақ халқында этнологиялық және антропологиялық тұтастық, түп негізі жоқ және ешуақытта дербес саяси өмірі болмаған халық, яғни, конгломератты халық» [322, с.28-29] деген түйін жасайды. Л.А. Словохотов отарлаушы ел көзқарасымен қазақтың шығу тегін жоққа шығарған пікір білдіріп, өзінен бұрынғы жазған еңбектерден ғылымилық деңгейі олардан аса қоймады.

Төртінші бөлімінде Тәуке ханның заңдарына, олардың шығу тегіне, сипатына, соттар және мәслихат, сот ісін жүргізу, барымта, Жеті Жарғының құн төлеу жолдары, құлдар мен мұрагерлік заңдары, Тәуке заңдарындағы қазақтың адамгершілік-құқықтық физиономиясына тоқталған. Л.А. Словохотов А.И. Левшиннің «Описание киргиз-кайсацких орд и степей» (3тома, СПб., 1832), еңбегін негізге ала отыра, Жеті Жарғыға назар аударып, Кіші жүз қазақтарының дәстүрлі құқығын зерттеген.

Бесінші бөлімінде көшпелі қазақ еліне орыс үкіметі енгізген сот жүйесі реформасын мәдени ілгерлеушілік деп бағалаған. Сонымен бірге қазақ даласындағы шекаралық және халық сотына, қазақтардың сот ісін жүргізуіне, жүгініс, Кеңестегі билер ролі, сот инстанциясының бірлігі және ХІХ ғасыр аяғындағы қазақ билерінің құқықтық дәрменсіздігі және билер алып сатарлығы мәселелеріне тоқталған. Бұл бөлімде де көшпелі тірлікке негізделген қазақтардың өмірінде өзіндік дау, қозғалыс, өмір сүру дағдысы бар екенін мойындай отыра, орыс мемлекетіне тәуелді отар елдің тірлігін нысхаттайды. Сонымен бірге біз еңбекпен таныса отыра, тарихи деректерге де кезігеміз. Мысалы, Кіші жүз сот жүйесін баяндаған кезде, Шерғазы ханның комиссиялық сот құрамына Торғай облыстық басқармасының мұрағатына сілтеме бере отырып, құрамына Темір Ералиев, Медетқали Тұрдалиев, құрметті старшина Есенгелді Жанмурзин, молда Абдрахман-Мұхаммед Шафиров, ахун Ғабдулсалам Ғабдрахманов, молда Сүлейменов кіргендігін мысалға келтіреді. ХІХ ғасырдың І ширегінде 1822 жылғы Орта жүз қазақтары үшін «Сібір қырғыздарының жарғысы» бойынша орыс үкіметі әкімшілік реформа жасап, сот жүйесіне шектеу қойылады. Ал, 1824 жылғы «Орынбор

қырғыздарының жарғысы» бойынша Кіші жүзге жасаған әкімшілік реформа нәтижесінде сот жүйесіне өзгеріс енгізді. Жарғыда барлық қылмыстың және саяси істерді орыс үкіметінің округтік соты қарады да, империяға зияны тимейтін ел ішіндегі ұсақ-түйек сот істерін дала заңымен шешілуі үшін билер құзырына қалдырылды. Осылайша отарлаудың біртіндеп жүргізуінің нәтижесінде XIX ғасырдың аяғында тұтастай қазақ даласындағы сот ісіне түбегейлі реформа жүргізіліп, патшалы Ресей елінің сотына бағындырылды.

Алтыншы бөлімінде қазақтың сот процесіне, халықтың отбасылық сот жүйесі сипаты, жергілікті сот мәжілісі және тәртібі туралы мәселені әңгімелейді.

Жетінші бөлімінде қазақтың діни түсінігі және оның қылмысқа деген көзқарасына тоқталады.

Сегізінші бөлімі қазақтардың құныкерлік жүйесі, құн, айып, бұл жүйедегі орыстар енгізген өзгерістер туралы айтылса, ал тоғызыншы бөлімінде қазақтардың халықтық сот жүйесіне өз көзқарастарын білдірген Максимовтың, И.И. Крафтың, В.В. Григорьевтің пікірлерін келтіріп және қазақ даласында дүмпіп жатқан ұлт-азаттық қозғалыс дәуіріне тоқталған.

Сонымен Комиссия мүшесі Л.А. Словохотов монографиясында қазақтардың халықтық құқық санасын сот ісі құрылымы, сот ісін жүргізу және олардың қылмыстық көзқарасына тоқталып, XX ғасыр бас кезеңіндегі Кіші жүз қазақтарының халықтық сотының зерттелу деңгейіне, ол жөніндегі әдебиеттерге және дәуірінің шыққан заң құжаттарына тоқталған. Автор пікірінше, Кіші жүз қазақтары XIX ғасыр соңына дейін орыс үкіметінің заңына да, жарлығына да бағынбай, дала заңымен өмір кешіп келген көшпенділер. Сондықтан Л.А. Словохотов қазақтардың дәстүрлі дала заңдарын толық өмірлерінен сызып тастап, «тәрбиелеу, үгіттеу» арқылы орыс үкіметінің заңдарын мойындатуды ұсынады. Автордың орыс заңына мойынұсындырудың тағы бір жолы, көшпенді қазақ өміріне құқықтық білімді, ағартушылық білім, үгіт, насихат, арқылы орыс үкіметі заңына толықтай бағындыруға болады деп есептеген.

Комиссия мүшесі Л.А. Словохотов еңбегі XIX аяғы мен XX ғасыр бас кезеңіндегі орыс үкіметінің қазақ еліндегі сот реформасының жай күйі қалай жүзеге асуда, қаншалықты орындалуда, қайткенде қазақ елін толықтай Ресей сот жүйесіне бағындыруға болады деген мәселелерге жауап іздеген отарлаушы мекеменің тапсырмасы негізінде жазылған жергілікті сот мекемесінің бірнеше жылғы есебіне шолулар негізінде шығарылған қорытынды еңбек деп айтуымызға болады. Дегенмен, XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр бас кезеңіндегі қазақтардың құқық мәселесін зерттеуде қазақ құқық жағдайынан хабардар етер еңбектердің бірі ретінде салыстырмалы зерттеуге пайдаланар дәуірінің құнды еңбегіне жатқызамыз.

Сонымен Мұрағаттық комиссияның 1889 жылдан бастап жарық көрген «Еңбектерінде» және осы 30 жыл аралығында мүшелері жариялаған мақалалары, монографиялары, қазақ тарихының бай дерек көзі болып саналады. Олардың көпшілігі алғаш рет мұрағаттық деректерді пайдаланып, ой қорытты, көптеген ауызекі әңгімелерді, ертегілерді, аңыздарды жинақтап шығарды. Міне,

мұның өзі Комиссия мүшелерінің бізге қалдырған мол мұрасы екендігін дәлелдейді. Әрине, сол кезеңде ол ғылыми еңбектердің тікелей Мұрағаттық комиссияның тапсырмасына сәйкес жазылғандығы анық. Яғни, патша үкіметінің басты мақсаты отарланушы елді, халықты тану осындай жолдар арқылы жүзеге асты. Соған қарамастан, жоғарыда зерделенген Комиссия мүшелерінің еңбектері тарих ғылымы үшін ешқашан мәнін жоймайды. Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының тарихи мұрағаттың негізін қалап, аса құнды маңызы бар құжаттарды сақтап, жүйеленуінің арқасында қазақ тарихының XVIII-XX ғасырлар аралығындағы тарихы құжаттары ғылыми айналымға енді. Мұрағаттық комиссия төрағасы А.В. Поповтың жоғарыда атағанымыздай, 1914 жылдың мамырында Бірінші Бүкілресейлік мұрағатшылардың съезінде сөйлеген сөзімен келтірер болсақ: «...Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы 30 жылдан аса қызметі кезеңінде өзінің «Еңбектерін» 35 том кітап қылып шығарды. Онда мәжіліс хаттамалары және Комиссияның қызметі туралы жылдық есептер, сонымен бірге дара тарихи зерттеулер жарияланды. Бұл зерттеулер бізге жат идеологиялық көзқараста орыс самодержавиесінің отарлық саясатын дәріптейтін рухта жазылған. Дегенмен бұл зерттеулерде мұрағат құжаттарымен көптеген шынайы деректерге толы. Сондықтан да бұл еңбектердің ғылым үшін маңызы зор», - деп ойын қорытады.

5 ОРЫНБОР ҒЫЛЫМИ МҰРАҒАТТЫҚ КОМИССИЯСЫ ЖҰМЫСЫНА ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҚАТЫСУЫ

5.1 Ғ.Б. Балғымбаевтың Мұрағаттық комиссиядағы қызметі

Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының мүшелерінің ішінде аты аталатын екі қазақтың бірі Ғабдулғали Балғымбайұлы Балғымбаев еді. Ғ.Б. Балғымбаев ОҒМК-ның 1903 жылдың 1 ақпанындағы жалпы жиналысында толық мүшелігіне бірауыздан сайланған [275, с.124]. Ғ.Б. Балғымбаев қазақтан шыққан Ы. Алтынсариннің ісін ілгері жалғастырған ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасыр бас кезеңіндегі халық алдында еңбек еткен педагог. Бұл дәуір патшалы Ресейдің қазақ елін толық отарлап, 1867, 1868 жылдардағы реформалардан кейін отар елді ұстау бағытында қазақтардан орысша сауаты ашылған, орыс әкімшілігінің төменгі буындарында жұмыс жасайтын мамандар қажеттілігі білінді. Соған орай, патшалы Ресейдің Халық Ағарту Министрлігіне бағындырылған Орынбордан 1874 жылы Орынбор оқу округі құрылған болатын. Осы мекеме арқылы қазақ жерінде орысша мемлекеттік өзге ұлт өкілдеріне арнап, бастауыш білім беру жүйесін қолға алды. Қазақтарды рухани орыстандыру орыс-қазақ мектептері, бір жылдық, екі жылдық училищелер арқылы арнайы даярланған бағдарламалар арқылы жүзеге асырылды. Орынбор мұрағаттық комиссиясының мүшелері А.Е. Алекторов, А.В. Васильев еңбектерінен Торғай облысындағы патша үкіметінің оқу-ағарту саласындағы жүргізген отарлық саясатының шынайы келбетін көре аламыз. Қазақ даласындағы орыс мектебінің тарихы Ы. Алтынсаринмен байланысты айтылады. Торғайда 1864 жылы алғаш орыс-қазақ мектебі ашылған. 1894 жылы Оқу округінде ауыл мектептерінің саны 35-ке жеткен. Қазақ ауылдарында мектептертердің тез өсуін Торғай облысының әскери губернаторы генерал-лейтенант Я.Ф. Барабаш: «қырғыздардың білімге деген қызығушылығы мен жалпы сүйіспеншілігі өте тамаша», - деп түсіндіреді [323, с. 158,162].

ХХ ғасырдың басы бір қазақты әлеуметтік жікке бөліп, саяси көзқарастарын анықтап жатқан кезеңде ұлтымыздың зиялы қауымы, қоғамдық саяси өмірде ұлттық мүддесін сақтап, бар қазақтың басын біріктіріп, ұлттық тәуелсіз мемлекетін қайта қалпына келтіруге ұмтылды. Бұрынғы қазақ мемлекетін басқарған хан әулетінің балалары орыс мемлекетінің қазақ елін басқару құрылымына тартылды. Елдегі саяси жағдайға байланысты қазақ мемлекетінің билік жүйесіне қатысқан хан, би, батырлар балалары амалсыздан орыстандырылған мемлекеттік мектептерде оқып білім алып, өз талаптарымен жоғарғы оқу орындарына түсуге ұмтылды. Сөйтіп, патшалы Ресей қазақ елін басқаратын мемлекеттік қызметкерлерін даярлай бастады. Қазақ мемлекеттік қызметкерлерінің легі екі ел мәдениетін, дәстүрлі ұлттық мәдениет және европалық орыс мәдениетін игерді. ХХ ғасыр басында тарих тағылымы дәлелдеген шындық патшалы Ресей мемлекетіндегі қоғамдық-саяси өзгерістерге саяси жағынан даяр болған, өз көзқарастарын дәлелдей алған белсенді топ қазақ зиялылары мен мемлекеттік қызметкерлер болды. Дәл осы шақта ағартушылық бағытта қазақтың педагогы Ғабдулғали Балғымбайұлы

Балғымбаев көзге түсті (мұрағат деректерінде, зерттеулерде әр түрліше аталады – Ұ.А.).

Біз баяндағалы отырған Ғ.Б. Балғымбаев туралы әр кезеңде жарық көрген ғылыми зерттеулерде мағлұмат қысқа ғана және аты-жөні әр түрлі көрсетілген. Мысалы, А.К. Абилев пен Ж.А. Ахановтың мұрағатқа сүйенген шолуында Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясына мүше болған қазақ өкілдерінен А.Б. Балғымбаев пен А. Байтұрсынов аталады [72, с. 46]. Одан әрі дәл осы бағытта Г. Хабижанова, Э. Валиханов, А.Л. Кривковтар еңбегінде Ғылыми комиссияға мүше болған қазақ елінің өкілі А.Б. Балғимбаев деп атаса [71, с.92], Ж.С. Есеналина авторефератында XIX ғасырда қазақтан шыққан оқыған, ғылыммен айналысқан зиялы өкілдері қатарында Г.Г. Балғымбаев деп көрсетіледі [79, с.14]. Ал Г.М. Қойшығарина еңбегінде Орынбор қазақ мұғалімдер мектебін бітірушілер қатарында және ұлттық қазақ қоғамының жаңа көзқарасын қалыптастыруда қызмет атқарған қазақ шенеуніктерінің арасынан Ғ.Б. Балғымбаевты ерекше бөліп атайды [324, с. 18].

Ғ.Б. Балғымбаевтың қызметіне шолу жасаған М. Асылбеков пен Қ. Алдабергеновтер «Ғ. Балғымбаев туралы дерек толық болмаса да, Қазақ Совет энциклопедиясынан алуға болады» (2 том, 128 б)- деп бағыттайды [325, 202 б]. Аталған Қазақ Совет энциклопедиясында: « Балғынбаев Әбіғали (1868, Қостанай уезі, қазіргі Торғай облысы, - 1942) – қазақ педагогы. К.Д. Ушинскийдің идеясын жақтап, Ы. Алтынсариннің ісін алға апарушы. Торғай училищесін, Орскідегі қазақтарға арналған мұғалімдік мектепті бітірді. 1886 жылдан бастап ұстазы Ы. Алтынсариннің ұйғаруымен Қостанай қаласындағы 2 кластық қазақ училищесінің төменгі бөлімдерінде мұғалім болып істеді. Балғынбаев Ақтөбе уезіндегі 2 кластық Қарабұтақ училищесінің меңгерушісі (1892-1902), «Торғай облысының ведомстволары» газетінің редакторы (1902) болды. Торғай халық училищесінің директоры М.П. Рогинскийдің «Қырғыздың ауыл мектептеріне арналған Әліппе» жазуына (1905) көмектесті...». 1907-1917 жылдары Торғай облыстық халық училищелерінің инспекторы болып қызмет жасаса, бұл кезде оның инициативасымен Торғай және Ырғыз уездеріне 22 орыс- қазақ училищесі ашылды. Балғымбаев – мектептегі ғылыми пәндерге, атеистік тәрбиеге, сабақтың көрнекілігіне, оқудың практикамен байланыстырылуына, дене шынықтыру, еңбек тәрбиесіне ерекше мән берді. Революциядан кейін халықты сауаттандыру ісіне белсене қатысып, өмірінің соңғы жылдарында музейлерде, Қаз.ССР Ғылым Академиясында жұмыс істеді, Ы. Алтынсарин, туралы, Октябрь революциясына дейінгі халық ағарту ісінің басқа да қайраткерлері туралы естелік (1941) жазды», - деп анықталған [326, 128 б].

Соңғы жылдары «Торғай» газетінің библиографиялық тізімін жинақтаған тарихшы В.З. Галиев: «Орынбордағы қазақ мұғалімдер мектебінің түлегі Габдулла Балғымбаев еді», - деп жазып жүр [143, с.27]. Зерттеуші оның «Торғай» газетіндегі қызметіне шолу жасаған.

Сонымен біз зерттеп отырған Габдулғали Балғымбаев әр кезеңде жарияланған зерттеулерде оның аты-жөні көрсетілгенімен, арнайы зерттеу объектісіне айналмағанын және әр еңбектерде аты-жөнінің әрқилы

шатастырылып берілгеніне куә болдық. Бұларға қоса 2006 жылы жарық көрген Қостанай облысы энциклопедиясында өмір жолдары өте ұқсас екі адамның аты мен фамилиясы былайша қатар, алдымен: «Балғымбаев Ғабдулғали - учитель. Окончил Орскую учительскую школу (1886). Учитель Кустанайского училищ, заведовал Карабутацким 2-х классным училищем (1891-1902), ред. Тургайских обл. ведомостей, инспектор школ (1907-1917). За это время открыл 22 русско-киргизских училища. Внес большой вклад в развитие нар. образования Кустанайской области. Автор «Букваря для аульных школ», оның астында: «Балғынбаев Абиғали (р.1866) по предложению своего учителя И. Алтынсарина начал работать учителем Кустанайского 2-х классного русско-казахского училища. Заведовал 2-х классным Карабутацким училищем Актюбинского у. (1891-1902); ред. газ. «Тургайские обл. ведомости» (1902). В 1905 помогал М. Рогинскому написать «Азбуку для школ киргизских аулов». Работал инспектором нар. уч-щ Тургайской области (1907-1917). В это время по его инициативе в Тургайском и Иргизском уч. было открыто 22 русско-каз. училища. В последние годы жизни работал в музеях, АН Каз. ССР в 1941 году написал мемуары об И. Алтынсарине и др. деятелях просвещения до Октябрьского периода», - деп берілгендігін атап көрсетеміз [327, с.242].

Біздіңше, Абдулғали Балгимбаевич Балгимбаев деп жазушылар Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының Еңбегінің 14 басылымында жарияланған комиссия есебіндегі дерекке сүйенген болуы керек [275, с.124], ал Балғынбаев Абиғали деп берілген Қостанай энциклопедиясы өзінен бұрын жарық көрген Қазақ Совет энциклопедиясындағы анықтамаға сүйенген. Әйтсе де, бұл Қазақ Совет энциклопедиясында аталған деректі қайдан алғандығы анық жазылмаған. Сонымен Абдулғали, Ғабдулғали, Ғабдулла, Абиғали Балғынбаев, Балкимбаев, Ғабдул-Ғалиевич деп түрлі атаумен берілген, біздіңше, бір адам Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатының № 25 «Торғай облыстық басқармасы (1869-1917)» деп аталатын қорында жеке іс қағазы жинақталған Балғымбаев Ғабдулғали Балғымбайұлы деп есептейміз [328].

1901 жылы 5 мамырда толтырылған Орынборға қарасты Торғай облыстық басқармасының қызмет бабындағы тізбесінде Балғымбаев Ғабдулғали Балғымбайұлы 1866 жылы 20 сәуірде дүниеге келген. Ол Орынбор қырғыз мұғалімдер мектебін 1886 жылы 16 қыркүйекте № 2 куәлікпен бітірген. Осы жылдың қыркүйегінде Қостанай 2 кластық училищесіне мұғалім көмекшісі болып алғашқы ұстаздық қызметін бастаған. 1887 жылы осы училищенің 1 сыныбының мұғалімі және училищенің уақытша меңгерушісі қызметін, кейін 1891 жылы Торғай облысының инспекторы қызметін қоса атқарған. Осы жылдары Ғабдулғали Балғымбайұлы Орынбор Оқу округінен 6 мәрте ағарту саласындағы қажырлы қызметі үшін алғыс алған. 1900 жылы 13 қарашада Ғ. Балғымбаевқа Торғайдың құрметті азаматы атағы берілген. Сонымен бірге мұрағаттан Ғ.Б. Балғымбаев жанұясы туралы да деректі кездестіреміз. Онда: «Ғабдулғали Балғымбайұлы Торғай уезінің қазағы Бетембай Меңдібаевтың қызы Әліп Бетембаевамен отбасын құрған. Ғабдулғали мен Әліп отбасында 6 бала тәрбиеленген: үлкен қызы Мәрия 1888 жылы 10 қазанда дүниеге келсе, ұлы Әбубәкір 1891 жылы 5 қарашада, қызы Халима 1893 жылы 14 наурызында,

қызы Рахима 1895 жылдың 5 тамызында, қызы Нағима 1900 жылдың 20 наурызында, одан кейінгі қызы Рахила 1901 жылдың 1 желтоқсанында дүниеге келген» делінген [328, 12-13 пп.].

Енді бұл зерттеуімізді тиянақтай түсер Марат Ескендірұлы Әбдешовтың 2008 жылы Алматы кітап баспасынан жарық көрген «Қазақ портреттерінің тарихы» атты еңбегінде «Жасырылған сурет» мақаласында Бейсенов Жамаллединнің отбасымен түскен фотосын қызы Мариям Бейсенованың Қазақстан Республикасының Орталық мұражай қорына тапсырғанын айтады. Сол фотоның артында жасырып тағы бір фотоның жапсырылғаны, мұражай рұқсатымен фотоларды айырған кезеңде артынан 1907-1914 жылдар аралығында түскен Қостанайдағы 2 кластық орыс-қазақ мектебінің оқушылары мен мұғалімдерінің, яғни 17 адам түскен фото болып шыққан. Автор жазып көрсеткендей фотоны анықтау үшін 1983 жылы 13 наурызда Әбдіғали Балғымбаевтың қызы 1900 жылы туған Нағима Балғымбаева апайға көрсеткенін алға тартады. Ол кісі әкесімен Омар Алмасовты бірден танығанын айтады. Сонымен бізге мұрағаттан кезіккен Ғабдулғали Балғымбаевтың да 1900 жылы дүниеге келген Нағима атты қызы барлығын анықтап отырмыз. М. Әбдешов анықтап отырған үш адамның бірі Әбдіғали Балғымбаевтың кім екендігі жөніндегі еңбектің 125 бетіндегі баяндауы біз зерттеп отырған Ғабдулғали Балғымбайұлы Балғымбаевқа өте сәйкес келетіндігін атап өтуіміз керек. Сондықтан біз әзірге Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының мүшесі болған, қазақ елінің оқу ағарту саласында тарихи ізін қалдырған Ғ.Б. Балғымбаев деп айта аламыз.

Ғ.Б. Балғымбаевтың комиссия мүшесі А.И. Добросмысловқа 1900 жылдың 28 қарашада жазған хатынан байқағанымыздай, ол осы жылдары Орынбор оқу округіне қарасты Қарабұтақ орыс-қырғыз училищесінің меңгерушісі болып қызмет атқарған [329, 94 п.]. 1891 мен 1902 жылдар аралығында Ырғыз уезіндегі 2 жылдық Қарабұтақ орыс – қазақ училищесінің меңгерушісі болып қызмет атқарады.

1901 жылдың 17 тамызында Торғай облысының әскери губернаторына жазған өтініш хатында Қарабұтақ 2 жылдық орыс-қазақ училищесінің меңгерушісі Ғабдулғали Балғымбаев мұғалімдіктен Торғай облыстық басқармасына мемлекеттік қызметке сұранады. Торғай облыстық мектептер инспекторы И.С. Хохлов 1901 жылдың 29 қыркүйегінде Торғай облысының әскери губернаторына: «Қарабұтақ 2 жылдық орыс-қазақ училищесінің меңгерушісі Ғабдулғали Балғымбаев қызмет бабында да, жеке басы да толық мінсіз өнегелі адам, сонымен қатар тәжірибелі мұғалім», - деп хабарлайды [328, 4 п.].

Ғ.Б. Балғымбаев 1902 жылдың 15 мамырында өз өтінішіне байланысты Торғай облыстық басқармасының іс жүргізушісінің көмекшісі болып тағайындалған. Әйтсе де, Орынбор оқу округіндегілер Қарабұтақтағы 2 жылдық училищесін жөндеуге 1000 руб. бөлінгендігін алға тартып, бұл мектептің Ғ.Б. Балғымбаевқа етене таныс екендігін ескеріп, жөндеуді аяқтау үшін оған 1 тамызға дейін еңбек демалысын беруді сұрайды. Кейін ол бір ай еңбек демалысына жіберілген.

Міне, мұрағат деректерінен көріп отырғанымыздай, педагог Ғ.Б. Балғымбаев қазақ қоғамындағы жаңашылдық көзқарасты қалыптастыруда, ел баласын оқытуда, сауаттандыруда үлкен істер тындырған.

Торғай облыстық басқармасының іс жүргізушісінің көмекшісі Ғ.Б. Балғымбаев 1902 жылы 30 қарашада Торғай облыстық басқармасының № 130 бұйрығымен Торғай облысының баспасөз бөлімінің бастығының қызметін уақытша жүргізуші болып тағайындалады [328, 21 п].

1903 жылғы 26 наурыздағы кезекті мәжілісіне комиссия мүшесі Ғ.Б. Балғымбаев қатысқандығын байқаймыз. Комиссия мәжілісінің талқысында комиссия мүшесі болған Бекчуриннің Орынбор өлкесіне қатысты құнды материалдарын Комиссия мұрағатына тапсыру мәселесі жөнінде оның жанұясымен сөйлесуді Ғ.Б. Балғымбаевқа тапсырады.

Педагог Ғ.Б. Балғымбаевтың өмірінің Орынбордағы кезеңінде журналистік, публицистік, аудармашылық қызметтерімен айналысқанын байқаймыз. Орынбор тарихшысы Д.А. Сафоновтың еңбегінде «Торғай облысының ведомстволары» газетінің ресми бөлімінің редакторлық қызметін 1902 жылдан 1907 жылдың 28 қаңтарына дейін басқарғаны көрсетілген [85, с.157]. Бұл газет Торғай облысының орталығы Орынбор қаласынан патшалы Ресейдің ресми ақпарат органы ретінде 1917 жылға дейін шығып тұрды. Ал қазақ тілінде орыс алфавитімен «Торғай облысының ведомстволары» 1892 жылы шыға бастады. Мысалы, И.П. Поповтың «Шаруалардың мініс жылқылары» мақаласы қазақ тілінде 1899 жылғы газетінде жарық көрген. «Торғай облыстық ведомстволары» саяси, әдеби-қоғамдық басылым ретінде негізгі шығарылу мақсаты – патша үкіметінің жарлықтарын, жергілікті әкімшілікке берілген нұсқаулар, жарлықтар, облыс басқармаларын бекіту және босату уездік, облыстық дәрежедегі шенеуніктер бекіту т.б. уақытында елге тарату болды. Сонымен бірге бейресми бөлімінде ауыл шаруашылығы саласы мәліметі, өлкетанулық сипаттағы ғалымдардың саяхатының материалдары, оқу-ағарту саласы т.б. жарияланып тұрған.

Ғ.Б. Балғымбаев орыс тіліндегі материалдарды қазақшаға, қазақша мәтіндегіні орысшаға аударып отырған. 1895 жылдың 1 қаңтарынан «Торғай облысының ведомстволары» газетінің бейресми бөлімі жеке дара «Торғай газеті» атауымен жарық көре бастады. Газет шыққан күннен бастап саяси, әдеби-қоғамдық басылым ретінде көзге түсті. Ғ.Б. Балғымбаев 1902, 1903 жылдары Торғай газетінің редакторлық қызметін атқарды. Газеттің қазақ тілінде арнайы бөлімі болды. Шыққан кезеңнен бастап қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, өмірінен қызықтық материалдар, дін, сот ісі, әсіресе, газет оқырмандарын қызықтырған тақырыбы қазақтың тарихы мен этнографиясы болды. Мысалы, атап айтар болсақ, В.З. Галиев еңбегінде көрсетілгендей, қазақ қымызының орыс патшасына тартылуы, Торғай және Ырғыз қалаларының пайда болуы, Бөрте болысындағы қазақ жылқыларының ат жарысы және көрме туралы, Қостанай уезіне шаруалардың қоныс аударуы, 1880 жылы Торғай облысындағы жұт туралы, қазақ мақал-мәтелдері, сұлтан Қаратай және қазақ тарихи шежірелері жарияланған [143, с. 21]. 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс буржуазиялық төңкерісі қарсаңында бұл газет бетінде қазақ

еңбекшілерінің екі жақты езгіге түсіп отырғандығын баяндайтын материалдар да жарық көрген. Міне, осыған қарап, біз «Торғай облысының ведомстволары» мен «Торғай газетін» Қазан төңкерісіне дейінгі орыс баспасөз материалдары қазақ тарихының белгілі бір кезеңінен құнды хабар берер салыстырмалы тарихи дерек ретінде қарастырамыз. Осы басылымдармен жұмыс жасаған Ғ.Б. Балғымбаев туралы да «Торғай газеті» арқылы бізге бірнеше деректер жеткен.

1907 жылы 4 ақпандағы «Торғай газетінің» № 5 санында «Ғ. Балғымбаевты шығарып салу» мақаласы жарияланып, онда оның Торғай облыстық басқармасының газет столы меңгерушілігінен Торғай облысының қазақ мектептерінің инспекторы қызметіне ауысқанын хабарлайды және қысқаша өмірбаяны туралы мәлімет береді [143, с.150].

Шындығында да, Ғ.Б. Балғымбаев 1907 жылдың 25 қаңтарынан бастап Торғай облыстық бірінші аудандық халық училищесінің инспекторы қызметіне ауысқан [328, 36 п.].

Ғ.Б. Балғымбаевтың алғашқы мақаласы – «Торғай газетінің» № 45 санында «Қарабұтақтағы орыс – қазақ қыздар училищесінің ашылуы» атты 1895 жылғы 29 қазанда Қарабұтақтағы орыс-қазақ қыз балалар училищесінің ашылуына байланысты сөйлеген сөзі басылған. Осы жылдары Ғ. Балғымбаевтың түрлі басылымда ғылыми еңбектері, аударған аудармалары жарық көріп тұрған.

1907 жылдың 16 қыркүйегінде «Торғай газетінің» № 37 санында «Облыстық хроника» атты айдарында: «Торғай уезінен шыққан Ғ. Балғымбаев «Торғай облысы ведомствосы» газетінің редакторы және облыстық газет бөлімінің бастығы, Торғай облысы бойынша мектептердің екінші инспекторы бұратана халықтар училищесінің тәртібін қарау үшін құрылған комиссия құрамында Санкт - Петербургке жүріп кетті», - деген дерек келтірген, ал 1909 жылы 19 сәуіріндегі газеттің № 16 санында Қостанайдағы тұтқын балалар үйінің пайдасына қайырымдылық көрсеткен адамдардың тізімінде Ғ.Б. Балғымбаевтың да аты аталған.

Келесі «Торғай газетінің» 1909 жылдың 13 желтоқсанындағы № 50 санындағы «Оқу ісі» мақаласында Ғ.Б. Балғымбаевтың Торғай уезі училищесінің меңгерушілігінен Ырғыз уезіне ауыстырылғандығы жөнінде хабарлаған.

Заманында жазылған бұл баспасөз деректерінен байқағанымыз, Ғабдулғали Балғымбайұлы бар күш-жігерін ауыл мектептерінің жағдайын жақсартуға жұмсағандығы. Мәселен, 1911 жылы тамызда Торғай облысының халық училищесінің директоры М.П. Рогинскиймен бірігіп жазған: «О мерах, могущих улучшить постановку учебного дела в аульных школах, инспекции Тургайского района» атты баяндамасының жазбасы сақталып, бүгінге жеткендігін атап өтуге болады.

Ғ.Б. Балғымбаев педагогтық қызметін жалғастыра жүріп, Орынбор Ғылыми Мұрағаттық Комиссиясымен тығыз байланыс орнатып, өлке тарихын насихаттауда қажырлы еңбек еткен. Ғылыми комиссиясының төрағасы А.В. Попов хатында 1911 жылдың 1 наурызындағы № 195 іс-қағазында Торғай облысы Ырғыз уезінің халық училищесінің инспекторы Ғ.Б. Балғымбаевқа

қазақ ақыны Сейіт - Ахмет шығармаларының баспадан шығарылу ісі қалай жүріп жатқанын хабарлауды өтінеді [330, 22 п.].

Ғ.Б. Балғымбаев 1911 жылы 2 сәуірде Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының төрағасы А.В. Поповқа Торғай қаласынан жолдаған хатында: «...Ақша жетіспеушілігіне байланысты Сейіт-Ахмет өлеңдерінің жинағы әлі шығарылмағандығын, өзінің қалтасынан 87 рубль ақша шығарып, ақынның қолжазбасымен Орынбор қырғыз мұғалімдер мектебінің мұғалімі Абдрахман Мұртазинов-Мачеевке беріп жібергенін және оған лито-типографиямен кітап етіп шығару жөнінде тапсырылғанын айтады. Ал қалған жетіспейтін қаражат Сейіт-Ахметтің туысы Торғай қаласындағы Б. Қаралдинде екендігін хабарлайды» [330, 165 п.].

Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының 1911 жылы 6 қыркүйегіндегі кезекті мәжілісінде төраға А.В. Попов мекеменің толық мүшесі Ғ. Балғымбаевтан хат алғандығын, онда қазақтың халық ақыны Сейіт-Ахметтің қазақ тілінде жазылған өлеңдерінің қолжазбасын беріп жібергендігін атап өтіп, бұл қолжазбаның мазмұнымен танысып, пікір білдіруді мүше М.Ф. Качинскийге тапсырма берген.

Одан әрі 1911 жылдың 18 қазанындағы жиылысында Комиссия төрағасы А.В. Попов М.Ф. Качинскийдің: «Қазақ ақыны Сейіт-Ахметтің шығармасы туралы жазған пікіріне тоқталып, онда бұл шығарманың ешқандай тарихи маңызы жоқ, бұл еңбекте Крыловтың ертегілері және қазақ халқының «Қырық уәзір» ертегілерін өңделген», - деген Качинский пікірі түскендігін көпшілікке жеткізеді. А.В. Попов М.Ф. Качинскийдің сын-пікіріне алғыс айтып, жинақты авторға қайтарып жіберуге шешім қабылдаған [234, с.54,58].

Дейтұрғанмен Ғ.Б. Балғымбаевтың ұсынған ақын Сейіт-Ахметтің шығармасының қолжазбасы мұрағат қорында сақталып қалған.

Мұрағат деректеріне сүйенсек Ғ.Б. Балғымбаев Қазан төңкерісіне дейін оқу ағарту саласында Торғай және Ырғыз уездерінің халық училищелерінің инспекторы қызметтерін атқарған. 1916 жылғы 1 қаңтардағы Орынбор Оқу округіне Торғай облысы Ырғыз уезінің халық училищелерінің берген есептерінде бастауыш училищелерінің саны 1731, осы училищеге оқитын оқушы саны: 1930 - ұл бала, 143 – қыз бала, оның ішіндегі қазағы 881 ұл, 71 қыз бала құраған. Ырғыз уезінде 44 училище орысша білім береді, Ырғыз қаласында кешкі мектептері қаңтар, ақпан, қазан, қараша және желтоқсан айларында жұмыс жасайды. Бұл кешкі мектептер оқу бағдарламасы 100 күнге ғана есептелген. Өтілетін пәндері орыс тілі, орыс әдебиеті, жазба жұмысы және қарапайым арифметика [331, 3-6 пп.]. 1916 жылғы 18 қаңтардағы Орынбор Оқу Округінің басшысына Ырғыз қаласынан жазған № 80 қатынас қағазында «1915 жылғы 21 желтоқсанда хабарлағанымдай, жазғы каникулдарда оқушыларды қол еңбегі курстарына жұмысқа орналастыруға мүмкіндік болмай отырғанын биыл тағы да хабарлаймын. Себебі, Торғай мен Ырғыз уездерінде алдымен ағаш материалы және оны үйрететін шебер жоқтығын айтады, оның үстіне жергілікті уезд қазақтары (оқушылар-Ұ.А.) көшіп-қонуына байланысты ауылда болмайды» [332, 20 п.], - деп жазады. Келесі мұрағат дерегінде көрсетілгендей, Ғ.Б. Балғымбаев бірнеше жылдан Торғай және Ырғыз уездерінің халық

училищелерінің инспекторы қызметін атқарып келе жатқандығын Халық Ағарту Департаментіне ағарту саласының өз атақ дәрежесі деңгейінде бекітуді сұраса [332, 40 п.], ал осы жылдың 9 ақпанындағы Ырғыз қаласынан № 216 қатынас қағазы бойынша Торғай облысының халық училищелерінің директорына жазған хатында «Торғай және Ырғыз уездері инспекциясының жолдарының жылдық ақшасын мүмкіндік болса 800 рубке көтеруді өтінеді, себебі, Ырғыз жері 137300 шаршы, ал екіншісі 147500 шақырым жерді алып жатыр. Арнайы пошта, жол не болмаса, салынған қара жол жоқ, темір жолды айтпағанда. Ал әрбір разьездердің аралығында экипажға белгіленген ақшаға (5 тиын екі атқа) жалға алатын ат табылмайды, оның үстіне үйренген аттар болмаса, көбі иен далада жол таба алмай адасады. Ал егер арба сынып қалса, оны жөндейтін ұста табу қиын және қымбатқа шығады» [332, 55 п.]. Педагог Балғымбаев жұмысының тағы бір қиыншылығын былайша әңгімелейді: «Әрбір инспекциялық жұмыста әрбір мекемеде жауапты іс жүргізушілік қызмет қоса жүреді демалысқа қоса мүмкін болса барлығы жылына алатын 800 рубты 900 рубқа дейін өсірсе деймін, неге десеңіз, әрбір оқу орнының шаруашылық және бухгалтерлік қағаздарын, оған кеңселік қағазын қоссаңыз, несін айтасыз, жергілікті губерниялардың ішінде небір жұмыстар жетерлік. Бұлардың өзі училищелерді қарауға кететін біраз уақытты алады, оның үстіне әрбір училищелердегі жүргізілетін оқу-тәрбиелік жұмыстарын жүргізуге кеселін келтіреді. Көпшілік жағдайда инспекторлық көмекті қажет ететін мұғалімдермен жұмыс жасауға мүмкіндік болмай қалады. Егерде осы іс жүргізушілік деген қосымша жұмыс болмаса, осынша мұғалімнің шаруасын еркін атқарар едік » [332, 55 сыртқы, 56 пп.] - деген ойларымен қазақ жеріндегі патшалы Ресей елінің оқу ісінің өзінің шешуін күткен мәселелері жетерлік екендігін аңғартады. Оған тағы бір дәлел Ғ.Б. Балғымбаев 1916 жылғы 10 ақпандағы Торғай облыстық халық училищесінің директорына жазған хатында Ырғыздан Қарабұтақ аулына дейін жол қаражатын алғанын, одан әрі ауыл мектептерін аралап, Ырғызға 17 ақпанда ғана қайтатындығын хабарлайды [300, 36 п]. Міне, осындай қыс ортасының қиыншылығына қарамай, ел ішінде қазақ баласының білімге деген құштарлығын оятқан халық мұғалімдерінің ісі тарих парақтарында осылайша түсіпті.

Ырғыз уезі халық училищелерінің инспекторының қызметін уақытша орындаушы (патша үкіметі қанша жыл инспекторлық қызмет жасаса да, заңды бекітпеген- Ұ.А.) Ғ.Б. Балғымбаев 1916 жылғы 11 тамыздағы Торғай облыстық халық училищелерінің директорына маған уақытша сеніп тапсырылған инспекция атынан 15-25 қыркүйек аралығында орталық ретінде осы Ырғыз қаласында мұғалімдер жиналысын өткізуге рұқсат сұрайды. Ырғыз уезі бойынша әр мектептен 20 - 25 мұғалім жиылатындығын ескертеді. Сол сықылды Торғай уезі мұғалімдерін Торғай қаласына Тосын, Қараторғай, Наурызым болыстарынан 20 шақты мұғалім шақырылатындығын , мұғалімдердің жол ақысы жөнінде мәселе қозғайды. Торғай қаласында өткен жиналысқа қатысқан 20 мұғалімнің тізімін бере отырып [333, 17-20пп.], жиналыс қорытындысын баяндайды. Жиналыста мұғалімдер 1-2 тексеру сабақтарын өткізіп, талдап, одан соң ауыл мектептерінің мәселелерін

талқылаған. Оқулықтың жетіспейтіндігі, мұғалімдер ұсынысы бойынша ең болмаса әр мектепке бір оқулықтан келсе, мектепке мектеп бағдарламасына сәйкес келетін оқулықтар жіберсе, я болмаса, мектептегі оқығысы келмейтін оқулықтармен ауыстырылса деген пікірлерін білдірген [333, 19 п.].

Ғ.Б. Балғымбаевтың өмір кешкен ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың І жартысындағы аралық ұлт тарихының нешебір тауқыметті бастан кешірген кезеңі екендігі белгілі. ХХ ғасырдың басында ұлттық саяси элита тарих сахнасында халқы үшін жасаған іс-әрекеттерімен көзге түсті. Осы кезеңде Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясында Ғ.Б. Балғымбаев пен А. Байтұрсынов еңбек еткен-ді. Екі тарихи тұлға да патша үкіметі үшін сенімсіз қайраткер еді. Ғ.Б. Балғымбаевтың 1914 жылдан бастап Орынбор қаласының жандармериясы басқармасының бақылауында болғандығы жөнінде деректер кездеседі.

А.Б. Байтұрсыновтың Орынборда жандарм бақылауында болған кезеңінде оның айналасындағы қазақ зиялыларының барлығы тізімге алынып, іс-әрекеттері қатаң бақылауға алынған. «Қазақ» газетінің редакторы А. Байтұрсыновқа байланысты жинақтаған жандармерия құжаттарында Орынбор Округтік Соттың судьясының хатшысы С. Қадырбаев пен аудармашы Ғ.Б. Балғымбаевтар Торғай қазақтарын «Қазақ» газетіне зорлап жаздыртып жатыр және онымен қоймай үгіт жүргізуде, «қазақтар орыс бодандығын өз еркімен қабылдаған жоқ, қазақ жерін орыс мемлекеті қазақ дворяндарына сатып жатыр» деген жала-жабулар жинақталған [117, 118 п.]. Арыздың астына 4-5 қазаққа арабша қол қойғызған. Орынбор губерниясы жандармериясының басқармасының бастығы генерал-майор Бабичке 1914 жылғы 4 қазандағы Торғай губерниясынан жолдаған № 106 614 қатынас қағазында: «Орынбордан шығатын «Қазақ» газетінің редакторы А. Байтұрсынов пен газет редакторының хатшысы М. Дулатовтың газет шығарудағы жақтастары деп Торғай облыстық басқармасының мұсылман тіліндегі шығатын баспасөздердің аудармашысы Мұхамедияр Тұнғаншинді, Орынбор Округтік Сотының хатшысы Сейтарым Қадырбаевты, Орынбор Округтік Сотының аудармашысы Ғ.Б. Балғымбаевты және Орал облысы Темір уезінің шаруалар бастығы Батырша Исмахановты көрсетеді. Арыз жазушы қазақтардың бұларға қойған кінәсі «Қазақ» газетінің оқырмандарының күн санап өсуі» екен [117, 125 п.]. Шындығында, «Қазақ» газетінің кең таралуы қыр қазақтарын емес, керісінше, орыс үкіметінің жандармерия қызметіндегілерді және жергілікті әкімшілікті қатты аландатқан еді. Орынборлық тарихшы Д.А. Сафонов дерегі бойынша «Қазақ» газетінің оқырмандар саны 1913 жылы 3000 адам (тек қазақ даласы емес, сонымен бірге таралым Санкт-Петербургте, Москвада, Түркия және Қытайға тараған – Ұ.А.), 1914 жылы – 2 500 тираж, 1916 жылы – 3 000 тиражбен 1 600 оқырмандары болған екен, ал 1918 жылы – 8 000 аса данаға жеткен [85, с. 240].

Орынбор Округтік Сотының аудармашысы Ғ.Б. Балғымбаевтың дәл сол кезеңдегі қызметі туралы мұрағатта мынадай құжат сақталынған. Құжатта: «Одан әрі арызданушылар өздерінің қазақтарға ықпалын пайдаланып Орынбор Округтік сотының аудармашысы Ғ.Б. Балғымбаев пен Темір уезінің шаруалар бастығының съезд хатшысы Батырша Ихсанов екеуі газетті қолдауда. Ол

жергілікті соттың аудармашысы қызметін ешуақытта жасап көрген жоқ. Тек өткен жылдың мамыр айында аудармашы Шуақаев университетке оқуға кеткен кезеңде, Торғай қаласының көшпелі сотына аудармашы керек болып, Торғай облыстық басқармасының хатшысы Балғымбаевты уақытша аудармашы ретінде шақырып, 10 күннен соң қайтіп ол Торғай облыстық басқармасына кері қайтып барған болатын Жергілікті қазақтар Орынбор Округтік соты уақытша қысқа мерзімге Балғымбаевты шақыртқанын қайдан білуі мүмкін. Білсе тек Торғай қаласының қазақтары білген болуы керек. Бірақ бүкіл екі облыстың қазақтары білуі мүмкін емес. Қалай болған жағдай да Балғымбаев Байтұрсыновтар пайдасына қызмет етіп, бүкіл қазаққа ықпал ететіндей аса беделді адам емес...», - делінген [117, 128 п.]. Бұл құжаттан орыс елінің отарлау саясатының ашық әрекеті айқын көрініп тұрғанын айта кетуіміз шарт. Бірінші, қазақ елін толық басқаруды көздеген патшалы әкімшілік өздері даярлаған мамандарға, олардың Ресей еліне адалдығына әлі де күдікпен қарағаны мәлім, екіншіден, саналы пісіп-жетіліп келе жатқан қазақтың ұлттық саяси қайраткерлеріне өздері даярлаған кеңсе қызметкерлерін қарсы қою, яғни, бір қазақты бір-біріне айдап салуы, үшіншіден, орыс мемлекетінің қызметіне тартылған қазақтарды саналы және мақсатты түрде беделін өсірмеу, реті келсе, өз уысында ұстауды көздеген. Сондықтан да біздің пікірімізше, Ғ.Б. Балғымбаевтың бір елде өскен А.Б. Байтұрсыновтай халқы үшін қызмет қылған саясаттары мен саяси көзқарастарының қайшы келуі мүмкін емес еді.

Қорыта келе, қазақтың педагогы, Ы. Алтынсариннің ісін жалғастырушы XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр бас кезеңіндегі қазақ қоғамын ағартушылық бағыттағы қызметімен қазақ елін саяси тығырықтан алып шығуға ұмтылған қазақтың ұлдарының бірі Ғ.Б. Балғымбаев та елінің болашағына зор үмітпен қарағаны анық. Ғабдулғали Балғымбаев жоғарыдағы мұрағат деректерінде берілгендей, таза патшалы Ресейдің қазақ жерінен ашқан бастауыш мектептері мен орыс-қазақ училищелерінің мұғалімі, училище меңгерушісі, Торғай облыстық халық училищелерінің инспекторы, Торғай облыстық басқармасының аудармашысы, Торғай облыстық басқармасының іс жүргізушісінің көмекшісі, Торғай облысының баспасөз бөлімінің бастығының қызметін уақытша жүргізуші, Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясының 1903 жылдан тұрақты мүшесі, 1902-1903 жылдары «Торғай газетінің» редакторы, Орынбор Округтік сотының аудармашысы тағы өзге де қоса атқарған қызметтерін тізе берсек, ағартушының сол кезеңдегі қазақ үшін Торғай өңірінде, Ырғызда, Орынборда келелі қызметтер атқарғанын көреміз. Ғ.Б. Балғымбаев қазақтан шыққан ағартушы педагог, орыс үкіметінің мемлекеттік қызметкері, яғни, кеңсе шенеунігі қызметін атқарған. Патшалық Ресейдің отарлау жоспарының біртіндеп жүзеге асқандығының тура айғағы еді. Ғ.Б. Балғымбаев елін тығырықтан шығарудың жолы осы деп ағарту саласын, білімге, елдің санасын ашуға ұмтылған заманының ұлдарының бірі болды. Кеңестік Қазақстан кезеңінде де ағартушылық қызметін одан әрі жалғастырып, қазақ баласының сауатын ашуға атсалысқан педагог Ғ.Б. Балғымбаевтың XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезеңіндегі саяси-қоғамдық қызметіне баға берсек:

- қазақ халқының патшалы Ресейдің отарлық дәуірі кезеңінде ағартушылық-демократтық бағыт ұстанған Ы. Алтынсариннің ісін жалғастырушы, ізбасары;

- қазақтан шыққан халқына адал қызмет атқарған ағартушы, педагог;

- патшалы Ресей мемлекетінің отар қазақ елін басқару үшін, өздері үшін қазақ ұлтынан төменгі буынға даярлаған мекеме қызметкері;

- орыс мекемесінің шенеунігі Ы. Алтынсарин жолымен қазақ елін ағартушылық арқылы тәуелсіздікке жеткізу мүмкін емес екендігін түсінген ХХ ғасырдың басында қазақтың зиялы жаңа шоғыры пайда болды. Бұл көштің басында Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясына мүше болған қазақ А.Б. Байтұрсынов тұрды. ХХ ғасырдағы кеңестік қазақ тарихында осы қос педагог, қос тұлға саяси өмірдің екі бұрышында қалдырылып, халық санасынан өшіруге жұмыстанды. Әйтсе де, ешбір күш халық тарихын зорлықпен жоя алмапты, оған өткен тарихымыз куә.

5.2 Ахмет Байтұрсынов және Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясы

1912 жылдың алғашқы 9 ақпандағы жылдық жалпы жиналысына А. В. Попов төрағалық етсе, А.П. Гра хатшысы болып сайланды. Жиналыс басында іс жүргізуші И.С. Шукшинцев 1911 жылдың есебін баяндап, келесі талқылаған келелі мәселесі осы жылдың желтоқсанында Мұрағаттық комиссияның құрылғанына 25 жылдық мерейтойын атап өтуді ұйғарды. Одан әрі жиналыста талқылаған 9-шы мәселесі бойынша төраға комиссия мүшелігіне К.Ф. Дьяконов – Рымнинскийді - полкінің подпоручигі, А. И. Мискиновты - дәрігер, Г. М. Бенаевты - қалалық жер өлшеуші, А.М. Каллистовты - агроном, Ф.Ф. Перноны - инженер, И.В. Алфимовты - қырғыз мектебінің оқытушысы, А.Б. Байтұрсыновты - переселендер басқармасының шенеунігін ұсынды. Бұл ұсынылған адамдардың барлығы бірауыздан сайланды [235, с.198]. Міне, 1912 жылғы жиналыстан кейін ОҒМК мүшелерінің тізімінен А.Б. Байтұрсыновтың атын жиі кездестіре бастайды.

Жалпы А.Б. Байтұрсынов тағдыры Орынбор қаласымен жиі-жиі тоқайласқан. Ахмет Байтұрсынұлы Байтұрсынов Торғай уезі, Тосын болысының № 5 ауылында дүниеге келген. 1886 жылдан 1891 жылдар аралығында Торғайдағы екі кластық училищесін тәмамдап, 1891-1895 жылдар аралығында Орынбор қырғыз мұғалімдер мектебін бітірген. 1895-1909 жылдар аралығында қазақ жеріндегі әртүрлі халық училищелерінде мұғалімдік қызмет атқарып, 1909 жылдың 1 шілдесінде тұтқындалады [101, 10 п.]. ХХ ғасыр бас кезеңіндегі айтулы петиция А.Б. Байтұрсынов тағы өзге қазақ зиялыларының ұйымдастыруымен Семей облысы, Қарқаралы уезіндегі Қоянды жәрменкесінде 14,5 мың жергілікті халық қатынасқан жиын болды. Осы жиында А.Б. Байтұрсынов оқу білім саласын ана тілінде жүргізу, қазақ балаларына арнап интернат, пансионат ашу, жоғарғы оқу орындарын ашу, жер тағы басқа да мәселелерін көтерді. Әйтсе де, А.Б. Байтұрсыновты үкіметке қарсы үгіт-насихат жүргізді деген айыппен Семипалатинск губерниясының жандарм басқармасының шешімімен Қарқаралы қаласының Семей түрмесіне қамалған.

А.Б. Байтұрсыновтың өзінің баяндауынша, «сотсыз, тексеріссіз 8 ай отырып, Семей жандарм басқармасының сот шешімімен қазақ облыстарына 2 жылға тұруға рұқсат етпей, Орынборға жер аударылған [101, 10 п.]. 1910 жылдың 10 наурызында А.Б. Байтұрсынов 2 жылға жер аударылып, өзімен бірге жары Бадрисафа Мұхамедсадыққызымен бірге Орынборға келеді, осыдан 1917 жылға дейін жергілікті полиция бақылауында болады [334, 149 п.].

1910 жылы Орынборға келген соң көп кешікпей өз еркімен Торғай - Орал қоныс аударушылар партиясының кеңсесіне айына 60 руб. жалақы алатын қызметкері ретінде орналасады [117, 71 сыртқы п.]. Осы Торғай-Орал қоныс аударушылар партиясының шенеунігі ретінде Орынбор қаласының ғылыми қоғамдық қызметіне де белсене араласады. Оны Орынбордағы Ғылыми мұрағаттық комиссиясының мүшелігіне қабылдануынан байқауымызға болады. Өкінішке орай, А.Б. Байтұрсынұлының Комиссияның «Еңбектеріне» шыққан мақаласын кездестірмесек те, ОҒМК-мен «Қазақ» газетімен алмасқандығын және қазақ халқының болашағы үшін үлкен істер тындырғандығын байқаймыз. ХХ ғасырдың бас кезеңіндегі қазақ ұлтының зиялыларының жиі-жиі бас қосып, қазақ елінің тағдыры жөнінде келелі әңгіме қозғап, әрекет қылған қимылдарына да куә - осы Орынбор қаласы болды. А.Б. Байтұрсынов Орынбор қаласын жай таңдамаған еді. ХVIII ғасырдың 30 жылдарынан бастап қазақ елін отарлаудың орталығы болып отырған бұл қалада, өз өміріне қауіп төндіре, қазақ елі үшін осынша батыл әрекетке барғаны анық. Ахмет Байтұрсынұлын патша үкіметі алған бағытынан қанша тайдырғысы келгенімен, оның Отанына, халқына, туған жеріне деген адал рухын қайтара алмады. 1910-1917 жылдар аралығында Ахмет Байтұрсынұлының полиция бақылауында болуына қарамастан, бұл кезең өмірінің еліне қажырлы еңбек еткен елеулі жылдарына жатқызамыз. Ол өмірінің Орынбор қаласында тұрған кезеңінде қазақ елін ағартушылық бағытта оятуға тырысқан, елдегі болып жатқан жағдайларды халыққа түсіндіруге бағытталған бірнеше ғылыми еңбектері, мақалалары жарық көрді. Ахаң тек қазақ баласына оқу қажет екенін айтып қана қоймай, білімнің алғашқы сатысы бастауыш сыныптарға арнап оқулық жазумен айналысты. Ағартушының айдауда жүрген кезеңінде алдымен қолға алған ісі қазақтың сауатын ашу үшін қазақтың өзіне тән жазуы керек екендігін жете ұғынып, қазақша әріптік таңбаларды жүйеге келтіруден бастады. 1929 жылы 1 мамырда өз қолымен жазған «Өмірбаянында»: «...ал Орынборға келгеннен кейін ең алдымен қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім. Одан кейін қазақ алфавитін және емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім. Үшіншіден, қазақ жазба жұмысын бөгде тілдік қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің (жағымсыз) әсерінен тазартуға әрекеттендім. Төртіншіден, «қазақ прозасын» (яғни, іс қағаздар тілін, публицистика мен ғылыми тілін) жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтың сөйлеу тәжірибесіне икемдеу үшін, ғылыми терминдерді жасауға кірістім және стильдік өңдеу үлгілерін көрсетумен шұғылдандым», - деп нақты түсіндіреді [335, 17 б.].

А.Б. Байтұрсыновтың әрбір жылы шығармашылыққа арналады. Ол кейін «Губернатор өзгерілуі» деген еңбегінде Орынбор қаласын таңдап осында

жасаған ағартушылық, ғылыми, қоғамдық қызметіне көңілі тола өзі еске алады: «Жасырын шағым болмаса, мен Қарқаралыдан Орынборға қуылмасам, Қарқаралыда тұрып осы істеп отырған ісімді істей алмас едім. Елу-алпыс балаға ғана арнап берген сабақтан, алты миллион қазақты алаламай істеп отырған ісімді артығырақ көремін » , - деп жазған болатын [335, 239 б.].

А.Б. Байтұрсынов Орынбордағы өткізген жылдарында халқы үшін қызмет кылып ойын жүзеге асырған адам. Ағартушы қазаққа өз елдігін қайта қалпына келтіру үшін қазақ жастарының оқығанын, оқымай ендігі жерде ел бола алмайтындығымызды жақсы түйсінген. Сондықтан да қазақты ел қылатын жол ағартушылық деп, бар қарекеті соған арналды. Халқын қараңғылықтан ояту мақсатында И.А. Крыловтың мысалдарын аударып, 1909 жылы Санкт-Петербургтен өзінің қаражатына алғашқы жинағы «Қырық мысал» деген атпен жеке кітап етіп шығарады. Бұл аударма өлеңдері халық арасына тез тарап, бірнеше басылыммен қайта жарияланады. А.Б. Байтұрсыновтың екінші шағын жинағы «Маса» деген атпен 1911 жылы Орынбор қаласынан жарық көреді. Ағартушы өзінің ендігі қам-қарекетін былайша түсіндіреді :

Ызындап ұшқан мынау біздің маса,
Сап-сары ,аяқтары ұзын маса.
Өзіне біткен түсі өзгерілмес
Дегенмен, қара яки қызыл маса.
Үстіне ұйықтағанның айнала ұшып,
Қаққы жеп қанаттары бұзылғанша.
Ұйқысын азда болса бөлмес пе екен,
Қоймастан құлағына ызындаса?,- деп маса болып

ызындап қалың қазағын ұйқысынан оятуға бел буады [336, 182 б.]. Кейін Ахаң бұл әрекеті туралы: «Әдеби еңбекті ешкім мақтаныш үшін жазбайды, ол мінезден туады. Ұлтының қажетін өтейді сөйтіп. Менің ақ патша тұсында басылып, халыққа кең тараған әдеби еңбектерімнің ішінен И.А. Крылов мысалдарының қазақша аудармасын «Маса» деген атпен топтасқан өлеңдерімді бірегей бөлектеп атар едім», - деп еске алады [337, 187 б.]. Ағартушының бұл жинақтары өлең түрінде жазылған патша үкіметінің қазақ даласына жүргізіп отырған саясатын қатаң сынауға, наразылыққа, халқына іс қылсам деген тілектен туған аудармалары еді.

А.Б. Байтұрсыновтың алғашқы балаларға арналған оқу құралы 1912 жылы Орынбор қаласынан «Қазақша алифба» атымен «Каримов, Хусаинов и К» лито-типографиясынан жарық көрген [335, 17 б.]. Бұл оқулық таза қазақ балаларына қазақша әріптермен төте жазумен теріліп берілген және оқушыға түсінікті болу үшін әрбір әріп қасына таңбасы, сол таңбаның атауы қоса берілген. Оқулық сол кезеңдегі сауатын ашам деген қазақ баласына таптырмайтын қажет, қысқа да нұсқа ұлт ұғымына сай келер бірден бір оқу құралы болды. И. Омаров 1923 жылы 28 қаңтарында жазған мақаласында А.Б. Байтұрсыновтың ғылыми қызметіне, ашқан бірнеше ғылыми жаңалықтарының маңызына: «қазақ грамматикасы тарихы саласындағы аса ірі ілгерілеушілік», - деп шынайы бағасын берген болатын [338, с.15]. Ахмет Байтұрсынұлының 50 жылдық мерейтойына арнап жазған «Ахмет Байтұрсынұлы Байтұрсынов халық ағарту

және әдебиет саласында» Телжан Шонанұлының еңбегінде қазақтың оқу ағарту саласындағы жасаған қызметін былайша әңгімелейді: «Қазақтың ең сорақы, азапты күйі Екінші Николай құлағанша болды.... осындай мүсәпір қиын кезеңде Ахмет алғашқы болып дауыс көтеріп, қазақ мектептерін бір жағынан дүмше молдалардан, екінші жағынан, патша миссионерлері ықпалынан құтқару үшін қызмет етті. Болашақ ұрпақты молдалардың дүмше дым білместігінен, сол секілді миссионерлердің жанашырлығынан құтқару үшін Ахаң жалғыз күресті. Бұл жолда Ахаң жалғыз да алғашқы ағартушы болды. Оның жаңа Қазақ алфавитін жасауы іс жүзіндегі ішкі және сыртқы жаулармен күресінің көрінісі болатын, біздің тіліміздегі барлық дыбыстарды сақтай отырып, дыбыс үндестігінің заңдылығы бойынша жаңа әріптер белгілеп, ана тіліміздің синтаксисі мен этимологиясын жасап шықты. Қазақ тілінде қолданылмайтын, мүлдем қажетсіз он екі араб әрпін әліппеден алып тастады. Бұл жазу емлеміздегі көптеген қиыншылықтарды жойды» [339, 241 б.]. Әрине, ХХ ғасыр басында Ахмет Байтұрсыновтың қазақ тілін шұбарламай, қазақ баласының сауатын өз ана тілінде ашуға ұмтылуы, тілін, дінін сақтап қалуға саналы әрекеті қазір де егемендік алып, әлемдік жаһандану сатысында тұрған қазақ елі үшін үлгі боларлықтай қадам еді.

А.Б. Байтұрсыновтың «Тіл-құрал» (қазақ тілінің сарфы, бірінші жылдық, Орынбор, 1914 жыл) оқулығы балаларға алғаш сауат ашуға арналған дыбыс жүйесі мен түрлерінен мәлімет беріледі, яғни қазақ тілінің морфологиясына арналған. Одан соң екінші оқулығы 1915 жылы Орынбор қаласынан «Тіл-құрал» (қазақ тілінің сарфы, екінші жылдық) деген атпен жарық көрді. Екінші оқулығы қазақ тілінің күрделі саласының бірі фонетикаға арнаған. А. Байтұрсынұлының қазақ тілі ғылымына, сауат ашам деген әр балаға арнап жазған еңбектерін қазірде М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкерлері жинап, топтастырып қайта жарыққа шығарды [335, 29 б.]. Ғалым ХХ ғасыр басында қазақ тіл ғылымының негізін қалады.

А.Б. Байтұрсыновтың өзгелерден ерекшелігі орыс патшасына бодан болып отырған қазақ елін сауатын ашамыз деген ұранмен тілін, дінін, бас еркін зорлықпен тартып алып, рухани тұншықтыруының үдей түсуін байқауы еді. Ахаңның қазақ үшін жасаған жақсылығы жаңа әліппе мен оқулықтар жазды, ғалым пікірінше, «тіл – мәдени өркендеудің басты факторы» деп есептеген. Сондықтан да араб емес, кириллица емес, не болмаса татар әрпі емес, қазаққа елдігін, тілін сақтап, ілгері даму үшін ұлтымызға тән өз әліппебиі керек екендігін дәлелдеген ғалым. Бұл ойдың артында А.Б. Байтұрсыновта ұлы мақсат - отарлық езгіден азған, мысы басылған халқын азат, тәуелсіз біртұтас жері, тілі, діні, ділі бар еңселі ел ету мүддесі жатқандығы айқын еді. Осының жолында өзінің айдауда жүрген шақатына қарамай ХХ ғасыр басында осы үлкен істің ұйытқысы бола білді. Жоғарыда атап өткеніміздей, А.Б. Байтұрсыновтың толық бақылауда болуына байланысты іс-әрекеті, қарым-қатынаста болған адамдары, әрбір жазған ғылыми мақалалары бақыланып, цензурадан өткен.

Орынбор губерниясының жандармдық басқармасының бастығына Орынбор губерниясының жандармдық басқармасының қосымша штабының унтер офицері Николаевтың 1914 жылғы 1 ақпанындағы № 11 жасырын қатынас қағазында А.Б. Байтұрсынов және оның серіктестері туралы мынадай мәлімет береді : « Ахмет Байтұрсынов 37 жаста, үйленген, 1913 жылдың 5 ақпанынан Гришковская көшесінің 3 бөлімінде № 42 Дмитриеваның үйінде тұрады. 1901 жылғы 6 мамырда № 42 болып тіркелген төлқұжаты бар » деген , ескере кетер жәйт, бұл мұрағат құжатында патша үкіметінің офицері Ахмет Байтұрсынұлының жасын сол Орынборға келгенде толтырылған құжаттар «37 жаста» дегенін солай көшіре салған. М. Дулатов жөнінде « Торғай облысының Сарыкөл болысының 1-ші ауылының қазағы Мир-Якуб Дулатов 28 жаста, үйленбеген, 1913 жылдың 12 қарашасынан Поцезуевский қиылысындағы үшінші бөлікте №10 Абрамованың үйінде тұрады. № 94 тіркеу санымен 1913 жылдың 13 қыркүйегінде алған төлқұжаты бар» [117, 17 п.]. Міржақып Дулатов «Оян, қазақ!» өлеңімен жар салып қазақ елін саналы өз бостандығы үшін талмай күресуге шақырған, «Қазақ» газетін редакциялауда, әрбір санына үлкен жауапкершілікпен қараған, А.Б. Байтұрсыновтың адал серігі бола білген, халықтың азаттығын аңсаған идеясына өмірінің соңына дейін күресіп өткен қайраткерлердің бірі еді. Жандармерия тізіміндегі Ахметтің айналасындағы аталған адамдарының бірі Ә. Бөкейханов болатын. Ол турасында «Мемлекеттік Думаның бұрынғы мүшесі Ә. Бөкейханов Орынбор қаласында тұратындар тізімінен таба алмадым. Орынбор анықтама столына тіркелгендердің ішінде жоқ екенін, Орынбор қаласында заңды тіркелмегенін хабарлайды [117, 18 п.]. Әлихан Бөкейхановтың сөзімен айтсақ, 1910 жылға дейін қазақтар үшін қазақ тіліндегі бірде-бір газет болмаған. Ұлт тіліндегі баспасөздің негізі 1911 жылы қаланды. Осы жылғы 11 қаңтардағы Тройцк қаласындағы «Айқап» журналы, Бөкей Ордасындағы «Қазақстан» газеті болашақ баспасөздің дамуына өзіндік үлесін қалады. 1913 жылы қазақ халқының ертеңі үшін сүбелі еңбек сіңірген «Қазақ» биресми газеті Орынбор қаласында жарық көрді. «Қазақ» газетінің жарық көрген дәл күнін бір зерттеушілер 1913 жылдың 2-ші ақпаны десе, енді бірі 5-ші ақпанды көрсетеді, ал мұрағат деректерінде заңды 1913 жылдың 5 қаңтарынан тіркеліп, алғашқы номері 1913 жылдың 2 ақпанынан шыға бастаған. «Қазақ» газеті аптасына бір рет, ал 1915 жылдың қаңтарынан бастап, аптасына екі рет шығарылған. Кейін қайтадан, аптасына бір рет басуға көшкен. Ұлт зиялыларының біріге жұмыс жасағанын мұрағат құжаттары да дәлелдей түседі. 1914 жылы 12 наурыздағы № 10150 қатынас қағазында Торғай аудандық қорғау бөлімінің полициясының басшылығына Ташкенттен Юсуф Яхьевич Солтықтың жолдаған хатында М. Тынышпаевтың мына бір сөзін келтіре кетеді: «Орынборда ақын қазақтар Байтұрсынов пен Дулатовтар қазақша «Қазақ» газетін шығаруда, өз істеріне берілген адамдар. Оларды А.Бөкейханов басқарады, әрине, мен бұл сөзді «Қазақ» газетіне және жаздыртуына қатысы бар деген мағынада айтып тұрмын. Газет өте кең таралған» [117, 67 п.]. Ахмет Байтұрсыновтың публицистік қабілеті, болған оқиғаларға ой қорытуы, білімнің тереңдігі, елінің жай-күйін, тарихын, мәдениетін, тілін, дінін жете білуі, шұрайлы сөз қорының бай болуы 1913-1918 жылдар аралығында «Қазақ»

газетінің редакторы қызметін атқаруына мол жағдай жасады. Сонымен қазақтың ұлттық баспасөзі 1913 жылдың 2 ақпанында Орынбор қаласында «Каримов, Хусаинов и К^о» баспаханасынан жарық көрді. А.Б. Байтұрсыновтың жер аударылған кезеңде Орынбор қаласын таңдауының себебін Ө. Әбдіманов «Қазақ газеті» еңбегінде былайша ой түйіндейді: «Орынбор... батыс пен шығыстың саяси орталығы болды, татар зиялыларының топтасқан ортасы болды,... араб графикалы, мұсылман тілді, газет шығаруға қолайлы баспаханасы т.б. алғы шарттары жетерлік Орынбор қалауындағы негізгі мақсат – жалпы қазақтық баспасөз шығару еді » [340, 35 б.]. 1914 жылы 7 наурызда Орынбор губернаторынан Орынбор жандармерия басқармасының бастығы генерал-майор Бабичқа түскен № 380 қатынас қағазында: «Ахмет Байтұрсынов «Қазақ» атты қазақ газетінің редакторы болып қай кезден бекігендігін хабарлауларыңызды сұраймын және бұл газеттің бағытымен біреу айналыса ма, кім қадағалап жатыр», - деп сұрау тастаған [117, 68 п.]. Бұған жауап 1914 жылдың 23 наурызында Орынбор губернаторының басқармасына Орынбор губерниясы жандармериясы басқармасының № 1604 қатынас қағазымен келіп жеткен: «Торғай облысы, Торғай уезінің Тосын болысының № 5 ауылының қазағы А.Б. Байтұрсынов Орынбордан әр апта сайын «Қазақ» атауымен қазақ тілінде шығатын газеттің редакторы екендігін сізді хабардар еткім келеді. «Қазақ» газеті 1913 жылдың 5 қаңтарынан тіркеуде тұр. Дәл осы күннен бастап жоғарыда аталған баспаға бақылау орнатылған. Газетті бақылау Торғай облыстық басқармасының аудармашысы Тұнғаншинге тапсырылған» [117, 70 п.].

Сонымен өз алдына зор мақсат жүктеген Ахаң қазақ тілінде (ол кезде төте жазумен - Ұ.А.) жариялайтын материалдардың тапшылығына, қаражаттың аздығына қарамай, газетін шығара берді. Кейін Телжан Шонанұлының естелігінде алғашқыда «газеттің техникалық жұмыстарын өз жары Бадрисафа Мұхамедсадыққызы мен қызы» атқарған деп еске алады [339, 243 б.]. Біздің пікірімізше үлкен қызы Шолпан болуға тиісті.

1914 жылы 24 наурыздағы Орынбор губерниясы жандармдық басқармасының басшысы генерал-майор Бабичтің Түркістан облысының полиция департаментінің басқармасына жазған хатында: «Сіздерге Орынбор қаласында 1913 жылдан 5 қаңтардан бастап, шынында да апта сайын қазақтардың «Қазақ» атты газеті шығатындығын хабарлаймын. Газет жалғыз аймақтық орган ретінде қазақ өлкесінің кең аумағына тараған, жергілікті халықты ғылымның әр саласынан өнерден, техникадан, жалпы мәдениеттің сан саласынан пайдалы хабарлар таратады. Өзінің шыққан кезінен бастап, алдына қойған бағдарламасынан ауытқыған емес, әсіресе, тіке жазылған мақалалар болған емес. Редакторы А.Б. Байтұрсынов, бұл бұрынғы Қарқаралыдағы орыс-қырғыз училищесінің меңгерушісі, 1910 жылы Ішкі Істер Министрлігінің бұйрығымен 2 жыл мерзімге Далалық өлке, Жетісу және Торғай облыстарына тұруға рұқсат етпей, содан ол 1910 жылдың 10 наурызында Орынборға келген. Келе сала өз еркімен айына 60 руб жалақыға Торғай-Орал қоныс аударушылар кеңсесіне қызметкер болып жұмысқа тұрған. Губернатор тапсырмасымен газеттің әрбір шыққан басылымдарын бақылауды Торғай облыстық

басқармасының татар тіліндегі басылымдардың аудармашысы Мұхамедияр Тұнғаншинге тапсырылды. А.Б. Байтұрсыновтан өзге «Қазақ» газетіндегі белгілі қызметкерлерінен А. Бөкейхановты, М. Дулатовты, Әбубәкір Бирмухамет Алдияровты атайды» [117, 71,71 сыртқы пп.]. Газетті бақылауға тапсырған Мұхамедияр Хангерейұлы Тұнғаншин (1888-1942) Ырғызда дүниеге келген Торғай облыстық басқармасында, Орынбор губернаторлығы кеңсесінде аудармашы болып қызмет атқарған. «Қазақ» газетінің басылымы санының артып, елге кең тараған кезеңде полиция департаменті М.Х. Тұнғаншиннің аудармашылық қызметіне де күмәнмен қарап, А.Б. Байтұрсыновтардың «жақтастары» қатарына жатқызған. Ал полиция бақылауына іліккендердің бірі Торғай облысы, Қостанай уезінің Сарыой уезінде дүниеге келген Әбубәкір Алдияров газет баспа ісімен айналысқан, «Азамат» серіктестігін ұйымдастырушылардың бірі болды. Ә. Алдияров «Қазақ» газетін редакциялауда А.Б. Байтұрсыновтың сенімді көмекшісі бола білген жан. Әрине, 1913 жылдан «Қазақ» газетінің айналасына ұлт зиялылары жанашырлықпен топтасып, мақалаларын жазып, қолынан келер көмектерін көрсетіп отырған. Оны бір-ақ мысал ақын Шәкәрім Құдайбердиевтің «Қазақ» газетін құттықтауынан - ақ аңғаруға болады [341, 27 б.]. «Қазақ» газетінде Ш. Құдайбердиев Орынбордағы еліне қызмет қылып жатқан Алаш зиялылары ішінен А.Б. Байтұрсыновқа айрықша назар аударғандығын байқаймыз. Сол заманда – ақ ақын қазақ оқығандары тоғысқан қаладағы бар жаңалықты жиып өзіндік ой пікірлерін қалыптастырған-ды. Ш. Құдайбердиев 1911 жылы аталған қаладағы «Каримов, Хусаинов және К°» баспаханасында атақты «Шежіресін» шығарып, оқырманды қазақ тарихымен таныстырды. Бұл еңбегінде ол Комиссияға мүше болған В.В. Радлов зерттеулеріне арқа сүйеген. Яғни, ақын Комиссия зерттеулерімен таныс болған. Осыны есепке алған Шәкәрім Орынбордың қазақтар өміріндегі сол тұстағы маңыздылығын сезінген деп есептейміз. Оны «Қазақ» газетіндегі жарық көрген өлең жолдары дәлелдей түседі. Қарт ақынның өзі А.Б. Байтұрсыновтың бүкіл Алашқа істеп жатқан қарекетін қолдауға шақырады және ендігі жерде қартайдым деп қарап жата алмайтындығын ел ішінде газетті, оның идеясын қолдаған насихат жүргізетіндігін жеткізген. Бір сөзбен айтсақ, «Қазақ» газеті орыс патшасы қазақ елін қол-аяғын толық матап, еркінен айырған шақта, келер тағдырын ойлап мүлгіген халыққа болашаққа үміт артар жақсылықтың жаршысындай болып елге тез тарап, көпшіліктің түскен еңсесін көтертті.

Цензуралы патша үкіметінің өзі «Қазақ» газеті туралы: «кең байтақ қырғыз (қазақ - Ұ.А.) өлкесінің жан-жақты мәселелерін қамтыған жалғыз өлкелік орган «Қазақ» газетінің кейбір біржақты салаларына қарап, прогрессивті газет деп айтуға болады», «қазіргі кезде 2500 данамен таралып тұр» [117, 127 сыртқы п.],- деген мәліметтер береді.

Орынбор қаласындағы туған халқына жасаған қызметінің айқын көрінісі- қазақ баспасөзінің негізін сала отырып, қоғамдағы саяси оқиғаларды қазақ қалай түйсінуі, қабылдауы қажет, ғылыми-ағартушылық, тарихи, мәдени сан-салалы мәселелерді қалың қазақ жұртшылығына түсіндіре білді. Осы газет арқылы ұлт қозғалысының көшбасшыларының біріне айналды. А.Б.

Байтұрсыновтың Орынбор қаласындағы қоғамдық-саяси қызметінің жанданған тұсы - патша тақтан құлап, орыстың ақпан төңкерісі мен қазан төңкерісі кезіндегі қазақ елінің жайын ойлап, тәуелсіз дербес елдікке ұмтылған кезеңі. А. Байтұрсыновтың «Қазақ» газеті кейін Алаш партиясының ұйытқысы болды. Газет өзінің алдына қойған басты мақсаты қалың қазақты оятып, ұлттық күрес деңгейіне алып келген болатын. Академик К. Нұрпейіс «Алаш һәм Алашорда» еңбегінде А.Б. Байтұрсыновтың халқына жасаған қоғамдық-саяси қызметін баяндай келе: «Ахмет Байтұрсыновқа ең әуелі ағартушылық ғылымдық пен саяси қимылда байсалдылық пен ұстамдылық тән болды» [342, 215 б.], - деп ойын білдірген болатын.

Төңкерістер ғасырының басында Орынбор қаласы қазақ ұлттық қозғалысының орталығы болды. Бұл жөнінде ұлттық төңкеріс қозғалысының көшбасшыларының бірі – Мұстафа Шоқай 1917 жылғы төңкеріс туралы естелігінде қалайша Орынбор қаласы неліктен ұлттық қозғалыстың орталығы болды? – деп сұрау қоя отыра, оған жауап іздейді: «...Біздің қазақтар бұл қалада бірнеше жанұя ғана. ... Соған қарамастан бірнеше ұзақ жылдар Орынбор қазақтардың ұлттық қозғалысының орталығы болды. Бұл қалайша? Оның мәнісі түрік қазақтардың (бұл жерде қазақтардың қалаға шоғырлануы туралы болып отыр – Ұ.А.) көп мөлшерде шоғырланып орналасқан қаласы жоқ. Олар әрқашанда азшылықты құрайды, яғни, қазақ түріктердің «интеллектуальды орталық қаласы» болған жоқ деп айтуға болады.

Әрине, сөз жоқ, өз халқының ұлттық мүддесі үшін қызмет қылып, жұмыс жасауға бұндай орталық қазақ зиялыларының саналы тобы орналасқан кез-келген қала бола алады. Оған қазақтар көп шоғырланған орталық болуға ыңғайлы қалалардың қатарына Ташкент, Верный, Семипалатинск атауға болады. Алайда, бұдан да шағын қалалар болса да, қазақтардың ұлттық бағыттағы бар саяси қимылдары орыс әкімшілігі тарапынан дереу кері қарсы әрекет туғызар еді. Сондықтан қазақ жерінен тыс орналасқан кез-келген қаланы таңдау мүмкіндігі тұрды. Соның ішінде қолайлысы - темір жол бойына орналасқан Ташкент пен Семейге арақашықтығы бірдей Орынбор қаласы болды. Сонымен бірге Орынборда қазақтарды жыл сайын мұғалім мамандарын даярлап шығарған мұғалімдер семинариясы болды. Ал, ең бастысы, Орынбор қаласында атақты, талантты жазушылар және қоғам қайраткерлері – Байтұрсын-оғлы Ахмед пен Дулат-оғлы Міржақып тұрды. 1911 жылдан Ахмед пен Міржақыптың талантты басшылығымен көп ықпалын тигізді. Міне, Орынбор қаласы неліктен қазақтардың ұлттық қозғалысының уақытша басшылық орталығы болғандығын түсінуіңізге болады. Міне, неліктен қазақтардың алғашқы революциялық сиезі осында шақырылды», - деп Орынбор қаласындағы Ахмет Байтұрсынұлы Байтұрсыновтың қоғамдық - саяси қызметіне жоғары баға берген [343, 8 б.].

«Қазақ» газетінің баспадан шығу үшін алдына қойылған арнайы бағдарламасында төмендегідей мәселелер қаралды: бірінші, қазақтарға қатысты үкіметтік заңдар мен шешімдер; екінші, мемлекеттік Кеңес пен мемлекеттік Думаның қызметі; үшінші, ішкі және сыртқы жаңалықтар; төртінші, қазақтардың тарихы мен тұрмысы; бесінші, тарих, әдеп, этнография және

мәдениет; алтыншы, экономика, сауда-саттық, ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы және қол өнер; жетінші, халықтық білім беру, мектептер, медреселер, білім беру, өнер, тіл және әдебиет; сегізінші, гигиена, медицина, ветеринария; тоғызыншы, фельетон; оныншы, корреспонденция және телеграммалар; он бірінші, жергілікті оқиғалар; он екінші, иллюстрациялар; он үшінші почта; он төртінші, қосымшалар; он бесінші хабарландырулар [344, 144 п.].

Бағдарламадан байқағанымыздай, сол заманда-ақ ұлттық газетті шығаруды мақсат тұтқан қазақ зиялыларының ой-пікір армандары халқын ояту екендігі айқын аңғарылады. Сондықтан да бас мақалада «Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың аруақты аты деп, газетіміздің есімін «Қазақ» деп қойдық. Ұлт үшін деген істің ұлғаюына күшін қосып, көмектесіп, қызмет ету қазақ баласына міндет. Халыққа қызмет етемін десеңдер азаматар, тура жолдың бірі осы. Жол ұзақ, ғұмыр қысқа, қолдан келгенін ғұмыр жеткенінше істеп кетелік. Малша оттап, ас ішіп, халық үшін қам қылмай, қарын тойғанына мәз болып, мал өлімінде өлмейік» деген жолдардан газетті ұйымдастырушылардың алдағы жоспарлары анық байқалады. 1914 жылғы 24 қарашадағы Торғай губернаторына № 1303 қатынас қағазында генерал-майор Бабичтің баяндағанындай, алдымен газетті А. Байтұрсыновтың бір өзі редакциялаған, сонан соң өзге бірнеше адамдардың қатысуымен «Азамат» серіктестігі құрылған [117, 127 п.].

«Оренбургский край» газеті, «Қазақ» газетінің бірінші номері жарық көрген кезеңде А.Б. Байтұрсыновты қазақтың белгілі жазушысы деп бағалағанды. А.Б. Байтұрсынов кейін «1913 жылы Қазақ газетінің ашылуын ұйымдастырдым. Оның редакторы ретінде қызмет атқардым. Аталмыш газетті редакциялап жүргенде, бірнеше мәрте әкімшілік жолымен айып тартып, тұтқындалдым.... 1917 жылдың соңына дейін редактор болып істедім» деп жазады [107, 20 п.]. Бұны мұрағат дерегі де растайды және ол бір емес бірнеше рет айып пұл төлеген. Мысалы, 1914 жылы 11 қазанда №6408 қатынас қағазында көрсетілгендей, «Қазақ» газетінің №80 санында редакторы А.Б. Байтұрсынов үкіметтің бұрынғы Дала Ережесінің орнына ұсынған заң жобасына және оған қосымша берілген түсіндірме жазбасына байланысты мақала жариялаған. Мақала авторының пікірі қазақтардың арасында үкіметке қарсы наразылық тудыруы мүмкін. Сондықтан «Қазақ» газетінің редакторы А.Б. Байтұрсыновқа осы мақаланы газетке басқаны үшін дереу 1500 руб. айыппұл немесе 3 ай түрмеге отыруға тура келеді», - деген Орынбор губерниясының басқармасының басшысы генерал-лейтенант Н.А. Сухомлинов үкім шығарған [117, 105 п.]. Редактордың қолма-қол төлейтін ақшасы болмай газет жабылуына қауіп төнген кезеңде, саулығының дімкәстігіне қарамай түрмеге отыруға келісім беріп, 1914 жылдың 20 қазанында түрмеге қамалған. М. Дулатовтың дереу телеграммамен жан-жаққа дер кезінде хабарлауының нәтижесінде керекті қаражат жиналып, А.Б. Байтұрсынов 4-5 күнде түрмеден босатылған. Міне, осындай жағдайлар «Қазақ» газеті тарихында бірнеше рет қайталанып, 1918 жылдың аяғына дейін өмір сүрген. М. Дулатовтың айтуынша, А.Б. Байтұрсыновтың ұйымдастырғыш қабілетінің арқасында кейін жеке

баспаханаға қол жеткізген. Жеке шағын кітапханасы, газет шығаратын қағаздарының үлкен қоры жинақталып газет тиражы 8000 жеткен [345, 24 б.]. Ресей тарихшысы Д.А. Сафоновтың көрсетуі бойынша «Қазақ» газетінің айналасында 31 адам жұмыс жасаған. А.Б. Байтұрсыновпен қатар газет шығарушылар қатарында М. Оразаевты көрсетеді. «Қазақ» газетінің ұлттық келбеті бірінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде, қара жұмысқа қазақты бермеу, қоныс аударушылардың қазақтың жерін баса көктеуіне жол бермеу, қазақ жерінен орыс мұжықтарының қуылуын талап етуі, қазақтың жер мәселесіне келгенде өз жерін сақтау, қазақтың жерге деген құқы қазақтардың құқымен теңестірілуін, әскери міндетті өтеудің қайта қаралуы, үкіметтің қазаққа деген саяси көзқарасына наразылығы, ұлттық партияның құрылуы, оның мақсат-міндеттері, патша тақтан құлады, қазіргі жағдайда қазақ елі қалай өз мұң-мұқтажын жоқтап, тәуелсіздігін аршып алады, міне, осындай сан-салалы сұраулардың бар жауабы осы «Қазақ» газеті бетінен табылды. Бір сөзбен түйіндесек, А.Б. Байтұрсынов «Қазақ» газеті арқылы қазақ елінің жоқшысы бола білді. 1918 жыл үкімет басына большевиктер келген кезде контрреволюциялық басылым ретінде типографиясын, артық қағазын, кітапханасын бәрін тәркілеген. «Қазақ» газетінің соңғы саны № 261 номермен 1918 жылдың 27 ақпанында жарық көрген [85, с.236-240] .

А.Б. Байтұрсынов «Қазақ» газетін ұйымдастыра отырып, газет бетіндегі материалдар арқылы қазақтың күнделікті күрделі мәселелерін көтеріп қана қойған жоқ, сонымен қатар туған халқының жүріп өткен жолындағы даңқты жолдарына назар аударды. Мақалаларының басымы оқу-ағарту мәселесіне, ел тарихына, этнографиясына, елдегі саяси жағдайға арналған. Бұл мәселелерге арналған «Айқап» журналында, «Қазақстан» газетінде, өзі басшылық еткен «Қазақ» газетінде бірнеше ғылыми мақалалары жарық көрді. Орынбор мұрағаттық комиссиясына мүше болғаннан кейінгі келесі жылы жарық көрген есептері мен хаттамасында өзге басылымдармен қатар «Қазақ» газеті де комиссия кітапханасына өз басылымдарын жыл сайын тапсырғанын байқаймыз [346, с.16,187]. Мұрағаттық комиссиясының қатардағы көп мүшелерінің бірі болған екі қазақтың бірі А.Б. Байтұрсыновтың еліне жасаған жақсылығы мұрағатқа хаттаған тарихымыздай ел жадында мәңгілікке қалғаны айқын.

«Қазақ» газетінің жарық көрген жылдары жарияланған мақалаларға шолу жасасақ, ұлт зиялыларының тарихымыздың күрделі мәселелеріне батыл түрде ізденіс жасағандығын байқаймыз. Тарих мәселелеріне А.Б. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, Ш. Құдайбердиев, М. Тынышбаев т.б. өзінше ізденіс жүргізіп, қалың жұртшылықтың назарын аударды.

Мәселен, түрік баласы бүркеншік есімімен басылған «Қазақ тарихы» атты мақалада: «Тарих деген не?, Ол не үшін керек?» деген сұрақтарға жауап ізделді. Автор тарихты ғылым дей отырып, «қазақтың көбі оны шежіре деп айтады. Бұ заманның ғалымдары тарихты ең оңды мағұлым деп түсінеді. Тарих түзу, жөнді үйретуші деп айтады. Тарих халықты түзу жөнге сілтеуші болса, оған дүниеде түзушіліктің кітабы, тіршіліктің жолбасшысы деуге де болады. Келешек күннің қандай болашағын білуге тарих анық құрал болады» деп, өзінше ой қорытады. Мақалада автор сол замандағы әрбір қазақтың ақсақалының аузынан шыққан

дуалы сөзді шежіре дейді. Сонымен бірге, ақсақалдардың айтқан әңгімесімен қатар, ел ішінде жүрген шала молдалар мен надан қожалардың кері тартпа пікірлерін қатты сынға алады. Түрік баласы тарихтың міндетін төмендегіше анықтайды. Біріншіден, біздің бұрынғы бабаларымыз кім екендігін біліп, екіншіден, олардың дүниеде істеген істерін анықтау, үшіншіден, қазақпен көршілес елдерді, олармен қарым-қатынастарын саралау. Міне, осындай бағыттарды анықтау арқылы түрік баласы тарихты қазақ халқының пайдасына жаратуды көздеді және «Қазақ» газетіне осы мақаласы арқылы көпшілікті ой бөлісуге шақырды. Түрік баласының «Қазақтың тарихы» атты екінші бір мақаласында осы ойлар жалғасты. Мақалада ол сол кезеңге дейінгі қазақ тарихындағы екі күрделі мәселеге назар аударды. Оның біріншісі, қазақ және қырғыз атауларына байланысты. Осыған қатысты ойын автор «Тарих кітаптарындағы көп қатенің бірі - жазушылардың ешбірі қазақ пен қырғызды айырмайды. Қазақ – қазақ! Қырғыз өз алдына қырғыз. Түрікпен мен башқұрт қандай басқа-басқа ел болса, қазақ пен қырғыз да сондай басқа ел. Орыстардың әсіресе, үкіметтің қазақты қазақ демей, қырғыз деп жүргені рас» деп түйіндеп, «Қазақтық» атты қазақ атауын халқына қайтаруды заңды деп есептейді. Екінші қате, Қазақты ұлы Шыңғысханнан бұрынғы замандарда болған қырғыз қауымының нәсілінен деуді сынға алады [341, 15-19 бб.]. Аталған мәселелер бүгінгі тарих ғылымында нақтыланып, өз жалғасын табуда. Қазан төңкерісінен кейін-ақ, қазақтың зиялылары халықтың тарихи атауын қалпына келтірді. Оның өзіндік тарихы бар, өзге халықтардан ерекшелігі бар халық екендігін дәлелдеді. Ал бұлардың бастамасы «Қазақ» газетінде салынғандығы айдай анық.

А.Б. Байтұрсынов «Қазақ» газетінде редактор болып, қызметін атқара жүріп, тарихымыздың әртүрлі мәселелерін жариялауды, оны өзге көзі ашық қайраткерлерге тапсырма беріп жаздыруды күнделікті жұмысына айналдырды деуімізге болады. «Қазақ» газетінің әрбір санында жарияланған соңғы жаңалықтар ішінде де қазақтың тарихы туралы материалдар басылып жатты. Белгілі тарихшы Зұлқарнай Алдамжар өзінің 2002 жылы «Арыс» баспасынан жарық көрген «Тарих: пайым мен тағылым» атты еңбегінің бір тарауын осы А.Б. Байтұрсыновтың тарихқа көзқарасын талдауға арнады. Ғалымның анықтауынша, Ахаң мұрасы «бүкіл ұлттық рухани қазына, оның ішінде ұлттық төл тарихымызға да, оның теориялық, методологиялық, деректемелік салаларына да баға жетпес құнды қор, табан тірер негіз» [13, 216 б.]. Зерттеу еңбегінде З. Алдамжар А. Байтұрсынұлы тарих ғылымының пәніне «Тарихты қазақша ұлы дерек деуге, әуезе табына жатқанмен, айғақшы әуезе деуге болады. Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы - тарих», - деп анықтама береді. Тарихтың атқарар қызметі мен алға қояр міндеті хақында ол: «Тарихтың қызметі – бүтін адам баласының, бүтін бір жұрттың, иә бір топтың өткен өмірін болған күйінде айнытпай айту. Тарихтың мақсаты – бүтін адам баласының өмірі нендей табиғат заңымен өзгеретінін білу, - деп жазған-ды. Ал тарихшылардың міндетін былайша тұжырымдайды: «Тарихшылар халық басынан кешкен түрлі уақиғалардың мағлұматын сымға тартқандай сынға салып, мінсіз етіп, дұрыстап өткізеді. Шежіре жазушылар естіген-білгенін сол қалпында, шикі түрінде тізеді. Тарихшылар құр істегенімен, қанағаттанбай, рас-өтірігін

тексеріп, расын ғана алады» деген орынды пікірін ерекше атап өтті [13, 217 б.]. Яғни, А.Б. Байтұрсыновтың жоғарыдағы көзқарасы тарихтың қалың санасына қаншалықты әсер ететіндігін, оның маңыздылығын дәлелдеп тұрғандай. А. Байтұрсыновпен замандас, сол замандағы қазақ зиялылары тарих арқылы қалың көпшілікке әсер ете білді. «Қазақ» газеті арқылы оқырмандарды қазақтың белді азаматтары елдің тарихымен таныстырды. Олардың еңбектерін талқыға салды. Мәселен, «Қазақ» газетінен Қажымұқан Мұңайтпасов, Шоқан Уәлиханов, Махмұд Уәлиханов, Ә. Ермеков, Ш. Құдайбердіұлы т.б. туралы мол материалдармен танысуға болады. Сонымен қатар, газетте зерттеушілер Г.Н. Потанин, П.П. Семенов – Тянь-Шянский, Ә. Диваевтардың ғылымға қосқан үлестері сараланды. М. Дулатов Абай, Шоқан Уәлиханов, Г. Потанин, Ғазірет сұлтан туралы материалдар жинақтап жарияласа, Ә. Бөкейханов Европалық оқымыстыларға, Ресей ғалымдарына тоқталып, олар турасында көпшілікке жеткізді.

Қазақ зиялылары Абайдың қалдырған мұраларына сол жылдары-ақ назар аударды. Олар Абайды ұлықтап қана қоймай, оның қалдырған мұрасымен елін тәрбиелеуді мақсат тұтты. М. Дулатов Абайды бүкіл әлемге орыстың ғалымы В. Ломоносовтай әйгілі етуді ұсынды. Өз мақаласында «Біз бүгін ардақты ақынымыз марқұм Абайдың рухына дұға қылып, қараңғы заманда шырақ жаққан басшымыздың есімі, құрметі, терең мағыналы асыл сөз атадан-балаға, немереден – шөбереге үзілмей сақталуын тілейміз. Зередей шүбә етпейміз, Абайдың өлген күнінен қанша алыстасақ, рухани сонша жақындармыз. Үнемі бұл күйде тұрмас, халық ағарар, өнер-білімге қанар, сол күндерде Абай құрметі күннен-күнге артылар, «Бірінші ақынымыз» деп қабірін халқы жиі-жиі зиярат етер, халық пен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар» деп қорытынды жасады. Ал Ә. Бөкейханов болса, Абайдың Михаэлиспен арасындағы достық қарым-қатынасқа назар аударды. Ә. Бөкейханов «Қазақ» газеті арқылы қазақтардың Ресейге бодан болу кезеңіндегі тарихына жете мән берді. Оның Бөкей қазақтары туралы немесе Башқұрт жерінің шежіресі туралы, қазақ хандары туралы пікірлері бүгінге дейін өзінің құндылығын жоғалтқан жоқ.

«Қазақ» газетінің бетінде жарияланған материалдар арқылы Алаш қозғалысы, олардың XX ғасырдың бас кезеңіндегі саясаты, оған қатысқан ұлт зиялылары туралы мол мәліметтер алуға болады. Бүгінгі тәуелсіз ұрпақ үшін осы материалдар баға жетпес мұра. Газет бетінде кейде ұлт зиялылары бірін-біріне сұрақ қойып, оған қосыла жауап іздеп отырған. Мәселен, Х. Досмұхамедов Ә. Бөкейхановтың «Алаш» не сөз? деген сұрағына, газеттің 12-санында жауап берген. Мұндай мәдениетті сұрақ-жауап айтыстар «Айқап» журналы арасында да ұйымдастырылды. «Қазақ» пен «Айқап» қазақтың құнарлы жерлерінің Ресейден Қазақстанға көшіп келіп жатқан орыс мұжықтарының қол астына кетіп жатқанына бей-жай қарап отыра алмады. Баспасөз бетіндегі мұндай пікір-таластар қалың көпшіліктің арасында заңды ой-пікірлер туғызды. Патшалы Ресейдің отарлау саясатының қыр-сыры ашыла бастады. Пікір-таласқа барлық көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар қатысты. Ол турасында М. Дулатовтың, Ә. Бөкейхановтың, Б. Қаратаевтың мақалалары жарық көрді.

А.Б. Байтұрсыновтың ғылыми мұраларын және қазақ елі үшін қылған әрекетін қазіргі ұрпаққа насихаттауда тарихшы З.А. Алдамжардың орны ерекше. А.Б. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетін басқарған кезеңде солтүстік өңірдің бар жастары оқитын Қостанай мемлекеттік университетіне ғалымның атын беріп, мұражай ашып, Ахметтану курстарын өткізіп, Ахаңның туған жеріне ғылыми экспедициялар ұйымдастырып, университет алдынан келісті ескерткішін ашып, қазіргі және келер ұрпаққа өнеге болсын деген ниетте алаштың ардақтысын үлгі етіп, халқының ықыласына бөлеуге мүмкіндік жасаған еді. А.З. Алдамжар ұғымынша «... қазақ ұлтының төл тарихы деген ауқымды да сан-салалы зерттеу жұмысына ұмтылыста " Ұлт тағдыры - төл тарих – Ахмет Байтұрсынұлы " деген бір өзекті ой тіркесі өз ретімен алға шығады. Бұл біте қайнасқан бірлік орынды да, өйткені, ұлт зиялылары, Алаш көсемдері өз халқын өркениетті адами болмыс биіктігіне көтеруге, тәуелсіздік пен теңдікке қолын жеткізуге, әлемдегі қуатты мемлекеттер санатында қазақ мемлекетінің терезесі тең болуына, ұлттық рухани болмыстың әлемдік өркениеттік шеңберде сыбағасына сай өз орнын табуына және де сол биіктікте танылуына бар ғұмырларын сарп етті», - деп орынды баға берген болатын [13, 215 б.].

Кеңестік дәуір кезеңінде Алаш зиялылары қудалауға ұшыраған кезеңде А.Б. Байтұрсыновтың ғылыми еңбектерін бірнеше дүркін жою ісін жүргізген. Бізге белгілісі А.Б. Байтұрсыновтың 9 кітабын 1928 жылы «Алашорда жауларының және ұлтшылдар әдебиетін алып тастау» ұранымен: 1) Қазақ тілі оқулығы; 2) 1 сыныпқа арналған I – IV ч; 3) 2 сыныпқа арналған V – VI ч; 4) Әдеби танытқыш; 5) Қырық мысал; 6) Маса; 7) Практическая грамматика ч.1; 8) Практическая грамматика ч.2; 9) Тіл құрал III синтаксис [92, 18п]. Ал екінші рет 1937 жылы барлық кітапханалардан, кітап сататын сауда мекемелерінен, баспаханалардан халық жауының еңбектері ретінде аластатылған, оның ішінде А.Б. Байтұрсыновтың тізім бойынша 19 еңбегінің аты және барлық нұсқалары, барлық басылымдарын құртуға үкім шығарылған [99, 233 п.].

Қорыта айтқанда, Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының мүшесі А.Б. Байтұрсынов Орынбор кезеңінде 1912-1917 жылдар аралығында қазақ елінің тарихи тағдырына ықпал етерлік оң әрекеттері жетерлік болды. Алдымен,

- Мұрағаттық комиссиясы мүшесі бола жүріп, А.Б. Байтұрсынов орыс үкіметінің қазақ даласындағы отарлау саясатына қанықты, оның түрлі әдістері арқылы жүргізіліп жатқанын толық сезінді;

- Комиссия мүшесіне тән орыс үкіметінің баспасөз беттерімен уақытында танысып, ондағы материалдарды қорытып, бар жаналықтарды уақытында ұлттық баспасөз арқылы халқын хабардар етті;

- Комиссия құрамындағы үкімет шенеуніктерімен, ғалымдарымен, әскерилерімен, кеңсе қызметкерлерімен танысып, олар арқылы патша үкіметінің соңғы шешімдерімен дер кезінде хабарланды;

- Комиссия «Еңбектері» арқылы, оның мүшелерінің мақалаларымен танысу нәтижесінде қазақ елінің өткен – кеткенін мұрағат деректері арқылы зерделей

бастады. Соның қорытындысы ретінде осы тұста қазақ тарихы туралы, оны зерттеу бағытындағы көзқарастары жариялана бастады;

- Комиссия мүшелері бола жүріп, баспасөз, баспахана жұмыстарында өзіндік іздерін қалдырған түркі тілдес бауырлар Ф. Каримов, Р. Фахрутдинов, Х. Алиев тағы басқаларымен тығыз қарым-қатынас орнатып, түбі бір бауырлардың ертеңгі тағдырына алаңдады.

- Қазақ балаларының сауатын ашам деп тұңғыш қазақ әліппбиін түзеді;

- Қазақ балаларына арнап, білім берудің алғашқы сатысы бастауыштан бастап оқулық жазды;

- Қазақ тілі ғылымының теориялық және методикалық, методологиялық мәселелерімен айналысып, осы ғылымның негізін салды;

- Қазаққа қоғамдағы саяси бар жайды баяндау үшін «Қазақ» газетін ашты;

- «Қазақ» газеті арқылы қазақтың іргелі тарихы, мәдениеті, діні, этнографиясымен, әдебиетімен, жері, шаруашылығы, құқығы, табиғаты, медицина саласынан хабардар етті.

- Газет бетінде қазаққа қажетті қоғамның бар саласын қамтыған, түсіндірме берілген құнды мәселелері жетерлік заманының қажеттілігін өтеген басылым болды.

- Қазақ зиялыларын бір мүдде, бір мақсат тәуелсіздік күрес жолында топтастыра білді.

- Қазақ елінің азаттық таңын жақындатуға бар ғұмырын, бар мүмкіндігін халқына арнаған ел ардақтысы бола білді.

- А. Байтұрсынов Ы. Алтынсарин, Ғ.Б. Балғымбаев сынды педагогтардың ағартушылық деңгейінен күрескерлік деңгейге дейін көтерілген зиялылардың шоғырының басында тұрды.

ҚОРЫТЫНДЫ

1887 жылы құрылып, 1917 жылғы төңкерістермен өз жұмысын аяқтаған Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы 30 жылдан аса қызметінде XVIII-XX ғасырлардағы тарихымызға қатысты құнды құжаттарды жинақтап, реттеп, мүмкіндігінше ондағы мұраларды ғылыми айналымға шығарып, тарих сахнасынан кеткенімен артына өшпес ізін қалдырды. Ресейдің 39 губерниясында дүниеге келген Мұрағаттық комиссиялар заманында әрқайсысы құрылған өлкесіндегі белгілі тұлғаларды қызметке тартып, олардың білімі мен күшін пайдаланды. Көп жағдайда барлық Комиссияның жұмысына ғылыми бағыт-бағдар беру үшін сол кезеңде жаппай Ресейге танымал ғалымдар тартылды. Осы мақсатта Орынбор Ғылыми комиссиясына Ресей тарихының білгірі профессор В.О. Ключевский, академик Н.В. Калачев, Санкт-Петербург Археология институтының директоры Н.В. Покровский, Императорлық Москва мұражайы директоры И.Е. Забелин, Императорлық Археологиялық Комиссия төрағасы А.А. Боринский, академик В.В. Радлов, академик В.В. Бартольдтармен қатар, өлке тарихында өзіндік қолтаңбасын түсірген А.Е. Алекторов, В.Н. Витевский, А.И. Добросмыслов, И.И. Крафт, С.Н. Севастьянов, М.Л. Юдин, И.С. Шукшинцев, П.Н. Столпянский, И.А. Кастанье, А.И. Мякутин, т.б. ғалымдар мен көзі ашық шенеуніктер, оқу-ағарту саласындағы мамандар бір Орталыққа шоғырландырылды. Әр жылдары Комиссия жұмысына түркі тілдес халықтардан Гайса Хусайнович Еникеев, Ахмет-Гирей Асфендиарович Мухаметдиаров, Ходжа-Мухамедиар Мұхамед-Шериф Сұлтанов, Ғабдуғали Балғымбайұлы Балғымбаев, Мухамет Фатих-Гильманович Каримов, Хасан Алиев, Ахмет Байтұрсынұлы Байтұрсынов, Мұхамед Закир-Мұхамед-Садыкович Рамеев, Сүлеймен Шакирович Рамеев, Мұхамед Фатихович Сүлейменов, Абдрахман Ризаэтдинович Фахретдинов, Габдулла Газифович Шагинур қатыстырылды. Дегенмен олар мұрағат істерін жинастырып, реттеуге, істерді бөлуге жіберілмей, керісінше, ел арасынан материалдар әкелуге, ақшалай көмек көрсетуге, түрлі отырыстарда көтерілетін мәселелерді талқылауға шақырылған.

Сонымен 30 жылдан аса уақыт ішіндегі қорытындысында жарияланған 35 рет жарық көрген «Еңбектер», мыңдаған ғылыми зерттеулер мен ізденістер бүгінгі XXI ғасырға жетті. Олар Ресейдің басылымдары арқылы алыс шетелдік ғалымдарының еңбектеріне жол тартты. Сөз жоқ, мұның барлығы Қазақстанды танудағы жасалған ізгі қадамдар еді. Бүгінде Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы мұрағатысыз XVIII-XX ғасырлардағы қазақ тарихын жазу мүмкін еместігі анық. Дегенмен мұның барлығы заманында Ресей империясының Азияны отарлау саясатын жүзеге асырудағы үлкен жоспардың бастамасы болғандығы, сол ғылыми танудың түпкі нәтижесі ретінде Қазақ елінің отар елге айналғандығы шындық.

Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы 1887 жылы патша үкіметінің құптауымен дүниеге келіп, басты мақсаты ретінде Орынбор генерал-губернаторы кеңсесіндегі XVIII ғасырдан жиналған құжаттарды реттеу болғанымен, оны империя мүддесіне сай әрекет ету бастамасы Орынбор

экспедициясы (1734 ж.) құрылған кезеңнен негізін қалады. Сондықтан да Мұрағаттық комиссия қызметінің алғышарттары сол заманда-ақ қаланды деп анықтауымызға болады.

Оған дәлел І Петрдің жүйелі жоспарымен Ресейдің Қазақстанды Азияға шығудың кілті ретінде тануы бола алады. Бірақ сонау XVIII ғасырдың І ширегінде айтылған деген осы пікірдің өзі бүгінде сан-саққа жүгіртілуде. Мәселен, Орынборлық тарихшы Д.А. Сафонов «Ресейдің Шығыс елдері бағытындағы саясатын саралап, І Петр Азиядан не іздейді?», - деген заңды сұрақтарға жауап іздеп, ең алдымен, патшаны қызықтырған Азия байлығы, алтыны деп анықтайды. Ал «Қырғыз-қайсақ (қазақ – Ұ.А.) ордасы - Азия қақпасы» деген пікірді А.И. Тевкелевтің естелігінде ғана жазылған, ал соны І Петр айтты деп тарихи зерттеулерге енгізіп ашық жазып жүр дейді тарихшы. Ғалымның дәлелдеуінше, І Петр Парсы жорығы кезінде Каспий теңізі арқылы Хиуаға, одан Индияға жетуді мақсат еткен. Сондықтан патша Қазақстан арқылы өтуді жоспарлады деген пікірдің еш негізі жоқ деп қорытындылайды [347, с.12]. Ізденуші пікірінше, орыс тарихшысы Д.А. Сафонов І Петр саясатының бастапқы жоспарынан-ақ орыс жерін кеңейтіп, қазақ хандықтарын отарлауды мақсат тұтқандығын анық айтқан.

Қалай десек те, І Петр, ия болмаса өзге орыс саясаткерлері XVIII ғасыр басында Қазақтар Ордасына келіп жетті. Міне, осы кезеңде Қазақстан туралы мәліметтер қоры жинақталып, ол арқылы Азияны тану бағыттары айқындала бастады. Осыдан бастап, Қазақстанды біржолата жаулап өзіне қосқан XIX ғасырдың екінші жартысында, одан кейінгі Орынбор генерал-губернаторы кеңсесінде 2 ғасыр бойы жинастырылған құжаттарды реттеу мақсатымен құрылған Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы тарихында Ресей патша үкіметінің негізгі түпкі бағыты отарлау идеясымен астасып жатырғандығын көрсетеді. Оны Мұрағаттық комиссияның тарихы да толық дәлелдейді. Ғылыми комиссияға тікелей қатысты тарихи әдебиеттерді, мұрағаттық құжаттарды саралау барысында төмендегідей қорытындыларыға қол жеткізілді:

- Біріншіден, ОҒМК-ның негізгі мақсат-міндеттемелерінің бастамалары, оның алғышарттары сонау XVIII ғасыр басында-ақ қаланды. Ресейдің Азия бағытындағы дипломатиялық және экономикалық, әскери қадамдары І Петр тұсында қарқынды жүргізілді. Орыс патшасының 1722-1723 жылдардағы Каспий (Парсы) жорықтары теңіз жағалауындағы елдердің ертеңгі маңызын анықтады. Жорық алдында Каспий өңіріне 1715-1716 жылдары А. Бекович-Черкасский, 1716 жылы А.Кожин, 1719-1720 жылдары К. Верден, Ф. Саймонов жіберілді. Каспий саясатын бақылауда ұстау үшін 1717 жылы 22 қарашада Астрахан губерниясы құрылып, Жайық өзені бойындағы Гурьев (бүгінгі Атырау – Ұ.А.) қаласы соған бағындырылды. Ал 1734 жылы мамырда Орынбор экспедициясының құрылуы Қазақстанды ғылыми тану ғана емес, сонымен бірге жоспарлы отарлау саясатының шешуші қадамы болды. Ресей Сенатының обер-хатшысы И.К. Кириловтың экспедицияны құру арқылы Орта Азия хандықтары, Индия елдерімен тиімді сауда-саттық жасау мақсатын іс жүзіне асыруды көздегенімен, оның астында оңтүстік-шығыс шекарасын бекіту, қазақтардан қорғану, орыс мүддесін әрі қарай енгізу жоспарлары жатты. Сондықтан да И.К.

Кириловтың «Ресей империясының оңтүстік-шығыс шекарасына орыс қаласын салу» жобасы бірден қолдау тапты. Алғаш күннен-ақ экспедицияға ғалымдар, топографтар, инженерлер, әскери мамандар енгізілді. Экспедиция П.И. Рычковтың анықтауынша бастапқы құжаттарда «Белгілі», кейін «Орынбор» атауларына тіркескен. Мұның өзі экспедиция атауын кейіннен түрліше жазуға әкелді. И. Акманов, В. Дорофеев, А. Абрамовский, В. Козлов т.б. «Белгілі» атауын әрі тарқатып, экспедицияны құпия ұстау қажет болды деген қорытынды шығарған. Ал А. Кузьмин 1981 жылы экспедиция «Қырғыз-қайсақ» атауымен аталды деп те жазды. Д.А. Сафонов осы пікірлердің барлығын сынап келе, оның ресми түрде Орынбор қаласының атауымен, 1734 жылдың 7 маусымынан ерте емес кезеңде атала бастады деген тұжырымға тоқтады [347, с.33]. Азияға жылжудың құпия түрде қолға алынғанын мойындасақ та, экспедиция атауының тікелей Орынборға қатысты қойылғандығы, біздіңше, еш талас тудырмауы тиіс.

Экспедиция құрамына ағылшын Джон Эльтон, Джон Кэстль, бухгалтер П.И. Рычковтар қосылған. Яғни, патша үкіметі, Азия бағытындағы жұмыстарға Англияның Индияға жоспарын біле тұра, ағылшын ғалымдарын тартты. Тәжікстандық тарихшы В. Дубовицкий «Дж.Эльтон мен Дж. Кэстльдер өз қара бастарының пайдасын көздеп, «коммерциялық табысты» мақсат тұтқан авантюристер болды. Әсіресе, Дж. Эльтон Орынбор экспедициясына 4 жылдық қызметтен соң, Астрахан арқылы ағылшын-иран сауда-саттығын жүзеге асыруды қолға алды. Бірақ сауда-саттық «британдық және жеке өзінің» мүддесін көздеген Эльтонның іс-әрекеттеріне байланысты үзілген. Оның артында 1746 жылы 23 қарашада Сенат ағылшындардың Иранмен Ресей арқылы қарым-қатынасын өз шешімімен тоқтатты» деп бағалады [348, с.14].

Дж. Кэстль И.К. Кириловтан кейін де, оның орнына келген В.Н. Татищев әкімшілігінде 1739 жылдың аяғына дейін қызмет жасады. Экспедиция құрамына Кэстль суретші болғанына қарамастан, Орынбор өлкесінің жерасты байлықтарын зерттеу, жаңа бекініс шебін салу үшін картографиялық зерттеулер жүргізу мақсатында жұмысқа алынды. П.И. Рычков өлкедегі орыс кеңсесінің бірден бір тірегіне айналды. Олардың барлығы да экспедициясы құрамында жүріп, қазақ даласын аралап, оны танудың ғылыми негіздерін қалады. Экспедиция құрылғанға дейін қазақтар арасында бір жылдан астам уақыт болған А.И. Тевкелев, кейінгі 1733-1743 жылдардағы бірінші академиялық экспедициялары, XVIII ғасырдың 30-40 жылдардағы ағылшын Рейнольд Хоуг, И. Ганвею, т.б. сапарлары орыс патшасының Азияға шығу үшін құрлық жолы, яғни қазақ елі арқылы өтуді негізгі мақсат етіп алғандығын дәлелдейді. Осы алғашқы қорытындымыз Орынбор Ғылыми мұрағаттық оmissиясының мүшелері А.И. Добросмыслов, А.Е. Алекторовтардың алдыңғы тарауларында аталған еңбектері арқылы айқындала түседі. Сонымен орыс мемлекеті жүргізген ғылыми зерттеулері арқылы жоспарлы қазақ елін отарлау саясатын жүзеге асырды.

- Екіншіден, XVIII ғасырдың II жартысынан бастап Қазақстанды тану Орынбор әкімшілігінің басты жұмыстарының біріне айналды. Ол Ресейдің қазақтардың ішкі істеріне араласуынан, Жайық бойына қорған, редут, форпосттарды толтыруынан, ғылыми зерттеулердің, түрлі елші, көпес, әскери

мамандардың жиі-жиі қазақ билеушілеріне жіберілуінен, солар арқылы халықтың орналасуы, оның құрамы, экономикалық жағдайы, ішкі-сыртқы қарым-қатынастары, табиғаты, географиясы, т.б. туралы мол мәліметтердің Орынбор кеңсесінде жинақталуымен көзге түсті. Оның жолында Орынбор губернаторлары И.И. Неплюев, А.Р. Давидов, Д.В. Волков, А.А. Путянин, И.А. Рейнсдроп, Симбирск және Уфа генерал-губарнаторлары И.В. Якоби, А.И. Апухтин, О.А. Игельстром, А.А. Пеутлинг, С.К. Вязмитинов, Орынбор әскери губернаторлары Н.Н. Бахметев, Г.С. Волконский, П.К. Эссен, Е.А. Головин, П.П. Сухтелен, В.А. Перовскийлер Ресейдің сыртқы істер, ішкі істер министрліктері және Азия департаменті басшылығымен бірлесе отыра еңбектенді. Барлық зерттеулерді бір Орталыққа жинақтаған Орыс Географиялық қоғамы құрылғанға дейін (1845 ж.) Орынбор өлкесінде 1768-1774 жылдары екінші Академиялық экспедиция, жүздеген ғалымдар, әскери мамандар Кіші, Орта жүздерді аралап, нәтижелерін жариялады. П.С. Паллас, И.Г. Георги, И.П. Фальк, И.П. Рычков, И. Сиверс, И.Г. Андреев, С.Г. Гмелин, Ф. Ефремов, М. Хұсайынов, полковник Бентам, Я.П. Гавердовский, Э.Н. Эверсман, Е.К. Мейендорф, А.И. Левшин, Г.С. Карелин, В.И. Даль т.б. еңбектері, жазбалары, күнделіктері Ресейдің Қазақстанды отарлау мүддесімен астасып, «тапсырма» бойынша дүниеге келгенімен зерттеушілер үшін ерекше маңызды. Олар Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы мүшелері А.Е. Алекторовтың, А.И. Добросмысловтың, В.В. Витевскийдің, А.В. Васильевтың, И.И. Крафтың, С.Н. Севастьяновтың, П.Н. Столпянскийдің, П.Л. Юдиннің, т.б. ғылыми ізденістерінде пайдаланылып, түрліше талқыға түсті.

Бұл кезеңде қазақ даласында алыс шетелдіктер де болды. Мәселен, швед ғалымы Эрик Лаксман 1764 жылы Шығыс Қазақстанда, 1791 жылы Сібірде болса, Христофор Барданесс «Қырғыз немесе қазақ хореографиясы» еңбектерін жариялаған. Сонымен бірге жоғарыда аталған ғалымдардың ізденістері ағылшын, француз, неміс тілдеріне аударылған. ХІХ ғасырдың І жартысында-ақ Берлинде, Парижде, Лондонда Е.К. Мейендорф, Ф.Гебель, К.Ф. Ледебург, Я. Потоцкий, Ю. де Гагемейстер, Г.П. Гельмерсен, А. Вамбери, Б. Залесский еңбектері басылған. Бұл зерттеулер кейін А.К. д'Оссон, Э. Картемер, Ж.П. Абель-Ремюза, А. Жарри де Манси, Генрих-Юлий Клапорт еңбектерімен толықты. Академик В.В. Бартольд пікірінше, «Саяси, коммерциялық немесе миссионерлік міндеттеріне қарамастан ХVІІІ ғасырдағы Шығысты аралаған европалықтар тек қана алдарына ғылыми мақсатты қойған» [349, с.40-42].

ХІХ ғасырдың І жартысына дейінгі зерттеушілер дүние жүзіндегі жаратылыстану ғылымдарындағы жетістіктерге сай Қазақстан мен Орта Азияны географиялық жағынан айтарлықтай табыстарға қол жеткізді. Бөкей Ордасы, Кіші, Орта жүздердің жер, су атаулары, олардың табиғаты, жер-қыртысындағы қазба байлықтар, өсімдік және жануар әлемі, т.б. күн санап толыға түсті. Бұларға қоса қазақтардың этнографиялық мәселелері де бірнеше басылымға жарияланды. Бір ғана неміс ғалымы А. Гумбольдт осы тұста 636-география, геология, археология, этнография, тарих, т.б. ғылым салаларынан еңбегін қалдырды. А. Гумбольдт (1769-1859) 1829 жылы Г. Роземен және

С. Эренбергтермен бірге Батыс және Оңтүстік-батыс Сібірге саяхат жасап, содан кейін Алтайға жоңғар және қазақ даласы арқылы Қытайға дейін барды. Содан Орынборға оралып, Астраханға келіп, Каспий теңізіне саяхат жасады. Оның еңбектері неміс, орыс тілдерінде жарық көріп, әлемге тарады. 1829 жылы-ақ «Сібір және Каспий теңізіне 1829 жылғы саяхат» атты еңбегі Санкт-Петербургте басылды. Сөйтіп, ол өз заманында-ақ жинақталған білімін Европаға, АҚШ-қа да жеткізді. Міне, осынша жинақталған білім мен ғылым Ресейдің Азияға енуін қамтамасыз етіп қана қоймады, сонымен бірге отарланушы өлкені, халқын тануға көмектесті. Осынша географиялық жаңалықтар легі Орыс Географиялық қоғамының құрылуына әкелді. Ал оның мақсаты атақты теңіз саяхатшысы Ф.П. Литкенің Ресей ішкі істер министрі Л.А. Перовскийге жолдаған хатында анық жазылды. Ф.П. Литке өз ойын «қоғамның басты мақсаты Отанымыз (Ресей – Ұ.А.) туралы толық әрі шынайы мәліметтерді жинап, Ресейге және өзге де елдерге тарту» деп түйіндеді. Бірақ қоғамның мақсаты мен міндеттері географиялық зерттеулермен шектелмеді. Олар ғылымның барлық салаларын қамтыды [71, с.80].

Ресейдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, Қазақстанды отарлаудың жалғасуы Орыс Географиялық қоғамының қызметінің аясының кеңеюіне әкелді. Содан 1867 жылы 17 шілдеде Сенат жарлығымен ИОГҚ-ның Орынбор бөлімшесі құрылды. Осы кеңеюде әскери мамандар белсенділік танытты. И.Ф. Бларамберг, К. Герн мен В. Васильев, Л. Мейер, т.б. зерттеулері жарық көрді. Міне, жоғарыда аталған мол құжаттар бұрынғы Орынбор генерал-губернаторлығы мұрағатында жинақталып, Ғылыми комиссияға дейін жетті.

- Үшіншіден, ИОГҚ-ның Орынбор бөлімі Қазақстанды ғылыми тануда жергілікті қазақтарға белгілі дәрежеде арқа сүйеді. Біздің есебімізше, ХІХ ғасырдың ІІ жартысында С.А. Жантөрин, А.Сейдалин, Т.Сейдалин, М.С. Бабажанов, И.А. Асатов, Ы. Алтынсарин, Б.Д. Дауылбаев, Б.К. Карпыков, У.К. Күнтеков, Н.М. Сабанбаев, С.Т. Тілемісов, М.Я. Яраспаев, Д.Б. Беркінбаев, А. Құланбаев, Б.Н. Наурызбаевтар бөлімге мүше болды. Алғашқы отырысында-ақ бөлім алдына Орынбор өлкесін зерттеу бағдарламасын бекітіп, география, этнография, жаратылыстану, тарих, статистика бағыттарын анықтап алды [350, 13 п.]. Бағдарлама бойынша қазақтардың тұрмыс салты, кәсібі, шаруашылығы, шекаралық шептегі халықтармен қатынасы басты назарға алынып, олардың отырықшылық өмірге бейімделуін анықтау жүктелді. Бөлімнің жалпы жиналысында 1868 жылы Ы. Алтынсариннің «Қазақтардағы үйлену тойы», «Орынбор өлкесіндегі қазақтардағы үйлену тойы және құда түсу дәстүрі туралы», «Орынбор өлкесіндегі қазақтардағы жерлеу және еске алу дәстүрі туралы», Тілеу Мұхамед Сейдалининің «Торғай өзені бойындағы егіншілік», т.б. талқыға түсті [350, 13, 20 пп.].

Бөлімнің этнографиялық зерттеулеріне әр өңірден арнайы сауалнама жүргізуге қазақтар көптеп тартылды. Ол арқылы қазақ руларының көші-қоны мекендері, орналасу деңгейлері, жергілікті ерекшеліктері анықталды.

Сонымен, Орыс Географиялық қоғамының Орынбор бөлімшесінің жұмысы Қазақстанның толықтай Ресей құрамына өтіп болуымен тұстас келеді. Ендігі

жағдайда бұрынғы әскери күшпен отарлау ғылыми жолмен ашық түрде жалғасын тапты. Бөлімше қызметі мен оның жүзеге асу жолдары патша үкіметі берген мүмкіндік пен билік, қаржылай қолдау аясында орындалып, отарлау саясатымен астасып жатты. Оның барлығы болашақ Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы қызметінде де айқын көрінді.

- Төртіншіден, XIX ғасырдың соңғы ширегінде патша үкіметі XVIII-XIX ғасырларда Орынбор генерал-губернаторлығы кеңсесінде жинақталған мол тарихи құжаттарды қалыптасқан тәжірибе бойынша жүйелеп, реттеуге шешім қабылдады. Осы мақсатта Ресейде 39 губерниялық комиссия құрылса, оның біреуі өз жұмысын 1887 жылы Орынборда бастады. Өзінің 30 жылдық қызметінде Комиссия жүз мыңдаған құжаттарды қайта саралап, басқару кезеңдерге сай мұрағаттық қорларға бөліп, істерді ретке келтірді, олардың маңызды дегендерін баспасөзге жариялады. В.Н. Витевский, А.И. Добросмыслов, А.Е. Алекторов, И.И. Крафт, т.б. Комиссия мүшелері Орынбор өлкесі туралы ғылыми еңбектерін көпшілікке жеткізді. Алдыңғы тарауларда аталған олардың еңбектері қазақ-орыс қатынасының күрделі кезеңдерін қамтып, Орынбор қаласының салынып, ол арқылы Қазақстанды отарлауды жүргізген Орынбор басшылары – И.К. Кириллов, И.И. Неплюев, О.А. Игельстром, П.К. Эссен, В.А. Перовский, т.б. саясаттары «жоғары мәдениет үлгісі» ретінде насихатталды. Комиссия мүшелері мұрағаттық құжаттарды реттеу барысында көптеген істерді жойып жібергендігін де атап өтуге тиіспіз. Мәселен, 1897 жылы қаралған 10986 істің жыл аяғында 8430-ы жойылып, сақтауға 2556-сы қалдырылғаны сол жылдары-ақ комиссия «Еңбектерінде» жазылған. Комиссия қызмет жасаған жылдары Торғай облыстық басқармасы кеңсесі, сұлтан-билеушілердің кеңсесі құжаттары Орынбор мұрағатына толықтай тапсырылмаса, бірнеше мыңдаған құжаттар бүлініп, жоғалып жатты. Ал қорған, форпосттардағы командирлер жинаған құнды құжаттар да дәл осындай жағдайға ұшырады. Комиссия басылымы «Еңбектерде» кей жылдары мұрағаттық құжаттардың қолды болғандығы, жеке тұлғаларға сатылғандығы да анық жазылған. Міне, осындай келеңсіздіктерге куә болған Д.Я. Самоквасов 3 тарауда жазылғандай, 1902 жылы «Ресейдегі мұрағат ісі» еңбегінде губерниялық Комиссиялар ғылымға қажетті материалдарды жоюда деп жар салды. Оның осы пікірі 1902 жылы 18 тамызда Харьков қаласында Археология институтының директоры төрағалағымен өткен Ресейдегі ғылыми мұрағаттық комиссияларының мәжілісінде арнайы талқыланды. Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы мәжіліс шешімін қолдай отыра, 1902 жылы 21 қыркүйекте Д.Я. Самоквасов еңбегін «еш негізсіз», «дәлелсіз» жазылған деп қорытқан. Ғалымның мұрағаттық құжаттардың жойылуын дәлелдеген пікірлерін патша бюрократиясы қабылдамады.

1914 жылы мамырда Санкт-Петербургте өткен Бүкілресейлік Мұрағаттық комиссиялар съезінде Орынбор комиссиясы мүшесі А.В. Попов, амалсыздан, Д.Я. Самоквасов сынын мойындады. Ол «соңғы 12 жыл ішінде жойылған жүз мыңдаған құжаттар ішінде Орта Азияны жаулап алуға, Бұхара мен Хиуаға қарсы әскери жорықтарға қатысты істер бар. Әсіресе башқұрт әскерлерін және

қазақ даласын сұлтандық басқару мұрағаттары жойылды» деп хабарлауға мәжбүр болды [52, с.27]. Мұның өзі Комиссия шенеуніктерінің істеріндегі ашық жауапсыздықты дәлелдейді. Бұл арада кей жағдайда отарлауды, оның барысындағы кейбір сорақылық пен озбырлықты айқындайтын деректерді жою тапсырмасы жоғарыдан болу мүмкіндігін де жоққа шығаруға да болмас. Електен сүзілген ғана құжаттар бүгінгі заманға жетті. Бұдан Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы да өзге Мұрағаттық комиссиялардай Ресей империясының мүддесіне сәйкес, оның Азия бағытындағы саясатын ақтайтын XVIII-XIX ғасырлардағы орыстың басқару жүйесіндегі кеңселердегі қорланған құжаттарды сараптады, реттеп сақтауға топтастырды, ал өзгелерін жойды деп қорытынды шығаруға болады. 2004 жылы Ресейдегі Губерниялық ғылыми мұрағаттық комиссиялардың 120 жылдығына арнаған мақаласында Б.М. Пудалев жоғарыдағы Комиссия әрекеттерін мойындай келе, сол заманда мұрағатты жасақтауда (мұрағаттық қорларды қалыптастыру) ГФМК-ы үшін басты принцип бұрыннан сақталған істерден небәрі 5-10% ғана сақтауға қалдыру болды. Осындай теориялық қағиданы қатаң ұстанған олар практикалық ісінде еш талқылаусыз, ойланбастан оны іс жүзіне асырды. Мәселен, Рязан ГФМК-сы 25 жылдық қызметі кезеңінде 223099 істі қарап, оның 15983 сақтауға қалдырған (не бәрі 7%), Тверь ГФМК-сы 70480 істі сұрыптап, 6278-ін мұрағатқа өткізген (не бәрі 9 %) – деген тоқтамға келді [351, с.334]. Қорыта келгенде Губерниялық комиссиялар патша үкіметінің нұсқауын орындап, империялық мақсат-міндеттердің ауқымымен қызмет жасады. Сондықтан да оны қатаң сақтаған Комиссия мұрағат ісіне комиссия мүшелері А.Б. Байтұрсыновты, Ғ.Б. Балғымбаевты, т.б. түркі тілдес халықтар өкілдерін қатыстырмады. Тарихи құжаттар патша өкіметінің қалауынша жүйеленді.

- Бесіншіден, мұрағаттық құжаттарды сұрыптап, реттеп, жинақтауға А.Б. Байтұрсынов, Ғ.Б. Балғымбаевтар қатыстырылмаса да, оның түрлі отырыстарынан, кітапхана мен мұражайынан мол мәліметтер алды. 1903 жылдан мүше болған Ғ.Б. Балғымбаев, 1912 жылдан мекеме мүшесі А.Б. Байтұрсынов үшін Орынбор Мұрағаттық комиссиясы жүздеген ғалымдар, әскерилер, шенеуніктермен кездесу, пікір таластыру алаңы болды. Ол турасында А.Б. Байтұрсынов 1914 жылы «Губернатордың өзгертілуі» деген мақаласында «Орынборға қуылмасам, Қарқаралыда тұрып осы істеп отырған ісімді істей алмас едім. Елу-алпыс балаға ғана арнап берген сабақтан алты миллион қазақты алаламай істеп отырған ісімді артығырақ көремін» деп елінің ертеңі үшін жасалынған қызметіне баға берді. Яғни, Орынбор қаласы, онда 1913 жылдан бастап жарық көрген «Қазақ» газеті қазақ зиялыларының мақсаты тоғысқан орталық ретінде есептелді. «Қазақ» газеті Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының басылымы «Еңбектермен» алмасты. «Еңбектерде» жарық көрген қазақтар өмірінен тарихи, оқу-ағарту, ғылыми, саяси, мәдени т.б. мәселелерге қатысты мақалалар А.Б. Байтұрсыновтың ізденістерінде пайдаға асты.

Комиссия мүшесі Ғ.Б. Балғымбаев та өзінің білімділігімен, алғырлығымен бала сауатын ашқан педагог ретінде ел алдында беделді болды. Орынбор қырғыз мұғалімдер мектебін бітіріп, 1886 жылы Қостанай қаласындағы 2

кластық училищесінде мұғалім көмекшісі ретінде ұстаздық қызметін бастаған ол, кейін училище меңгерушісі, Торғай облысының инспекторы, Қарабұтақ орыс-қырғыз училищесінің меңгерушісі, т.б. лауазымдарда еңбек етті. Біз үшін маңыздысы оның «Торғай газетінің» редакторы, Ғылыми мұрағаттық комиссиясы мүшесі ретінде атқарған еңбектері. Сол жылдары газет беттерінде жарияланған мақалаларды сараласақ, Ғ.Б. Балғымбаев Комиссия төрағасы А.В. Попов, мүшесі А.И. Добросмысловтарға кеңесші ретінде көзге түседі. Ал мұрағат құжаттарында олармен жазысқан хаттары сақталған. Мәселен, қазақтың халық ақыны Сейіт Ахметтің өлеңдер жинағын жинап, Комиссияға талқыға шығарған.

ОҒМК-ң 30 жылдан аса тарихында, сонымен қазақтардан мүше болғандығын анықтап отырмыз. Мұның өзі патша үкіметінің мемлекеттік маңызы бар мұрағаттық құжаттарды реттеу, жою істеріне «бұратана» халықтарды қатыстырмағанын дәлелдейді. Ал қазақтардан өзге Комиссия құрамында мүше болған татар ұлтының өкілдері – М.Ф.-Т. Каримов, М.З.М. Рамеев, М.Ф. Сүлейменовтер баспасөз, баспахана мәселелерімен шұғылданды.

- Алтыншыдан, 1887-1917 жылдар аралығында ОҒМК-сы мұрағат істерін қалыптастырумен қатар ғылыми ізденістермен шұғылданды. Комиссия «Еңбектерінің» 35 рет жарық көрген санында Қазақстан, Орта Азия тарихы, этнографиясы, археологиясы, географиясы, фольклоры туралы тың материалдар жарияланды. Комиссия басылымы «Еңбектер» құрамындағы өзгерістерді үнемі жариялаумен, есепті жылдарда көтерілген мәселелерді қамтумен, қарым қатынас жасайтын мекемелерді тізбектеп көрсетуімен өзге де деректерімен ерекше құнды. Комиссияда еңбек ете жүріп, В.Н. Витевский, А.И. Добросмыслов, И.И. Крафт, А.Е. Алекторов, И.А. Кастанье т.б. артына мол мұрағаттық құжаттарды, алғаш рет ғылыми айналымға қосқан еңбектерін қалдырды. Қазақтың ХVIII-XX ғасырлардағы тарихын жазуда сол дәуірдің отарлаушы елдің мұрағатының дерегімен жазылған ғылыми еңбек ретінде қазақ зерттеушілері үшін салыстырмалы әдіспен зерделеуге қажет-ақ.

- Жетіншіден, ОҒМК-сы қазақтар тарихына, оның әлеуметтік-экономикалық, саяси даму кезеңдерін қамтитын материалдар жинақтаған. Сол кезең үшін бай кітапхана мен мұражай ұйымдастырды. Кітапханада өзара алмасу нәтижесінде Санкт-Петербург, Москвадағы ғылыми мекемелердің, Ресейдегі өзге де Губерниялық Комиссиялардың, Орыс Географиялық қоғамының, оның бөлімшелерінің, статистикалық комитеттердің «Еңбектері», «Есептері», түрлі басылымдары жиналды. Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссияларының өзі «Еңбектерін» 1900 жылы 77 мекемеге, соның ішінде Болгарияға, Чехияға, Сербияға, Константинопольге жіберсе, 1912 жылы жіберілген мекеменің саны 102-ге артты. Осы жылы «Еңбек» Варшава университетіне, Вена антропология қоғамына, Австрияның Загреб қаласындағы археологиялық мұражайына, Будапешттегі газеттерге жетті. Осындай жолдармен қазақ елі туралы құнды материалдар әлемге таралды деуімізге болады. Мұрағат кітапханасында 1904 жылы 2578 атаумен түрлі кітаптар тіркелсе, 1914 жылы жаңадан 1179 дана жаңа кітап қабылданған.

Орынбор мұражайы да қазақ даласынан әкелінген құнды жәдігерлер сақталған Орталық ретінде белгілі болды. Мәселен, 1903 жылы мұражайға Торғай облысынан 2 балбал тас әкелінсе, 1906 жылдан бастап И.А. Кастаньенің археологиялық ізденістері қойылды. Мұражай комиссия мүшелерінің этнографиялық, археологиялық экспедицияларын, олардың есептеріне де назар аударды.

Мұрағаттық комиссия мүшелері Ресейдегі бұқаралық ақпараттық құралдармен тығыз қарым - қатынаста болып, Қазақстан және Орта Азия туралы ізденістерін жариялап отырды. Мәселен, «Торғай газетінде» А.И. Добросмысловтың, И.И. Крафтың, Л.А. Словохотовтың, Н.В. Ивановтың, И.А. Кастаньенің, А.А. Алекторовтың, А.Б. Байтұрсыновтың, Ғ.Б. Балғымбаевтың, П. Юдиннің, «Дала уалаяты газетінде» А.В. Васильевтің, А.Е. Алекторовтың, В.В. Радловтың, Ә. Диваевтың, «Астраханский листок» газетінде А.Е. Алекторовтың, «Русский вестникте» А. Ивановтың, «Русская старинада» П. Юдиннің, т.б. мақалалары көпшілікке тарады. Мұрағаттық деректерді пайдаланып, сол кезеңде зерттеулерін жариялаған - А.Е. Алекторов, В.Н. Витевский, С.Н. Севастьянов, А.В. Попов, А.И. Добросмыслов, И.И. Крафт, Л.А. Словохотовтар отарлаудың қазақ үшін «маңызын» ғылыми негіздеуді жүзеге асырды.

Сонымен қазақ тарихы жөніндегі ғылыми еңбектері кітапханалар мен мұражайларда, сирек кітаптар және қолжазбалар қорында жиналды, соған қоса орыс ғылыми басылымдары мен орыстың танымдық баспасөз беттері арқылы кең түрде насихатталды.

- Сегізіншіден, ОҒМК-сы патша үкіметі жүктеген тапсырманы толықтай орындап, өзінің мақсат-міндеттерін жүзеге асырды дей аламыз. Өйткені, Ғылыми комиссия арқылы Ресей Қазақстанды қарусыз, бейбіт түрде ғылыми тұрғыдан отарлауға көшті. Қазақтың бай тарихы бүкілресейлік мұрағаттық жүйеге келтіріліп, сұрыпталып, империялық көзқарасқа ыңғайластырылып, қарама-қайшы тұстары сызылып, жойылды. Ғылыми комиссия Орынбор қаласынан тарихи мұрағаттың негізін қалады.

Қорыта келгенде, Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы тарихы - халқымыздың жүріп өткен жолындағы күрделі кезеңдерді айқындайтын белестердің бірі. Бір жағынан оны патша үкіметі саясатымен құрылған мекеме ретінде, соның жоспарлы мақсатын жүзеге асырушы негізінде заңды түрде сынға алғанымызбен, екінші жағынан олар жирап, мұрағатқа түсірген мұраларды бүгінде молынан сыни тұрғыдан пайдаланып отырмыз. Бұл мұрағат құжаттарысыз өткен тарихымызды толыққанды жазу мүмкін емес. Сондықтан Комиссияның атқарған қызметтері біз үшін әрдайым маңызды болмақ.

Зерттеуімізді қорытындылай келе, болашақ ғылыми ізденістер үшін тікелей тақырыбымызға қатысты төмендегідей мәселелерді шешімін тапса деп ұсынамыз:

- Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының құжаттарын Қазақстан тарихы мен мәдениетіне қатысты «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жеке жинақ етіп шығару;

- Мұрағаттық комиссияда еңбек еткен мүшелерінің барлық жарияланған басылымдардағы еңбектерінің, мақалаларының библиографиялық көрсеткішін даярлау;

- Орынбор мұражайына тапсырылған және ол арқылы Ресейге, өзге шет елдерге тараған қазақ жәдігерлерінің тізбесін жасау;

- Орынбор мұрағаты жанындағы кітапханада жинақталған сирек қолжазбалар тізбесі анықталып, Қазақстанға көшірмесін алдыру;

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
- 2 Байтұрсынов А. Ақжол. Өлеңдер мен тәжірибелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы : Жалын, 1991.- 464 б.
- 3 Назарбаев Н.Ә. Ең асыл мұрат еңселі ел болу // Егемен Қазақстан. – 2009. – 16 желтоқсан.
- 4 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей (под общей редакцией академика М.К. Козыбаева). – Алматы: Санат, 1996. – 656 с.
- 5 Соловьев С.М. Чтения и рассказы по истории России / сост. и вступ. ст. С.С. Дмитриева; комм. С.С. Дмитриева и Л.П. Дойниковой; ил. В.В. Лукашова. – М.: Правда, 1990. – 768 с.
- 6 Маркс К., Энгельс Ф. Соч.- 2-е изд., - М.: Политиздат, 1961. – Т.12. – 710 с.
- 7 Хоскинг Дж. Россия: Народ и империя (1552-1917) // Пер. с англ. С.Н. Самуйлова . – Смоленск: Русич, 2000. – 512 с.
- 8 Тынышпаев М. История Казахского народа / составители и авторы предисловия проф. Такенов А.С. и Байғалиев Б. –Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993. – 224 с.
- 9 Досмұхамедұлы Х. Исатай-Махамбет. – Алматы: ССРО мәдениет қоры Қаз. бөлімі Қазақстан өлкетанушылар қоғамы, 1991. – 256 б.
- 10 Лачаева М.Ю., Рогожин Н.Н., Наумова Г.Р. Историография истории России до 1917 года.: учеб. для студ. высш. учеб. заведений: в 2 т. под. ред. М.Ю. Лачаевой. – М. : Гуманист. изд. центр Владос, 2004. - Т.2. – 383 с.
- 11 Тәкенов Ә. Тарихшы Ермұхан Бекмаханов // Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында: оқу құралы. –Алматы: Санат, 1994.–371 б.
- 12 Ленин В.И. Шығармалар толық жинағы: – Алматы: Қазақстан, 1983.- 13 т. – 517 б.
- 13 Алдамжар З.А. Тарих пайым мен тағылым. – Алматы: Арыс, 2002. – 288 б.
- 14 Есмағамбетов К. Әлем таныған тұлға (М. Шоқайдың дүниетанымы және қайраткерлік болмысы). – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – 504 б.
- 15 Шоқай М. Таңдамалы. - Алматы, 1998. – 1 т. – 512 б.
- 16 Назарбаева Г. Әбжанов Х. Қазақстан: тарих пен тағдыр. Мақалалар. – Алматы: Кітап баспасы, 2003. – 296 б.
- 17 Сағадиев К. А. Байтұрсынов и экономические взгляды лидеров Алашорды // Отан тарихы. – 1999. - № 3. – С. 29-33
- 18 Омарбеков Т. Тарих таптардың емес, адамдардың қызметі // Қазақ әдебиеті. – 1998. - 3 ақпан
- 19 Қозыбаев М. Өркениет және ұлт. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2001. – 369 б.
- 20 Ленин В.И. Шығармалар толық жинағы:– Алматы: Қазақстан, 1983. – 49 т. – 634 б.

- 21 Коломийцев В.Ф. Методология истории (От источника к исследованию). -М.: Российская политическая энциклопедия, 2001. – 191 с.
- 22 Дьяков В.А. Тарихтың бұрынғы және қазіргі әдістемесі // Тарих-адамзат ақыл ойының қазынасы: Он томдық. – Астана: Фолиант – 2006 -7 т.: Әлемдік тарихи ой. – 2006. – 504 б.
- 23 Февр Л. Тарих үшін тайталас // Тарих-адамзат ақыл ойының қазынасы: Он томдық. – Астана: Фолиант, 2006 – 9 т. Әлемдік тарихи ой. – 2006. – 608 б.
- 24 Поппер К. Тарихшылдық жұтандығы. – Алматы: Ғылым, 1997. – 152 б.
- 25 Зобов Ю.С. Историки Южного Урала: Вторая половина XIX - начало XX в.: учебное пособие. – Оренбург, 1991. – 128 с.
- 26 Алекторов А.Е. Народная литература киргизов // История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. Народные предания об исторических событиях и выдающихся людях казахской степи (XIX-XX в.) –Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – Т.9. – 493 с.
- 27 Алекторов А.Е. История Оренбургской губернии. – Оренбург: типография Б. Бреслина, 1883. – 128 с., Он же. Тургайская область. Естественные производительные силы, хозяйственная деятельность ее и народное образование (стат. Очерки). – Оренбург, 1891. – 91 с.
- 28 Крафт И.И. Сборник узаконений о киргизах Степных областей. – СПб.:
- 29 Витевский В.Н. И.И. Неплюев и Оренбургский край в прежнем составе до 1758г.: Историческая монография. – Казань: типо-литография В.М. Ключникова, 1889 - 1890. – Т. 1- 3. – 701 с.
- 30 Добросмыслов А.И. Тургайская область. Исторический очерк – Оренбург, 1900.- Т.1.- 303 с.; Т. 2. – 80 с.; Он же. Суд у киргизов Тургайской области. XVIII-XIX вв. Исторический очерк. – Казань: ПОИАК, 1904. – 105 с.
- 31 Словохотов П.С. Народный суд обычного права киргиз Малой Орды // Труды ОУАК.– Оренбург, Тургайская областная типо-литография, 1905. – Вып. 15. – 156 с.
- 32 Столпянский П.Н. Очерки по Оренбургской старине. – Оренбург, 1902. – 96 с. Он же. Оренбургский край. – Оренбург, 1903; Он же. Город Оренбург: Материалы к истории и типографии города. – Оренбург, 1908. – 399 с. Он же. Систематизация опись дел архива ОУАК Указатель делам касающимся Народного просвещения и промышленности Оренбургского края. / составитель П.Н. Столпянский. Оренбург – Уфа: Паровая типо – литография «Товарищества Каримов, Хусаинов и К°», 1909. – 515 с.
- 33 Рычков П.И. Топография Оренбургской губернии. – Уфа: Китап, 1999. – 312 с.; Он же. История Оренбургская (1730-1750гг.). – Оренбург, 1896. – 321 с.;
- 34 Сафонов Д.А. Очерки историографии Оренбургской истории. – Оренбург: Оренбургская губерния, 2005. – 364 с.
- 35 Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства. – СПб., 1865. – 288 с.
- 36 Мейер Л. Орынбор ведомствосындағы қазақ даласы. 2-бас. толық. – Астана: Алтын кітап, 2007. – 193 б. (Қазақ этнографиясының кітапханасы, 17 т.)

- 37 Бартольд В.В. Туземец о русском завоевании // Соч.: в 9т. – М.; Наука, 1964. – Т. 2,- ч.2. – С. 324-358
- 38 Сулейменов Б.С., Моисеев В.А. Востоковедные исследования в Казахстане. Некоторые вопросы истории и современное состояние. Информационный обзор. – Алма-Ата: Наука Казахской ССР, 1989. – 44 с.
- 39 Ресей Федерациясы Орынбор Облыстық Мемлекеттік Мұрағаты (РФ ОрОММ) 96 қ., 1 т., 39 іс.; 94 іс
- 40 Кастанье И.А. Древности Киргизской степи и Оренбургского края. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 511 с.
- 41 Есмағамбетов К.Л. Әлем таныған тұлға. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – 504 б.;
- 42 Есмағамбетов К.Л., Исахан Ғ. Гайак қаласында туып, қазақ даласын кезген француз // Егемен Қазақстан. – 2005. – 26 қаңтар
- 43 Радлов В.В. Этнографический обзор тюркских племен Южной Сибири и Монголии. – СПб., 1888; Соныкі. Древнее тюркские надписи Монголии. – СПб., 1894-1895.
- 44 Иванов Н.Г. О задачах деятельности и общественном значении ученых архивных комиссий // Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. - 1897. – Вып. 2. – 65 с.; Шукшинцев И.С. Десятилетие Оренбургской Ученой Архивной Комиссии (9 декабря 1887-1897г.) // Оренбургской листок. - 1898.- № 1, 2, 3, 4, 6; Гра А.П. Очерк деятельности Архивной комиссии за 1888-1913гг. // Труды ОУАК. - 1914. – Вып. 30. – 227 с.
- 45 Лаппо-Данилевский А.С. Доклад о деятельности некоторых губернских ученых архивных комиссии по их отчетам за 1903-1907гг. // Известия императорской Академии наук. - СПб., 1908. – С. 25-37; Самоквасов Д.Я. Архивное дело в России. – М., 1902. – Кн.1. – 131с.; – М., 1902. –Кн. 2. – 182 с.
- 46 Шукшинцев И.С. Десятилетие Оренбургской Ученой Архивной Комиссии (9 декабря 1887-1897). – Оренбург: Типо-литография Ив. Ев. Евфимовского – Мировицкого, 1897. – 8 с.
- 47 Самоквасов Д.Я. Архивное дело в России. – М., 1902. – Т. 1. – 131 с.
- 48 Отзыв Оренбургской Ученой Архивной Комиссии о книге проф. Д.Я. Самоквасова «Архивное дело в России». Издание Оренб. уч. Арх. комиссии. – Оренбург: Типография М.-Ф.Г. Каримова, 1902. – 22 с.
- 49 Самощенко В.Н. Д.Я. Самоквасов как историк - архивист // Историография и источниковедение архивного дела в СССР. – Москва, 1989. - 215 с.
- 50 Мазин К.А. Монография Д.Я. Самоквасова «Архивное дело в России» как исторический источник // Архивы СССР. История и современность. – М., 1989. – 163 с.
- 51 Маяковский И.Л. Исторический очерк архивного дела в России. - Пг.,:2-я Гостинная типография, 1920. – Т. 2. – 162 с.
- 52 Назин И.С. Из истории архивного дело в дореволюционной России // Архивное дело. – 1936. - № 39. – С. 26-37
- 53 Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты (ҚРОММ) 693 қ.,1 т., 1 іс.

- 54 Диваев Ә. Тарту. – Алматы: Ана тілі, 1992. - 256 б.
- 55 Сербаринов Г.А. Исатай Тайманов. Очерк народного движения в Букеевской орде в 1837 -1838 гг. – Оренбург, 1925. – 98 с.
- 56 Чулошников А. Очерки по истории казах - киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. – Оренбург, 1924. - 294 с.
- 57 Байтұрсынов А. Ақжол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.; Шонанұлы Т. Жер тағдыры – ел тағдыры. –Алматы: Санат, 1995. – 224 б.
- 58 Рязанов А.Ф. Отголоски Пугачевского восстания в Киргиз-Кайсацкой Малой Орде // Советская Киргизия. - 1924. - №10. – С. 94-113; Он же. Батыр Срым Датов // Советская Киргизия. - 1924. - №10. – С. 94-113.; Он же. Сорок лет борьбы за национальную независимость казахского народа (1797-1838гг.). - Кызыл-Орда, 1926. – 152 с.; Досмұхамедов Х. Аламан. – Алматы: Өлке, 1991. – 256 б.; Соныкі. Исатай-Махамбет. – Алматы: ССРО мәдениет қоры Қаз. бөлімі Қазақстан өлкетанушылар қоғамы, 1991. – 256 б.; Прошлое Казахстана в источниках и материалах / Под редакции проф. Асфендиярова С.Д. и проф. Кунте П.А. 2-е изд. – Алматы, 1997. – 383 с.
- 59 Дулатова Д.И. Историография дореволюционного Казахстана (1861-1917гг.). – Алма-Ата: Наука, 1984. – 272 с.
- 60 Бекмаханов Е.Б. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында (Оқу құралы). – Алматы: Санат, 1994. – 416 б.; Вяткин М.П. Батыр Срым. – М.,-Л.,: Издательство Академии наук СССР, 1947. – 390 с.; Аполлова Н.Г. Присоединение Казахстана к России в 30-х годах ХVІІІ века. - Алма-Ата: Изд. АН Каз.ССР, 1948. – 256 с. ; Её же. Экономические и политические связи Казахстана с Россией в ХVІІІ - начале ХІХ в. – М., 1960. – 456 с. ; Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины ХІХ века. - Алма-Ата: Академии наук Казахской ССР, 1958. – 294 с.; Он же. Политический строй Казахстане конца ХVІІІ и первой половины ХІХ веков. - Алма-Ата: Академии наук Казахской ССР, 1960. – 294 с.
- 61 Бекмаханов Е.Б. Жеті томдық шығармалар жинағы. (ХІХғ. 20-40жж. Қазақстан). – Павлодар: ЭКО ГӨФ, 2005. – 2.т. – 427 с.
- 62 Бржостовская Н.В. Деятельность губернских ученых архивных комиссии в области архивного дела. 1884-1917гг.: дисс... . канд.ист. наук. – М., 1951. – 180 с.
- 63 Масанов Э.А. Очерк истории этнографического изучения казахского народа СССР. 2 изд. Доп. – Астана: Алтын кітап, 2007. – 549 с.
- 64 Басин В.Я. Россия и казахские ханства в ХVІ - ХVІІІ вв. (Казахстан в системе внешней политики Российской империи). – Алма-Ата, 1971. - с.; Сулейменов Б.С. Аграрный вопрос в Казахстане последний трети ХІХ - начала ХХв. (1867-1917гг.). - Алма-Ата: Изд. АН КазССР, 1963. – 411 с.; Сулейменов Б.С., Басин В.Я. Казахстан в составе России в ХVІІІ - начале ХХ века. – Алма-Ата: Наука, 1981.–247 с.; Шалекенов У.Х. Казахи низовьев Амударьи. К истории взаимоотношения народов Каракалпакии в ХVІІІ-ХХ вв. – Ташкент: «Фан», 1966. – 328 с.; Сабырханов А. Қазақстан мен Россияның ХVІІІ ғасырдағы қарым - қатынасы. – Алматы, 1970. – 230 б.; Галузо П.Г. Аграрные

отношения на юге Казахстана в 1867-1914 гг. – Алма-Ата: Наука, 1965. – 345 с.; Михалёва Г.А. Торговые и посольские связи России со среднеазиатскими ханствами через Оренбург. 2-е половина XVIII – 1-я половина XIX вв. – Ташкент, 1982. – 92 с.; Халфин Н.А. Россия и ханства Средней Азии. – М.: Наука, 1974. – 399 с.

65 Пирогова Е.П. Деятельность Оренбургской ученой архивной комиссии // Историография общественной мысли дореволюционного Урала. – Свердловск, 1988. – С. 69-76; Зобов Ю.С. Оренбургская ученая архивная комиссия // Восьмые Бирюковские чтения. – Челябинск, 1988. – С.142-144.; Он же. Роль Оренбургской ученой архивной комиссии в становлении исторического краеведения на южной Урале // Вторая Всесоюзная конференция по историческому краеведению. – Пенза, 1989. – С.80-81.

66 Макарихин В.П. Губернские ученые архивные комиссии и их роль в развитии общественно-исторической мысли России конца XIX - начала XX вв.: дис... . док. истор. наук.: 07.00.09. – Нижний Новгород, 1991. – 337 с.; Он же. Губернские ученые архивные комиссии и их роль общественно-исторической мысли России // Истории СССР.- 1989.- №1.- С. 160-170.; Он же. Губернские ученые архивные комиссии России. – Горький, 1991.-186 с.; Он же. Научные и общественные связи ГУАК Поволжья // Российский исторический журнал. Академия истории и политологии. – 1998. – С.

67 Макарихин В.П. Губернские ученые архивные комиссии России. – Нижний Новгород: Волго - Вятское книжное издат., 1991. – 186 с.

68 Зобов Ю.С. Научное изучение Оренбургского края в дореволюционное время (1773-1917 гг.) // Исследователи Оренбургского края. Указатель литературы / сост. Березина Б.Г. – Оренбург, 1980. – 36 с.; Соники, Оренбургская УАК (Из истории становления исторического краеведения на южном Урале) // Восьмые Бирюковские чтения. – Челябинск, 1988. – С. 142-144

69 Ахметова С. Развитие исторического краеведение в Советском Казахстане (1917-1932гг.). – Алма-Ата, 1982. – 115 с.

70 Валиханов Е.Ж. Деятельность русского географического общества по изучению экономического и общественного положения казахского народа на рубеже XIX-XX вв. – Алма-Ата, 1990. – 212 с.

71 Хабижанова Г.Б., Валиханов Е.Ж., Кривков А.Л. Русская демократическая интеллигенция в Казахстане (Вторая половина XIX - начало XX в.). – М.: Русская книга, 2003. – 288 с.

72 Абилов К.А., Аханов Ж.А. Из истории деятельности научных учреждений по изучению Казахстана XIX - начало XX в. – Алма-Ата: Ылым, 1990. – 67 с.

73 Есенгараев Е.Ж. Научные общество и их роль в исторической науке России конца XIX - начала XX веков (На материалах деятельности исторических обществ при Московском и Петербургского университетах). автореф. ... канд. истор. наук.: 07.00.09. – М., 1991. – 20 с.;

74 Дулатова Д.И. Развитие исторической мысли в трудах русскоязычных авторов Казахстана начале XX века // Вестник Академии Гуманитарных наук. 1998. - №1.-С. 50-55; Есмағамбетов К.Л. Что писали о нас на Западе. – Алма-

Ата: Қазақ Университеті, 1992. – 152 с.; Он же. Зарубежная историография истории Казахстана (с древнейших времен до начала 90-х гг. XX в.). - Алма-Ата: Рауан, 1990. – 136 с.; Галиев В.З. Библиотечное дело в Казахстане (вторая половина XIX - начало XX веков). – Алматы, 1998. – 140 с.; Он же. Казахстан на страницах дореволюционной печати: Сибирская газета, Тургайская газета. -Алматы, 2001. – 185 с.; Атабаев Қ. Мерзімді басылым - XX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихының дерегі ретінде. – Алматы: Қазақ университеті, 1998. – 192 б.; Нұрғалиева Л.Р. Тарих және баспасөз. 1917-1937 жылдардағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері баспасөзде: тарихнамалық зерттеу. –Алматы: Қазақпарат, 2000. – 100 б.

75 Атабаев Қ. Мерзімді басылым - XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихының дерегі ретінде. – Алматы: Қазақ университеті, 1998. – 192 б.

76 Исмаилов А.И. Страницы русских исследователей в Казахстане (XIX – начало XX вв.). – Алматы, 2004. – 240 с.

77 Сыздыкова Е.С. Российские военные и Казахстан: (Вопросы социально – политической и экономической истории Казахстана XVIII – XIX вв. в трудах офицеров Генерального штаба России). – М., 2005. – 246 с.

78 Тулбасиева С.Қ. М. Тынышбаевтың ғылымға келген жолы және шығармашылық мұрасы.: тар. ғыл. канд. ... автореф.: 07.00.02. – Алматы, 2004. – 30 б.; Байтапаев Б.А. Историко-краеведческая деятельность А.А. Диваева.: автореф. ... канд. истор. наук.: 07.00.02. – Алматы, 1993. – 25 с.; Сұлтанғазы Г.Ж. Общественно - политическая деятельность А. Беремжанова.: автореф. ... канд. истор. наук.: 07.00.02. – Алматы, 2002. – 33 с.; Ахметов С.А. Х. Досмұхамедұлының өмірі мен қоғамдық-саяси және ағартушылық қызметі (1883-1939 жж.): тар. ғыл. канд. ... автореф.: 07.00.02. – Алматы, 2005. – 30 б.; Идресова Ү.Х. Бақытжан Қаратаевтың қоғамдық-саяси қызметі (1860-1934 жж.): тар. ғыл. канд. ... автореф.: 07.00.02. – Атырау, 2007. – 24 б.

79 Есеналина Ж.С. Взаимодействие научных обществ Западного Казахстана и Волго-Уральского региона во второй половине XIX - 30-е годы XX веков.: автореф. ... канд. истор. наук.: 07.00.02. – Уральск, 2006. – 26 с.

80 Ильясова А.С. Деятельность Западно - Сибирского отдела РГО по изучению Северо – Восточного Казахстана в перв. половине XIX - начале XX вв.: дис... канд. истор. наук.: 07.00.09. – Алматы, 2006. – 163 с.

81 Шотанова Г. Материалы астарханских научных обществ и учреждений как источник по истории Казахстана (II половина XIX в. - 1917 г.): автореф. ... канд. истор. наук.: 07.00.09. – Алматы, 2007. – 25 с.

82 Толстов В.А. Рязанская губернская ученая архивная комиссия: история создания, труды и коллекции.: автореф. ... канд. истор. наук.: 07.00.02. – Саратов, 2003. – 23 с.

83 Захарова Т.А. Саратовская губернская ученая архивная комиссия в 1886-1920 годах.: дис... канд. истор. наук.: 07.00.02. – Пенза, 2003. – 199 с.

84 Хасанов Э.Р. Историческое краеведение на южном Урале (вторая половина XIX - начало XX вв.): автореф. ... канд. истор. наук.: 07.00.02. – Оренбург, 2002. – 22 с.

- 85 Сафонов Д.А. Периодика Оренбургского края. Первые сто лет.- Оренбург: Оренбургская губерния, 2004. – Вып. 1. – 504 с.
- 86 Евгеньев А.А. Оренбургская археология с XVIII в. до конца 70-х гг. XX в.: автореф. ... канд. истор. наук.: 07.00.06. – Казань, 2008. – 20 с.
- 87 Минеева И.М. История археологических исследований в музеях Южного Урала.: дис... канд. истор. наук.: 07.00.06. - Уфа, 2001. – 206 с.
- 88 Удербаета С.К. «Труды» Оренбургской ученой архивной комиссии как источник по истории Казахстана (период деятельности 1887-1917 гг.): дис... канд. истор. наук.: 07.00.09. – Алматы, 2010. – 164 с.
- 89 Ресей Федерациясы Орынбор облыстық мемлекеттік мұрағаты (РФ ОрОММ) 96 қ., 1 т., 94 іс.
- 90 Ходалковский Н.И. Новая хронология и проблемы фондирования архивов // newchrono.ru./prev/Hodak.htm. 05.01.2010. – 19 с.
- 91 ҚРОММ 25 қ., 5 т., 521 іс.
- 92 ҚРОММ 27 қ., 1 т., 205 іс.
- 93 ҚРОММ 27 қ., 1 т., 214 іс.
- 94 ҚРОММ 44 қ., 1 т., 3а іс.
- 95 ҚРОММ 430 қ., 1 т., 2 іс.
- 96 ҚРОММ 822 қ., 1 т., 12 іс.
- 97 ҚРОММ 458 қ., 1 т., 82 іс.
- 98 Қазақстан Республикасы Президенттік мұрағаты (ҚРПМ) 708 қ., 1 т., 124 іс.
- 99 ҚРПМ 708 қ., 1 т., 604 іс.
- 100 ҚРПМ 719 қ., 1 т., 67 іс.
- 101 ҚРПМ 813 қ., 1 т., 27 іс.
- 102 РФ ОрОММ 96 қ., 1 т., 1 іс.
- 103 РФ ОрОММ 96 қ., 1 т., 3 іс.
- 104 РФ ОрОММ 96 қ., 1 т., 51 іс.
- 105 РФ ОрОММ 96 қ., 1 т., 80 іс.
- 106 РФ ОрОММ 96 қ., 1 т., 135 іс.
- 107 РФ ОрОММ 10 қ., 2 т., 242 іс.
- 108 РФ ОрОММ 10 қ., 3 т., 409 іс.
- 109 РФ ОрОММ 10 қ., 1 т., 59 іс.
- 110 РФ ОрОММ 167 қ., 1 т., 30 іс.
- 111 РФ ОрОММ 167 қ., 1 т., 32 іс.
- 112 РФ ОрОММ 168 қ., 1 т., 31 іс.
- 113 РФ ОрОММ 168 қ., 1 т., 44 іс.
- 114 РФ ОрОММ 169 қ., 1 т., 35 іс.
- 115 РФ ОрОММ 11 қ., 7 т., 646 іс.
- 116 РФ ОрОММ 214 қ., 1 т., 47 іс.
- 117 РФ ОрОММ 21 қ., 9 т., 4 іс.
- 118 РФ ОрОММ 94 қ., 1 т., 107 іс.
- 119 РФ ОрОММ 94 қ., 1 т., 88 іс.
- 120 РФ ОрОММ 95 қ., 1 т., 13 іс.
- 121 РФ ОрОММ 73 қ., 1 т., 359 іс.

- 122 РФ ОрОММ 73 қ., 1 т., 196 іс.
- 123 РФ ОрОММ 164 қ., 1 т., 139 іс.
- 124 РФ ОрОММ 169 қ., 1 т., 7 іс.
- 125 РФ ОрОММ 166 қ., 1 т., 3 іс.
- 126 Ресей Федерациясы Астрахан облыстық мемлекеттік мұрағаты (РФ АОММ) 857 қ., 1 т., 11 іс.
- 127 РФ АОММ 857 қ., 1 т., 5 іс.
- 128 РФ АОММ 627 қ., 1 т., 13, 19, 20 іс.
- 129 Ресей Федерациясы мемлекеттік мұрағаты (РФММ) 99 қ., 1 т., 36 іс.
- 130 РФММ 99 қ., 1 т., 73 іс.
- 131 РФММ 99 қ., 1 т., 48 іс.
- 132 РФММ 581 қ., 1 т., 51 іс.
- 133 РФММ 581 қ., 1 т., 26 іс.
- 134 РФММ 730 қ., 1 т., 29 іс.
- 135 РФММ 1318 қ., 11 т., 12 іс.
- 136 РФММ 1701 қ., 1 т., 6 іс.
- 137 Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты (БҚОММ) 564 қ., 1 т., 14 іс.
- 138 БҚОММ 1588 қ., 1 т., 5 іс.
- 139 Труды ОУАК. – Оренбург, 1905. – Вып. 14. – 220 с.
- 140 ОУАК. Отчет и протоколы заседания за 1908 г.– Оренбург, :Скоропечатная, 1909. – 74 с.
- 141 Отчеты и протоколы его императорского Высочества Великого князя Георгия Михайловича «ОУАК за 1914-1915 гг.» - Оренбург. – 163 с.
- 142 Труды ОУАК. – Оренбург: Типография Тургайского областного управления, 1917. – Вып. 35. – 252 с.
- 143 Галиев В.З. Казахстан на страницах дореволюционной печати (« Сибирская газета», « Тургайская газета»). – Алматы: Национальная библиотека РК, 2000. – 185 с.
- 144 Васильев А.В. Тургайские областные ведомости и Тургайская газета //Труды ОУАК. – Выпуск. 12. – Оренбург, 1903. – С.107-119.
- 145 Дала уалаятының газеті. 1899-1902 / құрастырушы Ү. Субханбердина.– Алматы: Ғылым, 1992. – 656 б.
- 146 Царская колонизация в Казахстане (По материалам русской периодической печати XIX века). – Алматы: Рауан, 1995. – 368 с.
- 147 Алекторов А.Е. Букварь для киргизов // Астраханский листок. - 1892. - 18 ноября. - № 250. – 4 с.; Он же. Внутренняя Букеевская Орда // Астраханский листок. - 1892. – 18 ноября. - № 250. – 4 с.; Он же. Русско-киргизская школа // Астраханский вестник. – 1893. - № 1227; Он же. Народная литература киргизов // Астраханский листок. - 1893. - № 1776
- 148 Экспедиция 1825-1826гг. Ее история и научные результаты (Вводные статьи) / Под. ред. Яншин А.Л. - М.: - Академии Наук СССР, 1963. – 325 с.
- 149 Материалы по истории Казахской ССР (1785-1828 гг) – Москва – Ленинград: Изд.-АН СССР, 1940. – Т.IV. – 543 с.

- 150 Материалы по истории Казахской ССР (1741-1751). – Алма-Ата: АН СССР, 1948. – Т. II, ч. II. – 457 с.
- 151 Казахско-русские отношения в XVI- XVIII веках (Сборник документов и материалов). – Алма-Ата: АН СССР, 1961. – 739 с.
- 152 Казахско-русские отношения в XVIII- XIX вв. (1771-1867гг): сборник документов и материалов. – Алма-Ата: Наука, 1964. – 570 с.
- 153 История Букеевского ханства. 1801-1852 гг.: сб. документов и материалов / Сост. Б. Жанаев, В.А. Иночкин, С.Х. Сагнаева. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 1120 с.
- 154 История Казахстана в русских источниках. Посольские материалы русского государства (XV-XVII вв.). – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – Т. 1. – 700 с.
- 155 История Казахстана в русских источниках. Народные предания об исторических событиях и выдающихся людях казахской степи (XIX-XX вв.) – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – Т.9. – 500 с.
- 156 Присоединение Казахстана и Средней Азии к России (XVIII- XIX века) Документы / Автор – составитель Н.Е. Бекмаханова. – М., 2008. – 426 с.
- 157 Народно - освободительное движение казахов в 1836-1838 годах. – Алма -Ата: Ғылым, 1992. – 208 с., Исатай-Махамбет. 1801-1848. Документы. – Алматы: Арна, 2003. – 448 с.; Казачьи войска Азиатской России в XVIII - начале XX века (Астраханское, Оренбургское, Сибирское, Семиреченское, Уральское). Сборник документов / сост. Н.Е.Бекмаханова. – М., 2000. – 430 с.
- 158 Каппелер А. Россия – многонациональная империя. – М.: Традиция – Прогресс-Традиция, 2000. – 344 с.
- 159 Ерофеева И.В. Служебные и исследовательские материалы российского дипломата А.И. Тевкелева по истории и этнографии казахской степи (1731-1759 гг.) // История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. Журналы и служебные записки дипломата А.И. Тевкелева по истории и этнографии Казахстана (1731-1759 гг.). – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – Т. 3. – 481 с.
- 160 Губернаторы Оренбургского края. – Оренбург: Оренбургское книжное издательство, 1999. – 400 с.
- 161 РФ ОрОММ 1 қ., 1 т., 1-3 іс.
- 162 РФ ОрОММ 2 қ., 1 т., 1-4 іс.
- 163 Асаинов М., Семенюк Г.И. XVI-XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанды зерттеу тарихынан. – Алматы, 1970. – 99 б.
- 164 РФ ОрОММ 3 қ., 1 т., 15 іс.
- 165 Кэстль Джон. 1736 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайырға барып қайтқан сапары туралы. – Алматы: Атамұра, 1996. – 96 б.
- 166 РФ ОрОММ 1 қ., 1 т., 5 іс.
- 167 Прошлое Казахстана в источниках и материалах / под ред. проф. Асфендиярова С.Д. и проф. Кунте П.А. – 2-е изд. –Алматы: Қазақстан, 1997. сб. 1: – 383 с.
- 168 Рычков П.И., Рычков Н.П. Капитан жазбалары (Ауд. Шәймерденов Р.). -Алматы: Ана тілі, 1995. – 104 б.
- 169 РФ ОрОММ 3 қ., 1 т., 114 іс.

- 170 Георги И.Г. Описание всех в Российском государстве обитающих народов// В 3-х частях. – СПб., 1776-1777. – ч. 2
- 171 Сиверс И. Письма из Сибири, Фальк И.П. Описание всех национальностей России / пер. с нем. – Алматы: Ғылым, 1999. -136 с. (Фонд Сорос - Казахстан)
- 172 ҚРОММ 4 қ., 1 т., 1095 іс.
- 173 Андреев И.Г. Описание Средней Орды киргиз-кайсков. – Алматы, 1998. - 280 с.
- 174 Потанин Г.Н. О рукописи капитана Андреева о Средней киргизской Орде, писанной в 1785 г. // Известия Русского географического общества, – СПб., 1875. Т. 11, - Вып. 2.
- 175 Странствование в киргизской степи, Бухаре, Хиве, Персии и Индии. – СПб., 1786.
- 176 ҚРОММ 4 қ., 1 т., 1223 іс.
- 177 РФ ОрОММ 5 қ., 1 т., 29 іс.
- 178 РФ ОрОММ 6 қ., 10 т., 278 іс.
- 179 РФ ОрОММ 6 қ., 10 т., 205 іс.
- 180 РФ ОрОММ 4 қ., 2 т., 277, 278 іс.
- 181 История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. V том. Первые историко-этнографические описания казахских земель. Первая половина XIX века. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 613 с.
- 182 Водопьянов В. Неудавшееся посольство в Бухару поручика Гавердовского в 1803 году // Труды ОУАК. – Оренбург: Типо-литография Губернского Правления, 1897. – Вып. 3. – С. 1-23
- 183 Васильев А. Путешествие доктора Эверсмана в Бухару // Труды ОУАК. – Оренбург, 1905. – Вып. 14. – С. 200-210
- 184 Мейендорф Е.К. Путешествие из Оренбурга в Бухару / Предисловие Н.А. Халфина. – М.: Наука, 1975. – 181 с.
- 185 РМТМ 1291 қ., 81 т., 112 іс; Ахметова Ұ.Т. Арынғазы хан (1786-1833). Ақтөбе: А-Полиграфия, 2004. – 168 б.
- 186 Неизвестный Владимир Иванович Даль. – Оренбург: Оренбургское книжное издательство, 2002. – 480 с.
- 187 РФ ОрОММ 6 қ., 6 т., 2 - бөлім, 13394, 14140 іс.
- 188 РФ ОрОММ 166 қ., 1 т., 3, 4, 8 істер.
- 189 ҚРОММ 4 қ., 1 т., 318 іс.
- 190 Юдин П. Григорий Федорович Генс, первый директор Оренбургского Неплюевского кадетского корпуса // Русская старина. – 1899. - №8. - С. 363-373; Севастьянов С.Н. Григорий Федорович Генс // Труды ОУАК. Оренбург, 1908. - Вып. 19. – С.158-167, 168-182 (с описью рукописей Г.Ф.Генса, выполненной А. Поповым – С. 168-182)
- 191 Герн К., Васильев В. Военно-статистическое обозрение Российской империи: Оренбургская губерния. – СПб., 1848.

192 Бларамберг И.Ф. Военно-статистическое образование земли киргиз-кайсаков Внутренней орды и Зауральской (Малой) орды Оренбургского ведомства. - СПб., 1843. – ч.3. – 30 с.

193 Васильев А.В. Исторический очерк русского образования в Тургайской области и современное его состояние. – Оренбург: Издание Тургайского областного статистического комитета, 1896. – 226 с.

194 РФММ 99 к., 1 т., 1 ис.

195 РФММ 99 к., 1 т., 70 ис.

196 ҚРОММ 25 к., 2 т., 35 ис.

197 ҚРОММ 25 к., 2 т., 34 ис.

198 РФ ОрОММ 96 к., 1 т., 13 ис.

199 РФ ОрОММ 96 к., 1 т., 69 ис.

200 РФ ОрОММ 96 к., 2 т., 45 ис.

201 Пирогова Е.П. Деятельность Оренбургской ученой архивной комиссии // Историография общественной мысли дореволюционного Урала. – Свердловск, 1988. – С. 69-76

202 РФ ОрОММ 95 к., 1 т., 5 ис.

203 РФ ОрОММ 96 к., 1 т., 4 ис.

204 Мұрағат деректері – халық қазынасы. – Алматы: Асем-Систем, 2004. – 274 б.

205 РФ ОрОММ 96 к., 2 т., 47 ис.

206 РФ ОрОММ 96 к., 1 т., 6 ис.

207 РФ ОрОММ 96 к., 1 т., 7 ис.

208 РФ ОрОММ 96 к., 2 т., 6 ис.

209 РФ ОрОММ 96 к., 1 т., 8 ис.

210 РФ ОрОММ 96 к., 1 т., 5 ис.

211 РФ ОрОММ 96 к., 1 т., 10 ис.

212 РФ ОрОММ 96 к., 2 т., 17 ис.

213 Труды Оренбургской Ученой Архивной комиссии (ОУАК). - Оренбург, 1897. – Вып. 2. – 65 с. + 9с.

214 РФ ОрОММ 96 к., 1 т., 11 ис.

215 РФ ОрОММ 96 к., 1 т., 20 ис.

216 РФ ОрОММ 96 к., 1 т., 18 ис.

217 Архивная ученая Комиссия (Оренбургская) Труды. – Оренбург, 1898. – Вып. 4. – 120 с.

218 РФ ОрОММ 96 к., 2 т., 23 ис.

219 РФ ОрОММ 96 к., 1 т., 29 ис.

220 РФ ОрОММ 96 к., 1 т., 30 ис.

221 Оренбургская ученая архивная комиссия // Вестник Археологии и истории. – 1901. – Вып. 14. – 354 с.

222 РФ ОрОММ 96 к., 1 т., 34 ис.

223 РФ ОрОММ 214 к., 1 т., 9 ис.

224 РФ ОрОММ 214 к., 1 т., 47 ис.

225 РФ ОрОММ 96 к., 1 т., 41 ис.

226 РФ ОрОММ 96 к., 1 т., 49 ис.

- 227 Отзыв Оренбургской Ученой Архивной Комиссии. – Оренбург: типография М.-Ф. Каримова, 1902. – 22 с.
- 228 РФ ОрОММ 96 к., 1 т., 45 ис.
- 229 РФ ОрОММ 96 к., 1 т., 55 ис.
- 230 Соколов Д.Н. О Башкирских тамгах // Труды ОУАК. – Оренбург: Типо-литография Н.А. Порхунова, 1904. – Вып. 13. – 90 с.
- 231 РФ ОрОММ 96 к., 1 т., 70 ис.
- 232 Систематическая опись дел архива Оренбургской Ученой Архивной комиссии. Указатель делам, касающимся народного просвещения и промышленности Оренбургского края / составитель П.Н. Столпянский // Труды ОУАК. – Оренбург: Паровая типо-литография Товарищество Каримов, Хусаинов и К°. – Уфа, 1909. – Вып. 20. – 232 с.
- 233 Отчет о деятельности и состоянии Оренбургской Ученой Архивной комиссии за 1910 год // Труды ОУАК. – Оренбург: Типография Тургайского областного правления, 1911. – Вып. 25. – 249 с.
- 234 Отчет о составе и деятельности за 1911 год // Труды ОУАК. – Оренбург: Типография Каримов, Хусаинов и К°, 1913. – Вып. 29. – 239 с.
- 235 Отчет о составе и деятельности за 1912 годы // Труды ОУАК. – Оренбург: Типография Каримов и Хусаинов и К°, 1913. – Вып. 29. – 239 с.
- 236 Юбилейное заседание 12 мая 1913 года по случаю 25 - летия со дня основания Оренбургской Ученой Архивной комиссии // Труды ОУАК. – Оренбург: Электро – типография Тургайского областного правления, 1914. – Вып. 30. – 227 с.
- 237 РФ ОрОММ 96 к., 1 т., 95 ис.
- 238 I Отчет о составе и деятельности Оренбургской ученой архивной комиссий за 1914 год и II Отчет и протоколы за 1915 год // Отчеты и протоколы его императорского Высочества Великого князя Георгия Михайловича ОУАК за 1914-1915 гг. – Оренбург. – 163 с.
- 239 Отчет о составе и деятельности Оренбургской Ученой Архивной комиссии за 1916 год // Труды ОУАК. Выпуск 35. – Оренбург: Типография Тургайского областного управления, 1917. – 252 с.
- 240 РФ ОрОММ 96 к., 1 т., 124 ис.
- 241 Государственный архив Оренбургской области. Путеводитель. – М., 1966. – 352 с.
- 242 РФ ОрОММ 96 к., 1 т., 80 ис.
- 243 Володин Б.Ф. Всемирная история библиотек. – СПб.: Профессия, 2002. – 352 с. 32 с. цв. вкл. ил. - (Серия библиотека)
- 244 Галиев В.З. Библиотечное дело в Казахстане (Вторая половина XIX – начало XX веков). – Алматы: Атамұра, 1998. – 140 с.
- 245 Оренбургский губернатор Василий Алексеевич Перовский. – Оренбург: Оренбургское книжное издательство, 1999. – 336 с.
- 246 Бекмаханов Е. Собрание сочинения в 7 томах. (Сборник научных статей). – Павлодар: ТОО НПФ ЭКО, 2005. – Т.5. – 267 с.
- 247 Тарих - адамзат ақыл - ойының қазынасы: Он томдық. – Астана: Фолиант, Әлемдік тарихи ой. – 2006. – Т. 8. – 544 б.

- 248 РФ АОММ 857 к., 1 т., 52 ис.
- 249 Алекторов А.Е. Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах. - Казань, 1900. - 855 с.
- 250 РФ ОрОММ 96 к., 1 т., 15 ис.
- 251 Протоколы заседаний Комиссии за 1897 год // Труды ОУАК.- Оренбург: Типо-литография Н.В. Евфимовского-Мировицкого, 1898. – 120 с.
- 252 Протоколы заседания ОУАК за 1899 год // Труды ОУАК. – Оренбург: Типо – литография Н.В. Евфимовского-Мировицкого, 1900. – Вып. 6. – 337 с.
- 253 РФ ОрОММ 96 к., 1 т., 19 ис.
- 254 РФ АОММ 627 к., 1 т., 13 ис.
- 255 РФ ОрОММ 96 к., 1 т., 38 ис.
- 256 РФ ОрОММ 96 к., 1 т., 56 ис.
- 257 Протоколы заседаний Комиссии и отчет за 1904 год // Труды ОУАК.– Оренбург: Паровая типо-литография Ф.Г. Каримова, 1906. – Вып. 16. – 296 с.
- 258 Бартольд В.В. Хранение документов в государствах мусульманского Востока.– Петроград: 2-Гостинная Типография, 1920. – Т.1. – 387 с.
- 259 Лунин Б.В. Из истории русского востоковедения и археологии в Туркестана. – Ташкент, Изд. АН Узбек. ССР, 1958. - 319 с.
- 260 РФ ОрОММ 94 к., 1 т., 108 ис.
- 261 РФ ОрОММ 94 к., 1 т., 96 ис.
- 262 Отчет о состоянии и деятельности Оренбургской Ученой Архивной комиссии за 1906 год // Труды ОУАК. – Оренбург, 1907. – Вып. 19. – 278 с.
- 263 Историческая записка о деятельности Императорского Московского Археологического общества (За первая 25 лет существования). – М.: Синодальной типографии, 1890.
- 264 РФ ОрОММ 96 к., 2 т., 53 ис.
- 265 РФ АОММ 1 к., 2 т., 961 ис.
- 266 Жиренчин А.М. Из истории казахской книги. – Алма-Ата: Казахстан, 1987. – 144 с.
- 267 Матвиевская Г.П., Зубова И.К. Владимир Иванович Даль в Оренбурге. – Оренбург: ООО Оренбургское книж. изд., 2007. – 584 с.
- 268 РФ ОрОММ 96 к., 2 т., 59 ис.
- 269 Модестов Н.Н. Бывший префект гродненской гимназии, иеромонах доминиканского ордена Кандид Зеленко в Оренбурге // Труды ОУАК. – Оренбург: Типография Тургайского Областного Правления, 1913. – Вып. 28. – 70 с.
- 270 РФ ОрОММ 164 к., 1 т., 108 ис.
- 271 Отчет о деятельности ОУАК за 1898 г. (Составлен и.д.правителя дел И.С. Шукшинцевым). // Труды ОУАК.– Оренбург, 1899. – Вып. 5. – 11 с.
- 272 РФ ОрОММ 96 к., 2 т., 58 ис.
- 273 Отчет деятельности Оренбургской Ученой Архивной комиссии за 1900 год // Труды ОУАК. – Оренбург: Губернская Типо-литография, 1902. – Вып. 9. – 171 с.
- 274 РФ ОрОММ 96 к., 1 т., 42 ис.

- 275 Отчет за 1902 год. Отчет состояния Оренбургской Ученой Архивной комиссии в 1903 г. // ОУАК. – Оренбург: Типо-литография И.И. Евфимовского – Мировицкого, 1905. – Вып. 14. – 220 с.
- 276 Отчеты и протоколы за 1907 год // Труды ОУАК. – Оренбург: Типо-литография Б.А. Бреслина, 1909. – 81 с.
- 277 РФ ОрОММ 94 к., 1 т., 107 ис.
- 278 РФ ОрОММ 94 к., 1 т., 108 ис.
- 279 РФ ОрОММ 96 к., 1 т., 104 ис.
- 280 Цыпляев П.И. Деятельность ОУАК с 1887 - 1897 г. Исторический очерк. Протоколы заседаний за 1887, 1888, 1889, 1895, 1896, 1897 гг. // Труды ОУАК. – Оренбург: Электро – Типография Тургайского Областного Правления, 1914. – Вып. 30. – 227 с.
- 281 РФ ОрОММ 96 к., 1 т., 86 ис.
- 282 Протоколы заседания за 1898 г. // Труды ОУАК. – Оренбург: Типо-литография Ив. Ев. Евфимовского – Мировицкого, 1899. – Вып. 5. – 24 с.
- 283 РФ ОрОММ 96 к., 1 т., 32 ис.
- 284 РФ ОрОММ 96 к., 1 т., 46 ис.
- 285 РФ ОрОММ 96 к., 1 т., 137 ис.
- 286 РФ ОрОММ 96 к., 1 т., 98 ис.
- 287 Кастанье А.И. Отчет об экспедиции в Актюбинский уезд летом 1904 г. // Труды ОУАК. – Оренбург: Типо-литография И.И. Евфимовского – Мировицкого, 1905. – Вып. 14. – 220 с.
- 288 Кастанье А.И. Отчет о поездке в Туркестан // Труды ОУАК. – Оренбург: Паровая типо – литография Ф.Г. Каримова, 1906.- Вып. 16. – 296 с.
- 289 Рычков П.И. Топография Оренбургской губернии. – Уфа: Китап, 1999. – 312 с.
- 290 Оренбургская биографическая энциклопедия. Оренбургское книж. издат. – М.: Русская книга, 2000. – 335 с.
- 291 ОрОММ 96 к., 1 т., 140 ис.
- 292 Кастанье А.И. Отчет о раскопках шести курганов в Актюбинском уезде летом 1906 г. // Труды ОУАК.– Оренбург: Паровая типо – литография «Товарищество печатные дела Каримов, Хусаинов и К°», 1907. – Вып. 19. – 278 с.
- 293 Протоколы заседания за 1901-1907 гг. // Отчет за 1907 г. – Оренбург: Лито - типография Б.А. Бреслина, 1909. – 81с.
- 294 РФ ОрОММ 96 к., 2 т., 55 ис.
- 295 Отчет о деятельности и состоянии Оренбургской Ученой Архивной комиссии. Составитель правитель дел П.А. Незнамов за 1909 год // Труды ОУАК. – Оренбург: Типо-литография «Каримов, Хусаинов и К°», 1911. – Вып. 23. – 329 с.
- 296 Кастанье А.И. Древности Киргизской степи и Оренбургского края // Труды ОУАК. Выпуск 22. – Оренбург: Типо-литография Т-во «Каримов, Хусаинов и К», 1910. -321 с.
- 297 Есмағамбетов К., Исахан Ғ. Гайак қаласында туып, қазақ даласын кезген француз // Егемен Қазақстан. – 2005. - 26 қаңтар; Кастанье И.А.

Древности Киргизской степи и Оренбургского края. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 511 с.

298 Указы Оренбургским военным губернаторам Императрицы Екатерина II (1764г.) и Императора Павла I (1797-1800гг) // Труды ОУАК.- Оренбург: типография Б.А. Бреслина, 1889. – Вып. I. – 110 с.

299 Шукшинцев И.С. О железной дороге между Каспийским и Аральским морем // Труды ОУАК. – Оренбург: паровая типо – литография Ф.Г. Каримова, 1906. – Вып. 16. – С.149-176.

300 Севастьянов С.Н. События в Оренбургском крае, подготовившая экспедицию в Хиву 1839 – 1840 гг. // Труды ОУАК. – Оренбург: паровая типо – литография Ф.Г. Каримова, 1906. – Вып. 16. – 296 с.

301 Отчет ОУАК за 1895 – 1896 гг. // Труды ОУАК. – Оренбург, 1897. – Вып. 2. – 65 с. + 9 с.

302 ҚРОММ 25 қ., 2 т., 268 іс.

303 ҚРОММ 25 қ., 5 т., 52 іс.

304 Добросмыслов А.И. Башкирский бунт в 1735, 1736, 1737 гг. // Труды ОУАК. – Оренбург: Типо-литография Ф.Б. Сачкова, 1900. – Вып. 8. – 104 с.

305 Добросмыслов А.И. Суд у киргиз Тургайской области. ХУІІІ – ХІХ веках. – Казань, 1904. – 105 с.

306 Добросмыслов А.И. Заботы императрицы Екатерины II о просвещении киргизов // Труды ОУАК.– Оренбург: Губернская типо – литография, 1902. – Вып. 9. – 171 с.

307 ҚРОММ 25 қ., 5 т., 31 іс.

308 Юдин М.Л. Материалы к истории Оренбургского края // Труды ОУАК.– Оренбург, 1899. – Вып. 5. – 111 с.

309 Юдин М.Л. Положение торговли с Средне – Азиатскими ханствами до занятия туркестанского края // Труды ОУАК. Выпуск 9. – Оренбург: Губернская Типо – литография, 1902. – 171 с.

310 Юдин М.Л. Начало сношений с туркменским народом. С картой // Труды ОУАК. - Оренбург: Паровая типо – литография «Товарищества Печатные Дела Каримов, Хусаинов и К^о», 1907. – Вып. 29. – 224 с.

311 РФ ОрОММ 214 қ., 1 т., 9 іс.

312 РФ ОрОММ 214 қ., 1 т., 47 іс.

313 РФ ОрОММ 214 қ., 1т., 43 іс.; Кречетович И.П. Крестьянская реформа в Оренбургском крае. По архивным данным. Подготовка реформы. М., 1911. – Т.1. – 627 с.

314 РФ ОрОММ 168 қ., 1 т., 30 іс.

315 РФ ОрОММ 168 қ., 1 т., 52 іс.

316 РФ ОрОММ 168 қ., 1 т., 55 іс.

317 Попов А.В. Холера 1829-1833 годов в Оренбургском крае // Труды ОУАК.– Оренбург: Электро – паровая типо-литография товарищество Каримов, Хусаинов и К^о, 1910. – Вып. 21. – 301 с.

318 Алекторов А.Е. История Оренбургской губернии. – Оренбург: типография Б. Бреслина, 1883. – 128 с.

- 319 Крафт И.И. Сборник узаконений о киргизах степных областей. – Оренбург: Типо-лит. П.Н. Жаринова, 1898. – 358 с.
- 320 Ходырев П.П. Из киргизских поверий // Труды ОУАК. Выпуск 35. Орнебург: Типография Тургайское областное управление, 1917. – 252 с.
- 321 ҚРОММ 455 қ., 1 т., 105 іс.
- 322 Словохотов Л. А. Народный суд обычного права киргиз Малой Орды // Труды ОУАК.– Оренбург, 1905. – Вып. 15. – 56 с.
- 323 Алекторов А.Е. Очерк народного образования в Тургайской области. Летопись 1744-1898.– Оренбург, 1896. – Вып. 3. – 190 с.
- 324 Койшигарина Г.М. Роль учебных заведений Южного Урала в формировании национальной интеллигенции Северо-Западного Казахстана (XIX – начало XX вв.): автореф. ... канд. истор. наук. 07.00.02. – Уральск, 2007. – 30 с.
- 325 Асылбеков М., Алдабергенов Қ. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы Ресей империясының Қазақстанда жүргізген отарлау саясатының зардаптары (1860-1917). – Павлодар: Университет баспа орталығы, 2003. – 369 б.
- 326 Қазақ Совет энциклопедиясы. – Алматы, 1973. – Т.2. – 638 б.
- 327 Костанайская область. Энциклопедия. – Алматы: Арыс, 2006. – 736 с.
- 328 ҚРОММ 25 қ., 2 т., 78 іс.
- 329 ҚРОММ. 25 қ., 2 т., 268 іс.
- 330 РФ ОрОММ 96 қ., 1 т., 96 іс.
- 331 ҚРОММ. 27 қ., 1 т., 205 іс.
- 332 ҚРОММ. 27 қ., 1 т., 220 іс.
- 333 ҚРОММ. 27 қ., 1 т., 214 іс. .
- 334 РФ ОрОММ 17 қ., 4 т., 397 іс.
- 335 Байтұрсынұлы А. Көп томдық шығармалар жинағы. Тіл-құралы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). –Алматы: Алаш , 2005. – 3 т. - 352 б.
- 336 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
- 337 Досжанов Д. Абақты. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 285 б.
- 338 Омаров И. Ученая деятельность А.Б. Байтұрсынова // Труды Общества Изучения Киргизского Края. – Оренбург, 1922. – Вып. 3. – 195 с.
- 339 Телжан Шонанұлы мұралары (Шығармалар, зерттеулер және мақалалар). – Алматы: «Ел-шежіре», 2007. – 368 б.
- 340 Әбдіманов О. Қазақ газеті. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 166 б.
- 341 Қазақ газеті / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 560 б.
- 342 Нұрпейіс К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
- 343 Чокаев Мустафа. Отрывки из воспоминаний о 1917 г. – Токио; М., 2001. – 53 с.
- 344 РФ ОрОММ 10 қ., 2 т., 55 іс.

345 Дулатов М. Ахмед Байтурсынович Байтурсынов (Биографический очерк). // Труды Общества Изучения Киргизского Края. – Оренбург, 1922. – Вып. 3. – С.18.

346 1) Отчет о составе и деятельности за 1912 год // Труды ОУАК. – Оренбург: «Каримов, Хусаинов и К°», 1913. – Вып. 29. – 239 с.; 2) Отчет о составе и деятельности Оренбургской Ученой Архивной Комиссии за 1914 год // Отчеты и протоколы его императорского Высочества Великого князя Георгия Михайловича ОрУАК за 1914-1915 гг. – Оренбург, 1915. – 163 с.

347 Сафонов Д.А. Начало Оренбургской истории (Создание Оренбургской губернии в середине XVIII в.). – Оренбург: Оренбургская губерния, 2003. – 92 с.

348 Дубовицкий В. Русская геополитика – формирование южного стратегического луча. 2008 – 08 – 19. Геополитика. Ру.

349 Есмагамбетов К.Л. Что писали о нас на Западе. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1992. – 152 с.

350 РФ ОрОММ 94 к., 1 т., 61 ис.

351 Пудалов Б.М. К 120-летию губернских ученых архивных комиссий // Мининские чтения: Материалы научной конференции. Нижегородский государственный университет им. Н.И. Лобачевского (29-30 октября 2004 г.). – Нижний Новгород: Изд. ННГУ, 2005. – С. 331- 340

Қосымша А

1895-1896 жылдардағы Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы мүшелерінің тізімі

Непременный попечитель-Оренбургский губернатор Владимир Иванович Ершов.

Почетный член - попечитель оренбургского учебного округа Иван Яковлевич Ростовцев.

Действительные члены:

Александровский, Владимир Андреевич
Алекторов, Александр Ефимович (Актюбинск)
Анохин, Николай Евстигпеевич
Ардашев, Николай Николаевич
Бекчурин, Николай Михайлович
Бекчурин, Иосиф Николаевич
Белгард, Валериан Валерианович
Бирк, Павел Петрович
Белавин, Константин Александрович
Быбин, Сергей Александрович
Васильев, Александр Васильевич
Витевский, Владимир Николаевич (Казань)
Водопьянов, Виталий Петрович
Голощанов, Григорий Андреевич
Григоров, Василий Васильевич
Гурвич, Николай Александрович (Уфа)
Гутьяр, Николай Михайлович
Дерюгин, Михаил Евсеевич
Добросмыслов, Александр Иванович
Еникеев, Гайса Хусаинович
Евфимовский, Мировицкий, Иван Иванович
Загоскин (проф.), Николай Павлович (Казань)
Знобишин, Дмитрий Валерианович
Иванов, Егор Иванович
Иванов, Николай Георгиевич
Израильский, Николай Петрович
Калачев, Кузьма Николаевич (Нижне-Озерная)
Катин, Николай Яковлевич
Клюмп, Николай Антонович
Кох-фон, Владимир Матвеевич
Крафт, Иван Иванович
Кривкович, Митрофан Дементьевич (Новороссийск.)
Львов, Павел Иванович
Майков, Петр Михайлович (С.-Петербург.)
Мухаметдиаров, Ахмет-Гирей Асфендиорович

Невзоров, Андрей Андреевич
Нефедов, Филипп Диомидович (Москва)
Остромецкий, Константин Валерианович
Перовская графиня (С.-Петербург.)
Полворотов, Иван Васильевич
Попов, Александр Владимирович
Попов, Алексей Алексеевич
Разсыпнинский, Иван Александрович
Рыбаков, Гаврииль Симонович
Самоцвет, Феофиль Матвеевич
Севастьянов, Сергей Никаноровичь
Середа, Николай Акимович
Словохотов, Павел Семенович
Соколовский, Иван Николаевич
Соколов, Александр Васильевич
Соколов, Дмитрий Николаевич
Соловьев, Иван Алекеевич
Сукуренко, Иван Михайлович
Умов, Павел Егорович (Троицк)
Филатов, Сергей Андреевич
Хмельев, П. А.
Хрустальев, Григорий Семенович
Чернев, Алексавдр Павлович
Чернов, Василий Павлович
Чехович, Карл Андреевич
Шильнов, Алексей Калистратович
Шушкинцев, Иван Степанович
Юдин, Михаил Львович
Юркевич, Платон Михайлович
Яковлев, Михаил Григорьевич

Отчет Оренбургской Ученой Архивной комиссии за 1895-1896 гг. \\Труды
ОУАК. Выпуск 2.- Оренбург, 1897. С. 7-9.

Қосымша Ә

Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясының 1912 жылғы мүшелерінің тізімі.

Почетный, покровитель;

ЕГО ИМПЕРАТОРСКОЕ ВЫСОЧЕСТВО, Великий Князь-Георгий Михайлович

Почетные члены:

- 1) Анучин Дмитрий Николаевич президент Императорского Общества любит. естест., антроп. И этн. при Москов. Универ. Почетным членом 1900 г.
- 2) Барановский Егор Иванович, бывший Оренбургский губернатор. Почетным членом с 1912 г
- 3) Бобринский Алексей Александрович, граф, председатель Императорской Археологической комиссии. Почетным членом 1896 г.
- 4) Лобов Николай Георгиевич, генерал в отставке Почетным членом с 1912 г.
- 5) Миллер Всеволод Федорович, академик. почетным членом с 1907 г.
- 6) Покровский Николай Васильевич директор Императорского С.-Петербургского Археологического Института. Почетным членом с 1899 г.
- 7) Радлов Василий Васильевич, академик. Почетным членом с 1907 г.
- 8) Уварова Прасковья Сергеевна графиня, председатель Императорского Московского Археологического Общества.
- 9) Чернавский Николай Михайлович, историк Оренбургской Епархии. Почетным членом с 1907 г.
- 10) Ханенко Богданъ Иванович, председатель Киевского Общества Древностей и Искусств. Почетным членом с 1904 г.
- 11) Хвойко Викентий Вячеславович, археолог. Почетным членом с 1904 г.

Действительные члены:

- | | |
|----------------------------------|---------------------------|
| 1. Агапов Василий Васильевич | с 1910 г. Оренбург |
| 2. Азелицкий Сергей Васильевич | с 1907 г. Оренбург |
| 3. Алиев Хасан | с 1912 г. Кустанай |
| 4. Алфимов И.В | с 1912 г. Оренбург |
| 5. Андросов Николай Викентьевич | с 1910 г. Ашхабад |
| 6. Аниховский Александр Леонтьев | с 1901 г. Яорсл. |
| 7. Аничков Иван Васильевич | с 1899 г. Новгород. |
| 8. Антипин Василий Николаевич | с 1907 г. Ашхабад |
| 9. Арсеньев Юрий Васильевич | с 1902 г. Москва |
| 10. Базилева Вера Петровна | с 1909 г. Гнез. Оренб. у. |
| 11. Баезиевъ Георгий Михайлович | с 1896 г. Гнез. Оренб. у. |

12. Балгимбаев Габдул Галиев _с 1903 г. Иргиз
13. Бартольд Василий Владимирович_ с 1904 г. С.Петербург
14. Батурнн Николай Петрович с 1903 г. Оренбург
15. Байкин Василий Андреевич с 1906 г. Оренбург _
16. Байтурсунов Ахмет с 1912 г. Оренбург
17. Безин Карл Карловачъ с 1903 г. Оренбург
18. Бенаевъ Г.М. с 1912 г. Оренбург
19. Богачев Николай Егорович с 1910 г. Оренбург
20. Богачев Николай Николаевич с 1911 г. Оренбург
21. Божуков Михаил Яковлевич с 1887 г. Оренбург
22. Боков Владимир Егорович с 1901 г. Златоусгъ.
23. Бом Иосиф Иосифович с 1907 г. Актюбинск
24. Бравин Николай Алевсандрович с 1904 г. Перм
25. Булгаков Петр Никифорович с 1911 г,Бузулук
26. Булычев Николай Иванович с 1902 г, С.Петербург
27. Бутовский Николай Иванович с 1898 г. Оренбург
28. Бухарин Петр Александрович с 1905 г. Гельсингфорс
29. Беляев Николай Никанорович с 1907 г. Оренбург
30. Васильев Александр Васильевич с 1898 г. Казань.
31. Вахтин Иван Иванович с 1911 г. Оренбург
32. Владимиров с 1911 г. Уфа.
33. Воскресенский Владимир Александрович с 1907 г. Оренбург
34. Вяткин Василий Лаврентъвич с 1904 г. Самарканд
35. Гадиев Мунир с 1911 г. Челябинск
- 36.Галдерин Исаак Иосифович с 1911 г.Оренбург
37. Галкин Врасский Михаил Николаевич с 1097 г. С.Петербург
38. Гельд Михаил Магнусович с 1911 г. Оренбург
39. Гра Арман Петрович с 1900 г. Оренбург
40. Губанов Иван Алексейсеевич с 1910 г. Сызран
41. Дегтярев Андрей Яковлевич с 1911 г. Оренбург
42. Дибайлов Николай Северянович с 1911 г. Оренбург
43. Добросмыслов Александр иванов с 1899 г. Симбирск
44. Довнар Запльский Митрофан Викторович с 1905 г. Киев
45. Доливо Добровольский Флориан Петрович с 1900 г. Оренбург
46. Дюков Николай Николаевич с 1907 г. Оренбург
47. Дьяконов Василий Федорович с 1912 г. Оренбург
48. Евфорицкий Владимир александрович с 1900 г. Оренбург
49. Жихарев Степаг Маркианович с 1911 г. Оренбург
50. Зарывнов Иван Алексеевич с 1911 г. Оренбург
51. Иванов Дмитрий Нгорович с 1910 г. Оренбург
52. Иванов Василий Павлович с 1908 г. Оренбург
53. Лльин Дмитрий Семенович с 1911 г. Оренбург
54. Инфантъев Александр св. с 905 г. Челябинск

55. Калачев Кузьма Николаевич с 1895 г. Нижнеозерная
56. Калинин Валериан Гаврилович с 1911 г. Курск
57. Каллистов А. М. с 1911 г. Оренбург
58. Каримов Мухамед-Фатых Гильманович с 1901 г. Оренбург
59. Картавцев Григорий Иванович с 1911 г. Оренбург
60. Крягин Арсений Гурьевич с 1911 г. Оренбург
61. Кастанье Иосиф Антонович с 1902 г. Ташкент
62. Катанов Николай Федорович с 1908 г. Казань
63. Катин Николай Яковлевич с 1911 г. Самара
64. Качинский Мечислав Феликсович с 1902 г. Оренбург
65. Кириллин Георгий Николаевич с 1905 г. С. Вятка
66. Киселев Михаил Федорович с 1896 г. Иркутск
67. Клиентов Евгений Николаевич с 1911 г.
68. Колокольцов Александр Васильевич с 1911 г. Оренбург
69. Кононов Дмитрий Михайлович с 1901 г. Оренбург
70. Коротин Федор Михайлович с 1907 г. Оренбург
71. Кречетович Иосиф Павлович с 1901 г. Оренбург
72. Кудрявцев Константин Федоров с 1908 г. Оренбург
73. Кузнецов Сергей Владимирович с 1911 г. Оренбург
74. Курашкевич Люциан Лаврентьевич с 1902 г. Оренбург
75. Куйберг Густав Иосифович с 1907 г. Курск
76. Липкевич Витольд Викентьевич с 1901 г.
77. Лисенко А. А. с 1912 г.
78. Лобов Николай Георгиевич с 1903 г.
79. Макаренко Николай Емельянов с 1903 г. С.Петербург
80. Макарьев Федор Григорьевич с 1909 г. Еактеренбург
81. Мачиев Абдрахман Муртазинович с 1908 г. Оренбург
82. Медведев Дмитрий Степанович с 1399 г.
83. Миллер Сергей Михайлович с 1902 г Оренбург
84. Минко Н. К. с 1902 г. Челябинск
85. Мискинов А.И. с 1912 г. Оренбург
86. Модестов Николай Николаевич с 1911 г. Оренбург
87. Мухамедиаров Ахмед-Гирей Асфендиарович с 1900 г. Оренбург
88. Мякутин Александр Иванович с 1901 г. Ташкент
89. Набережнов Иван Васильевич с 1904 г. Оренбург
90. Назаров Василий Иванович с 1897 г. Оренбург
91. Назаров Пегр Степанович с 1895 г. Вятка
92. Наследов Николай Александрович с 1907 г. Верхнеуральск.
93. Незнамов Петр Александрович с 1907 г. Москва.
94. Нестеровский Александр Иванов с 1910 г. Оренбург
95. Николаев Михаил Николаевич с 1911 г. Оренбург
95. Норвилло Антон Александрович с 1911 г. Оренбург
96. Оберлендер Александр Рудольфович с 1900 г. Оренбург
98. Ободовская Наталья Ивановна с 1809 г. Оренбург

99. Овчинников Николай Иванович с 1900 г. Оренбург
100. Острова Мария Борисовна с 1910 г. Оренбург
101. Перно Федор Федорович с 1912 г. Берлин
102. Пинегин Георгий Николаевич с 1909 г. Оренбург
103. Полозов Василий Николаевич с 1911 г. Оренбург
104. Попов Александр Владимирович с 1895 г. Оренбург
105. Попов Владимир Михайлович с 1911 г. Оренбург
106. Попов Федор Яковлевич с 1911 г. Оренбург
107. Принц Иосиф Георгиевич с 1911 г. Оренбург
108. Пузанов Николай Александрович с 1909 г. Оренбург
109. Петухов Н. Г. с 1911 г. Москва.
110. Радченко Петр Тарасович с 1907 г. В.-Днепровск
111. Рамеев Мухаммед Закир-Мухаммед-Садыкович с 1907 г. Оренбург
112. Рамеев Сулейман Шакирович с 1902 г. Верхнеуральск.
113. Резе Александр Николаевич с 1906 г. Оренбург
114. Рыбаков Сергей Гаврилович с 1908 г. Тургай.
115. Редькин Павел Хрисанфович с 1911 г. Тургай.
116. Савелов Леонид Михайлович с 1908 г. Москва
117. Свистунов Сергей Иванович с 1911 г. Оренбург
118. Серета Николай Акимович с 1911 г. Оренбург
119. Слесарев Константин Михайлович с 1912 г. Оренбург
120. Словохотов Леонид Александрович с 1905 г. Оренбург
121. Столпянский Петр Николаевич с 1902 г. С.Петербург
122. Страховский Иван Николаевич с 1910 г. Вятка
123. Струминский Василий Яковлевич с 1907 г. Оренбург
124. Сукуренок Иван Михайлович с 1906 г. Харьков
125. Султанов Хаджа Мухамедиар Мухамед Шафир с 1899 г. Уфа
126. Сумароков Аркадий Владимирович с 1906 г. Балаш.
127. Серов Дмитрий Егорович с 1901 г. Оренбург
128. Тележников Валериан Викторович с 1908 г. Оренбург
129. Тихомиров Иван Александрович с 1907 г. Троицк
130. Толмачев Владимир Яковлевич с 1908 г. С.Петербург
131. Толмачев Владимир Яковлевич с 1897 г. С.Петербург
132. Трутовский Владимир Константинович с 1900 г. Москва
133. Туркестанов Иван Николаевич с 1909 г. Оренбург
134. Тюмянцев Николай Федорович с 1911 г. Оренбург
135. Усманов Хайрулла Габдурахманович с 1907 г. Сеитовский пос.
136. Уэ Гастон Эдуардович с 1911 г. Челябинск
137. Фарфоровский Сергей Васильевич с 1910 г. Ставрополь. губ.
138. Фахретдинов Абдрахман Ризаэтдинович с 1906 г. Оренбург
139. Федосеев Дмитрий Евграфович с 1910 г. Оренбург
140. Фиксен Василий Николаевич с 1907 г. Оренбург
141. Фишер Карл Андреевич с 1901 г. Москва.

142. Фурман А. А. с 1912 г. Оренбург
143. Хрусталеv Григорий Семенович с 1887 г. Оренбург
144. Цабель Леонид Николаевич с 1904 г. Оренбург
145. Царевский Василий Павлович с 1910 г. Оренбург
146. Цинтроблат Азарий Яковлевич с 1911 г. Оренбург
147. Цыпляев Петр Иванович с 1907 г. Волск
148. Чернов Василий Павлович с 1911 г. Оренбург
149. Черноскутов с 1901 г. Челябинск
150. Шмолель Герман Карлович с 1901 г. Оренбург
151. Штукенберг Владимир Антонович Управл. Ю – 3. ж. д. с 1911 г. Киев
152. Шубин Михаил Львович с 1910 г. Торгай
153. Шукшинцев Иван Степанович с 1896 г. Оренбург
154. Эверсман Михаил Михайлович с 1911 г. Оренбург
155. Эрдман Александр Густовович с 1904 г.
156. Юдин Михаил Львович с 1895 г. Ташкент
157. Юров Александр Васильевич с 1901 г. Оренбург
158. Ягодовский Константин Павлович с 1907 г. С.Петербург
159. Ягофаров А. с 1912 г. Оренбург
160. Яковлев Иосиф Дмитриевич с 1901 г. Актюбинск
161. Якубовский Игнатий Александрович с 1911 г. Троицк
162. Янковский Павел Николаевич с 1910 г. Оренбург
163. Феодосий епископ Оренбургский и Тургайский с 1910 г. Оренбург

Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясының «Еңбектері» жіберілген мекемелер

1912 жылы

- 1) Императорская Академия Наук.
 - 2) Императорский Археологический Институт.
 - 3) Восточный Институт.
 - 4) Государственная Дума.
 - 5) Императорская Археологическая Комиссия.
 - 6) Императорский Казанский Университет.
 - 7) Общество Любителей Естествознания, Архвологий и Этнографий при Императорском Московском Университете.
 - 8) Императорское Московское Археологическое Общество.
 - 9) Императорское Русское Археологическое Общество.
 - 10) Императорское Русское Географическое Общество.
 - 11) Общество Археологий, Историй и Этнографий при Императорском Казанском Университете.
 - 12) Русский Комитет для изучения Средней и Восточной Азии
 - 13) Тамбовский губернский музей.
 - 14) Императорское Одесское Общество историй и древностей
 - 15) Уральское Общество Любителей Естествознания.
 - 16) Московская Оружейная Палата.
 - 17) Финно-Угорное Общество.
 - 18) Архангельское Общество изучения Русского Севера.
 - 19) Императорский Томский Университет.
 - 20) Русский музей Императора Александра III.
- Ученая Архивная Коммиссий:
- 21) Костромская,
 - 22) Пермская,
 - 23) Саратовская,
 - 24) Ярославская,
 - 25) Черниговская,
 - 26) Тверская,
 - 27) Тамбовская,
 - 28) Симферопольская,
 - 29) Смоленская,
 - 30) Симбирская,
 - 31) Рязанская,
 - 32) Палтавская,
 - 33) Пензенская,
 - 34) Орловская,
 - 35) Нижегородская,
 - 36) Калужская,

- 37) Екатеринославская,
- 38) Вятская,
- 39) Воронежская,
- 40) Владимирская,
- 41) Витебская,
- 42) Бессарабская
- 43) Курская.
- 44) Виленская Археографическая Комиссия.
- 44) Туркестанский кружок любителей археологий.
- 45) Румянцевский музей.
- 46) Петровское Общество исследователей Астраханского края.
- 47) Императорское С.-Петербургское Общество Естествоиспытателей.
- 48) Троицко-Кяхтинский Отдел Имп. Руск. Георг. Об-ва
- 49) Туркестанский Отд. Имп. Рус. Георг. Общ.
- 50) Семипалатинский. Рун. Геогр. Общ.
- 51) Алтайский Подотд. Имп. Рус. Георг. Общ.
- 52) Занадно-Сибирский Отд. Имп. Рус. Георг. Общ.
- 53) Восточно-Сибирский Отд. Имп. Рус. Георг. Общ.
- 54) Императорское Московское Общество Историй и Древностей.
- 55) Императорский Юрьевский Университет.
- 56) Императорский Киевский Университет.
- 57) Архив Св. Синода.
- 58) Императорская Археографическая Комиссия.
- 59) Лазаревский Институт Восточных языков.
- 60) Редакция журнала «Живая Старина».
- 61) Редакция «Русского Антропологического журнала»
- 62) Редакция журнала «Этнографическое Обозование».
- 63) Кавказский музей и Тифлисская библиотека.
- 64) Архив Министерства Юстиций.
- 65) Одесская Публичная библиотека.
- 66) Минусинская Публичная библиотека и музей.
- 67) Туркестанская Публичная библиотека.
- 68) Управление Кавказского Учебного Округа.
- 69) Казансий гор. Научно-Промышленный музей.
- 70) Общество любителей изучения Кубанской области.
- 71) Историко-Филологический Институт Кн. Безбородко.
- 72) Музей антропология и этнографий имени Императора Петра Великого.
- 73) Варшавское Общество историй, филологий и права при Варшавском университете.
- 74) Пермский Научно-Промышленный музей.
- 75) Виленский Комитет для разборки древних актов.
- 76) Историко Филологическое Общество при Харьковском Университете.
- 77) Александровская Публичная библиотека в Самаре.
- 78) Геологический Комитет.

- 79) Историческое Общество летописца Нестора.
- 80) Императорский С.-Петербургский Политехнический Институт.
- 81) Харьковское Историко-филологическое Общество
- 82) Калужское Церковно-Историко-Археологическое Общество
- 83) Церковно-Археологическое Общество при Киевской Духовной Академии.
- 84) Уфимский Губ. Статистический Комитет.
- 85) Редакция Уфимских Епархиальных Ведомостей..
- 86) Тульское Историко-Археологическое Общество.
- 87) Семипалатинский Статистический Комитет.
- 88) Каменец-Подольский Епархиальный Историко-Статистический Комитет.
- 89) Московское Нумизматическое Общество.
- 90) Ученый Комитет Министерства Финансов
- 91) Редакции газет «Казак»
- 92) Редакции газет «Оренб. Край»
- 93) Редакции газет «Оренб. Газета»
- 94) Редакции газет «Верхне-Уральский Листок»
- 95) Редакции газет «Вакъ»
- 96) Редакции газет «Тургайск»
- 97) Редакции газет «Бузулукск»
- 98) Антропологическое Общество в Вене.
- 99) Сербская Королевская Академия.
- 100) Археологический музей в Загребе в Австрий.
- 101) Чешскославянский этнографический музей в Праге.
- 102) Редакция Keleti Szemle д-ра Мункачи в Будапеште.

Отчет о составе и деятельности за 1912 год. \\ Труды ОУАК. Выпуск 29.-
Оренбург. Типография Каримов, Хусаинов и К°, 1913.- 239 с.

Қосымша Б

К о н і я.

М Н Ц
Оренбургскіи
Учебный Округъ
ИНСПЕКТОРЪ
НАРОДНЫХЪ УЧИЛИЩЪ
 Тургайскаго уѣзда
 Тургайской области
 18 января 1916 г.
 № 87
 Г. Т у р г а й.

Е Г О П Р Е В О С Х О Д И Т Е Л Ь С Т В У,
 Госнодиму П е н е ч и т е л ю Оренбургскаго
 . У ч е б н а г о Округа.

26. ЯНВ 1916
 Тургайской области
 Вх. № 122

Велѣдствіе предложенія ВАШЕГО ПРЕВОСХОДИТЕЛЬ-
 СТВА отъ 19 декабря за № 19315 / 1915 г. / вопросъ
 объ организаціи для учащихся въ лѣтніе каникулы
 курсовъ ручного труда обсуждался на засѣданіи
 Педагогическаго Съѣзда Тургайскаго земнаго началь-
 наго и учащихся другихъ училищъ г. Тургай, при
 участіи представителей мѣстной администраціи го-
 рода и уѣзда, и протекель засѣданія соединеннаго се-
 ѣданія на 16 сего января о невозможности устрой-
 ства лѣтнихъ курсовъ въ г. Тургай не изложеннымъ въ
 немъ мотивамъ при семъ честь имѣю представить ВА-
 ШЕМУ ПРЕВОСХОДИТЕЛЬСТВУ на благоустройство.

И. д. Инспектора Т. Баймабаевъ

Настоящую конію съ представленія моего за № 87 при семъ
 честь имѣю представить Госнодиму Д и р е к т о р у народ-
 ныхъ училищъ Т у р г а й с к е й области, согласно предло-
 женію отъ 27 минуваго декабря за № 3064, для свѣдѣнія и
 конію съ протекела № 1. Января 18 дня 1916 года. № 88.

ИНСПЕКТОРЪ НАРОДН. УЧИЩ.
 Тургайскаго уѣзда *Т. Баймабаевъ*

М. Н. П.
 ————
 ОРЕНБУРГСКИЙ
 Учебный Округъ.
 ————
 ИНСПЕКТОРЪ
 НАРОДНЫХЪ УЧИЛИЩЪ
 Иртышскаго уезда
 Тургайской области.
 10 февраля 1916 г.
 № 217
 г. Иргизъ.

270

Его Превосходительству
 Господину Директору народ-
 ныхъ училищъ Тургайской области.

ДИРЕКЦІЯ
 НАРОДНЫХЪ УЧИЛИЩЪ
 15. ФЕВ. 1916
 Тургайской области
 Вх. № 220.

Считаю долгомъ доложить
 Вашему Превосходительству,
 что съ 11-го я выехалъ для
 осмотра школъ, расположен-
 ныхъ въ пос. Карабутакъ,
 предполагая добраться до Кара-
 бутака и вернуться въ
 2 Иргизъ около 17-го числа сего
 мѣсяца.

Вр. и. г. Инспектора Т. Баймубаевъ

М. Н. П.

КОПИЯ.

40

Оренбургскій
ОБЛАСТНЫЙ ОКРУГЪ

ИНСПЕКТОРЪ
НАРОДНЫХЪ УЧИЛИЩЪ
Иргизскаго уѣзда
Тургайской области.

8 января 1916г.

№ 80.

Г. Иргизь.

ЕГО ПРЕВОСХОДИТЕЛЬСТВУ,

Генерал-инспектору
Учебнаго Округа

Оренбургскаго
Директора
Народныхъ училищъ
26. ЯНВ 1916
Тургайской области
Вх. № 124.

Вслѣдствіе предложенія отъ 21 декабря 1915 г. за № 29315 имѣю честь довести ВАШЕМУ ПРЕВОСХОДИТЕЛЬСТВУ, что устройство курсовъ ручного труда для учащихся въ лѣтніе каникулы во времени управляемой мною Иргизской инспекціи, при всей желательности ихъ, едва ли представляется возможнымъ по изложеннымъ въ представленномъ вмѣстѣ съ симъ при доносеніи моемъ за № 87 въ протоколѣ Тургайскаго соединеннаго совѣщанія мотивамъ, такъ какъ оба эти уѣзда - Иргизскій и Тургайскій - находятся во всѣхъ отношеніяхъ въ одинакихъ и тѣхъ же условіяхъ: въ обоихъ неимѣніе на мѣстахъ матеріаловъ и мастерскихъ, отдаленность отъ культурныхъ центровъ и кочевой образъ жизни кореннаго населенія уѣздовъ - киргизъ.

Вр. инсп. обл. Инспектора народныхъ училищъ
Иргизскаго уѣзда Г. Балгимбаевъ.

Настоящую копию съ моего представленія Г. Генерал-инспектору Округа, во исполненіи предложенія отъ 27 декабря 1915 г. за № 3063 имѣю честь представить Г. Директору народныхъ училищъ Тургайской области для свѣдѣнія. Января 18 дня 1916 года № 81.

Вр. ч. об. Инспекторъ народныхъ училищъ
Иргизскаго уѣзда.

Г. Балгимбаевъ